



ЖАМБЫЛ ФЕНОМЕНИ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

Жамбыл феномені

(естеліктер мен ғылыми – зерттеу мақалалар)

Шымкент – 2016

УДК 821.512.122.09
ББК 83.3Каз
Ж25

Редакция алқасы: Ж.Мырхалықов (алқа төрағасы),
М.Мырзахметұлы, Н.Қапалбекұлы, Б.Алтаев, Қ.Оразбаев,
А.Қалшабек.

Жамбыл феномені :естеліктер мен ғылыми –зерттеу мақалалар
Ж25 / Құрастырған: Б. Алтаев. – Шымкент «Әлем» баспасы, 2016 –
320 б.

ISBN 978-9965-862-46-5

Ғылыми жинақ М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Сұраншы батыр» атындағы орталықта даярланды.

Кітапқа қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы Гомері атанған Жамбыл Жаббаев шығармашылығы, ақынның көзін көрген М.Әуезов бастаған ақын-жазушылар мен көрнекті әдебиет зерттеушілерінің ғылыми зерттеу мақалалары енгізілді. Бұл еңбек тарих, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында оқитын студенттерге, магистранттарға, докторанттарға және жалпы әдебиет сүйер қауымға арналған.

УДК 821.512.122.09
ББК 83.3Каз

ISBN 978-9965-862-46-5

© «Әлем» баспасы 2016.

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ халқының рухани қазынасының жауһар түрінің бірі ауыз әдебиеті. Осы ауыз әдебиетінің сүбелі жанры жыраулық дәстүр. ХХ ғасырдағы жыраулық поэзияда теңдесі жоқ ақын Жамбыл Жабаевтың жүз жетпіс жылдық мерей тойы тәуелсіз еліміздің байтағында кеңінен аталып өтілуде.

Осы мерей тойға арнап М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті ақын мұрасын зерттеуге және қайта басып шығаруға өз үлесін қосуда. Бұл жұмысты тікелей қолға алып еңбектенген «Сұраншы батыр» атындағы зерттеу орталығы болып табылады. Қолымыздағы кітап осындай игілікті бастамамен басталған істің нәтижесі.

Кітапқа К.Әзірбаев, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Б.Момышұлы, Ә.Нұрпейісов, Ш.Айтматов, Н.Төрекұлов, А.Тоқмағамбетов, П.Кузнецов, Ә.Тәжібаев, Д.Снегин, С.Бегалин, Қ.Байсейітов, М.Ғабдуллин, М.Хақимжанова, Д.Әбілов, Н.Тілендиев, С.Садырбаев сынды қазақтың біртуар тұлғаларының естеліктері ықшамдалып берілді. Бұл естеліктердің оқырман қауымға берері мол, әрі жастарымызды тәрбиелеуде өзіндік орны бар құнды мұра. Өйткені өткенді білмей келешекке көз жүгірте алмасымыз анық.

Естеліктерден кейін М.Жолдасбеков, М.Мырзахметұлы, К.Сыздықов бастаған бір топ әдебиеттанушы, тарихшы, тілші ғалымдардың ақын шығармашылығын зерттеудегі ғылыми еңбектері берілген. Бұл зерттеулер келешекте Жамбылтану ғылымында қажетке жарап көптеген жаңа зерттеулерге мұрындық болары сөзсіз. Зерттеу еңбектерінің ішінде Жамбылтану ғылымының бастауында тұрған белгілі ғалымдармен қатар бұрын еш жерде жарық көрмеген жаңа заман, тәуелсіз ел танымындағы соны көз қарастармен жазылған кейінгі буын зерттеушілердің де еңбектері бар. Бұл зерттеу еңбектердің алып жырау Жамбылдың сан қырлы шығармашылық қатпарларын одан әрі тереңдей тани түсуге үлес болып қосылары айқын. Осының бәрін саралай келе кітаптың атын «Жамбыл феномені» деп қоюды ұйғардық.

Бұл жинақ тәуелсіз еліміздің жиырма бес жылдығына тарту сый, әрі ақын шығармашылығы Ұлы Дала Елі ұрпақтарын ХХІ ғасыр көгінде қайта рухтандырып Елбасы Н.Назарбаевтың «мәңгілік ел» идеясына қалтқысыз қызмет етеді деп сенеміз.

ЖАМБЫЛ ТУРАЛЫ СӨЗ

Ардақты Отандастар!
Қадірменді меймандар!

Бүгін біз өз дәуірінің ұлы жыршысы, қазақ халқының біртуар перзенті Жамбыл Жабаевтың дүниеге келгеніне 150 жыл толу мерекесіне жиналып отырмыз.

Жәкең сынды алыпты терең ұғыну үшін өткен жылы ғана 150 жылдығы тойланып өткен халқымыздың кемеңгер ойшылы Абай дәуіріне тағы да көз салып, тіпті одан арғы замандарды да зерделеу қажет. Өйткені, Абай жаңа қалып пен соны пішін, жаңа мазмұн мен ізденімпаз, өршіл рухы арқылы қазақ жазба әдебиетінің негізін қаласа, Жамбыл Жабайұлы сан ғасырлық ақпа-төкпе суырып салма ақындық өнердің, жыраулық дәстүрдің көшін ілгері апарып, осы заманға жеткізген және небір тарихи ұлы өзгерістерді сол үрдістен алшақ кетпей-ақ жырлай білген заңғар құбылыс екені мәлім. Олай болса, Жамбыл туралы айтылар сөздің мәдени-рухани өміріміздің, саяси әлеуметтік тарихымыздың ең бір көкейкесті арналармен ұласып жатуы заңды.

Жамбыл ғұмыр кешкен аттай бір ғасырлық уақыт қазақ халқының тарихындағы ең күрделі кезеңдердің бірі еді. Мыңдаған жылдарға созылған көшпелі өмір салтының ішкі құрылымы дәл осы кезеңде ыдырай бастады. Ұлы жыраудың көз алдында ғасырлар бойы үстемдік еткен жүйелер алмасты, екі бірдей дүниежүзілік сұрапыл соғыстар өтті, ел өмірінде саяси-әлеуметтік түбірлі өзгерістер болды.

Ал түбірлі өзгерістерге алып келетін, тұтас жүйелер алмасу кезеңінде ғұмыр кешкен ұрпақтың өмірі қашанда күрделі. Әсіресе, Жамбыл секілді ұлы тұлғалардың тағдыры айрықша шиеленіске толы болған. Соған қарамастан Жамбыл өзінің болмыс-тағдырымен, дарын – тегеурінімен, біртуар табиғатымен, өз заманынын айнымас айнасы бола білді. Ол өзінің өлмес өнерімен тұтас дәуірдің шыншыл шежіресін жасай білді, өміршең ойларымен сол дәуірді саралап берді. Сондықтан да, біз оны қазақ халқының ұлы тұлғаларының бірегейі ретінде ұлағат тұтамыз.

Тарихка ден қойсақ, ел - халық тағдырындағы саяси әлеуметтік ахуал мен мәдени-рухани өмірдің арасында ұдайы сәйкестік бола бермейтінін аңғаруға болады. Құлдық қоғамда байырғы гректердің классикалық мәдениеті қалыптасса, Еуропада әлденеше ғасырдың діни мистика шеңгелінен ренессанс жаңғыру заманы гүлдеп өсті. Наполеон өктемдігін бастан кешкен кезде Германияның классикалық философиясы мен өнері шарықтаса, крепостниктік Ресейде XIX ғасыр әдебиет пен өнердің “алтын ғасырына” айналды. Мұны кезінде Гегель “тарихтың тәлкегі” деп атаған. Осынау “тарихтың тәлкегі” XIX ғасырда да қазақ елін айналып өткен жоқ. Бірақ, бояуын жоғалтпастан өзінің мәдени-рухани келбетін сақтай білді. Қазақ даласы Шоқан, Ыбрай, Абай, Махамбет, Мұрат, Дулат, Шортанбай, Сүйінбай, Жамбыл, Біржан, Ақан, Мұхит, Құрманғазы, Тәттімбет, Қазанғап, Ықылас сияқты біртуар перзенттерін тудырды. Бұлар қазақ халқының тарихи тағдырында шын мәнінде ренессанстық роль атқарды.

Осы тұрғыдан келгенде, Еуропа ренессансының бастау бұлағында Дантенің тұрғаны сияқты, XIX ғасырда қазақ қоғамының мәдени- рухани дәуірлеу кезеңінің жуан ортасынан Жамбылдың қайталанбас тұлғасы асқақтай көрінеді. Меніңше, бұл – жай ғана өсіре теңеу емес, жан жүрегімізбен сезіне алатын тарихи ақиқат. Біз мұндай тарихи ақиқатты неғұрлым терең таныған сайын соғұрлым тарихи тұлғаларымыздың болмыс-бітімі жан-жақты ашыла түседі. Ең бастысы, ұлт мәдениетінің тарихи жетілу, шыңдалу жолдарының диалектикасы айқындала түседі. Демек, біз бүгін рухына тағзым етіп отырған Жамбыл кездейсоқ құбылыс емес, халық тағдырымен тамырлас, тарихтың толғағы дүниеге келтірген лайықты перзенттердің бірі деп нық сеніммен айта аламыз.

Өзекті жан болып жаратылған соң кімнің де болсын басына бұлт үйірілмей, найзағай ойнамай тұрмайды. Ондай жай Жамбылдың да басында болған. Әйтсе де, қабырғалы жұртының ары мен намысы үшін Жамбыл мықтымсынған небір бай, шонжарлардың үш ұйықтаса түсіне кірмеген аламан тасыр дауға да, алыстан келер, іргеден шығар “жасағы жойқын жауға да” үнемі ту көтеріп, жырымен қылыш сермеп өткен. Оған елі куә, тарих куә. Небір жан беріп, жан алысқан айтыстар үстінде ол халқының сөзін сөйлеген өр мінезділігінен айнымаған. Тайсақтауды, жағыну дегенді білмеген. Бұл оның жалпы ақындық болмысының тым биік,

жалын мен оттан жаралғандай аса қызулығын, айрықша айбындылығын айғақтай түседі. Бұл – тек, ұланғайыр таланттардың ғана жаратылысына тән қасиеттер және оның бойындағы халық деген алыптың асқаралы мінезінің сәулесі. Әлсізге болысу, әлдіні әділеттілікке шақыру Жамбыл поэзиясының өмірлік қызығы, айнымас бағдаршамы болды. Елді титықтатқан, бірлігін ыдыратқан берекесі жоқ іске күйзелген ақын жыр семсерін сермеуден жалыққан жоқ..

Жамбыл өзінің әр өлеңінде халқын бірлікке, ынтымаққа шақырып отырған. Ұлы ақынның мына бір шумағына тағы да бір зер салайықшы:

Ұрпағым, іздеп келген бақытты жас
Кімде-кім бірлік бұзса халыққа қас
Бірліктің берік туы тек ынтымақ
Өсиетім: тек сол үшін құшағыңды аш!
Өсиетім: шындықты, адалды сүй!
Ардақтаған халықты, адамды сүй!
Елдің тіккен іргесін игілікке,
Тап бүгінгі бақытты заманды сүй,
Соған айт әдемі жыр, сүйкімді күй!

Жамбылдың ақындық өнерінің биік шыңы, айтыс өнеріндегі іргелі табысы – Құлмамбетпен айтысы. Әрине, Жамбылдың сайысқа шыққан ақыны бір ғана Құлмамбет емес екені әмбеге аян. Бірақ Құлмамбет өлең өлкесінде сол кездері бүкіл Жетісу, оңтүстік аймағында Сүйінбайдан – өзгені мойындамайтын жыр дүлдүлдерінің бірегейі болатын. Жеңгендері көп, жеңіліп, опық жеген жері жоқ айтқыштардың санатында жүрген еді. Оның асажүйрік өнер иесі екенін кезінде Жәккеннің өзі де мойындаған.

Реті келген соң айта кету керек: атақты тарихи тұлғаларды Жамбыл тек айтыс үстінде, қарсыласының мысын басу үшін ғана дәріптеп, насихаттаумен шектелмеген. Жай ғана бас қосқан алқалы жиындарда ежелгі тарихтан, өзінің өмір сүрген дәуіріне дейінгі тұстың елеулі-елеулі жайларынан сыр қозғап, сол жайларды айтылар жырдың негізгі өзегіне айналдырып отырған. Мәселен, Өтеген мен Сұраншы батырлардың ерлігін жеке-жеке дастан етіп жариялаған.

– Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт. ел бірлігін сақтаған татулықты айт, – деген Жамбыл сөзі айтыста жеңіске

жетудің тетігі ғана болған жоқ, бұл ақын дүниетанымының тұтас кредосы еді. Бұл сөз–уақыт өтіп, заман өзгерсе де мәнін жоймай, қайта асқақтап биіктей беретін жыр абызының сәулелі сөзі. Бізге жеткен өсиеті. Бұл өсиет сөз бүгін де маңызын жоғалтқан жоқ.. Егемен еліміздің биік мұраттарының бірі болып отыр.

Уақыт сынынан өте білген қазақ халқының бай да күрделі тарихы бар. Қазір ол Қазақстанда тұратын барлық халықтарға біздің бірлігіміздің түп тамырын жақсырақ түсінуіне көмектесіп, кез келген тарихи кінә, айыптауларға жол бермеуге тиіс. Өйткені өткенге көз сала отырып, болашақты көре білген жөн дер едім. Біздің ұрпағымызға жауапты міндетгер жүктеліп отыр, балаларымыздың игілігін сақтау, қайта қалпына келген мемлекеттілігімізді нығайту және өркениетті дүниежүзілік қоғамдастықтың талаптарына сай келетін сапалық жағынан жаңа деңгейге көшу міндеті тұр. Осы тұрғыдан келіп айтарым, біздің әрқайсымыз және баршамыз туған еліміздің болашағына деген жауапкершілігімізді сезіне білуіміз қажет. Ұлы Жамбыл атамыздың да арманы осы болатын.

Жамбыл – қазақтың ақындық өнерінің қазанында қайнап, ежелгі ауыз әдебиетінің кәусарымен сусындап, ақындық, жыраулық дәстүрдің ХХ ғасырдағы туын биікке көтерген дана қарт, ұлы жырау. Ол өз халқының сөз өнерінің ұстаханасында шындалған, туған топырағының төл перзенті:

Менің пірім Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай.
Сырлы сұлу сөздері,
Маған тартқан сыйындай.
Сүйінбай деп сөйлесем,
Сөз келеді бұрқырап,
Қара дауыл құйындай, —

деи Жәкеңнің өзі жырлағандай, оның Сүйінбай сынды үлгі алған ұстазының ар жағында: Сүйекемен тұстас Майкөт, Қабан, Бақтыбай, Құлмамбет, өзімен тұрғылас Сарбас, Қуандық, Қожантай, Әмірлер, сонау Сыпыра, Асан Қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Бұқар, Базар, Ақтамберді, Үмбетейден басталып, Шал, Махамбет, Дулат, Мұрат, Шортанбай, Нысанбайларға келіп ұласқан ақын, жыраулар мен жыршылар мектебінің игі дәстүрі жатыр.

Жамбыл — ғасырлық ғұмырымызда арыны басылмаған алып жыршы, шұрайлы жырдан өшпес мұра қалдырған дүлдүл ақын. Ол – өзінен кейінгі әр ұрпақтың ат басын арнайы бұрып, шөліккегенде тұнық жырларынан сусындар тұма бұлағы. Сондықтан да бүгінгі ұрпақтың Жамбылдың рухани мұраларына терең таным-түсінікпен қарап, оның шығармаларының қазақ халқының ұлттық сана-сезімін қалыптастырудағы орнына зерек көңілмен бағалағанымыздың бір көрінісі – бүгінгі өткізіліп отырған жыр алыбының мерейтойы. Жамбылдың туған елі мен жеріне деген ыстық ықыласын төгіле жырлаған арнау-толғауларынан, хикаялары мен дастандарынан іздесек, онда ақынның шығармалары халық рухының қырмызы гүліндей екеніне көзіміз жетеді. Жамбыл жүрегі қашанда халқым деп соқты. Ол ең алдымен, халықтар достығын, терезесі тең елдердің бірлігін, ынтымағын жырлап, шындық шуағын шарболаттай шыңдады.

Ұлы жыршы Жамбыл, қазақтың дәстүрлі әдебиетінің аса дарынды, асқақ жаратылған алып өкілі болатын. Оның алыптығы сонша, өз басы халыққа берер игіліктеріне имандай сенген Қазан төңкерісінің, Кеңес үкіметінің жетістіктерін сол ежелгі ақындық, жыраулық дәстүрдегі ауыз әдебиетінің мүмкіншілігі аясында-ақ жырлап, өзін, өзі арқылы күллі қазақ әдебиетін дүние жүзіне танытты. Соның арқасында ол өзінен кейінгі Кенен Әзірбаев, Нартай Бекежанов, Доскей Әлімбаев, Саяділ Керімбеков, Орынбай Тайманов, Үмбетәлі Кәрібаев секілді шашасына шаң жұқпайтын халық ақындарына игі ықпалын тигізген, өнегесін бойларына сіңірген ұстаз да бола білді.

Қазір, Кеңес дәуірі артта қалған шақта, Жамбыл атамыздың Кеңес өкіметін, оның ішінде сол кездегі ел басшыларын жырлады, “сонда бұл қалай?” деген сұрақтар соңғы кездері жиі көлденең дейтін болды. Мәселенің осы жағына арнайы тоқтала кеткен жөн сияқты.

Ұлы жырау жетпіске жеткен шағында патшалық Ресейдің 1916 жылы бірінші дүниежүзілік соғысқа алатын тұсындағы елдегі дүрбелеңді өз көзімен көрді, қолдарына қару алып, патшалық зорлық-зомбылықтың құрбаны болуға қарсылық көрсеткен ереуілші топтың істеріне тілектес болды. Биыл 80 жылдығы аталып өткелі отырған ұлт-азаттық қозғалыстың бел ортасында болмаса да соның көшбасындағы ерлердің ерліктеріне тәнті болды, жырларымен тілектестігін білдірді, бір сөзбен айтқанда, рухани

жағынан демеуші бола білді: өйткені, ол өзінің туған халқының теңсіздікте кешкен өміріне іштей назалы еді. Көп ұзамай дүниені дүрілдетіп, “Халықтарға теңдік, бостандық әпереміз, құлдық езгіден құтқарамыз, өмірді жаңғыртамыз, бұрынғы билік иелерін орнынан алып әділдік орнатамыз □□жарылқаймыз” – деген ұранмен өмірге келген Кеңес өкіметінің сарбаздары мен сардарларын да көрді. Бұлар, әрине бұрынғы “шынжыр балақ, шұбар төстерді” жайпай келді. Тәуелді дәрежеде болса да Қазақ елі республика атанды.

Қазақтың зиялы қауымы бар, қарапайым еңбеккері бар, бұл өкіметті қолын теңдікке, басын бостандыққа жеткізеді деп білді. Жамбыл да солай түсінді. Патша үкіметінің бұратана халықты басып-жаншуы келмесе кетіп, оның орнына ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздік келді деп ұқты. Олай болса, сол тәуелсіздікті қолға ұстатқан жаңа қоғамдық құрылысқа, оның әділетті аталып жүрген басшыларына қол соқпағанда кімге қол соғады? Мұндай біржақты көзқарастан, бүкіл елі секілді Жамбыл да алыс кеткен жоқ.. Сол қоғамның жетістігіне желпініп, жыр толғады.

Біздің әрқайсысымыз – өз уақытымыздың, өз дәуіріміздің перзенттеріміз. Біздің Жәкеңнің тар заманда, отаршылдық дәуірде немесе кеңестік дәуірде дүниеге келген шығармалары арасындағы алшақтықтан айып іздеу, жазғыру орынсыз деп ойлаймын. Заман әлі талай өзгерер, бірақ ұлы ақын мұрасы өзінің құндылығын ешқашан жоймақ емес. Жамбыл өз заманын, оның ағы мен қарасын, бір сөзбен айтқанда, өз дәуірін асқан шабытпен жырлаған ұлы сөз зергері деп білеміз. Ал зергерге шашасына шаң жұқпас асыл дүниені қай дәуірде, кімдерге арнады деп емес, қалай жасады деп баға берген орынды болар, сірә. Өйткені Жәкеңнің әрбір дүниесі өз бойынан, жүрегінің тереңінен шымырлап шыққан.

Бүкіл әлемді мойындатқан шығармалар, Жәкең шығармашылығы халқымыздың дүниетанымдық, рухани көзқарасының қалыптасып, ұшталуына ықпал жасағанын да ешкім жоққа шығара алмас деп ойлаймын.

Бүгінде біздің бетке ұстар ақын, жазушыларымыз, ғалымдарымыз өз шығармаларының көпшілігін кеңестік дәуірде, кешегі қайта құрудан бұрын дүниеге келтірді емес пе? Ол шығармалардың бәрінде де сол заманның сарыны мен талабы жоқ

емес. Солай болды деп барша аға зиялыларға мін тақпауымыз керек.

Жамбылдың тұсында, тіпті одан кейінгі жылдарда сол кездің саясатын қолдап, шығарма жазбаған кімді білеміз? Француздың ұлы жазушысы Ромен Роллан Жамбылға жолдаған құттықтау жеделхатында “Жаңа адамзаттың ұлы жыршысы” деп баға берді. Демек, бұл Жәкең және осында отырған көптеген белгілі ақын-жазушылар ғана емес, көрнекті деген зиялылар сенген идеология болды. Ал Кеңес Одағының саясаты Жамбыл үшін саясат емес, жай ғана тақырып болды. Жәкең кез келген тақырыпты жырлауда алдына жан салмаған жырдың “Қызыл жолбарысы”

Мына жайды еске ұстайық, ағайын. Қазақ ақындарының ішінде Жамбыл бірінші болып бүкіл Кеңес Одағы оқырмандарына Қорқыт, Асан қайғы, Абылай рухын тірілтіп беріп, рухани айналымға түсіргенін ұмытпалық. Бір сөзбен айтқанда, Жамбыл, Жамбыл болып қала береді.

Жамбыл Жабайұлына да осы тұрғыдан баға берген жөн. Жамбылдың тұғыры биік заңғар халық жыршысы екендігінде ешкімнің де күмәні болмауға тиіс. Ол – ХҮШ ғасырдың тарихи қаһарманы Өтеген батырды, ХІХ ғасырда елін Қоқан хандығының езгісіне қарсы көтеріп, қол бастаған Саурық, Сұраншы батырлардың есімін дәріптеп жырлаушы ғана емес, Кеңес кезеңінің ұлы оқиғаларының да жалынды жыршысы, алдына жан салмаған ақиық ақыны. Ол кімді жырламасын, папаниншілерді ме, әлде Хасан, Халхингол соғысында ерлік көрсеткен ел сарбаздарын ба, қоршауда қалған ленинградтықтарды ма, қай-қайсысын да селқос қабылдаған жан болған жоқ. Оның жалынды жырларын елі күтіп отырды. Сондықтан да ақын өлеңдері әлеуметтік мәні, қоғамдық, салмағы, бойындағы құдіреті арқылы уақыт талабымен, дәуір тынысымен, миллиондардың арман-тілегімен табиғи табысып жатқанын атап өту парыз. Орыстың белгілі ақыны Александр Прокофьев былай деп жазады: “Жамбылдың, “Ленинградтық өрендерім”, жыры жарияланған кез – Ленинград халінің аса бір ауыр шағы еді. Бұл тұста немістін қоршауында қалған Ленинградта азық өте аз болды. Күніне жұмыс істейтін адам, 250 грамм. жәй кісі 150 грамм нан алды. Ет, май дегенді халық өте аз және сирек көрді. Басқа азықты көрген жоқ. Үйлерге кіретін су тоқтатылды, канализация істемеді, отын атымен болмады. Жау атқан снаряд пен

бомбалардың салдарынан шынысы қирап, терезе біткен аңырайып ашық тұрды... Жаудың оғы үздіксіз жауып тұрды.

Осындай кезде Жамбылдың “Ленинградтық өрендерім” жыры газеттерде жарияланды. Халықтың рухын көтеруде ерекше күшті көрінген бұл жырды Ленинград радиосы күніне әлденеше рет оқып отырды. Жыр үлкен әріптермен басылып, көшелерде плакат болып ілінді. Сол плакатты үймелесіп оқысып, көздерінен жастары сорғалаған талай адамдарды көрдім. Немістердің самолеттері құлдилап ұшып бомба тастап жүргенде бомбадан жасырынатын жерге тығылудың орнына Жамбылдың жыры басылған газетті сатып алу үшін кезекте тұрған адамдарды талай көрдім”

Бұл сол кездің нағыз шындығы болатын.

Иә, поэзия құдіреті деген осы болар. Бірнеше шумаққа тұтас бір кезеңнің жүгін арта білу тек Жамбыл секілді алыптардың ғана қолынан келетін құдірет. Ақын өзіне мәңгілік ескерткіштің негізін осылай қалады.

Қазақ әдебиетінің алыбы Жәкенді көзінің тірісінде қай елге барса халық зор ыстық ықыласымен қарсы алып, қабылдап отырды. Ақынның 1936 жылы қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеуде өткен онкүндігінде, 1937 жылдың аяғында Шота Руставелидің “Жолбарыс терісін жамылған батыр” дастанының 750 жылдығына байланысты Грузияға барған сапары, 1938 жылы май айында өзінің шығармашылық өмірбаянының 75 жылдығына орай Қазақстанда өткізілген мерекелер тұсындағы күллі Кеңестер елі атынан көрсетілген риясыз қызмет, қуанышты қарсы алулар тарих парағына жазылды. Ақынды қай жерде де кездестірген халық – «Жамбыл Жамбыл! Жәке!»-деген ерекше шаттанған дауыспен ұрандата қошеметтеген. Ақынның сол шығармашылық мерекесіне Алексей Толстой, Микола Бажан, Павло Тычина, Тоғалақ Молда, Гафур, Ғулям, Қалық Ақиев, тағы басқа сол кездегі көрнекті сөз өкілдерінің келуі, өзіміздің Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Әбділда Тәжібаев, Тайыр Жароков, Қасым Аманжолов, Ғали Орманов, Дина Нұрпейісова, Күләш Бәйсейітова, Кенен Әзірбаев, Мариям Хакімжанова, Қалибек Қуанышбаев, секілді әдебиет, өнер саңлақтарының сол тойды ұйымдастыруы, дүниежүзінің барша елінен, сол елдердің қалам қайраткерлерінен құттықтау жеделхаттардың қарша борауы да Жамбыл есімінің төрткүл әлемге мәшһүр болғандығының айғағы.

Жамбыл шығармашылығы, оның өмір жолы бір адамның емес, бүкіл қазақтың ауыз әдебитінің, соның ақпа-төкпе ақындық өнерінің жаңа белесі, XX ғасырдың ең ірі серпілісі ретінде қабылдануы ләзім. Ұлы Мұхтар Әуезовше айтқанда: «Миллион жол өлеңді жатқа білетін» абыз жыраудың халықтық қасиетін жанымен терең ұғынған замандас ақын інілері – Әбділда Тәжібаев, Тайыр Жароков, Ғали Орманов, Павел Кузнецов, Қалқаман Әбдіқадыров, Қасым Тоғызақовтар оның әдеби хатшылары болып қызмет етті. Бұл үлкенге тағзым етіп, егде тартқан адамға қызмет ететін ұлтымыздың тамаша дәстүрінің көрінісі ғана болған жоқ, өткен ғасырлардың толқынын XX ғасырға әкеліп толқытқан қарт абыз жыршыға, ғажайып қайталанбас өнерге деген құрмет пен кейінгі ұрпақ парызы еді. Жамбыл жырларын орыс тіліне аудару арқылы ақын есімін дүние жүзіне кеңінен таратуға үлес қосқан Павел Кузнецов, Марк Тарловский, Константин Алтайский, Илья Сельвинский, Дмитрий Снегин, Алексей Брагин сынды орыс ақындарының есімдерін де бүгінгі күні ерекше ілтипатпен еске алуға тиістіміз.

Қазақта «Күн ортақ, ай ортақ, жақсы ортақ» деген сөз бар. Бұл ретте де қазақтың Жамбылын адамзаттың Жамбылы деп мақтанышпен айта аламыз. Шын мәнінде: Жамбыл дүниеге әкелген ғажайып қазына сол рухани қазынаның өн бойындағы адамды шыңдауға арналған, биік парасат пен қоғамды шыңдауға арналған шабытты, серпінді жалпы адамзаттық рухани игілік демеске бола ма?! Мұны өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Жамбылдың канатты жырлары әлемнің елуге тарта тіліне аударылып, миллиондардың жүрегіне ізгілік нұрын септі. Біз мұның ең алдымен Жамбыл атамыздың өлмес өнері арқылы әлем жұртшылығына қазақ халқының рухани болмысының танылуы деп білуіміз керек. Сондықтан, Жамбылдың мерейтойы қазақстандықтар үшін зор мәртебе ғана емес өзінің де бүгінгі парасат көлеміне сын. Дәлірек айтсақ, бір мақсат жолындағы көп ұлтты дербес мемлекет ретінде әлем адында ой мен рухтың өресін танытатын, кісілік пен парасаттың өнегесін көрсететін сәт туды. Қазақстан Республикасы осы уақытқа дейін әлем жұртшылығына өзін саяси-әлеуметтік ұмтылыстарымен, демократияшыл мұраттарымен танылып келсе, енді қайталанбас рухани болмысын танутыға мүмкіндік алып отыр. Бұл ретте қазақстандықтар ұлы Жамбылдың өлмес өнері, мәңгілік тозбас құндылықтарды көксеген биік парасаты жалпы адамзатқа

ортақ екенін терең сезінеді деп білемін. Егер біз Жамбыл даналығын тәу етіп, ұлылығын ұлағат тұтып жатсақ, оның басты себебі Жамбыл арманының адамзаттық арман-аңсарымен ұласып жатқандығында. Сондықтан да, қазақтың Жамбылына адамзаттың Жамбылы ретінде құрмет көрсетіп, өлмес рухының алдында басымызды иеміз. Сөз жоқ, ондай арман-аңсарға ден қою арқылы біздің қай-қайсымыз да пендешіл күйкіліктен арылып, парасат-пайымымызды шыңдай түсеміз. Өміршең мен өткіншінің ара жігін айырып, асыл адамгершілік жолында табысамыз.

Әрбір ұлттық мәдениетте бүкіл әлемге тиесілі есімдер, жалпы адамзаттық рухани құндылықтың өлшем-белгісі болған есімдер бар. Соған орай, олардың осындай жасампаздық істері біздің күллі адамзатпен біртұтас әрі өзіміздің өткенімізбен, қазіргі кезімізбен және болашағымызбен ажырағысыз байланысты екенімізді еске салып, ерекше мән-мазмұнымен толықтыратыны жасырын емес.

Бүгін еліміздің жұртшылығы қазақ халқының даңқты ұлы, халық поэзиясының ұлы алыбы, бүкіл келбет-болмысымен ХХ ғасырдағы өшпес тұлғалардың қатарындағы Жамбыл Жабаевтың 150 жылдық мерейтойын кеңінен атап өтуде.

Тағдыр оған ұзақ, жемісті әрі даңқты өмір сыйлады: ол өзінің 100 жылдығына небәрі екі ай қалғанда дүниеден өтті. Оның шығармашылығы екі ұлы дәуірді – ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың 45 жылын қамтиды. Осының өзі де бірегей құбылыс, өйткені ол – Қазақстан мен Ресейдің тарихындағы бетбұрысты кезеңнің жылнамашысы.

Жамбыл жастайынан, өзінің халық жыршысы, жырау ретіндегі шығармашылық жолын бастаған кезінен-ақ суырып салма ақынның даңқына бөленді. Оның бұл жолы тар жол тайғақ кешулі сындарға толы болғаны да рас. “Жамбыл көп уақытқа дейін патшалықтың барлық қолжаулықтарын ашу-ызамен, тікелей әшкерелеп келді, – деп жазды ол туралы ұлы Мұхтар Әуезов. – Өзінің бүкіл ашу-ызаға толы, ащы тілді және әділетті айыптауларға құрылған суырып салма жырларын ауыр алым-салыққа, әділетсіз сотқа, жүгенсіздікке қарсы бағыштаған осымен қатар халықпен бірге, бақытты ел туралы керемет арман мен үмітке толы әндер шығарып, аты аңызға айналған халық арашашысы болған айбынды батырлар туралы да жырлады”... Сөйтіп, ол әлемнің бар байлығын жинағаныңмен одан ізгілік таппайсың тек қана сенің дүниеге әкелген жақсылығың ғана

өзінді мәңгілік әрі қасиетті даңққа бөлейді, деген тұжырым жасайды.

Жылдар өткен сайын Жамбылдың ақындық дарыны жетіле түсіп жан дүниесі байып, өмірге деген тарихи көзқарасы қалыптасты. Адам мен оны қоршаған табиғаттың бірлігі, тән және жан сұлулығы, әсемдік, күллі жанды тіршілік пен өмірді жасаушы адамға жаратылыстың өзегі ретінде сүйіспеншілікпен қарау – оның ең сүйіп жырлайтын тақырыптары болып қала берді.

Жамбыл ғұмыр бойы ең басты тақырыпты – адамдардың достығын, бірлікті, өзара көмек пен махаббатты арнау еткен! Бізге де осындай рух беретін, әрі аталы сөздер кейде жетіспей жататынын да айтқан жөн болар.

Жамбылға дейін де ақындар болған. Иә, талай тарлан ақындардың болғаны рас, қазір де бар және одан кейін де халқының үдесінен шыға білетін тұлпарлар болатыны да хақ. Сірә, одан кейін де бола береді. Алайда XX ғасырда – дауылдатқан ғылыми-техникалық және әлеуметтік революциялар ғасырында Жамбыл өзіне біткен, дүние жаралғаннан бері келе жатқан көне өнерді осы заманның қызметіне өзге ақындардың бәрінен де жақсы қоя білді, сол арқылы халықтық поэзияны бұрын-сонды болып көрмеген биікке көтеріп, ғаламдық деңгейге шығара алды.

Ауыз әдебиетінің сазгерлік-ақындық жарыс жанры ретінде айтыс әлімсақтан халық үшін өз үнін білдірудің әмбебап құралы қызметін атқарып келді, оның ақылы мен жүрегіне нәр берді. Ақындардың дуалы аузынан шыққан әрбір сөз сол заматта қағып алынып, ұлы даланың күллі шаһарлары мен ауыл-қыстақтарына тарап жатты.

Бұл жырлар өзінің лайықты иелеріне өшпес даңқ пен шексіз бедел болып оралып отырғанын ұмытпаған да ләзім. Жамбылдың кеңестік кезеңдегі шығармаларына көз жүгірте отырып, біз оларда дәуірдің бүкіл күрделілігі мен карама-қайшылығы, бар игілігі мен кемшілігі, даңқы мен абыройсыз істері өз бейнесін тапқанын айқын көреміз.

Жамбыл өз замандастарымен ғана айтысып қойған жоқ. Ол дәуірдің өзімен айтысуға, даңқ пен абыройсыздыққа толы уақытпен ымырасыз айтысқа түсуге қажыр-қайрат таба білді. Сөйтіп, бұл айтысты жеңіп шықты!

Тез арада тауып айту, қиыннан қиыстыру, көп салалы өмірдің

жәйттеріне сол сәтте үн қосуға қабілеттілік – жыраудың мейлінше шығармашылық ерекшеліктерін құрайтын қасиеттер. Жамбыл қолымен жазған жок, тілімен жырлады Жасы ұлғайған кездің өзінде Жамбылдың жарқын ойлау қасиеті мен шығармашылық дүниетанымының толықтығын сақтай білгені, сөйтіп Қазақстан үшін және біртұтас көпұлтты халық үшін мақтаныш сезіміне толы шығармалар, жалпы мемлекеттік және жалпы азаматтық әуендегі өмірге әкелгені таңданарлық құбылыс. XX ғасырдың қыркыншы жылдарының өзінде-ақ ол патриоттық поэзияның асыл маржандарын туғызып, “Халық поэзиясының алыбы”, “XX ғасырдың Гомері” деген әлемдік атаққа ие болды. Ол Ұлы Отан соғысының сұрапыл күндерінде көркемдік деңгейі жоғары саяси поэзияның жаратушысы болды.

Ақындық-жыршылық сипаттағы өлең туындыларын Жамбыл Пушкинге және Тынық Донның ұлдарына, Солтүстік полюсті бағындырушыларға және испаниялық туысқандарға және қарапайым еңбек адамдарына бағыштады. Оның мәңгі жасайтын “Ленинградтық өрендерім” атты толғауы ақындық шеберлік пен әкелік жүректен шыққан даналық сөздің асқар шыңына айналды.

Соғыс жылдарында өмірге келген бұл туынды ұлы ақынның даңқын асқақтата түсті оның есімін дүние жүзіне әйгілі етті. Ленинград қорғанысына қатысқан Всеволод Вишневский былай деп еске алды: “Біз бұл жолдауды көзімізге жас алмай және қуанышты толқу сезімінсіз оқи алмадық. Біз бұл хатғы қуатты қолдаушы күштің келгеніндей бағалап, қабылдадық. Қазақстан халқы бізге өзінің туысқандық сәлемін, сүйіспеншілігі мен достығын жолдады, сөйтіп біз еселенген күш-жігермен шайқасқа аттандық”. Белгілі жазушының бұл сөздері бұған дейін де әлденеше рет қайталанды және Жамбыл талантын құрмет тұтушылардың барлығы оның бір жарым ғасырлық мерейтойы жылында тағы да келтірілетін болады.

“Ата-бабаң баяғы,
Аян еді Жамбылға,
Тұсаулы қол-аяғы
Аударылған ауылға,” –

деп жырлады Ленинград пен оның тұрғындарына сөз арнаған даланың ұлы жырауы:

“ Жетсін деймін сендерге,

Жыл құсындай өлеңім,
Қаласындағы Лениннің
Сайыпқыран өренім”.

Біртұтас шаңырақ сезімі, тарихи тағдырлардың тұтастығы сезімі – поэзияның ұлы ақсақалы бізге осындай мұра қалдырды. Интеграция идеялары, бірыңғай әлеуметтік-мәдени кеңістік құру туралы ойлар күш алып келе жатқан қазіргі таңда өзара түсіністік пен ынтымақтастық, өзара рухани бар және ұлттық мәдениеттің жалпы адамзаттық маңыздылығы сияқты мәңгілік құндылықтар осы заманғы мазмұнымен толығуда.

“Жыр білмеген өмір де сүре білмейді” деген данышпан қағида қалдырды Жамбыл. Біз жас мемлекетімізді орнату және нығайту мақсатымен әлеуметтік, экономикалық, құқықтық реформалар жүргізіп жатқан жылдарда белсенді мәдени құрылыссыз, Жамбылдың шығармаларынсыз біздің қоғамымыз өзінің ұлттық келбеті мен қасиетін қауымдасып іздестіруде біріге алады деу қисынсыз болмақ. Ендеше оның туындыларын еске алып, бағалайтын, біздің бабаларымыз бен әкелеріміздің Отанды көркейту жолында даңқты өмір сүргенін бағалайтын болайық. Әрқайсымыз өз орнымызда белсенді жасампаз жанға айналып тарихты, мәдениет пен өркениетті дамытатын болайық.

Бүгінгі жыр дүлділінің ұлан-асыр тойы – егемен елімізді мекендейтін халықтар достығы ынтымағының тойы, халықтың өзінің ұлы перзентіне деген зор құрметі мен ыстық, ықыласының шынайы көрінісі.

Жамбыл мерейтойына дайындық, ұлы ақын шығармашылығына терең бойлап, Жамбыл поэзиясын танумен астасып жатты. Ал, ұлы бабамыздың басына барып, талантты өрендеріміздің ақынның биік рухына тағзым етуі қандай сүйінішті. Осы күндері еліміздің түкпір-түкпірінде өткізіліп жатқан ұлы Жамбылға арналған кештер, поэзия жиындары, жастар мен өнерпаздардың өнер сайыстары, акындар айтысы ертеңгі күндері жалғасын тауып жатса, ұлы ақынға деген құрметтің шынайы белгісі сол болар еді.

Үкімет қаулысы ауқымында Жамбыл мұражайы мен мавзолейі жаңғырып, мәдениет үйі, мектеп құрылысы жүргізіліп, ақын ауылының архитектуралық келбеті өзгерді. “Жақсыдан – шарапат” – дегендей, бұл атқарылған істер халықтың діттеген жерінен шығып, жұртшылық игілігіне жарауда. Бүгінгі той көптікі,

абыройы халықтікі. Жамбылды құрмет тұту – қазақ халқының биік рухына, Қазақстан халықтарының патриоттық сезіміне деген құрмет деп ойлаймын.

Ұлы өзгерістер заманында өмір сүріп, жұмыс істеу біздің үлесімізге тиіп отыр. Біз атқарып жатқан істердің өміршең маңызымен қатар тарихи да мәні бар екенін естен шығармайық. Біздің бүгінгі ісімізге қарап ұрпақтарымыз бізге баға беретін болады.

Қазақстанның ХХІ ғасырға қалай кіретіні, ұрпақтарымыздың тағдыры қалай қалыптасатыны осы отырған бізге байланысты. Бүгінгідей шалқыған қуанышты күнде біздің асылымызды дөп басып, ұлы жырауға жоғары баға беріп, Жамбыл күндерін атап өткен туысқан Өзбекстан, Қырғызстан, Түркия және басқа да елдердің, туған еліміздің әдебиет сүйер зиялы қауымына зор ризашылық сезімімізді білдіреміз.

Жәкең – туған халқының күңгейі кең көлеңкесін тарихи талғам таразысына салып, шабыттың шырқау биігіне көтерген ақын. Халық, тағдырының күллі арналары мен тамырларын сәтті үштастыра білгендіктен “халықтың шыққан дана ақын” деген атаққа ие болған. Бұл – шындап келгенде, халықтың дара туған перзентіне берер ең жоғары бағасы.

Қазақ халқы барда, оның тілі мен діні аман тұрғанда, адалдық пен адамдықтың, әділеттілік пен ізгіліктің жыршысы – Жамбыл да мәңгі жасай бермек. Бүгінгі ұлы той – халқының Жәкеңе деген шексіз сүйіспеншілігінің бір көрінісі.

Жамбыл мәңгі жасай береді. Біздің алдымызда жаңа биіктер, жаңа мақсаттар тұр. Енді үш-төрт жылда ХХІ ғасырдың табалдырығын аттаймыз. Бұл жаңа ғасыр Қазақ елінің тарихындағы ерекше бақытты, өсу, кемелдену ғасыры болады деп кәміл сенемін. Қазіргі саяси, тарихи жағдай бұған толық кепілдік береді.

Соған орай, он тоғызыншы ғасырда дүниеге келген, жиырмамыншы ғасырда ұлы ақын ретінде әлемге танылған Жамбыл осы жаңа жиырма бірінші ғасырда да өз халқымен бірге жасай беретіні анық.

Ендеше, құрметті халайық, тойларыңыз тойға ұлассын!

«Сұлу жер – береке, елді жер – мереке» деген мақал бар. Біздің Тәуелсіз Қазақстанда әрқашан береке болсын, достық, ауыз біршілік, тыныштық болсын!

Жәкеңнің биік рухы баршаңызды жебеп жүрсін!

ЖАМБЫЛ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ АҚЫНДАРЫ

Пролетариаттың ұлы жазушысы М. Горький халық ақыны Сүлеймен Стальскийді Гомермен батыл да дұрыс салыстырды. Егер Гомер есімі ғасырлар, замандар бойы грек эпосын жасаған халық ақындарының сан ықылым буын, ұрпақтарын бейнелейтін жиынтық есім болса, соңғы дәуірлерде халық творчествосын дәл сондай топтастырған жиынтық есімдер ашуы Сүлейман Стальский мен ақын Жамбылдың және тағы басқа солар халық поэзиясы өкілдерінің еншісіне тиді. Әлемнің барлық халықтарында дүние жүзілік эпос пен фольклордың небір асыл мұраларын жасаған ақындар болған, бірақ олар тарихта аэдтер, рапсодтар, баяндар, бардтар, ақындар, жыршылар ролінде ғана белгісіз беймағлұм өтіп кетті. Тек біздің қазіргі заманда, халық даналығы тудырған шығармалар жоғары терең бағаланды. Советтік дәуірде ғана, бұл халық творчествосының інжу-маржан асылдарын жасаушылардың есімдері өздерінің лайықты орындарына ие болды. Ұлы Одақтың барлық азат болып, қайта туған халықтарының ішінде орденді ашугтер, ақындар, ғафиздер, бақшылар, жырау, жыршылар, жомоқшылар ретінде мәшһүр боп танылды.

Жамбыл творчествосының негізгі мотивтері мен идеялық, тарихи тамырлары тікелей оның алдында өткен Махамбет, Сүйімбай, т.б. поэзиясында ғана жатқан жоқ, әлдеқайда тереңде сан ғасырлық сонау көне заманғы эпосында, тарихи жырларында, аңыздары мен әңгіме, хикая-мұраларында жатыр.

Халық ақыны Жамбыл творчествосының негізінде де халық поэзиясының осындай прогресшіл, өміршеңдік мәні жатыр. Осы тұрғыдан алғанда Жамбыл шығарған «Өтеген батыр», «Сұраншы туралы», «Саурық туралы», «Жапар туралы» эпикалық жырлар циклы т.б. халықтық белгілі бір мүдде-мақсат көздеген идеясының репертуарын құрайды. Бұл жылдардың геройлары-халықтар мен зілсіз тайпалардың мүдделерін қорғаған, соларға бақыт іздеген, есімдері жартылай аңызға айналған қамқор батырлар. Жамбылдың шығарымпаздық творчествосындағы тағы бір негізгі жанр-айтыс, ол үшін әшкерелеуші поэзияның ең бір сүйікті формасы боды. Жамбыл ақын көбінесе осы жанрда қалыптасты. Ақын дарыны

дәстүр бойынша бұрыннан мәшһүр болған бір ақынмен айтысу арқылы танылады. Бұл творчестволық жекпе-жекте, ақындық сөз жарысында қарсыласының соққысына әрі шапшаң, әрі өткір де ұтымды жауап беріп, қарымта қайыру орындаушылық творчестволық акт болып табылады. Қатысып, куәгер боп, баға беріп отыратын алқалы топ тыңдаушылардың ортасында өтетін бұл айтыстар театр оқиғаларының элементтерін де қоса қамтитын және әннің де тікелей туар актісі болатын. Бұл жекпе-жекте жүйрік, тапқырлыққа жаттығып сынға түсу ақынның дарыны мен дағдысын ерекше түрде қалыптастырған. Ол негізінен импровизатор, логикалық тыңғылықты ойларын, небір нәзік, жанды жерінен дөп басып айтар дау-тартыстарды және күтпеген өткір әзіл-әжуаларды ойда жоқта қолма-қол айтып жіберетін тапқыр. Ал айтыс нәтижесін әннің көптігі не әсемдігі емес, әрбір шешендік сөздегі немесе дауартыстағы сияқты, ақыл-ойдың алғырлығы, айтылған сөздердің логикалық байланыс жүйесі шешетін болғандықтан, айтыс жанры ақынның жан-жақты, мол білімдар, айналадағы барлық құбылысқа дайын да, орынды жауап бере білетіндей болуын талап етеді. Халық туындыларының әр түрлі, әрине, соншалықты мол репертуарынан басқа, ақындар халықтардың, рулардың тарихи саласынан, география саласынан т.б. көптеген жайлардан мол хабардар болуға тиісті еді.

Әрбір көрнекті үлкен ақын өз дәуірінде халық творчасының үлгісі ретінде сол өзі таңдаған жанрды дәріптеп көтермеледі де, сөйтіп өзі типтес ақындардың мерейін үстем қып ұстады. Жамбылдың өзгеше бір ұнамды ерекшелігі-ол өзі шығарған жыр шеңберінде өзінен бұрын өткен көптеген ақындардан репертуар жағынан да кең, бай болды. Ол бір өзі әрі эпик ақын, әрі айтыс ақыны, әрі азаматтық әуеннің де ақыны. Индивидуалдық әдебиеттегі әрбір көрнекті ірі құбылыс өзінен соң еліктеуші әдебиет, эпигондық мектеп туғызып, сөйтіп өзіне орта жасап алатыны сияқты, халық поэзиясындағы үлкен ақын да өз жолын қуған ізбасар, шәкірттері арқылы өзіне ақындық орта жасап алады. Жамбыл творчестволық бет-бейнесі, мән-мағынасы жағынан өзінің тікелей алдында өткен ұстазы Сүйімбайға өте жақын, сонымен туыстас, сарындас. Ал Жамбыл төңірегіне топтанған кіші, жас ақындар қазір өз творчасында жалпы ақындық-шығарғыштық және жанрлық-репертуарлық бет-бейнелермен, бағыт-

бағдарларымен Жамбылға жақын, сонымен үндес. Бүкіл әлемдік әдебиет пен фольклорда бұл сияқты тарихи заңды құбылыстар мейлінше мол-ақ. Эпикалық ескілікті ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, жаттап алу дәстүрін жалғастырып, қалыптастырған эпик ақындардың тұтас есімдері болған. Белгілі бір ру ішінде есімі елге әйгілі болған үлкен ақынға ілесе суырып салып, қолма-қол айтатын импровизатор айтыс ақындары лек-легімен, топ-тобымен шыққан. Мысалы, XIX ғасырда қазақтың байтақ даласын ұзақ шарлаған атақты Жанак ақын бір сапарында Сыбан руының он жеті ақынмен айтысқан. Ал Жамбыл Құланаян Құлмамбетпен айтысқан күні тек Албан руының ғана бұрын даңқты ақыннан жеңіліп қалған тоғыз ақыны домбыраларын қойып, қатысып, тыңдап отырған. Ал Жамбыл туған аз ру Екейде қазір, өлген ақындарды (соның ішінде Жамбылдың талантты ұлы да бар) қоспағанда, еркек-әйел аралас жиырма шақты ақын бар.

Олардың жас шамаларының басқыш, сатылары да қызық. 93 жастағы Жамбылдан басталған тірі тізбек үзілместен 13-15 жасар мектеп жасындағы шәкірт ақындарға дейін жетеді. Және де, шамамен алғанда, әрбір он жылға бір немесе бірнеше ақыннан келіп отырады. Жамбыл тек өз шығармаларымен ғана емес, сонымен бірге өзі тәрбиелеп, баулыған ер, әйел ақындар тобымен де халық поэзиясының бұтағы, бүрі мол бәйтерегі. Халық ақыны Жамбыл, тек өз шығармалармен ғана емес, тарихи-әдеби зерттеу тұрғысынан да, өзгеге ұқсамайтын дара, оқшау бет-бейнесімен де аса зор құбылыс.

Осында Жамбылдың творчестволық бет-бейнесі, поэзиясының мән-мағынасы, халықтық тамырлары туралы айтылған негізгі жағдайлардың бәрі барлық қалған халық ақындарына да түгелдей қатысты. Бұрын Жамбыл әсерін оның төңірегіндегі барлық ақын өз творчествосында айқын көрсеткен болса, енді қарт ақынның жаңа шығармаларының баспасөз бетінде жарыққа шығуына байланысты Қазақстанның тіпті барлық шалғай облыстары мен алыс аудандарының өзінде кәрі-жас буын ақындар оның әсерін сезініп отыр. Мұның өзі табиғи нәрсе. Өйткені, бұл ақындардың бәр-бәрісі де: Өмірзақ, Орымбай, Естай, Әріп, Оспантайлардан бастап, Қастек ауданындағы Жамбылдың ақын шәкірттері: Өтеп, Саяділ т.б. дейін түгелге жуық Жамбылға жақын буынның өкілдері-олар отаршыл

ескі Россияның халықтар үшін қаншалықты қараңғы түнек түрме болғанын, сондай-ақ хандар мен билер өктемдігінің тұсындағы патриархалдық-феодалдық мәдениетсіздік тарихы дегеннің не екенін жақсы біледі. Бұл ақындардың бәрі де халықтың ең кедей, еңбекші қауымның қайнаған ортасынан шыққандар. Сондықтан да, оларға шын мәніндегі халықтық дегеннің бәрі де қанына туа сіңген етене жақын. Олардың халықтың патша өкіметіне қарсы күресі туралы ерлік жырлары, 1916 жылғы белгілі халық қайғысы мен қасіреті туралы жырлары күрес ұраны, күрес туы болды. Бұл жылдары соншалықты ыстық жан аямай көп жырлады. Верныйдың губернаторы сол кезде Жамбыл бастаған барлық ақынды айдап әкеліп, атқораға қамап, алдағы уақытта халықтық жырларды айтуға үзілді-кесілді тыйым салып, тек діни уағыз өлеңдерді ғана айтуға рұқсат етуі тегіннен-тегін емес еді. Халықтық терең тамырдан өсіп шыққан, 1916 жылдың қатаң, қаһарлы уақиғаларын бастан кешіп, тәлім алған жаңа тап күресінің бұдан да күшейген шағында- Азамат соғысы кезінде, ауылды советтендіру тұсында-қоғам мен бүкіл адамзат өмірі туралы лениндік шындықты ұғынып, көзі жеткен бұл ақындар революциялық халық поэзиясына келіп қосылды.

Сонымен қатар әрбір ақынның творчествосы мен ерекшеліктерін жеке-жеке нақты зерттеу қажет. Жамбыл шәкірттерінің ішінен өткір, ойнақы жырларды қолма-қол шығаратын (мұнысы Жамбылдың жас кезін еске түсіреді) Үмбетәліден басқа Жамбылдың тарихи жырлар мен оқиғалы (сюжетті) поэмалар жасау дәстүрін жалғастырушы Өтеп және Саяділ сияқты басқа да ақындарды білеміз. Біздің ақындар творчествосында үстем боп отырған ауызекі поэзиясының ұсақ формаларымен қабат дәстүрлі халық творчествосының басқа ірі жанрларын өркендету аса маңызды. Өте-мөте құнды. Ақындар, бұрынғысынша, Азамат соғысындағы ерлік туралы поэмалар, тарихи жырлар, хикаялар, аңыз-әңгімелер, ертегілер жасауға тиіс. Жазушылар одағының басшылығы олардың қызметін осындай поэтикалық міндеттерді орындауға бағыттауы, творчестволық көмек көрсету керек. Ал ол үшін ақындардың жалпы таным, білім, түсініктерін кеңейтуге жан-жақты көмектесу керек. Қастек ақындардың ең алдымен большевизм негіздерін оқып үйренуге болатындай әдеби үйірме ашып беру туралы бірауыздан айтқан өтініштерін сөзсіз құптау қажет. Сонымен бірге ақындардың поэмалар, халықтық романдар жасауына көмектесе білу қажет. Кей

жерлерде бар колхоздар мен бригадалар арасындағы айтыстарды қолдау, ынталандыру керек. Ақындардың шығармаларын: олардың социалистік жарыс, стахановтық еңбек туралы, бесжылдықтардың міндеттері туралы, социалистік құрылыстың жоспарлары туралы ауызекі, қолма-қол айтқан жырларын қалың көпшілікке жеткізіп таратуға барынша жағдай жасау керек.

СӘБИТ МҰҚАНОВ

ҰЛЫЛЫҚ СЫРЫ

1936 жылы көктемде Алматы қаласында қазақ ақындарының республикалық бірінші слеті болды. Осы слетте Жәкең «Туған елім» деген дүние жүзіне әйгілі жырын айтты. Бұл жыр Жәкең шығармаларының ғана емес, бүкіл совет поэзиясының ең биік шыңы еді, сондықтан да бұл жыр Советтер Одағындағы барлық тілге аударылды, сондықтан да бұл жырды барлық Совет елі күніге шейін үлгі есебінде қолданады.

1936 жылдан бастап, Жәкеңнің жырын өркендетуге ерекше жағдай жасалғаннан кейін Жәкең социалистік құрылыстың жетістіктеріне, күнделікті болып жатқан саяси, шаруашылық, мәдени науқандарға даусын мынадай жағдайда қосты:

1. Жәкең радио тыңдағыш еді. Көңілін қозғайтын бір хабарды Жәкең естісе, хатшыларынан немесе маңайына көп үйірілетін мектеп оқушыларынан сол естігенін толығырақ баяндауын өтінетін. Содан кейін, естіген жаңалығы көңіліне әбден қонған соң, жырлауға кірісетін.

2. Жәкең газет оқытуды ұнататын еді және нендей қызық жаңалығы бар? – деп сұрар еді. Хатшыларының бірі, мектеп оқушылары, я сауатты колхозшылар оқып берген газеттен өзінің көңілін қозғаған жаңалықты жырға айналдырар еді.

3. Жәкең 97 жасына дейін атқа салт мініп жүрді. 1942 жылға дейін салт атпен Алатаудың биігіндегі Құлансаз деген жайлауға да шықты.

– Машинаға мініп жүрміз ғой, – деді Жәкең 1936 жылдың жазында, үйіне сәлем бере барып отырған үкімет адамдарына, –

бірақ оның тас жолға, құрғақ жолға, жазық жолға жүйрік екен. Мен өзім таудың биігін жайлап өскен кісімін. Оған шықпай көңілім көншімейді. Машина бергендеріңе тәңір жарылқасын, енді маған жақсы ат тауып беріндер, – өзі жорға, өзі жуан, өзі жуас ат болсын.

Жәкеңе ондай ат табылды. 1936 жылдың жазында өкімет сатып әперген күрең жорғаны Жәкең тауға 1941 жылдың күзіне дейін мінді, ауыл арасына 1944 жылға дейін мініп жүрді.

Бұл атты еске алып отырған себебіміз, Жәкең салт жүріп табиғаттың көрінісі мен құбылысын, колхоздың даласында жайылған малдарды, егінмен байланысты еңбектерді көруге құмар еді де, сезімін қозғаған көрініс пен істі жырға айналдырар еді. Жәкеңнің қасына ергендер алуан тақырыпта оның аузынан талай тамаша жырлар естіді, бір-ақ өкініш-олардың көбі жазылып алынбады, ат үстінде жазып алуға мүмкін де болмады.

1937 жылдың декабрінде грузин халқының атақты ақыны Шота Руставелидің туғанына 750 жыл толуы тойланды. Сол тойға Қазақстаннан барған делегацияны Жәкең бастады.

Грузин халқы ерекше құрметпен қарсы алды. Осы сапарында көрген тамашаларына арналған Жәкеңнің бірнеше жырлары бар. Кавказға барып қайтқан сапарында көргендерін Жәкең қызық әңгіме қып айтып отыратын.

1938 жылы 20 май күні. Жәкеңнің әдеби қызметінің 75 жылға толу құрметіне, Алматыда және Жәкеңнің ауылында той болды. Тойға Советтер Одағындағы барлық ұлттардан жазушылар келді. Жәкеңнің атына Совет Одағының барлық елдерінен, шетелдерден (Америка, Қытай, Франция, Чехословакия т.б.) құттықтау телеграммалар келді.

Осы мерекеге байланысты, Жәкеңді Одақтық үкімет Ленин орденімен наградтады.

1936 жылы мен Ұлы Отан соғысы басталудың екі арасында Жәкең 10000 жолдан артық жыр шығарды. Соның бәрі Социалистік Ұлы Октябрь революциясының арқасында, Ленин партиясының жолымен, социалистік қоғам құрып, бақытты дәурен сүрген халқымыздың шаттық тұрмысын, қуанышты көңілін сипаттауға, халықтар достығын баяндауға арналған.

Халықтың, Совет өкіметінің ерекше құрметтеуімен, 1936 жылдан бастап қайта жасарғандай болған Жәкең 1940 жылдың бер жағында кәрілікке мойындай бастады. Осы кезде Жәкең өзінің

хатшысы – Қалқаман Әбдіқадыровқа:

Насыбай бер,

Насыбайың бар болса жасырмай бер,

Саулық қойдың жасындай жасым қалды,

Біреп жылға Жамбылды асырай бер, –

деп қалжындапты.

– «Ар жасы жүз» деп еді, – дейтін болды содан кейін Жәкең, – жүзге де ілуде біреу-ақ келетін еді, сол жүзді алқымдап қалдым, балалар, көзің қарашығы бұлдырап барады, көз алдымдағы кісі емес, оның көлеңкесі сияқтанатын болды; оң құлағым жабылды, сол құлағым әрең естиді; біреп жыл бұрын атқа мінетін басым, енді орнымнан кісі сүйемесе тұра алмаймын; осы айнала тонаудың арты қайда соққалы келе жатқанын білесіндер ме, балалар? «Ата-ананың жоралғысы» жақын, балалар. Шырақтарым, қамдана беріндер...»

Жәкеңнің үйінде тұрып денсаулығын қарайтын дәрігер Рахымбек Досымбековтен басқа, 1936 жылдан бастап Жәкеңді үнемі бақылап отыратын – Қазақстандағы атақты дәрігердің бірі – Х. Барлыбаев болатын.

Оның айтуынша, Жәкеңнің өзге денесі қартайғанмен, жүрегі-жас, оның жүрегі 100 жасты еркін көтереді.

Жәкеңнің денсаулығын жеке қарау-Алматы қаласындағы қазіргі Министрлер Советі ауруханасының міндетінде болды. Осы аурухананың тәжірибелі дәрігерлері Барлыбаев және Зотов жолдастардың бақылауымен, Жәкең дүниеден өткенше, диеталы тағам даярлап беретін Фатима Файзрахманованы Жәкең аса жақсы көріп, «мені емізген екінші шешем-осы», деп, қалжындап отыратын еді.

Өзінің күнделікті қызметкерлерінен Жәкеңнің және бір жақсы көретіні-шофері, өз ауылының жігіті-Нағашбек Байсабаев болды. Ту сырты еліктің артқы сандары сияқты тіп-тік болып, балаша елгезектеніп ұшады да жүреді байғұс, бұл да мені кезеңді жерле балаша арқалап әкетеді, – дер еді, Жәкең Нағашбек туралы.

Өз туысқандарынан, өз балаларымен қатар, Жәкеңнің ерекше жақсы көргені-туған ағасы Тәйтіннің баласы Сатыш.

– Тәйти Меккеге қажылыққа кеткен, жолда өлді, – дер еді Жәкең, -қажылыққа аттанарда, үш жастағы жалғыз баласы, осы Сатышты қолынан жетектеп маған алып келіп: «Құдай алдында сенің қолыңнан алам», – деп еді. Жарайды деп уәде бергенмін.

Содан бері осы шіркін өз балаларымнан кем көрінбейді.

Жәкең оған да қалжыңдағанда, аш күзендей бұраңым деуші еді

Жәкең ауылы Жамбыл колхозы деп аталады. Сол колхоз ұйымдасқаннан бүгінге дейін Жәкеңнің немере інісі Тұрап Мыржиев үздіксіз бастық боп келді.

– Бұл–шаруаға жүйрік, –дер еді. – Жәкең ол туралы, –бірақ қулау, түлкінің іні сияқты, ішінде қалтарысы көп.

Ауылында Жартыбай Қырықбаев дейтін шамалылау бір ақынды «осы суыр сияқты әрі жалтақ, әрі бақырауық» дейтін еді.

Жәкеңмен біраз жұмыс істеген ақын Қалмақанның екі танауы көтеріңкі делдендеу кісі. Оны Жәкең «шеміршек болған жылқыдай делбеңдеуін қарашы» деп қалжыңдайтын еді.

Өмірзақ ақын қара кескінді, ақ шашты, ақ сақалды адам. «Басын ұнға тығып алған қара мысық сияқты» – деп ойнар еді Жәкең онымен.

Оңтүстік Қазақстанда тұратын қарт ақын Орынбай Тайманұлы жіңішке дауысты және шырылдаңқырап сөйлейтін кісі, оны Жәкең «Тауқұдырет» дейтін еді.

Семей облысындағы ақын Нұрлыбек Баймұратов денелі, зор мұрынды адам, Жәкең бір күні соған қарап: «Жайылған үйірін шыңның басында күзеткен арқардың қошқары сияқты екен» деді.

Осылар сияқты, жаратылысында, мінезінде өзгешеліктер бар адамдар туралы Жәкеңнің беретін сын-мінездемесі аса көп болатын.

– Шіркін, көз–ай! – деп өкінетін болды Жәкең, 1940 жылдың бер жағында көзі бұлдырлана бастаған соң, – «қара арғымақ арыса, қарға адым жер мұң болар; қара көзден нұр тайса, бір көруге зар болар» деген-осы. Көзге не іліксе сол қызық көрінетін дүние-ай!

Содан кейін айтқан бір өлеңінде:

Жетіппін жүре-жүре қыр басына,

Жол екен таусылмайтын бір ғасырға.

Елбіреп екі аяғым дірілдейді,

Көз жетпей тұрарыма, тұрмысыма», –

дейді. Осындай халге түскен Жәкең, дәрігерлеріне былай деп наз айтады:

Тамырдың тілі қандай, дәрігерім,

Жамбылға турасын айт, сыр жасырма,

Жетелеп біраз күнге жүріңдерші,

«Кез болдық қайдан, – демей, – бір мысалға»...

Жәкең осылай кәрілікке мойындаған кезде, 1941 жылдың 22 июнь күні Ұлы Отан соғысы басталды. Бұл басқыншылыққа ызаланған Жәкең:

Асқар таудай еліме,
Байтақ жатқан жеріме,
Шапты фашист, – дегенде,
Ашуыменен аралас,
Жыр да келді көмейге,
Қаһар қаулап денемді! –

деп бастап, «Ата жаумен айқастық» деген ұзақ жыр айтты.

Ұлы Отан соғысының тақырыбына соғыстың төрт жылында Жәкең 3000 жолдан артық жыр шығарды. Халқымыздың отаншылдық намысын күшейте түсуде, совет адамдарының елдегі, майдандағы тамаша ерліктерін сипаттауда Жәкеңнің бұл жырларының тарихи маңызы аса зор.

Мысалға «Ленинградтық өрендерім» деген жырын алайық. Бұл жырды Жәкең Ленинградтың халі аса бір ауыр шақта, сүйікті Ленин қаласы жаудың қоршауында қалған кезде шығарды. Осы кезде Жәкеңнің жырының күші қандай болғанын, Ленинград Жазушылар одағының председателі болған, Ленинградты қорғауда ерекше көзге түскен адамның бірі, орыстың белгілі ақыны Александр Прокофьев былай дейді:

«Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» деген жыры жарияланған кез Ленинградтың халінің аса бір ауыр шағы еді. Бұл шақта, немістің қоршауында қалған Ленинградта азық өте аз болды; күніне жұмыс істейтін адам 250 грамм, жай кісі 150 грамм нан алды; ет, май дегенді халық өте аз және өте сирек көрді, басқа азықты білген жоқ. Үйлерге жіберілетін су тоқтатылды, канализация істемеді, отын атымен болмады. Жау атқан снаряд пен бомбалардың салдарынан шынысы қирап, терезе біткен аңырайып ашық тұрды, электр жарығы да нашар жанды, тіпті қаладағы үйлердің көбінде болған жоқ. Қалаға жаудың оғы үздіксіз жауып тұрды

Осындай халде Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» деген жыры газеттерде жарияланды. Халықтың рухын көтеруде ерекше күші көрінген бұл жырды Ленинградтық радиосы күніне әлденеше рет оқып тұрды. Жыр үлкен әріппен басылып, көшелерде плакат

боп ілінді. Сол плакатты үймелесіп оқысып, көздерінен жастары сорғалаған талай адамдарды көрдім. Немістердің самолеттері төбеде ұшып бомба тастап жүргенде, бомбо убежищеге тығылудың орнына, Жамбылдың жыры басылған газетті алуға көшеде кезекте тұрған адамдарды талай көрдім.

Прокофьев жолдас сөзін аяқтай келіп, Жамбылдың бұл өлеңінің Ленинград халқын және оның жауынгерлерін жігерлендіруде өте зор қызмет атқарғанын айтады.

«Ленинградты қорғау» деген атпен шыққан қалың кітапта Жәкеңнің «Ленинградтық өрендерім» деген өлеңі көрнекті орын алды.

Ақынның Ұлы Отан соғысына арналған жырларының күші Жәкеңнің атына жүздеп-мыңдап келген хаттардан да байқалады.

Жәкеңнің жырына 1941 жылдың 13 сентябрь күні өлеңмен жауап қайтарған, армияға өзі тіленіп барған, Ленинградтық бірінші атқыштар полкының жауынгері, соғыстан бұрын Ленинград технологиялық институтының профессоры–Всеволод Зубганинов былай деп жазады:

«Ленинградтық сенің балаларың,
О, Жамбыл, мақтанышы Отанның.
Саған сәлем жолдайды
Соғыстың қорқыныш жылында.
Мен тіпті ақын емеспін.
Менде жоқ сөзге шеберлік,
Менің сөздерім көмескі жарқылы ғана
Сенің өлеңің маған қадірлі,
Себебі, ол жалған жарқылдауық емес,
Одан мен сеземін іздерін
Ойлы, ұйқысыз түндердің.

Зубганинов жолдас рас айтады: оның бұл сөзбе-сөз аударылған өлеңі шын мағынасындағы өлең емес, бұл үйлестіріп айтқан қарапайым сөздер; бұл сөздердің қасиеті – шын жүректен шыққандығы.

1940 жылдың бер жағында, төсекте отырып қалған Жәкеңнің көбірек сергітін уақыты сәскелік асын ішкеннен кейін болушы еді. Түскі астан кейін Жәкең ауырлап, кешке қарай жатып қалатын да, содан, келесі сәскеге дейін, өзін күтетіндерден басқаларды маңына жолатпайтын.

Мәлік Жәкеңнің үйіне күн бата жетті. Дағдылы күнде бұл Жәкеңнің жатып қалатын шағы.

Мәлік барса, Жәкең үлкен ағаш үйінің алдындағы көгалда, кілемнің үстінде отыр екен, қолында – домбырасы.

Сәлем берген Мәліктің қолын Жәкең ұстап тұрып, оның батырлық істерін естігені, көруге құмар болғаны туралы ұзақ жыр айтты.

– Мәлік келеді дегенді сіздер таңертең хабарладыңыздар ғой, – деді Жәкеңнің баласы Тезекбай бізге, – содан бері тәтем осы арада отыр. Үйде неге отырып қарсы алмайсыз? – десек. – Сөз бе екен сол? Бұрын батыр дегенді құлақ естіп, шіркін, соларды көрмеген екеміз деп өкінетін ек, сол батыр енді үйге келсе, оны үйде отырып қарсы алу кісілік бола ма? Әттең, не керек, шөгіп отырған күнім, әйтпесе, шауып алдынан шығар ем, – деді. «машина деген жүйрік тыз етіп келіп қап, қапы қалармын», – деп Жәкең ұзақты күнге үйге кірген жоқ, асты да далада ішіп, далада қалғыпты.

Амандықтан кейін Мәлікті үйіне кіргізіп, Жәкең оның күтіміне де ерекше көңіл бөлді, алдына бас тартты. Мәлік те, оның серіктері де кешкі астан кейін, ұйықтауға Жәкеңнің алма бағының ішіне жатқан едік. Оны Жәкең байқаған жоқ–ты.

Бақ ішінде Мәлікпен қатар ұйықтап жатсам, мені біреу оятады. Басымды көтерсем, ай жарық екен, оятқан колхоз бастығы Тұрап Мыржиев.

– Сізді Жәкең шақырады, – деді ол. Барсам, Жәкең өзінің ұйықтайтын бөлмесінде, шам жақтырып, төсекте киініп отыр екен.

– Оларың қалай, – деп ренжіді Жәкең, – жыланы бар жер бұл, қапыда жылан шақса қайтесіңдер батырды? Көрпесі ашылып қап, салқын тисе қайтесіңдер? Ай жарықта шыбын–шіркей болады, олар маза да бермей жатқан болар. Безгектің масасы бар десіп жүр ғой осы жақта, осылай маса шағып ауыртып алсаңдар, қайтесіңдер?.. Батырды үйге жатқызыңдар.

Мәлік үйге кеп жатты.

Панфиловшы 8–гвардиялық дивизияның даңқты қолбасшысының бірі, полковник Бауыржан Момышұлы үйіне қонаққа барғанда да, Жәкең Мәлікке жасаған құрметті көрсетті.

Жәкеңнің өз белінен алты ұл болған: Қожамберді, Қожаш, Аққұлы, Ізтілеу, Алғадай, Тезекбай, Бастапқы екеуі ертерек өліпті. Соңғы тірі төртеуінің екеуі – Ізтілеу мен Алғадай армия қатарына

алынды. Майданда Алғайдың көрсеткен ерліктерін айтып бөлім бастығы хат жазғанда, Жәкең аса қуанды. 1942 жылдың күзінде Алғадайдың өзі әкесіне хат жазып, ерлік қимылдармен таныстырады. Соған қайтарған жауабында Жәкең:

Хатыңды, балам, оқыдым,
Қалыңды білдім сапардан.
Қуанып саған отырмын,
Гвардеец атанған.
Сұраншы, Саурық секілді
Болыпсың, балам, қаһарман... –

деп ерлігіне сүйене отыра:

Есінде, балам, бар шығар,
Айтқаным Отан әмірін,
Шегінбе жаудан, жанды сал,
Шешілмек содан тағдырың! –

деп, баласына әлі де болса, рух бере түседі. Бұл жырын Жәкең:

Достарыңа сәлем айт!
Жауларыңды жеңіп қайт! –

деген тілекпен бітіреді.

Жәкең Алғадайды аса жақсы көріп: «Өзге балаларым–бір төбе, бұл–бір төбе» деп отыратын еді.

1943 жылдың жазында Жәкеңнің сол аса жақсы көретін ұлы Алғадайдың ерлікпен қазаға ұшырауы туралы хабар келді. Аулына барып, бұл хабарды Жәкеңе Қазақ ССР Жоғары Советі Президиумының Председателі бастаған комиссия естіртті.

– Әттең, дүние–ай! – деді ұзақ уақыт сазарып отырып қалған Жәкең, басын көтеріп, – бұл қайғыны қалай көтерем енді?

Қайғы Жәкеңе аса ауыр соқты. Алғадай майданға аттанғаннан 7 күн кейін әйелі Жәмеш босанып, ұл тауып, Жәкең оның атын Қуаныш қойған. Алғадайдың өліміне бүгіле қайғырған Жәкеңнің бір жұбанышы осы Қуаныш болды. Ол туралы Жәкең былай дейді:

Ал, Қуаныш, Қуаныш,
Сені етейін жұбаныш.
Алғадайым өлгелі
Боп кетіп ем жылағыш.
«Ата, ата»,–деп келсең
Айналайын, алайын.
Ақ бетіңнен өпкен соң.

Жүрегімді жамайын.

«Жамайын» дегенмен, Жәкеңнің қайғыдан жыртылған жүрегі жамалмады. Ол енді құлдырай қартайды. 1944 жылдан бастап, көзі көруден, құлағы естуден қалды. (Сол құлағы ғана әлсіз естіді), кісі сүйемей, төсектен басын көтере алмайтын болды. Ғали Орманов бір барғанда, сондай халде отырған Жәкең былай деп екі ауыз өлең айтыпты:

Сөндің бе, жарқыраған шам-шырағым?
Қалдың ба, тас бекініп, қос құлағым?
Жатсам да төсек тартып дәрменім жоқ,
Сен болып сөйлетесің жалғыз жағым.

Қалыппын ие болмай өзіме-өзім,
Әлім жоқ, күш-қайратты өтті кезім,
Балалар, өлгенімше асырай бер,
Сендерге сол-ақ айтар соңғы сөзім.

«Соңғы сөзім»-дегенмен, көңілі көтеріңкі минуттарында Жәкең қарап отырмай, бірлі-жарымды ауыз өлең айта берді. Оның ең соңғы көлемді жыры фашистік Германияның біржола қирап жеңілген 9 май күні шығарылды. Бұл хабарға қуанған жұртқа ұзақ жыр айтып, жырды: «Енді өлсем де арман жоқ», – деп аяқтапты. Бұл жырды жазып алар кісі болмағандықтан, сақталмаған.

Жәкең жеңіс тойынан кейін ұзақ жасамадым: 1945 жылдың 15 июнь күні сырқаттанып, аулынан Алматыдағы қазіргі Министрлер Советінің ауруханасына кеп түсіп, 22 июнь күні, таңертең дүниемен біржола қоштасты.

Көп тілді, бір мазмұнды совет әдебиеті, Жәкеңнің өлімін түгел азалады. Қазақстан Жазушылар одағының атына СССР, Украина, Белоруссия, Латвия, Литва, Ленинград, Өзбекстан, Қырғызстан, Грузия, Тәжікстан, Татарстан, Дағыстан, Карело – Фин тағы басқа совет елдерінен жүздеген көңіл айту телеграммалар келді. Ардақты алып ақынның өліміне бүкіл Совет Одағы түгел қайғырды.

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ

ФЕНОМЕН-ФЕНИКС

Ұлы Абайдың құрдасы, көзі тірісінде Гомер атанған алып ақын атамыз Жамбыл дүниеге екі рет туып келген адам: тоғыз ай, тоғыз күнде ана құрсағынан туды, тоқсан жасқа келгенде заман құрсағынан тағы бір туды.

Анада алалық жоқ, қай баласын болса да мерзімді күні жарық дүниеге әкеледі. Қазақтың Гомерін туғызу үшін заман тоқсан жыл толғатты.

Көне грек Гомерінің қайда туғанына осы күнге дейін жеті шаһар таласады. Қай елден туғаны да осы күнге дейін даулы, қазақ Гомерінің туған елі – Ұлы жүз + Екей. Туған топырағы – Жамбыл тауының баурайы. Болашақ ақынға сол таудың атын қойған. Мүмкін, әкесі Жабайға – балам таудай биік, тастай берік, бұлақты, жылғалы, қыс ықтасына болсын, жаз көлеңкелі саясы болсын деген ой келген шығар. Ол арманы қате кеткен жоқ.

Гомер анадан туды ма, ол әлі таласта, қазақ Гомерінің әкешесі де мәлім. Бірінші туғанда ана бесігінде өсті, екінші туғанда Отан бесігінде өсті. Тоқсан мен жүз жастың арасындағы он жылда ұлы Жамбыл Гомер атанды. Оны Гомер атандырған сол Отанның дүние тіршілігін азаттық, теңдік бақыт арнасына түсіруге арналған ұлы істері еді. Жәкең осыны жырлап Гомер атанды.

Ақын Жамбылдың екі рет туғаны да, түрлі заманда жасағаны да, өмірінің ең соңғы он жылында бүкіл дүние таныған атақ алуы да – Феномен. Сирек кездесетін, себебін осы күнге дейін ғылым таба алмай қойған сыр. Әсіресе тоқсан жас пен жүздің арасындағы он жылда ақындық дарынын бұрынғысына қарағанда еселеп шарықтап кетуі дүние жүзілік даналардың өмірінен де кездескен емес.

Көбіміз алпысқа толғанда пенсияға көшіп, жетпіске толғанда өмір шекарасының құламасында тұрғандай сезінсек, ұлы Жамбылдың даусы тоқсан жасында шырқап кетті. Бұл жасқа дейін көтерілмеген биігіне көтерілді. Ұлы Отан соғысының тұсында көп ұлтты совет поэзиясында Жамбылдан жоғары көтерілген ақын болған жоқ. Жамбыл даусы күркіреп шықты. Жамбыл сөздері

жоғары командованиенің әмірімен қатар Смольныйдың қабырғасына ілінді. Бұл кезде Жамбыл жүзге таяп қалған еді. Ең алдымен жете түсінер, жете түсіндірер, сыры терең Феномен осы!

Жамбыл өмірге жымия қарап, сынап өскен ақын еді. Оның ойлы көздерінің түбінде қашанда бір сықақ ұшқыны тұратын. Әлденені түсіндіре бастасаң «Мені бір алжуға айналған шал деп отырасың-ау!» дегісі келгендей, мұрт астынан миығы жымия бастағанын сезуші едің. Айта бастағаныңды іліп әкетіп, өлеңмен өзіңе қайта айтқанда ақын жүрегінің ыстық жалынына, ой-сезімінің тереңдігіне таң қалатынсың.

Ұлы Октябрь революциясынан бұрынғы жетпіс жылдық өмірінде қазақ халқының тіршілігі оған бір ұйқас-үйлесімі келмей, ойды бұлдыратып тұрған өлеңдей сезілетін сияқты. Ақындармен айтысқанда, әр елдің ішкі-сыртқы тарпаңдығын сынағанда Жәкен осы жағын жаныштай сөйлейді. Ол бір қисыны қашқан, өз дәстүрінен түзеле алмайтын, өзіндік күш-жігері сарқылып, сал-бөкселенген, «қайран жиырма бес!» деп артта қалған дәуірін көксейтін өмір еді ғой!

Таңқаларлық бір нәрсе – өзімен тұстас ақындардың бірінде азырақ торығу болса, Жәкенде ол жоқ. Түн артында күн барына шектенген емес. Қылыш астында, қыл арқан мойында тұрғанда айта алмаған, іркіп қалған сөздері болса қорлана берген, шыңдала берген. Ұлы революция ақынның барлық тұсауына талқандап, тас бұғаудан біржола босатқанда ағыл-тегіл жыр да жосылып жүре берді. Ғылым аша алмай келген Феномен сырының кілті осында. Феномен сыры ашылады екен.

Ұлы Абай он тоғызыншы ғасырдың ақыны. Оның құрдасы Жамбыл жиырмасыншы ғасырдың ақыны, әсіресе өмірінің соңғы он жылының ақыны. Абай қазақ халқының поэзиясын, тілін, жан-жақты көркем өнерін оң жолға түсірген, тарихи еңбегі бар асқан дана, ұлы ұстаз, қазақ халқының ойын өсіру, сезімін тереңдету, арнамыс, адамгершілік қасиеттерін шыңдау осы ұстазымыздың қолынан өтті. Қазақ ақын-жазушыларының ана сүті мен қанына тараған деп атарлық тәрбиесі Абайдан келеді. Жамбыл болса, ол жаңарған дүниенің, социалистік өмірдің жыршысы. Отан деген–ұлы сөз. Оның айнымас, бұлжымас ірге тасы ұлттар достығында. Ондаған ғасырлар бойында орнына қозғалмаған ескілік үйіндісі мәңгілік бас иер мұраң емес, сорың. Адам баласына социализм деген бақыт келді, фашизм деген жау келді. Ақын даусы «қорған!»

дегенде де, «аттан!» дегенде де дүниені жаңғырықтыру керек. Жәкең даусы осылай шықты. Бір ғана сыр жасаған ақын даусы қарлықпастан кетті. Қызарған, бұлдыраған кәрі көз дүние аударыспаған түгел көріп отыратын сияқты еді.

Ақын болсаң қыздырып айт, қызықтырып айт, жылатып айт, күлдіріп айт, күйдіріп айт! Жел ессін, дария шайқалсын, ой аунақшысын! Қанжардай қадал, оқтай ат, ескілік дүниесі қансырап қалсын!

Бүгжеңдеме, бұқпантайлама, заман жастарын бұқтырмай өсір, арқаланып өссін. Теңдікке еншілес–бірлікке де еншілес, ерлікке де еншілес- елдікке де еншілес. Жәкең жырларының рухы осында ғой.

Жәкеңнің екінші рет дүниеге келгені 1934 жыл. Сол жылы, жаздыгүні ақындардың бірінші рет үлкен жиыны болды. Басында тозығы жеткен киіз қалпақ, үстінде ақ көйлек, ақ іш киім, жалаң аяғында резеңке галош, көк есекке мінген кәрі шал- Жәкең келді.

Ауылға шауып кіретін, ауылдан шыға бере шаба жөнелетін, өнім-өндірісте жұмысы жоқ жалған белсенділер Жәкеңді де біраз жүндеген екен. Көк есегін театр ауласының түкпіріне байлап, жауырынды келген қызыл көз, еңгек шал жиынға кірді.

Жиынға Жәкеңнен басқа үлкен бір топ халық ақындары да келген, бірәзі-Орынбай, Шашубай, Доскей Қуат, Кенен, Қазанғап, Қалқа, атақты Ыбырай ақынның жиені Тайжан, Молдақмет сияқты қу мүйіздер, басқалары Нартай, Нұрлыбек, Үмбетәлі, Иса сияқты топ жарған дарынды жастау ақындар.

Жәкең сол жиыннан аруақтанып, рухтанып қайтты. Ақын сөзіне үлкен құрмет-қошемет бар екен. Пратиямыз бен Совет үкіметі әр халықтың бойындағы ақындық күшін жоғары бағалайды екен. Көркем сөз, көркем өнер дегендеріңіз қай елдің болса да бойында қайрат-жігерінің, ой-сезімінің айнасы сияқты көрінеді екен. Ықтай сөйлер, имене берер заман емес, көкірегіңді кере сөйлер, құлаштай серпер заман. Айта алмаған, іркіп қалған, қорлана берген, өткен заманға қимаған сөзің болса айтар кез, айта алар кез. Сөз асылын дүниеге таратар сара жолдар да көбейген.

Осы сапарынан кейін Жәкең жер құртындай жыбырлаған көк есекке мінген жоқ, күшпек санды күренге мінді. Жәкеңе ғана жарасар қонымды жылқы еді. Есек мініп жүріп әлемге айқай салу ерсі болар еді. Қазақ ақыны ат үсінде туған ғой. Ақын мен ат, ат пен айқай бірге жаралған. Жарасымды жаралған. Ат үстіндегі Жәкең даусы Алатауымен бірге жаңғырығы шықты. Әлем құлағы

жатсырамай тыңдады. Тоқсанға келген қарт Жәкеңнің қайта туып, қайта жасаған соңғы он жылы осылай басталды. Мұны Феномен демеске болмаса керек.

Жәкеңнің тоқсан жасында қайта туғаны Феномен болса, ақындығының қайта шырқап кеткендігін Феникс арқылы түсінуге болады.

Феникс – құс. Ол – адам ой-сезімінің, барлық асылының, даналығы мен адамгершілігінің мұрагері сияқты. Мыңдаған жандар жасай береді. Өле қалса өртеп, күлін отқа салсаң қайта тіріліп тұра келеді. Өткен өмірін ұмытпайды. Дүниеде қандай асыл ойлар, білім иелері, әділет иелері болды, көркемдік қазыналары болды, бәрі есінде. Екінші тілмен айтқанда Феникс адамзаттың өзінің есі деп едім.

Вавилон патшасының қызы Фармазонта асқан сұлу екен. Сұлулық тәңірі Афродитаның Венера – Шолпан бейнесін Пракситель сол Фармазонтаның суретіне, тас мүсіндеріне қарап отырып жасаған, бірақ анағұрлым солғын шығарған... Сұлулықпен сұлулықты бейнелеуге болған емес...

Бір кезде Фармазонтаның қолына жиырма жеті мың тоғыз жүз жыл және алты ай жасаған Феникс түседі. Ой-сезімінің, даналықтың, әділеттің ажалы қашан да олақ қолдан келмек. Феникс садақ тарта білмейтін Мысыр патшасының оғына ұшырап өледі. Фармазонта Фениксті өртеп, күлін отқа салған екен. Феникс қайта жаралып тұра келеді.

– Екінші рет туғанға қанша таңдансаң, бірінші рет туғанға да сонша таңдану керек... Дүние болмысы туып, өзгеріп, қайта туғанға толы емес пе: – дейді екен Феникс.

Шынында да ең таңданарлық нәрсе ненің болса да бірінші рет туғаны болу керек. Оның екінші қайталануына жол ашылды емес пе?

Заманалар ауыспағы, жиһангерлер жорықтары талай елдердің тағдырына жосыған із қалдырып отырады. Тозығы жеткен заман апатқа ұшырағанда талай елдің қымбаттысы мен қасиеттісін астына ала құлайды, топырақ астына, күл астына көме құлайды: грек мраморы, Мысыр жазуы, Александрия кітапханасы, көне түрік әліппесі, тағы-тағылар. Бірақ көмген мен көмілгендік біржола өлгендік, өшкендік емес. Жер бетінде ой зираты, даналық зираты жоқ еш жерде. Қай заманда туса да асыл ой өлген емес. поэзия

өлген емес. Ой мен өлең балаң, балғын кезеңнен өтіп піскен кезде айналасына ұрығын шашады. Ол ұрықтар ойдан ойға қонып, жетіле түсіп, алдағы белдерден асып кете бермек. Тамыр жайып тарай бермек. Сөзге өлім жоқ. Сөз арқылы тараған ойға өлім жоқ. Оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізер адамның өзінің есі. Соның аты-Феникс, ақындар қойған ат...

Қазақ ақындығының да талай шаң-боранның астында, талай қырғын астында сөніп кеткен кезі бар. Бірақ оның да жер астында қалған тас көмірдей қызынары бар, тұтанары бар, бір кезде қайта тұтанбақ. Өйткені өлең де адамның есінде сақталады.

Жамбыл жырлары маған талай ғасырлар бойында бір тұтанып, бір сөніп, халқымыздың есінде қала берген, тоқсанға келген ақынның жүрегінде қайта тірілген, халқымыздың жыры, өзінің сыры сияқты елестейді. Сондықтан да мақаланың аты «Феномен-Феникс» қойылды.

ТАЙЫР ЖАРОКОВ

ДАРЫН ТАБИҒАТЫ

1928 жылдың август айы. Жадыраған жаздың жайлы күні еді. Алматыға оқуға келе жатқан бетіміз. Ол кезде Түрксіб әлі салынбаған. Фрунзеден Алматыға жету үшін Луговойға соғып, шиқылдаған арбамен әбден зерігіп, шаршап келеміз. Әйтеуір Қордайдан асып Қастекке құладық-ау! Қарақастекке төртінші қоналқада әрең жеттік. Әбден шаршап-шалдығыппыз. Дем алуға келістік. Серігіп көңілденіп қалдық. Жолдың екі жағындағы ағаштарға, егіндіктерге, тау бөктеріне сүйсіне қарап әңгіме шертеміз. Алыстан қарлы шыңдар көз тартады.

Кенет ауыл жақтан шырқалған ән, күмбірлеген күй естілді. Жодастарым да, мен де елеңдесіп, киіз үйге қарай тұра жөнелдік. Әнге бола ел жиылып қалған екен, киіз үйге біз де кіріп келдік. Торғын кілем үстінде домбыра ұстаған алты-жеті ақын қатар отыр. Бәрі де егде кісілер көрінеді. Олар кезектесіп домбыра тартып, ән салады. Сығылысып тұрған біздер ақындарға ынтыға қараймыз.

«Ағайындар, мына кісілер біздің Жетісудың ақындары», - деп таныстырды тыңдаушылардың бірі. Үй иесі бізге ықыласпен орын

көрсетті. Біз отырдық. Сол кезде қарттың бірі домбыраны қолға алып шертіп-шертіп жіберді де, өзінің өлеңін ағыза жөнелді. Ол өте қуақы, қағылез қарт еді. Орта бойлы, кең иықты, жарқылдаған ақ көңіл жан тыңдаушыларды бірден өзіне ынтықтырып, үйіріп әкетті. Шап-шағын киіз үйде шаттық күлкі тасқан еді. Жұрт серпіле түсті. Ал ол басындағы барқыт тақиясын шекесіне қарай қозғап қойып, тамаша өлең жолдарын тыңнан туғызып тыңдаушысын мәз етіп отырды.

«Көп жаса, Жамбыл!» – «Тағы, Жәке, тағы!» – деп айғайлайды көпшілік, алғысы мен тілегін қоса жаудырып.

Бұл менің Жамбылмен алғашқы кездесуім болатын. Ол кезде мен даңқты ақынның ең жақын, әрі айрылмас серіктерінің бірі болармын деп ойлағаным да жоқ еді. Жамбыл не туралы жырлап еді? Ол Октябрь күні туғызған қазақ халқының бақытты өмірі туралы жырлаған болатын. Өлеңнің сөздерін сақтай алмағаным қандай өкінішті. Тек қана ойымда сол өлеңнің жалпы желісі, мазмұны ғана қалыпты.

Жамбыл өленді көп айтты. Оның тамаша сөздеріне еліккен жұрт ақынмен бірге шаттанып, бірге қуанысып отырды.

1937 жылдың күзінде біз Москваға бара жаттық. Жәкен поездың үстінде, доңғалақтың бір қалыпты тықылдағын тыңдай отырып, әңгімесін жол-жөнекей шерте берді: «Мен 1846 жылы Шу өзенінің маңындағы Жамбыл деген таудың етегінде қарлы қыста, қақаған аязда туыппын. Төбесінде жамбы тектес тасы болғандықтан тау аты Жамбы аталып кеткен екен. Ол Жамбы ертеде аса қадірлі қонаққа сыйға тартылыпты. Немесе жарыста озып келген аттың бәйгесіне тігіпті, әлде жеңген палуан алыпты, немесе айтыста озған ақынға беріліпті деген аңыздар бар. Әйтеуір ата-анам сол таудың атымен мені Жамбыл атап кетіпті».

Одан соң ақын өзінің молдадан қалай оқығанын еске түсірді: «Шынымды айтсам, мен оның не айтып отырғанын түсінбеуші едім. Ол әсіресе арап әрпін түсіндіруге жоқ еді. Қалай оқын одан,- деп сөзін жалғастырды Жамбыл, – жас шағымда оқығым келмеген, қайтейін, қашып кеттім!»

Бұл әңгіме Жамбылдың барлық өмірбаянына кіріп жүр. Ақын өзінің жас шағында шығарған «Шағым» атты өлеңінде молданың қаталдығын, оған зығырданы қайнап, өзінің оқудан кетіп қалғанын көз алдына келтіре өлеңге қосты.

Жамбыл жас кезінде айтқан өлеңдерін де ауық-ауық еске алып қайталайтын. Сондай ескі өлеңдерінің ішінде де сүйіп айтатын туындылары бар еді. Мысалы, Жәкеңнің Айкүміс сұлумен кездесуіндегі айтысы осындай тамаша шығармаларының бірі еді. Жамбыл өзінің айтыстарын қайта еске түсіріп, кейде қой соңында қоңырлатып айтып жүретін, кейде жиын кештерде, алқалы тойларда орындайтын.

Жамбыл бастан кешкен оқиғаларды да жиі-жиі еске алып отыратын. Ақындармен кездесулерін, алған соны әсерлерін айтқанда сергіп қалатын. Жәкең 1940 жылы апрельде Москвада өткен Совет Жазушылар Одағы басқармасының пленумына қатысты. Қадірлі қарт «Москва» қонақ үйіне орналастырылған еді. Оған жазушылар, қоғам қайраткерлері, жұмысшылар, Одақтас республикалардың көптеген өкілдері келіп, кетіп жатты. Бір күні қонақтармен сөйлесіп отырғанда Жамбыл өткен күндерін, Октябрьге дейінгі өмірін өкінішпен еске алды. Ақынның қолында домбырасы. Әңгіменің аяғы өлеңге кеп сайды. Ол жастық, балалық шағын бұрын өлеңмен жырламайтын. Домбырасын қағып-қағып жіберіп «Шағымнан» мүлде басқа, жаңаша, өткен күндер туралы тың жырын төгіп-төгіп жіберді.

Жамбыл естеліктері өзінің жаңалығымен, өткірлігімен құнды. Оның өлең туындылары, әр жерде суырып салып айтқан жырлары да өте бағалы. Хат танымайтын, бірақ оқығанынан тоқығаны көп, тәжірибесі мол, ақылды қарт ақын Жамбыл көпті білетін. Біздің елімізде, шет елдерде не болып жатқанына құлағын тігіп естіп отыратын. Өз заманының, уақыттың дүрмегінен қалмайтын.

Жамбыл өзінің жырларын қалай шығарған? Бұл мәселеге жауап беру, атап айтқанда, өлеңді, жырды суырып салып айту процесін, өлеңнің ойдан туып жариялануына дейінгі жолын қамтиды. Жамбыл оқырмандары қолына қалам алмаған ақынның өлең өнерін қалай меңгеріп, қалай туғызғанын білгісі келеді.

Ол былай. Жамбыл өлеңді домбыраға қосып шығаратын. Кейде жазып үлгіре алмағанды жаратпай да қалатын. Ол жазып алғаныңды оқуды өтінеді, тіпті талап етеді. Кейде Жамбылға жазғаның жақпайды. Ол келіспеген жолдарды қайта айтып кетеді. Артынан жөнделген нұсқаны қайта оқуды сұрайды, тағы да жақсарту қажет пе деп ақылдасады. Егер кемшілігін айта қоймасаң, ойлы қалыппен бетіне қарап аз отырып, сұраулы көзқараспен: «Маған сене берме, ұялма, былай емес олай деп айт. Мен қараңғы

адаммын, ғалым емеспін, сенің жазуыңды да танымаймын. Егер бірдемесі келіспесе, дәл сол жерін жөндеп жібер! «Жамбыл жырлай білмейді, Жамбыл-жаман ақын» деп ертең халық айтады. Ал мендей қартқа жалған сөз жараспайды. Өлең өтірікті жаратпайды. Бұл ақынға оңай соқпағанмен, менің халқым өлеңшіл, жыршыл халық болғандықтан өзім де өлең айтып жыр шығаруға әуестендім. Ал өлеңді жаман шығарсаң – оныңды халық кешпейді, – бәрін өзіңнен көре бер!..» – дейтін.

Біз Шота Руставелидің 750 жылдығын тойлау үшін Тбилисиге бардық. Вагон ішінің қапырығы Жәкенді шаршатты. Ол күйсіз, өлеңсіз зерігіп кететін еді. Тіпті кейде өзі домбырасының қос шегін қағып-қағып жіберетін. Бізбен бірге келе жатқан Кенен Әзірбаевтан өлең айтуды қолқалайды. Кейде маған Грузия туралы сөйле, өлең оқы дейді. Біз оның талабын екі етпей орындаймыз. Ән өлеңге, өлең ән мен күйге ауысады. Ақынды вагонда нағыз творчестволық өмірге бөлеп бардық. Бұл оның ақындық шабытын қозғап, ой туғызды, сезіміне әсер етті, образ жасап, жыр шығаруына себін тигізді. Қарттың салалы саусақтары домбыра шегін бойлап, билей жөнелді. Ол жырлады. Мен жазуға отырдым. Жайшылықтағыдай жазбаны бірнеше рет оқуға тура келді. Жамбыл түзетуді талап етті. Ақырында ол қанағаттанды да, өлең «Кавказға сәлем» аталсын деді. Сапарлас Павел Кузнецов оны орыс тіліне аударды. Біз Тбилисиге келгеннің ертеңінде-ақ бірнеше газеттің бетіне әр тілде жарияланды.

«Кавказға сәлем» атты өлеңін Отанды мақтан ете, көңіл көкжиегін ашқан кеңістік жағдайында, қуаныш тасқынында қайта жырлады.

Жамбылдың суырып салып айтуы үшін, жаңа өлең туғызуы үшін творчестволық көтермелеу керек еді. Демеусіз ол жырламайтын. Оның көптеген өлеңдері осылай туған. Ақынның ойын қозғап, шабытын шақыру ұзақ толғатуды қажет ететін. Мұндай өлеңдері Бүкілодақтық маңыз алатын. «Жақсы өлең бірден туа салмайды» дейтін Жәкең.

Біздің елімізде сөз өнері-өлең қалай бағаланатындығын көріп біліп, сезіп отырмыз. Жамбыл жазушылармен, халық композиторларымен ақындармен кездесудің жолын қарастырды. Мұндай кездесулер кезінде халық творчасы және әдебиеті, көрнекті ақындар, ашугтер, музыканттар, аты біздің еліміздің

халықтарының мақтанышына айналған адамдар туралы кеңесумен болады. Ақынның Пушкин мен Абай туралы, Горький мен Шевченко туралы шығармалары осындай кеңестер нәтижесінде туған. Атап айтқанда, мысалы Пушкин туралы өлең туардағы біздің Жамбылмен кездесуіміз менің көз алдымда әлі тұр.

Бұл 1937 жылы болған еді. Еліміз Пушкиннің қайтыс болуының 100 жылдығын атап өтпек. Москвада, Жазушылар одағы Жамбылдың Пушкин туралы өлеңін күтті. Қалай болар екен? Қартқа бұл туралы тікелей емеурін білдіру керек пе? Тақырыпты меңгерсе жақсы, жырлай алмас ше? Қалайда оған тақырыпта ептеп сездіріп, дем беру керек. Маған Пушкинге қоса Абайды айта келіп, алдымен Абайдың «Евгений Онегинді» аударғанын еске салайын деген ой келе қалды. Сөйттім.

Жамбыл бірден:

– Иә, Абай шын мәнісіндегі талантты ақын ғой, мен оны текке мақтаныш етпеймін, – деді.

– Сіз білесіз бе, Жәке? Ол Пушкинді аударған ғой, – дедім.

– Қалай, қайтіп аударған?

Әңгіменің тақырыбы бірте-бірте басқа бағытқа көшті. Біз Пушкин туралы айта бастадық. Мен оған ақынның өмірі туралы әңгімеледім. Жамбыл: «Пушкин біздің қазақтың батырлық жырларын білген бе?» – деп сұрады. Сөйтіп, мен оған Пушкиннің Орынбор қаласына келген сапарын айтып бердім.

Біз «Руслан мен Людмила» туралы да көп әңгіме қозғадық. Сонымен қатар Пушкин халық творчествосына қалай қарағанын сөз еттік. «Руслан мен Людмиладан» үзінді де оқылды. Жамбыл аса зер салып ынталана тыңдап отырды. Өзіне ұнаған жерлерін қайта оқытып, естіді.

Әңгіменің соңы Пушкиннің жер аударылып Кавказға барғанына көшті. Оның қазақшаға аударылған «Еркіндік», «Сібірге хат» атты өлеңдері және «Кавказ тұтқынынан» үзінділер оқып бердім. «Цыгандар» туралы да айтылды. Жамбылға жайылып жүрген жылқылар, цыгандардың жыртық шатырлары, тау мекендеген қарттар, Кавказ табиғатының суреттері жақын тартқан тәрізді.

Әңгіме бірнеше сағатқа созылды. Біз біраз үнсіздіктен кейін Жамбылға ашыла сөз бастадық. «Жақында Москвада Пушкинге арналған мерекелі жиналыс болады. Жәке, біз ақындары,

жазушылар Пушкинге өзіміздің құрметімізді ала барамыз. Сіз қалай қарайсыз, ақсақал, Москваға алдын ала өлең жіберу керек, олар күтіп отыр ғой!» – дедім.

Жамбыл қанаттанып, қомданып, енді Пушкин жайлы сөзді өзі ағыта бастады. Біз сөз еткен мәселелерге өз үнін қоса келіп: «Мен енді оны білемін, оған арнап өлең шығаруым керек»- деді сөзінің соңында.

Мен қарттың мұнысына қатты қуанып қалдым. «Өте жақсы, Жәке! Көріп отырсыз ғой, сіздің өлеңіңіз аса қажет, әрі сіздей жұрт таныған ақынның Пушкинді жырлауы ләзім», – дедім. Жамбыл өлең жайында уәдесін берді, мен бірнеше күннен кейін келмек болып аттанып кеттім.

Бізбен, жазушылармен Жамбылдың ұзақ әңгімелері нәтижесінде, замандастар туралы көптеген қызықты жырлар туды. Мысалы, «Ленинградтық өрендерім» атты жырдың қалай шығарылғанын айтайын:

1942 жылдың қаһарлы қысында, Жамбылдың үйіне акын Тарловскийді ертіп бардым. Күн батып, қас қарайған шақ еді. Ленинградтың қоршауда қалғаны жайындағы хабарды естіп, Жәкеңнің қатты қобалжығанын аңғардым. Оның үстіне Сталинград түбінде шайқасқа қатысып жүрген ұлы Алғадайдан хат-хабар келмей, қайғырып отырған кезі екен.

Мен сұм соғыстың алыс тылдағы бізге де дүмпуі жеткенін айта бастадым. «Енді біз бұрынғы бейбітшілік жағдайындағыдай өмір сүрмейміз. Соғысты құртпай тыныштық жоқ. Жәке, әлі-ақ атакты күрең жорғаң бәйгіден озып келер», – дедім. Сөйтіп көкейдегі негізгі тақырыпқа, қоршаудағы Ленинград жайына ауыстым.

«Жәке, – дедім сөз бастап, – Ленинградта «Аврора» атты кеме бар. Ұлы Октябрь революциясы басталғанда сол зеңбірек гүрсілі дүниеге тұңғыш рет естілген». Одан соң ленинградтықтарға қандай қиындық төніп отырғанын айттым. «Олар сіздің балаңыз, Жәке, олар сіздің үніңізді, сүйемеліңізді күтіп отыр. Мен өзім де өлең шығарар едім, бәрібір ештеңе өнбейді» – дедім Жамбылға сөзімді қорытып.

Ол үндемеді. Үнсіз терең ойға батқандай, басын көтерді, біз бір-бірімізге қарастық, үйге қарай бет алдық. Үйге кіре Жәкең дем алып ұйықтап кетті. Бір сағаттай мызғыған соң оянды. Келіні шай әзірледі. Мен басқа бөлмеден қартқа сездірмей қарап, бақылап

отырмын. Жырлар ма екен? Сол шақта Жамбылдың жырлар-жырламасын айту қиын еді. Шай іше отырып, ол менен бұл өлеңді: «Павел Кузнецов аударар ма екен? Айтпақшы ол қай майданда еді?» — деп сұрады... Сонда ғана үміттің оты жылт еткендей болды. Қажет болса оның орнына Тарловский бар ғой дедім мен. Біз келгендегі мақсатымызды қартқа әлі ашық айтқан жоқ едік. Егер Жамбыл тартылатын болса, онда біз мұнда несіне келдік.

Шай іштік. Ленинград жайында тағы да сөз қозғадым. Өзім болған, оқыған сол қаладағы жылдарды жадыма түсіріп, әңгімелеп бердім. Қолыма домбыра алдым. Ленинград туралы, оның сұлулығы жайында, революциядағы оның ролі хақында, қорғаныс кезінде де жасап отырған ерлігі мен табандылығы туралы жырлауға құлшынғандаймын. «Иә, сен қаланы білесің, сонда тұрдың ғой?» — деді Жамбыл маған қарап, шабыттанған Жамбылдың жырлағысы келіп отырғанын сезе қойдым да домбырасын ұстата бердім. Жыр төгіле жөнелді... Қарындаш пен қағаз алып жазуға дайындалдым. Жазып жатырмын. Жамбыл жайшылықтағыдай жазғанымды қайта оқытты. «Ондай емес» деп, қайта жырлап толықтырып түзетті. Сөйтіп, біз сәскеден кешке дейін жұмыс істедік. Жамбыл өзінің өлеңіне разы болды. Қалып бара жатқан ойларды өлеңіне қайта қосты. Сонда ғана мен неге келгеніміз жайында айтуға бекіндім. Москвадан телеграмма алғанымызды, онда Ленинград жайында жазылған Жәкеңнің жаңа өлеңін жіберу керектігін айтылғанын түсіндірдік.

Әрине, Жәкең бұған қарсы болған жоқ, тіпті бұл өтінішке қатты қуанды, әрі мақтаныш етті. Сайып келгенде ақынның өлең шығаруына, жырлауына уақыт қажет екен, дем беріп шабыттандыруды тілейді екен, азды-көпті әзірлік керек болатын көрінеді. Біз телеграмма жаза бастадық. Кім біледі оларды қуанышқа бөлей алар ма, жоқ па? Алайда бәрі де ойдағыдай болды.

Өлеңді Тарловский аударды. Ертеңінде ертемен «Ленинградтық өрендерім» Москваға жіберілді.

Қарт ақынның аталы сөзін, өсиетін «Ленинградты қорғаушыларға» деген үндеу өлеңін газеттер мен радио біздің кең-байтақ ұлы Отанымыздың түкпір-түкпіріне таратып әкетті. Ленинградтықтар да түгел естіп тыңдады. Соңынан плакаттарға басып, қаланың қабырғаларына ілінгенін білдік. Майдан газеттеріне басылды. Қорғаушылар жанында сақтап оқыды. Жамбыл ақынның жалынды сөзі біздің Отанымыздың

халықтарының күшіне, жеңісіне деген сенімді, тамаша табандылықты олардың жүрегіне құя білді.

Суырып салма ақынның бейбітшілік және соғыс жайындағы шабытты өлеңдері, міне, осылай туған еді.

ПАВЕЛ КУЗНЕЦОВ

ҰЗАҚ ӨМІР САПАРЫ

...Екейден шыққан Аронұлы Сүйімбай Ұлы жүзде теңдесі жоқ ақын саналатын. Оны айтысып та ешкім жеңіп көрмеген десетін. Ақын Сүйімбай оның үстіне қоңсылас рулармен арасындағы небір қиын дауға төрелік айтып, ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен ақылгөй адам. Тау өзенінің толқыны қанкөбелек ойнатқан қаусаған қайық тәрізді осынау шытырман өмірдің асау ағынында ғұмыры өтіп барады оның. Байларды ақылмен, күштіні нақылмен жеңіп, сұмдарды ақиқатпен тежейтін. Бірақ қария өз малы мен жайлымының жайын да ұмытқан емес. Жақын-жаранның қамын жеген Сүйімбай өз пайдасына да жетік болатын.

Бұл күнде оның шашы буырыл тартқан, кең жазық мандайын тіліп өткен терең әжімдер көзге ұрады. Аясы мол, әлі күнге жанары таймаған көзінде өткір от бар.

Ұзынағаш аңғарында күллі елдің басын қосып болған соң, жер дауынан қажыған қарт ақын өз жайлауында демалып жатқан. Соңғы кезде айтысты сиретіп, өзімен-өзі оңаша қалып, ой толғап, көңіл тереңінен жыр тербеген жайы бар.

Бімырт үйіріле, үй іші қараңғы тартты. Тоя жеген кешкі астан кейін құс жастыққа жантайған Сүйімбай тұз даланың тыныштығына елтіп, ойға шомулы. Көзі жұмулы болғанмен ақын ояу-тын. Тұңғиық аспан төрінде оянған жұлдыздар ашық тұрған түңліктен жымың қағады. Үй сыртында сылдыр қаққан бұлақ үнінен жаны сергіп, көкірек сарайы ашыла түскендей.

Алыстан талап жеткен қобыз үні шалынды ақын құлағына. Сүйімбай сәл көтеріліп, шынтақтап жатып құлағын тосты. Нәзік мұңды әуен бірте-бірте айқын естіліп, жақындай түсті. Оған қосыла шырқаған қыз дауысына ұқсас балғын үн енді дәл үй жанынан естілді.

Өлеңім келді жол шегіп,
Осынау елге алыстан.
Түн болды, үйге ен дейтін
Табылмай тұр таныс жан.
Ардақты үйдің иесі,
Рұқсат ет кіруге,
Бата бітіп үніне
Көңілін тапсын елімнің.
Жар бол да өзің жәрдем ет,
Жібер мені бір демеп.

Таң-тамаша болған Сүйімбай орнынан көтеріліп, бәйбішесіне шам жақ деді де, есіктен дауыстап:

– Қош келдің, бозторғайдай әнші құсым! Сүйімбай құшақ жайып қарсы алады сені әманда! Кел, келе ғой, қарағым! Көзің отты, түлеп ұшар мұзбалақ болармысың әлде...

– Қош келдің, қарағым, төрлет! – деді Сүйімбай аңырап тұрып қалған Жамбылдың құшақ жайып қарсы алып, қасына отырғызып жатып.

– Сенің өлеңінде от бар, ал қобызыңның үнінен шамырқанған шабыт серпінін байқадым. Жырыңа лайық тартуымды ал, қарағым!

Сүйімбайдың бәйбішесі шәйі шапанды Жамбылдың алдына әкеп қойды.

Баланың жүрегі лүпілдеп қоя берді. Осы сәтте ол көрген қорлығы мен зорлығын, көкейінде жүрген көп сырын, аңсаған арманын ағынан жарылып, Сүйімбайға ақтарғысы келді. Бірақ тіс жарып, тіл қатуға дәрмені жоқ, шексіз ризашылығы, алып ұшқан көңіл күйі жалтылдаған үлкен қара көзінен ғана сезіліп тұр. Сүйімбай да мұны айтпай ұқты.

– Ақындық жолға түскен адам, – деді ол Жамбылға қарап, – алақанына су толтырып алып, жапан тұзде шөлден қаталап өлгелі жатқан сорлыны құтқару үшін ұзақ сапарға аттанған көзсіз ерге ұқсайды. Айналайын, сен осы қиын сапарға шығуға бел буғанда кімнен бата алып едің?

Жамбыл тосылып тұрып қалды. Судай тасыған көңілі су сепкендей басылды. Көз алды тұманданып кетті.

– Сүйеке, әкем өленді жек көреді. Сол үшін талай таяқ та жедім. Ол менің ақын болуыма қарсы, сондықтан маған батасын

берген адам тарту-таралғыдан мақұрым қалары хақ. Сол себепті өз шапаныңызды өз иығыңызға жапсам деп тұрмын. Батаңызды беріңіз маған. – Жамбыл қолы дірілдеп, шапанды Сүйімбайдың тізесіне қойды.

Баланың тапқырлығына дән риза болған ақын шапанды алды да:

– Ұлым, мұндайда өз үйіңнен бір нәрсе әкелгенің абзал,-деп қағыта сөйледі. – Бірақ мен мұныға ренжімеймін. Өйткені сенің әкеңді білем, сен туралы да естігем. Сен маған өзіңнің жырынды сыйладың бүгін, маған соның өзі де жетіп жатыр. Қолымды жайып ақ батамды берейін, ұлым! Бірақ есінде болсын: домбыра–садақ та, өлең-жебе, ақылмен пайдалана білгейсің. Шын ақынның ар-ұяты өлеңінде. Оның көзінің қарашығындай сақтағайсың. Әділ де батыл бол. Сенің өлеңің халқыңа медет берсін, ісіңе өнеге болсын!

...Жұлдызы жарқыраған барқыт түн. Жамбылдың аяғы жерге тиер емес. Жүрекжарды қуанышты күйде Сүйімбайдың үйінен шыққалы бері тоқтамай зымырап келеді. Аңсаған арманына бүгін қолы жеткендей. Сүйімбайдың өзі бұған ақ батасын берді!

– А-е-ей, Жаматай-ау, қайда безіп барасың? – деген дауысты есітті, ол өзін манадан бері тыста тосып тұрған Қанаданды көре сала қобызшының құшағына кіріп кетті бала.

– Батасын берді! Өлеңімді өз аузымен мақтады!

Жамбылдың тебірене айтқан әңгімесін естіп, Қанадан баладан бетер мәз болды.

– Жарығым, енді тып-тыныш қана өз жөніммен жүре беруіме болады. Ертең күн шыға Қанадан баладан бетер мәз болды.

– Артыңыздан мен де жетем, өлеңді бірге айтатын боламыз, Қанадан көке. Керуен ізін жұтып қоятын шөлден де мен сіздің ізіңізді тауып алам.

– Қоңқақ мұрным, ән баласын ғой, көп нәрсенің байыбын біле бермейсің де. Өзің ойлашы, түйе үлкен болғанмен ізі үлкен бе? Туысқан адамдардың бәрі бірдей бақытты бола бермейді, жаным. Еңбегі қаншама елеулі болғанмен бірінің қалдырған ізін тап басып таба алуы қиын. Себебі, біздің заманымыз жаман.

Қанадан елең-алаңда Екей аулынан жүріп кетті. Сүйікті қобызшысымен күллі ауыл болып қоштасты.

Жамбыл Қанаданның қасында келе жатыр. Ауылдан ұзап шыққан соң, қоштасар сәтте бала кішкене бәкісін ұсынып:

– Менің сізге сыйлар осыдан басқа түгім жоқ. Бірақ осы бәкім бір кәдеңізге қалар, Қанадан көке. Қурай кесіп алып, сыбызғы жасарсыз ашығар болсаңыз. Еліктің даусына салып сызылта тартсаңыз енесі жетіп-ақ келер, – деді.

Қанадан көзінің жасын бір сығып тастап, жиенінің басын сипады да, оған өзінің қобызын ұстатты.

– Менің де осыдан басқа саған сыйлар түгім жоқ. Сенің қобызының үні иен даламыздың түкпір-түкпіріне естілетін болсын. Егер соны естіп қасыңа ақ шашты Қанадан шал келетін болса, әкең сияқты сыртқа тебе көрме.

Бұл сөз Жамбылдың жанына қатты батты. Қара қобызды құшақтаған күйі, жалғыз атты асып көзден таса болғанша қозғалмастан сол көк төбенің басында тұра берді бала.

Сүйімбай аулында болып қайтқаны жайлы әкесіне тіс жармаса да, шешесінен сыр бүкпей, бастан-аяқ әңгімелеп берді Жамбыл.

– Сүйекеңнің маған сылаған шапанын өзіне сыйладым мен. Әрине, бұным жөн білместік. Ақынның батасы қабыл бола ма, жоқ па, соны білмей отырмын.

– Балам, Сүйімбайды қонаққа шақырып, сыйлап жібереміз қалайда. Бірдеңе етіп әкеңді көндіремін, – деп Ұлдан ұлының көңілін көтеріп қойды.

– Сүйімбайды қонақ етіп, сыйлап жібер. Баламызға батанды бер де.

– Сен ақылыңнан алжасқан шығарсың. Миың қағынды ұрып қарайып кеткен болар, – деп киіп кетті Жабай. – Балам қаңғыбас ақын болсын деп, қой сойып, қолымды қусырып қонақ шақырып мені не жын ұрыпты сонша!

Кикілжің күшейе түсті. Жабай бәйбішесінің сөзін құлағына қыстырар емес. Ұлдан ғұмырында бірінші рет, ұлына бола, қайткенде де айтқанынан қайтпауға бекінді.

«Жамбыл білдірмей барып Сүйімбайды қонаққа шақырып келсін. Аты шулы ақын арнайы келіп үйіне түссе, Жабай амалсыздан қонақ ететіні анық, тарту-таралғысыз және аттандыра алмас,» – Ұлдан осы ойын орындауға бел байлады.

Сүйімбай әуелі барғысы келмеп еді, бірақ, Жамбылдың сөзін қиамады. Түс әлетінде Жабай аулына келіп түсті. Оған үйдің ішін тап-тұйнақтай ғып жинастырып қойған. Торсықтай бабы келген қымыз бұрқырап тұр. Шегеге ақ сүлгі іліп қойған, демек, бұл үй

қонақ күтіп отыр деген сөз. Жабай ішінен қан жылап тұрса да, төбеден жай түскендей жетіп келген қонақтың асты-үстіне түсіп, төріне отырғызды. Сыр білдірмей, иіліп жастық, жайылып төсек болып жалпақтап-ақ жатыр.

Бір отар қойдың ішінен көкбақа арығын іздеп тапты, Жабай. Жұдырықтай құйрығын қайта-қайта ұстап көріп, шидей тағы да бір көз жүгіртіп өтіп, күзге жетер қауқары жоғына әбден көзі жеткен соң барып сойды.

Ет үстінде Жамбыл қолына қобызын алып, ұстазына қарап отырып, өлеңдете жөнелді.

Сүйеке, сүйенішім, өнерпазым,
Әйгілі ақылгөй желді саздың.
Әкесіне бір қарап қойып, өлеңін соза берді:
Әкежан, сенде тіле, бата берсін,
Балаңа өлең қонып, атақ ерсін.

Сүйімбай шәкіртінің өлеңін тыңдап болған соң, қуана дауыстап:

– Балапаның күні ертең ақиық қыран болғалы тұр ғой, Жабай-ау. Ал сен болсаң балаңның ақын екенін жасырасың, мұның қалай?-деді.

Сүйімбай ақынның мына сөзі Жабайдың жанына жағып кетті, бірақ оның ақындар жөніндегі түсінігі табан астында өзгере қалған жоқ. Қынжылған қалап танытып:

– Кешір, Сүйеке! Бірақ Ұлы жүз өңірінде бізді елдің мазақ қып жүргенін қалайша естімедің? Бізді көрсе-ақ: «Екейде елу бақсы, сексен ақын. Айқымда алпыс бақсы, тоқсан ақын» десіп, ішексілелері катады бәрінің, –деді ізетпен.

– Сен немене, көрінгеннің өсегін жинайтын болғаннан саусың ба өзің? Әлде дұшпаныңнан жақсы сөз дәметіп жүр ме едің?-деді ақын күйіне сөйлеп.

– О, Сүйеке! Дүниедегі ақынның бәріне бірдей сен сияқты бас бермеген ғой. Егер Екейдің елу ақынына тағы бір ақымақ келіп оның несі қуаныш дейсің?

Сүйімбай бас шайқады.

– Егерде әкесіне тартып, балам осындай ақымақ болды десең, сен онда өзіңді өзің жерлеп отырсың. Елу ақыны бар Екейдің бәрі нақұрыс дей алмас ешкім де!

Өз сөзінен ұсталған Жабай мүлде абдырап, бұрынғыдан бетер

шатасты.

– Біздің тұқымда бұрын-соңды бірде-бір жөнді ақын болып көрген емес, – деп ол өршелене сөйлеп кетті, – Жамбылға қайдан ақындық қонсын? Ол да көп әулекінің бірі болады да қояды. Тағы бір бақсы кеп қосылып, Садыбек әулеті масқара болатын шығар, тегі. Сүйімбай, сен балама батаңды бердің, сыйлы қонағым болдың, енді аттанарда осы Жамбылдың өзін ерте кетсең жөн болар еді.

– Қайсымыздың сөзіміз жөн екенін кезінде көрерміз, Жабай мынаны жадында мықтап ұста: «Жақсының даңқы өлмейді, жаман оны көтермейді, ал сараң одан да бетер дейді», – деді Сүйімбай орнынан тұрып жатып. Сонсоң, Жабаймен қоштасарда былай деп үстеді.

– Басы бар өмірдің аяғы да бар. Тіршіліктің алды – үміт, арты-өкініш. Жамбыл жас, тілеуі алдында. Осының өзі бақыт. Ал сенің алдында өкініш тұр. Егер әкесі екенің рас болса баланың бағын байлама, кейін өкініш үстіне өкініш қайтесің.

Таңмен бірге оянған қиырсыз-шексіз кең байтақ дала теңіздей толқып сала берді. Көшпелі өмірімен, сылдыр қаққан бұлағымен, сусыған көк құрағымен қызықтырып, жасыл жұмақ жайлауына шақырып, Жамбылға құшағын жайып туған даласы тұр. Жас өндірі жүрегін жарып шыққан жырын ашық шырқап дала күйіне үн қосып, асау өмір толқынына батыл құлаш ұрды.

КЕНЕН ӘЗІРБАЕВ

ҰСТАЗ

Мен Жамбылдың бірінші рет қырғыз елінде көрдім. Керімсаз жайлауында бір үлкен аста арғы жағынан қырғыз, бергі тұстан қазақ ат құрғатпай келіп жатты. Небір әнші, балуан, сайыскер, ақын дейсің бе-әрбірін өз мақсаты тыныштпайтындай. Менің бұл жолғы ойым: Жамбылмен жүз көрісіп, білісіп қайтсам деймін.

Көк орай шалғынға қатарласа тігілген көп киіз үйдің орта шеніндегі бірінде Жамбыл бар десті. Қырғыздың Жәкең тұстас ақыны Қалмырза да менің алдымда ғана сол үйге түскен. Үйден сыртқа тепкен дабырға қарағанда босағада бас сұғар жер жоқ-ақ

сияқты. Өлең әлі қыза қоймаса да, домбыраның алғашқы серпіндері құлаққа тиіп қыз, бозбала, ақсақал, қарасақалдар осы үйді төңіректен қалыпты. Көзінен ұшқын атып тұрған жиырманың тентегі нені тыңдатады, өлеңдетіп кіріп бардым.

Жартасты Мәтібұлақ-туған жерім,
Балапан, көбелеген қуған жерім.
Сол елден сәлем бере келдім, Жәке,
Әдейі себеп қылып думан жерін.

Осылайша бір-екі толғап алғанымда, төрдегі шоқша қара сақал оң жақтан орын нұсқады. Жастар ортасына тізерлей сыйысқан маған: «Мен білсем, сен-Кененсің, жарауы жеткен дөненсің»-деді ол, Жамбыл екенін сезе қалдым: «Өлеңіне өзі ән де шығарады» деген-ді ол сол жолы:

Кешегі анау боз үйден,
Шыққан дауыс сен бе едің?
Бөдене мен тұрымтай,
Бұққан дауыс сен бе едің?
Бүркіт болсаң боларсың,
Үлкен екен шеңгелің.
«Кенен-Кенен» деп жүр ғой елің бәрі,
Осы тойға жиналған жас пен кәрі,
Сәлем берсең, қарағым, сәлемет бол.
Балалардың балаға көшкен нәрі...
Ақындық Ораздан да үзілмеген,
Сарбас, Әлмен бар ма еді біз білмеген?
«Бабаның батасынан» деген нақыл.
Жас жүйрікті жарамас тізгіндеген...

деп, батасын берді де, сөзін тағы да жалғай түсті:

– Аңырақайға жүрмек ретім келіп, жолшыбай соққалы отыр ем, мұнда кездесіп көзім болдық, ас аяғында атқа бірге қонармыз, – деді де, ақын көпшілік тілегін орындауға кірісті.

Үй айнала түрулі, сыртта керегеден көз салғандар да жым-жырт. Ас аралатып отырып жырланған «Көрұғлы», «Манастар» таңға созылды. Оны өзі «Әр жерінен үзіп айтып отырмын» дейді. Еті қыза келе ақын бір ұрыс болып түйіліп алады да, сол екпінінен бір тапбайды екен.

Ақындардан елдің ертеңгі қолқасы суырып салма «жер өлеңі», «тау өлеңі» боды. Міне, мен Жамбылды нақ осы тұста өзге

ақындардан ерекше сезіндім.

Әркім—ақ өз жерінің сұлулығы мен шүйгіндігін нәшіне келтіріп толғайды, жер қожаларының аттары да өлеңге қосылып көпке танылып жатыр. Менің көзім Жамбылда. Ол кезек-кезек жүйткіген ақындар сөзіне құлақ тосып қана, төмен тұқшиған күйі көп отырды. Әуел баста «түндегі ұзақ жырлардан кейін шаршағандық бар ма» деп қалған ем, олай болмайды. Ол бір мезетте ақшолақ домбыраның шанағын шертіп-шертіп жіберді де, сөйлеп кетті. Әттең, сол бір тамаша жыр қазір не жазуда, не жадымда жоқ. Байманатардың жаз-жайлау, қыс-қыстауын мадақтай сөйлеген жері, үлкен шаңырақ иелеріне, әлбетте, ұнады. Бұл тұста олардың бәрі де мээ-мейрам болып, бірінен бірі шақша сұрасып, еңсе көтерісіп қалды. Ал «жазға салым көтеріле көшкен үлкен ауылдарға ілесе алмай, сонау етекте сыбағасыз қалған жүдеу елге шыбынсыз жайлаудан не пайда?» –дегенді Жәкең аса бір ащы сөзбен келтірді. Бұл сәтте қолдағы сары қымыздың талай-ақ ішілмей жерге қойылды.

Көшке ілескен көк төбет,
Ырыста екен олардан.

Түннен бері кереге көзінен сығалаған жалба тымақтар мұны естігенде: «Рас сөз, аталы сөз» десіп бет-бетімен шуласып кетті. Ас тарқарда Жамбылды ақ жалпошты ақ боз атқа қолтығынан сүйемелеп мінгізгендер де солар болды.

Қалмырза шақырып, Жамбылдың біраз күн қырғыз жерінде болуына тура келді.

—Ағайын аралайық, жүргін- деген соң, мен де бірге аттандым. Жомарт елдің сый-сыяпатын бірге көріп, екі-үш апта жүргенімізде сол елдің де ақыны болып кеттік. Менің «Бозторғай», «Көк шолақтарымды» қырғыз жастары осы сапарда алып қалды. Қайтарда Қордай асуымен қасқарау беттеп Мәтібұлақтағы біздің ауылға келдік:

Әлі есімде, ертемен үй сыртындағы жотаға шығып тұрып, Жәкең сол жолы бір сыр айтып еді:

– Осынау төстің күзі болмай сарғаятыны көңілсіз. Аңырақай барған жолымда ылғи көремін. Әттең, осы жерге бір қол тигізіп, диқаншылық етіп көрсе...

Ол бертін келе осы бір сөзін Мәтібұлақ туралы әңгіме бола қалса, қайталамай қоймаушы еді. Биыл ұйымдасып, тың көтеріп

жатқан жаңа астық совхозын көргенсайын Жәкеңнің бұл сөзі менің де есіме түсе беретін болып жүр.

Сонымен бір айтайын дегенім: Жәкең жер-судың ел ырысы болғанын, өлең, жырдың соған арналғанын басынан-ақ қалаушы еді.

Енді бір сөз-ақындық жайлы.

Жәкең мені өлеңмен достастырды. Ысты деген елдегі Қасабек, Сарыбастаудағы Айдарбек астары, Жолсейіт Қасен баласының тойы секілді үлкен жиындар мұң-зарымыз бен қуанышымызды табыстырған, ұғымымызды бірлестірген, тілімізді үшкірлеген мектебіміз болды.

Әлбетте, ақын да әр түрлі. Жәкеңше айтқанда: «Бір сөзін мың сатқан сорлы немелер» талай ат-шапанға ортақ та болды. Байлар сонша қорыққаннан ырым етпесе, ықыласымен сый бере қоймайтын. Қайта әлгі дәріптеушілер олжалы қайтатын.

Бір жылы төстегі тойдан құр қайтқан сапарымызда Жәкең налиды ғой деп едім, оның жолшыбай маған айтқан сыры өзгеше болды.

– «Құдай сүйер қылығымыз» жоқ, сен де, мен де түскен жерімізді тотыяйындай күйдіреміз. Сол үшін байлар қол тарлық етеді. Олар солай істегенімен, халық біз туралы әрқашан да айтып жүрер,-деп еді ол. Айтқанындай, осыдан отыз жылға жуық бұрын баспасөзде «Жегісу ақындары» деп екеумізді жазды.

Шынында да Жәкең бет-жүзге қарамай небір шонжарларға тіке тастайтын кісі еді. Ондай сөздерінің бірсыпырасы кітабында да жүр ғой. Сол үшін іштей ызасы барлар Жәкеңді ертеректегі бір өстепкеге (выставкаға) шақырмай да қойған. Сонда қарулы күзет қойған ұлықтар үйіне кіргені бар оның.

– Ау, мен Жамбылмын, Жамбылмын,
Қара жолдай даңғылмын.
Көргенім көп көне едім,
Өлең-жырға қамбылмын.
Өзің тойды баста деп,
Үйретті ме сендерге,
Шал-кемпірді таста деп?...

Жәкең ақындықты дүние-малға сату түгіл, шын ақынның өзге тіршілікпен айналысқанда оның өлеңге керенау қарағанын жақтырмайтын, халық мүддесіне арналған өлең сөзді өте жоғары

бағалайтын кісі еді. Ревком тұсында аз ғана уақыт мен де бір қызметте болып ем, сол кезде оның маған да шығарған өлеңі бар.

Тау шабытты, Кенен-ай,
Тартқаның ба керенау!..
Өйтсең көңілім қайтады, –
Жұрт бағынса екен деп,
Сен жүресің секеңдеп,
Өлеңді кім айтады? –

деп, бір күні осы Алматыда шенеп-ақ салғаны... Ал мені әкім деп қабылдағандар ақын деп аттандыратын.

Екеуіміз көре қоямыз деп ойламаған бір ұлы сапарымыз 1936 жылы қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі кезінде Москваға, келесі жылы Кавказға баруымыз болды. Бұл тұста ат аяғы жетпес жерге жыр кетті. Әсіресе Жәкең даңқы алысқа шырқады.

Москвада жатқанымызда күн сайын ертемен «Правда» бастаған газеттер келді, ымырт үйіріле «Кешкі Москваны» алып оқытамыз. Бәрінде Жәкең жырлары, Жәкең суреттері, Жәкең туралы әдемі сөздер кездеседі.

Радиода да ертелі-кеш ақын аты аталып, ұзақ сырлар шертіледі, ара-арасында қазақша арғы-бергі әндер шырқалады, күйлер таскындайды. Сәулетті астананың қай жерінде жүрсек те, Жәкеңмен сәлемдесіп, оны құттықтап жатқандарды көреміз. Кей жерде «Жәке!» дегенге қазақ па деп қалсақ, монғол да боп шығады. Бәрі де осы ақсақал шалдың құдды ескі достары, не бір Қарақастектегі туыстары тәрізді. Әсіресе жастар жағы көрген жерде оған гүл сыйлап, ортаға алып суретке түсіп, орайласа кетеді. Небір көрнекті тілшілер, киношылар, тарихшылар, суретшілер, небір дүлдүл жазушылар – бірі кетсе, бірі келіп, ылғи қошеметті қоршауда жүрдік те қойдық.

Даналардың данасы-Ленин ұйықтап жатқан мәр-мәр сарайға бардық. Жолшыбай қолтығынан сүйегендерден қайта-қайта босанып шығып, ұшар қырандай қомданып, ақын сол жолы өмірі байқамаған аса бір ғажайып шабытқа мінді.

Қуатым толып, күш өсіп,
Бекіді менің сүйегім,
Бәрін бірдей құнарттың
Алпыс екі жүйенің... –

дегенді-ді ол. Ленин басына барып жырлағанға дейін әлденеше

қайталап, ешкімде ісі болмай, өзімен өзі сырласып келе жатты.

Кремльге бармаққа, партия, үкімет басшыларымен көрісіп, дәмдес болмаққа жиналды. Осы хабар құлағына тиісімен-ақ, сол күні ол домбырасын қолына қыл елі ажыратпаған–ды.

– Кенен, сен не біліп отырсың, көне көзім қайтадан көргіш болып кетті, – деді Жәкең, – көзің жете ме?..

Осының бәрін көргеннен кейінгі ақынның бір көңіл күйін айтады. Ауылдан бізді Москваға бастап барғандар екеумізді екі қонақ үйге орналастырған. Соны «Кенен бөліне қашты» деп түсінген Жәкең, телефонды алыпты да, бір жерін бұрып қалып, өзінен өзі өлеңдете жөнеліпті. Тегінде, ар жағында мен тыңдап тұр деп білсе керек.

Табақтас сен-ақ болшы жайсаңменен,
Сонда да жан сырымды айтам, Кенен.
Салдыртып қонақ үйге бір келіп кет,
Көшенде тұр ғой неше «шайтан дөнен».

«Іздеп жатыр», – деген хабар тиіп, дереу келсем, ол оңаша бөлменің терезесін кең ашып, Кремльге қарап тұр екен. Жай тұрған жоқ, күбір-күбір сөйлеп тұр.

– Уа, Жәке, не деп тұрсыз?

– Темір тордан босанған өлең құсы, – дейді ол, – мынау мұнаралардан шарықтап ұшып сонау ақ бұлтқа қарай самғап бара жатқанын көресің бе?.. Әне, мен соған сөйлеп тұрмын. Сен келмеді екен деп ішіме сақтап отырамын ба?!

Жәкең бұл секілді қуанышты ғана емес, қайғы-қасіретін бөліссе де, сондай бір қайратқа мініп, жабырқау қабағын демде көтеріп алушы еді. Көп жылдық достығымызда титтей де ақау жоқтығы Алғадай өлімі тұсында да көрінді. «Балаң өлді» дегенді естіген ақын талап құлап, май өкшеден жіберген дәрі де көмек етпепті. Сонда осы Сәбит жұбаныш болар ма деп, Қордайдан мені әкеліп еді.

Ау, Жәке, көпті көрген батырмысың,
Қайғырып Алғадайдағы жатырмысың?
Пендеге бұл жалғанда, өлім, рас,
Тағдырдың сөгесіз бе қылған ісін,
Кім күшті, дүниеде тағдыр күшті,
Жүзге дейін көрдіңіз талай істі.
Миуалы бақ ішінде дарағы едің

Бір жемісің жел соғып жерге түсті.
Сен тұрмасаң, береке бізден қашты,
Түгесіп те бітірдім көзден жасты.
Қарасай-бабаң шейіт емес пе еді
Атаң-батыр Шапырашты, көтер басты!..

– дегенімде, Жәкең «Кененім келген екен ғой» деп, басын көтерген еді...

ӘБДІЛДА ТӘЖІБАЕВ

ОСЫНДАЙ ЕДІ АҒАЛАР

1940 жыл, июнь айының бас кезі. Москвадан телеграмма келді. «Самолетпен ұшамын, күтіп алуыңызды сұраймын. Мұхтарға сәлем. Соболев», – деп қол қойыпты.

Мен осыдан бес күн ғана бұрын астанада болғанмын. Леонид Сергеевичтің үйінде бір кешті ұзақ отырып өткізбегенбіз, бірақ Леонидтің ондағы әңгімесінде Қазақстанға келу мәселесі атымен жоқ тұғын. Мен қайтарға бір күн қалағанда Александр Александрович Фадеевке кіріп бір сағаттай ақыл-кеңесін тыңдап, қоштасып шыққанмен; онда да бізге жуық арада Соболевтің келетіні айтылмаған-ды. Сондықтан мына телеграмма бізге жұмбақ боп көрінді.

Арада бір күн өткен соң Соболевті Мұхаң екеуіміз күтіп алдық. Машинаға отырған соң Мұхаң оған әзілдеп:

– Ал енді жұмбақ телеграмманың шешуін айт, – деді.

– Сендерді сағындым, – деді Соболев күліп.

Біз сол күні Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде болдық. Леонид келген жұмысын хатшылардың біріне айтып шықты. Ол: «Бір жеті Жамбылдың қасында болуым керек», – депті. Ертеңіне Жәкең деген сәлем-сауқатымызды алып, ақынның аулына Мұхаң үшеуіміз жүріп кеттік.

Ертемен шығып, лезде-ақ барып қалдық. Жәкең киіз үйінде екен. Азанмен тұрып салқында серуендеген соң бір кесе қымыз ішіп қайта жатып қапты. Жәкең оянғанша, үлкен үйдің бір бөлмесіне кіріп біз де орналастық.

Шамалыдан кейін оянған Жамбыл шаршаған адамдай

ыңқылдай күрсініп, жөтеліп алды да:

– Ай, қайсың барсың? – деді әдеттегі даусымен.

– Мен бармын, Жәке, ассалаумаликум! – дедім, қасына құшақтай жантайып.

– Ой, сенбісің? Жерден шықтың ба, көктен түстің бе? – деді жақтырмай.

– Алматыдан келдім, Жәке.

– Немене тағы да өлең сұрағалы келдің бе?

– Жо-жоқ, – дедім қарттың арқасынан қағып. Ол кәдімгідей сабыр тауып, сабасына түскендей болды.

Жәкеңнің өлең сұраушылардан безер болатын себебі бар. Соңғы кезде орталық «Правда», «Известияның» тапсырмалары аз дегендей, өзге газеттердің тілшілері де келгіштей бастапты. Тіпті облыстық редакциялардан «өлең алғалы» келгендер де көбейіп кеткен.

Жамбылды жұмсартып өз «компаниямызға» қосып алу онша қиынға соққан жоқ. Шайға отыра бере, Мұхаң қалтасынан бір буат қағаз ақшаны алып қарттың алдына қойды.

– Жәке, алыңыз. Бұл Алматы баспаның кітабыңызға төлегені, – деді. Жәкең шапшаң алып жастығының астына тықты.

– Ал мынаған түлкіден тымақ тіктірерсіз. Мынау – мәсіңіз, мынау-шапанға, камзолға деген мата, – деп, оған шай-қантты қосып мен ұсындым. Осының бәрін мына мәскеулік балаң әкелді дедім Леонидті көрсетіп.

– Жарайсың, нар жігіт! – деді Жәкең Леонидтің қолын қайта-қайта қысып, содан соң маған күлімсірей қарап:

– Өзің не әкелдің? – деді қолын созып.

– Мен Айманкүлдің сәлемін әкелдім.

– Ол не деді? Маған тиемін деді ме?

– Барып кел, шалымды көріп кел, түскен ақша-базарлықтары болса тең бөліп алып кел, сонда тиемін деді.

Мұхаң біздің диалогымызды жарыса орысшалап, Соболев жарыса жазып үлгіріпті. Біз көңілді шай үстінде бірсыпыра күліп алдық.

Жәкең шай жиналмай-ақ, колхоз бастығы, жақын інілерінің бірі (Сатыш Жамбылдың ағасы Тәйтіннің баласы) шақырып алып, біздің көзімізше бұйыра сөйледі.

– Маған қадірмен меймандар кеп түскенін көріп отырсыздар.

Мәскеуден мына нар жігіт келіпті, бұлар үш-төрт күн менімен бірге болады. Таудан жедел қой, қымыз алдырыңдар, – деді. Біз бұрынғыдан көрі нығырақ жайғасыңқырап отырдық.

Ұйқысы қанған, шайын сүйсініп ішкен күйлі Жәкең, әдеті бойынша домбырасын алды.

Мұндайда ол өлеңмен әзілдегенді, жақсы көрген адамдарының өзін сөзбен қажап, ырғап байқағанды ұнатады. Мұнысы тышқанмен ойнап, тырнағын жұмсап көретін мысықтың ермегі сияқты. Ол Соболевке жымия қарап отырып өлеңдете бастады:

Аман-есен келдің бе, қызыл нарым,
Аяғы да мойныңдай ұзын нарым.
Қыз-келіншек қуанып қалған шығар,
Кіріп барсаң тобына бұзып-жарып, –

деді. Мұхаңмен екеуміз бір сөзін жібермей жазып үлгірдік. Жәкең тағы жырлап кетті:

Меймандостық қазақтың бір белгісі,
Сый көрсету-ескінің жоралғысы.
Жорға мінгің келе ме, жүйрік мінгің,
Тілегіңді айта отыр, мейман кісі.

– Не деген таңғажайып, тамаша бұл-деді Мұхаң ерекше қуанып, қолын шапақтап.

– Түсіндірші маған, не ғажап болды, достар? – деп Леонид Мұхаңмен екеумізге кезек-кезек жалтақтайды.

– Ғажап, ғажап! – деді Мұхтар орысшалап, содан соң жаңағы жазып алғанымызды келістіріп тұрып аударып шықты. Нарттай қызарған Леонид Сергеевич Жамбылдың сақалынан сүйді.

– Рақмет, Жамбыл! – деді «Наржігіт» егіліңкіреген даусымен, – маған осы айтқандарың жорғадан да, жүйріктен де қымбат.

Жамбыл да мейманына қатты риза болды.

– Бізге импровизациялық өнер өткеннің романтикасы сияқты ғой,-деп бастады Соболев ойлана сөйлеп. – Менің жеке басым «Сирано де Бержеракті» сахнадан он рет қатар көруге әзірмін... Бірақ қазір де сондайлар бар деушілерге сенбеген болар едім.

–Енді сендің бе: – деді Мұхтар күліп.

– Сенбегенде ше... – Соболев те жарыса күлді. – Сәл қарсылық көрсетем таяғы да тиіп кеткелі тұрған жоқ па өзінің.

Мұхаң Сүйімбай ақынның өткірлігін, жүректілігін түсіндіру үшін әуелі Тезек төре жайлы сөйлеп берді. Оның өзін хан деп

санағанын, жігіт ұстап ұры жұмсағанын, соларының үстіне ақын болғанын баяндайды.

– Малды айдатып алды да, төреден қорыққандар білмегенсіп қуып келмейді екен. Ал малын іздеп келе қалғандарға: – Бұл менің саған салған салығым, – дейді екен оған. Дау айтушылардың табанда басын кесіп алады екен. Осындай қаһарлы Тезекке «ұрысың» деп Сүйімбай ғана өлеңмен айта алған. Мұхаң Сүйімбай өлеңнің бір шумағын:

«Тезек төре!

Қоймаған елден жылқы кезеп төре,

Тентек пенен теліні тияд десе

Өзің ұрлық қыласың әттегене», –

деген жерін айтып және бір сөзінің де күшін әлсіретпей орысшалап берді.

– Сонда Тезек қылышын суырып алмап па, шаппап па сыншының басын? – деді Леонид әңгімені қыздыра түскісі келгендей асығып.

– Сен асықпай қоя тұр. Мұның қызығы алды, – деді Мұхаң көңілдене күліп. – Ел сүйетін даңқты ақынға қылыш көтеру қайда?

Тезек ақыннан кешірім сұрапты, шапан жауып, ат мінгізбек болыпты. «Тек мынау өлеңінді елге жайып жіберме», – депті. Төренің жігіттері бір ат әкеп көлденең тартады. Тезектің сыйлығын қабылдауға шыққан ақын атқа қарап тұрып тағы өлеңдетіпті:

Тезек-ау, мынау атың сары ат екен,

Қатып қалған кірпігі кәрі ат екен.

Көкжал барақ қашқанда көп қуып па ең,

Жеті атаңнан бері қарай бар ат екен.

Тақсыр-ау, мынау аттың тәуір түрі,

Қоя берші, жайлауға бір жыл құры.

Тезек ұран шақырар «тұлпар» екен,

Ұстап мінген атыңды келер жылы.

Осы өлеңге Соболев түсінер деп ойлағам жоқ. Нағыз қазақ ұғымындағы, басқа тілге аударылса, сол ұлттық тілдегі өткірлік, дәлдік, дәлелдік күшін жойып алатын сөздер, тенеулер жетпей қалады деп білдім. Бірақ Мұхаң аударған кезде тіпті басқаша шықты.

«Қатып қалған кірпігі кәрі ат екен», – деген жолдың

аудармасын Леонид тіпті ғажап қабылдады.

– Кәрі аттың кірпігі қатып қалатынын Толстойдың өзі де аңғарғанмен болу керек!-деді қатты дауыстай сөйлеп. Ол осы екі шумақ өлеңді түгел жазып алды. Сөздердің мазаққа, мысқылға, уға толы жерлерін қайта-қайта анықтап алып жазды. Мұхаң тағы сөйлеп кетті.

– Сүйімбайдың осы өткірлігі мен жүректілігі Жамбылға түгел ауысқан. Үлкен ақыннан бата алған Жамбыл оның ұстанған жолын, қайсар мінезділігін, кесіп айтқыштығын тұтынбаса оны жұрт сыйламас еді. Оның:

Менің пірім Сүйімбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай,
Сырлы сұлу сөздері
Маған тартқан сыйындай.
Сүйімбай деп сөйлесем
Сөз келеді бұрқырап
Қара дауыл құйындай, –

деген жолдарына сенбес еді.

– Осы Жамбыл революция жылдарында өзін қалай ұстады екен? Ондай материалдар жоқ па? – деді Соболев.

– Неге болмасын, бар. О жылдардағы ақынның кейбір айтқандары жиналып, кезінде «Темір қазық» деп аталатын журналға да басылған.

«Кедей көтеріліп қырда жүр,
Байлар бұғып ойда жүр,
Жамбыл сайрап мұнда жүр!» –

дегенді осы Ұзынағаш базарында айтқан. Сонда Жамбыл ат үстінде жарқылдап, қуана жүріп жырлапты. Соны көріп, білген шалдар қазір де бар, – деді Мұхтар салмақты сұраққа салмақты жауап беріп. Леонид Сергеевич бұл естігендерін де түгел жазып алды.

– Сен ендеше мынаны да жаз,– деді Мұхаң, – Жәкең революция тұсындағы кейбір бассыздыққа, тәртіпсіздікке төзбейтін, ашулы өлеңдер айтқан.

Біз бірінші күнді осылай өткіздік. Сұраудан Соболев шаршамады, түсіндіруде үшеуіміз бір бөлмеде жаттық, шам өшкен соң да көпке дейін әңгіме тынған жоқ.

– Импровизаторлық деген не?

- Кәдімгі ақындық.
- Әбділда, сен де ақынсың ғой... сен өзіңді импровизатор деп санаймысың?
- Мен көбірек ішкенде импровизатормын.
- Ендеше мен де импровизатор.
- Сен қанша жол өлең жатқа білесің?
- «Евгений Онегиннің» жартысын жатқа айта аламын... «Мыс салт аттыны» да білемін.
- Ал Жамбыл «Көрұғлыны» он бес күн айта алады.
- Ол «Манасты» да айтады.
- Барлық қазақ эпосын, өзіне дейінгі ақындар айтысын түгел жатқа біледі.
- Миллион жол өлең оның бір басында сақтаулы.
- Бұл-ғажап екен, достар! – деген Соболев атып тұрды да, шам жақты. Бізге естірте отырып «Жамбыл миллион жол өлеңді жатқа біледі!» – деп жазды.

Біз Мұхаң екеуміз жарыса күлдік. Содан соң Мұхаң да басын көтеріп, көңілдене сөйлеп кетті.

– Рас, ғажап қой бұл!–деді Мұхаң екі қолын бірдей жайып. – Бір Жамбылдың басында миллионнан артық ұйқас бар. Ал ырғақ, ассонанстар қанша? Осыған оның ұлы ақындық талантын қоссақ не шығады!

– Ура! – деді Леонид отырған жерінде секіріп – Онда ұлы импровизатор шығады.

– Жамбыл ата! – деді Соболев қарт ақынды барлық мейірімен бауырына қысып. – Мен мұнда келіп сені көргенімді, осылай құшақтап тұрғанымды үлкен бақыт деп санаймын өзіме. Кешір, ата, жаңағы жеңілтек сұрауым үшін.

Шайдан кейін Соболев папкесінен үлкен жалпақ дәптерін алып жазуға кірісті. Ол ешкімнен ештеңе сұраған да жоқ. Жамбылмен сөзімізді аудартқызған да жоқ, өзімен өзі бола берді.

– Бұл не күлкі? – деп қағазын кейін сырып қойған Соболев жақындады.

– Мұны мен далаға шыққан соң түсіндірейін, – деп Мұхаң түрекелді. Бәріміз де бірден көтерілдік.

– Ай, ай! – деді Жәкең отырған жерінен қолын соза итініп. Мені де ала шығындар.

Леонид Сергеевич шапшаң бұрылып Жәкеңді сүйемеледі. Леонидке асыла басқан Жамбыл, кебісіне аяғын сұға алмай недәуір кідіріп қалды.

– Вот, Жәке, вот! – дейді нар жігіт күле кебісін көрсетіп.

– От болса, от! – деп Жәкең кебісіне еңкейді.

Бір аяғын киіп, екінші аяғын сұғынып жатып бір ауыз өлең айтты.

– Жігіт едім жасымда қысылмаған,
Көрсеткен жоқ тірі жан қысым маған.
Тар саңлаудан дәл соққыш мерген Жамбыл,
Кең кебісін кие алмай пысылдаған, –

деді. Есіктен жаңа ғана шыққан Мұхаң күлкілден аузы жуыспай қайта кірді.

– Мінеки саған импровизацияның ат басындай алтыны! – деді Мұхаң Соболевке қарап. – Жаз тез, жаз. Жаңағы бір ауыз өлеңді түсіндіріп, талдауымен ұзағырақ орысшалады. Бірақ Леонидке түгел жетті, барлық екпін, жарқылмен, өткірлігімен жетті.

– Мен қазақ болсам, – деді Леонид Сергеевич далаға шыққан соң бізге қарап. – Тек Жамбылмен ғана бірге болар ем, аузынан шыққан сөзін жаза берер ем, жаза берер ем...

Біз ертеңіне машина шақырып алып Алматыға қайттық. Жамбылмен тату-тәтті өткізген үш күніміз бәрімізге де естен шақпастай әсер қалдырды. Көп келгіш байларға көріне бермейтін, көрінсе де көңілін ұсына қоймайтын ақын, бұл жолғы келген адамдардың кімдер екенін жақсы таныды. Үлкен екі қонақтың бірін «Шоң қазақ» деп атап, екіншісі «Нар жігіт» деуі де содан болатын.

– Қымбатты Жамбыл, – деді Соболев қарт атаны бауырына басып. – Мен осында өткізген, өзіңмен бірге болған бақытты күндерімді еш уақытта ұмытпаймын. Мен үш күнде Жамбыл университетінен өттім, Жамбыл тайниктерінің есігін аштым, сізге сансыз алғыс айтамын, Жәке, – деді.

– Саған да алдаразы болсын, шырағым, сағындырмай, сарғайтпай келіп тұр, – деп Жамбыл да барлық ықыласымен қоштасты...

– Жамбыл түсінде де жаңа өлеңдер шығаратын болу керек, – деді Леонид Сергеевич, жол бойындағы көріністерге көз тоқтата алмай қарап.

Соболев Алматыда екі күн болған соң, Москваға қайтты. Жүрер алдында ол бізге келген себебін де айтты:

Сталинге арыз түсіпті. Ол арызда: «Жамбыл деген дүниеде ақын жоқ. Ол өтірікшілердің жандарынан шығарып жүргендері, бұдан былай Жамбылға сенбеңіз», – депті. Сталин арызды тексеруді Жазушылар одағының бастығы Александр Фадеевке тапсырыпты. Ал Фадеев «Барып кел, көріп кел, біліп кел», – деп Леонид Соболевке тапсырыпты. Біз Леонид Сергеевичпен құшақтастық. Бірақ «Мәскеуге қандай пікірмен барасың?» – деп сұраған жоқпыз.

Сұраудың қажеті де болған жоқ.

ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ

АСҚАҚ ҮНДІ АЛЫП АҚЫН

Мен Жамбыл жайында жар сала ой толғағым келеді. Жиырмасыншы ғасырымыздың аса әйгілі ақын шын мәнінде аты аңызға айналған замана жыршысының өткір де, асқақ үні-бір ғана қазақ халқы емес, осы күнгі түркі тұқымдас барлық халықтар поэзиясының арсеналындағы ең озық игілік болып отыр. Мен бұл пікірді бар сеніммен айтамын. Өйткені Жамбылдың өмірі мен ақындық шығармашылығы көрші әрі оған әрдайым стене жақын қырғыз халқымен өте тығыз байланысты қалыптасқан-ды.

Әрбір халықтың шежіресінде тұтас дәуірді қамтитын есімдер болады. Ұлы Жамбыл өзінің жыршылық өнерімен екі дәуірді басынан өткерді. Ол өз халқының ежелгі ауызекі жыраулық өнерінің арқауын ыдыратпай осы жаңа заманға жеткізді. Жеткізгенде де жаңартып, жаңартып бұрынғыдан да зор әуен-сазбен байытты. Осындай жаңа дәуірде, профессионалды жазба әдебиеті қауырт өркендеген кезде, ертедегі ауызекі жыраулық дәстүрде жырлайтын ақынның шығуы мүмкін емес-ті. Әр нәрсенің өз уақыты бар. Әрбір халықтың өзі тудырған қазынасы өшпек емес. Халық Жамбыл сияқты ақын-жыршылардың, көркем сөз зергерлерінің мұрасын мұқият сақтайды, оны ілгері дамытады және моральдық-эстетикалық дәстүрлердің қорына айналдырады.

Халықтың күші, мені, осында. Сондықтан да ол Жамбыл сынды дарынды таланттарды дүниеге келтіреді. Жамбыл жалғыз емес. Оның соңынан ерген ақын, жыршы, тетелес замандастары бар.

Жамбылды солардың арасынан бөліп ерекше алатын себебіміз-оның жыраулық дарынының шын мәнінде ұлы болғанында, ең бастысы Жамбыл арқылы халық поэзиясы жаңа өмір, советтік құрылыс туралы, Отан, партия жөнінде өзінің жарқын да, шынайы сөзін айтты. Халықтар достығы, советтік патриотизм, интернационализм тақырыбын биік шыңға көтере жырлады. Ауызекі поэзияның көне дәстүріне сүйене отырып, Жамбыл және оның қазақ-қырғыз замандастары шын мәнінде жаңару құбылысын, яғни совет кезінің ақындық дәстүрін туғызды. Егер осыған ой сала қарасақ, мұндай құбылысты-тарихи маңызы бар жайттар дер едім.

Менің ойымша, міне дәл осы тарихи жағдай 30-40 жылдарда халық ауыз әдебиетінің шарықтап дами бастауын белгілеп берді және Жамбыл тәрізді жыр алыптарын өз толқынымен жарқыратып көрсетті. Қазақтар мен қырғыздар арасында оған дейін де ірі ақындар болған. Оның ішінде Жамбылдың өзі де ғұмырының жартысынан астамын Октябрь революциясына дейінгі заманда өткізді. Бірақ патша жыршыны таба алмады. Және ол халық әдебиетін өз кәдесіне жарата алмады. Ақындар патшаны мадақтап жырламады. Қайта сынап, келемеж қылды. Жоқтың аты жоқ. Сөйтіп, халық бұқарасы осы арқылы жат атаулының, өзіне қолайсыздық атаулының бәрін аулақ серпіп тастады.

Жамбыл-мейлінше күрделі құбылыс. Көпшіліктің көз алдында отырып, өлең-жырды табан астында суырып салып төгіп айту-жұрттың айтқанындай ең жоғары мәртебелі өнер. Тек күшті және өзіне мықты сенген, айтар ойын өлеңмен жатқа төгетін, ақындық шабыты шалқыған майталман өнерпаз ғана солай жырлайды. Өткендегі тәжірибені нақ осы шақтағы тарихи және философиялық, психологиялық тұрғысынан бейнелеп жырлауға шебері, дарынның дарыны ғана тәуекел ете алады.

Импровизаторлық өнердің «сиқырлы» күш-қуатының өзі осындай ғой. Сондықтан да бізде өнер адамының ең асқар шыңын ақындық жырлау шеберлігі деседі. Міне, Жамбыл осындай құдіретті, қуатты ақын еді.

Ол – бар сәттегі ақындық үйлесім өнердің нағыз дарынын өн бойына жинаған асқақ үнді алып ақын. Ол бүгінгі туралы, көзімен көргендері жөнінде, сол құбылыстар туралы айта отырып, оған

тарихи мән бере білді. Міне, сондықтан да Жамбылдың сөздері ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келеді.

Қазіргі Жамбылдың жыршылық дәстүрінің біздер үшін зор творчестволық, эстетикалық маңызы бар. Оның мәнісі, менің ойымша, мынада: екі дәуірді басынан кешірген Жамбыл қазіргі халық поэзиясындағы жаңа сапа мен ежелгі эпостың бейнелеу құралдарын шебер пайдалана білді. Сөйтіп ол совет халқын социализм орнатушы кейпінде жырлады.

Міне, бұл тәсіл Жамбыл сынды суреткердің өзіндік жаңалығы еді. Оның шығармашылығындағы ең басты қасиеттің бірі осы деп білемін. Жамбыл поэзиясының тағы бір ерекше қасиеті-кешегі көшпелі халықтың бүгінгі коллективтік парасатты өзгерістерін шебер суреттеп жырлауында. Оның өлең-жырларының орыс әдебиеті және дүние жүзілік әдебиеттен сусындаған қазіргі суреткерлердің дара ерекшелігімен ұштасып жатуында. Осы күрделі қайнар бұлақтардың социализм жағдайында біте қайнасып қосылуы бүгінгі суреткерлік ойға нәр береді.

Сондықтан біз былай дейміз: Жамбылдың және онымен бауырлас, үзеңгілес ақындардың ақындық шабыты шарықтап, атақ, даңқы арта берсін! Олар жаңа атаулыдан бойын аулақ салған жоқ. Қайта өткенге көз салып, оны өзінше жандандыру үшін, тарихтан халыққа қажетті игілікті табу үшін алға талпынды, оған олардың күдіреті жетті. Шын мәніндегі Лениндік дана ұлт саясаты бұрынғы ақындық дәстүрді жаңаша жандандырады. Бұған Жамбыл ақын куә. Бұл осы саясаттың даналығы мен көрегендігі болса керек.

Осыған байланысты мен жас ұрпақтарымызды өткендегі дәстүрлі мұраны құрметтеу рухында тәрбиелеу қажет деп ойлаймын. Бұдан біз қоғамымыздың гуманизмін, адамгершілігін, интернационализмінің жарқын көрінісін танимыз. Оны біз мәдени және әлеуметтік қайта құрылыстарды сипаттайтын мәнді құбылыстар ретінде атаймыз. Дәуіріміздің ұлы жырауы Жамбыл Жабаев бүгінгі таңда да құлшына жырлап бәрімізбен бірге заманымызға үн қосып отыр. Ол мәңгі тірі, бізбен бірге жасай береді.

САПАРҒАЛИ БЕГАЛИН

ЖЫР ЖОЛЫ

Жамбылдың ертедегі өмірбаяны, ақындық жолы, замандастары, қандай сүбелі шығармалары болғаны жайында ел аузынан, өзінен сұрап қағазға түсіру маған 1944 жылы тапсырылған еді. Мен осы тапсырмамен 1944-1946 жылдарда үздіксіз Жамбылдың замандастарын, үзеңгілес ақындарын, ел ішіне ауыз екі тараған өлең тақпақтарын жинап біраз еңбек еттім. Оның барлығы болмаса да біразы «Жамбыл» атты шағын кітапшада жазылған да еді. Бірақ ол кітапқа кірмеген тың мәліметтер әлі де қолжазбаларда аз емес.

Жамбылдың ең алғаш баспасөз бетінде аты айтылып, ақындық өнерінің хабары 1924 жылғы жеке кітапша болып шыққан «Терме» журналында басылды. Оның басылуына себеп болған сол 1920-1923 жылдарда Жетісу Сырдария облыстарында қазақ, қырғыз, қарақалпақ елдерінің ауыз әдебиетін жинау, көзі тірі ақындармен әңгімелесіп, білетіндерін қағазға түсіру мәселесі еді. Соны жинау жұмысымен сол кезде шұғылданған адамның бірі Шамғали Сарыбаев. Сол кісі 1922 жылы, Ұзынағаш селосында Жетісу елінің қосшы ұйымының жиынында Жетісу тарихын, қандай дасатан-жыр білетіндерін қағазға түсіріп тамаша еңбек жасаған. Сондағы өзінің очеркінде Шамғали сөзді былай деп бастайды:

– «Жетісу ақындарының ішінде жасы 70-ке келген белгілі арқалы ақын Жамбыл Жапаұлы бар. Бұл ақын, құйындатып айтқанда бөгелместен «Көрұғлы Сұлтанды» 15 күн жырлайды», – деп Жамбылдың ең бір сүйіп айтатын дастанын қызыға айтады.

Шамғалидың бұлай бастауы, кездейсоқ емес. Шынында да, Жетісу еліндегі төкпе ақындарының ақсақалы Жамбыл болғанына айқын дәлел. Жамбылдың ең алғаш баспасөз бетінде аты аталып, ақындық өнерінің желісін Шамғали осылай жазған еді.

Енді біз өзіміз зерттеген, Жәкеңнің өзінен, замандастарын сұрастырып қағазға түсірген, оның ақындық жолынан біраз шолулар істеп көрейік.

Кімге де болсын сабақты өмір береді. Жолды өзі өскен ортасы ашады. Жамбылдың туып-өскен елінде қазақтың қара өлеңмен қажасатын «қайым айтыс» деген саласы өте мол болған. Күні

бүгінге дейін анық: он-он бес кісі бір жерге бас қосса, әйел-еркек болып айтыспай тарамайды.

Бұл сияқты айтыс тек белгілі ақындардың ғана айтысы емес. Қыз-бозбала, жігіт, келіншек қай-қайсысы болсын белгілі ел аузындағы қара өлеңмен қарпыса келеді. Елдің әдеті болған осы айтысқа заманның өзі қатарлы жасы ретінде Жамбыл да тіпті ерте араласады. Жамбыл сол жас күнінен-ақ, бір жағынан, халықтық қара өлеңге сүйенсе, екінші жағынан, өнімді сөз тапқыш, белгілі айтысқыш жігіт болып ерекшеленеді. Соның өзі Жамбылдың өлеңге үйірлігін де өсіре түседі.

Албырт, жаңа өсіп келе жатқан Жамбыл бойындағы ақындық өнерді игере алмай жүрген кезінде ел аралап өлең айтуды жарапазаннан бастайды.

Осы сияқты өлеңге бет алып, жарапазан, той-томалақтың айтысы-той бастарын айтып жүрген кезінде Жамбыл жырына жол ашардай өз басынан бір әсерлі үлкен уақиға кешеді. Ел жайлауда отырғанда бір ауылда той болады. Ол тойға Шапырашты елінің бәрі келеді. Жігіт-желең, қыз –келіншек бас қосып айтыс, көкпар, көп тамаша болады. Осы тойда Жамбыл Қыдырма қызы Бұрым сұлуымен кездесіп, танысады.

Қыз Жамбылға өзінің атастырған күйеуін менсінбейтінін айтып, Жамбылмен көңіл қосып жолдас болуға сөз береді. Артынан ретін тауып қызбен кездесіп, алып қашатын жағдай іздеп жайлауда қисын таба алмайды. Ел жайлаудан бауырға (күздеуге) көшкенде қызды Жамбыл алып қашады. Алып қашқанда өз үйіне әкелмей, Сарыбайдың інісі Саржанынның үйіне түсіреді. Өзі сыр білдірмей Сарыбайдың үйіне келіп, сонда болады. Қыздың төркіні сұрастыра келіп, Жамбыл алып қашқанын біліп Жапанның ауылына кісі салады. «Жамбыл қызымызды алып қашты, қайдан тапса да тапсын, болмаса қолдасамыз ба», – дейді. Жамбыл ол қызды алып қашқаным жоқ деп мойындамайды. Жер түбінен анығын біліп келген Тәйті Сарыбайға қызды Жамбылдың алып қашқаны анық екенін айтып ұғындырған соң, Сарыбай оңашалап сұрайды. Жамбыл шынын айтады.

«Мен бірақ бұл қызды қайтармаймын», – деп көнбей отырып алады. «Қызды қайтармайтын едім, Сарекемнің екі сөзі ой түсірді. Бірі – «Екей жаңа ел болып келе жатыр еді, тағы бүлінеді ғой. Мына қыздың қайыны ұрқөппе, қау бөрік ел еді, айтқанға көнбейді.

Екінші, әкеңнің тірнектеп жиған аз дәулетіне кесір қыласың ғой. Атаң атастырған қалыңдығыңды ал. Оған тоқтамасаң, осы елдің ішінен басы бос бір таңдаған қызды тауып жіп тақ, өзім алып берейін», – дейді. «Оған заман болып кетті ғой, Сарекемнің күшінен аса алмадым ғой, осы сөзден аса алмай әрең дегенге көндім. Қызды үш тоғыз айыппен қайтарып бердім», – деп өз аузынан 1944 жылы 12 август Жәкең өз үйінде айтты.

Сарыбайдың абыройынан аса алмаған Жамбыл да тоқтайды, қыздың қайны, төркіні де тоқтайды. Бірақ Бұрымның арманы жас албырт ақынның жүрегіне үлкен жара салады. Ол көп уақытқа дейін арман уына оралып, өлеңмен, домбырамен көңіл жұбатады. Жамбылдың ақындығының бір кілтін ашқан, ашынып сөз айтып, мұңды жүректен күйлі сөз шығартқан осы Бұрым әңгімесі еді.

Айрылдым арманменен, қайран Бұрым,

Айдай еді толықсыған аппақ нұрың.

Алдандым, аяғымды шалыс бастым,

Білмедім жан ашымас аға сырын», –

деген арман, өксік өлеңін Жамбыл өмір бойына айтқан тәрізді. Осы арман ақын ойын тереңдетіп, сонымен қатар бұрынғыдан гөрі өрісті ұзарта, өлеңге біржолата бет алуға себеп болған.

Жамбылдың ұсақ-түйек өлеңдерінен бөлек алғашқы ауызға ілінген жері Сайқал деген қызбен айтысқаны. Бұл қызбен Жамбыл Талас бойында кездеседі. Сайқалдың атын естіп Жамбыл бір тойда әдейі іздеп барады. Жамбылдың сол елге келіп, өзімен кездесуге ізденіп жүргенін біліп, қыз да әзірлененді.

Қыз отырған үйге Жамбыл баса-көктеп кіріп келеді. Қыз Жамбыл екенін біліп, жалаң аяқ көк сауыр кебістің басын іліп отыр екен, көсілген аяғын жимай өлеңдетіп қоя беріпті.

«Жіп айыл, құр құйысқан, киіз терлік,

Япыр-ау, бір соны елді жаңа көрдік.

Жиылған, ақсақал мен бозбалалар,

Қалайша бұл Жамбылға жауап бердік», – депті.

Жамбыл отыра беріп:

«Арқаның жардай болады сары нары

Кетпейді Алатаудың жаздай қары.

Істікке шанышқан сирақтай құп-қу қылмай

Қуартпай аяғыңды тартсаңшы әрі», –

депті. Екеуі көп айтысады. Аяғыңда қыз дарақы әдепсіз өлеңге

барады. Одан Жамбыл да аянбайды. Қыз жеңіліп, Жамбыл жол алады. Жамбылдың атағы елге жайылып кетеді.

Мұны айтқан Аманқұл Желдібай баласы. Амангелді колхозында қазірде жасы алпысқа келіп қалған адам. Ол Шубай деген кісінің айтқанынан ұқтым, Шубай да ойынан өлең шығаратын кісі еді, дейді.

Жамбылдың Құлмамбетпен айтысы, бұл – Жамбыл ақындығының үлкен бір белеске шыққан тұсы. Жамбылдың ақын атын аспандатқан да осы айтыс болады. Өйткені Құлмамбет Жетісу еліне аты ерте жайылған, айтысқан ақынды беттетпеген. Орақ ауызды ақын болған. Ел арасындағы бірнеше ақындармен шайқасып және Сүйімбай айтысы, Бақтыбай айтысы, Қатаған айтысы сияқты үлкен айтыстарды өзіне сабақ еткен, өзінен үлкен деп санаған атакты ақындардың ой-өрісі, сөз құрасына құмар Жамбыл Құлмамбетпен бір кездессем деп жүреді. Жамбыл Құлмамбетті ертеден білген, онымен бірнеше аста, тойда қатар өлең айтады. Сарыбай асында да бірге болады. Бірақ айтысып көрмеген. Қалайда бір айтысып көрсем деп ізденіп те жүреді. Осы кезде Жетісу облысы бас қосқан бір үлкен жиылыс болады. Жиылыс Іле көпірінде өтеді. Осы Іле станциясы тұрған жерден аз жоғары, сол жерге үй тігіледі. Алматы, Қапал уездері келеді. Топқа ақындар жиналып, айтыс болады. Айтысты тілмәш арқылы түсініп отырған ояз Құлмамбетті көтермелеп, сыйлық береді. Енді мұнымен айтысар кім бар деп іздегенде, «Газдан басқа ақын құрып па. Сүйімбайдың інісі Жамбыл бар», – дейді.

Жамбыл Құлмамбеттің бетінен, әрі он шақты ақынды жеңіп тастаған екпінінен қорғалып қашқақтап жүреді Жамбыл сыртта кіре қоймай тұрғанда...

Біреуді Жамбыл деген ел мақтайды,
Еркек қойдай құйрығын салмақтайды,
Ақын болса қайда жүр ол немесі,
Көрелік оны неге ардақтайды.
Құдеке, кісі жібер Жамбылыңа,
Жамбылды болар ма екен алдыруға,
Албан, Дулат тобында мен бір жорға,
Менімен жарар ма екен шалдыруға, –

деп, Құлмамбеттің лепіріп отырған серпінінен жүрексіне береді.

«Осы сөз сүйегімен өтіп кетті. Домбырамды алып Құлмамбет-

тің алдынан келіп қарама-қарсы отыра қалдым», – дейді екен Жамбыл. Бұл естелікті Үмбетәлінің Жамбылдың өз айтуынан жаттаған.

Айтыс аса қызу болады. Өзімшіл, өркөкірек Құланаяқ Құлмамбеттің Шапыраштыны азырқана, кеміте сөйлегеніне терісіне сыймай ыза болып отырады. Жамбылға кезек келіп, Шапыраштыны мақтап, әсіресе Сұраншы, Саурықтың батырлығын айтқанда, Құлмамбет: «Сені тапқан шешеннен айналайын», – депті.

Бірнеше рет кезек айтысы, Құлмамбетке кезек келгенде домбырасының ішегі үзіліп кетіп, енді домбыраның ішегін жалғағанша ыза болып отырған тентек Құдайберген үстелде жатқан бәйгені жұлып алып қалтасына салып: «Сен домбыраның ішегін жалғағанша біздің Жамбыл отырама, біздің Жамбыл жеңді», – деп өз кісілерін ертіп тұрып кетіпті. Құлмамбет қалып қояды.

Мұны Жамбыл өз аузынан осылай айтады екен. Осы топта Жамбыл атағы аспанға ұшқандай болады. Он шақты ақынды бет қаратпай қойған Құлмамбетті Жамбыл жеңген деген сөз бүкіл Жетісуға тарайды. Бұл айтысты ел сол жерден бастап жаттап әкетеді.

Іле көпіріндегі бұл той шамасы 1896 жылдың тұсында болған. Өйткені ол айтыста Сүйімбай тірі, бірақ ауру, үйінде. Жиынға бара алмапты. Сүйімбайдың тірі екеніне Құлмамбеттің өз сөзі де дәлел. «Сүйімбай сонда ауру еді, келер жылы өлді» дейді, Сүйімбай 1898 жылы өлген.

Жиын тарап, әркім өз үйіне қайтады. Айтыстың артынан Құлмамбет пен Жамбыл бұрынғысынан жақын танысады. Өзінен жасы да үлкен, әрі атағы да ерте көтерілген Құлмамбетке Жамбыл інілік дәстүрмен сыйлап, өлең айтып, екеуі бұрынғыдан да достасады. Жамбыл Құлмамбеттің қасында бірнеше күндей болады. Екеуі айрыларда Құлмамбет Жамбылға: «Сен қырғыз еліне таныс көрінесің, сол елге барып мен бір өлең айтайын деп едім, осыған мені бастап апар», – дейді. Жамбыл апаруға уәде қылады. Бірақ Құлмамбет еліне барып қайта келмек болады. Жамбыл да өз ауылына қайталы. Сол жылы күзге жақын Құлмамбет Жамбылдың үйіне келіп, екеуі қырғыз асады.

Жамбыл сөзді бетің бар, жүзің бар демей реті келген жерде тіліп салатын болған. Құдайбергеннің болыс күнінде үйіне Жамбыл келеді. Қысқы уақыт болса керек, Жамбыл сәлем беріп амандасса,

Құдайберген Жамбылдың жанына тиіп:

– «Бір жыңды Екеймен жарысам деп, атым өліп қалды», – депті. Есқожа елі Екейді үнемі кеміте сөйлейтін әдеті болыпты.

«Болысжан , жүрген жерің күнде сауық,

Пенденің бойында көп қатер-қауіп,

Екейдің жыңдысымен жарысам деп

Сенің де кетіпті ғой есің ауып,» –

депті. Құдайберген еш нәрсе айтпапты. Өйткені Құдайберген астында аса семіз аты бар, Ұзынағаштан келе жатса, Екейдің Таңат деген бір адамы қасынан шауып өте шығыпты. Екейден атым қалса атым Құдайберген болмасын деп, бұда тұра шауып содан екеуі ерігісіп, ауылға жеткенше Құдайбергеннің тұнып тұрған семіз аты зорығып, өліп қалыпты. Сол есер мінезін бетіне айтып, өзін көзбе-көз жерлеген.

Бүкіл Жетісу еліне белгілі Әжіке руынан шыққан Смайыл баласы Мөңке болыс пұшық екен:

«Жаңғойлық болыстары пысық келеді,

Мұрындары пұшық келеді.

Екі арадан ептеп жерінде

Көздерін тағы қысып келеді», –

деп бетпе-бет айтыпты.

Жамбылдың ерте кезде ел арасында айтқан бір ауыз, екі ауыз өлеңі өте көп, бірақ жазылып, жиналмаған. Және жатқа біліп айтқан адамдардың көбі де қазір жоқ.

«Құтырған» деген бұлақтың бойына жиырма үй ортадан тары егеді. Тары тәуір шығады. Тарыны жинап аларда сол жерге Жамбыл келеді. Жамбыл келгенде Райымқұл, Бекторы деген ағайынды екі жігіт тарыға таласып жатыр екен.

Батыс Қастек болысына қараған елдің Абылқасым Андасов деген және Қасқарау Сүлейменұлы деген екеуі бірі-старшын, біреуі – елу басы, елді жеп аты шыққан атқамінер жебірлер болса керек. Осы екеуі алымның үстіне қара шығын түсті деп бірнеше адамды қан қақсатып жүргенін Жамбыл да естиді. Сол елдің Рақмет деген кедейінің қара шығынға, алым өсіміне беретін ақшасы болмай, үш пұт жоңышқасының ұрығы бар екен, соны алып кеткенін ел арасы сөз қылып жүреді.

Жамбыл бір жақтан келе жатса, әлгі екеуі етсктегі елден алым жиған ба, әйтеуір кездесе кстеді. Екеуі Жамбылға сәлем беріп, біраз

жерге бірге жүріп, өлең айтыңыз деп түрткілейді.

«Төментіннен келесің екі қуым,
Елдің жәйін білесің буын-буын.
Қан соруға екеуің аттаныпсың,
Тағы кімнің тартасың сары суын.
Елден тиын қоймайсың түтін санап,
Есебіңнің аяғын шығарарда,
Рақмет пұшықты алдың талап», –

дегенде, екеуі: «Енді айта көрмеңіз!» – деп Жамбылға жатып жалыныпты.

Ақын әсіресе атқамінер старшын, би, болысқа ащы тілін аямай жұмсаған. Бұл жөңінде әзілдес болғанмен, Қисыбайға айтатын сөздері кісі көңіліне қарап, дәулетінен, «кісілігінен» именбейтіндігін көрсетеді. Жамбыл ұзын сарын, өзекті, сөрелі сөзді құлаштап айтумен қатар бір ауыз, жарым ауыз осы сияқты өлеңдерімен өзінің осы жолын сала жүрген.

Жамбыл өміріндегі және ақындығына қор құйғандай бір тәуір кезең, үлкен белес атақты Шөже ақынмен кездесуі деуге болады. Ақын Шөже Жамбылға үлкен сабақ болады. Шөженің ел шетіне келгенін естіп, іздеп барып жолығып, қырғызға да еріп барады. Сөйтіп біраз күн қасына ереді. Шөженің Кемпірбаймен айтысын Жамбыл сол жүргенде үйреніп, кейіннен елге таратады.

Жаз. Ел жайлауда отырған өте бір көңілді кез болады. Бұдан көп жылдар бұрын, Арқадан ақын Шөже алуан үлгілі жырлар айтып өзіне жаңа жол көрсеткендей болып үлкен өзекті жыр, ұтымды сөзді аңсаған Жамбыл үйінде отырғанда Манақ ақын келеді. Бұл-Жамбылдың жасы кіші болғанымен көп кездесіп әріптес болған ақыны. Жамбылға сәлем бере келіп жайлауда айтып жүрген өлеңін толғап отырып, ол жаңалық хабарлайды.

«Баяғы Шөже ақын келетін Көкшетаудан тағы бір ақын келді», - дейді Манақ ақынның айтқан әншісі Қараөткелден келген Балуан Шолақ болады. Ел аузына сол кездің өзінде-ақ балуанның мықтылығы тарала бастайды. Біреулер жолбарыс соғыпты. Біреулер жандаралды өлтіріп қашыпты, біреулер абақтыны қиратып көптеген солдатты соғып кетіпті деген әртүрлі лақап тарап қалған кез болады.

Жамбыл Манақтан Балуанның түрін, күшін сұрайды. Манақ:

«Мен өзге күшін қайдан білейін, өзім ондай тұлғасы бар адам

көргенім жоқ. Және Сарыүйсін Қалиды екі қолының ұшымен балаша көтергенін көзім көрді», - дейді. Бір ішкенде бір саба іркіт ішетін, арбаға мінгенде жеке ат тарта алмайтын Қалиды балаша көтерді деген мақтау Жамбылға қатты әсер етеді.

Қалидың өзі жасында ірі балуан болған. Үйіне келген кісіні, әсіресе бір кісілік күші бар кісіні көргенде екі қолының ұшымен қақпақыл тасша біресе ол жағына, біресе бұл жағына қойып ойнатып отыратын Қалиды олайша көтеру кімнің қолынан келеді. Әрі әні мен ақындығын естіп қызыққан, әрі балуандығын артық көрген Жамбыл Балуан Шолақты көруге атқа мініді. Жамбылдың қасында әрі сайыскер, әрі балуан Мақыш, Сәдібек ақындар ереді. Топар бойындағы Сарыүйсінге келгенде Балуан Шолаққа кездеседі.

Ел аузындағы сөзден жамбыл Балуан Шолақпен бірге біраз болып әніне қанып, күшін де көреді. Жамбылға Балуан Шолақ ерекше әсер қалдырады. Әсіресе Балуан Шолақтың өз басынан кешкен әңгімелері ерекше ерлік болып әсер етеді. Аз күн жолдас болғанда Балуан Шолақ өзінің әншілік сері мінезінен, алуан құбылысты балуандық өнерінен бөлек аса бір тараң сыр сездіреді. Ол жаңа күрестің жалынды туын көтеруге бет алған эзірлікте жүрген батыр болып көрінеді. Оның әрбір ісінде, сөзінде жаңа күрес сарыны естіліп тұрғандай болады. Елдің мұны мен сырын өз басына көп жиып, тұншығып ұшқынын тұтатқандай болады.

Жамбыл Балуан Шолақпен қош айтысып қайтаратында, өзінің дәмеленген жайынан көп нәрселер айтады. Алатау сыры сияқты аса сырлы жыр айтып қоштасады. Өзі де үлкен ой олжасын теңдеп үйіне келеді.

Жетісу елін Алматыға тойға шақырыпты, әнші, домбырашы, ақын-жырау-жүйрік ат, қыран бүркіт –бәрін әкелсін деген бұйрық болады. Осы тойға баруға Жамбылға да хабар келеді. Жылқыбай, Шалтабай, Тәйтелі сияқты атты, жабдықты байлар тойға жүргенде Жамбыл да жүреді.

Той-жиын дегенде арқаланып көтеріліп кететін Жәкең бұл тойға аса көңілденбейді. Бірақ ақынды қалдырмасын деген бұйрықпен болыстар қалдырмай алып жүреді. Жәкең бұл тойдың не екенін, қайда, кімге өлең айтатынын онша біле қоймайды. «Сол жылғы жазда, жайлау да кедейленген өмір түріндей сұрғылт көңілсіз еді», – дейді екен Жәкең өзімен сөйлескенде.

Бәйгі атын алып, жорғасын мініп тойға жүрген байлармен Жамбыл да бірге аттанады. Жамбыл айналасы Мақыш сияқты, әрі

батыр, әрі ақын Үмбетәлі сияқты шәкірттерімен шоғырланады.

Бұл Романовтар әулетінің 300 жылдай үздіксіз патшалық құрған құрметіне жандарал жасаған әрі той, әрі көрме болады. Алматы қаласының тау жақ қырындағы үлкен арықтың сыртынан үй тігіліп, жұрт сол жерге жиналады. Ақындар, әншілер, домбырашылар бір үйде болады.

Тойға 15 ақын келген.

Майкөт ақынның баласы Арқабай ақын, оған еріп Мамырайым ақын, мүсіреп баласы Сәдібек ақын, Жанақбай ақын, Қарабек ақын, Әбдіқадыр Қасымбаев ақын, қасқараудан Мұхамбетжан ақын, Есқожадан Өмірзақ жыршы, Жамбылдың жақын шәкірттерінің бірі Үмбетәлі ақын, Шұқтай ақын.

«Осы жиналған ақындардың бәрі де Жәкеңнен кіші еді, көбі өзінің шәкірттері еді. Сондағы ұлықтар Жәкеңді осы ақындарға басшы етіп қойды, әрі ешқайда бытыратпа, әрі патшаны мақтап өзің үлгі көрсетіп өлең айтқыз деп бұйрық етті», – дейді осы жиында бірге болған Өмірзақ Қарғабайұлының айтуынша.

Бірақ Жәкеңе бұл той ешбір әсер етпейді, шарықтап өлең төгерлік ықыласы болмайды. Жандарлардың тілмашы Бақия, уездің тілмашы тапсырманы ұғындырады. Бірақ ақындар не жырлады, нені айтып жатыр онымен ұлықтардың жұмысы аз болады. Сол жерде тойға келген ақын-әншілерді қатар отырғызып суретке түсіріп алады. Мұның өзі оларға маңдайына жоғалмас таңба басқандай болып көрінеді. Ол сурет осы күнде бар. «Түс мезгілі еді. Үйде отыр едім, уезд Дихановтың өзі кіріп келді. Мас екен. Тілмаш арқылы «басқа ақындар қайда, оларды неге тараттың», – деп маған ақырды. Мен «Ақынға қойшы емеспін және тамақтары аш бір үйде қамалып жатсын ба, тамақ іздеп кеткен шығар», – деп ем. Сен соны айттың деп Диханов келіп мені төбемнен қойып қалды. «Мынау қайтеді» деп домбырамды қолыма ала беріп едім, тілмаш маған қолымен ымдап: «Мені мақтап өлең айтасын», – дейді деп бұйрық етті.

«Әділі жоқ ояздар,
Әділетін бұрады.
Ақ таяқша айналып,
Есігінде тұрады.
Жазығы жоқ Жамбылды,
Төбеге келіп ұрады.

Басыма бір қойғанда,
Миым кетті айналып,
Дихановтай уезге,
Басым отыр байланып,
Басында сөзін ұқпадым,
Ұқпағаннан бұққаным,
Қайдан бағып отырам,
Аш ақынның ас іздеп,
Қаңғырып сыртқа шыққанын», –

дегенімде тағы бірі жерді тепкілеп зекірді. Ол екі ортада, Шарғын деген бір көзі соқыр ақын бар еді, оны бір солдат желкелеп әкеліп үйге кіргізді. Сөйтсем ол үйдің қасындағы бақтан алмұрт алып жеп жатқанын көріп желкелеп әкеліпті. «Сендерді құрметтесе ұлықтың бағынан жеміс ұрлайсындар, бәріңді жаптырып қоямын», – деп тілмаш қорқытты. Сол жерде сыртта жүргендер жиналып қалды. Бірақ ұлыққа кім қарсы сөз айтады. Жұдырығы қатты неме екен басым ауырып қалыпты деп, еске алып еді Жәкең 1944 жылдың 12 август күні.

Қара түнек дүниені басқан зіл серпілді. Зілді бұйрық айтылған шерлі күн өтті. Патша орынан құлады. Оны орнынан жұлып түскен қандай күш деген сұраққа Жамбыл: «Кедей табы, жұмысшы мен солдат», – деген аңыз сияқты ұзын сарын естіді. Бірақ оны бастаған дана кім, өзі өмір бойы іздеген халықтың шын қамқоры болған ұлы батыр кім? Ол кезде жете біле қоймады.

Совет өкіметі орнады, жарлы мен жалшының ұстап жүр-ау, тіпті ойнақшып бір жерге тұрмай жүйткіді ғой- дейді базардың шетінде тұрған Мәңке болыстың баласы Иманбай. «Арқасы ұстаса сені жетістірдіғой, оның тілі тиген жерін ойып түсетін у қорғасын емес пе?» – дейді Сәттің баласы Темірболат. – «Біздің бір жерде топталып шеттеп тұрағанымызды көріп айтты ғой», – деді Жұмақан баласы. Бұлар үшеуі де байдың балалары-шеттеп базарға кіре алмай тұр еді, – деп еске алады Саяділ Керімбеков. Бұл – 1920 жылдың көктеміндегі бір жиылыстағы Жамбылдың жүрісі. Бостандық, теңдік алған кедей-кепшіктің тобына сүйсініп, жырын ағытар орын таппағандай толғап ақын шабыты елестейді.

Сол 1920 жылдың жазында жаңа сайлау жүреді. Алматыдан Ұзынағашқа қазақ жігіті сайлаушы болып келіп Ұзынағаштың батыс жағындағы Қарасу колхозының жанындағы бұлаққа үй

тіккізіп түседі. Кедейден болыс сайланатын болып және сайлау өткенше қасымда болсын деп ақын, әншілерді жинап алады. Сонда Қордайда Кенен де келеді. Қарақыстақтан Мақыш келеді. Бармақ ақын да болады. Үмбетәлі де болады.

«Олар ақын болса, ұлық болса, мен де ақынмын. Менің де іздегім сол. Олар менен бұрын ақын болып па, мен де кірем», - деп ақындар мен сайлаушыларының үстіне келеді Жәкең.

«Жәкең көп отырып, талай өлең айтады. Онда бостандықты жете түсіне алмай, атқа мінген жігіттердің кебіреулері бетімен шабуылда жүрген кезі. Біз сонда Жәкеңнің сөзінен қорқып отырдық. Бұрыннан тура айтатын кісі. Осы жолы да бетің бар, жүзің бар демей қатты айтты. Осы совет үкіметі алғашқы орнаған кез, базарда киім-кешек аз, ақша да бағалы емес, заң тәртібіне халық жете түсіне қоймаған кез еді

Бірақ сайлаушы жігіт Жәкеңе қатты еш нәрсе айтқан жоқ. Көп жырларын қалап айтқызып, қасында қондырып, сайлап қайтарды», - деп еске алады Кенен ақын.

Жамбылдың бұл келуі тек өлең айтып, ел аралау емес, сайлауға шыққан жігітті көру екен. Ел арасында жүрген кейбір тентек уәкілдерінің басбұзар қылығын айтып ой салу: халықтың күйін айтып, ел жайына көңіл қой деп халық уәкілі сияқты болып келуі. Жәкеңнің бар кемдікті туралап сонша батыл айтып беруі бір ауыз сын айта алмай, ылғи мақтап отырған бізге сабақ болды. Жәкең кеткеннен кейін сайлаушы жігіт бізге: «Міне, шын ақын өлеңді осылай айтуы керек. Шындықты қандай жақсы айтты, ал сендер. «Теңдік болды, кеңдік болды», - дегеннен басқа түк айтпайсындар деп жатып сөкпесі бар ма, - дейді бұдан соң Кенен Әзірбайев.

Осы жолғы сайлауда Қордай еліне Кенен волисполком бастығы болады (болыстық атқару комитетіне бастық болып сайланады). Қастек еліне Мақыш Райымбек баласы болыс болып саланады. Бұл екеуі де ақын. Сонда ел аузында ақындар болыс сайланатын жыл деген белгілі уақыт болып қалады.

Мақыш Қастек еліне волисполком бастығы болып сайланып келгенде, Жәкең Мақышты өте жақсы көріп көп қалжындайтын және ылғи жанына тие сөйлеп отыратын адамы болған.

«Көкпек жаган түйедей аузынан дем алатын ұры неме де болыс болды-ау», - деп қалжындапты Жамбыл. Мақыш та жасы үлкен демей Жамбылға қатты қалжындайды екен.

«Басынды осы жерде кесейін бе,
Тілінді қанжарымен тесейін бе,
Ұры деп ел алдында жамандайсың,
Ішінді шершеуіңнен есейін бе»,-

деп Жамбылға тиісіп өлең айтады.

«Басымды кессе осы ұры кесіп алар,
Есімнен ашуланса тесіп алар.
Садыбектің баласын жиып келіп,
Таудан отын алдырып өшін алар.
Кедейдің одан басқа несін алар», –

депті оған Жамбыл.

Жамбыл осы Мақыш болыстыққа сайланғаннан кейін бұрынғы бай, жуандардан билік кетіп, әйелге бастандық болып, шын кедейшіл үкімет орнағанын осылайша таныған. Салмақ байға түсіп, кедйден сайланған болыстар кедей жағына болысатынын, Совет үкіметінің негізгі заңы солай екенін мына бір ауыз өлеңінде дәл айтып берген:

«Түспейді бұрынғыдай кедейге зор,
Байларға кедей болыс түйілген сор.
Еркіндік қатын-қыз бен алды кедей,
Болмайды топты қатын бір байға қор».

Жамбылдың Мақышты жақсы көретіні жайлы және бір ауыз сөз. Біріншісі-Мақыш ақын, сері жігіт болған. Жамбылдың қасына көп еріп серік болған. Екінші- мақыш қырғыз-қазақ бас қосқан бірнеше үлкен аста жеке батыр сайысқа шығып, қырғыздың Тістеуік сияқты ірі батырларын шаншып түсіріп бәйгі алған аса ірі батыр болған. Үшінші – 1916 жылғы көтерілісте Қастек еліне Сатайға барып қоысылып атқа мінген осы Мақыш болған. Батырды, батырлықты, сері ақындықты жақсы көретін ақын Жамбыл мақышты осы үш себептен өте сүйген.

1921 жылы осы күгі Жамбыл колхозының күншығыс жағындағы Шотай бұлақ даған жердің қабағынан Ермекбай деген ұста дүкен салып, Оспан ақын (0 да ұста) екеуі іс соғады. Онда ел колхоздаспаған, ақы алып елдің атын тағалайды, соқасын таптайды, орағын соғады, арбасын істейді. Күзгі қара қатқақ кез, астында арық боз жорға дөнені бар Жәкең де келеді. Оспан ұста дүкен алдынан Жәкең сәлем береді де қайтадан дүкенге кіргенше Жәкең:

«Ей, Оспан, сенің атың Тастемір Таңабай ма,

Большевик кедей күйін жаңалай ма,
Бозжорға кібіртіктеп жүре алмайды,
Қайтеді, Оспан мұны тағалай ма?
Екеуіңе бергенім жалғыз бақыр,
Ақсақ ұстаң қайда жүр бермен шақыр.
Сол бақырды бергелі үш ай болды,
Бітпес пе екен болғанша заман ақыр.
Қарсы алдында отыр ғой соқыр кедей,
Орақ алып қолына отыр кедей,
Бір орақтан алсаң да бір бұт бидай,
Қалтақтайсың Ермекбай ішпей-жемей.
Күнге беттен Ермекбай дүкен сапты,
Антұрған күнге бетті қайдан тапты?
Біреудің ақсақ болғанда біреудің сау,
Қайдан қостың екеуің ынтымақты», –

дегенде Оспан да, Ермекбай да Жәкеңнің атын тағалап, бақырын да бітіріп береді. Жәкеңнің сөзіндегі соқыр кедей деген сол жердегі бір нашар адам екен. Екі ұста бидай әкел деп ораған істемей отыр екен, оның да орағын істеп береді. Сол жылы қысты күні Рақмет орағын кісі қыз ұзататын той істейді. Тойға Жәкең де келеді. Келген кісілердің атын байлап, үйге кіргізіп жүрген Төлеген деген жігітке, Жәкең аттан түсіп, үйге отырғаннан кейін:

«Менің мініп келгенім жирен дөнен,
Жорға басып аяғын кирендеген.
Таса жерге байла да, Төлеген, шөп салып қой,
Біреу мініп кетпесін сүйреңдеген», –

деп тапсырады. Жамбылдың осы бір ауыз өлеңінде, сол кездегі көп уәкіл лаушыл жүрістің сыры тамаша айтылған.

Жамбылдың қолына домбыра алуды сиретіңкіреген, асла да тек өзі үйде күңіреніп тартатын шағында, кеңшілік заманның қуанышы, ежелгі серігін қолына қайта алдырады. 1925 жылы Алматы қаласында Қазастанның автономия алғанына 5 жыл және Жетісу, Сырдария елдерінің Түркістан өлкесінен бөлініп Қазақстанға қосылғанына бір жыл толуына үлкен той жасалады. Бұл тойға Жамбылдың шәкірттері Кенен, Үмбетәлі, Өмірзақ, Сәдібек, Бармақ, Қарабек тағы толып жатқан ақындар келеді. Бұл той 1913 жылғы өздерін бір үйге қамап патшаны мақта деп пристав, стражник күштейтін той емес. Той- халық тойы, елдің әйелі, еркегі

бірдей тойлаған, шапқан ат, алған көкпар, балтыры жарқырап күрескен балуан, салыстырған жорға-бәрі халықтың өз мерекесі. Тойды басқарған, ойын-сауық тізгінін қолға алған Кенен, Мақыш сияқты өзінің шәкірттері.

Алыстан сарқылып келген арман түйіні шешілгендей, елі масайрап еркіндік алғанда, ері ел билеп, күні кеше үні естілгенмен үйірімі кетіп тозғындаған қазақ елі бас қосқанда Жамбыл жыр теңізін ақтарса керек. Жамбыл осы тойда Ұлы Ленинді анықтап естіп, ісіне қанық болады. Еліне еркіндік берген, кедейдің кемелді өміріне жол ашқан, ұлт құлдығын жойған, шын батыр кім деген сұрағына жауап табады.

«Халықтың енді, міне, жетілгені,
Құрыштың білінбейді кетілгені,
Аталып Қазақстан ел боп туып,
Үй тігіп, ірге қалап бекілгені», –

дейді. Бірақ бұл өлеңі кезінде жазылып алынбай қысқарып қалған.

Жамбылдың осы 1925 жылдан 1927 жылғы шөп бөлісіне дейін қандай жыр айтып, сол уақыттағы үкімет істеріне нендей мән бергені қолға түспейді. Бірақ Жамбыл сол жылдарда шын мәнісінде атқа мініп, ел аралағыш, кейбір той-думандарға барғыш болған. Мысалы, Жамбылдың жақын туысқаны және құрдасы Тәйтелінің ауылында той болады. Оның үстіне Жамбыл келіп, Үмбетәліге әзілмен соқтығып, екеуі біраз қағысып қалған.

«Ұйқыда жатырмысың, қара бала,
Сөйлесе бұл Жамбылдың сөзі дара,
Тұрмайды тұлпар дуда деген осы,
Жамбылдың тойға келген қалпын қара», –

деп соқтыққан.

1927 жылы жаздыкүні шабындық бөлуге шығады. Бұрын байлардың ата мұрасы, мүлкі болып келген жер бөліске түседі. Өз ауылындағы өзімен ауылнайлас бай жуандардың шабындығы кедейлерге бөліске түседі.

Осы бөлісте бұрын уыс құлақ шөп алып көрмеген кедейлердің есеге қолы жетеді. Бала-шағасымен Жәкең де таңдаған жерінен шабындық алады. Пішпен бөлісі боларда Ұзынағашта барлық ал бас қосқан жиналыс өткен. Жиналысты қосшы ұйымының мүшелері басқарады. Жер бөліске түсетін болып мойнына су құйылған бай, жуандар іріктеліп топтан шығады. Сол топта:

«Сексен бірге жас келіп,
Әр немеден жасқандық,
Кәрілік деген тақымдап
Өлім қалды жақындап.
Суырылып сөз келді,
Жамбыл сынды қартыңнан,
Мұнша жасқа келгенде
Не көріп, не білгеннен.
Бір ауыз сөз айта алмай,
Қалса үлкен мін ақынға,
Елестер сан белестер.
Соның бәрін ашқанда,
Қол жеткізген асқарға,
Маркс, Ленин-кемеңгер,
Жер мен суды қолға алып,
Жетісіп тұр енді елім» –

деп ұзақ жырлайды.

1934 жылы Алматы қаласына шақырылған жас көркем-өнершілер мәжілісіне келіп Жамбыл жыр айтады. Бұл жырда Жамбыл бір кезде азып-тозып кеткен халықтың ата мұра асыл қазынасына талапты жастардың қолына тиіп көркейе бастағанына қуанады. Соған арнап:

«Уа, термеден сөзді бастайын,
Жас жігерлер алдында .
Топтан озған тарлан ең,
Шабысының тандаң ба.
Туяғың тозып, топас боп,
Шаршы топқа түскенде
Китіндеумен қалдың ба,
Шабысы болар шалдың да», –

деп өзін жастар алдында сөзден сүрінбейтін жігермен қайрап жыр ағызады. Жамбыл бұрынғы бір ауыз, жарым ауыз сөзбен түйіп тастаудан гөрі созып, желілеп, молайта айтуға, бұрынғы ойда бұғып келген жыр желісін ұзартып, өлеңді көргеннен ағытқандай құлашты кең тастайды.

Жамбылдың бұл кездегі айтқан әрбір кезеңді жердегі жыры заман бейнесін суреттеуге кеңінен қамтылған жыр болады. Бірақ бұл кездерде де тек бір мереке, иә бір болған уақиғаға байланысты

арнаулы жыры болмаса, Жәкеңнің ел ішінде айтқан күнделікті жыры жазылмаған.

1935 жылдың ішінде Жәкең өз елінің жайлау, күзек, көктеу мекендеріне барып, колхозшылар арасында үздіксіз жыр айтады.

Сол жырлары да жиналып жазылмаған.

1936 жылы Қазақстан көркемөнерпаздарының Москваға баратын дайындығы болады. Осыған арналып ақын, әнші, күйші өнерпаздарының слеті шақырылып, барлық жүйрік жарысқа түсті. Бұл жиналыс-бәйгі кәрі тарлан Жамбылға аса ұнайды. Ол осы жиналыста бұрын атын естіп, өзін көрмеген сан өнерпазды көреді. Солармен бәсекесіз өнер салыстыру бәйгесіне түскендей аса көңілденеді. Бір шеті Оралдан, Каспийден, бір шеті Қытаймен шектес Алтайдан келген жүйріктердің өнеріне сүйсініп сүйікті жыр толғап, топтың алдына түседі.

Москваға баратын өнерпаздардың ақсақалы болып Жәкең аттанды. Жәкеңнің ұғымынан терең орын алған Мәскеу жұртшылығының достығы. Партияның қамқорлық басшылығы гүлдендірген елінің бейнесін Жәкең кейінірек толғап айтуға ойланып жыр төгеді. Бұл жыры әрі сыр, әрі қуаныш жыры болып өрісті өте ұзаққа тартылады. Жәкеңнің осы жырлаған «Туған елім» деген жыры жүлденіп шыққан жаңа белесі болып, аса әдемілігі мен бірнеше тілге де аударылып бір ғана қазақ поэзиясы емес, бүкіл Советтер Одағы поэзиясының үлкен орын алады.

АСҚАР ТОҚМАҒАМБЕТОВ

ЖАДЫМДА ҚАЛҒАҢДАР

...Мен осы алып ақын Жамбылдың өзім көрген, өзім бірге жүрген кезеңдегі қызықты кезеңін еске түсіргім келеді. Әрине мұндай естеліктерді айтуға да бір себептер болады. Оған басты себеп: Жамбылдың туғанына 125 жыл толуы себеп болып отыр...

...Отан соғысының отты жылдарының бірі еді. Түнгі сағат он екі кезінде Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті республика Жазушылар одағының президумы мүшелерін түгел шақырды. Бастығымыз Сабит Мұқановты алдымызға салып (ол кезде машина жоқ) жаяулап ЦК – ға әрең жеттік. Келсек олар күтіп отыр

екен. Бюро мүшелері толық жиналған. Әңгіме майдан жайында болып жатыр.

– Ленин қаласына қауіп төніп тұр. Ленинград қоршауда қалды. Бұған рух беретін өлең керек, – деді Орталық Комитеттің секретары. Ақындар өзара келісе келе, ол жырды айтуға Жәкең кезек берген дұрыс дедік. Оның үстіне Жәкең Ленинград жайлы кейінгі күндері жиі сұраушы еді.

Түнде сағат үш жарым шамасында үйіне барсақ, Жәкең әлі ұйықтамаған екен. Кіріп келгенімізде қолын көзіне қойып көлегейлеп бізге қарады. Барғандардың ішінде Мұхтар, Сәбит, Әбділдә, Тайыр және мен бар едім. Бәріміздің де шашымыз дудардай қобырап, үрпиіп тұр екен. Жәкең қолын беріп жатып:

Шаштары бар дудар-дудар

Сөз аңдыған өңкей қулар -

деп сәл жымыды да кенет сұрланып:

– Алғадай аман ба, жүрістерің суыт екен, — деп қыран бүркіттей қомданып шаңқ ете түсті де тесіле қарады. Көзінен ыза мен кектің, ашудың оты шашырап тұрғандай еді. Бәріміз де келіп Жәкеңнің қолын алуға ұмтылып едік, бірақ Жәкең қолын бермей қойды.

– Алдымен баламның амандығын айтыңдыр, жаман хабар жоқ па? – деп тамыры қартайған қолы дір-дір етіп кідіріп қалды. Алдымен Мұқаң сөйледі:

– Пәлі, біз ондай жаман хабар болса, бірден топырлап алдыңызға келеміз бе? Алғадай аман, Жәке, – деп құлағына аузын тосып айқайлады.

– Ендеше жеті түнде не бітіріп жүрсіндер топырлап.

– Ленинградты білесіз ғой, Ленин тұрған қала, Қазір сол қала қауіп үстінде тұр. Жан – жағынан жау қамап отыр. Соған арнап сіз өлең жазыңыз. Сондағы өрендеріңіз марқайсын, «Қаһарлы сөз қамал бұзады» деген ғой, Жәке, Сіздің өлеңіңіз де неміс фашистеріне ойран салсын. Соны айтқалы келдік.

Жәкең тыңдап алды да, толғанып, ыңырынып отырып қалды. Жаралы жолбарыстай ауыр-ауыр күрсінді. Бәріміздің көзіміз Жәкеңде. Жақ жүні үрпиіп, мұрты тікірейіп, кәріліктен су алған екі беті бүлкілдеп тұрғандай сезілді.

– Әперші ана домбырамды! – деді біраздан соң Жәкең.

Әлде өз құлағы естісін деді ме? Көп жасаған құндақты қара

домбыраны көп бұрады. Бұрап алды да, домбыраға қосылып жырлап қоя берді.

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің! –

деп бастады. Осы екі жол өлең бұлақ көзінің тығынындай болып тұр екен, екі ауыз өлең шыққан соң лықсып, ағылып-төгіліп жүре берді. Төрт адамды жазып алуға даярлап қойғанбыз. Олар ағытылған жырды арабша түртіп қалып отырды.

О, қаһарман өренім,
Мақтанышым, беделім....

Сол сол-ақ екен сөз тасқыны үсті–үстіне лақылдап құйыла жөнелді. Тайыр бір шумағын, Әбділдә екінші шумағын, Ғали тағы бір шумағын, мен бір шумағын жазып отырмыз. Ақшулан тартқан түксиген қасын бір сипап қойып, көзінен жасы сорғалай отырып, Жәкең көпке дейін толғай берді. Біз жазып отырмыз.

Қатты майдан алда бар,
Жанышталар айдаһар,
Жата алмаймын төсекте,
Жаным қалай жайланар, –

дегенді айтқанда бұрынғыдан да екі есе қатулана соқты.

Жазған шумағымыз табан астынан бізбен бірге келген Тарловскийге қолма-қол, сөзбе-сөз аударылып жатты. Ондағы қиыншылықтың салмағы Мұқаңа түсті. Кең мандайын қолымен сипап қойып, байсалды, биязы сөзімен жайлап орыс ақынана жеткізіп отыр, Жәкең домбырасын жастығына сүйеп қойып жатыр:

– Мен қазір тоқсан үштемін. Бірақ жаспын, бақыттымын, мен әлі атқа отырамын. Қуанышты, қуатты, батыл ұлдарым, немерелерім мен шөберелерім қоршауда. Мен өзімнің социалистік Отанымды өлшеусіз жақсы көремін. Отанымды жаулардан қай уақытта болса да мылтықпен не өлеңіммен қорғауға даярмын,- деп шын адал жүрегін ашып салды.

Жамбыл ақыннан «Ленинградтық өренім» дегені ауыр күнде, отты түндерде Отан соғысының жалыны лапылдап тұрған кезінде осылай жазылып еді. Мен сол күндердің зілдей меңіреу түндерін. Жәкеңнің домбырасына қосылап көзінің жасы сорғалап отырғанын еш уақытта ұмытпаймын. Әсіресе Жәкеңнің:

Жылан басы жаншылар,
Жау түнегі аршылар.

Тағы сайрар бұлбұлдар,
Тағы жайнар жұлдыздар,
Масайрасар ұл -қыздар! –

дегені өмірімде естен шықпайды.

Тағы бір естен кетпейтін оқиға Жамбылдың жақсы көретін баласы Алғайдайдың қайтыс болуы еді.

...Бір күні ұрыс даласынан Қазақстан Компартиясы Орталық комитетіне хат келіпті. Ол хатта Жамбылдың сүйікті ұлы Алғайдайдың елін қорғап жүріп оққа ұшқаны айтылыпты, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті ауыр қазаны Жамбылға естіруге Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұханов, Ғабит Мүсірепов, Тайыр Жороков және мені жіберді. Сағат он шамасында келген біздер сағат он екіге дейін Жәкеңе қалай естіртудің лажын таппай оңаша сөйлестік. Өйткені Жәкең науқас әрі құлағы онша есітпейді. Құлағы естімейтін адамға баласының өлімін ескерте салу да оңай емес. Жамбыл бұл күндері ауырып төсек тартып жатып қалған. Ойласа келе Қаныштың тапқан ақылы былай болды.

– Жәкеңнің өзімен тұстас, әрі жақсы көретін үзенгілес достарын түгел жинайық. Кенен, Саяділ, Үмбетәлі, Қарғабай, Жартыбайлар да қалмасын. Олар түгел келісімен Жәкеңе жіберейік. Үзенгілес достарының басы қосыла қалғанына қалай танқалмас екен? Сосын арғы жағы белгілі ғой... – деп Қаныш насыбайын ата отырып, сұлу келбетті жүзін жаңа шығып келе жатқан күннің нұрына тосып, бір көзін қыса сөйледі. Қаныштың бетіне қатты үңіле қарағаным да сол еді. Данышпан адамның тұс келбеті өзгеріп, қаны қашып сұрланып тұр екен. Ат жақты жүзі әдемі шашы азыңған желмен көзіне түсіп желбіреді. Бәрінің де қайғы ізі бар. Бәрінің де көзі жасаурап, мөлдіреп тұрғандай.

Тұс ауа жіберген машинамен Кенендер келді. Бәрі де үрпиіп шошып қарайды. Бәрінде де қауіп бар. «Не болды екен?» деген ойларында қатерлі сөз жатыр. Оларға Қаныш пен Мұқаң жайлап отырып түсіндірді.

– Жәкең науқас екен, ойласа келе сіздерді алдырдық. Енді сіздер Жәкеңе кіріндер, арттарыңнан біз де барамыз, - деді. Олар киімдерін шешпестен, басына Жетісудың қаусамалы қаракөлінен тіккен бөріктерін киген бойымен Жәкеңе кірді. Киім шешпеудің өзі де сесік туғызып. Жәкең бірнәрсе сұрар деген үміт еді. Оның бәрі

ақыл болып шықты. Жәкең жатқан орнынан басын көтеріп, кәуіптеніп,

– Сендерді кім шақырды? Әлде менің Алғадайыма бір нәрсе болды ма? Айтыңдар, Алғадай аман ба? – деп көзінен жас сорғалап қоя берді.

– Иә, Жәке солай болды, – деп алдымен Кенен барып құшақтады да солқылдап жылады. Оған қосыла бәріміз де жыладық. Сол сол-ақ екен өзі қалжырап отырған қайран Жәкем сылқ құлап төсегіне жата кетті. Сол жатқаннан төрт күн жастығынан бас көтермеді.

Міне, біз Қаныш пен Мұқаңның ақылымен Жәкеңнің соғыста өлген баласы Алғадайды осылай естіріп едік. Бұл да бір ойдан шықпайтын ауыр күннің бірі еді.

– Мен Қазақстанда өсіп қартайған адаммын. Сол жердің топырағын иіскемесем, қымызын ішпесем, қазысын жемесем қарным тоймайды, бүйірім шықпайды. Шабытым да келмейді. Жайқын далада жойқын өскен адаммын ғой. Қаланың ауасы қою екен, соның да әсері тиді ме, сырқаттанып қалдым. Енді елге жетуге асығып отырмын, мүмкін болса мені Калинин өз вагонымен Алматыға жеткізіп салсын, алғысымды алсын, –деп күлімсіреді.

Мұқаң майын тамызып, орысшаға аударып берді. Оған отырғандар қол соқты, күлді жадырнап қалды.

– Біздің Жәкең жай адам емес, ауызды мол салған жоқ па? – деп Тайыр маған сыбырлап отыр. Сөйтіп Жәкеңе М. И. Калининнің арнайы вагоны берілді. Біз сол вагонмен ауылға Жәкеңді алып қайттық. Жәкең Ақтөбеге жақындағанда төсегінен тұрып айқайлап отыр.

– Балалар, қымыран мен қымыз табылса соны алыңдар, сөк әкеліндер, – деп бұйырады.

Айтқанын тауып әкеліп ек, балаша қуанды.

– Енді Жамбыл балталасанда өлмейді, жүзге жетеді, – деп селкілдеп күлді, көзі жайнап кетті. Сол кездегі түрі қасқырға түсетін қыранның көзіндей оты шығып жалындап тұр.

– Әпер менің домбырамды? – деді де бір кесе қымыранды сіміріп тастап.

– Жарықтық жусанның иісі бұрқырайды. Бұл ауруға ем ғой. деп терезеден кең далаға қарады.

Күндегі әдетімен дәрігер қыздар Жәкене келді. Күнде байқамай ма? Әлде өзі көңілсіз болған соң көңіл бөлмей ме, бүгін Жәкең көңілді отыр. Көзін сығырайта қарап.

– Бұл қыздар қай жердің періштесі? – деп әзілдеді.

– Кремльдің дәрігер қыздары, Калинин ақсақал қосып берген, – деді Тайыр құлағына жақындап

– Ее Кремльдың ақ қанатты періштелері демейсің бе? Сәйдіс, қыздарым беттеріңді әкел, алдымен бір сүйіп алайын....

Қыздар беттерін тосты. Әкесінің сүйгеніне олар масаттанып қалды.

– Иісі қандай еді, жұпар аңқиды. Енді мен, жігіттер бұлар хордың қызы болса, мен періште болдым деп рахаттанып күлді.

Бізге жол жүру көңілді болып кетті. Өйткені, Жәкең көңілді, қолынан домбыра түскен жоқ. Бұл кісі 100-ге жасы жақындаса, өткен 100 жылдың әңгіме, аңызын біледі. Екі ғасырды білген адам тегін болады ма? Оның үстіне Жәкең қара сөзбен сөйлемейтін адам, ылғи өлеңмен айтады. Бір ғажабы өткен жылдың оқиғасын айтқанда я жылын, я күнін ұмытпайды. Қай оқиға қайда болды. Қай жерде өтті. Соның бәрі тайға таңба басқандай әрі тамаша, әрі қызықты болып айтылады.

Әр қалаға келгенде терезеден қарап оның қай қала екенін сұрап алып, оның тарихына тоқтайды.

Поезд Қызылордаға тоқтап еді. Қызылорда екенін сұрап алып:

– Е, бұл Қалмақанның ауылы екен ғой. Бұл астана болған, аруақ орнаған жер. Мұнда Қажымұқан да болды, Әміре де болды, – деп аузын күмбірлетті де қолымен бетін сипады.

– Жігіттер қауын-қарбыз әкеліндер деп Тайырға қарады. Қашан ұзап кеткенше терезе алдынан кетпеді.

Поезд Жамбыл станциясына тоқтағанда, одеялын жамылып жатып алды.

– Жарықтық Әулие-ата, атыңды мен тартып алғаным жоқ, халық солай атады деп, – Әулие-атаның алдында айыпты адамдай жатып қалды, тек Алматыға жақындағанда барып орнынан көтерілді.

– Айналайын Алматы, желің қандай жұмсақ, суың қандай моншақ, тауың қандай заңғар, бауырындығы бауың қандай гүлзар, – деп өлеңдетіп жіберді.

Алматыға келгенімізді білмей қалдық.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ

СӘЛЕМ БЕРЕ БАРҒАНДА

– Екі ай демалысыңыз біткеннен кейін Алматыдан бірден майданға қайттыңыз ба, Бауке?

Бауыржан. Екі айдан асыңқырап қайттым. Жолда Жуалыға соқтым. Одан бұрын, енді бірер күнде қайтамын деп әзірленіп жүргенімде бір күні Сәбит:

– Әй, Бауыржан, мен бір білместік істеп алыппын, кешір, ұят-ай, ұят болды, – деді, сол үйден түстік ішіп отырғанымызда.

– Не боп қалды, Сәке?

– Біз бүгін кешке қарай Жамбыл қарттың ауылына барып келейік. Жәкеңнің алдын көріп, сәлем беріп қайтқаның орынды болады.

– Жарайды.

Сол күні кешке Ұзынағашқа бардық. Жамбылдың үйіне кіріп, бір бөлмесінде жантайып жатқан жұдырықтай ақсақалға сәлем бердік.

– Тәте, баяғы Ғазіреті Ғали сияқты, майданда жауды жайпап жүрген Бауыржан деген батыр балаңыз осы, – деді Сәбит Жамбылдың құлағына дауыстап. – Талай немісті қырып салған нағыз ердің ері. Соғыстан келіп еді, енді соғысына қайта кеткелі жатыр. Сізге сәлем беріп, батаңызды алып кетемін, –деп келді.

Жамбыл менің бетіме сығырая қарады. Оның сынап отырғанын байқап, мен де қабағымды түйіп, оған ежірейе қалдым. Содан соң Жамбыл Сәбитке қарай мойнын бұрды да:

– Мына қызынды... – түсі тым суық екен, батыр болса болар! – деді.

Сәбит оған қарық болып күліп жатыр. Менде үн жоқ. Жамбыл күлместен маған қайта қарады.

– Батыр болсаң сен Өтеген мен Сұраншыдан күштімісің, соны айтшы, – деді.

Мен ойланбастан жауап бердім.

– Өтеген қаптап келе жатқан өрт сияқты да, Сұраншы сарқырап аққан су сияқты батыр болатын. Дүниеде от пен судан күшті жоқ. Мен ол екеуінің ешқайсысына пар келе алмаймын. Мен-оттың ұшқыны, судың тамшысы ғанамын, Жәке, – дедім.

Жәкеңнің өлеңінде өзі айтатын «борға малған» сақалы шошаң-шошаң етіп қалды. Ол атамыздың күлгені екен. Енді көзі шырадай жайнап, жылы ұшқын шашып, тағы да Сәбитке қарады.

– Әй, Балуан, мынауыңның түрінде ғана емес, тілінде де бірдеңе бар екен, қоныңдар, – деді. Жәкең Сәбитті мол денесіне байланысты ылғи осылай, Балуан Шолақ деп атайды екен. Жамбыл «Балуан Шолақ» – десе, Сәбит: «Ау, тәте» деп жауап береді.

Біз жайғаса бастадық. Сырт киімдерімізді шешініп жатқанымызда шалдың сақалы су бетіне секірген ақ қайрандай болып, бір жарқ-ете қалған еді. Енді жайланып отыра бергенімізде ай мүйізді ақ қошқардың үстіне салт мінген біреу, табалдырық алдына тоқтай қалды да:

– Әумин, – деп алақанын жайды.

Малдас құрып отырған Жәкең мойнын бұрды да:

– Әй, Балуан Шолақ, өзің жасаушы ма едің, әлде батырын беруші ме еді батаны? – деді.

– Ойбай, тәте, өзіңіз жасаңыз, – деді Сәбит.

Жамбыл алақанын жайды да:

Батырдың жолы болсын!

Самсаған қолы болсын!

Түссі де суық екен,

Ісі де долы болсын, аллақпар! –

деп бетін сипады.

Ақ қошқар ауыз үйде сойылып жатты. Бір кезде ішек-қарын аршыған әйелдердің де дыбысы естіле бастады. Олардың үстіне сырт жақтан мұрнынан миңгірлей сөйлеп тағы біреу келді.

– Екіндіде елге сүйкімді қонақ келеді деуші еді. Бір қадірлі қонақ келген-ау тегі... Ойбай-ай, шарбысын-ай ақтарылып жатқан! Тура бір тегене май түсіпті ғой. Әй, мыналарың Жәкемнің ең сыйлы қонаққа соямын деп жүрген ай мүйізді ақ қошқары ғой, қарақтарымы-ау. Кім келгенін айтсаңдаршы өздерің!...

Осылай деп есіктен төртбақ денелі, жалпақ бет біреу кіріп келді. Келді де:

– Ой, айналайын, жүрген жері құт Сәбитімнің өзі екен ғой.

Әйтпесе Жәкем ай мүйізді ақ қошқарды кімге союшы еді? Өзім де біліп едім-ау? – деп, қос қолдап келіп Сәбиттің алақанын алды. Содан соң бұрылып маған қарады да:

– Мына литенант жігіт кім? – деді Сәбитке. «Лейтенанттың» да

бір әрпін қымқырып жіберді деп ойладым ішімнен.

– Ой, Ғали, қара бассын сені, – деді Сәбит. – Лейтенант емес, полковник Бауыржан Момышұлы ғой.

– Ойбай, қалқам, атыңа қанықпын. Тек мынау жұлдызға ғана шорқақпын. Келші бері бетіңнен сүйейін, – деп бетімнен сүйді. Сөйтсем, ол Жамбылдың сол кездегі әдеби хатшысы атақты ақын Ғали Орманов екен.

Ауыл адамдары жиналып, солармен әңгімелесіп, Жәкеңнің соғыс, майдан жайындағы әр түрлі сұрақтарына жауап беріп, ұзақ отырдық. Түннің бір кезінде алдымызға ет келді.

– Ал, балуан, ал, батыр, сыбағаларыңа қол созыңдар, – деді Жамбыл табақты нұсқап.

Сәбит пен Ғали етті шеңгелдеп асай бастады. Мен табаққа қол созбай отырып қалдым.

– Делбе болған жылқыдай, мына қызталағың неғып отыр ет жемей, – деді Жамбыл Сәбитке, сақалын шошаң еткізе мені иегімен нұсқап.

– Әй, Бауыржан, неге жемейсің, бөгіп қалғанбысың? – деп Сәбит табаққа қайтадан қол соза бастады.

– Жемеймін! – дедім мен қатаң үнмен.

Сәбит табақтан қолын тартып алып, менің бетіме қарады.

– Әй, Бауыржан, саған не болды? – деді ол үні одан сайын қарлыға шығып.

– Мен мұнда сыбаға жеу үшін келгенім жоқ, – дедім Сәбитке дауысымды қаттырақ шығарып. – Сыбағаны немістерді жеңгеннен кейін жеймін. Ал мұнда ұлы Жамбылдың, соғыстағы бар солдаттың ұлы әкесінің сарқытын ішуге келдім. Ол үшін Жәкең анау тұздыққа сақалын батырып ұрттасын да, қалғанын табақтың үстіне күйсын. Мен етті сонда ғана жеймін. Және барлық солдаттарға Жәкеңнің сарқытын ішкенімді айтып барамын!

– Әй, мынауың дұрыс екен! – деп Сәбит қарқылдап кеп күлді. Содан кейін Жамбылдың құлағына еңкейіп, менің сөздерімнің бірін қалдырмай айтып берді.

– Бұл қызталақтың мұнысы да жөн екен, – деп Жамбыл басын изеп, анадай тұрған тұздыққа қарай қолын созды. – Бірақ сақалымды мен суға еңкейген теке емеспін мұртымды тигізейін. Мына батырыңа түсіндіріп айт.

Жәкең осылай деп Сәбитке қарап, қутыңдап иек қақты. Қарт ақынның бұл тапқырлығына біз қыран күлкіге баттық.

Сөйтіп Жәкеңнің жүзін көріп, қолынан дәм татып, төрінде жатып, қонақ болып аттандым. Ертеңінде поезға мініп майданға қарай бет түзедім.

ДМИТРИЙ СНЕГИН

АҚЫННЫҢ БІР ТҮН, БІР ТАҢЫ

– Жамбылмен тірі кезінде жиі ұшырасып тұруға көп реті келмеді. Сөйткенмен, бақытма қарай, көңілімде өшпес із қалдырған кездесулер аз болған жоқ. Олардың әрқайсысы туралы ұзақ-ұзақ әңгімелер айтуға болар еді. Бірақ бүгін солардың тек біреуі жөнінде ғана айтып беруді жөн көріп отырмын.

Бұл кездесу сонау алыс кезде, жапон самурайлары Халхин-Голде соғыс қимылдарын бастаған тұста болған еді. Өзінің интернационалдық, одақтастық міндетіне берік біздің әскерлер халықтық Монғолиядағы бауырларына көмекке келді.

Сол кездің өзінде-ақ Жамбылдың көп ұлтты советтік еліміз бен шетелдер де жақсы танып-біліп, сүйіп оқи бастаған болатын. Қазақ ақыны шығарған жалынды жырлар халқымыздың өмірлік қажетінен туып отырды. Көпшілік ақын жырларынан қуаныш пен күш-қайрат, болашаққа деген сенім мен үміт, жаңғырған заманның белгілерін молынан тапқан болатын. Сондықтан да, Қиыр Шығыстағы жауынгерлер мен командирдің өздеріне арналған Жамбыл жырын тыңдап-естігісі келуі ешкімді де таңдандырмаса керек.

Халхин – Голде шайқасып жатқан жауынгерлердің өтінішін тез арада Жамбылға жеткізу керек болды. Әдетте мұндай жағдайда ақынға оның әдеби секретарыларымен бірге тұрақты аудармашысы Павел Кузнецов баратын. Өкінішке орай, Павел Николаевич тап сол сәтте Алматыда болмай қалды да, оның орнына менің баруыма тура келді.

Араб-парсы тілінің білгері «Мың бір түнді» қазақшаға аударған Қалмақан Әбдіқадыров, ақын Тайыр Жароков және

үшеуіміз тездетіп Қастекке жүріп кеттік. Біз ақын ауылына кештете, мал өрістен қайтқан кезде, келдік.

Жамбыл үйінде болып шықты. Дұрысы, жазғы киіз үйінде отыр екен. Ортада дөңгелек аласа стол, жасаулы дастарқан. Қасында самаурын бұрқылдап, ысылдап тұр. Кешкі шай кезі болса керек, ақын қақ төрде, шынтағында құс жастық, жамбастай жатыр.

Ол алғаш біз кіріп келгенімізде қонақжайлық сыңай таныта қоймағандай болды. Бірақ біз қол жуып дастарқанға жайғасқан соң, ақын жайма-шуақ қалыпқа түсті. «Онша денсаулығы болмай отыр», – деп сыбырлады, қасында отырған жақындарының бірі. Сол сәтте Жамбыл нақ бір осы сөзді жоққа шығарғысы келгендей, соншалық жылдам қимылмен ет салған табақты маған қарай ысырап қойып жатып: – Әй, ұзын бала, вилки нет, кушай руками, будет вкусно! – деді, орыс тілінде едәуір дұрыс сөйлеп. Өзі ақырын күліп отыр. Осыдан соң-ақ үй-іші көңілді күйге бөленіп жүре берді. Алайда біздің мұнда келуіміздің себебін айтатын мезгіл әлі жетпеген секілді. Негізінде, Жамбыл бала жасынан алған өнерпаздық ақындық жолында әлеуметтік заказға барынша ден қойып, соған үйренген. Сондықтан да, біздің осыншама кештетіп келіп отырғанымыздың себебін жақсы түсініп отырса керек, әбден уақыты жеткенше үндемейді, жөн-жосық сұрамады. Әңгіме де өрістеп кете алмай, үй іші, ауыл-аймақ төңірегінен ұзамады. Осылайша түннің бір уағына дейін отырған соң, ғасырлар бойы қалыптасқан рәсім-дәстүр ретімен дастарқан жиналды. Жамбыл киіз үйге кіргізілген электр жарығының жарығы көзін қарықтыратынын айтып, тап бір өткір бәкімен тілгілеп-сұққылап жатқандай әсер етеді деді. Электр жарығын қызыл орамалмен орап қойды. Үй ішінде тұнжыр да қоңырқай тыныштық орнады. Келген шаруамызды таңертеңге дейін қоя тұратын болдық қой деген шешіммен, орнымыздан тұруға қамдандық. Осы кезде Жамбыл бас жағында тұрған домбырасын қолына алды. Арада бір минут, екі және бірнеше минут өтті. Бірақ ауыр еңбекпен күн қағып, қоңырқай тарқан ақын қолы домбыра бетіндегі қос ішекті қапсыра ұстаған күйі әлі қимыл-қозғалыссыз жатыр.

Ақын үнсіз, домбыра да үнсіз, біз де үнсізбіз. Тек әлден уақытта барып, мұндай сәттегі батылдығына басып, бірінші болып тыныштықты Тайыр бұзды:

– Жәке! – деді ол дауыстап. – Тап қазіргі сәтте не ойлап отырғаныңызды білуге болар ма екен?

Маған ақын дәл осындай көңіл-күй мен ой үстінде отырған кезінде, мынадай бас артық сұраққа жауап бере қоймайтындай көрінеді. Бірақ мен қателесіппін. Жамбыл шынтақтап жатқан орнынан көтеріліп, Жароковке қарай еңкейе түсіп, сондай бір көтеріңкі көңілмен былай деді:

– Сенің жасында... саған мұны түсіну қиын.

– Түсінуге тырысып бағармын! – деп ұшқындай жауап берді Тайыр асқақтай шекесінен қарап. Сол арада бізге де насаттана көз қырын тастап қойды. Бұрын Тайыр ақынның болмыс-бітімін, мінез-құлқын, ішкі жан дүниесін білмейтін адам, оны мына қалпында қылжақпас немесе көлгір деп қалауы да мүмкін. Бірақ оны жақсы білетін жақын достары, оның ондай жан емес екенін өте жақсы түсінетінбіз. Бұл Тайырдың осындай сәттегі әдісі, қаруы болатын. Тап қазіргідей жағдайда ол Жамбылды қажетті әңгімеге тезірек тарту үшін өзінің сыналған, ең сүйікті әдісін қолданып отыр. Мұндай сөздің қарт ақынның қытығына тиіп, домбыра алдырарын, одан соң ақпа-төкпе суырып салма жырға басатынын ол жақсы білді. Сондықтан да Тайыр әлгіден де ұшқындай, асқақтай түсіп: – Түсінуге тырысып бағармын, Жәке, – деді.

Жамбыл жастыққа қайта жантая кетті. Ол тағы да өз-өзіне беріліп, терең ой құшағында отыр. Үнсіз тыныштық таңға дейін созылу қаупі туды. Ақыр соңында ол ұстамды қалпын сақтай отырып: – Өткен күзден бері әлдебір белгісіз нәрседен көңіліме күдік кіріп, мазамды алып жүр, – деді.

Салмақты да ақылды, сабырлы, үнемі іштей ой құшағында отыратын Қалмақан манадан бері үнсіз ғана тыңдап отырған қалпын бұзып, бұл сөзге риза еместігін білдірді:

– Ол не қылған күдік–сезік тағы?

– Мен өзімнің соңғы жырымды айтып үлгермеспін деп қорқамын.

Бұған әлгідегіден бетер риза болмаған Қалмақан:

– Оны ешкім де білмейтін, – деді.

– Ешкім білмесе, мен білемін! – деді Жамбыл үзілді-кесілді. Тіпті бұл сөзді ол ренішпен айтты.

– Мен бұл дүниеден қашан өтерімді білмеймін, бірақ ең соңғы жырымызды айтып үлгермейтінімді анық білемін! – Мұны ол

соншалық бір қатал әрі үзілді-кесілді түрде айтты. Бұдан кейінгі сәтте оның жүзі жылып, көзінің астына қуақы әжімдер жиналып: – Егер біз әрқайсымыз өлшеп берілген ғұмыр-мерзім ішінде көп, тіпті аса көп іс тындырсақ, одан әрісі-ең соңғы басты шаруамызды да бітіріп кетсек, онда біздің балаларымыз бен немерелеріміз іссіздік пен қолбостықтан азғындап кетер, – деді.

Оның әңгімесі әрқашанда тай жамбыдай құйма, өткір де дәл, эзіл-оспақ пен юморға, афоризмге толы болып келетін. Бұл тек аса талантты нағыз суырып салма ақынға ғана тән болса керек.

Қалай болғанда да ақынмен ортақ тіл тапқандаймыз. Осыны сезінген Тайыр әдейі келуіміздің мақсатын айтатын мезгіл жетті деп сөз бастауға ойтайланды. Жамбыл тағы да оның алдын орап кетті.

– Естеріңізде болсын, соңғы мақсат-арманымызды іске асыру бізге жазбаған екен деп сары уайымға салынуға болмайды. Тек қолдан келгенінше көп тындыруға күш салу керек. Сәл үнсіздіктен кейін: – Ал енді маған қандай шаруамен келгендеріңді айта беріңдер, – деді.

– Тек бізге ғана емес, Жәке, бүкіл халыққа, күллі Қызыл Армияға керек, – деп бастады сөзін Тайыр. – Сіз, әрине, біздің айбынды әскерлеріміздің монғолдық достармен бірлесе жүргізіп жатқан шайқасынан хабардарсыз...

– Жапон самурайларына қарсы де, – деді Жамбыл одан әрі жалғастырып: – Білемін! – Даусы үзіліп, қатаңдана түсті. Қасірет күйініштен жүрегіне қан құйылғандай. Жол таусылар жерде өлудостар мен жақындар үшін ең зор қасірет. Ал жол басталар жерде өлу, зорлық пен күштен өлу-бүкіл халық үшін қайғы-қасірет.

– Жәке отанды қорғау... – деп шыдамсыздана бастай беріп еді Тайыр. Жамбыл тағы да оны бөліп кетті.

– Білемін, не айтқалы отырғаныңды. Отанды жаудан қорғау жолында жаныңды қию-келер ұрпақпен бірге өмір сүру деген сөз демекшісің ғой.... Бала жасымнан қорқаулар мен тонаушыларды, күш көрсетушілерді жек көрдім. Бала жасымнан мейірімділік пен әділеттік туралы арман етіп, өмір туралы өлең шығардым. Ондай жарқын өмірді жетпістен асқан шағымда көріп, халқыммен бірге қуана қарсы алдым. Ал егер самурайлар бізге соғыс аша келсе, менің жырым да, жүрегім де сол Халхин – Голде соғысып жүрген жігіттермен біргі, балаларыммен бірге!

Арада біршама уақыт өткеннен кейін қарт ақын айтылған әңгіменің мән-мазмұнын іштей сараптап, болашақ жырдың құрылысын, нобайын кестелеп алсын, кедергі келтірмейік деген оймен сыртқа шығып кеттік.

...Түн жарымы ауған шақта Жамбыл біздің үйге шақыртты. Сол ортадағы аласа дөңгелек столды толтыра дастарқан жасалыпты. Ақынның өзі бұрынғы орнында отыр – аппақ қардай кең, мол пішілген жейдесінің өңірі ашылып кетіпті. Қолында домбырасы. Өңінен шаршаған белгімен қатар қайрат–жігер аңғарылады. Дүниеге жаңа жыр әкелу оңайға түспегені, қиынға тым қиынға түскен бірден байқалады.

Біз дастарханды, шайды ұмыттық. Қойын дәптеріміз бен қарындашымызды шығарып дайын отырдық. Ақын домбырасына қосылып, жырлай жөнелді. Дауысы қатты емес, баяу ғана. Қалмақан мен Тайырдың қарындаштары да ақын жырымен жорғалап кетті. Табиғат Жамбылға қартайса да, мұқалмаған таңғажайып есте сақтау қабілетін сыйлаған. Бірде-бер сөзді қалдырып қоймай жазып алу керек: ол секретарьларының мұндай кемшіліктерін кешірмейтін. Қалып қоған сөздер мен қолдан қосылған жолдарды бірден біліп қоятын. Бұл менің Жамбылды творчестволық шабыт үстінде алғаш рет көруім болатын, сондықтан да барынша ойда сақтап қалуға, танып-білуге күш салдым.

Көптеген оқырмандар мен ақын творчествосын зерттеушілердің ойлағанына қарамай, тап сол кештегі біздің де соншалық ынта-тілегімізге қарамай, өлең шіркін біз ойлағандай тау суындай ағыл-тегіл ағытылған жоқ. Тек қана фрагменті, нобайы ғана, дұрыс-фрагменттің әр түрлі нұсқалары ғана туды. Ал олардың арасы, бір-бірімен байланысы ашық, үзілген күйінде қалып жатыр. Ара-арасында ақынның тоқтап қалуы, үнсіз сөз жұптауы, қайта жалғастыруы, тағы да құлаққа ұрған танадай, өлі тыныштық орнауы және бар

Осылайша екі, бәлкім үш сағатқа созылған шығар Бітті. Домбырасын арт жағындағы жастыққа сүйеп қойды. Ақын денесін тіктеп алақанымен күмістей аппақ сақалын ақырын сипады. Құдайға шүкір! Қиыр Шығыс тағы жауынгерлерге арналған өлең-жыр дүниеге келді, тұтас жазып алудың да сәті түсті. Жамбыл шай құйдырып алды, бірақ кесеге қол тигізген жоқ.

–Оқы! – деп бұйырды ол кенет Жароковке Тайыр асығыс жазылып алынған өлең жолдарын еш сүрінбей-қабынбай, бірен-саран сөзін қалдырып қоймай дауыстап мәнерлеп оқып берді.

– Ағындап, арқырап тұрсын, ә, жас тұлпардай, –деп Жамбыл күңк ете қалды да, Қалмақанға қарап

– Оқы! – деді. Әбдіқадыров оқымады, ән қып айтты. Кәдімгі ежелгі халық ақындарының әуен-сазына салып айтуға күш салды. Бірақ оның орындауында да өлең-жыр бас-аяғы тұтас туынды болып шыға қоймады Қызарыңқырап кеткен кірпіксіз қабағымен көзін жауып алып шыдамдықпен тыңдап шыққан Жамбыл, сол сәтте секретарьларынан дәптерлерді жинап алды да, өлең жазылған беттерін жыртып алып, уысына қыса жұмарлай ұстай отырып қалды. Сәлден соң кенет езу тарта күліп:

– Нағыз өлең-жыр күрес пен шайқаста шаршап-шалдыққан адамға күш-қуат, қайрат береді. Мұны сендер жақсы білесіңдер. Бірақ ол шаршаған, тіленіп сөз терген, ақынды сыйлап жақсы көрмейді... Барындар, демалындар! – деді.

Біз әрқайсымыз іштей мазасыздана ойлап кете бардық...

Ертеңінде Қалмақан екеуміз ұйқыдан бір мезгілде қатар ояндық. Тайыр, таңғы ұйқы тәтті емес пе, қатты ұйықтап жатты. Оны оятып алмайық деп, ақырын абайлап басып сыртқа шықтық. Тысқа шықсақ киіз үйдің есігі мықтап жабылған екен. Үйді айналып қалың бақтың ішіне еніп кеттік. Сөйттік де түбінде жалтырап су ағып жатқан, онша терең емес жардың қабағында қалт тұрып қалдық. Алаурай қызарып атып келе жатқан таңда Жамбыл қарсы алдымызда отыр Ол қолдан тоқылған кілем үстінде отыр екен, шамасы жаңа ғана таңғы намазын оқып болған беті болса керек. Тез кетіп қалғымыз-ақ келіп еді, бірақ әлдебір белгісіз нәрсе орнымыздан қозғалтпады. Әп-сәтте ақынның дауысын да ести алмаған едік, табан астында оның жұмыс істеп отырғанын бағамдап-бағдарлай да алмаған екенбіз.

– Әзір ол үйге орала қоймайды. Кеттік, – деп ақырын ғана шақырды Қалмақан мені. – Байғұс Тайыр ұйықтаймын деп мынадай ғажап көріністі көре алмай қалды, – деп мұңая күрсінді ол.

Біз колхоздың жорғаларына мініп, егіс аралап кеттік, малшыларға бардық. Уәделескен уақытта қайта келсек, киіз үй әлі сол күйі жабық екен.

Жатқан жерімізге келсек, Тайыр орнында жоқ. Сәлден кейін біз оны Жамбыл екеуін көрдік. Олар бірін-бірі қолтықтап аяндап бақ ішінен шығып келеді екен. Екеуі киіз үйге барып кірді. Онда олар таңертеңгі тамаққа дейін бірге болды, бізді шақырмады.

Бәріміз таңертеңгі дастарқан басында қайта бас қостық. Тайыр жалт-жұлт ете ұшқындап, көп мағына бере қойын дәптерін ашып, әлденелерді жазып отыр. Бір сәтті кезеңде:

– Жәкеңнің «Жеңіс жыры» ғажап болып шықты! – деді. Жамбыл бұл сөзге мән бермей, үнсіз ой үстінде отырды. Қонақтың кішісі бір кесек ет пен қызарып піскен бауырсақты маған ысырап қойып, ақын өзі де ықыласпен ас алды.

Таңертеңгі тамақтан соң Қиыр Шығыстағы жауынгерлердің өтініші бойынша дүниеге келген жырды қайталап оқуды сұрады. Тайыр келістіріп оқып берді, ақын риза болды. Содан кейін секретарьлары мен маған қатты тапсырып: – Орыс тіліне аудару үшін ең қарапайым, әрі жақсы сөз табуға күш салындар, – деді. Шынымды айтайын: менің аудармам нашар болып шықты... Сөз реті келгенсін айта кетуіміз керек, Жамбылдың «Жеңіс жыры» секілді басқа да өлең-жыр мұралары әлі күнге дейін өзінің аудармашы-ақынын күтулі.

Ал сол күні таңертең ақынның берген ақыл-кеңісіне аздап өкпелеп қалған Қалмақан ептеп қана: – Үнемі ойлағандай бола бермейді. Мәселен, сізде де кеше... – деді.

– Кінәң дұрыс-ақ, – деді Жамбыл, біртүрлі оның өкпесін аңғарып, байқамағандай сыңай танытты. – Рас, кеше ойдағыдай болмады. Сөйткенмен, бәрі текке кеткен жоқ қой. Әрлі нәрсенің басы, бастауы қайда? Оны табу үшін өзінді табуың, жан дүниенді соған ыңғайлауың керек. Сонда ғана өз бойыңнан халық өажетіне жарайтын жыр табысың. Жылусыз жүректен-жыламышы жыр туады. Ол кімге керек?!

Өзінің тылсым сырын жетік білген ұлы ақынның жыр тудыру өнері осындай болған. Сондықтан да халық оның жырларын сүйген, әлі де сүйе бермек. Мәселен, Қызыл тулы Айрықша Қиыр Шығыс Армиясының қызыл әскер А.П. Сандалов өзінің сүйікті ақынына сол кезде былай деп жазды: «Сіздің жырларыңыз менің бойымда, Жәке, өзіңізге деген ыстық сүйіспеншілік сезім тудырды. Сіздің шығармаларыңыз оқырман көңіліне бүгінгі күннің рухын, яғни коммунистік рухты егіп, адамның еңбекке деген ықыласы мен

көңіл-күйін көтерумен бірге, өз Отаныңды сүйуге тәрбиелейді, «Адамдар бойына бүгінгі күннің рухын егеді», – дейді. Бұдан асырып әрі дәл етіп айта алмайсың!...

ҚАНАБЕК БАЙСЕЙТОВ

ҚҰШТАР КӨҢІЛ

...Концерт дайындап жатқан кезіміз болатын. Бір кезде кабинетіме кірсем, Ораз Жандосовтың қасында бір бейтаныс қара шал қалғып отыр. Араларында Сәкен, Ілиястар да бар, біраз кісілер алқа-қотан отыра қалған сәт екен. Амандасқан соң:

Мына кісі – Жамбыл деген атаң, – деді Жандосов. – Жақында газетке шыққан «туған елім» деген өлеңін оқыған боларсың, енді өзің тандап көресің деп әкелдім, осы жүргіннің көбінен күшті ақын, – деп маған айта отырып басқаларға да ақсақалды таныстырып шықты Сөйтті де: – Мына отырғандар қазақтың атақты ақын-жазушылары, – деп Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Мұхтарларды таныстырып өтіп, – ақсақал, тұрыңыз, бірдеме айтып беріңіз балаларыңызға! – деді. Сонда Жамбылдың қасында бірге жүретін бір жас бала бар еді, бірақ, оның қай бала екендігі есімде қалмапты, ешкімнен кезінде анықтап сұрап та алмаппын.

Не айтам? – деді Жәкең Жандосовқа қарап.

– Қазақ өнерін астанамыз Мәскеуге апарып көрсеткелі жатырмыз. Сәті түссе, бәлкім, өзіңіз де барып қаларсыз. Жол болсын айтпайсыз ба балаларға? – деді Жандосов.

Жәкең алдымен домбырасын әлдебір терме әуеніне салып түзеп алды. Қырылдаңқыраған дауыспен ал кетті дейсің, құдды күні бұрын жаттап алғандай.

Ара-арасында Жандосов даусын көтеріп:

– Қазақстанның байлығын айт, Алматы мен Москва туралы айт! – деп бағыт сілтеп отырады. Соның бәрін дереу Жәкең жырға қосады.

Өлеңін айтып біткен соң:

– Шаршадыңыз ба? – деді Жандосов.

Жәкең жымың етті: Өлең айтудан ақын шаршаушы ма еді?!

Жәкеңнің өлең айтысына бәрі риза болысты. Сәкен, Ілиястар да бастарын шайқап:

О, мына кісі керек екен ғой, – десті.

– Естіп жүрген ақындарымызда бұл кісіден асатыны бола қоймас, – деп жатырмыз.

Осыдан кейін-ақ Жәкең жаңа тұғырға көтерілді. Оның өлеңдерін жазып алуға қасына хатшы белгіленді Алғаш хатшы болған акын Әбділдә Тәжібаев еді.

Содан он күндікке баратын халық ақындары да іріктеле бастады. Жамбыл, Нұрпейіс, Орынбай, Кенен, Нұрлыбек, Нартай, Доскей – барлығы алты-жеті акын.

Жүрер кезге жақындағанда Жамбыл қарт бір қызық жасады. «Ал, ақсақал, Мәскеуге баратын болдыңыз», – деп қуантқалы жүрсек, ол: «Бармаймын, – деп қырсық салды, – мені кәрі маймыл құсатып несіне апарасындар, немді көрсетесіндер, аузымда бір тіс жоқ, не түр-түс жоқ», – деп тулады.

Жәкең Ораз Жандосовты, одан кейін Күләшті тыңдайтын еді, Күләштің әкесі Жасынды жақсы танитын болып шықты. Солар айтып, түсіндіріп жүріп Мәскеуге баруға көндірді. – Ой, Оразжан-ай, өлең керек болса, осы жерден-ақ жазып алсаңдаршы! – деп күлдіретін.

Содан бір күні Жәкеңді театрға шақырттық, киім тігу керек болды. Жәкең келді де кабинетке кіріп шынтақтай жатты. Ораз бен Күләш екі жағынан қолтықтай тұрғызып тігіншілерге алып келді.

Жәке, қандай материалдан киім тіктірейік! – деді Жандосов.

Ши барқыттан, – деді Жәкең. Біз күлдік. Күлдіре түсейін дей ме, Жәкең бір қылықтан кейін бір қылық шығарады.

Бір-екі күннен соң Жәкеңе жаңа киімдерін киіндірдік, өңкей үлде мен бүлде, басында сусар бөрік.

– Жоқ, маған ши барқыттан тігіндер, – деп Жәкең сонда да көнбеді. Ақыры ши барқыттан да тіктірдік.

Кейін, Мәскеуге кетерде, ескі киімдерін баласына беріп жатып:

Әй, мыналарды үйге апар, – деді Жәкең. – Ауылға барғанда осыларды кимесем, мына киімдеріммен жүре алмаймын.

Біз оған да мәз боп күлдік. «Күлсең, кәріге күл!» – деп қазақ бекер айтпаған болу керек. Жәкеннің әр сөзі, әр қылығы сондай еді.

Мен Жәкене өмір бойы сүйсініп өткен адамның бірімін, қартайған адам дәл Жәкеңше қартайса, армансыз деп ойлаймын. Күләштің әкесі Жасын кейінгі жылдары бізбен бірге тұра бастады, сол кездерде ол кісімен сөйлесуге Жәкең де анда–санда келіп тұратын еді, сондай шақтарда мен Жәкеңнің әзіл әңгімелерін қағытпа сөздерін естіп қатты риза болатынмын. Аз сөзбен ғана дәл суреттерді сала қоюшы еді, әсіресе адамның түр-түсіне, жүріс-тұрысына байланысты әзілдері өткір келуші еді. Үлкенмен де, кішімен де Жәкең бірдей Қалжыңдасатын, кезі келгенде қыздары Күләш пен Шараға да талай әзіл-қалжыңдарды айтып тастайтын.

Мен бірде Жәкеңнің Динаға да қалжын айтып отырғанын естідім:

– Әй, шіркін–ай, ауылдың сыртындағы соныны ат аунаған-дай қылып талай жапырдың-ау! – деп отырды.

Мұхтарға, Манарбекке, Серкеге, Қасым Тоғызақовқа талай әдемі әзілдер айтып, біздерді талай қыран күлкіге кенелтті ғой Жәкең. Өтіп бара жатқан, үйге кіріп келген кісілердің бір сөйлеммен ғана портретін бере қойып күлдіретін. Ақын адамға жалпы өнер адамдарына әзіл де бір азық сияқты нәрсе, рухани күш пе деп ойлаймын. Жәкеңнің қылықтарынан мен соны байқаушы едім.

Жамбыл атамыз туралы кезінде талайлар айтқан, талайлар жазған: алып ақынның қыры көп, бірін айтсақ, бірін айтпай кетеміз кейде. Менін байқағаным Жәкеңнің жай сөзінің өзі өлең болушы еді. Ортамызға түсе қалғанда: «Жәке, ананы айтшы, мынаны айтшы!» – деп қайтсек те қарияны сөйлете түскіміз келіп тұс–тұстан өтініш жаудырамыз. Сол әдейілігімізді, қасақана тиісетіндігімізді ол кісі де сезеді-ау, сірә. Көзі күлім етіп қана куланатын. Иә, әзілдеп, иә қасақана қайтер екен деп әр түрлі жауаптар қайтарады. Сонда жауабын не ұйқастырып, не мақамдап айтатын, мақал сөздердей әсерлі шығатын.

Кәдімгі қарт кісілердік әдетімен Жәкең де боқтаңрап сөйлейтін. Және үлкенге де, кішіге де жарасымды боқтаулары болатын. Әзілдің өзі, сірә, адам жанының жомарттығын да, кендігін де білдіретін болу керек. Жәкеңнің әзілі қай кезде де таусылып көрген емес, әйтеуір.

Жәкең Күләшті сұмдық жақсы көретін. Күләш та «аталап» еркелеп тұратын. Жас ерекшеліктеріне қарамай екі талант. екі

дарын түйдей құрдастарша түсінетін. Екеуінің әзіл жарастығын көргенде, өмір сүрудің соншалық әдемі екенін сезінетінсің. Көзіне жас келердей әлдебір ерекше күйге түсетінсің.

Біздер қаншама оқып біліп жатсақта, жақсы мінезді бойымызға құтайта алмай әуреленеміз, қаншама мәдениетті жұртпен араласып жүрсек те, қара басымызды қайтіп мәдениетті көрсетерімізді білмей шала бүлінеміз, ал Жәкең өзінің ежелгі әдеті мен жүріс-тұрыстарын сақтап-ақ заманның көшіне ілесіп кетті, оның мінезі де, мәдениеті де адам қызығарлық айрықша еді. Жұрттың өмір бойы тусіне алмай келе жатқан әдет-ғұрыптарын Жәкең жарты ауыз сөзден-ақ жадында сақтап қалатын.

МӘЛІК ҒАБДУЛЛИН

ЖӘКЕҢНІҢ ЖАУЫНГЕРЛЕРГЕ СӘЛЕМІ

Ұлы Отан соғысына дейін Жәкеңді сан рет Алматыда сырттай көргенім, өлең-жырларын білетінім болмаса, онымен ауызекі сөйлескен жан емеспін. Ақындық өнердің алыбымен кездесу, оның әңгімесін, даналық сөздерін тыңдау-сол кездегі үлкен арманымыздың бірі болатын.

Міне, сол арманыма 1943 жылғы август айының 23-күні жеткен сияқтымын. Тап осы күні мен Жәкеңмен жүзбе-жүз кездестім. Кездесіп қана қойған жоқпын, ұлы ақынның құрметті қонағы болдым.

Күн бата машинамыз Жәкеңнің үйінің алдына тоқтай қалды. Машинадан түстік те, қасында бір топ адамды бар Жәкеңе қарай беттедік.

– Тәте, ассалаумағалайкум! – дегенді қаттырақ айтып, Жәкеңе бірінші болып қол берген Сәкең болды. Сол ретпен басқаларымыз да амандаса бастадық. – Күтіп отырған және майданнан келген балаң, мына жігіт, – деп ол Жәкеңе мені таныстырды.

– Өзім де танып тұрмын. Балам, бері келші! – деп Жәкең мені құшағына алды. Аймалап, бетімнен сүйді. – Мен сені Қобыланды батыр сияқты еңгезердей екен десем, талдырмаш қана жігіт екенсің ғой. Әлі-ақ өсіп кетесің. Жас шыбықты отқа қыздырсаң күймейді,

қатаяды ғой. Сендер де сол секілдісіңдер. Ал кәне, не тұрыс бар, үйге кірейік, – деп Жәкең қонақтарын ішке бастай жөнелді.

Жәкеңнің үйі үлкен де кең, бөлмелері көп екен. Жәкең бізді өзі отыратын үлкен бөлмеге жайғастырды. Қазақы дөңгелек столды айнала отырысып қалдық. Дастарқан жайылып, қымыз да құйылып жатыр.

– Алты жасар бала алыстан келсе, алпыстағы шал алдынан шығар деген мақала бар екенін білсем де, – деді Жәкең қонақтарына қарап, – сонау Алматыға баруды денсаулығым көтермеді. Өздеріңді бүгін келеді деп күні ұзаққа далада тосып отырдым. Сапарларың оң болсын!

Содан кейін ірге жақта тұрған домбырасын алды да бұрай бастады. Бәріміз ішіп отырған қымызды қоя салып, Жәкеңе қарай қалдық.

– Бұл келістерің мен үшін үлкен той, қуаныш қой. Сондықтан үйдің үш ауызын өзім айтып берейін, ал ауылдың алты ауызын мына Балуан Шолақ айтар, – деп Жәкең әзілдеп Сәбитті нұсқады. Бұған бәріміз мез-мейрам болып жатырмыз.

Домбырасының әуенін келтіріп алды да, Жәкең жырлай жөнелді. Ол фашистерге қарсы қаһарлана соғысып жатқан ер-азаматтардың ерліктеріне қанық та разы екенін, майдандағы жауынгерлердің халық алдындағы борыштарын тамаша ерлік істермен орындап жүргенін әңгіме етті. Содан соң ол батырлық іс халқымыздың ежелден келе жатқан ерлік дәстүрі екенін, ертедегі Қобыланды, Ер Тарғын, кейіндегі Сұранышы, Саурық, бертіндегі Амангелді, Чапаев, Клим сияқты батырлардың ел қорғау жолында жан аямағанын, жасанған жауды талқандауда қаншама тамаша ерлік көрсеткенін еске алды. Бүгінгі батырлар да сол ерлік дәстүрді ілгері дамытып, фашистерге аяусыз соққы беріп отырғанын, осындай ерлік күрес көптеген жас батырлардың шыққанын мақтан ете жырына қосты.

Жәкең ұраны бір, тілегі бір көп ұлтты Совет халқының қаһармандық күш-қуатын, Коммунистік партияның даналық басшылығын, батырлық пен ерлік совет адамдарына ғана тән асыл қасиет екендігін жырлап отыр. Бүгінгі кеште жыр әңгімесін ол біраз айтып та тастады. Содан кейін:

– Міне, үйдің үш ауызы осымен болды, – деді.

– Тәте, шаршап қалған шығарсыз, демалыңыз, – деді Сәкең.

– Тапқан екенсің мұндайда шаршайтын Жамбылды, – деп Жәкең домбырасын қолына қайта алды. – Бір кеш емес, бірнеше күн бойына жырларлықтай жайым бар. Тек өздерің шаршама-сандар болғаны.

– Біз шаршамаймыз, – деді манадан бері үндемей отырған Төлеген Тәжібаев, – жырыңызды тыңдаудан жалықпаймыз да...

Осы кезде кешкі астың даяр болған хабары келді. Қонақтарына арнап Жәкең бағлан сойдырған екен. Бәріміз асқа отырдық. Төргі үйде қонақтарымен бірге болған Тезекбай (Жәкеңнің кіші ұлы) әрқайсымызға жаутаңдап, әлденеге қипақтағандай қарай берді. Оны түсіне қалған Сәкең:

– Болмайды ғой, – деп Жәкең жаққа көз тастады.

Бұлардың нені айтып, нені жұмбақтап отырғанын біле қойған Жәкең баласына:

– Барың болса берсейші! – деді. Содан кейін бізге қарады: – Мыналардың сөзі арақ туралы болып отыр ғой. Мен өзім ол пәлеге жуыған жан емеспін. Бұл үйде еш адамға арақ татыртпаушы едім. Ал бүгін рұқсат етейін. Бірақ шектен шығып кетпеңдер.

Ас ішіліп болған соң, әңгіме дүкені қайта құрылды. Ауылдың алты ауызы да, басқа өлең, ән де айтылды.

– Тәте, бағанадан бері өзіңіз сөйледіңіз, басқымыз сөйлеп жатырмыз, – деді Сәкең, – ендігі әңгімені майданнан келген балаңыздан естісек қайтеді. Жаумен соғысып жүрген батырлардың ерліктерін тыңдайық.

– Менің ойымды дәл таптың. Мұны мен айта алмай отыр едім, сен жақсы айттың. Майдандағы батырлардың ерлігі де үлкен жыр, хикая ғой. Тыңдайық.

Мен әңгіме айтуға шорқақ адаммын. Солай болса да Жәкеңмен бас қосқан кеште майдан өмірінен біраз нәрсе айтып бердім. Фашистерге қарсы күресте совет жауынгерлерінің, соның ішінде қазақ жігіттерінің тамаша батырлық істер жасап жүргенін баяндадым. Бұған дәлел ретінде есімдері Жәкең таныс генерал Панфиловтың, Бауыржан Момышұлы мен Төлеген Тоқтаровтың, тағы басқаларының ерліктерінен мысал келтірдім. Жәкең де, басқалар да майдандағы жауынгерлердің ерліктерін сүйсіне тыңдап отырған сияқты. Бір мезгілде Жәкең:

– Әттеген-ай, Панфиловтан айрылып қалғандарың өкінішті-ақ. Оның қол астындағы жігіттердің бір командирін сақтай алмағаны

бейқамдық болған екен, – деді.

– Соғыс шығынсыз болмайды ғой.

– Ол рас. Бірақ сақтық та керек шығар, – деп Жәкең бар ойын айтып салды. – Жаумен соғысып жүрген жігіттердің ерліктеріне бұрын да қанық едік. Енді оны өз аузыңнан естіп, разы болып отырмын. Осылай соғыссандар фашистерді тез күнде құртып шығасындар, оған сенемін. Менің Алғадайым да жаумен батырларша соғысқан екен, соған шүкіршілік етудемін. Айтпақшы, майданда Алғадайды кездестірген жоқсың ба?

– Алғадаймен бір бөлімде болған жоқпын. Бірақ оның ерлігіне қанықпын, сүйсініп отырамыз. Жауға қарсы талай рет атой салғанда «Алғадай үшін!» – деп фашистерден кек алғанымыз бар. Және де жаумен Алғадайша аянбай күресуді көздейміз.

– Уә, бәрекелді! Міне, осылай еткендерің жөн. Жаудан кек алу, жауды жайрата соққыға жығу үшін бірлесе қимылдандар, бірің бастап басқаларың қолдап отырған шақта істерің нәтижелі болады, – деп жатыр Жәкең.

Соғыс майдандарында фашистерге қарсы ұрыс жүргізіп жатқан совет жауынгерлерінің ерліктері жайындағы әңгімеміз түн ортасына дейін созылып кетті. Мұндай әңгімені тындаудан жалығар кісі жоқ та секілді.

– Ал енді қонақтар демалсын, – деді Жәкең, – батырдың әңгімесін ертең де тыңдармыз. Бүгін шаршаған боларсындар, жатып тынығындар.

Ертеңіне Жәкең бөлмісіне қайта жиналды. Жәкеңе уақытымыздың аздығын, күтіп отырған жұрт барын айтып, қайтуға рұқсат сұрадық. Ол рұқсатын берді.

– Сізге әдейі арнап сәлем беруге келген балаңыз, – деді Төлеген Жәкеңе, – енді біраз күнде қайтадан майданға аттанды. Майдандағы жігіттерге айтарыңыз, жолдайтын сәлеміңіз болса, қазір соны естиік. Және сіздің бұл сәлеміңізді мына балаңыз өзімен бірге ала кетсін.

– Дұрыс сөз, мұны өзім де түнімен ойланып шығып та талай айтқам, тағы да айтатын, қайталағанның артықшылығы жоқ болар, – деп Жәкең домырасын қолына алды.

Жәкең майданшыларға деген сәлемдемесін жырлауға кірісті. Біз тына қалдық, ұйып тыңдадық. Ол Совет жауынгерлерінің фашистерге қарсы соғыста, әсіресе Москва түбінде, Сталинградты

қорғауда аса тамаша ерліктер жасағанын айта келіп, ұлы күрес пен зор айқастың әлі алда екенін ескерте жырлады. Содан кейін «майдандағы әрбір совет жауынгеріне Жамбылдың жолдаған сәлемі деп айта бар» деген: «Қасиетті Отан үшін жан аяма, басқыншы жауды жапырақ соқ! Жеңіс кілті сенің қолыңда, жеңіске жету үшін керекті көмекті біз аямаймыз. Еліңе жеңіспен оралған күндеріңді жырлаушы өзім болам!»

– Сәлеміңізді бұлжытпай жеткізем, – дедім.

– Сөйт, қарағым! Осы айтқандарыма разы бол, амандықпен көріселік! – деп Жәкең мені құшағына алды. Сонан соң қош айтысып аттанып кеттік.

МӘРИЯМ ХАҚИМЖАНОВА

АЛҒАШҚЫ ДИДАРЛАСУ

1934 жылдың көктемі. Қар кетіп, жер құрғап, алғашқы көктің дидарын көріп қалған кез болатын. ҚазПИ-дың жанына ашылған рабфактың соңғы курсында сырттай оқи жүріп, бір мезгіл «Қазақстан» баспасының ауыл шаруашылық бөлімінде кіші қызметкер болып жұмыс атқаратынмын. Мен жұмыс істейтін бөлімді Жандосова Фатима апай басқаратын (Жандосов Ораздың жұбайы). Бір күні Фатима апай:

– Мәриям, қазір маған көлік келеді. Сен жұмысыңды жина да менімен бірге жүр. Ораз жаңа телефон соқты. Жамбыл деген қарт жырауды алып келіпті. Соны барып көрейік. Бол, тез жинала ғой!...

Мен ерекше қуанып кеттім. Сол жылдары Жандосовтар қазіргі Комсомол көшесінің бойында, Пушкин мен Ленин атындағы көшелердің аралығынды, республикалық кітапхананың қарсысындағы жатаған көк шатырлы үйде тұратын. Өздеріңізге белгілі ол кезде қазіргідей машина көп емес. Сондықтан қызметкерлер солқылдақ бел арбаға пар-пар ат жегіп жүретін.

Біз келсек Ораз ағай жуынып болып, алдағы үйдегі айнаға қарап жатыр екен. Амандықтан кейін Фатима апай:

– Ораз, ақын атаймен таныссын деп Мәриямды ала келдім, – деп жайдары сөйледі.

– Өте орынды. Дұрыс істегенсің. Қазір Бейімбет пен Мәжит те келеді. Олар келгенше Жәкеңе екеуіңді таныстыра берейін. Фая, маған жеңіл көйлек бере қойшы? Орекеңнің шашы әрі қалың, әрі қайратты болатын. Сондықтан болу керек, жаратылысынан үлкен басы одан да үлкен болып көрінетін еді. Көйлегін киіп болған соң бізді бастап қонақ бөлмеге қарай жүрді. Фатима апай шылым шегетін. Орта жолда Орекең тоқтап:

– Сен шылымыңды таста, ұят болады. Ол кісі әйел түгіл еркектердің шылым шеккенін жаратпайды, – деп бәйбішісінің шылымын алып, телефон тұрған столдың үстіндегі күл салғышқа мыжып сөндірді.

Фатима апай маған қарап көзін қулана қысып, күлімдеген бойы:

– Бұл сүйтеді. Нағыз шалдардың құрметтеушісі. Еркектердің былжыратып насыбай атқаны жарасып тұратта, біздің шылым тартақанымыз ұят!... Осыны қалай түсінуге болады, жолдас Жандосов: – деп қалжыңдаған жолдасына. Ораз ағай бір саусағымен аузын басып «тыс» үндеме дегендей ишара етті де, есікті ашты.

Қонақ үйдің төріне салынған төрт қабат көрпенің үстінде Жәкең жастыққа шынтақтап қисайып жатыр екен. Бізді көріп басын көтерді. Жұпыны киінген, арық қара шал. Сақал-шашы аппақ. Басында қолдан сырып тіккен тақиясы бар. Ту сыртында бозғылт шүберекке ораған ұзын домбырасы тұр.

– Мына кісі біздің үйдегі келінің – деп Фатима апайды таныстырды Орекең.

– Ал мына кісі Мәриям Хакімжанова деген жаңа талап, жас ақын қызыңыз болады. Екеуі бір мекемеде қызмет істейді.

Жәкең қолымды ұстаған күйі:

– Сен Сарыүйсін пәленшенің қызы емессің бе? Апыр-ай, содан айнымайды екенсің, – деп жабыса кетті. Орекең бар денесімен секілдей күліп:

– Бұл кісі Арқаның қызы. Қайдағы Сарыүйсінді айтып отырсыз, Жәке, – дегенше болған жоқ, Биағаң мен Мәжит те келді.

Үйдің іші көңілді әңгімеге көшті. Ал Жәкең болса шешіле қоймаған сияқты, меніңше. Ол кісі қорғалағандай күмілжи берді. Тек сұраған сөзге ғана жауап қайырудан аспады. Адамның ішкі дүниесін барлағыш Биағаң әңгіменің бетін айтыс өнеріне қарай

бұрғанда Жәкең де жадырай сөзге араласа жөнелді. Өзімен айтысқан қырғыз-қазақ ақындарының біразын атай отырып, есінде қалған өлең шумақтарын тақпақтай айтып желдірте төгіп-төгіп жіберді. Сырт пішіні тозыңқырағанымен қарт ақынның ішкі дүниесі, ой-санасы әлі де тың жатқанын көру қиын емес сияқты. Заманымыздың ұлы ақыны Жамбыл Жабаевты бұл менің бірінші көруім еді. Мен көргенде Жәкең 88 жаста болатын.

Сол жылы жаздың орта шенінде Жәкеңді екінші рет Жамал Шәкенованың үйінде көрдім. Жамал апай бұрын Крайкомның әйелдер бөлімінің меңгерушісі болған. Кейін белгілі партия қызметкері болатын. Ақжарқын, ашық мінезді, тілді кісі еді. Жамалдың жолдасы Құсайын Шәкенов өлеңдер жинағы жарық көрген ақын. Олар қазіргі Совет көшесінің бойында Измұқан Құрамысовпен бірге бір қорада тұрады. Бұл көргенімде Жәкең анадағыдай бір емес, едәуір ширап, жаңғырып, жадырап қалған екен.

Бұл күні Жамал апайдың үйінде біраз адамдар болды. Солардың ішінде есімде қалғандары: Бейімбет Майлин, Илияс Жансүгіров, Ораз Жандосов, Измұқан Құрамысов, Жанайдар Садуақасов, Рақымалы Байжарасов тағы тағылар. Аталған кісілердің көпшілігі жолдастарымен келді. Тек Жанайдар ғана жалғыз келген. Ол кісінің жалғыз келгендігін Бейімбет ағайдың жолдасы Кұлжамал жеңгей қалжыңдай сынап өтті.

1936 жылдың жазында қазақ әдебиеті мен көркем өнерінің онкүндігі Москвада өтетін болғанын, оның жобасының бекіп келгенін, қазақ жазушыларының еңбектерін орыс тіліне аудару үшін Москваның белгілі ақын-жазушыларының келетінін, онкүндікке байланысты дайындық жұмысының қызу басталғанын мен сол жерде Илияс ағайдың айтып отырған әңгімесінен естіген едім. Сол бас қосудан аз-ақ бұрын астанада күрделі-күрделі жиындар өткен де. Соның бірі Қазақстан кеңес жазушыларының тұңғыш съезі еді. Съезд июнның 12 күні басталып, 1 күні аяқталған да. Сол жазушылар съезімен қабаттаса көркем өнер қайраткерлерінің республикалық слеті ашылды. Ол кезде Өлкелік комсомол комитетінің бірінші секретары Қайсар Тәштиев жолдас болатын. Қайсардың ұсынысы бойынша Жамбыл ата сол слетке арнайы түрде шақырылып, жас өнерпаздарға сөз сөйлеуін өтінген. «Жүйріктің делебесі дуда қызар» дегендей жас ұрпақтарының алдында Жәкең өлең мен жырдың маржанын ақтарып төге салды.

Июньнің 17 күні слетте сөйлеген сөзі «Жастар алдындағы сөз» деген атпен қауым бұл өлеңді жылы қабылдады.

Сол 1934 жылдың ұлы ақынның жаңа өмірі басталды десек, артық айтқандық болмас деп білемін. Мен өз көзіммен көрген бір шындық.

Жәкеңнің жанашыры да, ақылшысы да, қамқоры да, ең жақын досы да Ораз Жандосов екеніне ешкімнің айтар дауы болмауға тиіс. Өнерпаздар слетіне қатынасар алдында Жәкең лайықты киім тігетін қазақтың шебер әйелдерін іздеп, Фатима апайға еріп сабылғаным әлі күнге дейін есімде. Ақыры екі шебер әйелді тауып, сол үйге алып келдік. Содан кейін Орекен Жәкеңнің бар киімін су жаңадан тіккізді.

Осындай ардагер азаматтарының арқасында қалжырап қажыған Жәкең қайратына қайта қонғандай болды. Түлкідей түлеп, бұлбұлдай сайрай бастады. Қарт ақынның өзіне де, сөзіне де разы болған Қазақстан үкіметі Жамбылдың қазақ халық әдебиетін өркендетудегі орасан зор жемісті еңбегін еске алып, оған өмірлік пенсия берілсін деген қаулы қабылдады.

1935 жылы Жәкеңнің ұстазы, атақты Сүйімбай ақынның ел аузынан жинап алған мұраларын құрастырып өз алдына жеке кітапша етіп басып шығарды. Бұл кітапты құрастырылып, кіріспе сөзін жазған Фатима Ғабитова болатын. Осы кітаптың жарық көргеніне Жәкең балаша қатты қуанды.

1936 жыл ақын өмірінің асқар биігіне айналды. Осы жылы Жәкеңнің көптеген серіппелі, сезімтал өлең-жырлары дүниеге келді. Олар газет-журналдар бетінде жиі-жиі жарияланып, ақушылар қауымының назарына ұсынылып отырды. Сол жылдың апрель айында Қазақстан өнерпаздарының екінші слеті шақырылды. Слетке қатысушылардың ең таңдаулары (өнері, ақындығы асқандары) Москвада болатын онкүндікке бармақ. Сондықтан слетке қатысқан ақындардың алдында Отанымыздың ұлылығын, шынайы шындығын, мал байлығын, кең байлығын өткір тіл, көркем суретті теңеулермен жырлансын деген игі тілек, зор талаптар қойылды.

Туған еліміз Қазақстанның байлығын, жаңалығын, қол жеткен табыстарын, еңбек адамдарын жырлау әрбір сөз шеберлерінің ой-арманы екені өзінен-өзі белгілі. Осындай терең тамырлы тақырыптар бойынша толғанбаған, тебіренген жүйрік жоқ десе болғандай. Әр жүйрік өз әлінше дүбірге қатысты. Ақындар

жарысы үш күнге созылды. Апрельдің 25 күні «Туған елім» дейтін әйгілі солғауын жырлаған Жәкең жалғыз қара болып топтан үздік шықты. Қарт ақынның бұл толғауына сүйсінбеген жан жоқ десе болғандай. Осы толғауы 1936 жылдың бірінші майы күні «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланды. Орысшаға аударылғаны 7 май күні Москвада «Правда» газетінде жарияланғанды. Алып ақын адымын алысқа сілтеді. Қазақстан мәдениетінің Москвада болатын он күндігіне бірінші болып аттанғаны жұршылыққа аян.

Москва сапарынан көңілді оралған Қазақстан жазушыларының сол бір толықсып тұрған күндері тіріде ұмытылып, көз алдымнан кетер емес...

Жамбыл ақынның бірінші өлеңдер жинағы орыс тілінде 1937 жылы жарық көрді. Бұл жинаққа кірген өлеңдердің көпшілігі Москва сапарында жазылған өлеңдері. Ал Жәкеңнің қазақ тілінде шыққан бірінші жинағы 1938 жылы «Жамбыл» деген атпен жарық көрді. Бұл өлең-жырлар жинағы қарт ақынның ақындық өнеріне 75 жыл толу мерекесіне арналып шықты. Сондықтан да бұл кітаптың көлемі болсын, көркемдігі болсын сапалы шыққан жинақ деп ұялмай айта аламыз. Мерекелік жинақтың редакциясынан қарап, басшылық еткен көрнекті ақынымыз Жақан Сыздықов екені есімде.

1938 жылы, майдың екінші жартысында Жәкең мерекесі үлкен өрлеу үстінде өтті. Бұл мерекені Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеттің өзі тікелей басқарады. Жамбыл ауылына 15 ақ үй тіккізіп, он бес саба орнатты. Әр үйге айнала кілем ұстатып, кілем, текемет төселді. Батсайы, атлас көрпелер тікшите жиналып, мамық жастықтар иін тіресіп уықтың қырына дейін жетті. Әр үйге екі әйел, екі жас жігіттерден қонақ күтушілер тағайындалды. Қонақ күтетін жастар түгелдей ұлт киімдерін киді. Осының бәрінің кілтін тауып кілтпананын келтірген, ұйымдастырған марқұм Тайыр Жароков болатын.

Жәкең тойына жан-жақтан қонақтар көп келді. Москвадан бастап, барлық туысқан республикалардан, Қазақстанның барлық облыстарынан келген делегаттарды салтанатты түрде қарсы алып, қонақ үйлерге орналастырдық. Мерекеге арналған қалалық жиында СССР Жоғарғы Советінің Указы оқылды. Онда қазақ ауыз әдебиетінің өкілі 92 жастағы ұлы ақын Жамбыл Жабаевқа ең жоғарғы награда – Ленин ордені берілгенін хабарлады. Указды

оқып болғаннан кейін ұлы ақынның өмірі мен әдеби еңбегі жайлы сол кездегі Совминнің Председателі Ораз Исаев жолдас тамаша баяндама жасады. Баяндамадан кейін, туысқан елдерден келген қонақтар құттықтау сөз сөйлеп, тарту-таралғыларын ұсынды. Астанамыздағы мекемелер мен жеке адамдардың Жәкеңе деген сипаттары сахна төріне сыймай кетті. Сан-алуан түрлі радиоқабылдағыштар, өрелі кілемдер, құлпы ішіктер, құндыз бөріктер, береннен тігіп айнала зер төккен шапандар, күміс ертұрманды жорға мен жүйріктерге дейін тартылды. Қазақ халық әдебиетінің атасы Жәкеңе халықтың сүйіспеншілігін осыдан да көруге болатын еді. Мәжілістің соңына таман Жәкеңнің үзенгілес достары, шәкірттері халық ақындарына кезек тиді. Қарағанды облысынан келген Доскей Әлімбаев, Ақтөбе облысынан келген Нүрпейіс Байғанин, Қостанай облысынан келген Амангелді батырдың сарбазы Омар Шипин. Оңтүстік атақты ақыны Орымбай Таймановтар құттықтау өлендерін, домбырамен әуендетіп айтып өтті. Бір кезде Сыр бойының серісі атанған сырнайлы ақын Нартай Бегежанов шықты сахнаға. Нарекен сырнайын құлаштай тартып, ауенін құйқылжыта созып келді де термемен дауылдата, желдете жөнелді. Бір сөзінен бір сөзі асып түсіп, тыңдаушысын еріксіз еліктіріп әкетті. Нарекеннің қияқты қара мұрты қозғалған сайын, аппақ кесек тістері шам нұрына жарқырай түсті. Бабына келген жүйріктей шиыршық атқан ақынның көзіне құйылған терін нөкер жігіттері кезек сүртіп, жан-жақтан үлкен ақ орамалмен желпіп тұрғаны әрі жарасымды, әрі ақынның ардақтылығын танытқандай еді. Сол бір тамаша көріністер естен кетер емес, Нартай ақыннан кейін белгілі ақын анамыз Айманкүл Тәжібаевқа сөз берілді. Ақын ана мінбеге жеткенше зал толған халық қол шапалқтап, орындарынан тұрып құрмет көрсетті. Сауатты, саналы, сабыр иесі ана Жәкеңе арнаған өлеңін оқып самғай жөнелді: Ақпейіл ана жыры отырғандардың маңдайынан иіскеп, арқасынан қаққандай сүйсіндіріп, тебірендетіп ақын анаға бәріміз де ырзалығымызды білдіріп, алғысымызды айтып жаттық.

Бұдан кейін Қасым Аманжолов шығып белгілі «Жамбыл тойына» деп аталатын поэмасының алғашқы вариантын оқып, тыңдаушы қауымды сусындатып тастады. Отты сөз, ойлы да көркем жыр отырған көпшілікті серпілдіріп, көңілдендіріп жіберді. Қасымнан кейін жиналысты басқарушы мерскелік

жиынның жалғасы ертеңнен бастап Жәкеңнің аулында болатынын жариялады. Содан кейін астаналық көркемөнер шеберлерінің концерті болды.

Келесі күні түске дейін қонақтар қаланы аралап, түс ауа Жәкеңнің аулына қарай машиналар тізбегі ағыла бастады. Қаладан қонақтардың дәстүр бойынша қарсы алуға әзірленген он қыз-келіншектер мен он жігіт-ұлт киімін киіп, домбыраларын тартып, әндерін шырқап атқа қонды. Қонақтарды қарсы алатын жастар тобын белгілі халық ақыны Иса Байзақов, ардагер ақынымыз Тайыр Жароков, майталман ақын атанып жүрген Ғали Ормановтар басқарды. Бұлар қонақтарды қарсы алғанда өздері айту үшін он бір буынды, бір шумақтан өлең дайындады. Ал қыз-бозбалалардың айтуына төгілген терме, желдей есілген жыр жолдарын әзірленгенді. Бұған мен де қатынастым. Өйткені, ауыл-ауылдан жинап алған қыз-келіншектерді жаттықтыру жігіттерге оңай соқпады. Сондықтан олардың арасында жұмыс жүргізуді Тайыр маған тапсырған еді. Қыз-келіншектер тобының жетекшісі Ұлжан Мәмбетова деген пысық келіншек болатын. Ұмыстапсам ол басқа ауылдан шақырылған. Сұрастыра келсем Жәкеңнің пірі Сүйімбай ақынның немересінің қызы екен. Талай Қыз кууға, айтысқа қатысқан қаршығадай қатқан қара келіншекте бір сыдырғы әлемі дауыста бар. Кейін соғыс кезінде сол маңдағы «Ынтымақ» колхозының председателі болды. 1970 жылдың жазында қайтыс болыпты.

Ал жігіттер тобын Қасым Аманжолов басқарды. Оның қасында Қалижан Бекхожин, Қапан Сатыбалдин, Әли Есмамбетов, Ықылас Адамбеков, сол ауылдағы мектептің жас мұғалімдері мен Жәкеңнің Ізтілеу, тезекбай дейтін балалары да қатысты.

Қонақтар келіп, өздеріне арналған ақ үйлерге жайғасты. Қымыз сапырылып, мал сойылып, бас үйітіліп, шай жасалып, бауырсақ төгіліп, май омырылып жатты. Осылай ауылдағы мәжіліс үш күнге созылды. Атақты ақындар айтысты. Қырғыздан келген халық ақындарының ішінде «Манасшылар» деп аталатын екі ақын «Манас» жырынан үзінділер орындады. Олардың орындау кестесі шебер де, қызықты да екен. «Манас» жорықтарын суреттейтін жерлерінде кәдімгі батырлардың айқасқанын, жауға найза салғанын, қылыш шапқанын, қанжар сілтескенін, садақ тартқанын тағы-тағыларын қимылмен қозғалыспен көрсетеді екен. Москвадан келген жолдастарға қырғыз ақындарының өнері қатты әсер еткені

сондай жан-жақтан фотоға түсіріп жатты. Намысына от түскен Шашекең келесі күні думанын өзі бастады. Алма бақтың саясында сырнайын серпе тартып өзінің атақты «Аққайың» әнін алуан түрлі құбылтып безілдетті-ай кеп. Шашекеңнің бас терісі өзінен-өзі ойнап тұратын. Қасын жоғары серпіп жіберсе тақиясы желкесіне барып қонатын, ал қасын төмен түсірсе тақиясы дәл қабағына келіп қонар еді.

Шашекеңнің өнеріне Жәкең ерекше мән беретін. Кейде бар денесімен селкілдей күліп, қатты сүйсінетін де еді, Шәкеңнің көзін алмай, тамашалап отырған Жәкең:

– Шашубай! Қазірде де баяғыдай төбеңмен жүре аласың ба? Әлде қартайып қалдың ба? Шіркін, бабаңа келгенде перідей ойнаушы едің. Доңғалақ болып зымырай жөнелгенде қотанды екі-үш айналып келе беруші едің-ау. Ол күндер енді қайда?!

– Төбеңмен жүру қиындау қазірде. Жас дегенің келіп қалды ғой. Ал төбемен тік қолымнан келеді. Жәке, – деп Шашекең орнына атып тұрып, шапанын шешіп Баймұратов Нұрлыбек ақынға ұстата салды да, шалбарының екі балағын қол орамалдарымен байлап, анадай жерден жүгіріп келді де Жәкеңнің дәл алдына төбесімен тік тұра қалды. Жасы жетпістен асқан қарт ақын қаққан қазықтай болып тұр. Көпшілік қол соғып қошеметтеп жатты. Бұдан кейін Шашекең «құрық ойнату» ойынын бастады. Кәдімгі асауға салатын ұзын, қайың құрықтың бауын алып тастады. Ақ көйлектің екі жеңін қарына дейін түрді. Құрықтың басына ет салатын үлкен темір табақты төңкеріп, оң қолының ортан саусағына тік қойып жүрді. Бұл кезде табақты алып тастап құрықтың өзін бес саусағына кезек қонақтап, одан қарына дейін жүргізіп көрсетті. Шашекеңнің жасында цирк артисті болатындай қабілеті бар екенін көпшілік сонда көрді. Сондықтан да жас кезінде «Шаң жұқпайтын Шашубай» атанған екен.

1939 жылы Жазушылар одағының халық ақындар бөлімін Иса Байзақов басқарды. Мен, сол кісінің қарамағындағы кіші қызметкер болып істедім. Ол кезде жазушылар одағының бастығы белгілі ақынымыз Дихан Әбілов болатын. Жәкеңнің өзіне арналған бөлім барды. Ол бөлімді Тайыр Жараков басқаратын. Бөлім құрамында Жәкеңнің бірнеше секретарьлары, аудармашылары, дәрігері, медсестралары, аспазшылары, шофері, электроментері, үй жинаушысы болды. Бұлардың бәрі де өз орындарында аянбай

қызмнт атқаратын. Өз аппаратындағы адамдарды Жәкең де құрметтейтін. Әсіресе Тайырды өз балаларынан да артық көретін. «Тәте» деп Тайыр қасына жетіп келгенде, Жәкең балаша қуанып:

– Тартымды туған Тайырым,

Бал таңдайлы шайырым, – деп арқасынан қағып, бетінен сүйетін еді. Жәкеңнің өлеңдері мен поэмаларын орыс тіліне үзбей аударып, көп еңбек сіңірген адам Павел Николаевич Кузнецов болатын. Жәкең ылғида оны «сары балам» деп атады. Сәбит Мұқановты «Балуан Шолақ» деумен кетті.

Жәкеңнің негізгі аудармашысы П.Н.Кузнецов – өзіміздің жерлесіміз. Осы Алматыда тұрды. Ол тамаша талантты, жалынды да дарынды ақын болатын. Ақкөңілдігі, азаматтық қасиеті, тұнығын шайқамай тулап, туындап тұратын ақындығы, алғырлығы ерекше жан еді. Сондықтан да ол Жәкең творчествосы арқылы Қазақ совет әдебиетіне адал еңбек етіп, сол да құнды үлесін елдің алдымен сұранып, майданға бірінші болып аттанып кеткенін ұмыттар емеспін.

Жамбылдың еңбектерін орыс тіліне аударуға жиырмадан астам орыстың көрнекті ақындары қатысты. Жергілікті ақындарымыз: П.Н.Кузнецов, Д.Ф.Снегин, А.Брагин, А.Жовтис, Л.Макеев, В.Копытин секілді ақындар ат салыса, Москвадан М.Тарловский, К. Алтайский, М.Искаковский, Л.Архангельский, А.Адалис, Л.Руст тағы-тағылар қатысты. Осындай ақындық өнердің сыннан өткен шеберлеріне, сөзбе-сөз тартымды, сапалы аударманы дайындайтын тәжірибесі мол екі тілді жетік білетін аудармашыларды сұрыптап алу да оңайға соқпайтын. Әсіресе Жәкеңнің еңбектерінде халқымыздың көне сөздері көп кездесетіні табиғи шындық.

1941 жылдың март айында СССР Халық Комиссарлары советінің қаулысы бойынша Жамбыл Жабаевқа Мемлекеттік сыйлық берілді. Бұл қазақ халқының мәдениеті мен әдебиеті үшін зор баға, үлкен қуаныш еді. Бұған бүкіл еліміз болып қуанды. Ал, Жәкеңнің өз қуанышында шек жоқ. Қадірлі қарт ақ байтал сойып той жасады. Осы тойға бірқатар үкімет басшылары да қатынасқанды. Қазақстан музыка өнеріне еңбегі сіңген қайраткер, күйші анамыз Дина Нүрпейісова, СССР халық артисті Күләш Байсейітова, Қазақстан Ғылым академиясының президенті Қаныш Сәтбаев, атақты жазушыларымыз Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов тағы тағылар барды. Бұл мәжіліс сол кездегі Қазақстан

Жазушылар Одағының председателі Әбділда Тәжібаевтың тікелей басшылығымен жүрді. Осы мәжілісте Жәкең:

– Е, балаларым, ұлдарым мен қыздарым, тоқсаннан асқанда топ жарған Жамбыл атандырып отырған сендердің күштерің. Бұл қуаныш-тек менің ғана қуанышым емес, бүкіл қазақ халқының қуанышы. Қазақ халқына деген сый-құрмет! Бәріңе де қайырлы болсын! – деген еді.

1941 жылдың июнь айында сұрапыл соғыс басталып кетті де дүние астан-кестен болғанын қайтерсің. Осындай күтпеген жерден кездескен ойран, қарт жырау Жәкеңе де қатты әсерін тигізді. Алғашқы кезде ол кісі көбінде қалада болды. Жазушылар одағындағы қызмет істейтін әскер жасындағы жайсаң жігіттер жаппай көтеріле өздері тіленіп майданға аттанғалы арыз берді. Бұларды басқарып П.Кузнецов та майданға аттанды. Дәл осы тұста атақты палуан Қажымұқан да қалада, Қалмақан Әбіқадыровтың үйінде жатқан еді. Майданға аттанатын жауынгерлерді шығарып салу үшін Жазушылар одағына көптеген жұрт жиналды. Солардың ішінде Жамбыл ақын мен Қажымұқан палуан да болды. Майданға аттанғалы отырған өлеңдеріне арнап:

«Уа, ұлы өрен, жас ұлан,
Асырған сені елің.
Ақ сүтімен жасыңнан.
Еш асырған жоқ едің,
Жаудың кегін басыңнан.
Сол ержүрек өренің,
Ерлікке Отан шақырған:
– Адал ұлдар, балалар,
Олай болса құлақ сал,
Ұлдарым, бір сөзім бар
Аянбаған жауды алар!
Аянғанмен мұндайда,
Дей көрмендер жан қалар!
Қорқақ адам қор болар...
Шегінбе! – деп Отан тұр,
Шегінбе! – деп халық тұр.
Халық үшін бас тігу –
Абырой деген жарлық бұл!

Соны адал орындар,
Сонда ғана өмір бар!
Елін есен сақтаған,
Арын жауға сатпаған,
Ана сүтін ақтаған,
Балаларын сүйер шал!»

Осыны айтқанда Жәкең кәрі бүркіттей сілкініп, күміс сақалы желкілдей тақпақтап айтқан-ды. Жәкеңнің «Ата жаумен айқастық», «Өлім мен өмір белдесті» деген өлеңін Тайыр оқып берді. Жәкеңнен кейін алып күштің иесі Қажекен:

– Е, Жәке, қайратты, қайсар ұлдарыңды қан майданға аттандырғалы жатыр деп естіп келдім.

Қайырлы сапар болсын! Ер жігіт үйінен шықса үйіріне қосылады. Талай қанды көйлек достарың алдарыңда,

Шырақтарым! «Ер қартайса қазаншыл болар, бүркіт қартайса тышқаншыл болар», – дегендей, біздің қайратымыздың қайтқан кезінде, жасымыздың жеткен кезінде кездесіп отыр, амал қанша! Болат қайнауға шынығады. Туған елдің үшін, қасиетті жерің үшін сыналатын жер осы! Жолдарың болсын, жас жайсандарым! –деп барып тоқтады палуан ата. Ақындар майдан туралы жазылған өлеңдерін оқыды. Майданға аттанғалы отырған Қасым Аманжолов, Абдолла Жұмағалиев, Жұмағали Саин, Сағынған Сейітов, Әли Есмамбетов, Ықылас Адамбеков, Владимир Чугунов, Дмитрий Снегиндер де өлеңдерін оқып өтті. Осылардың ең соңында шыққан Абдолланың біздің ортамызда ақырғы рет өлең оқығаны сол еді. Бұл бұрынғыдай жайдары жарқын емес, қанын ішіне тартып алған, ер келбеті тым қатулы еді.

«Болғандықтан белгілі атым адам,
Міндетім көп мойныма арқалаған,
Ойнап-күліп ұлы бір дүниеге

Сапар алыс, жол жүріп кетіп барам!» –

деп аяқтаған еді өлеңін. Қоштасар сағаты жеткенде аттанушылар тобын басқарып келіп Павел Кузнецов Жәкеңді айқара құшақтап, бетінен сүйіп тұрып «Тәте, біз келмей өліп қалма! Біз жауды жайрата жеңіп келеміз!» –деп қолын қысты. «Сапарың оң болсын, сары балам», – деп Жәкең Павелдің маңдайынан сүйіп, көзіне жас алған-ды. Әке жүрегін ұққан Абдолла Жәкеңнің алдына барып қолын қысып тұрып, кеудесін жапқан ақсақалынан сүйді. Жәкең

Абдолланы құшақтап, кеудесіне басып тұрып: «Тентегім, жас дүлдүлім!» деп сүйгені әлі күнге дейін көз алдымда елестейді. Жәкеңнен босаған Абдолланы Қажымұқан құшақтап сүйіп: «Берік бол, шырағым, ерлік сапарға ерлерше аттану керек!» –деп қайрап, жанып жатты. Халқымыздың екі атақты ақасақал қарттары баталарын беріп, батырлардың оң сапарын тілеп қалған еді.

ДИХАН ӘБІЛОВ

ЖЫР ДҮЛДЛІ

Тойы алдындағы күндерде Жәкең біздің үйде еді. Жәкең сәлем бере келген көптеген халық ақындары – өлең сөздің бар тарландары бар сол кеште біздің үй телефонымызға тыным болмады. Соның бірі:

– Алло, Әбілевтікі ме?, – дейді.

– Иә, өзіңіз кімсіз?

– Қалмақанмын ғой. Шашубай ақын біздікіне түсіп еді. Жәкең сәлем берем дейді. Рұхсат етсін, өзіне айтыңдар! деп отыр. Бұл жай маған таң көрінді. Алайда Жәкең кеп айттым. Жәкең ойлана қалып тез серпіліп.

– Сәлемді рұхсат сұрап бермек пе екен ол сайтан? – деді де, шай ішіп отырған кесесін дастарханға қойып, бұлбұл күреңітіп отырған кәрі өңі әлдене алыстап кеткен жылдарды еске түсірген ойлы жүзге ауысты да, кенет:

– Келсін. Жыр думанының дау перісі ғой ол сайтан. Келсін! – деді.

Шашубай ақынды естігенім болмаса, бұрын көрген емеспін-ді. Қызғылт өңді шошақ бетіне тән шоқша сақалы мен едірейе – едірейе біткен тікенек мұрты, қартайса да жайнақы көз, расында кұйын қимылды, алғыр да шапшаң ойнақы екен. Кіре берісте қарсы алған Шашекең бейнесі маған осылай көрінді. Қасында гармон көтерген (Шашубайдың гармоны) бәдауи түстес өзіміздің Қалмақан ақын.

– Кіріңіз, төрлетіңіз, Шашеке! Жәкең де, барлық халық ақындары да осында! Ана төргі үйде! Жүріңіз!

Төрде өлең – жыр алыбы Жәкең, оған тізелес Нұрекен (Нұрпейіс Байғанин), жерге жайылған дастарқанды айнала басқа көп ақындар орналасқан-ды.

Әрі ойнақы, жалын өжет Шашекең дастарқанды жағалай орналасқан басқаларды көзіне де ілмей, шапшаң адуын басып төрдегі Жамбылға қол беріп амандасты.

– Уа Жамбыл, танысын ба, Шашубаймын!

– О сайтан! – деді Жәкең әзілдеп, сөйтті де:

О, сайтан қуанамын, тірі ма едің,

Арқамды қоздырар жыр «перім» едің! –

деп қасынан орын беріп, құрметтеді. Жамбыл даналығына, үлкендігіне тән осы бір көрініс көз алдымнан кетер емес.

Жамбыл Шашубайды «сары сайтан» дейді екен, Шашубай Жамбылды «жынды қара» дейді екен. Жас кездеріндегі сол бір әзілдерін осы кеште айтысып рахаттанып отырысты.

– Сөйле, сары сайтан! – деді Жәкең әзілдеп Шашубайға

Шашекең ұшқыр үнмен:

Мен сөйлер сөзді Жамбыл сен айтыпсың,

Қартайған кәрі жырды тыңайтыпсың! –

деп, арт жағында тұрған гармонын басып-басып жіберді:

Шашубай ескі ақынның «жандаралы»

Жамбылдың жер шарлады салған әні.

Өзің боп, өзім болып, өзге болып

Жасасын көк серпілтіп ән созғаны! –

деп бір тастады. Гармон даусымен бірге ырғала шыққан мәнді сөз отырған барша жұртты бір көтеріп тастады.

– Жан сөз!

– Адалы осы ғой, өзі!

– Бәріміздің көкейіміздегіні айттың, Шашубай.

– Рақмет, Шашеке!

Жамбылдың оң жағында иықтас отырған аз сөзді, салауатты сахаба Нұрпейіс осы тұста ғана салт етіп, қозғалып қалды да:

– Шашубай десе, Шашубай екенсін ғой. Естуім бар да, есендесуім осы ғана еді. Көмейіңнен айналса болмас па бұл жұрт сенің! – деді.

– Бұл «сайтанның қасында басқамызды былай қой! – деп бір

қалды да: – Ал енді баяғы алыс – күліс ала құйындарыңды тастап, жөн сөйлеп жорт, «сайтан» деді Жәкең. Өзілін де, адалын да сомдап айтты. Шашубай да іркілмеді:

Уа, Жамбыл тие берме сайтаныма,
Шашубай сөз табады айтарына.
Топ жарып тоқсаныңда сен шыққансын.
Жібердім сайтанымды қайтардым да!

Ақын құрбылары күлімсіреп, маз боп қалды. Кәрі жандарын Шашубай шындық әуенімен толтырып жіберген – ді.

Шашубай десе, Шашубай екенсін ғой. Басқалар Жәкеңнің тойына арналған уысын алақанынан шашса, сіз көкірегіңізден көңіл маржандарын төге салдыңыз, Шашеке! Рақмет! – деді де біздің Әбекең.

Мен қарт ақындар бір бірін сырттай білсе де, жүзбе жүз кездескендеріне өз аузымнан айтып таныстыруды парыз көрдім де, Нұрпейістен бастап Саяділге дейін сөз еттім. Содан Жәкеңнің сол жағында отырған Шашекеңнен бастап, самауырдың жанында шай құйысып беріп отырған Әбекеңмен тізелес отырған қаз мойын, кең маңдай, қоңырқай жүз сырбаз ақынды:

– Бұл кісі атақты Естай әнші, Естай ақын! – деп едім. Бәрі Есекеңе ғажаптана, манадан бері көрмей отырғандай ақ, таңдана қарайды.

– Е,... ым-м! Естай сен бе едің? Болсаң боларсың. Бері қасыма келші,- деді Жәкең.

Сыпайы мінез, сарбаз сері Естай Жәкеңе кішіпейілдікпен тілек етіп, отырған орнын өзгертпеді.

– Оң жағыңызда отырған Нұрекең мен сол жағыңызда отырған Шашекеңнің иығынан сізді айырғаным әдепсіздік болар. Орныма отыра берейін, Жәке рұхсат етіңіз, – деп өтінген – ді.

Естай есімі аталған соң, сол Естай өздерінің ортасында

Жәкеңнің тұспа-тұс қарсы алдында отырғасың жыршы қауым Естайды тындағысы келді.

– Өзінің айтқанын тындасақ!

– Сөз бар ма.... Айтқызайық!

– «Қорланын» тындасақ?

– «Жайқоңыры» да ғажап қой!

Аты мен қолында (саусағында) Қорлан берген мәңгілік

махаббат белгісі – күміс жүзік Қорлан болып күлімдеген тәрізді, электр жарығымен шағылыса жалтылдайды. Сырбаз сері Естай ақын әуелі қолындағы жүзікке кәрі көзін жаутаңдата қарап қойып, көкірегінде көріне бірге кететін махаббат шерін күрсініп жібергендей «Аһ» деп қалды да әндете жөнелді.

Бір қыз бар Маралдыда Қорлығайын...» – деп жүрегінің терең түбінен шалқыған махаббат жалынан қоңыр үнмен суыртпақтап суырып, сонау бір алыста қалған арманын тірілткендей кең уілмен ырғала әндетіп жіберді. Екі ғашықтың арманда сөнген махаббат жүрегінің аруағын ән ырғағымен тербеп, тірілтіп әлдилеп, ардақтап отырған тәрізді. Қаз мойыны биіктей түсіп, күре тамыры білеуленді. Ән созымдырығындағы, ырғақ қайырмаларындағы кең байтақ қоңыр жай уілі бір ғасырда басталып, сол ғасырды бұйдалы нардай боздатып жетектеп бұл ғасырға, осы күнге бізге жеткізіп сарын тебіренді. Бір ысынып, бір суынбай жайбарақат тыңдау мүмкін емес.

Ал Есекеннің өз айтуында (бүгінгі кештегі біз тыңдап отырған сәттегі) «Қорланның» әрбір сөзіне тән үнінің әр сөзі өзінің – жан сарайын ашып, екі ғашық «аһ» ұрған армандарын, күрсініс күйзелістерін, махаббат інкәрін, тар заманның тағылық мінезінен бір-біріне қосыла алмай өткен жастар жүрегінің шер жырын құлақпен емес жүрекпен тыңдаған жөн екен. Жәкең де сабырлы, Нүрекең мен ойнақы Шашубай да басқаларымыз да балқып тыңдадық.

Өйткені үні мұндай болғанда сөзі қандай, тілмен емес, жүректен суырылғандай еді.

– Ой-хой, дүние, – деді де Жәкең ойға шомып кетті. Өзінің жас шағындағы осындай бір арманы көкірегіне күңіреніс берген тәрізді. Сөйтті де, кенет қалғып кетіп оянған кәрі бүркіттей «ау» деп – шаңқ етіп сөйлеп кетті.

– Ей, Естай, жаңағы ғашықжар арманының сені мына мені де көп жасатады. Сөз-сол – деді. Аз кідіріп «ым-mmm» деп отырып қайыра сөйлеп кетті.

– «Нағыз «Қорланды» тыңдағаным осы, Жамбыл жалған айтуыңды білмейді. Осында... әр әншінің айтуын (Қорланды) бұл Жамбыл талай тыңдаған. Садаға кетсін олар жаңағы сенің айтуыңнан.

Нүреке, Әбеке,- Нүрекең мен Әбекең көз жүгіртіп алып, сол

жағынан орын беріп, өз қасына отырғызып Шашубайға топшысына көз тастаған бүркітше, бұрыла қарап, – не ұқтындар жаңа! Осының ән үнінің әр толқыны, созымы қайырым уілі, ырғақтары әр үннің ботасы боп боздап әндетті ғой.... Беу, махаббат, беу, арман!....

Жәкең кенет тағы да бір ойға шомып барып, тағы қайта серпілді. Біздің бар жан күйіміз Жәкеңнің қас қабағында, лебізінде.

– Ей, Естай, – деді Жәкең енді, жаңа айттым емес пе, сен мына менен де көп жасайсың деп. Иә, жаңағы «Қорланың» сөйтпей қоймайды. «Қорланыңа» қанша құмар болсам да, сені сонау Маралды – Ертісіңе мен іздеп бара алмас едім. Сен де мені іздеп келе қомас едің. Енді міне, бәрімізді Алатауда табыстырып, сайраттарып отырған жаңа заман. Өркені өссін заманның, Аллауакбар! Деп сақалын бір сипады. Дана сөз. Заман сырына, сарындарына ақындарына берген батасы әділ сыршылдығымен, шыншылдығымен ой тербетті.

Жәкең ұтылуды білмейтін тапқыр еді. Бір күні таңертең Жазушылар одағына келді. Құндыз бөркі де, пальтосының құндыз жағасы да Жәкеңнің қазіргі көңіл күйінде қатқыл көрінді. Орнымнан атып тұрып қарсы алып, орындық ұсындым да:

– Саулығыңыз... дей беріп едім:

– Мені ана үлкен басшыға апар? Қазір! – деді. Үлкен басшы деп отырғаны Қазақстан Компартиясының бірінші секретары Николай Аликсандрович Скворцов жолдас.

– Қазір, Жәке! Қазір! Ол кісімен әуелі телефонмен сөйлесіп.... сізді айтайын дедім.

Скворцовқа дереу телефон соғып тілдестім, Жәкеңді қабылдайтын болды. Алаңы тай шаптырым үлкен кабинеттің төріндегі қызмет үстеліндегі төртпақ, толық денелі Скворцов орнынан салмақпен тұрып, сабырлы басып кеп Жәкеңді қарсы алды. Қолтықтап барып бюро мәжілісін өткізетін ұзын үстелдің өз орнына жақын орындыққа Жәкеңді отырғызды. Жәкең сәл ғана ентігін басқан кезде, Скворцов жолдас Жәкеңнің амандығын, саулығын сұрап құрметтеп отырды. Сөйткенше болған жоқ Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің Секретары Жұмабай Шаяхметов келіп кірді.

– Ассалаумағалейкум! – деп сәлем беріп Жәкеңнің қолын алды. Сөйтті де Жәкеңе қарсы тұстан барып үстелдің қарсы бетіне отырды. Жұмекең келгеніне алдымса мен қуандым. Өйткені

Жәкең қазір келген шаруасын айтады. Оны Скворцовқа мен жеткізгеннен гөрі Жүмекең орысшалап берсе тиімді болар, – деп ойлаған едім, солай болып шықты.

Жәкеңнің бұл жолғы шаруасы – өте қиын шаруа. Буынсыз жерге пышақ сілтегенмен бірдей шаруа. Скворцовта бұрын осы шаруамен екі рет болған. Шешімін табу қиын боп жүрген мәселе.

Колхоздарға жер мемлекеттік актпен бөлініп беріп қойғанын Жәкең білсе де «күшке» салып жүр. Оны істетіп жүрген ауылдағы ақсақалдар. Жамбыл колхозының біраз жері колхоздарға мемлекеттік актімен бөлініп-өлшеніп берілгенде өздерімен іргелес колхозға кетіпті. Жәкең сол жерді колхозына қайтарып беруді талап етеді.

Скворцов жолдастың кабинетінде бірсыпыра наркомдар келіп сәлемдесіп, орналаса бастады. Жамбыл тілегін сөзбе-сөз Шаяхметов жеткізіп сотырды. Скворцов ойлана қиналып отыр. Госактімен бөлініп берген колхоз жерін бірінен-біріне бөліп бере салу – заңсыз іс. Жәкеңе мұны бұрын да айтып түсіндіріп көргем. Оған Жәкең көнбейді. Енді, бұл жолы қайту керек? Тағы да сол тәртіпті жайлап айтып, жақсылап ақ түсіндіріп көрді.

Жәкең талай ақындармен айтысындағыдай ұтымдылығын тағы да бұл жолы да қозғап жіберді.

– Сен, – деді Жүмекеңе, – бұған айт, осынша жасқа келген Жамбылдың ата жеріне зорлық жасатпай өз колхозына қайтарып берсін. Оған әмірі жүреді. Білем оны. Егер, – деді таяғының ұшымен еденді тақылдатып, ашуын білгізіп, – егер осы жолы шешіп бермесе... Мәскеуге барып шағым айтам, – деп оң қолын құлағының тұсына апарып телефон апаратын қолымен көрсетіп:

– Қазір сөйлестір! Сталиннің өзіне айтам! – деп салды

– Шешеміз, Жәке! Ренжімеңіз, қазір.... қазір! Ақылдасайық! – деп жер шаруашылығы наркомы Бектасов Әшімбекке телефон соқты.

– Тез кел! – деді

Скворцов жолдас орнына отыра бергенде есік ашылды. Беті үлкен-үлкен ақ орамал дастарқандармен жабулы екі-үш патнос әкелді. Жәкең келетінін білген Скворцов жолдастың эзірлеткендері болу керек. Өз алдына қойылған апельсинді, бифштекс, жұмыртқаны Скворцов Жәкеңнің алдына қойды. Боржоми бөтелкелері ашылып бокалдарға жағалай құйылып жатыр.

Адам сынағыш Жәкең әлгі әзірде ғана кіріп, өзімен Скворцовтың аралығында отырған екінші секретарға бұрылып:

– Бұл кім? – деген.

Қазір сол Сәлкен Дәуленов Жәкеңе шаңышқы – пышақ ұсынып «Тамақ алыңыздар!» – дей бастап еді. Жәкең оң қолын кеудесіне апарды да, алақанын жазып жіберіп кесе көлденең тартып қалды. «Тамақ жемеймін» деген кесім белгісі.

– Онда, мына Кавказ суын алыңыз.

Жәкеңде үн жоқ. Орындығын кері сырып, кеудесін қолымен басып: «Жүрегім, – деді, – ауырып қалды. Скворцов бас болып бәрімізде үрей қалмады.

– Дәрігер шақыр, – деді жанындағы көмекшісі Мәсімхан Бейсебаевқа.

– Ауруханаға.

Жәкең басын шайқап, қолымен ымдап: «Кетемін, алып шығындар!» – деп Тайыр екеумізге үнсіз әмір етті. Жәкеңді Тайыр екеуміз қолтығынан демеп бірінші қабатқа алып түстік. Есік алдында Жәкеңнің қара машинасы көлденең тартылды. Соған отыра:

– Ұзынағашқа тарт, ауылға! – деді шоферға.

Жәкеңнің кенет ауырып қалғанына мазасызданған Скворцов мырза сол күні мені қызмет аяғында қайта шақыртып, Жәкеңнің жайын сұрады.

– Больницаға жатпай кетті дейсіз бе? Көнбей кетті дейсіз бе?

– Иә, Николай Александрович. Ол кісі өзі айтқаннан басқаға көндіру қиын. Қарт адамдар дәрігердің ем домын жаратпайды.

– Иә, солай болса болар... Тентек қарт, тентек, – деп басын шайқап күлімсіреді.

Әңгімеміздің ақыры – біздің тез Жәкеңе жүгіріп кетуіміз керектігі болды.

– Мына Нұрпейісов жолдас пен Шарипов жолдас үшеуіңіз барыңыз. Қазір жүріп кетіңіздер.

Жүріп кеттік.

Жәкеңнің халі жақсы екен, қуанып қалдық. Ол кісі де бізді көңілді қарсы алды. Әзілдей сөйлеп:

– Білем сен үшеуің бірдей неге келгеніңді. Үшеуіңді де ана үлкен кісі жіберген ғой. Им-м деп әрқайсысымызды кәрі көзімен барлап сыр бағдарлайды. Үлкеніміз – Исағали. Ол кісі отырып:

– Жәке! – деді аузын Жәкеңнің құлағы таман жақындатып. Ертең таңертең Скворцов жолдастың өзі келеді, – деді. Жұмабай Шаяхметов жолдас та келеді. Екеуі бірдей келеді, – деді. «Екеуі бірге келеді» дегенді ерекшелеу құрметпен айтты.

– Неге келеді? Шақырған жоқ едім ғой оларды? – деді Жәкен әзілдей.

– Сәлем береміз дейді сізге Жәке, басқа шаруалары жоқ шығар. Бар болса өздері айтар сосын.

Жәкеңнің ауыл аймағы, үлкен – кішісі сол жерге жиналып қалған. Сатышты, Жартыбай ақынды, Тезекбайды былай қойғанда ақсақал, қара сақал, бурылсақалдар да, мұртты, мұртсыз жастар да кепті. Бәрі осы үйде.

Дана ақын ар жағын сұрамай, қалғып кетіп оянғандай:

– Әй балалар! – деп шанқ ете қалды.

Бізде жүзіне жалт қарадық.

– Маған енді жер керек емес, «көр ғана керек!» – деп салды, біз шошып кеттік. Бұл не сөз?

– О, не дегеніңіз, атасы, айтпаңыз ондай сұмдықты!

– Халық үшін жасай түсіңіз.

– «Жамбылдың халық үшін қалған жасы» дейтініңіз қайда?

Ертеңіне таңертең Жәкеннің ағаш үйінің ауыз бөлмесінде жаңа ғана шай ішіп отыр едік.

–Кеп қалды,- деп Тезекбай кіріп келді даладан.

Есік алдына шықтық сырлы көк қақпа алшысынан ашылды. Екі ЗИЛ машинасы жорғалап кеп тоқтай қалды. Алдыңғысынан Скворцов әйелімен, шикіл сары, дөңгелек бет, күрең көзі шапшаң қимылдайтын Жүмекен қасында (5-6 жасар ұлы бар) машинадан түсті. Құрметпен қарсы алдық. Жәкең қақпа алдына шықпады. Көк шатырлы, төрт бөлмелі жаңа ағаш үйі басқышының үстінде құндыз бөркі басында, сырлы таяғын қолына таянбай ұстап, күміс сақалы омырауына төгіліп тұрып қарсы алды.

Төменгі бөлмедегі столға Скворцов пен әйелі отыра бергенде Жұмабай Шаяхметов мені ертіп төргі бөлмеге кірді де, төрдегі жаюлы кілем, көрпе үстіне оң тізесін бүгіп, сәл отырып тұрды. Содан соң ғана төменгі бөлмеге келіп, столға отырды да:

– Мен қазақ дәстүрін істедім, – деді Скворцовқа.

– Оның өте дұрыс болған. Бізде сүйтейікші. Бізде осы елдікпіз ғой! – деді әйелі Скворцовқа.

Жәкең түнде қатты әзірлік жастақан-ды. Бірақ қонақтар асығыс екен.

– Пах-пах-пах! Асығыста асығыс! – деді Жәкең.

– Айып етпеңіз! Жайымыз солай! – содан соң Скворцов Шаяхметовқа: – Бұл кісінің әлгі жер жайын тындыруың керек ғой, сол үшін келдік емеспе! Соны айтыңыз, құрметті Жамбылға! – деді.

Жұмабай Жәкеңе қазақша жеткізіп еді. Жәкең кең тыныспен, келісті жүзбен:

– Жамбылға енді жер керек жоқ, ол жөні енді бітті. Рахмет бұл үлкен кісіге. Сол туралы ғана келсеңдер екеуіңе де рұқсат. Жамбылға жер керек емес. Бар жерді ұқсатып алсын – ақ бұлар! – деді.

...Мен де майданға аттанып кеттім.

Бірде жараланып, госпитальдан өз бөліміме қайтып келе жаттым. Жаудан жаңа ғана босаған деревняның бір үйіне паналауға тура келді маған. Хал-жағдай нашар. Тек ғана жүректің тынбай соғуын тілейсің.

Қай жерденсіңдер, ұлдарым? – деп сұрады біз түнеп отырған үй иесі сары шал. Біздер туған елімізді айттық.

– Оралданмын!

– Мен Севаннанмын!

– Қазаннан!

– Мен қазақтың ауылынан, Жамбылдың Алатауынанмын, – дедім мен.

Шал:

– Естуім бар Жамбылды. Өз көзіңмен көрдіңбе? – деді.

Мен:

– Адалымды айтып отырмын, қария! Қазақтар өтірік айтуды өлім дейді. Нанбасаңыз міне, көріңізші! – деп планшетін ішінен Жамбыл суретін (өзім бірге түскен) суырып алып қолына ұстата бердім. Шал ортада тұрған гилза шам жарығының сықсиган сәулесіне тосып, суретке тесіле қарады да: «Толстой сияқты екен, жарықтық!»- деді.

Содан соң ше? Әлгінде «Жоқ» деп бермеген махоркасының қалдығын ұсынды бізге.

– Мұнсыз да мен күн көрем . бәрін тарт! – деді.

Міне, Жамбыл құдіретінің, оның жалынды жырларының

қасиетті дәрменін осынау қатулы орыспалап берген махорканың шылымы ұшына шудалана созылып көтерілген көк түтіннен де көргендей болдым. Сонда қаншама мақтаныш, қаншама күш қуат шымырлады өн бойымды!

«Ленинградтық өрендерім» атты өлеңі «Правдаға» басылып шыққанда майдандағы баршамыздың жанымыз тебіреніп сала берді. Ия, ол бір сондай, заманалар поэзиясында сирек кездесетін толғаныс еді ғой!

– Бізде газетімізге басуымыз керек! – дедім.

– Дұрыс! – деді Сәду.

Сөйтіп Жәкеңнің «Ленинградтық өрендерімін» майдан газетімізге басып шығардық. Әрине, біздіңде, барлық майдан газеттерінен де бұрын «Правда» жариялаған еді. Жамбылдың бұл өлеңін бұл күндері көзіне жас алмай оқыған бірде-бір ленинградтық болмаған болуы керек.

НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛОВ

АЛЬПТАР КЕЗДЕСУІ

Тоқтағұл келгенде: Бауырлас қырғыз халқының демократ ақыны, Тоқтағұл Сатылғанов 1910 жылы Сібір тұтқынан қашып шығады. Оның қашып шығуына орыс жолдастары көмектеседі. Тоқтағұл тайганың қалың ну орманын аралап, түнделетіп жүріп отырып, Қазақстан шетіне ілігеді. Қазақ ауылдарына жетіп жүрек жалғайды, есін жинайды. Қазақ ағайындары оны қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, іздеген тыңшыларынан талай аман сақтап қалды. Тоқтағұл оларға өлең айтады. «Манасты» жырлап береді.

«Қазақ жеріне келгенде, өз еліме, өз үйіме келгендей болдым», – депті Тоқтағұл. Ол Қазақ жерінде бір күні сырқаттанып, жүре алмай қалады. Сонда оны қазақ достары арқалап жүргенін, елге келгенде жыр қылып айтқан екен. Сол достарының жәрдемімен Тоқтағұлдың өз еліне жеткеніне көптеген дерек бар. Түрмеден қашып келе жатқанда ол былай деп жырлапты:

Қанатым – қазақ туысқан

Хабар ал жаннан ұғысқан.
Бәрің бірдей жақынсың,
Бәрің келіп тұрасың,
Жасырмастан айтайын,
Болған істің расын...

Осылайша, ол қазақ халқына өз басынан кешкен жайларды ақтарыла жыр етеді. Бұл дерек Қырғыз ССР Ғылым академиясының қолжазба қорында және Тоқтағұлдың 1956 жылғы толық жинағында бар. Осындай деректерді кезінде Жамбылдың жанында жүрген шәкірттері Кенен, Үмбетәлі, Саяділ, Есдаулетте айтқан болатын.

1964 жылдың күзінде Кенен Әзірбаевтің өлең жырларын жинастырып, баспаға әзірлеу үшін арнайы тапсырмамен Қордайға бардық. Кенекең біздің алдымызда ғана Фрунзе қаласынан келіп отыр екен. Тоқтағұл Сатылғановтың туғанына 100 жыл толу тойына қатысыпты.

– Қырғыз ағайындар – деп бастады ақын әңгімесін.

– Тоқтағұлға зор құрмет көрсетті. Өлең, жырларын оқыды. Әндерін шырқап, күйлерін шертті. Солардың ішінде әсіресе бір ғалымы айтқан сөз және Оспанқұл ыршының Тоқтағұлдың «Қазақ жерінде» деген өлеңін жырлап бергені, біздің Жәкеңмен қалай кездесіп бірге жүргені маған қатты әсер етті.

Біз білмейді екенбіз, Тоқтағұл Сібір түрмесінен қашып орманды аралап жүре беріпті. Сөйтіп қазақ жеріне жетіпті. Ауыл аралап, өлең айтыпты, жарасы жазылып, есін жинапты. Семейді жағалап, Аягөз асып Жетісуға келіпті. Қаракесекте Жамбылмен кездесіпті. Сонда Жәкең:

– Келдің бе, ақиығым алыс жерден,
Өтіпсің самғап ұшып асқар белден.
Алмас пышақ қап түбінде жатпас деген,
Хан, төре айналмай ма сендей ерден?
Ер ғана елін табар іздеп жүріп.
Жүрсе де ғұмырында қорлық көріп
Құландай ақ бұғауын үзіп қашқан
Жетіпсің енді міне елге келіп...» –

деп оны айқара құшақтап, қасынан орын берген.

Жәкең жарықтық ақынның ақынын айтпай білген ғой.

Тоқтағұлдың тау суындай тасқындап төгілген жырына, бай манаптарға бетің бар, жүзің бар демей айтқан сөзіне тәнті болып, оны өзі ертіп жүріпті. Қастек, Қаскелең, Майтөбе, Суық төбені аралапты. Екеуі Құлансаздағы тойда болыпты. Содан Қордай асыпты. Кебекбай, Ноғайбай ауылдарын ән мен жырға бөлепті. Берегіректе, Жәкеңнің қасында көбірек жүрдік қой. Қырғыз еліне де талай бірге бардық. Сонда Жәкең әсіресе Мұраталы мен Тоқтағұлды аузынан тастамайтын. Қырғыз достарына Тоқтағұлдың жырларын айтқызып, Мұратәлінің күйлерін шерткізетін.

Бүгінгідей әлі есімде, отыз сегізінші жылы Жамбыл қырғыз ағайындардың шақырумен Фрунзеге барды. Сонда ол көптеген ыршы, ақын жазушыларымен кездесті.

– Мен жас жігіт кезімде, – деді Жәкең, – айыл, жайлауларыңды көп аралап жыр айттым. Сонда Тыныбектей манасшы, Тоқтағұл, Қалмырзадай ыршылар, Мұраталідей күйшілермен кездесіп, дос болдым. Таныбектен «Манасты» тыңдап ұқтым. Тоқтағұлдан «бес қабан», «Шон кербез», «Ой бұлбұл», Мұраталіден «Қамбархан» «Ботаның зары», «Қыл қияқ» күйлерін тыңдадым. Ой шіркін – ай ондай ыршы, күйшілер бола бермес. Жамбыл енді бірде отырған Әлімқұл ыршыға бұрылып: – Сендердің шертпе күйлеріңді сағындым әлгі, «Қырдағы жүрген қырық арқарды» – тартшы деді. Әлімқұл шешен комузын безектете жөнелді. Ақындық арқасы қозып кеткен Жамбыл:

Қырғыз ұлы, құлақ сал,
Ежелден қимас бауырым
Жайлап жүрдік саялап
Іле, Шу, Нарын ауылын
Атамыз болған бал тату
Анамыз болған жан тату
Келін менен бозбала
Ұлы менен қыз тату
Қазақ айтқан қырғызға
Батырым деп мақтаған
Бір қыңыр сөз айтпаған
Ақ қалпақты ер қырғыз
Төрге шық деп сыйлаған
Қазақ барса қырғызға
«Кел бауырым, кел» – деген

Бала қайда, малға бар
Бағлан алып кел деген...»

Кенен ақын әңгімесін жалғай түседі. Ол сәл ойланып, домбырасын дыңылдатып отырды да,

– Мен Ыстық көлге жиі барып тұрамын, – деді. – Жаздың тамылжып тұрған бір күнінде Ыстық көл жағасындағы бір қырғыздың үйінде аялдап отырғанымызда ол Тоқтағұл туралы біраз әңгіме айтып еді. Сондағы Жәкеңнің:

Айдауды көрген Тоқтағұл,
Байлауды көрген Тоқтағұл
Зынданды көрген Тоқтағұл
Қол аяғы кісенмен
Қинауды көрген Тоқтағұл
Қайда екен сол Тоқтағұл? –

деген терме сөзі әлі ойымнан кетпеді.

Тоқтағұл мен Жамбылдың тағы бір кездесуін Жамбыл шәкірттерінің бірі – төкпе жырдың шебері Үмбетәлі Кәрібаев кезінде былай әңгімелеген-ді.

– Ұмытпасам, 1912 жылдың жаз айы болатын Қырғыз Алатауының «Үлкен камин» дейтін кең жайлауында Россия патшалығының полковник атағын алған қырғыз манабы Шабденге ас берілді. Кең сазға үш жүздей үй тігіліп, әр тараптан халық ағылып келіп жатты. Жетісудан да көптеген адамдар барды. Жамбыл, Кенен бәріміз сол тойға барып қатыстық. Маған жыр кезегі үшінші күні жыр бәйгесінен кейін ғана тиді. Оның алдында Жамбыл, Кенен және қырғыздың ірі ақындары жырлап өтті. Ақындар айтысы да аяқталды. Әр елдің өңкей дөкей бек, манаптары үлкен ақ үйде қымыз ішіп, ет жеп отыр еді, қырғыздың аға ақыны Қалмырза:

– Қәне Үмбет ыршы, жорғыға салып тамашанды көрсет! – деді. Мен ақпалы термемді төге жөнелдім. Екі елдің достығын, ақындарын, батырларын мадақтадым. Бір кезде Тоқтағұлды атай беріп едім, төр жақта отырған бір бегі болу керек.

– Тоқтат» – деп ақырып қалды. Сол кезде манадан бері үй сыртындағы топ адамның ішінде жүрген Тоқтағұл үйге кіріп келді. Әлгі бек Тоқтағұлға қарап:

– Шық үйден, айыпкер қашқын! – деп зеки бастады. Осы кезде кең үйдің төр жағында Мұратәлі, Оразәлі жыршы күйшілер

ортасында отырған Жамбыл: Тоқтағұлымысың төрге шық, – деп оған қасынан орын берді. Тоқтағұлға «үйден шық» деп жатқан сол елдің Бәйтiк деген манабы екен. Ол өршелене түсіп:

– Ай қазақтың жалғыз атты ыршысы билік айтатындай бұл сенің айылыңның тойы емес, біздің қасиетті жарты патшамыздың асы, қаңғыбас қашақты жақтамай жайыңа отыр! – демесі бар емес па? Бәріміз сол арада дау шығып кетпесе екен деп, еліре қалыппыз. Тоқтау айтып жатқандар да бар. Мұндайда даудан да, жаудан да беті қайтпаған Жәкеңнің екілене түсетін әдеті бар ғой:

Тұлпарды тұлпар таниды
Ертеден шапса талмайтын
Сұңқарды сұңқар таниды
Ілерде жемін самғайтын
Батырды батыр таниды
Ұрандап жауға шапқанда
Жауған оқтан қайтпайтын
Жақсыны жақсы таниды
Сыртынан ғайбат айтпайтын
Ел бұлбұлы Тоқтағұл
Ордаға аяқ басбайтын
Қарғаны қарға таниды
Қарқылдап қанат қағатын
Құзғынды құзғын таниды
Өлексеге ауыз салатын
Болысты болыс таниды
Параны жалмап алатын
Манапты манап таниды
Нашарға құрық салатын
Ақынды ақын таниды
Сөз қадірін аңдайтын
Тоқтағұл мен бұл Жамбыл,
Бірін – бірі біледі,
Жырлары сел боп ағатын
Қиядан ұшса қос қыран,
Бірін – бірі табатын

Осылайша термелеп төгіп төгіп жібергенде, отырған көпшілік сүттей ұйыды. Батыл да, байламды сөз айтқан Жамбылдың сұсы басты білем, маналы бері өз буына өздері пісіп, асып-тасып, серпіле

лепіре сөйлеп отырған бай, манаптар да бірауық үнсіз тына қалды. Сол сәтте Тоқтағұл комузын безектете шертіп-шертіп жіберді де жырлай жөнелді.

Қазақта Жамбыл сен едің,
Шалқып жатқан көл едің,
Тасып бір өткен сел едің,
Қырғызда бір бауырың,
Тоқтағұлың мен едім,
Қай қырғыздан кем едім?
Қарсы болып манаппен,
«Итжеккенді» көргенмін,
Жаласынан бектердің,
Сібірде де өлмедім,
Қорлық көріп жүргенде,
Өлең болды ермегім.
Сағынып елге келгенде,
Намысты қолдан бермедім.
- Ей манаптар, манаптар!
Шабденнің бұл асында
Қырғыз бенен қазақтар,
Бас қосады деген соң,
Жиналыпты санаттар.
Болыспенен билерің,
Қазан аңдып бұл күнде
Бұралқы иттей жалақтар....» –

дегенде көп ішінен біреу «мынау не дейді» деп айқай салды. Қарасақ, бұғы марал руынан шыққан Ешкібай манап екен. Ол орнынан тұрды да:

– Тағы да «итжеккенді» көрейін демесең жап аузыңды!..

Осындай қасиетті үлкен тойда «Бұралқы иттей жалақтар деп кімді айтып тұрсың» жалаңаяқ қашқын неме!?! – деп Тоқтағұлға тұра ұмтылды. Осы кезде Жамбыл тағы да:

– Сабыр, сабыр! Ақын елдің еркесі, оған қол көтеруге болмайды, ащы айтса да сонікі жөн! – деп әлгіні тоқтатып тастады.

Қырғызыстан Ғылым академиясының қолжазба қорында Шабден асының қалай аяқталғаны да жазылыпты. Оның Жамбыл мен Тоқтағұлға қатысты беттерінің қысқаша мазмұны мынадай.

Әр елден асқа келгендер тарап жатады. Жамбыл жырын мол

тыңдап, оған риза болған Шабденнің үрім бұтақтары оған ат мінгізіп, шапан жабады, сонда Жамбыл.

– Бұл құрметтеріңе ризамын, мен бұл сыйлықты Тоқтағұлға тартамын. Ол болса, сонау «итжеккеннен» талай қиыншылық көріп келді ғой, – деп шапанды алдына қояды

Архив материалдарының келесі беттерінде екі ақынның тағы кездескені айтылыпты, бұл 1922 жылдың күз айы екен. Тоқмақ шахарының ірі байларының бірі Бұланның үйінде Жамбыл мен Тоқтағұл үш күндей жатып өлен мен жырды төгіпті. Сауық сайран құрып отырғандар Тоқтағұлға? «Ой бұлбұл» «Шон, кербез» «Кедейхан» «Бесқабан» «Қазақ жерінде» тағы бірқатар жыр толғауларын айтқызыпты. Жамбылға «Мұңлық зарлықты», «Қыз Жібекті» жырлатыпты, Қымызға қызып алғандар екі ақынды айтыстырмақ болыпты.

– Біз екеуміз айтыспаймыз, – дейді Жамбыл, – көңіл жақын адамдар өзара айтыспаған. Егер айтысса қыза-қыза бір-біріне тілі тиіп, арасы суып кетеді. Оданда біздің қисса, күйлерімізді тыңдай беріңдер.

Осылайша екі дүлдүл кезекпе-кезек күн түн жырлап, күй шертеді. Ертеңіне ақындар жүрер алдында Бұлан мырза арнайы өзі шақырған Тоқтағұлға 500 сом сыйлап Жамбылдың иығына сеңсең тон жабады. Сонда Тоқтағұл:

– Жамбыл – аға, – дейді, – ана бір жылы сонау Сібірден жалаң аяқ арып-ашып жеткенімде екі айдай қасыңызға ертіп ес жинаттыңыз. Астыма ат беріп, Сусамыр жайлауына дейін шығарып салдыңыз. Онан соң, Шабден манаптың асында жалақор манаптар итше ырылдап етегімнен тартқанда, арашаға түсіп менің сөзімді сөйледіңіз. Өзіңізге берген жібек шапан мен төртөбел жорғаны маған сыйладыңыз. Қазақ, қырғыз жиналған сол жиында мәртебемді бір көтеріп тастадыңыз. Сіз бұл ауылға меймансыз ғой, мынау мінгізген атым болсын қабыл алыңыз деп, Бұлан бай берген 500 сомды Жамбылдың алдына қойыпты.

Сонда Жамбыл:

– Тоқтағұл бауырым, мақұл ғой, бірақ сен көп азап көрдің. Бала – шағаң бар, солардың қажетіне жұмса, тұрмысыңды түзе, ал біз елдің ішінде жүрдік қой – деп, 100 сомын өзі алып қалған 400 сомын Тоқтағұлға қайтарып беріпті. «Келесі жазда Майтөбеге кел, елді тағы бір аралатайын» – дейді Жамбыл. Бұл шақыру бойынша

Тоқтағұл Жамбыл ауылына барды ма, бармады ма ол жағы беймәлім.

1913 жылы Тоқтағұлға өшіккен қырғыз манап, болыстар нақақтан жала жауып тағы да ұстатып Наманган түрмесіне қаматады. Бұл суық хабарды сол жылы Жамбыл Алматыға келген қырғыз жыршылары Қалық Ақиев, Әлімқұл Үсенбаевтан естіген. Бұлар Россия патшасы Романовтар тұқымының патшалық құруына үш жүз жыл толуына байланысты, Ұзынағашта болатын көрме жиынға шақырылған болатын. Әлімқұл мен Қалық «Тоқтағұлды босатып алу үшін қаржы жинап жүрміз» дейді. Сонда Жамбыл – «мұндай «жылудан» тыс қалуға бола ма? Менің Тоқтағұлдан аярым жоқ, екеуің қайтарыңда менің қосарымды ала кетіндер», – депті. Сонымен олар қаржы жинап еліне оралыпты.

1933 жылы Тоқтағұлдың қайтыс болған хабарын баспасөзден есіткен немересі оның жинағын алып оқып отырды. Құлағын түре қойған Жамбыл бұл жырдың Тоқтағұлдікі екенін айтпай таниды. Сол арада ол өзінің қимас досын еске алып арнау толғайды:

Немерем бір кітәпті оқып жатты,
Кітап сөзі әркімнің ойын тартты
Байқаймын тыңдағаннан көңілі шат
Алғандай әр сөзінен бір ләззатты
Апыр ай, – деді әркімдер кімнің жыры
Берейін тағы да айтып деймін мұны, –

деп басталатын бұл жырында ол Тоқтағұлдың батыл сөзді, өр мінезді бұқарашыл ақын екенін сипаттап береді. Естелік соңын:

Тыңдасақ кеше оның зарлы күйін
Тыңдаймыз бүгін міне нәрлі жырын.
Ел сүйген ізгі нәрсе ізсіз қалмас
Жалғаны бар ма айтшы, менің мұным.
Ақынның құламайтын күмбезіне –
Осы жыр ескерткішке қойған гүлім!

деп доғарады.

Динамен дидарласу. Қашан да талантты, дарындар, өнер адамдары бірін бірі жанай жүрген ғой. Жамбыл мен Дина да сөйткен. Екеуі талай кездесіп, өткен – кеткенді әңгіме еткен. Жыр, күй тыңдасқан. Тоқсандағы Жамбыл мен жасы сексенге таяп қалған Дина Нүрпейісова кәдімгідей жастарша әзілдеседі екен. Әзілі жарасқан екі дүл-дүл талай күндерін бірге өткізген, тіптен бірер ай

бірін бірі көрмей қалса, алаңдап іздейтін болған. Жамбыл кейде астанаға жеңіл машинасын жіберіп Динаны алдыратын, бірнеше күн қонақ етіп күйін тындайтын. Мұны көргендер айтады.

1938 жылдың маужыраған май айы. Заманымыздың даңқты жыршысы ақындар атасы, Жамбыл Жабаеттің ақындық қызметіне 75 жыл толған торқалы тойы өтіп жатқан кез. Жамбыл ауылына ел мол жиналған. Республикалық аудандар мен облыстардан келіп жатқан адамдарда қисап жоқ. Оңтүстіктен Орынбай, орталықтан Шашубай, Ақтөбеден Нүрпейіс, Қызылордадан Нартай, Семейден Нұрлыбек тағы басқалары бар. Өзбекстаннан Фазыл, Қырғызыстаннан Оспанқұл, Қалық Советтер одағынаның барлық халқынан өкілдер, ақын жазушылар келген. Арнау жыр, құттықтау сөз қардай жауған. Той бірнеше күнге ғана созылған.

– Сонда мен – дегенді, Жамбыл шәкірттерінің бірі Кенен Әзірбаев – Жәкеңнің жанында, оған қызмет істеп жүрдім
Күләш келіп, атасын құшақтап бетінен сүйді.

– Айналайын, бұлбұл қызым, – деп тұрды да, Жәкең одан:

– Дина әжең қайда? Ол неге келмеді? – деді

Онан соң жайраңдап Шара сұлу келді. Ол да атасын құшақтап жатыр.

Жәкең одан дап «Дина қайда?» деп сұрады. Олардан соң Ақан келді (композитор Ахмет Жұбановты айтады) Жәкең одан да:

– Ау, әлгі орталарыңдағы жалғыз кемпірді неге ала келмедіңдер?! – деп жатты. Мен ішімнен «Бұл кісі неге Динаны іздеп алаң болып жүр», – деп ойладым.

Екеуі осыдан үш-төрт ай бұрын кездесер алдында да, Жәкең тап осындай алаңдап тынышсызданған еді. Бұл Кавказ сапарынан оралған кезі болатын, қария кісілер өзінің замандас-сырласын іздейді ау шамасы. Динаның күйін аңсай ма қайдам, әйтеуір сол жолы да мазасызданумен болды. Келім-кетімдермен де онша шешіліп сөйлесе қоймады. Сөйтіп жүргенде бір күні Дина келе қалды. Сондағы Жәкеңнің қуанғанын айтсаңшы! Екі ғашық сағынысып табысқандай құшақтасып жамырасты да қалды. Арада жөн сұрасқан қалжың сөздер де айтыла жатты. Қонақ үйге кіргізіп екі қарияны отырғыздық. Сонда Жәкең:

Қырандай келдім, Дина, шыңнан ұшып,

Кавказдың сұлу сәнді тауын құшып.

Он бестегі баладай мен жасардым.

Кавказдай ұлы таудың суын ішіп,
деп әңгіме бастады. Кавказ сапарын біраз айта келіп:

– Сен қасымда болғанда ғой, тіптен қызық болатын екен.
Грузиндердің жүз жасаған кемпір шалдарын көретін едің,- деді.

– Өзің ғой, ертпей тастап кеткен. Қасыңа кімді ертесің дегенде
қасыңа мынау ұзын тұра Кененді қалапсың ғой, – деп Дина мені бір
қағытып кетті.

Келесі жолы да Дина екі-үш күндей кешеуілдеп келеді. Бір жас
бала оны жетектеп алыпты. Сырттан біреулер «Дина келе жатыр»
дегенде, Жәкең орнынан ұмтыла тұрып:

– Ойбай, ол кемпірдің алдынан өзім шығайын,- деп есікке
қарай беттеді. Бір шал, бір кемпір тағы да шұрқырасты да қалды.
Бірін – бірі құшақтап арқасынан қағады. Бірі: «Шалым-ау,
орденің құтты болсын!», – десе, екіншісі: «Мен сені алаңдап көп
іздедім, неге жатып алдың?» деп наз айтып жатыр. Айнала жұрт
кемпір мен шалдың бұлай сәлемдескеніне, қалжың сөзіне мәз
мейрам болып күлісіп алды. Дастарқан басына отыра бергенде
Жәкең домбырасын шертіп:

Көп болды, Дина, сені көрмегелі
Орден ап, өрге шауып өрлегелі
Сен дегенде көңілдің ілгіші бар
Келдің бе сол ілгішті жөндегелі?-

деп бір өлеңді бастай берді. Осы шумағы ғана жадымда қалыпты,
өзгесін көпшілік домбыралалап естіртпей жіберді...

Жұрт қариялардың бұл бөкпесіз қалжыңына тағы да күлісіп
алды. Бау ішіндегі көкмайсаға көрпе, кілем төселді. Біземшек
жастықтар тасталды.

Дина:

– Қане Жәке, не қолқан бар?
– Күй ғой, Динажан, тәтті күй.

Дина ұстазы Құрманғазының «Серперін» сыңқылдатты.

– Міне мұным қонақ кәде болсын, енді өзің сөйле. Біраз болды
сізді тыңдамағалы?

Жамбыл:

– Күйге қолым олақ, әнге даусым олақ, бір әңгіме айтып
берейін. Өзіңді көріп, күйіңді тыңдаған с оң еске түсті. Бұл да бір
өзің сияқты күйші қыз еді.

Ілгеріде Шу бойында Жаныс ауылында Жантелі деген жас жігіт болыпты. Ол он саусағынан өнер тамған зергер ұста екен. Жігіттерге зерленген ер-тоқым, өмілдірік, қамшы: қыз келіншектерге сырға, алқа, жүзік, білезік жасап береді екен. Оның осы өнеріне қызығып байлар қызын беремін десе, алмапты: бектер қызын айттырса қаламапты. Саудагер қызын да қаламапты. Сөйтіп, отызға жеткенше үйленбепті.

Күндердің күнінде сол жігіт тау асып келе жатып бір жылқышының үйіне кез болыпты. Есік алдында тұлым шашы желбіреген қаракөз қыз жылап отыр дейді. Жантелі атынан түсіп, әлгі қызға барады.

– Неге жылап отырсың, қалқам?

– Байдың балалары домбырамды сындырып кетті.

– Әкел жөндеп берейін? – Ұста Қоржынынан аспаптарын алып мойнынан опырылған қалақша домбыраны лезде желімдеп, жөндеп береді. Қыз домбыраны тартып қараса, бұрынғысынан да шешен болып кетеді.

– Атың кім?

– Аршын.

– Жасың нешеде?

– Тоғызда.

– Әке – шешен қайда?

– Әке – шешем өлген жетіммін.

– Кімнің қолында жүрсің?

– Жездемнің.

– Ол қайда?

– Жылқыда жүр,

Олар сөйтіп жатқанда жылқы жақтан қыздың жездесі мен әпкесі келеді. Жөн сұрасады. Жантелі төменгі Жаныс ауылынан екенін айтады. Таныса келе жылқышы оған нағашы болып шығады. Зергер жігіт кішкентай аршынның жағдайын сұрап біледі. Әпкесі айтады:

«Шыққан қыз шиден тысқары» деп, мен байғұс көпке дейін білмей жүріппін. Әке, шешеміз өлген соң жақын туыстарымыз Аршынға қарамапты. Әр кімнің есігінде жүріп, күлін шығарып, суын тасыпты. Қамқоршы болмаған соң жас бала басының ауған жағына кетіп, кейде далаға түнеп жүріпті. Ескі домбыра тауып алып, иесіз далада мұның шағып зарлап күй тартатын болыпты.

Осыны айтады да әпкесі сіңлісіне қарап:

– Аршынжан, мына кісіге әлгі «Жетім қыздың зары» деген күйінді шертіп берші, тыңдап көрсін,- дейді.

Қарақат көзі жәудіреген Аршын, кішкентай домбырасының құлақтарын келтіреді де, күйді еңірете жөнеледі. Мидай дала, қараңғы түн, ысқыра соққан жел, суылдай ескен құм, ұлыған бөрі, үілдеген үкі, шыңқылдаған шілік, қарсақ, түлкі кәдімгі иесіз даланың бейнесі. Осы даланы жалаң аяқ, жалаң бас, үстінде жыртық көйлегі, қолында қалақша домбырасы бар жас қыз кезіп жүреді. Ол обада өлген әке, шешесін жоқтайды. «Апашым, көкешім қайдасын?» – деп ботадай боздайды. Енді бірде өксігін басып дала тынысын тыңдайды. Тағы еңіреп зарлайды.

Ошақ басында, от қасында күй тыңдап отырған әпкесі көз жасын жаулығымен сүртеді. Төрде міз бақпай қалған зергер мен жылқышы бастарын сүйеп, қалың ойға шомып кетеді.

Ойын сергіткен соң, Жантелі ұста:

– Бұрыннан жегжет екенбіз. – депті, – Сүйек жаңғыртайық. Аршын қызды мен қаладым, өзім тәрбиелеп өсірейін, зергерлеп әсем киіндірейін, екі үйдің арасына дәнекер болсын. Айнымас дос болайық. Бойжеткен соң өз қолдарыңнан некелеп қосырсыңдар. Әпкесі айтыпты:

– Аршын әлі жас бала ғой, ер жетсін де.

Жылқышы әйеліне былай депті.

– Сен қоя тұр, анау өз күшіктерінді жетілдіріп ал, жиен дұрыс айтады. Аршынды өз қолына алып тәрбиелесін. Екі араға дәнекер болсын деген жөн. Ол Аршынға қарап.

– Аршынжан, дұрыс қой. Жантелі де бөтен емес. Өзіміздің жиен. Өзі өнерпаз зергер. Оның қолында болсаң қор болмайсың.

Аршын қыз бұған көніпті. Әпкесі тағы да.

– Жар дегенде жалғыз сіңлім еді, әйтеуір сізге сендік. Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, мәпелеп өсірерсіз.

Сонымен Жангелді Аршын қызды атына мінгестіріп алып ауылға алып келіпті. Жылдар жылжып өте барыпты. Зергер дүкенін соғып, тұрмысын жақсартыпты. Аршын қыз күй тартып өнерін өсіріпті. Арада жеті жыл өткен соң жылқышы мен әпкесі келіп, екі елді қосып екеуін некелеп басын қосыпты. Бірі – зергер, екіншісі – күйші, екі – өнерпаз қосылған соң ол ауылға береке дарыпты. Өнерлі өнегелі ел атаныпты. Зергер іздеген сол ауылға барыпты.

Күй тындағысы келген сол ауылдан табылыпты. Бәрі тамсынып: «Ой зергерші болсаң Жантелідей бол, күйші болсаң Аршындай бол!» – десіпті. Аршын: «Жетім қыз» Күйін тартса кемпір шал жылапты. Ол осындай тындаушының көңіл күйін таба білетін шебер күйші болыпты. Сондықтан да ол елдің ақындары:

Күй тартсаң Аршындай тарт ағыл-тегіл,

Шеріміз кеудеміздегі болсын жеңіл.

Арқадан ауыр жүкті аударғандай.

Серпіліп естігенде қалсын көңіл, –

деп жырлайды екен.

Бір тойда күй жарыс өтіпті. Аршын күйші барша күйшілерді жеңіп, бас бәйгеге шайы орамал, жібек көйлек киіп, бозжорға жетектеп қайтыпты. Дүйім жұр оның өнерін солай бағалапты....

Жамбылдың сөзін маналы бері ықыласымен тыңдап отырған Дина шыдамы жетпей оның соңын білгісі келді білем.

– Жәке-ау! –деп оның сөзін бөлді. – Әңгіменің құйрығы көрінетін түрі жоқ, сонымен не болды?

– Аяғы ма, аяғы былай болыпты Динажан! – деп Жамбыл сөзін жалғады.

– Ел іші тыныш жата ма, сал сері, жыршы, күйшілердің арасында қызғаныштың қызыл иті үре бастапты. «Әркімнің есігінде күң боп жүрген қыз келіп, төрімізге шықты. Бұрын сыйлы боп жүрген біз далада қалдық. Жұрт бізді тындамайтын болды, күй іздегендер «Аршынға барамыз, Аршынды тыңдаймыз» деп, тайлы таяғымен соған қарай ағылды», депті. Қараменде деген бай Жантелі зергердің соңына жігіттерін салып қояды. Саяқ, Жапақ деген сұмдар күніне «қамшы өріп берші», «ер тоқым зәрлеп берші» дегенді көбейтеді. Барғанда да бекер бара бермейді ғой. «Аршын мұндай екен, ондай екен» «түлен серімен ашына екен, сенен көңілі басқа екен» деп өсек бората барыпты. Жантелі бұған сенбепті.

Жантелі Әулиеата базарына кеткен түні әлгі екі сұм аршаның үйіне ұры түсіреді. Бастарын бүркемелеп алған үш жігіт теріс қаратып тіреуге таңып қояды да, үйіндегі бар асыл бұйымын ұрлап кетеді. Азанда ауылдастары Аршынды арқаннан босатып алады. Дұшпандар жауыздығын өрбіте түседі. Жапақ, Саяқ бастаған бес аттылы кісі, базардан келе жатқан Жантелінің алдын тосады. Шу өзенінің қалың қамысын паналап жүріп, өзеннен өткелі келе жатқан

Жантелінің атынан аударып алады, қол аяғын байлайды да, суға ағызып жібереді. Жанкешті жауыздар Жантелінің атын, базардан әкеле жатқан мата киімдерін олжалап түк білмеген болып, ауылдарына қайтады. Аршын сұлу Жантелісін бір жұма күтеді, екі жұма күтеді. Бір күні Аршын жылқышылардан Жантелінің торы атын Қарамендердің жылқысынан көрдік, зерлі қамшы Саяқтың қолында жүр, алтындаған ер-тоқымын Жапақ атына ерттеп алыпты дегенді есітеді, бұл сұмдықты бүкіл ауыл біліп Аршынға көңіл айтады. Аршын ауру бетін: жыртып еңіреп жылап қалады. Ел – жұрт жиналады. Жантелінің ағайындары малшы, жыршылар «кек» аламыз деп көтеріледі. Олар Қараменнің ауылын шабады. Бірақ Саяқ пен Жапақ ұстатпай қашып кетеді. Сол қайғы қасіретке арнап Аршын «Жантелі» деген күй шығарады. Онысын өзі күн түн тартады екен де, құса болып қайғырған үстіне қайғыра беріпті. Өзі әбден қураған шөптей болып азып кетеді. Бір күні түн ортасында жұрт қалың ұйқыда жатқанда «Жантелім кеткен суға менде кетейін» деп өзін өзі суға тастапты дейді.

Мінекей Динажан бұл оқиғаның соңы осылай болыпты,-деп Жамбыл әңгімесін аяқтады.

Ел арасында сол Аршын шығарған «жетім қыздың зары» «Жантелі» «Желкілдек» деген күйлер әлі күнге дейін тартылады.

Бұл әңгімеге елігіп кеткен Дина:

– Ту-у Жәке ай, әңгімеңіз қайғылы екен. Тіптен езіліп кеттік қой, қане мен бір көңілді күй тартып жіберейін. – Дина білегін түйініп алды да, өзінің бір күйін күмбірлетті. Үй ішінен көтеріңкі, көңілді күй жайнап кетті. Тыңдап отырғандардың да көңілі жадырап сала берді. Бұл оның Ұлы Октябрь революциясының 20 жылдығында өткен халық өнерпаздарының арасында өткен бірінші рет тартқан «Тойбастар» күйі еді. Онан соң «Әсемқоңырды» жайқалта тартыпты. Дина домбырасының қос ішегінің оң қолының бесбармағы, шанашағымен кезек-кезек қырғыздарша қаққанда, Жамбыл тіптен риза болып кетсе керек.

– Динажан – ай, қолың не деген шебер еді! - деді, Дина сәл кем тыныс алды да да:

– Сіздің мына сөзіңіз, – деді. – менің ұстазым Күрекеңмен (Құрманғазыны айтқан) сөзімен төркіндес болды-ау, ол кісі бірде маған біраз күй тартқызып отырды да, «Менің оң қолым мен Динаның сол қолын бір кісіге берсе дүниеде одан асқан домбыра-

шы болмас еді», – деген еді.

– Сабазың, айтқан – екен ақ! Не деген ділмәрлық?- деп Жәкен Құрманғазыға дән ризалық білдірді де, Құрманғазы болмаса сенің күндеріміз не болмақ еді? Олар дүниеге келген біртумалар еді ғой!

Дина Нұрпейісова сол жолы Жамбыл үйіне үш күн қонақ болды. Бір жыршы мен бір күйшіні жұрт үш күн бойы жібермей, кезек –кезек тыңдады. Талай өлең, талай жыр жырланды. Талай күйлер жырланды, талай аңыз әңгімелер айтылды.

Бір күні Дина ертерек тұрып есік алдына шықса, Жамбылдың келіні жүгіріп қозы көгендеп жүреді. Динаның жас келіншек күні есіне түсіп тұрғанда, оның қасына Жамбыл барады.

– Не ойланып тұрсың?

– Анау қозы көгендеп жүрген келінін көріп, жас кезімде тартқан бір күйім есіме түсіп тұрғаны.

– Жүр оны үйге барып тыңдайық. Екеуі күндегінше азаңғы шайға отырды. Дина домбырасының бұрауын келтіріп, бір күйді тарта жөнелді. Бас жағы ойнақылау: қозы лақ қуалап жүрген балалар, ауыл итінің үргені абыр сабыр шақ. Күйдің орта шенінен бастап: зарлы сарын, жетім баланың зары, қасқырдың ұлығаны, апыр топыр дыбыс, жетім қозының енесін жоқтап мазасызданғаны. Дина осылайша күйін аяқтады да Жәкеңе бұрылып

– Бұл күйдің аты «Көгенсіз» деп аталады да, оның тартылу себебі былай:

– Кербез деген абысыным болды. Кербез десе кербез еді шіркін. Өзі сұлу, сымбатты, тіке сөйлейтін айбатты келіншек болатын. Күйеуі біздің Нұралыдан бес жас үлкен болатын. Сол абысыным жастай жесір қалды. Бір қорқыны бар-тын. Оны шешесі өлген бір жетім бала қайыратын. Өлгі бала оне бойы ыңылдап, «Аққозы» деген әнді салатын. «Шешемнен үйренген әнім» дейтін. Енесін қасқыр жеген, жетім қозы жөнінде екен. Бала өзін ақ қозыдай, байларды ақ қасқырдай әнге қосатын. Жағы сөнбей зарлайтын. Осы әнін тыңдағанда көңілім босап, оны аяп кететінмін. Төл аяқтанып, алғашқа көген керілді, қозы көгендірілген күні мен кербезе:

– Мына балаға бір қозыны ен сап берші, ырым болсын, жетімнің көзі ашылар ма екен?, – дедім. Кербез сөзімді жерге тастамады. Бір қозысына ен салып бәсіре етіп берді. Мен сол күні оларға «Көгенсіз» деген күй тартып бердім.....

Дина ертеңіне сәскеде үйіне қайталы отырғанда, Алматыдан бір топ адам сау ете қалды. Көпшілігі фотоапарат, енді бірі сурет салатын кенеп керілген рамалары мен қылқалам, бояуларын иықтарына асынған суретшілер екен. Әй-шайға қарайтын емес. Әлгілер екеуін оңынан да, солынан да шытырлатып суретке түсіре жөнелді. Жамбыл мен Динаны егделеу келген біреуі күн батқанша тырп еткізбей ұстады. Ол полонтосын керіп тастап, қылқаламын қолына алды. Қалақшасына қылқаламдарын алып шимай берді. Бұл – Қазақ ССР Халық суретшісі Абрам Маркович Черкасский еді. Жиырмамыншы ғасырдың Гомері атанған ақын мен «Домбыраның Жамбылы» атанған күйші ана тұлғасы бейнеленген сол көркем полотно бүгінде көркем сурет галереясында тұр.

Сәкенмен сұхбат: Сәкен Жетісуда Жамбыл сынды төкпе жыраудың бар екенін жиырмамыншы ғасырдың бас кезінде біле бастаған. Қазақстанда Совет өкіметін орнату жолында жүрген оның Жетісу өңірінен шыққан Ораз Жандосов сияқты жалынды мемлекет қайраткерлерімен қызметтес болғаны тарихи әдебиеттерден белгілі. Сол жылдары екеуінің халық таланттары әсіресе Жамбыл Жабаев жөнінде талай сұхбаттасынан көзі көргендер әңгіме еткен – ді.

Осындай бір кездесудің болғанда 1920 жылдан КПСС мүшесі, 1970 жылы халық ағарту және мәдениет саласында ұзақ жылдар бойына еңбек сіңіргені үшін Крупская атындағы Күміс медальмен наградталған Сара Сәтбайқызы Есова былай еске түсіреді:

– Ұмытпасам, 1922 жылдың август айы болар деймін. Мен онда Жетісу губерналық партия комитетінің органы «Тілші» газетінің редакторы болып істейтінмін. Бір күні Ораз Жандосов шақырып жатыр деген хабады алдым. Ораз ол кезде Қазақстан өлкелік партия партияның үгіт насихат бөлімінің меңгерушісі болатын. Кабинетіне кіріп барсам, он шақты кісі отыр екен. Ораздың оң жағында «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы Сәкен Сейфуллин, оның жанында Бейімбет Майлин және «Лениншіл жас» редакциясынан бірнеше жас отырды. Ораз орнынан тұрды да:

– Жиналып болдық қой деймін, - деп шақырған мақсатын айтты. – Осы жылдың октябрь айында Советтердің Қазақстандық III съезі, онан соң декабрьде Москвада советтердің бүкіл одақтық I съезі ашылатынын, онда одақтас республикалар құрылатынын білесіздер. Енді осы саяси зор науқанға дайындық жүргізуіміз керек. Жер – жерде үгіт–насихат жұмысын жандандыру, газет

журнал беттерінде осыған байланысты мақалалар, өлең жолдар жариялауға тиістіміз. Бұл іске үгітшілерді, комсомолды, ақын-жыршыларды жұмылдырып, оларға жетекшілік қызмет көрсетуіміз керек...

Сара Есова әңгімесін одан әрмен сабақтай түсті.

– Ауыл ақындарының, – деді ол, – ел арасындағы әсер ықпалын айта келіп, Ораз 1919 жылы Алматыда өткен ақындардың алғашқы слетінен дәлелдер келтірді.

Сәкен:

– Сонда кіммен кім айтысты, жүйріктері қайсы екен? – деп сұрады. Ораз айтысқан ақындарды атап шықты. Жамбылдың зор айтыс ақыны екеніне тоқталды.

– Ертеде, – деді ол, – Құланаяқ Құлмамбет, Сарыбас деген ірі ақындармен айтысып, жеңген. Шашубаймен айтысқан. Бұл айтыстардың көбі әлі күнге дейін ел аузында жүр. Осындай өмір бойы байлар мен бетің бар, жүзің бар демей, тайсалмай тартысып келген ақындарды қолдап, оларды қанаушы тапқа қарсы үгітші ретінде пайдалану керекпіз.

Сәкен де шығып сөйлейді. Ол ел арасындағы халық ауыз әдеби мұраларын жинауды, совет әдебиетін жасауды, ақын, жазушыларды, халық жазушыларын ұймдастыру, оларға жаңаша тапсырма беруді атады. Жиналыс соңында қалған Сәкен Ораздан:

– Жамбылды алдырып өзін бір тындасақ қайтеді? – деді, Ораз оған:

– Мен жақында Ұзынағаш, Қастек жаққа барып қайтпақпын. Уақытың болса бірге жүрейік, мен ол қиқар шалмен таныстырып, өзінді жырға тоғытайын, деп күлді.

Кейін осы екі достың Жамбыл ауылына талай бірге беріп келіп жатқанын көрдім.

Онан соң Сәкен Жамбыл есімін, оның өлең жырларының тізімін 1925 жылы Ташкент баспасынан жарық көрген «Терме» жинағынан көрді. Осы жинақты құрастырған мұғалім Шамғали Сарыбаевпен кездесті. Сәкен оған:

– Сіз шығарған терме жинағын оқып шықтым. Өте игілікті іс жасағансыз. Қолда жинағыңыз болса тағы осылай жариялау керек, – деді.

Шамғали Сәкенге 1922 жылдың июнь айында Ұзынағашта Жетісу қосшылар одағының I съезіне қатысқанын, оған жиырма

шақты ақын, жыршылар шақырылғанын, өмір тарихын, өлеңдерінің тізбесін жазып алғанын айтқан.

– Жетісу өңірінде, – деген ол Сәкенге, – Жамбылдан асатын жүйрік жоқ, Ол халық ауыз әдебиетін білетін шежіре. Дастандары да көп. Бір «Қорғұлы сұлтанның» өзін 15 күн айтады екен.

Екі сөздің бірінде «менің пірім Сүйінбай, сөз сөйлемейін сыйынбай», – деп отырады. Сүйінбай Аронұлы да сол Екей елінен шыққан аса шабытты кедей ақын көрінеді. Осылай деген де, Шамғали арабша жазылған дәптерін парақтай отырып, Сәкенге мына бір шағын жолдарын оқиды:

Апыр – ау, мына жатқан Сарыбай – ма?
Жан досы Сүйінбайды танымай ма?
Абақты, Тарақпенен айдап жеп ең.
Басыңда шулап тұрған малың қайда?
Алпыстың алтауында Андас өлді.
Шуласып Сарыбайды жерге көмді
Қатарлас тең құрбымның бәрі кетті,
Байқасам, енді наубат маған келді.

– Қайта оқыңызшы жазып алайын, – деп Сәкен дәптерін оңтайлай берген. Шамғалидың Жамбыл айтуынан жазып алған Сүйімбайдың Сарыбайға арнаған осы өлеңін Сәкен сол жолы жазып алып «Жаңа әдебиет» журналына жариялатқан.

1930 жылдың көктемінде Қазақстанның өз алдына социалистік Республика болып құрылуына он жыл толуына байланысты мерекелі жиын өтті. Осы мерекеге қатысқан Кенен Әзірбаев былай әңгімелейді:

– Той өткен күннің ертеңіне Сәкен Жамбылды үйіне шақырды.

– Кенен сен де жүр,- деді Жәкең маған. Мен «мақұл» дедім. Өзім де оның қасынан қалғым келмеді. Барсақ, Сәкен күтіп отыр екен. Гүлбаһрам келін дастарқаны жайып, жүгіріп жүр. Сәлемдесіп, хал-жағдайын сұрасып болған соң Сәкен маған:

– Кешегі той үстінде айтқаның маған жағып барады. Соны тағы бір шырқашы?- деді. Мен шай алдында «Қазақстан» деген сол тойға арнап келген әнімді шырқадым. Ас – су ішіп болған соң Сәкен Жамбылдан жөн сұрасты. Жамбыл домбырасын шерте отырып сөз бастады. Біз тыңдай қалдық:

«Шіркін кәрілік келдің ғой кезіменен,
Келін жаман қарайды көзіменен.

Мінекей деп қолымен ұрмаса да,
Ұрғандай ғып кетеді сөзіменен....

Мен бұл сөзді тани кеттім. Ішімнен «Сүйімбай ғой» дедім. Жәкең «Жиырмада желдей болдым отызымда белдей болдым, елуімде түбім терең құрақты көлдей болдым», – деп шұбата жөнелді. Сүйімбайдың бұл өлеңін осыдан біраз жыл бұрын Жамбылдан өз үйінде отырып тыңдағаным бар. Ал Сәкен болса қаламын сусылдатып жазып отыр. Жәкең жырын тоқсанға тіреп тоқтады. Сәкенге қарап «Сүйімбай айтқан екен, міне бізде солай болдық бүгінде» деп, Жәкең домбырасының құлағын қайта бұрады. Бұл жолы даусы көтеріңкілеу шықты. Иә, сонда ұстазым Жабай батырды былай жырлаған еді:

Он сан ноғай бүлгенде
Ормамбет хан өлгенде
Қырық жылдай атасқан,
Қызыл қанға батысқан,
Найзаменен соғысқан.
Қылышпенен шабысқан.
Айбалтамен қағысқан.
...Ноғайдан шыққан Жабайды.
Бес мың кісі қамайды
Жабай алды найзаны.
Істеді талай айланы.

Жәкең осылайша сілтей берді, сәкен де жазғыш-ақ екен, қағаздың біраз бетін аударып тастады. Менің жанымда отырған Сәкеннің інісі Мәжит те «өзі ересен батыр екен-ау» деп қояды. Кемшілік тамақ алып отырғанда Сәкен:

– Сіздің әкеңіздің аты осы батырдың атынан қойылған ба?, – деді

– Ой, ол бірәз әңгіме, – деді Жәкең, – менің әкемнің азан шақырып қойған аты Жапа еді. Кейін бір жаугершілікке ерлік көрсетіп көзге түсіпті. Содан қасындағы жігіттер ауылға келгенде «жауға кәдімгі Жабай батырша тиісті» депті. Содан Жабай атанып кетіпті.

Сонымен Жамбыл ертесіне Құлманбетпен айтысын хикая етеді. Сәкеннің қазақ әдебиетіне алғаш қосқан «Жабай батыр» мен оның Құлманбетпен айтысы сол жылы жазылған дүниелер екен.

Екеуінің тағы бір кездесіп жыр тиегін ағытқанын Сәкеннің

жұбайы Гүлбаһрам былай еске алады.

«1934 жылғы халық таланттарының слеті кезінде Жамбыл мен кенен Әзірбаев үшеуі мәз болып әңгіме дүкен құрғаны әлі есімде. Олардың сондағы бір - біріне бәйек болып «Жәке, қанеке, Сәкенжан» десулері үлкен өнерлі өмірдің сән салтанаты болып елестейді де тұрады. Осы сый құрметтің айнымаған белгісін таяу арада тағы көрдім. Тірі адам өз көңілін әртүрлі жолдармен білдіреді ғой. Кенен ақсақал алматыға келгенде біздің үйге соқты. Сексендегі көкемнің мөлтілдеп төгілген мөлдір жасы жан жүйкемді елжіретіп жіберді.»

Кезінде Жамбыл ақынға белгілі қызмет көрсеткен белгілі ақын Ғали Орманов жүргізген күнделіктерде мынандай жолдар бар. «9 март 1940 ж. Жамбыл Ұзынағашқа барды. Бір үйге келіп бірнеше қартпен әңгімелесті. Олардың ішінде Ыбырайым, Көпобай және тағы басқа қариялар бар еді...» – делінген еді.

Солармен жолыққалы Жамбыл ауылына аттандық. Ыбырайым, Көпобай қарияларды сұрастырдық. Екеуі де осыдан екі үш жыл бұрын қайтыс боп кетіпті. Олардың орнына Шаштай ақсақалды таптық. Күнделіктің 21, 30 май, 1940 жылғы күндерінде Шаштай да құралақан емес екен, Жамбыл мен Сәкен кездесуінің куәгері болып шықты. Бірақ біз барғанда ол кісі науқастанып емделуге жүргелі тұр екен:

– Алматыдағы госпиталға жатпақшы едім, емделген соң келерсің, – деді. Сонымен ол кісінің сауығып оралуын күттік. Бір ай шамасы өткенде «Социалистік Қазақстанда» істейтін баласы телефон соқты. Шаштай қария жазылып шыққан екен. Кездесіп бір кеш әңгімелестік. Сондағы ол кісінің айтқаны мынау:

Әкем екеуміз «Ерназар» калхозының жылқысын бағатынбыз. Колхоз алғаш ұйымдастырғанда төрт жылқы еді. Бүгінде он екі үйір жылқы бар. Сәуір айында Майтөбе жайлауына көштік. Тәтем мал бөлістен алған көк биесі мен торы тобелі жылқысын қосып, өзі біздің үйде жата жүретін. Ол кісі менің әкем Күшікбайдан үш жас үлкен болса да, екеуі тату құрдас, бір – бірін қатты сыйлайды. Екеуі батыр, ақын, жыршыларды көп әңгіме қылатын. Мен қызығып тыңдай беретінмін. Тәтем маған кейде «Әй Майшелек, тұр жылқыны көріп кел», – дейтін. «жылтыраған бетіме қарап ол кісі мені осылай атайтын.

Бір күні жылқы қайырып жүріп, ойдағы ауыл жақтан екі

Аттылыны көріп, соларға қарай бұрылдым. Жақындап сәлемдестім, Оразды ғана таныдым, Орекең менен жөн сұрады.

– Жәкең сенің үйіңе келді ме?

– Иә біздің үйде, көкем екеуі шәй ішіп отырған.

– Олай болса жүр үйіңе!

Мен қия жолмен үйге төтелей тарттым. Ораз қасындағы кісіге мені таныстырып келеді:

– Бұл жігіт Шаштай деген, Жамбылдың жақын ағайыны, осы колхоздың жылқышысы.

Үй жанына келіп аттан түстік. Мен жалма – жан кісілердің атын байладым. Олар:

– Ассалаумағалейкум, – деп үйге кіргенде, әуелі екі шал қолын көлегейлеп таныңқырамай қалды. Татем орнынан ұмтыла тұрып.

– Оразжанбысың? Амансың ба? Енді ол жанындағы мұртты, сымбаты, сұңғақ жігітке қарап:

– Ойбай – ау мынау Сәкен ғой, аман ба қарағым?

– Аманбыз Жәке.

– Сізді іздеп колхозға келсек, сізді ауылдағылар жайлауда деді.

– Артыңыздан қуып келеміз.

Олар осылайша амандасып, дабырласып жатты. Апам, келінім екеуі самауырын қойып, кең дастарқанды жайды. Мал сойылды. Бір уақытта Жәкең домбырасын алып, әуелі Оразға қарады. Әкең жұмысшы еді. Өзің жасыңнан оқып, білім алдың, кедейлердің сөзің сөйлеп, бостандық деп жар салдың. Оразжан, не дейін, мен айтып жүрген жыр өзіңе белгілі ғой деп бір тоқталды.

Ораз Сәкенге қарап:

– Ал, Сәке, не қарайсыз? Біздің тәтем сөздің дариясы ғой. Одан не қаласаң сол шығады.

– Дұрыс айтасың, Ореке, – деді Сәкен. – Жәкеңді осыдан бірер жыл бұрын тындағанмын. Жабай батырды, Құлмамбетпен айтысын өз аузынан жазып алып, кітапқа қосқамын. Ол кітап шықты. Жәкең қырғыздың «Манасын» жырлайды дегенін естігенмін. Соны бір тыңдасам деп жүруші едім. «Манасты» айтасыз ба, Жәке? Жамбыл екі иығын қомдап құнжыңдап қойды.

– Е, е, Сәкенжан қаласа, айтпай несі бар, айтайын, – деді де «Манасты» бастап кетті.

Ертеде, тіптен ертеде, заманасы келтеде, Алтайдағы қырғыздың, Балта деген көне көз қариясы айтыпты. «Қытай талап

бір жақтан, Мәнжүн талап бір жақтан, қалмақ қамап бұл жақтан, тоз-тоз қылып елімді, тартып алды жерімді. Жайлауымды шаң қылды, ерлерімді қан қылды. Енді Алтайда тұрақ жоқ, ат шалдырар құрақ жоқ, бас аман, мал түгелде, мекенін елдің табалы, қайыннан найза қиялды, азып – тозған қырғызды бір орынға жиғалы». Балта тағы сөйледі, сөйлегенде бүй деді, «Біз Алтайға көшкенде, талай заман өткенде, Үрбі деген атамыз, Ел құрапты кедейден, өзгелермен теңейген. Теңейгенін айтайын: Жеті өзенді жайлаған, қырында жылқы айдаған, желілеп құлын байлаған, бұлбұл құсы сайраған, қарасаң көз тоймайды, Қосай сынды батырмен дос болыпты дейді. Қосайға енді келейін, жел маядай желейін. Сөйле деген жұртыма шаршадым мен демеймін...

1936 жылдың апрель айы. Халық таланттарының республикалық екінші слеті болып жатқан кез. Кең байтақ Қазақстанның түпкір – түпкірінен ақын, жыршылар ағылып мол келген. Енді бірі – жыр, толғауларын тыңдатып ақындық жолдама – бата алғысы келді. Оған уақыт қайда? Жамбыл қолдан қолға тимейді. Жамбылсыз той басталмайды. Дастархан жиылмайды, жыр айтылмайды. Ол барлық істің батагөйі.

Слетті Жамбыл жырмен ашты. Жер болғанда қандай? Осы күні тамсанып қайта – қайта тыңдай беретін әлемге әйгілі «Тоқсанға келген жасым бар. Көпті көрген елім бар», деп басталатын. «Туған елім» толғауы. Жамбыл даңқы бұрынғыдан да шарқырады. Енді оның даңқы Алатаудан асып, бүкіл Совет Одағына жетті. Шет елдерге самғап кетті. Тоқсандағы қарт тамсана жырлауына, сом алтын жыр тізбегін төгуге барлық халық таң – тамаша қалып, оған құлақ түреді. Бұрын сонды әдебиет әлемінде болмаған бұл не деген ғажап құбылыс десті бәрі. Сөйтіп еліміздің мерейі тағы да бір көтеріліп қалды. Халқымыздың талантты ұл перзенттері Мұхтар, Сәкен, Сәбит, Ғабит бәр-бәрі: «Керемет болды, – деп қуаныштары қойнына симай қол соқты.

НҰРҒИСА ТІЛЕНДИЕВ

ҚАСИЕТТІ ДОМБЫРА

Менің қолымда шағын ғана домбыра отыз төрт жылдан бері сақталып келеді.

Домбыраның оқиғасы мынандай. 1938 жылдың январьында қазақтың профиссонал музыкасының ардагер ағасы, ұйымдастырушы Ахмет Жұбанов осы қызыл домбыраны маған сыйға берді.

Сол жылдың күзінде Алматыда бір үлкен өнер жиыны болып, оған Жамбыл бастаған көптеген халық таланттары келді. Жәкең бізге аталас, жақын кісі. Өнер жиыны өтіп жатқан тұста әкем Төлөндінің інісі Тілегеннің әйелі қыз тауып, шілдехана қуанышына құтты болсын айтуға қасына бір топ өнерпаз ақындар Кенен, Иса, Үмбетәлі, Шашубайды ертіп Жамбыл ата біздің үйге келді.

Үлкендер енді бір кезекте маған күй тартқызып қызықтады. Мен әу баста сәл қысылып абдырап қалдым да, жұрттың «ұялма, сал барыңды» деген кеу – кеуімен, Жәкеңнің өзінің, Бекболат батыр көтерілісі туралы шығарған дауылды «Ұран» күйін соқтыра жөнелдім. Бәрі сілтідей тынып тындай қалыпты, күй біте «ау берекелді, тағы да тарт» – десті. Енді Тәттімбет, Құрманғазы күйлерін, Жәкеңнің «Ой дүние-ай» күйін тартып бердім. Ұйып тыңдаған ұлы ақын, мен күйді тартып болғанда, үнсіз ғана қол созып домбыраны маған бер дегендей ишара жасады. Домбыраны Жәкең қолына алып айналдырып, аударып–төңкеріп арлы–берлі қарап: «домбыраң шешен екен» деп жай ғана шегін қағып байқады. Бірақ күй тартпады. Мен солақай домбырашымын, сондықтан домбыраның құлағы сол қолға ыңғайлап салынған-ды.

Ақын домбыраны маған қайта ұсынып: «Жарығым домбыранды сақта! Қазақтың қара домбырасының бойында, халықтың бар өмірі мен тарихы, қуанышы мен мұң – зары, өнері сиып кеткен. Соны ыждағаттылықпен үйрене білсең. Осы домбыра халқыңа көп нәрсе айтып берер.» – деп еңкейіп қасында отырған менің маңдайымнан сүйіп бата берді...

Жәкеңді соңғы рет 1942 жылдың декабрында өзінің үйінде көрдім. Майданға аттанар алдында әдейі батасын алу үшін, анам Салиха екеуміз арнайы келгенбіз.

Қазір үйімде алты домбырам бар. Қызыл қоңыр домбыраны тек

үлкен концерт, жиындарда болмаса қолыма ұстамаймын.

Дегенмен ондаған жылдар өтсе де қызыл қоңыр домбыра әлі де бабында. Мен көп шығармаларымды сол қоңыр домбыраның сүйемелдеуімен жаздым. Мәселен «Қыз жібекті» Қаршыға мен шегенің қобыз бен домбыраны қосып тартатын күйі осы домбырамен тартылады. Жалпы «Қыз жібектегі» барлық күй, бар музыкалық сүйемел қызыл-қоңыр домбыра үнімен жасалды. Сондай-ақ оннан артық күйді пластинка табағына осы домбырамен түсірдім.

СҰЛТАНҒАЛИ САДЫРБАЕВ

ЖАМБЫЛ ЖӘНЕ МҰРАТАЛЫ КҮЙШІ

Республикалық «Қызыл Қырғызстан» газетінің 1938 жылғы он сегізінші апрельдегі санында Жамбылдың «Туған елім» деген толғауы мен «Қазақ елінің орденді ақыны Жамбылмен кездесу» атты көлемді мақала жарияланған. Сол мақалада: Бұл отырыста біз таң қалған іс-Жамбыл қырғыз комузын оның күйін өте жақсы біледі екен. Ол атақты манасшы Тыныбекті көргенін, «Манасты» ондай ешкім айта алмайтынын айтты. Және Мұраталының күйін шертші деп ақындарға ұсыныс жасады. Әлімқұл бір күй шертіп болған соң, Жамбыл: мен қырғыздың күйін сағындым, «Қырдағы жүрген қырық арқар атып алсам қайтесің?» деген күйді тартшы деп тағы да бағыт берді.

– Күйді сен тартқанда, мен тартпаймын ба? – деп Жамбыл елді күлдірді.

«Сол сапардың екінші күні Жамбыл бізбен бірге түнгі сағат он екіге дейін бірге отырды», – деп жазады, сол мәжіліске қатынасқан Қырғызстанның бір журналисі.

1938 жылы Жамбыл мен Қырғызстан мәдениет қайраткерлерінің екі тәулікке созылған творчесволық кездесулері: екі елдің бауырластық, достық қатынастарын көрсететін мысал болса, екіншіден Жамбылдың «қырғыз күйлерін сағындым» деген бір ауыз сөзінің астарында қырғыз халқының комузшылық, күйшілік өнеріне деген ұлы ақынның махаббаты мен сүйіспеншілігі бейнеленген.

Жамбылдың қырғыз күйлерін жоғары бағалауы тегіннен-тегін емес: ол – бала күнінен бастап, көз жұмғанша домбырадан бір елі ұзап әудем жер алыстап көрмеген.

Домбыраны қолыма,
Он жасымнан алғанмын.
Дәл жетпіске келгенше,
Күй тартудан танбадым, –

деген Жамбылдың өз өлеңі біздің пікірімізді растайды. «Жамбыл қазақ, қырғыз күйлерін көп білген, әрі асқан домбырашы болған», – дейді жазушы Сапарғали Бегалин.

Жамбылдың анасы Ұлдананың жалайыр еліндегі нағашысы Қанадан керемет қобызшы болған. Сол Қанаданның қобызын бала. Жамбыл көп тыңдаған, соған еліктеген.

Жамбылдың өскен ортасы ақындар мен әнші-күйшілердің қалың топтасқан жері болған. Мәселен, Іле мен Шу өзендерінің аралығында Жантаев Бекбатыр және Басшылбай, Күйшілбай деген даңқты күйшілер болған. Жас күнінде Жамбыл солардың күйін құмарта тыңдаған. Бұл Жамбылдың өнердегі алғашқы, бірінші бұлағы болса, сондай-ақ Жамбылдың домбырашы болуына зор ықпалын тигізген, екінші бастауы, ол-қырғыз күйшілерінің әсері.

Ұлы ақын Жамбылдың қырғызда өнерпаз достары өте көп. Соның бірі-Мұраталы Күренкеев қобызшы. Оны қырғызша қомузшы, қыл-қияқшы, дейді. 1960 жылы Фрунзе қаласында Балбай Алагушевтің «Мұраталы» деген шағын кітапшасы шыққан. Сонда былай дейді: «Мұраталы қырғыз жерінің жүрегі Ыстықкөл деп, көл айналасында көп жүрген. Сонда қазақтың атақты ақыны Жамбылмен дос болған. Одан талай қазақ елінің өлеңдері мен күйлерін үйреніп, екі ішекті домбыраны шерте білген. Бір туған қазақ ауылдарына досы Жамбылменен бірге барып, қырғыздың елдік күйлерін шертіп беріп, көңілдерін жұбатқан. Қазақ елінің әдет-ғұрып, салтымен танысқан, елінің тілін үйреніп, өлеңдерін, күйлерін домбырада сандуғашша сайратқан».

Қырғыз Ғылым академиясының қолжазба бөлімінде даңқты күйші Мұраталының Жамбылмен достығына арналған мынадай өлеңі бар.

Алтын менен күмісті,
Зергер үшін жаратқан.
Арқар менен құлжаны,

Мерген үшін жаратқан.
Жетпіс беске келген соң
Біз сияқты жорғаны
Сендер үшін жаратқан, –

дейді.

Мұраталының әкесі Күреңке де домбыраны тартқан, дін оқуынан бас тартқаны үшін жергілікті бай-манаптар, молдалар оны құдалаған, домбырасын сындыртқан. Соған қарамастан өзінің өнерін баласы Мұраталыға үйретеді. Мұраталының бірінші рет домбырашылық даңқы Бұғы мен Сарыбағыш рулары бас қосқан үлкен тойда танылды.

Мұнда ол Бұғы руының өз әкесін күйден жеңген күйшісі Шыңғышбайды тізе бүктіріп, жұртшылықтың ыстық ілтипатына ие болады. Айта берсе Мұраталының өмірі ұзақ әңгіме: ол 1916 жылы патшаның солдат алу тәртібінің қаталдығынан қашығырақ тұру үшін Тұрпанға ығысып барады, содан соң 1917 жылы Октябрь революциясының арқасында өзінің туған жері Қарғызстанға келеді. «Жеңіс» деген күй шығарады. Оған қырғыз музыка мәдениетін биік шыңға көтергені үшін үкімет пен партия көркемөнерге қатынасты бірнеше атақтар береді. «Домбыраны адамша сөйлететін, қобыздың үнімен сурет салатын» Мұраталы Күреңкеев 1949 жылы Фрунзе қаласында қайтыс болған.

Жамбылдың атақ-даңқы отызыншы, қырқыншы жылдары дүниежүзінің барлық түкпірлеріне кең тараса да, ол ешуақытта асып-тасылмаған, бір қалыпты өмір сүрген. Өзіне де, өзгеге де әділ болған. Соның бір мысалын осы Мұраталыға байланысты айтсақ та болады. Бірде ауыл қариялары жиналып отырып:

– Жәке, сіздің өлең сөзден жеңілген күніңіз болды ма?- деп сұрапты.

– Көптеген ақындармен, ақын қыздармен айтыстым, оларды жеңдім. Бірақ Қырғыздың Мұраталы күйшісінен домбыра тартудан жеңіліп қалдым. Ол былай болған еді. Менің орта жастағы кезім, қырғыздардың Көкайрақ деген жайлауында қыз ұзату тойы болды, соған алыстан ат арытып, біз де бардық Тойдың аты той: көк-жасыл қызыққа көз тоймайды. Бізді сыйлы қонақ деп, ортадағы сегіз қанат ақ үйге орналастырды. Қазақ, қырғыз бас қосқан жерде қарап отыра ма, ақындар өлең айтып, домбырашылар күй тартты. Ал мен сол салтанатты жиында баяғы замандарға қазақ пен қырғыз

батырлары бірлесіп, шапқыншы қара қалмақтарға қарсы соғысқандықтарын суреттеп, қысқаша толғау айттым. Содан соң бидайық құстай біреу домбырамен «Қамбархан» деген тамаша күй тартты.

– Бұл кім?-деп қасымдағы біреуден сұрап едім.

– Қырғыздың атақты күйшісі Мұраталы,- деді. Мұраталыны бірінші көргенім сол еді.

Біз де қарап отырғанымыз жоқ, қыза-қыза өлеңді тастай беріп, Мұраталымен күй жарастыруға шықтым. Шарт-біреу. Кім күйді көп тартса сол жеңеді. Мен қатарынан 13 күй тарттым, ал Мұраталы 15 күй тартты. Сөйтіп, Мұраталы менен екі күй артық тартқандықтан:

– Мұраталы жол сенікі болды. Бұдан былай екеуміз дос болайық! – деп орнымыздан тұрып, төс түйістіріп таныстық, – дейді Жамбыл.

Н.ТӨРЕҚҰЛОВ

ЖҮЗ ЖАСАҒАН БӘЙТЕРЕК

Петербург география қоғамының мүшесі Шоқан Уәлиханов Қашқария сапарынан қайтып келе жатып Алтынемелдегі Тезек төре ауылына аялдады. Осы кезде шапыраштылар даулы бір іспен Тезек төре алдына барады. Ішінде Сүйінбай, Жабай, Қанадан, тағы бірқатары болады. Сол жолы Жамбыл да оларға ілесе барған. Даулары шешім тапқан соң, Сүйінбай ақын жиналған көпті, әсіресе алыстан келген қонақ –Шоқанды көңілдендірмек болды.

– Ана бір жылы, — деді Сүйінбай қасында отырған Шоқанға қарап,-өзіңіз аралап қайтқан қырғыз еліне бардық. Орманханның Үмбетәлі, Шарғын деген балалары өлген әкесін еске түсіріп жылын өткізіп жатыр екен. Ыстықкөл жағасына қырғыз, қазақ мол жиналыпты. Сонда Үмбетәлі манап көңіл айта барған бізге қырын қарап тіл тигізді.

Мен шыдай алмадым, Үмбетәліге қарсы бардым да:

–Қалың қазақ ел едім,

Сүйінбай деген мен едім.

*«Орман өлді» дегенге,
Көңіл айта кеп едім.
Мұның қалаз, хан Үмбет,
«Атаңа нәлет» дегенің?!..*

«Әкенді өлтірген біз емес, қаңғырған бір ұры еді ғой , сол ұрыны ұстап жазалаудың орынына, бүкіл Бұғы елін шаптың, малын таладың», – дей келіп:

*–Қанқұмарлық ісіңмен,
Кетірдің өзің құныңды.
Көргенімді айтамын,
Кесе алмайсың тілімді.
Шын жақсыда тарлық жоқ,
Әділ сөзде зорлық жоқ!-*

деп аяқтадым. Манап уәж айта алмады. Отырған көпшілік «жөн сөз, жөн сөз» десті сонда. Шоқан да бұл сөзден біраз жайды аңғарғандай болып қоштаған екен.

Сүйінбай домбырасын шеткерірек отырған өзінің шәкірті Жамбылға ұсынды:

– Кәне, шапыраштының боз торғайы, сайрашы!-деді. Сонда ол алдымен «Е-е-ей» деп даусын шарықтатып алып, жасы үлкен игі-жақсыларға өлеңмен сәлем беріп шығады.

Үлкендерге ізет көрсеткеніне әкесі де риза болып қалады. Әуенін түзеп алған Жамбыл терме-толғауды бірінен соң бірін ағытады.

– Өзі жас болғанымен сөзі жатық та, өткір екен,- депті сонда Шоқан.

Сүйінбай да Шоқан сөзін қоштады:

–Бұл баладан айтулы ақын шыққалы тұр.

Жамбылды бұрын білмейтін жалайырдың бір қариясы:

–Енді өзі туралы айтасын!-деген. Сонда Жамбыл:

*Ақсүйекпен қырқысып,
Жыр айтқанда батыл бол.
Ыстыбайдың нәсілі ең
Саған айтар нақыл сол,-*

деп бастаған келесі жырын. Бұл терме Сүйінбай ұстазының өзіне айтқан батасы болатын.

... 1972 жылдың июнь айында Алматыда Жамбыл Жабаевтың туғанына 125 жыл толу мерекесі өткізілді. Осы тойға келген

қырғыздың белгілі жазушысы Темірқұл Үмбетәлиев мына бір әңгімені айтқан еді:

– Сонау бір жылы, – дейді ол, – мен Шота Руставелидің «Жолбарыс тонды жиһангез» поэмасының 750 жылдығын Тбилисиде мерекелеу күндерінде Жымбылды тағы да көрдім. Ол қырғыздың таңдаулы ақындарының жырларын, «Манас» халық эпосын жақсы білетіндігімен мені тағы бір таңдандырды. Жамбыл сол жолы қырғыз ақындарының өлеңдерін менің өз тілімде айтып берді.

Біздің атақты Токтоғұлымыз Сібір тұтқынынан қашып, елге жеткенде, Тоголок молдаға кездесіп былай деген ғой:

*–Тоголок молдо, булбулум,
Боарыдан чыккан түйгунум.
Бала-чагаң аманбы?*

*Басынып жүрген кургурум,
Насылың саяк-тууганым,
Тугандан чыккан бууданым.
Башынан өзүң билесиң
Манаптар суруп куганын.*

*Пейли бузук манаптар
Иркутке айдап қыйнадың...*

Сонда Тоголок молдо:

*–Айналып кеткен шыбырға,
Ақын Током, аманбы?
Жалпы жарды-жалтыға,
Жакын Током, аманбы?
Манаптар менен баштаскан,
Батыр Током, аманбы?
Қызыл тілин сайратқан,
Бұлбұл Током аманбы?
Алыстап алыс чуркаган,
Дүлдүл Током аманбы?
Кумуш чалгын куулөге,
Түйгун Током, аманбы?..*

Осы екі ыршының сәлемдесіп кездескенін Жамбыл осылайша қырғызша ырлап бергенде, бәріміз таң-тамаша қылдық.

Айылға қайтар кезде Тбилистің «Ориентал» қонақ үйінде жатқан Жамбылға тағы бардым. Оны тыңдай бергім келеді. Қасында Кенен, Тайыр екеуі жас баладай жүгіріп қызмет істеп

жүрді. Кенен шай құяды. Ал, Тайыр болса, оның аузынан шыққанын қағып алып жазып отырады. Мен сәлемдесіп отырып:

– Сіз «Манастың» қай тарауын білесіз?-деп сұрадым. Менің бетіме сәл қарап тұрды да:

– Тарау- сарауынды білмеймін,-деді де, «Манасты» бастап кетті.

*Күндерден күн өтіпті,
Күн мезгілі жетіпті.
Айлардан ай өтіпті,
Ай мезгілі жетіпті.
Сөйтсе жүріп Манастың
Жетіге жасы жетіпті,-*

деп басталатынын бала шағынан шоң батыр болып, Қайнекей аруға үйленгеніне дейін айта беремін. Арасында Манастың Қабан батырды, Дүрді дәуді жеңгені, біздің Қосай батырға келгені, Әлеуке ханның қорқып қашқаны, Көкетайға ас берілгені, Алмамбет, Ер Көкше батырларға келіп қосылуы бар емес пе? Үмбетай, Семетай тағы бар. Бәрінен де Айшөрек сұлуды айтсайшы!

*Ақ сарайда жатқанда,
Ағарып таң атқанда,
Кер маралдай керіліп,
Айшөрек ару тұрыпты,
Беті, қолын жуыпты.
Тотыдайын таранып,
Аққудайын сыланып,
Шарайнаға қарапты.
Қара шашын тарапты.
Ақ маңдайы жарқырап,
Тана көзі жалтылдап
Көрген түсін айтуға,
Қоя тұрып өңгесін,
Шақырыпты жеңгесін.
–Ау, жеңеше, жеңеше!
Бір түс көрдім өзгеше...*

деп басталады емес пе? Осының бәрі жас кезімді Тыныбек, Найманбайлардан, кейінірек Тоқтағұлдан тыңдап ұққан жырлар еді, – деп тоқталды Жамбыл.

Тыңдап отыра беруге уақыт қайда? Бәріміз жол қамына кірісіп

кеттік. Сонымен, Жамбыл қырғызша да ырлай беретін шон шабытты ақын еді...

Жамбыл Оңтүстік Қазақстанның Қаратау атырабында, Сыр бойында әлденеше рет айлап, жылдап өлең, жыр айтып жүрген. Осы өлкенің Майлықожа, Құлыншақ, Молда Мұса, Мәделі, Нұралы, Базар жырау, Бұдабай, Тұрмағамбет, Зұлпықар, Серғазы, Орынбай сияқты атақты ақын, жарауларымен талай кездесіп, той-думанды бірге өткізген. Жасы үлкендеріне- шәкірт, кішілеріне ұстаз болған.

Солардың ішінде, әсіресе Майлықожа Сұлтанқожаұлымен жиі қатысып, байланыс жасап тұрған. Жамбыл Майлы ақынмен ең алғаш жиырма жастар шамасында кездеседі. Бұл-Қоқан шапқыншыларының Оңтүстік Қазақстан, Әулиеата, Жетісу еліне зорлық-зомбылықтың небір сұмдықтарын жасаған, елді аласапыранға салып,улығын-шулығын еткен жылдар болатын. Осындай қиыншылық-қуғыншылық, аш-жалаңаш, жоқшылық кезде екей елінің бірқатары Қаратау жағына, Сыр бойына көшіп, паналайды.

Қоныс аударған елдің ағайын-туыс сағалайтын әдеті ғой. Жабай баласымен Арысқа барғанда, ең алдымен өздерінен бұрынырақ көшіп кеткен шапыраштыларды және Майлықожаны іздейді. Майлы есіміне Жамбыл өзінің алғашқы ұстаздары Сүйінбай, Бөлтірік, Майкөт айтуынан қанық еді. Майлы ақын кезінде Жетісу жағында болып өткен ас-тойға талай барған, Майкөт, Сүйінбай, Құлмамбет, Жаныс сияқты ақындармен кездесіп айтысқан да.

Ертеңіне сәрсенбі базары деген күні Арысқа Майлықожа келді. Нағашысының балаларына бір арба қауын, қарбыз ала келіпті. Бәрі жамыраса табысыпты. Жабай көш-қонның жай-жапсарын, босқыншылық халін айтқан. Майлы мен Мәделіге кездескен Жамбылдың қуанышында шек жоқ.

Дастарқан жайылар алдында үй иесі Мәделі ақ домбырасын қолға алды:

Жаңа келген ағайындарға ауылдың алты ауызы іспетті өлең айтты: «Келген қадамдарың құтты болсын»,-деді. Сөйтті де, домбырасын күмбірлі күйге келтірді:

– *Қарағашты Ташкенттен
Мырзаби деген бек шықты,-*

деп басталатын бір оқиғалы жырын толғай жөнелді. Қоқан бегі «Қатын менен қызыңнан зекет бергін деп шықты». Қотырбұлақта отырған ел қыздарын еркекше киіндіріп, қонысын тастап көше бастад. Зекетшілер көштің алдын кескестеп, тоқтатты. Қыз, келіншектерді ата-анасынан ажыратты. Мал-жанымен қоса бәрін ордасына қарай шұбыртып айдады. Жолай бір байдың үйіне түсіп, Мырзаби бек қымызға бөгіп, олжа бөлісіп жатқанда, артынан ер-азаматтар қуып жеткен. Бұлар кімдер еді?

*Мәделі батыр сайланып,
Қожа ішінен бұл шықты.
Орта жүзде қоңыраттан
Мұсабек деген ер шықты.
Ұлы жүздің данасын,
Ер Шонайдың баласы
Рысқұлбек келді жарқырап.
Ақбұлақтың басында
Қарабастау қасында
Үш елдің ері бас қосып,-*

барады да, Мырзаби бектің басын шауып алып, өзге тонаушы зекетшілерді елден қуып шығады. Сөйтіп, қыз-келіншек, бала-шағасын, мал-жанын зекетшілер қолынан ажыратып алып қалады.

Жыр осылай аяқталғанда, манадан бері баласы мен екеуі ұйып тыңдап отырған Жабай еңсесі көтеріліп, бір желініп қалды.

– Япыр ау, сол Мәделі батыр сіз бе едіңіз?! – деді.

Оның қасында отырған Майлы.

– Ия, сол Мәделінің осы. Менің нағашым осал кісі емес Ақын десең- ақын, батыр десең батыр...

Олар осылайша танысып, арқа жарқа әңгіме дүкенін қыздыра берген. Жамбыл кейін Мәделі басынан өткен сол оқиғаны «Ханым сұлу» деп ертекке айналдырып, ел арасында айтып жүрді. Аңыздағы ақын жігіт-Мәделінің өзі, ал Ханым сұлу –Айым сұлу деген Сапақтың қызы, Мұсабек батырдың қарындасы. Мұсабек Қалдарбекұлы –Қоқанға қарсы күресті бастаушы қоңырат елінің, ал Рысқұлбек Шонайұлы- ыстыдан шыққан ер жігіттер еді. Екеуі де Мәделі ақынның батыр серіктестері болған.

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ

ХАН И АКЫН

(«Мәделі қожжа» кітабынан алынды)

Это было во времена кокандского ханства. Бий-мурза со своими сорока аярами ездил по аулам казахских степей и обирал народ. Некому было жаловаться на тяжкие поборы. Хан был силен и жесток. Бий-мурза, как смерч, появлялся над аулом. И за каждую девушку старше тринадцати лет брал лошадь и один халат. А самую красивую девушку увозил на ночь в свою юрту. Сорок аяров защищали бия –мурзу от ярости народа. Плакала степь широкая, жемчужины слез сбирались в ручьи, и вода с шумом бежала в море-океан. Откочевывали казахи на джайляу, в горы, но бий-мурза находил их. И снова в страхе дорожали девушки, и снова джигиты были полны злобой, но беспомощны.

Старшина рода, белый и мудрый старик, сказал:

–Надо обмануть бия и всем девушкам переодеться в одежду женщин.

–И когда приехал бий-мурза, в ауле не оказалось ни одной девушки. Рассвирепел бий. Он созвал своих аяров и сказал:

–Соберите всех молодых женщин в ауле.

Ханым была дочерью почетного старца. Ханым была очень красива. Она была Алтыншаш-золотоволосая, ее ресницы были словно из золото, а вместо глаз светились изумруды. Хороша была Ханым, и не один джигит мечтал о том, чтобы на него ласково взглянула Ханым. И когда один из аяров подъехал к ханым и поцеловал ее в губы, брат Ханым молнией налетел на аяра и зарубил его. Тогда джигиты бросились на остальных аяров и всех перебили. Брат Ханым примчался к юрте бия-мурзы, зарубил мурзу и выпил глоток его крови. Долго скрывались в горах джигиты, опасаясь мести хана.

Тяжело было женщинам в аулах, и тяжело было жить в вечном страхе за вою судьбу и судьбу своих дочерей.

И решили джигиты поехать к кокандскому хану с повинной. Они отобрали триста лучших лошадей и отправились к хану. С ними поехал акын степей, лучший песенник народа ходжа Мадали.

Желтую степь сменила яркая зелень, стройные тополя гордо смотрели в небо, и их верхушки трепетали, шепчась с ветром.

Между чмнарами расположились стойбище злого кокандского хана. Неподолеку от стойбища хана остоановились джигиты. Хан сказал:

– Пусть придет ко мне тот, кто убил бия-мурзу.

Брат Ханым и акын явились к хану. И акын Мадали запел:

Девушек много в степях у тебя,
И честь их, и жизнь в руках у тебя.
Срывают тюльпаны, но будет ли прок,
Если еще не раскрылся цветок?
Слезами мои затуманил глаза,
Делами своими изменник мурза.
Чапаны из шелка у нас отбирал,
Жирных коней косяки угонял.
Он девушек лучших, гяур, осквернял,
Не бий он-гиена степная гроза,
За это убит он, изменник мурза.

Хан простил их. Понравилась хану песня акына Мадали.

Он сказал:

– Хорошую песню спел акын. Скажи, чего хочешь, и я тебе дам.

И акын Мадали снова запел:

У АК-мечети, где местность Ихан,
Я землю лелеял и землю пахал.
Пупок мой срезан, и грязь от белья,
Смывали водою реки Сыр-Дарья.
И если не жалко, о светоч зари!
Мне землю родную подари!
И хан, рассердившись сказал:
-Дарю тебе землю только под юртой твоей.

ЖАМБЫЛ ЖАБАЙҰЛЫ ХАН МЕН АҚЫН

(әдебиетші Әсілхан Оспанұлының аудармасы)

Бұл Қоқан хандығы тұсында болған оқиға. Қырық жасауылын қасына ерткен Мырзаби деген қандықол бек қазақ ауылдарын

аралап, халыққа қырғидай тиіпті. Жұрт қайда барып, кімге шағынудың жөнін білмепті. Әкімді жұмсаған хан қуатты да қатал болыпты. Мырзаби құйышында ұйытқып келіп, жолында ұшырасқан ауылдардың әптер-тәптерін шығарыпты. Жасы он үштен асқан әр қыз үшін ат-шапан айып алыпты. Қыздың көріктісі бір түндік ермекке айналыпты. Қырық жасауыл Мырзабидің маңына жан жуытпапты. Еңіреген елдің көз жасы көл болыпты. Ығыр болған ел тау-тасқа қашыпты. Бірақ бектің жасауылдары қашқан елді құтқара қоймапты. Елде ес, қыздарда үрей қалмапты. Жүректерін көк кернеген жігіттердің ішінде күші қазандай қайнағанымен күресуге дәрмен таппапты.

Ақыры сақал-шашы қудай болған бір ауыл ақсақалы:

– Қыз-келіншектердің бәрін еркекше киіндіріп жан сақтайық-деген ақыл тауыпты.

Ә дегенше ауылдан бір де бір қыз таппай мысы құрыған

Мырзаби терісіне сыймай ашуланыпты. Жасауылдарына жас әйелдерді түгел бір жерге жинауға жарлық беріпті.

Әлгі ақсақалдың Ханым деген қызы бар екен. Қолаң шашы жер сызған, тұнжыр көзі сүзілген, тісі маржандай тізілген. Ханым сұлуға ынтық жігіттерде есеппен сан жоқ екен. Жасауылдардың біреуі жетіп келіп Ханым сұлуды аймалай бергенде тақау тұрған қыз ағасы қас қағым сәтте оны алдаспанымен қақ бөліпті. Осыныкүтіп тұрғандай-ақ жігіт біткен жабылып жаудың бәрін жайратып салыпты. Ханымның ағасы Мырзабидің басын алып, қанын ішіпті.

Хан қаһарынан қаймыққан жігіттер көп уақыт тау-тасты паналап жүріпті.

Қыз-қырқынның хәлі одан сайын ауырлай түсіпті. «Келешек көрер күніміз не болады, қайсымызды қандай тағдыр күтіп тұр?» деп халық та қатты қиналыпты.

Не керек, жігіттер ақыры хан алдынан өтпек болыпты. Сөйтіп үш жүз саяқ жылқыны іріктеп, ханға тартпақ болып жолға шығыпты. Олармен бірге дала жыршысы, ел сүйіктісі қожа Мәделі ақын да аттаныпты.

Жүре-жүре, телегей теңіз сары дала жасыл шалғынды алапқа астасыпты. Жолды жиектей бой түзеп, төбесі көкпен тірескен, жапырақтарын жел тербеткен биік теректер мен шынарлардың арасынан бір уақта хан ордасы да көзге шалыныпты.

Ордаға таяп келіп тоқтаған жігіттерге хан:

– Маған Мырзабиді өлтірген адам ғана келсін!-деп хабар салыпты.

Сонымен, хан алдына Ханымның ағасы ақын екеуі барыпты. Барған замат Мәделі былай деп жырлап қоя беріпті:

«Қызғалдақтай қыздар көп даламызда,
Көктей орып сорына қаламыз ба:
Көз жасына солардың шомылуда
Сіз жұмсаған әкім ғып арам Мырза,
Салды бүлік келді де арамызға,
Сан жетпейді жандағы жарамызға,
Жарамды мен үйірлеп жылқыны алып,
Қызды құшып дақ салды санамызға.
Әкім емес, әзірейіл әпербақан,
Өлді содан, біз одан танамыз ба?!»

Жүйелі сөзге қайтарар жауап таппаған, оның үстіне Мәделі ақынның өлеңін ұнатқан хан жігіттерге кешірім жариялапты. Сосын ақынның жауабына риза білдіріп:

– Сөзің өткір, әуезің әсем екен, ақыным. Менен не қалайсың? Жасқанба, сұрағаныңды беремін,-депті.

Сонда Мәделі қайтадан, былай деп жыр толғапты:

«Ақ мешіт жақ жолдағы иманды иқан-
Жер жыртып, егін еккен жұмақ жиһан,
Кіндік кесіп, кір жуған жерім еді
Сылқ-сылқ күлген сұлудай Сырдариям,
Құзырыңнан құлдық қып сұранарым-
Туған жерді басыма менің қисаң!».

Хан ақынның бұл сөздерін естіген соң зығырданы қайнап.

– Киіз үйіңнің тұрған жұртынан басқа берер жерім жоқ саған!-деп, ұлтарактай ғана жерді Мәделіге бір-ақ кесіпті.

1916 жыл. Жаз айы. Құлансаз жайлауында жан-жақтан ағылып кеп жатқан халық. Аттылы, жаяу, өгіз, түйеге мінгендер. Бәрінің қолдарында бақан, сойыл, айыр, шоқпар. Кейбірі мылтық асынған. Әркім тапқанын қару еткен. Белдерін бекем буынып, білектерін сыбанып алған өңкей өрімдей жігіттер. Бұлар Жайылмас болысынан, Қарғалы шұға фабрикасынан, Қарабастау, Майтөбе, Қарақия, Үшқоңыр, Құмбел, үлкенсаз, Кішісаз жайлауларынан жиналған егінші, малшы шаруалар мен жұмысшылар еді.

Бас- аяғы жиналып болған соң, олар түс ауа болыстың алты

қанат ақ үйінің алдына кеп шоғырланды. Көпшілігі ат үстінде. Жаяулары да қаптап жүр. Сол жиналған топтың алдыңғы қатарында тұрған Бекболат батырды, оның ағасы Байбосында, қырғыз досы Қалиқұлды Жамбыл айтпай таныды.

Бекболат алға шықты:

– Кешегі Верныйға барып хабар берегн'болыс қайда?

Тізімін алып шықсын бері!

Болыстың шабарманы болу керек, бір жігіт:

– Болысекем қалаға кеткен, – деп жауап берді.

Бекболат жиналған көпшілікке қарап:

Уа, халайық, таңдаңыздар! – деді. – Сіздер ақ патшанаң он тоғыз бен қырықтың арасындағы ер-азаматты қара жұмысқа алынсын деген жарлығын естіген шағарсыдар. Байлар мен болыстар тізім жасап шабуылдап жүр. Кеше Жайылмастағы Бейсембай болысты байлар мен саудагердлер коштапты.

«Патша жарлығына қарсы шығу күпірлік!» Ақ патшаға қызмет етуге борыштымыз, солдат беруге міндеттіміз!-депті. Сөйтіп, олар тізімін Верныйдағы губернаторға тапсырып қайтыпты. Шаруалардың, кедейлердің өтінішін қабылдамапты, көз жасына қарамапты. Біз енді оларға жалынып күн көре алмаймыз. Қарсы күреске шығамыз. Ағайын, ту астына жиналыңдар! Ат-көліктеріңді, қару – жарақтарыңды сайлаңдар! Көлік таба алмағандардың байлардың жылқысынан ат ұстап мініңдер. Біз қару-жарақ соқтырамыз, бекініс жасаймыз!

Жігіттер бір ауыздан.

– Біз дайынбыз!

– Баста, батыр!

– Соңына ереміз!

– Солдатқа бармаймыз! – деп даланы жаңғырта ұран көтереді.

Ақсақалдар:

– Ия, аруақ!

– Ақсарыбас құдайы, жолды оңғара гөр?!-деп бата берісті.

Көпшілік арасынан Жамбыл алға шықты. Басында қырғызша ақ қалпағы, үстінде жадағай шекпені, қолында домбырасы. Ол Бекболатқа жақын барды:

– Сапар оң болсын, батырым! Естіп жатырмын, елді жинап, қол бастағаныңды. Батыр бабаларың қарасай. Өтеген, Сұраншы аруағы қолдасын! Мен де сендермен бірігемін!

Бекболат атынан қарғып түсіп, Жамбылды айқара құшақтап, сақалынан сүйді.

– Міне, жігіттер, көрдіңдер ме, Жәкең бізбен бірге! Кәне, Жәкеңе ат әкеліңдер!- Бекболат осылай дей берді,

Бір жігіт мініп тұрған ақ жал жорғасын Жамбылдың алдына көлденең тартты. Ақын атқа қонды. Домбырасын шертті. Төңірекке қарап алды да, былай деп жырлай жөнелді:

– Қызығыңды көп көрдім,
Қарабастау, Құлансаз.
Күндерімді өткердім,
Сенде жүріп ұзақ жаз!
Көгорайға жайылған
Секілді едік үйрек, қаз,
Ештеңе жоқ уайымнан
Жүруші едік көңіл мәз.
Патша әмірі тарылды.
Оған қылар бар ма лаж?
Ішке толған зарымды
Кімге айтармын қылып наз!
Көген көзді қасақтап
Қалай қиып береміз!...

Самсаған қол енді ылдига қарай бет алды. Сол бағытта олар Қарасаз, Майтөбе, одан Суықтөбе мен Шиенде болды. Ел-жұртқа хал-ахуалды түсіндірілді. Өздерінің сап құрап, патша әскеріне қарсы күш біріктіріп жатқанын жариялады. Қатарларын толықтырды. Сол жасақпен бірге Жамбыл Үшқоңырға, Ошақты ойына, Аршалыға барды. Ондағы қару-жарақ соғып жатқан ұста дүкендерін аралады. Бөлекбай, Арызбай, Байсейіт, Қарақбай, садық сияқты ұсталардың көрік жасап, күдіз-түні отпен арпалысып, ауыл адамдарының жан-жақтан жинап әкелген темір-терсеккетпен, күректерін отқа балқытып, мылтық, найза, қылыш, алдаспан соғып жатқан қызу еңбектерін көрді. Ол осы ауылда түні бойы сарбаздар арасында Өтеген, Сұраншы батырлардың қайтпас, қайсар ерліктерін жырлап шыққан.

Онан соң Жамбыл Майтөбе, Қарғалыда ұйымдасып жатқан ереуілшілердің басы-қасында жүреді. Елдің бұл толқуына оның ақын әрі балуан інісі Мақыш Райымбековтың басшылық еткені белгілі.

Бүкіл Жетісу халқы көтерілген сол дүрбелеңге Жамбылдың белсене қатысқан үгітшілік күрескерлігін сезген жадарал, пристав, болыстар оның да соңына тыңшы қойып ұстатпақ болады. Бірақ халық өзінің сүйікті жыршысын ұстап бермеген, үнемі жасырып, оны қорғаштап отырған. «Жамбыл Құлансыз жайлауында жүр», «Жамбылды Самсыдан», Жайылмастан көрдік, «Ұзынағаштағы жиында болды», «Шиендегі ұрысқа қатысыпты...» Осындай хабарлар тізбектеліп Верныйға жетіп жатады. Бір күні Майтөбеге барған жандаралдар жинап, қамшысын үйіріп:

– Жамбыл қайсың?!-деп тықсырған.

Бір ақсақал алға шығып:

– Жамбыл менмін, – деді.

Басындағы қара жолақ шапкасы қоқырайған, қылыш ұстаған урядник қасындағы тілмашқа:

– Жамбыл осы ма? – деген.

Ол әлгі ақсақалдың бетіне қарап:

– Жоқ, Жамбыл бұл емес, – деп шегінген.

– Жамбыл мен, – деп көпшілік арасынан тағы бір шал алға ұмтылған.

Әлгі тілмаш:

Ол да емес, – деп басын шайқаған. Айыр қалпақ киген Қаскелең жағының бір қариясы:

– Жамбыл менмін, – деді.

Тілмаш жасауылға қарап:

– Бұл да емес.

Тақсыр, бұлардың бәрі сізді алдап тұр, – деген қамшысын екі бүктеген қара мұртты болыс. – Оны мен тауып беремін.

Бірақ жиылған көпшіліктің қайсысы Жамбыл екенін ажырата алмаған жасауылдар келесі ауылға қарай шапқан. Ол ауылға барса да, «біздің арамызда Жамбыл жоқ» деп, оларды басқа жаққа сілтеген. Аңдыған жау қойсын ба, ақыры іздеп жүріп бір топ ереуілшілерді ұсатаған. Сол тұтқындалғандардың ішінде Жамбыл да кете барған. Оларды Верный түрмесіне әкеп қамаған, сұрауға алған. Мұны естіген халық «ақынымызды босат», «Жамбыл жазықсыз» деп абақты алдынан кетпей қойған. Жетісу губерниясының басшылары, заң адамдары көпшіліктің бұл талабынан сескеніп, Жамбылды және біраз адамдарды тұтқыннан босатқан.

1936 жылы Алматыда осы күнгі академик Мұхаметжан Қаратаевтың үйінде Жамбыл, Естай, Тұрмағамбет – үшеуі қонақта болады. Ақындар өзара таныса отырады. Тұрмағамбетке келгенде Жамбыл «сізді кейбіреу ақын шайыр дейді, енді, енді біреулер молда дейді, соның қайсысыз?» деп, қалжындайды, Тұрмағамбет: «Егер сіз кітап оқып, хат жаза алсаңыз, халық сізді де «молда» деген болар еді» деп жауап береді. Жамбыл Тұрмағамбетті оның жыр, толғауларын бұрыннан білетінін есіне алды.

«Ертеде, жырлап жүргенімде, қалың қазақты шарлап аралай-аралай Жетісумен жапсарлас Сырдария облысын, Алатаумен астарлас Қаратау төңірегін аралап, бауырмал Сыр елін, қонақжай Түркістан оязына тақау бардым. Атақты Майлықожа, Құлыншақ, Майкөт ақындарға кездесіп, өнерінен үлгі алып, өздерін пір тұттым. Сол сапарымда ақындардың ішінде халқының аузынан түспейтін көп естіген есімім, алмастай өткір тілі бар, ағыл-тегіл жыры бар, шығарған сөзі шырайлы көп тыңдағаным Шәді төре мен Тұрмағамбет өлеңдері болған. Сонда көңіл тасып, таңданып қайтқанмын».

Жамбыл осыны айтып сәл бөгелді. «Ер қадірін ел білер, зер қадірін зергер білер» деп ол Тұрмағамбеттің кейбір өлеңін айтып берді.

Сөйлеген сөзім ыңғайлы,
Құмартып халқым тыңдайды.
Шайырдан шатақ сөз шықса,
Күлістік естіп көбісі,
Бір-біріне ымдайды.
Сөз өлшеуін білмеген
Шағалаша шулайды.
Тал жібектей таза сөз
Еш жерінді жырмайды...

Жамбыл осылайша оның өз өлеңін айтып береді...

Осыдан төрт жыл бұрын Құлыншақ ақынның жиені, 85 жастағы Әбділда Бақдаулетұлына кездестік. Енді сол кісіні тыңдап көрейік:

– Ол жылдары, – дейді Бақдаулетұлы, – біз Түркістанда тұратынбыз. Ескі Ихан көшесінің кіре берісінде ұлкен әуліміз, төрт бөлмелі үйіміз, оның арт жағында қоражайымыз болатын. Әкем Бақдаулет, ағамыз Есжан Түркістан базарының делдалы болатын. Қаратаудың теріскейінен, әсіресе Бабаата, Үштобе, Жартытөбе



Қарасай батыр ескерткіші



Саурық және Сұраншы батыр ескерткіші



Сүйінбай ақын



Жамбыл



Жамбыл мен Сәкен



Жамбыл мен Сәбит



Жамбылдың Грузиядағы Шото Руставилидің 750 жылдық тойында



Жамбыл мен Ғабит



Жамбыл сахнада



**М.И.Калининнің Жамбылға награда тапсыруы. Жанында
Н.Ондасынов**



Жамбыл және башкұрт, татар қыздары



Жамбыл мен Павел Кузнецов



Жамбыл және Шаяхметов



Жамбыл мен Күләш



Жамбыл мен Тұрмағанбет Ізтілеуов



Жамбыл мен Тайыр Жароков



Жамбыл мен Дина



Жамбыл әскери адамдармен



Мұхтар мен Бауыржан



Қазақстан Комунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Н.А.Скворцов және секретарьлар М.Салин мен Ж.Шаяхметов. Жамбыл Жабаев үйінде.



Жамбыл мен Мәлік Ғабдуллин



Жамбыл және Орынбай, Нурпейс ақындармен



Жамбылға жазған жауынгерлердің хаттары



Жамбылдың туғанына
100 жыл толуына арналған
Мәскеудегі жарнамасы



Ленинградтық өрнеім толғауының
Ленинградтағы гранитті
қабырғасына ілінген фотосы



Жамбыл өнер иелері арасында



Жамбылдың немересі ақын Әлімкүл



Жамбыл туралы шығамалар





Алатау баурайы



М.Әуезов атындағы ОҚМУ-ға Сұраншы батырдың 200 жылдығына келген конференция қонақтары



Үкіметтің Жамбылға сыйлаған көлігі



Жамбыл мұражайы

жағынан базарға мал айдап кететіндер біздің үйге түсетін. Әкем мен ағам олардың малдарын сатысып, дүкеннен қант-шай, киім-кешек, мата әперісіп жүретін.

Сүмбелінің аяқ кезі ғой деймін, біздің үйге Құлыншақ ақын келіп түсті. Қасында екі жолдасы бар. Әлі есімде, біреуін –Молда Мұса, қара мұртты ұзын бойлысын –Бұдабай десті. Құлыншақ бізге нағашы. Ол–көтенші, біз сұлгетай боламыз. Түркістанға келсе, біздің үйге соқпай кетпейтін. Біраз күн жатып, өлең-жыр айтатын. Түнімен қисса тындайтынбыз. Бұл жалы да тап солай болды. Ақындар кезектесіп жырласты, кейде өзара қағысып, айтысып та отырады. Бірінен-бірі өтеді.

Ертеңіне елге қайтамыз деп, түстік жеп бола бергенде, үш аттылы сау етіп түсе қалды. Егделеу кісіні Майлықожа десті, қасындағы жұпыны киімді екі жігітті танымадым. Аттарын байлап, «жүріңіздер» деп, үйге кіре бергенде, төрде отырған нағашым «Майлымбысың?» деп тани кетті де:

Майды, майлы дегенге май болмады,
Ат пен түйе алсаң да бай болмадың, –
дей бергенде, Майлықожа оның қолын ала беріп:

–Сен Құлыншақ болғалы талай заман,
Ия құлын, ия жабағы, тай болмадың,-
деген. Бәріміз күлкіге қарық боп қалдық. Ақындар бірін-бірі бұрыннан білетін сияқты. Бәрі жапырласып, сәлемдесіп жатыр. Бір уақытта Майлы ақын нағашымның жанына жайғаса беріп:

– Бұл Жамбыл деген ақын,-деп қасындағы бейтаныс жігітті таныстыра бастады. – Жетісу елінен, ана бір жылы сол жаққа барғанымда қасымнан қалмай еріп жүрген. Атақта Сүйінбайдың жақын шәкірт-інісі. Сонда біздің елге келерсің деп шақырып едім, келіпті. Менен «Көрұғлыны», «Қыз жібекті»0 готының әңгімесін үзреніп жүр...

Сол отырыста Майлақожа ертеректе Жетісу және қырғыз еліндегі жиында болғанын еске алған. Жаныс ақынмен айтысатын жолы Сүйінбайдың ақындығына әбден қанық болған екен.

Майлы ақын өмірінің соңғы кездерінде де жетісу елінде болған. Оған ХІХ ғасырдың сексенінші жылдары Аспара, Меркеде өткен Сыпатай батыр асында Сүйінбаймен кездесіп, айтысқаны дәлел. Бұл жөнінде былай жазылып жүр:

«Сыпатай батырдың асында Ноғай мырза Сыр бойынан келіп қатысқан қоңырат елі адамдарын елей қоймаған себепті өкпе-кірне ретінде айтылып, 1883 жылы Я.Лютш жариялаған «Киргизская хрестоматия» жинағында «Ноғай мырзаға» деген атпен дербес жарияланған бұл шығармады «Сүйінбай мен Майлықожа айтысы» деп осы жырдың үзік-жұлықтары жинап, бастырылған». (Ә.Оспанұлы «Қаратау атырабының ақындары». 1983, 100-б).

Бақдаулетұлы әңгімесін жалғастыра түсіп:

–Сонда, –дейді, –Құлыншақ нағашым қасындағы Майлықожаға қарап: «майлеке, Жетісуда көп болғаныңды білдіргің келіп отыр ғой, оны ана бір жылы кездескенде айтқансың. Енді мына жас жігіттің лебізін тындасақ қайтеді?» Осыны күтіп отырған Мода Мұса да, Бұдабай да: «Ия, Жамбыл сөйлесін»,- десті. Бұдан соң Жамбыл жеңін түрініп қалақша домбыраны қолға алды:

–Ай, мен Жамбылмын, Жамбылмын,

Қара жолдай даңғылмын.

Жастайымнан жын буып,

Өлең қудым, қаңғырдым.

Шапқан жерді шаң қылдым,

Айтысқанда таң қылдым,

Тыңдаушымды қандырдым... –

деп, ол өзін таныстырып өтті. Онан соң өзі айтатын қисса, жырларды жұрт қалауына салды. «Саурық батыр» деген дастанын ет пісірім уақыт жырлап шықты. Әңгіме осыған келгенде иығында сүлгісі бар жас жігіт «ауқат дайын болды, кол жуыңыздар!» деп келген. Ол сары шалапшын мен үйрек мойын мыс құманды жағалатып кісі қолына су құйып шыққан. Буы бұрқыраған сары ала қазы, білем-білем құйрық тола табақ үш жерден тартылды. Құлыншақтың алдына бас қойылған.

Тамақтан соңғы сөзді бәрінен дасы ұлкен Құлыншақ алды. Ол әуелі өлендетіп, шұбыртпалы бата беріп, үй иесіне алғыс айтты. Домбырасын қаттырақ бұрап, бір хикаяны бастай берді: Бұл «Шора батыр»-тұғын. Түн ортасы ауды, қисса әлі аяқталар емес, қызыл күрең бауырсақ, науат, өрік-мейіз аралас төгілген кестелі дастарқан қайта жайылды. Бір уақытта:

– Аға, шай ішіп, деп ала тұрыңыз!-деді Молда Мұса. Ол өзінің бірер мысал өлеңін айтып, жұртты бір сергітіп тастайды. Онан соң Бұдабай да «Біз едік Бұдабайы Орта жүздің» деп басталатын

жырын толғады. Бағаналы бері ішінен өлең торлап отырған Жамбыл:

– Құлыншақ аға, жаңағы жырыңызды қайта айтып берсем, қайтеді? – деген. Бұл сөзге ақындар елең ете қаласты.

– «Шора батырды» ма?

– Ия, Шораны.

– Егер түгел айта алмасаң ше?

– Айтады, мүдірсе, мен кепілгер, – деді Майлы.

– Айтасын, айтсын! – десті бәрі.

Жамбыл домбырасын безектетіп, «Шораны» термеледі: Нәрікбай бір балаға зар болады. Күндердің күнінде әйелі Құлқаныс ұл тауып, атын Шора қояды. Ол насат батыр болып өседі. Жауларынан кек алады. Қалмақтың Садыр дейтін батырымен жекпе-жекке шығып, оны жеңген жеріне келгенде, тыңдап отырғандар «»

Ой, пәлі-ай, «ой-ной!» деп көтермеледі. Құлыншақ сүйсініп:

– Нағыз құйма құлақ екен. Сөзім түп-түгел шықты ғой, – деді.

Молда Мұса да.

–Жаттағыш-ақ екен, –деп жатыр.

Майлы сонда желпіне түссе керек:

– Мен, анау-мынау жыршыны жаныма ертпеймін ғой. Көрмейсіңдер ме!?! Құлыншақтың термелеген жерін термеледі, әндеткен жерін – әндетгі...

Не керек, ақындар сол күні таң атқанша думандатқан.

Олар үшінші күн дегенде тарасқан. Құлыншақ бастаған ақындар таздар еліндегі шақырылған тойға жүріп кеткен. Молда Мұса мен Бұдабай Бабайқорғанға бармақ болып, олардан бөлініп қалған.

Жамбыл жігіт кезінде ақындық өнер жолына түсіп, серілікпен үйленбей жүріп алады. Он тоғыз жасында Бұрым деген ақын қызға ғашық болады. Бұрым Айқым ауылындағы Қыдырма дегеннің қызы екен. Екеуі бір тойда кездесіп, өлеңмен танысады. Келбетте сұлу, әрі ақылды Бұрым басының бос еместігін сездіреді. Жамбыл бесік кертпе құдалық салтын бұзып, бір түнде Бұрымды алып қашады, өз үйіне түсірмей, Сарыбайдың баласы Саржанның үйіне апарады. Айқым ауылы дүрлігіп іздеу салады. Жамбылдың әкеткенін біліп, артынан қуғыншы барады. Жесір дауы басталады. Бұл хабар қызға құда түскен шыбыл еліне де жетеді.

Жамбылдың ағасы Тәйтi Сарыбайға барады:

– Ол бiрбет, өжет тентек бiздi тындамады. Өзiң жөнiн тауып көндiр. Мына даудан құтқар, –дейдi. Сарыбай Жамбылды шақырып алады.

– Бұл қай қылығаның, ел арасын араз қылып?

– Араға түсiңiз, әдiлдiгiн шешiңiз, қадiрлi аға!-деп өгiнедi Жамбыл. Сарыбай екi жақтың тiлегiн салмақтай отырып, оған мынаны айтыпты:

– Жамбыл шырағым, сен Суықтөбеге ұя салған бала бүркiт /секiлдiсiң. Шығысқа ұшсаң-күнге жетесiң, батысқа беттесең- айға жетесiң. Барлық бақытың алдыңда, осы жолы асқақтық жасама, қанатың тасқа тиедi, Бұрымның қайын-жұрты қатал жандар. Екей жаңадан ел болып келе жатыр едi, тағы да бүлiнедi ғой, тiлiмдi алсаң Бұрымды төркiнiне қайтар.

Аға сыйлаған Жамбыл бұл шешiмге, амал жоқ, көнедi. Шыбыл жұрты екей аулына үш тоғыз айып төлетiп, жесiрiн қайтарып алады.

Айрылдым орманменен, қайран Бұрым!

Айдай ед, толықсыған аппақ нұрың.

Алдандым, аяғымды шалыс бастым,

Бiлмедiм, жан ашымас аға сырын, —

деп, ақын махаббат мұңын жырлап қала бередi.

Сол драмадан кейiн ол тағы да ел аралады. Қырғыз елiн, Әулиеата, Оңтүстiк өлкесiн аралап өлең-жыр, қисса-дастандар айтады. Жасы 28-ге жеткенде әкесi, ағайындары зорлап Орынбек қызы Момынға үйлендiредi. Одан Қожақ, Әйiмхан, Қожаш, Қожамоердi, күлтай деген перзенттер көредi. Бүгiнде Қожаштан Мәулен (Жамбыл музейiнiң директоры), Қожамбердiден Атакелдi, одан Қуандық (милиция қызметкерi) бар. Жамбылдың ағасы Қоман қайтыс болған соң, ағайындары оның әйелi Талғайратты қосады. Шын аты Талжiбек. қайраттылығына қарап жұрт «Талғайрат» деп кеткен. Онан Аққұлы, Ақбала туады. Аққұлыдан қазiр Жұмахан бар. Ақынның алғашқы әйелi Момын қайтыс боп кетедi. Бұл кезде жасы қырыққа таяп қалған Жамбыл Самсыдағы Тiлеуқабыл қызы Қанымжанды айттырып алады. Жеңгедей алған Талжiбекке еншi берiп, бөлек отырғызады.

Қанымжан Жамбылдан көп кiшi, өзi реңдi, әрi ақылды, сабырлы болыпты. Кейiн сол ауылдың сөз тыңдатар анасындай

болып кеткен. Оны сол төңірек қадірлеп, сыйлаған. Одан Алғадай (1900-1933), Ізтілеу (1906-1944), Шыныбай (1909-1933), Тезекбай (1913-1986) деген төрт ұл туады. Алғадай мен Ізтілеу Отан соғысы майданында мерт болып кетті. Шыныбай болса ертеде өлген. Алғадайдан Таубай, Қуаныш деген екі бала, Ізтілеуден Жеңісхан деген бір бала бар. Шыныбайдан із қалмады. Тезекбай 1986 жылы 74 жасында қайтты. Одан Бибіажар, Оразхан, Бейбітхан, Салтанат деген перзенттер қалды. Ал үлкен ағасы Тәйтіден туған Сатышты кішкентайынан бауырына басып өсірген еді, одан бүгінде Тілепалды, Тілеміс, Ерғали, Сейітхан, Жамал, Нұргүл, Нұрсұлу деген перзенттер өрбіген. Оның ішінде Тілепалды ата дәстүрін жалғап, ақындық асқарына талпынып жүр.

Жамбыл Алғадайды өзге балаларынан ерекше көрген. «Өзге балам-бір төбе, Алғадайым-бір төбе, түбінде осымнан Сұраншы, Саурық батырлардың нышаны сезіледі» дер екен. Сол Алғадай кешегі ұлы майдан жылы өз еркімен соғысқа аттанды. Қызыл тулы Жетінші гвардиялық дивизия құрамында жүріп, Сталинград майданындағы қырғын шайқасқа қатысты. Талай ерліктер көрсетті. Гвардия жауынгері атанды. Дивизия штабының хабарлауы бойынша Алғадай өз пулеметімен жаудың 80-ге жуық жендеттерін қырып салған. Осы ерлігін, әзірше аман-есендігін айтып әкесіне хат жазған. Оған қуанған әке баласына:

«Хатыңды, балам, оқыдым.

Халіңді білдім сапардан.

Қуанып оған отырмын.

Гвардияшы атанған,

Сұраншы, Саурық секілді

Болыпсың, балам, қаһарман», -

деп өлеңмен жауап берген.

1943 жылдың жазында майданға Алғадайдан қаралы қағаз келді. Ол өзінің майдандас жолдастарымен Украинаның Днепропетровск облысындағы Синельниково қаласы үшін болған қырғын шайқаста ерлікпен мерт болыпты. Осы суық хабарды Жамбылға естірту үшін Қазақ ССР Жоғары Советі Президиумы арнайы комиссия құрды. Олар жасы жүзге тақап қалған қарт жырауға қалай естіртудің ретін ойластырды. Жамбылдың сырын көбірек білетін Сәбит Мұқанов былай деп кеңес берді:

– Жәкең бір тындаса Кененді тыңдап, басын көтерер, соны

алдырайық, – дейді. Сонымен Сәбит сонау Қордайдан Кененді алып, Жамбылға барады. Қарт жыраудың шәкірті Кенен ақын сонда мына жұбатуды айтыпты:

Ау, Жәке, көпті көрген батырмысың,
Қайғырып Алғадайға жатырмысың.
Пендеге бұл жалғанда өлім рас,
Тағдырдың сөгесіз бе, қылған ісін.
Кім күшті бұ дүниеде, адам күшті,
Жүзге дейін көрдіңіз талай істі.
Миуалы бақ ішінде дарағы едің,
Бір жемісің жел соғып жерге түсті,-

деп майда қоңыр даусымен әндетіп, көңіл айтқанда Жамбыл:

– Кененім келген екен ғой,- деп, басын көтеріпті. Бұл қимас достықтың, сыйластықтың белгісі болса керек.

– Сол жылы қасында бір айдай болдым,-дейді Кенен. –Мені Жәкең жібермеді, өлең, жыр айтамын, ән саламын, сөйтіп көңілін көтеремін. Бір күні Үмбетәлі келді, Жәкең оны қасына таман отырғызып:

– Ал, қара жорға, салшы, кәне, жорғаға дегенде, Үмбетәлі домбыраны ала салып, селдір мұртын бір сипап алды да, жырды төге бастады. Ол енді бірде «Сұраншыдан» соқты. Қыза-қыза, ентелеп құйрығымен жылжи жөнелгенде, Жәкең оған риза болып, күлімдей қарады.

Ертеңіне Жақсыбай ақын келді. Ол да көңіл айтуға барған ғой. Жәкең Жақсыбайға қарап:

А, Жақсыбай, маңдайың қасқа екен ғой,
Мен көрген шымырлардан басқа екен ғой.
Кесек-кесек шығарған өлеңдердің
Мына тұрған жалтырап баста екен ғой, –

деп отырғандарды бір күлдіріп тастады.

ӘБДІЖӘМИЛ НҰРПЕЙСОВ

ӨН БОЙЫ ТОЛА ӨЛЕҢ-ЖЫР

Күллі республиканың үлкен-кішісі жыр алыбының жүз жиырма бес жылдық тойын думандатып жатқанда мен ауруханада едім. Оңаша палатадағы жападан-жалғыз жабырқау жанның көз алдында дүйім жұрт думандап жатқан тойдың шаттық көріністері көлбеңдеді де тұрады.

Біз оның бозбала жігіт кезінен қанша бейхабар болсақ, балаң ақын кезінен де сонша керкұлақпыз. Ол бізге алғашқы беттерін алыс жылдардың құтырынған құйындары жыртып, ортасынан ауа аман жеткен көне кітаптай көрінуші еді. Дәлденкірей түссек, ол әлі парақтары сарғыш тартқан жалба-жұлба жыртық кітаптың өзінен гөрі, соған жазылған ескі қиссаның тоқпақтай тұлдыр, тобадай жалғыз кейіпкері-ежелгі ерлерге көбірек келіңкірейтін еді. Тау тұйығында оқта-текте бір есетін кезбе желдей үзік-үзік, келте мәліметтердің айтуынша: бабаларының арасында батыр көп болыпты. Ал өзі әке батасын аттап, жағын сатып күн көрген жаба тонды ақындықты қалады. Аталары ақбас Алатаудың көк майса сай-салаларынан өрбісе, өзі тұлдыр даладағы жалаңаш Жамбыл таудың етегінде жерге түсіпті. Анасы оған Қосқан ханы Құдиярдың құрығынан қашып жүрген ұлы сүргін тұсында тосыннан толғатыпты. Сөз реті қаза кетпесін: Құдияр оның бабаларына көрсеткен қоқан-лоқысын менің бабаларыма да жасапты. (Кер тағдыры ата-баба сүрлеуі қалай-қалай ойқастап, көнтерілі уақыттың қай-қай белеңінен тоғысады десеңізші!) Қайталап айтайық: кейуана қарияның сақал-мұрт басқан салғырт жүзіне қарай отырып тал бесікте уілдеп жатқан жас иіс сәбидің періште бейнесін көзге елестету қандай қиын болса, дүлділ ақынның кезі, балауса шағы шамамен мынадай болған шығар деп бал ашу да сондай қиын. Бар білетініміз: ел Екей ақындық жағынан ерекше салымды бопты.

Екейде елу бақсы, сексен ақын,

Сарнайды жын қаққандай кешке жақын,-десе дегендей-ақ, Екейдің әйел-еркегі күні бүгінге дейін оңтайы келгенде өлеңдетіп қоя береді.

Ол - ұлы Абаймен құрдас екен. Құрдасы торқа жамылып, топырақ астына кеткен соң да ол қанша ғұмыр көрді. Совет

заманына жетіп, өзіне бұйырмас бақи өмірге өлеңін ие етті. Бірақ Абайдың алғашқы жаттығу машықтарынан бастап, бар жазғаны төгілмей-шашылмай ұрпақтар қолына жетті. Бұл арада ардақ Әуезовтің асқар таудай құрдымға жоғалған жырлары қанша, қасқыр талағандай қып жылдар жұлмалаған дастандары қанша?!

Ол асарын асап, жасарын жасап бітті дейтіндей шағында күллі совет поэзиясының «айналайын, алыбым» деп алдына ұстар аруағына, желпілдетіп төбесіне көтерер туына айналды. Қызыл тілін қылыш кеспес қиқар шал мұндай қошамет-қолпашқа қандай рай танытты екен? Ол арасы бізге беймәлім. Біздің білетініміз: ол өз бойындағы өнерді еркекше қастерленген, қадір тұтқан. Өзіне де, өзгеге де бірдей қатал кәрі ақын көрінгенге ақтарыла беретін аңқылдақтардан емес-ті. Өмірінде екі-үш жерде ғана жүрек түбіндегі жан сырын айтып, тіс жарыпты. Сондағы мәлімдегені: жырының құтпаны- жолбарыс екен. Құлағын қиссаға қақтап, жұрт сенген нанымның көбіне өзі де сенген кәрі жампоз әлгі кереметіне мандай ұйыса керек. Екі жақтың да қырғи тілі найзабоп түйрескен қызды-қызды айтыстар тұсында адуын ақынның шаоыты тап берер тарғыл жолбарыстай тосыннан шапшымақ түрі бар.

Кәрі жампоз көз жұмарда, басы Сәбит Мұқанов пен Әбділда Тәжібаев болып, бір топ ақын көңілін сұрауға барыпты. Мұндайдағы үрдіс бойынша. «Тәте, әлі-ақ жазылып кетесіз», - деп жұбатқылары келсе ақын басын шайқапты: «Жоға, шырақтарым. Дәл сендер келерде босағамда жататын жолбарысым орнынан тұрып, жөнеле берді. Шақырып едім, қарамады. Өлім-екең онша алыс болмас».

Жолбарыс жыр қайрылмай бара жатса, қалған ғұмырдың қажеті де шамалы еді оған!

Ол туралы үзік-үзік мәліметтер ойынды қайта-қайта бөле береді.

Жамбыл Жабаев болғалы ол туралы айтылмаған кітап кітап, жарияланбаған мақала, қорғалмаған десертация жоқтай. Орта мектеп пен жоғары мектепте оның өмір жолы мен творчествосы арнайы, сабақ болып өтеді.

М.Әуезов атындағы әдебиет пен өнер институтына Жамбылға әдейі бөлім ашылды. Бірақ ол туралы білмейтініміз әлі көп. Әсіресе революцияға дейінгі өнерпаздық жолының талай беті тайға басқан таңбадай ақи-тақи анықтала қойған жоқ. Алайда Сарыарқа мен Жетісудың қай ақынын да бетке қаратпаған айтыскер ақын

болғанын жақсы білеміз. Онымен айтысқандардың бізге аты жеткендері: Айкүміс, Бөлектің қызы, Нұрила, Бақтыбай, Сары, Сарбас, Майкөт, Шұшыбай, Досмағамбет. Әсіресе Алатаудың атақты жайлауларының бірінде Құлманбетпен айтысқаны ақын атын алты алашқа әйгі қылды. Ол айтыс төкпе поэзиясының теңдесі жоқ биік үлгісі болып табылады. Оған дейінгі айтыстары арқылы жүйрікті алқалы жиынға апарар жолдағы әзірліктер сияқты еді.

Тоғыз ақынды топалаң асырған Құлманбет те нағыз іздегенге сұрағанның өзі еді. Босағада жауырыны жерге тиген пұшаймен палуандардай сүмірейіп сөзден жығылған тоғыз ақын отырды. Қастарында құдды ат үсті сайыста қолдарынан ұшып түскен сойылды қылжиып-қылжиып тоғыз домбыра жатты. Шаршы төрде шалқып отырған Құлманбеттің түлкі көрген қырғидай тұра бас салады.

Айтыста ұрымталдан тап беріп, алдымен килікке ақынның ұтары көп. Кәнігі Құлманбет жас жігітті қапысын тауып, қанжығасына байламақ еді, сойыл тиген бөрідей қалай сұлап түскенін өзі де аңғара алмай қалады. Әрине, Жамбыл Құлманбеттей емес, элеуметтік құлашы аса кең ақын-ды. Оның үстіне кәрі ақын кәрілігін істеп, үйреншікті сүрлейді шиырлап кетті, руға килікті, ата-бабаға тіл тигізді, тек қуалап, тегін олжа іздеді. Қырдағы қара табанның зығырданын қайнатқан зәһәр сөздері көкірегіне аямай жинаған азу тісі балғадай жас ақын, пірі Сүйімбай сынды, өңмендеген өр кеуделердің өлер жерін қапысыз тапты.

Былайғы тірлікте үстем тапта талай-талай есесі кетіп, езгі көріп жүрген кедейлер сонау рағы заманда қиянаткерлерінен кекті қылыштың жүзі, көк сүңгінің ұшымен ала алмағанда, кейде осындай айтыстарда ақынның тілі ала алмағанда, кейде осындай айтыстарда ақынның тілі есе қайтарып беретін. Айтыстарда ақыны жеңген халық құдды бәйгеден аты келген, күресте палуаны жыққан елдей еңсесі бір көтеріліп, аруақтанып қалатын.

Айтыста айқын өз табының сойылын соғатын жанашыр жақтаушысы немес дәріптеп мақсаушысы ғана есем. шын мәніндегі суырып салма ақын өз табының нағыз адал, азамат перзенті. Ондай азамат ақын кедей табының жел жағындағы қорғаншы, панасы болғандықтан да осындай ірі-ірі айтыстарда зорлықшыл қиянаткерлерді өткір тілімен өлтіре түйреп, жиналған дұрт алдында үкім шығарушы, әшкерелеуші де. Былайғы бар кезде үстем тап өкілдері жұрттың тіліне тұсау, ақындар айтысының сонау атам

заманнан бермен қарай ел үрдісінде сақталған демократиялық дәстүрлі салты бойынша, екі жағы да осы тұста ірікпей ойындағысын ашық айтын-ды.

Халық мұңын қатты білетін сұңғыла ақын есеі кеткендердің кекті сөздерінен асқан тегеурінді сөз табылмайтынын терең ұққанды. Қаршадайынан айтыстың арғымағының жалына жабысқан жас жігіт, ұшқыр, шабыт, ұтымды ойға әбден ұсталанып алған-ды. Мухтар Әуезов айтқандай: айтыста де шешендік өнердегідей жеңіс тағдырын кімнің ұзақ жарлап, жарлы сөйлегені емес, жұлыннан тиер жүйелі ой, тапқыр сөз шешетін-ді; сондықтан да, ол ақыннан өзін қоршаған әлеуметтік ортаның жай-жапсарын жақсы біліп, жұрт жұрт көкірегіндегі өзекті сауалдарға өз жауабын тайсалмай айта білуді талап ететін-ді; халықтық творчесвоның қай төскейіне салсаң да алқынбайтындай алқымы кең, жан-жақты талантпен қоса халықтардың сан ғасырлық тарихының, ру-тайпа өмірінің егжей-тегжейінің, өлке-өңірдің географиясының, тағысын тағы жағдаяттардың ұңғыл-шұңғылына дейін жетік сұңғылықты қажетсінетін еді.

Жамбылдың үлкенді-кішілі шығармаларын біздің заманымызға ұмыттырмай жеткізгін-жыр дегенде ішкен асын жерге қоятын ақынжанды халықтың құйма құлағы. Бір жақтан ақ патша, бір жақтан Қоқан хандығы қокандаған қысталаң заманда халық жажында көрінген сөздің тегіннен-тегін жаттала да, сақтала да қоимаитыны өз-өзінен түсінікті. Жамбылдың да талай –талай жырлардың сергелдендеріне естен шыққанмен, көпшілігі-ақ көшпелі халықтың күнделікті күйбең-күйбең қамының бәрін ұмыттырып, санның сандығында сары алтындай сан жылдан сақталып келді. Ол жыл өткен сайын қордалана түсіп, бүкіл бір ұлттық көп ғасырлық күрес жолының ұлан-ғайыр шежіресіне айналды.

Жақын жүріп, жақсы білген адамдардың айтуы бойынша, ол өмірді өлердей сүйген, жастарды жақсы көрген, жаны сергек адам болыпты. Әншейінде бабы таптыра қоймайтын қытымыр, кінәмшіл қарияның енді бір кезде сәнді сұлу келіншек ұшырасса тез жадырап, түлеп сала беретіні бәз бір замандастарына ерсіз көрінуі де мүмкін. Ол шын арқылы ақындардың қай-қайсысы секілді оңай егіліп, оңай әсерленетін ұшқыр шабыт иесітін. Сондықтан да қашан көзі жұмылғанша сұлулық атаулыға ынты-шынтымен ғана ынтық боп өтсе, оның таңданатындай ештеңесі жоқ-ты. Бұл ретте ол ақтық

сағатына дейін ғашықтықты жырлап өткен ұлы Гетені еске түсіреді.

Нұрила мен Айкүміспен айтысқанда ол былай демеуші ме еді:

Жалғанның сорлысы екен қыз бен жігіт,

Жүрмеген бірге ойнап, бірге күліп.

Арыны басылмаған арсыз көңіл,

Тағы да етіп отыр сізден үміт...

Шабытты ақынның қай шығармасында да жан-тәнімен сарқыла сөйлейтін әдеті. Әлгінде ғана түнгі алаудай лаулап отырған аңқылдақ ақын айтыс біткен соң, көшіп кеткен керуеннің жұртында сөніп бара жатқан өлімші қоламтадай сарғайып сала береді. Ондай кезде Жамбыл да аңашаны сағалап, өз-өзінен тұйықталып, беті ауған жаққа тентірсе, сенделіп кететін көрінеді. Кіреукелі көңіліне жұбаныш іздегендей, ұлан-асыр жаратылыстың әлде бір тұңғиығынан жұмбақтап тіл қатқан бармақтай түз құсының үздіккен үніне ғана құлағын тосып, қалған дүниемен шаруасы болмапты дейді.

Ол ауылдан –ауылға сапар шегіп, ат үстінде жүргенді ұнатады екен. Осы кезге дейін далиған дала төсінен айдау қара жол кезіксе, артына домбыра өңгеріп, алағызып ойын бөлмейтін тұғжым торының китің жүрісіне күңірене үн қосып, Жамбыл келе жатқан жоқ па екен деп жалтақтай берем.

Қашан, қайдан оқығаным есімде жоқ: өзіңмен өзің қалған оңаша сәттердің рахаты жайсын шараптың жан-дүниені балбыратар бал ләззатынан кем түспеитін көрінеді. Жетісудің жасыл жондарында жападан жалғыз Жамбыл келе жатыр. Артында-қарлы басы көк тіреген заңғар Алатау; алдында-далиып құшақ ашқан дарқан дала; төбесінде- тұңғиық аспан; төңірегі- жұпар аңқыған бөрте жусан...

Көңілінің қай-қайдағы құрыс-тарыстарының бәрі жазылып, көкірегі жаздың көкпеңбек аспанындай жадырай ашылып, кемейін бір сиқыр сөздер қытықтап, көңіліне шым-шым енген тұма суындай, мөлтендеген өлең оралды. Арқасындағы домбыраға қолын сонда да созбайды. Ақын көкірегінің қара шанағы өз-өзінен күмбірлеп келе жатқанда қос ішекті бектетіп қайтсін...

Жайсаң табиғат Жамбыл жанымен алабөтен жарастық тауып, екеуі енді біржолата ажырамас, бүтін бір тұтас әлемге айналады. Дала оған, ол далаға тіл бітіргендей. Лүп-лүп жүрегінен түлеп ұшқан періште қанат балапан жырлар заматта қаршыға боп қанат

қағып, қазіргі түгілі болашақ ғасырлардың ұлан-ғайыр жазиралары тегіс көрінетін уақыт, биігінде батыл самғам бара жатады. Өзінің аты соңырағы күні шартарапқа аңыз боп жетер дала Гомеріне қалай айналып бара жатқанын сезбей қалды. Қандай асқан талант болса да, кез-келген ақынды құлағынан сүйреп баяғы Гомердің қасына апарып, қатар қоя алмайсың. Ол орын тек Жамбылға ғана жарасқан. Адамзат поэзиясының көл-дария дастарқанның қақ төрінде уақыт атты топаннан өз халқының жүрегін жырға айналдырып аман алып өткені, екі кемеңгердің тізе түйістіріп бірге отырғаны қандай ғажап!

Мен оның өмір жолының соңғы жылдарына әдейі тоқтамай отырмын. Өйткені, бұл кезде оның аузынан шыққан әр сөз кең байтақ Отанымыздың түкпір-түкпіріне түгел жетіп жатты. Халықтың көз алдында туған бұл жырлар сол бір күллі ел боп шабытқа мінген жасампаз жылдарға тән от-жалын жігерге толы. Ақынның өз ойымен айтсақ, маңдайымен жер тіреп қалған қаусаған кәрі еді, еңсесі көтерілгенде қайта жасарып, бойын тіктеді. Еліміздегі ең жасы үлкен адам жаңа өмірге жас-сәбидей тамашалап қарап, тамсана жырлайды.

Жастайынан құлағында қалған, талай рет өзі де айтқан қиссалар мен ертегілердегі кереметтер көз алдында шындыққа айналып жатты. Ол өмір бақи саз кешіп, ел бостандығы үшін ереуілдеп өткен өз кейіпкерлері: Өтеген батыр мен Сұраншы батырдың осынау жерұйықты көре алмай, қапы кеткендеріне өкінді. Бәлкім осы өкініш пен халық үшін жан пида ерлерге деген айрықша махаббаты кәрі ақынның шабытына шабыт қосқан болу керек: ол жаңа заман ерлерін ерекше бір ыстық ықыласпен жырға қосты, партия мен мемлекет басшылары, жеңімпаз Қызыл Армия жауынгерлері мен қолбасшылары туралы терең тебіреніске толы толғаулар туғызды.

Совет халқы, әсіресе оның соғыс жылдарындағы өлеңдерін ерекше қастерлейді. Оқ бораған қан майданда өзі жүргендей, халық кегінің от лебінен жаралған оның жырлары, алдыңғы шепте шайқасып жатқан жауынгерлердің жүрегіне Отан даусындай әсер етті, қажымас жігер, қайтпас ерлік боп ұялады.

Жүз жасаған қария сөзі қиын-қыстау күндері кім-кімнің де еңсесін көтеріп, ата жауды құртуға үндеді. Оның кәрілікке мойынсұнбай, өмірге, бейбітшілікке, жеңіске ынтыққан жүрегінің әр лүпілі фшизиммен айқаста жүрген әр алуан халықтардың ұл-

қыздарына қылтықсыз жетіп. Оның аузынан шыққан әрбір сөз өзіңнің жан сырыңдай көкейіңе қона кететін. Бүкіл совет жауынгерлерінің ортақ бабасына айналған аяулы ақын жыры окоптағы солдат жүрегін өз мейірімімен жылытып, ол ата жауға қорғасын оқ боп атылды. Оның әрбір жаңажыры күркіреген зеңбіректердің үніне де күш асырып, майдан аспанын жай отындай жаңғырықтырып тұрды. Сол бір жылдары көзімізді жасқа, көкірегімізді кекке, кекке толтырған атақты «Ленинградтық өренім» толғауын қайтып ұмыта аларсың? Төпеген оқ пен аштықтың қысымында қалған қаланың қаһарман халқына бұлай тіл қатуға тек ғасыр жасап, күллі совет халқының айрықша сүйіспеншілігіне бөленген ақын Жамбылдың ғана моральдық хақысы бар еді.

Сөйткен Жамбылдың, өзімізбен бірге колхоз құрып, қала тұрғызып каналдар қазып, заводтар салып, жаумен шайқасып жүрген ардақты ақынның өмір жолының ұлы сүрлеуінің қай кезі де дәл осындай ерлікке, ел үшін, халық үшін жан пида қаһармандыққа толы болса керек-ті. Халық сөзінің алтын қоймасы Жамбыл көкірегіндегі қазынаны түгелдеп алып қала алмағанымыз, әсіресе революцияға дейінгі творчесвосының етек-жеңін жия алмай қалғанымыз өкінішті-ақ. Сонау 1936 жылы Москвада өткен қазақ әдебиеті ен өнерінің алғашқы онкүндігінен шаттанып қайтқан ұлы ақын өзінің тетелесі Кенен ақсақалға «Көрұғлы» жырының өзі толғайтын нұсқасын алты күн бойына шабыттана жырлап, ақыры шетіне шыға алмай қойыпты. Ал атақты дастанның сол Жамбыл айтқан нұсқасы қайда, ақынның қай кітабына кіріп, қай ғалымның архивінде сақтаулы?...

Жәкеңнің тамаша композитарлық дарыны болғанын, жас кезінде әлденеше әдемі әндер мен күйлер шығарғанын өмірімде алғаш рет, қаптап жүрген әдебиет, музыка зерттеушілерінен емес, ұлы ақынның революцияға дейінгі өмірі туралы деректер жинаумен шұғылданып жүрген қарапайым журналистен, аудандық газет редакторынан естігенде құлағымнан от шықты. Талай-талай ардақтымыз бен асылдарымыздың атын аузымыздан тастамай, таңдай қағуға келгенде алдымызға жан салмағанымызбен, осы жайсандарымыздың өмірі мен еңбегін тыңғылықты зерттеуге келгенде тым енжармыз.

Мен бұл мақаламда өз халқымыздың жыр мұхитындағы санаулы, азғантай айсбергтердің бірінің су астында салмағымен

батып жатқан көзден таса бөлігін әдейі көбірек сөз етуге тырыстым. Өйткені, адам қашанда құпияға құштар ғой. Жаңа заман поэзиясының Сыпыра жырауы – Жәкең өмірінің егжей-тегжейіне тереңдеп үңілген кісі бәлкім қазақ өмірінің кәтерімізден аулақ қалған талай-талай тылсым сырларына тіл бітірер ме еді?

МЫРЗАТАЙ ЖОЛДАСБЕКОВ

АҚЫНДЫҚ ОРТА

...Жамбыл – әрі эфик, әрі айтыс ақыны; абыз жырау әрі жауынгер жыршы. Ол шын мағынасындағы биік, парасатты өнерпаз, азаматтық саяси поэзиямыздың жасаушысы. Жамбылдың ұлылығы оның тек шеберлігімен ғана емес, халық поэзиясының бұтақ жайған жаңа бір бәйтерегі болуымен, басқаша айтқанда, халық ақындарының революциялық рухтағы жаңа ұлы көшін бастаған даралығымен де өлшенеді.

Жамбыл дәстүрін Шашубай, Нұрпейіс, Кенен, Нартай, Орынбай, Омар, Доскей, Қалқа, Қуат, Үмбетәлі, Нұрқан, Саяділ секілді халық ақындары жалғастырады. Осындай халық творчествосының асыл маржанын жасаушылардың есімі совет дәуірінде ғана бағаланады. Олар тек өздерінің алдындағы ақын-жыраулардан ғана үйреніп қойған жоқ, сонымен бірге, сан замандағы көне эпостардан, тарихи жырлар мен аңыздардан, әңгіме хикаялардан, әфсаналардан да үйренді. Олар өз өнерлерінің шын халықтық мән-мағынасын халық поэзиясының өлмес, өшпес мотивтерімен тығыс байланыстан ізден тапты.

Біз жоғарыда байтақ қазақ даласын жырға кенелткен, осы бір теңдесі жоқ өнерді ілгері дамытқан, жаңа биікке көтерген ұлы ақындардың, ғұлама, дария-даңғыл жыраулардың ең соңғысы әрі үздігі Жамбыл дедік.

Көркемдік нақыш, өрнегі тұрғысынан Жамбыл импровизациясының тіпті бөлек екені әлемге аян. Десе де, өзінің халық алдындағы азаматтық, ақындық міндетін толық өтеп кеткен Жәкеңнің ұлы мұрасы алдында әлі де өкініш-көмейін жыр қоздаған жыраудың, қара өлеңінің таусылмайтын бұлағындай, жырдың асыл

кеніндей, тіккен туындай ақынның жыр майданындағы сол ұлы сүре даңғылдығын, өлеңді өрнектеп төккен, жырдан ұрық сепкен, жырдың өрісін ұзартқан, өлеңге қанат байлаған құдіретін әлі де толық аша алмай келе жатқандығымызда. Жәкең дүние салар сәтінде әдеби хатшысы Әбділда Тәжібаевқа:

– Әбділда, енді мен оңалмаспын. Үнемі жанымда бірге жүретін Сұраншы табыс еткен жолбарысым үш мәртебе айқайласам да қарамай кетті, – депті.

Осы әңгімені кейін Әбекең әдебиетші Виктор Шкловскийге айтса керек. Москвада бір үлкен әдеби жиында Шкловский:

– Досым Әбділда маған Жамбылдың жолбарысы жайында ғажап әңгіме айтты. Талантты, дана ақындардың дәл сондай өз жолбарысы болу керек. Онсыз ақын ақын емес! –деп ұран салыпты мінбеден.

Былай қарасак, ертегі сияқты. Бірақ Жамбылдың жолбарысы деген сөз оның ақындық құдіретіне өте үйлесіп-ақ тұр.

Жамбылдың ізінше Шашубай, Нұрпейіс, Кенен, Нартай, Омар, Доскей, Қалқа, Қуат, Үмбетәлі, Есдәулет, Нұрқан, Әбдіғали, Саяділ секілді көктемгі нәсерден соңғы қырдың көгіндей қаулаған қалың ақынның аз уақыт ішінде лап қоюы әдебиетіміздің тарихындағы аса бір елеулі құбылыс еді.

Қырандай алғыр, кеудесін жыр кернеген осы бір ұғымтал ақындардың бас арнасы-алып Жамбыл. Әйгілі жыраудың бұл атыраптағы озық өнегесі мен жаңашылдығы да әлі түгел жазылған жоқ.

Жамбылдың ақындығын баулыған өнер, жыр ортасы, ақындық төңірегі де әлі толық зерттелген жоқ. Жыр семсерін шыңдаған, жас қыранды баулып қияға ұшырған орта мен ақындық мектепті толық ақиқаттау – жауапты міндеттердің бірі.

“Өлең кірген түсіне

Жөргегінде мен болам”, –

деп айтқандай, Жамбыл ана құрсағынан жарық дүниеге ақын болып түскен. Өсе келе тыңдаудан, үйренуден жалықпаған.

Жамбылдың тікелей ұстазы — Сүйімбай. Десе де, Жамбыл творчествосының арналары мен тарихи тамырлары өзінің алдындағы Махамбет, Сүйімбай поэзиясында ғана емес, М.Әуезов ескерткен, кейінірек Есмағамбет Ысмайылов дәлелдеген, ғасырлар құрдымындағы эпостар мен әңгіме-

хикаяларда жатыр.

Жамбылдың ақындығы жайындағы әңгімені оның өзі нәр алған екі арнадан-ақындық және шешендік орта мен дәстүрден бөліп қарауға болмайды. Сонда Жамбылдың үлгі тұтқан, өнеге алған мектебі бір ғана Сүйімбай емес, өзіміз жақсы білетін өзге де бірқатар ақындар болып шығады.

Майкөт ақын, Құлмамбет,

Орын берді, қасынан.

Майлықожа, Құлыншақ

Пірім еді бас ұрған

Айтқандары нұсқа еді,

Жаралған сөзі асылды, –

деп, өз жүрегінен асыл сырын ақтарған.

Қысқасы, Жамбыл Жетісудың төрінде, жырдың тұнып тұрған, дәуірлеп тұрған шағында туған. Бұл кезде Жетісу ән мен жырдың алтын бесігінде болатын. Ақын туып-өскен Жетісу атырабы, әсіресе оның төменгі Шу, Талас бойлары, Оңтүстік өлкесі ән мен жырдың аршылмаған бастауындай, әлі де тың жатыр. Біздің соңғы жылдары жиған деректеріміз осыны түгел растай түседі.

Әйтпесе, бұл өңірде есімдері жиі қайталана беретін: Сүйімбай, Майкөт, Бақтыбай, Құлмамбет, Бөлтірік қана емес, сол сияқты, Дәурен сал, Кененбай, Тілеміс, Қылышбай, Бармақ, Қарқабат, Өзбек, Нұралы ағайынды Сауытбек пен Сыбанбек, Қожатай, Орақбай, Қалыбек, Рахымбай, Сатыбалды, ағайынды Егемберді, Құдайберген, Қарақожа, Төреқожа секілді ақындардың, сал-серілердің: Ұлбике, Өзипа, Қырмызы, Әлмен, Айкүміс, Ләтипа, Баян, Жаңылдық сияқты айтулы ақын қыздардың өнері қанат жайған. Бұлар-артына мол мұра қалдырған, сөйтіп қазақ халқының байтақ сөз өнерінің кенішті саласын құраған сөз зергерлері, көпшілігі-айтыс ақындары. Жамбыл солардың біразынан үйренген, көбіне өзі ұстаз болған.

Ал Жамбылдың ұлылығына келетін болсақ, ол шеберлігімен ғана емес, халық поэзиясының бұтақ жайған жаңа бір тұрғылас биік бәйтерегі болумен, басқаша айтқанда, халық аспаптарының революциялық рухтағы жаңа ұлы көшін бастаған даралығымен де өлшенеді. Ендеше, Жамбыл – сол ұстаздық бақытына ие болған ақын. Жәкеңнен көбірек үйренген үздік шәкірттерден Үмбетәлі, Кенен, Есдәулеттердің есімдері ерекше аталады. Асылы, көреген

М.Әуезов: «Қазақ халқында ерекше дамыған айтыс өнері ХІХ ғасырдан бергі жерде басқа өңірлерде бірте-бірте саябырсып, Жетісу өңірлерінде, Оңтүстік, Сыр өлкесінде шоғырлана бастаған» дегенде де, жоғарыда айтылған өнер иелері мен сол кездегі шындықты мықтап ескеріп айтқан болу керек.

Қартайғанда Арқадан – Шөже мен Түбек, Таластан – Майкөт секілді ғұлама жыраулардың, бертінде Шашубайдай саңлақтың Жетісуға келу себебін сол дана жазушымыз айтқан шындықтан іздеу керек. Әйтпесе, бұл өлкенің іргелі ақындарымен айтысып, талай сынға түскен жыр аруағындай Майкөт сонау Таластың төменгі саласынан – етектегі елден, сонша жерден Жетісудың төріне қартайған шағында ас іздеп, ағайыншылап келмеген; ол бұл жолы да Сүйімбайдың орнына – өлеңнің қонған жұртына жыр іздеп келген болатын. Сонда Шөже мен Майкөттің жанында үнемі жырсандық Жамбыл жүрген. Сөйтіп, Жәкең Үмбетәлі, Кенен тәрізді шәкірттерін сол өзі өнеге алған ақындық ортаның озық дәстүрінде баулыған.

Мәселен, Жамбыл жырларының ойнақы өткірлігі, айтысқыштығы – Үмбетәліге; оқиғалы ұзақ дастан, жыр шығарғыштығы – Өтеп пен Саяділге; әншілігі, Отанды, партияны, халықты тұтастыра жырлайтын қасиеті Кененге дарыған.

Өлеңге Жамбыл жүйрік, әнге-Кенен,

Су жорға Үмбетәлі-қара дөнен, –

дегенде Лияс Жансүгіров осы қасиеттерді баса айтқан ғой.

Жамбылдың нәр алған қайнар көздерін, төңірегін айқындауға, арши түсуге байланысты кейбір ойлар осындай. Жамбылдың ақындық айналасын ашу – оның өнерпаздық табиғатын, оқшау даралығын, шәкірттен ұлы ұстазға айналған бақытын айқындау, түптеп келгенде, ол – Жамбылдың жолбарысын тану деген сөз.

Жамбыл бірде өзінің шәкірті, әрі інісі Кенен Әзірбаевпен кең жайлауды аралап, Құлансаздың биік жотасынан төңірекке көз жіберіп:

– Сонау мұзбен жүгенделіп, тас арқалап қомдалған Құмбелден бері қарай қартадай қатпарланып төгілген төс – Қарақия талай орғыған жеріміз. Батысқа қарай, созылып шөгіп жатқан Шетендінің жотасы — Қырғызбен шекарамыз. Қарақияның басы Қаракестек өзенінің тұйығымен құшақтасып жатыр. Соның оң босағасынан бері қарай төгіліп жатқан Қарабастау Құлансаз,

Көктұма, Желдісай. Бұл жағы Майтөбеге келіп қойындасып жатыр. Шайдай ашық боп тұрып кейде бұлты үркіп шыға келеді де, лезде шымқап алып, нөсерлетіп құя салады.

Осындай ала-құйын мінезі де бар.

Күнде басын шүйкелеп,

Аспанға басын үйкелеп

Қағып-сілкіп тұратын тау емес пе бұл!

Мұның қай сыры мәлім емес бізге? Сонау ойдым-ойдым көгергендердің бәрі елдің жұрты – көбі байдың жұрты. Он төрт жасынан бері қарай көрген жерін кісі білмесін бе. Сонау арғы жақтағы Қарағайлының кезеңі – Шалтабайдың жұрты. Майтөбенің кезеңі – Жылқыбайдың жұрты. Бұл жұрт жиырма тоғызыншы жылы ғана босады – деген екен. Жәкең өмір бойы қызықтап, жырына қосқан сол Құлансыз батысында Майтөбемен құшақтасып, одан әрі Суықтөбемен жалғасады. Суықтөбе Алатаудың сілемін Қордай жотасымен жалғастырып аяқтасады.

Міне, шапырашты – екейлер жаз бойы Құлансыз Суықтөбе жайлауларын самалдап жайлайды да, қыста Байғараға, Ханжамбыл тауларының қойнауынан паналайды. Жамбыл 1846 жылы февральдың аяғында осы ханжамбылдың бауырында қақаған қыста дүниеге келеді. Ел жиналып нәресетеге ат қояды. Атасы Ыстыбай:

– Елім–жұртым біз естіп білгелі шапырашты екі жерде жан сақтап келеді: Жаз Құлансазды жайлаймыз, қыс Ханжамбылды паналаймыз. Қалың елге пана болған, қойны жылы, қойнауы құт Ханжамбыл–қасиетті тау. Ханжамбылдай биік әрі елге пана болсын, немеренің атын Жамбыл қойдым, – деп нәрестенің құлағына үш рет айқайлап, батасын беріпті.

Жамбыл дүниеге келгенде Жетісу Қоқан ханының қол астында еді.

Керең дүние кедейдің үнін естімейді: бір жағынан байлар жыландай сорса, екінші жағынан қулар құзғындай шоқыды. Міне, соншалық қыспаққа төзе алмаған халық алым-салықтан бас тартты, азаматтар атқа қонды. Саурық, Сұраншы, Андас, Сарыбай ел ішінен қол жинап, Қоқан ханының Жетісуға сайланған бегі Қанатшаға қарсы күреске шықты. Халықты біріктіруде аталған батырлардың еңбегі зор болды.

Саурық, Сұраншы-ағайынды кісілердің балалары. Саурық үлкен, Сұраншы батырлыққа тәрбиеленген. Алпыс жасында

Суықтөбе баурында дүние салады, сонда жерленген.

Сұраншы (1817-1864) – ержүрек, қайтпайтын қайсар; зор денелі, ұзын бойлы, сол жақ бетінде шешектен қалған дағы бар, даусы жуан, сөзге шешен, қарашұбар кісі екен.

Орыс армиясымен келісіп, Сұраншы мен Сарыбай би бес мың қол жинап, Ұзынағаш түбінде Қанатшының самсаған қалың қолын талқандап, өз жерін Қоқан қыспағынан азат етеді. Бұл соғыста Сүйімбай Сұраншының сарбаздарына жалынды жырмен дем берген, жауынгер үгітшісі, ұраншысы болған. Шоқан Уәлиханов Гутковскийге жолдаған хатында Сұраншының орыс армиясына адал екендігі жөнінде ашық жазады. Сұраншы Қоқан хандығынан Әулиатаны азат етіп, Ұлы жүз батырларының Қоқанға қарсы соғысында Сайрамда 1864 жылдың июлінде ерлікпен қаза табады.

Сарыбай аяғынан жараланып, Ташкенге дейін барады. Осы сапар полковник шенін тағынады. Сайрамда қалған Сұраншының сүйегін әкеліп ауылына жерлеген – осы Сарыбай.

Міне, Жамбыл осындай қарбалас кезеңде, аласапыран қыспақ заманда дүниеге келген.

Елін, туған жерін Қоқанның қыспағынан азат еткен ер Сұраншы дүние салғанда Жетісу елі күңіреніп, аза тұтады, кәрісі бар, жасы бар, Ұлы жүз ақындары, ел жақсылары түгел жиналып, тар кезеңде пана, қорған болған батырын арулап қояды.

Деректерге, қарағанда, сол жолы жалайырдан Бақтыбай, Қарқабат; найманнан Түбек; Арқадан Шөже, албаннан Құлмамбет, Бөлтірік; Қасқараудан Сарбас ақын, Кебекбей. Ноғайбай шешендер, Бердібек күйші; Шу бойынан Қуандық, Қылышбай ақындар, Бөлтірік шешен; Әулиатадан, Шымкенттен, Құлыншақ, Майкөт келеді. Сүйінбай бастаған шапырашты ақындары аяғынан тік тұрып қызмет қылады. Өрдегі, етектегі ағайынның жақсысы мен жайсаңы түгел жиналған соң Сұраншының анасы шағынып, көп жыласа керек. Сонда Бердібек күйші, мұнды ұзақ күй тартып, батырдың анасының жылағанын тоқтатып;

– Ау, бәйбіше,

Бір күндері сауыны келген биедей едің,

Бұл күнде ботасы өлген түйедей болды.

Кедейбайың Сұраншыдай болмай ма?

Орта түскен құрсағың толмай ма?

Кедейбай да ер жетер.

«Сабыр түбі сары алтын» –деген,

«Сабыр ет», – деп, көпшілік атынан көңіл айтыпты. Бердібек айтқандай, Сұраншының баласы Кедейбай кейін ел сыйлаған азамат болады.

Жиналған ақындар Сұраншыны жырында, күйшілер күйінде жоқтаған. Жас Жамбыл осы жиынның ішінде болған. Он сегіз жасар жас ақын топ алдында ерлікті ардақтап жыр төккен.

Сұраншының ерлігін, адамгершілігін, артық сыпаттарын жырлаған Сүйінбайдың жоқтауы кейін желілі, тарихи дастанға айналған.

Задында қазақ эпостарының қай-қайсысы да батырдың қазасын жоқтаған жоқтау жырларынан, ерлігін дәріптеген мақтау жырларынан құралады. Әдепкіде батырды оның жорығына қатысқан ақын жырлап, кейін сол батырдың ерлігін неше буын жыраулар жалғастырып, әлденеше цикл жырлар біріктіріліп, батыр жайында ұзақ жыр туған.

Ақын творчествосы, әсіресе совет дәуірінде туған шығармалары, әдебиеттану ілімінде жеткілікті әрі терең зерттеледі. Бұл ретте академиктер М.Әуезовтің, М.Қаратаевтың, профессор Е.Ысмайыловтың, филология ғылымының докторы Ә.Тәжібаевтың еңбектерінен ерекше атаған жөн. Жалпы Жамбыл жайында мақала жазбаған әдебиетші кемде-кем. Соншалықты көп жазылғандығына қарамастан, ақын мұрасы әлі толық зерттеліп болған жоқ. Шамғали Сарыбаев пен Сапарғали Бегалиннің өмірбаяндық деректері мен профессор Е.Ысмайыловтың «Ақындары» болмаса Жамбылдың ғылыми өмірбаяны әлі жазылған жоқ, ақындық ортасы толық ашылған жоқ, творчествосы шеберлік тұрғысынан нақты талданған жоқ. Осы үш мәселе шешілгенде ғана ұлы ақынның мұрасы түгел, тұтас танылатын болады.

Біраз уақыттан бері Жамбылдың ақындық айналасы, дәстүрлі тәлім алған өнер ортасы – өнеге мектебі –творчестволық шеберлігі деген мәселені зерттеумен шұғылданып келеміз.

Бұл ретте жылда ел аралап Жамбылды көрген оның ұстаздарын, Жамбылдың алдында өмір сүрген ақын-жырауларды, шешендерді, күйші-өнерпаздарды білетін көкірегі жазулы хаттай зерделі ақасақалдармен, халық таланттарымен, қарт ақындармен кездесіп, хат арқылы хабарласып, құнды материалдар жинағаны-

мызды еске сала кеткіміз келеді. Тың әрі қызықты деректердің көбін біз Жамбылдың шәкірті, айнымас серігі Кенен Әзірбаевтан алдық.

Атақты Сауытбековтің жиені Шу өңірінде тұратын қарт ақын Смайыл Қалипанов маған жолдаған бір хатында былай деп жазды:

Жүрсіндер білім жинап Алматыда,
Қартайып тұрған шалмыз қыр басында,
Қолымда бабалардың мұрасы бар,
Көміліп топырақта қалмасын да,
Шылықпен өтіп кетті білген өнер,
Мойынқұм, Қордай, Шудың арасында,
Өзіңе бәрін тегіс тапсырайын
Ішінен жарағанын аласың да.

Біз Смайыл ақсақалдан Сауытбектің мұрасын толығырақ, Қылышбай, Балықбай, Мырзабай, Орақбай ақындардың шығармаларын, Қуандық пен Сарыбастың ұзақ айтысын жазып алдық.

Қорыта айтқанда, Жамбыл алдымен халық жырларынан үйренген, ел өнерінің қайнар көзінен, мөлдір тасқының туған, сол өнердің бөлеуінде өскен. Жамбылдың үлгі-өнеге алған мектебі: Сүйінбай, Қабан, Шөже, Майкөт, Жанак, Түбек, Майлықожа, Құлыншақ, Бақтыбай, Қуандық тәрізді іргелі ақындар; Кебекбай, Ноғайбай, Сапақ, Бөлтіріктердей от ауызды, айыр көмей шешендер; Қанадан, Байсеркедей өнері асқан күйшілер. Бұған Жамбылдың ақындығын шыңдаған, өзімен сайысқа түскен: Құлмамбет, Сарбас, Шашубай, Айкүміс, Досмағамбеттердей өрелі ақындарды, кезінде жиын-тойда бас қосқан, үзеңгілес Әсет, Жүсіпбек Қожа, Тілеміс, Әлмейін, Әлмен, Ләтипа, Балықбек, Мырзабай, Өзбек, Шарғын, Қарабек ақындарды; Жолдыбай, Жантай ақындарды қоссақ, академик М.Әуезовтің: «Жамбылдың өз айналасына келгенде, қоюланған қалың үйір, үлкен шоғыр, ордалы өлеңді көруге болады», – деген сөзі толық расталады.

ЖАМБЫЛТАНУДЫҢ БАСТАУ-БҰЛАҚТАРЫ

Қазақ әдебиеттану ғылымының аса маңызы мол салаларының бірі

– Жамбылтану екені сөзсіз. Өйткені, Жамбылтану –бұл фольклортану, қазақ ауыз әдебиетінің кешеден бүгінге жалғасқан, бүгіннен ертеңге ұласар жасампаз жаңашыл беттерін тану болып табылады.

Жамбыл өз ортасына, ауыл, ел арасына ақын бала ретінде ерте танылып, үлкенді-кішілі ақындармен айтысып, абырой –атаққа ілініп, жеңіп шығып жүргенмен, өлең –жырларының хатқа түсіп, ол туралы мақала-зерттеулердің жазылып, жариялана бастауы кейінірек қолға алынды.

Кейбір естеліктерде келтірілген деректер бойынша Жамбыл өлеңдерін өз аузынан жазып алу тиіп-қашты болса да үстіміздегі ғасырдың 20 жылдарында аздап кездескен еді. Қазақтың көне көз фиолог ғалымы Шамғали Сарыбаев «Қазақ әдебиеті» газетінің 1936 жылғы 18 июнь күнгі №23 санына «Жамбыл ақынды 1922 жылы 9 шілдеде Ұзынағашта болған қосшы ұйым мүшелерінің мерекесінде көрдім... Көп өлеңдер айтушы еді,» – деп, оның айтатын өлеңдерінің негізгі тақырыптарын тізіп өткен. Әдебиетші, жазушылармен етене араласқан Фатима Ғабитованың 1995 жылы жарияланған «Алыптар тағдыры» атты күнделік дәптеріндегі Жамбыл жайлы естелігінде ақынды алғаш рет 1923 жылы Февральдың аяқ шенінде көргендігін айтып: «Жиналған жұртты күттірмей-ақ, Жамбыл домбырасын қолына алды. Мұғалімдердің кейбірі Жамбыл сөздерін жазып алғансып жатыр. Илияс, Қажым, Шамғали сияқты Жамбылдың кейбір айтыстарының тақырыбын білетіндері сол айтыстарды айтуын қалап, айтқызып жатыр... Қарлығыңқырау дауыспен ұзақ түнге Жамбыл шаршамай өлең айтты», – деп жеті шумақ бір өлеңін келтірген.

Осы естелікте және Тұрсынбек Кәкішевтің «Егемен Қазақстан» газетінің 1996 жылғы 3 шілдедегі санында жарияланған «Жамбылдың алғашқы хатшысы кім?» атты мақаласында келтірген мәлімет бойынша 1932 жылы наркомпростың ауыз әдебиеті бөлімінің тапсырысымен әкелі-балалы ұстаздар Зейнелғабиден мен

Халил Иманжановтар ақынның 9 мың жол өлеңін жазып алып тапсырған екен.

Сәкен Сейфуллиннің 1932 жылы шыққан «Қазақ әдебиеті нұсқалары» атты жинағында Жамбылдың Құлмамбетпен айтысы жарияланғаннан болатын. Ел аузынан жазып алынған бұл нұсқада ауытқу, алшақтықтар болғанымен, оны Жамбыл шығармаларының алғашқы баспа бетін көрген үлгісі ретінде атауға тиіспіз. Алшақтық дегенде профессор Е.Ысмайыловтың мәлімдеуінше («Дастан ата жинағы» Алматы, 1978, 231-бет), халық ақындарының 1939 жылы 10 ноябрьде болған II слетіне қатысқан Жамбылға осы кітапқа енген нұсқамен 1938 жылы Кененнен жазып алынған нұсқаны тыңдатқанда, ақын: «Көп жері бүлінген екен... енді, шырақтарым, осы айтысты Үмбетәлі екеумізден жайланып отырып, қайта жазып алыңдар,»- деген көрінеді.

Жамбыл туралы алғашқы мақала біз кездестірген деректер бойынша 1935 жылы «Ленинская смена» газетінің 29 желтоқсандағы №264 санында Андрей Алданның «Встреча с жирши» деген хабарламасы сияқты. Осыдан кейін 1936 жылы көктемде Алматыда өткен қазақ ақындарының республикалық I слетіне қатысқан ақындарды сол жылы мамыр айында Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің он күндігіне алып барады. Бұл туралы Ә.Тәжібаев 1976 жылы шыққан «Жылдар, ойлар» атты естеліктер мен толғаныстар кітабында «Аталармен кездесу» атты тарауында: «1936 жылы мен онда наркомпроста(халық ағарту комиссариатында) істеуші едім... Нарком Темірбек Жүргенов болатын. Апрельдің орта кезі болуы керек, ертемен телефон соғылды. «Сіз дереу наркомға келіңіз,»- деді таныс дауыс. Дереу болса, болсын деп мен де кідірмей үлкен кабинетке кірдім.

– Парижден Мирзоян телефон соғып, (Мирзоян Парижде емделіп жатқан болатын) Оразға (Исаев) өз ойын айтыпты: «Қазақ-ақын халық деуші едік қой, онымыз рас болса, декадағы ақын апарайық. Сүлейман Стальский сияқты бір қария табыңдар,»- депті... Өте жауапты міндет, Әбділда... сен бүгін Жамбылды тауып әкелуге жүріп кет, есінде ме, ол қарт?

–Есімде, аға, қайдан іздеу керек екен өзін...

– Ұзынағаш ауданынан... –деп келтіреді.

Міне, осыдан бастап Жамбыл жайлы жазылар мақала, еңбектердің тиегі ағытылып жүре берді десек болғандай. 1936

жылғы 1 май күнгі «Қазақ әдебиеті» газетінде Ә.Тәжібаевтың «Жамбыл және басқалар», 2 май күнгі «Социалистік Қазақстан» газетінде Т.Жүргеновтың «Қазақстанның ақындары мен жыршылары» деген мақалаларынан бастап, 3-4 жылдың ішінде қазақстан, одақ баспасөздерінде Жамбыл жайлы жүзге тарта мақала, зерттеулер жарияланған екен. Жамбылдың өз шығармалары да осы уақыт ішінде қазақ, орыс тілдерінде Алматы мен Мәскеуден төрт-бес рет кітап болып басылды.

Республика, одақ көлемінде, жалпы жұртшылықтың, әдебиет пен мәдениет қайраткерлерінің, үкімет, партия басшыларының Жамбылға деген ықылыс-құрметтері арта түсті. Ақын 1936 жылы Еңбек Қызыл Ту, 1937 жылы Ленин орденімен, 1941 жылы Құрмет белгісі ордендерімен марапатталса, 1938 жылы Республика Жоғары Кеңесінің депутаты болып сайланып, 1941 жылы Сталиндік сыйлыққа ие болды. 1939 жылы өткен Совет Одағы Коммунистік партиясының XVIII съезінде сөйлеген сөзінде М.Шолохов, 1954 жылы өткен совет жазушыларының II съезінде жасаған бас баяндамасында А.Сурков Жамбыл туралы арнайы тоқталып, жоғары атап көрсеткен екен. Ақын творчествасы туралы он шақты кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалды. 1938 жылы май айында Жамбыл ақындығының 75 жылдығы үлкен әдеби, мәдени мереке болып өтті.

Ол бүкіл одақ көлемінде ғана емес, дүние жүзінің кейбір көрнекті қалам қайраткерлерінің де назарына ілікті., айталық, француздық әлемге әйгілі жазушысы Ромен Роланның: «Батыс Альпінің жүрегінен қазақ халқының және жаңа адам баласының жыршысы – Қазақстан даласының жүрегі Жамбылға туысқандық сәлем» деген телеграммасы «Казахстанская правда» газетінің 1938 жылғы 22 майдағы санында жарияланса, Данияның атақты қаламгері Мартин Андерсон Нексе Жамбылға: «Ең бақытты адамсың, көшпелі өмірден алдыңғы қатарлы совет мәдениетінің биік сатысына көшірілген қызықты, бай өмірді басыңыздан кешірген Сіздің жүрегіңіз мәңгі жас, еркін, бақытты еліңізде жасай берсін!» – деп сәлем жолдаған екен. А.Толстой, М.Шолохов Д.Бедный, Н.Тихонов, Э.Лахутилер жылы лебіздерін білдіріп, Ураинаның көрнекті ақын-жазушылары М.Бажан мен п.Тычина Жамбыл тойына арнайы қатысып, өздерінің жүрекжарды ыстық ықыластарын ақтарып салды: «Жыр тасқынын селдіреткен Жамбылдың творчестволық еңбегіне, міне, бүгін 75 жыл толып

отыр. Бұл-үлкен той... Мен Жамбылдай ғажайып адамды туғызған халықтың өмір жолына құштарлана үңіліп, оның тіршілік-тынысын, жаратылысын, әдеби творчествосын терең білуге тырыстым. Бұл халық өз мәдениетін дамытып қана отырған жоқ, бүкіл совет халқының мәдениетін байыта түсті деп ұқтым. Сөйтіп, осы халықтың ерекше туған перзентінің жырларын жете түсініп, аударуға кірістім. Советтік Украина оқушыларына Жамбыл жырларын алғаш аударып, жеткізушілердің бірі болғанымды әрі қуаныш етем, әрі мақтаныш тұтам!»- деген еді М.Бажан.

1938 жылы Қазақстан Үкіметі арнайы қаулы шығарып, КСРО Ғылым академиясының қазақ филиалы жанынан Жамбылдың өмірі мен шығармасын зерттеу ~~қазақ филиалы жанынан Жамбылдың өмірі мен шығармасын зерттеу~~ туралы нақты шаралар белгілеп, көрсеткен болатын. Кейін Қазақстан Ғылым академиясы өз алдына отау тігіп, Тіл және әдебиет институты құрылған соң Жамбылтану бөлімі ашылып, өнімді еңбек еткенін де атап көрсеткен дұрыс болар деп ойлаймыз.

Егер алғашқы бір-екі жыл көлемінде жарияланған мақалалар Жамбылды таныстыру, оның ақындық қуатына талдану, тамсану түрінде келсе, бертінірек бірте-бірте ұлы ақынның өмірі мен творчествосы туралы кең әрі, терең толғамды зерттеу еңбектер туа бастады. 1938 жылы Жамбыл ақынның 75 жылдығына арналған мерекеде маңыз, мәні салмақты, салиқалы баяндамалар жасалған еді. Солардың бірі М.Әуезовтің «Жамбыл және халық ақындары» атты баяндамасы болды. Қазақ әдебиетінің тарихы, ауыз әдебиеті, Абайдың өмірі мен творчествосы туралы терең толғамды зерттеу еңбектер жазып жүрген ғұлама ғалым, терең тегеурінді суреткердің Жамбыл творчествосына ықылас білдіріп, бет бұруы жамбылтанудың бастау-бұлақтарында ерекше құбылыс болғандығы сөзсіз.

Академик жазушымыздың қандай бір мәселені болмасын сөз еткенде, өзіне тән ерекшелік, маңыз-машығымен әрқашан да кеңінен қамтып, тереңнен толғайтыны белгілі. Сондықтан да М.Әуезовтің бұл баяндамасы ұлы ақынның творчестволық өмір жолы, ақындық ерекшелігі жайлы алғашқы ғылыми толғам болып қана қоймай, жамбылтанудың алдағы бағыт бетіне жол салып, жөн сілтерлік бағдарламасы болған еді.

Ғылым академиясы 1964 жылы шығарған «Қазақ әдебиеті тарихының» I том, 2-кітабында: «М.Әуезовтің бұл мақаласы

(«Жамбыл және халық ақындары» К.С.) бір Жамбыл ғана емес, барлық ақындарының творчесвосын, сол арқылы бүкіл совет фольклорын зерттеуге жол-жоба көрсеткен программалық мақала еді,» – деп арнайы атап көрсеткен.

Жоғарыда аталған баяндамасында М.Әуезов: «Әлемнің барлық халықтарында дүниежүзілік эпос пен фольклордың небір асыл мұраларын жасаған ақындар болғандығын», олардың әр халықтардың өз тілінде: аэдтар, рапсудтар, баяндар, барттар, ашугте, ғафиздер, бақшылар, жомақшылар, жырау, жыршылар, ақындар деп аталып, мәшһүр болғандығын атап көрсетеді. Ғұлама ғалым халық ақындарының өзіндік ерекшелік, өзгешелік, машықтарына жаңаша көзқарас тұрғысынан сипаттама, анықтама береді: «Өмірдің бар құбылыстарына құлақ түріп, хабардар болып, қадағалау ақындардың өткенмен де, бүгінгімен де жанды байланыс жасап отыруға баулиды. Халқына, айнала қоршаған ортасына не нәрсе мағлұм болса, ақын соны біліп, жадында сақтап отыруы тиіс. Ол-өз халқына, өз кезіне тән білімдердің тірі энциклопедиясы,»-деп, халық ақындарының ақындық өнерін сараптап, айқындап, өте жоғары бағалай келе, «және халық ақыны бар оқиғаға индивидуалдық жазба ақыннан гөрі әлдеқайда бұрынырақ назар аударып, үн қатады. Халық поэзиясы анағұрлым шапшаң да ширақ,» – деген тұжырымын айтады. Халық ақындарына тән екендігін нақтылай мысалдар арқылы дәлелдей отырып. оның өзіндік творчестволық бет бейнесінің өзгешелік, өрнектеріне тоқталады. М.Әуезов жалпы халық ақындарының, оның ішінде, оның қазақ әдебиетінің ұзын-ырға тарихында бір-біріне ұқсамайтын әр түрлі типтегі ақындардың ерекшеліктерін бөліп көрсетеді. Солардың ішінде Жамбылдың жыр шеңберінің ейлінше кең, тақырып таным, репертуар жағынан да мейлінше бай екендігін ескерте келіп: «Ол бір өзі- әрі эпик ақын, әрі айтыс ақыны, әрі азаматтық әуеннің де ақыны»,- деп түйіндейді.

СЕЙІТ ҚАСҚАБАСОВ,
ҚР ҰҒА-ның академигі,
филология ғылымдарының
докторы, профессор

ЖАМБЫЛТАНУДЫҢ КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақтың сөз өнері ежелгі заманнан бері үш түрде жасалып, ғұмыр кешіп, біздің дәуірге жетті. Олар – халықтың ауыз әдебиеті (фольклор), авторлық ауыз әдебиеті (ақын-жыраулар поэзиясы) және жазбаша әдебиет (көне түркі мәтіндерінен бастау алады). Осы үшеуінің соңғы екеуі бүгінгі шақта да дамып келеді. Қазіргі көпжанрлы әдебиетіміз бен бүгіндері өтіп жатқан айтыстарымыз бұрынғы дәстүрді жалғастырумен бірге жаңаша, соны сипатта көрініс беріп, өзіндік ерекшеліктерге ие болуда. Мұның себебі аз емес, солардың бірі жаңа жазбаша әдебиеттің негізін салған Абай мен авторлық ауыз әдебиетін биік деңгейге көтеріп, оған жаңа сипат дарытқан Жамбылдың шығармашылығы, олардың әдеби-көркемдік ұстанымы мен талап-талғамы. Осы екі ұлы сөз зергерінің ұлттық сана-сезіміміздің, руханиятымыздың дамуында тарихи рөл атқарғаны үшін қазақ халқы олардың есімін, мұрасын әрқашан ардақтап, ұлықтап келеді, дәріптей бермек. Сөзіміздің жарқын дәлелі ретінде Абайдың да, Жамбылдың да 150 жылдығы ЮНЕСКО мен ТМД көлемінде аталып өткенін, жыл сайын олардың туған күнінде өткізілетін алуан түрлі салтанатты жиналысты, шығармашылық, ғылыми шараларды еске алуға болады. Дей тұрғанмен, әдебиетіміздің екі алыбын толық зерттедік, танып-білдік деп айта алмаймыз. Кеңес өкіметі тұсында олар туралы аз жазылған жоқ, бірақ зерттеулер мен мақалалардың көбісі коммунистік идеология тұрғысында болғаны белгілі. Ал енді Тәуелсіздік тұсында бүкіл тарихымызды, рухани мұрамызды қайта қарап, ұлтымыздың мүддесі мен міндеті талаптарына сәйкес жаңаша зерделеп, бағалап жатқанымызда Абайдың да, Жамбылдың да мұрасына қазақ көзімен қарап, сөз өнеріміздің табиғатынан шығатын заңдылықтар негізінде зерттеу қажеттігі дау тудырмаса керек. Бүгінгі әңгімеміздің мақсаты – Жамбылдың шығармашылық мұрасы келешекте қалай насихатталып, зерттелуге тиіс, алда қандай істерді жүзеге асыру қажет деген ойларымызды ортаға салу.

Жәкеңнің шығармалары Кеңес өкіметі кезінде мындаған, миллиондаған тиражбен қазақ, орыс, тағы басқа тілдерде жарық көргені баршаға аян. 1930-50 жылдардың арасында ол кісінің өлеңдері бүкіл әлемге белгілі болды, ондаған Еуропа мен Азия халықтарының тілінде аударылып, жер шарына тарады. Ақиқатында, қазақ халқын дүние жүзіне алғаш танытқан адам – Жамбыл десек, артық айтқандық болмас. Солай бола тұрса да Жәкеңді әлі де лайықты дәрежеде, жаңаша тани да, көрсете де алмай жүрміз. Рас, профессор Сұлтанғали Садырбаев жинап, жариялаған екі томдықтарда, осы мақаланың авторы орысша жарыққа шығарған жинақтарда, сондай-ақ «Қазақ әдебиеті тарихының» 7-ші томында және жекелеген мақалаларда жыр алыбы туралы біршама жаңа көзқарас, соны ойлар бар. Алайда, бұл жеткіліксіз екені түсінікті, олармен шектеліп қалмасaq керек.

Жақында Жамбылдың туғанына 165 жыл толуына байланыста республика көлемінде салтанатты іс-шаралар өтті. Жәкеңнің өз ауылында дәстүрлі «Жамбыл күні» болды. Ұмытпасам, осы игі дәстүр 1997 жылы басталған еді, алғашқы жиынды сол жылдары Алматы облысының әкімі болған Серік Үмбетов ұйымдастырған болатын. (Нұрғиса Тілендиев ағамыз қатысқан-ды). Міне, биылғы жиында да абзал азамат Серік Үмбетов басынан аяғына дейін болып, Жәкең жайында өзі де толғана сөйледі және өзге сөйлегендердің де пікірін назар қоя тыңдады. Бұл басқосу жөнінде газеттерде тиісті ақпарат берілді, сол себепті мен өз тақырыбыма көшейін.

Әдетте, біз ұлы тұлғаларымыз хақында олардың мерейлі тойлары жақындаған да ғана ойланып, жеделдетіп қаулы қабылдап, іс-шараларды белгілеп, той күндерді жүзеге асыруға күш саламыз. Өкінішке қарай, ойлағандарымыздың көбісі асығыс істеліп, кейбірі орындалмай қалатыны бар. Кезінде Абайдың 150 жылдығына қатысты қаулының жобасын марқұм Өзбекәлі Жәнібековтің басшылығымен 1990 жылы, яғни бақандай 5 жыл бұрын дайындауға кіріскен едік, бірақ қаулының қабылдануы кештеу болды да жоспарланған кейбір шара жүзеге аспай қалды. Осындайды болдырмас үшін келешекте болатын үлкен айтулы дата – Жамбылдың (Абайдың да) 175 жылдығын қай жағынан болса да (әсіресе шығармашылық мұрасын насихаттау мен зерделеу, ұлықтау жағынан) жоғары дәрежеде өткізу мақсатында осы күннен бастап қажетті құжат қабылдап, тиісті іс-шараларды белгілеп,

ұйымдастыру жұмысына кіріскен жөн сияқты. Мұндай өте маңызды істе басты назар ғылыми-шығармашылық мәселелерге аударылғаны орынды болар еді. Бұл салада өте ауқымды әрі қиын да жауапты жұмыстар бар.

Ең бірінші кезекте қолға алатын шаруа – Жамбылдың өзі мен шығармашылығы туралы дүниелердің бәрін қамтыған «Библиографиялық көрсеткіш» жасау. 1950-ші жылдары жасалған көрсеткіш ескірді. Ендігі жаңа көрсеткіш – Жәкеңнің бізде, шетте шыққан өз шығармаларын, ақын жайында жазылған мақалаларды, зерттеулерді, өлеңдер мен поэмаларды, түсірілген фильмдерді, сахнаға қойылған спектакльдерді, салынған суреттерді, тағы басқа туындыларды түгел тізімдеген, сипаттаған еңбек болуға тиіс.

Екіншіден, аса жауапты әрі зор маңызды іс – «Жамбыл шығармаларының академиялық толық жинағын» құрастырып, жарыққа шығару. Осы уақытқа дейін мұндай басылым болған жоқ. Ең алғашқы толық деп саналған 1946 жылғы кітап өз мағынасындағы нағыз академиялық жинақ бола алмады және ол қазір іздеп таба алмайтын дүниеге айналды. Одан кейінгі басылымдар да толық емес, негізінен, таңдамалы сипатта болды. Бұлай болудың өзіндік себептері бар. Оның бастысы И.Сталиннің жеке басына табынушылық әшкереленген соң Жәкеңнің ол туралы және сол шақтағы партия, совет қайраткерлері жайында шығарған өлең-толғауларын цензура кітаптарға енгізбейтін. Тағы бір себеп – тәуелсіздік алғаннан кейін ақынның Кеңес кезіндегі компартияның саяси-идеологиялық үгіт-насихатының әсерінен туындаған шығармаларын жинаққа енгізіп, бүгінгі оқырманға ұсыну орынсыз деп түсіну. Әлбетте, қазіргі жағдайда бұл себептер ескі ұғымдардың сарқыншағы деп қабылдануға тиіс. Жеке мемлекет болып, билігіміз өз қолымызға тиген шақта, бұрынғыдай шеттен, немесе жоғарыдан түсетін саяси-идеологиялық нұсқаулардан, қыспақтардан, цензурадан құтылып, ой еркіндігі, сөз бостандығы, пікірлік плюрализм орнаған заманда ескіліктің тұтқынынан шығатын мезгіл жетті деп білеміз. Қазіргі уақытта әдебиет пен өнерді, көркем туындыларды талдап, бағалағанда Кеңес кезіндегідей тек саяси, әлеуметтік шартты ұстанбай, әр шығарманы көркемдік пен эстетикалық құндылығы жағынан зерделеу бірінші кезекте болуы керек. Бүгінгі жаңа талаптың бірі – «әдебиет пен өнер туындысы түсінікті болуы керек» — деген ғана принципті

қолданбай, «әдебиет пен өнер туындысын түсіне білу керек» деген ұстанымды басшылыққа алу. Олай болса, әдеби, тағы басқа мұрамызды да осы тұрғыдан қарастыру қажеттігі туып отыр. Ендігі бір талап – әрбір шығарманы оның қандай қоғамдық, саяси жағдайда дүниеге келгенін ескеру және сол дәуірінің талап-талғамына ұштастыра зерттеу керектігі. Үшінші талап – шығарманың авторы өзінен бұрынғы дәстүрді қалай жалғастырды, оған өзі не қосты деген шарт басты назарда болуы тиіс. Міне, Жәкеңнің академиялық толық жинағын құрастырғанда осы талаптар негізге алынса дұрыс болар еді, өйткені оның өлеңдері, толғаулары, дастандары бұл талаптарға толық сай келеді, ал мұның өзі ақын мұрасын жаңаша бағалап, зерделеуге тірек болады, оның тұлғасын жан-жақты етіп көрсетуге мүмкіндік береді.

Жамбыл – ақын, жырау, жырышы. Жамбыл – ойшыл, тарих куәгері азаттықты жырлаушы. Оның орасан ақындығы кез келген шығармасынан көрініп тұрады. Көркем сөздің хас шебері ретінде ол небір ғажайып теңеу, метафораларды қолданып, сөзді ойнатады, құбылтады, жаңа сөз оралымдарын жасап, бейнелі тіркестер тудырады, өзіне дейінгі ақын-жыраулар үлгісін пайдалана отырып, оны жаңарта дамытады, сөйтіп өзіндік сөз қолдану мәнерін қалыптастырады. Өзінің осындай шеберлігі мен мол талантын Жамбыл бұрынғы жырауларша мемлекет басшылығына тікелей қарата арнау айтып, елдік, бірлік, татулық, Отанды сүю, қорғау секілді өз кезінде өте актуальді болған мәселелерді көтеруге жұмсаған. Ертедегі жыраулар сияқты үлкен жиындарда, Жоғарғы Кеңес сессияларында, Ұлы Отан соғысы кезінде қиналған халыққа арнаған толғау-өлеңдері көркемдік сапасы мен эмоциялық күш-қуаты тұрғысынан бағалануға тиіс және Кеңес кезіндегі өмір мен саяси-әлеуметтік жағдайды да ескеру қажет.

Еске түсірейікші, бұрынғы біздің классик жырауларымыз ханға арнай сөйлемейтін бе еді, әмірші мен халық қиналған шақта, ел басына ауыр күн туғанда ақыл айтып, өткен-кеткенді шолып, келешекті барлай айтып, жұртты бірлікке, сабырлыққа шақырмаушы ма еді?! Әлгі Сыпыра жыраудың Токтамысқа, Асан Қайғының Жәнібекке, Шалкиіздің Би Темірге, Жиембеттің Есімге, Бұқардың Абылайға айтқандары – Жамбылдың Кеңес өкіметінің көсемдеріне айтқанынан бөлек емес қой! Жыраулар неге солай айтты? Айтқызған дәл сол шақтағы тарихи-қоғамдық жағдай. Жамбыл да өз уақытындағы қоғамы, қауымы талап еткен соң

айтты. Сол үшін оны кіналауға бола ма? Әрине, болмайды. Пәлі, жалғыз Жамбыл ғана Кеңес өкіметін мақтады ма? Ол заманда Кеңес өкіметін, оның көсемдерін мадақтамаған, дәріптемеген ақын-жазушы бүкіл Одақта болған жоқ деуге болады. Одақ қана емес, шет елдерде де Кеңеске, партия басшыларына арналған дүниелер туып жатты. Осының бәрі – шындық қой, тарих қой. Ендеше, неге біз шындықты көлегейлеп, тарихтан алып тастауымыз керек? Олай істейтін болсақ, біз компартияның сынаржақ саясатына қайта ұрынамыз. Бүкіл мәдени, әдеби мұрамызды «мынау жақсы, халіктікі», «мынау жаман, халыққа жат» деп, тарихымызға, ой-санамызға қиянат жасаған жоқпыз ба? Демек, мұндай сауатсыздықты, қателікті қайталауға хақымыз жоқ. Әдебиет пен өнер туындыларына, мейлі ол мұра болсын, мейлі бүгінгі шығарма болсын, ең алдымен руханият тұрғысынан қараған жөн, оларды көркемдік-эстетикалық жағынан түсіне біліп, бағалаған дұрыс. Ақынды, жазушыны «нені жазды» деп қана емес, «қалай жазды» деп танитын шарт алға шығуы керек. Осы аспектіден келгенде Жәкеңнің Кеңес өкіметі мен партия көсемдеріне және совет жауынгерлеріне арнаған өлеңдері мен толғаулары көркемдік, әсіресе эмоциялық қуаты жағынан ерекшеленіп тұрады, олар – нағыз жыраулық поэзияның үлгісі. Демек, оларды жақсы ғылыми түсініктермен академиялық жинаққа енгізу – тарихи әділдік болады деп ойлаймыз. Академиялық толық жинақ құрастырылса, ол өз кезегінде Жамбылтанудың аясын кеңейтіп, бұл салада басқа да қажетті істерге негіз болары анық. Айталық, ақынның ең үздік шығармаларын орыс және ағылшын тілдеріне жаңадан аудартып, жарыққа шығару.

Жамбылтанудың алдында тұрған тағы бір үлкен іс – «Жамбыл» энциклопедиясын жасау. Сөз жоқ, академиялық жинақ бұған үлкен негіз болады. Сонымен бірге энциклопедия жасау барысында Жәкең туындыларында баяндалатын тарихи оқиғалар, сөз болатын тұлғалар, жер-су атаулары туралы мол дерек жиналады. Демек, **Жамбыл және тарих**, **Жамбыл және қоғам**, **Жамбыл және өнер**, **Жамбыл және мәдениет** деген зерттеулер жүргізіледі, Жамбылтану жаңа белеске көтеріледі.

Академиялық толық жинақ – «Жамбыл тілінің сөздігін» жасау үшін бірден-бір дерек болмақ. Мұндай сөдік Жәкең тілінің ғана емес, қазақ тілінің екі ғасырда қалай дамып, өзгергенін де көрсетері күмәнсіз. Ақынның ХІХ және ХХ ғасырларда туған шығармаларын

салыстыра зерттеп, тіл тарихына қатысты тың байқаулар жасауға болады.

Міне, Жәкеңнің 165 жылдығына орай туған ойлардың негізгілері – осылар. Әрине, бұлар айтуға оңай. Бірақ «көз қорқақ, қол батыр» демей ме қазақ атам! Меніңше, Алматы облысы әкімдігі жанынан арнайы «Жамбылтану ғылым-зерттеу орталығын» құрып, 175 жылдыққа дейін осы істерді жүзеге асыруға қазірден бастап кіріскен жөн сияқты.

МЕКЕМТАС МЫРЗАХМЕТҰЛЫ

ЕЛЕУЛІ ЕҢБЕК

Республикамыздың баспа орындары халқымыздың қоғамдық ой-санасында айтарлықтай орны бар өнер мен ғылым саңлақтарына арналған әртүрлі мақсаттағы библиографиялық көрсеткіштер шығаруға соңғы жылдары жіті назар аудара бастауы — рухани тірлігіміздің елеулі құбылысына айналып отыр. Мұның айғақты дәлеліне қазақ совет әдебиетінің айтулы саласының бірі — жамбылтанудың пайда болу, даму жолындағы өзгерістерді тұтас қамти көрсетуге арналған Қазақ ССР-інің А. С. Пушкин атындағы мемлекеттік кітапханасы мен Жамбылдың республикалық әдеби-мемориалды музейі бірлесіп шығарған «Жамбыл Жабаев. Библиографиялық көрсеткіш» атты еңбекті («Қазақстан» баспасы 1986 ж). мысал ретінде атап өтсе болғандай. Өйткені ХХ ғасырдың Гомері атанған, әрі одақ халқы мен шетел тілдеріне көп аударылып, дүниежүзілік даңқ тұғырына нық көтерілген Жамбылдың ақындық өнердегі қайталанбас дара тұлға болуымен де ерекшеленеді емес пе?

Халықтың қайнаған ортасынан шығып даңқты ақындық жолды бастан кешкен Жамбылдың өмірі мен творчествосы жайында тұңғыш мақала деректердің басы 1936 жылдан басталып дәл бүгінге дейін үлкені бад, кішісі бар көп ұлтты совет елі мен шетелдің қалам қайраткерлері толассыз ат салысып келеді екен. Жамбыл мұрасын танып білу жолындағы бастаманың алғашқы адымы сан алуан деректерден басталып, келе-келе мақала зерттеулерден көлемді монографиялық еңбектерге шейін дамып өсуі біздің туған әдебиетіміздің рухани іштей түлеп жетілу жолын

да аңғартады.

Жамбыл туралы ғылыми библиографиялық тұңғыш көрсеткішпен танысып шыққан соң, құрастырушылар (Б. К. Нүсіпбекова, С. С. Қойшыманов, Л. М. Никитина, Н. А. Мұқанова) мен редакциясын басқарған жамбылтанудың жанашыр зерттеушісі С. Садырбаев бүгінгі күнде анықтама атаулыға қойылар ғылым талабына сай ізденіп, тер төге еңбектенгеніне сүйсіне түсесің. Өйткені, әдебиеттің қара жұмысы деп саналатын, бірақ онсыз шын мәніндегі іргелі зерттеулердің жүзеге асуы қиын көрсеткіш анықтама жасау оңай шаруа емес.

Аталмыш анықтамада ақын туралы деректер көзінің тақырыпқа жіктелу принципі де талапқа сай орналастырылған. Олар негізінен Жамбылдың өмірі, шығармалары, ақын өмірі мен творчествосы туралы тақырыптарға салаланып, олардың өзі ары қарай бірнеше тақырыпшаларға тарамдалып, авторлардың алфавиттік көрсеткішін берумен тұйықталады екен. Осылардың ішінде топтастырып, әсіресе Жамбылдың көркем өнердегі бейнесін өз алдына топтастырып, бес салаға бөле көрсетуі — жалпы алғанда дербес библиографиялық анықтамаларда алғаш рет ұшырасатын сонылықты танытады. Бұл анықтаманың ішкі құрылысының осы қалпы орысша бөлімінде де толық сақталып, екі тілдегі қамтылған деректер көзі тең түсіп отырады.

Жамбылдың өмірі мен творчествосын орыс тілі арқылы бүкіл одақ халқы мен шетел жұртшылығына танытуда П. Кузнецов, К. Алтайский, Д.Снегин, Р. Фетисов, А. Брагин, В. Копытин, К.Зелинскийлердің мол үлес қосып, ақынның халық поэзиясындағы қайта туып жасарған алып тұлғасын жан-жақты терең талдап насихаттай білген. Әсіресе, Жамбылдың ұлы мұрасы мен ақындық қуатының қайталанбас тума ерекшеліктері М. Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ә. Тәжібаев, Ғ Орманов, М. Қаратаев және басқа ғалымдардың зерттеулерінде білгірлікпен сараланып, ашылғандығы анықтамадағы деректерде айқын көрінісін тапқан.

Жамбыл туралы анықтамадағы бір ерекшелік — ақынның толық жинақтары мен таңдамалы басылымдарына енген шығармаларының тізімі толық қамтылып отыруы, әсіресе, оларды салыстыра қарағанда аралықтағы өзгерістердің себебі мен сырын білуге септігін де тигізеді екен. Бұған жинақтарға жазылған сын мақалалардың қосыла берілуі де үйлесімді болып шыққан. Немесе жарияланған деректер тақырыбы мазмұны жағынан айқын

ашылмаған тұста, оларға қосалқы түсінік ретінде қысқаша аннотациялар беріліп отыруы да тапқырлықты танытады.

Ұлы ақындардың әдеби мұрасы мен өнерпаздық жолын танып білуде, әсіресе, замандастары жазып қалдырған естеліктердің ғылыми мәні де ерекше нәрсе. Құрастырушылар Жамбыл туралы әр кезде жазылған естеліктерді де барынша тұтас қамтып, қазақ, орыс тіліндегі түпнұсқа қалпында беріп отырған. Бір қызығы, қазақ тілінде ақынмен тікелей араласқан кісілердің естелігінен гөрі орыс тілінде жазылған естеліктер сан жағынан басым жататыны аңғарылады.

Жуық арада баспасөзде жарияланған КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Елде жоғары және арнаулы орта білім беруді қайта құрудың Негізгі бағыттары» туралы жобасында қойылған жаңа талаптардың бірі — студенттердің қалауы бойынша оқытылатын факультативтік сабақтар мен арнаулы курс, семинарлар санын мольқтыруды алға қойып отыр. Осы талап тұрғысынан қарағанда Қазақстан жоғары оқу орындарында өтіле бастаған жамбылтанудың арнайы курстары мен арнайы семинар сабақтарына және де жамбылтану саласында ізденіп жүрген аспиранттар мен ғалымдарға, диплом, курс жұмыстарын жазатын студенттерге, кітапханаларға Жамбыл туралы бұл анықтама таптырмас көмекші құралға айналып, жәрдемші боларына дау жоқ. Жамбыл туралы бұл анықтама Қазақстандағы, қала берсе одақ көлеміндегі библиографиялық әдебиет мәдениетінің елеулі табысы екенін атай отырып, «көш жүре түзелер» деген ұғымға саяр кейбір талаптілектерді де ескерту керек.

Неге екені белгісіз құрастырушылар Жамбыл шығармаларының баспасөзде жариялану мерзімін көрсетуде хронологиялық принципті ұстана бермейді екен. Мысалға алар болсақ, «Жамбыл шығармаларының толық жинақтары» деп аталатын тақырыпта алдымен 1982 жылғы басылым аталады да, одан кейінгілері: 1957, 1955, 1946 ж. болып кете береді. Шындығына келсек, мұнда алдымен Жамбылдың тұңғыш рет 1946 жылы жүз жылдық мерекеге орай жарияланған толық жинағынан бастаудың жөні бар емес пе? Немесе «Жамбыл шығармаларының жинағының тандамалары мен жеке басылымдары» деп аталатын тақырыпта да осы олқылық, ретсіздік орын алыпты.

Одақ көлемінде Жамбылдың әдеби мұрасы бойынша қорғалған диссертациялық еңбектердің өз алдына жеке тақырыпта көрсетілуі

қажет-ақ еді.

Анықтамада авторлардың алфавиттік тізімі орынды көрсетілген, ал осыған сәйкес алынған деректердің қай газет, қай журнал, қай жинақтан алынғаны әрі олардың қай ел, қай қалада жарияланғаны қоса берілетіні бұрыннан бар дәстүр еді. Бірақ бұл анықтамада бұлардың берілмей қалу себебін түсінбедік.

Жамбыл өлендері одақ халықтары мен шетел тілдеріне ең көп аударылған әрі алғаш рет кең көлемде танылған қазақтың ұлы ақыны болуы себепті де, анықтаманың соңында аудармашылардың алфавиттік тізімі жеке беріліп, олардың қай тілге аударылғанын да қоса көрсетуді ойластыру қажет еді.

Ақындық өнер жолының феномен-фениксіне айналған Жамбыл мұрасы туралы бұл анықтаманың осы күнге дейін қолға алынбай, жарияланбай келуінің, кешігіп шығуының себебі қалай деген ойға да қаламыз... Сөз соңында айтарымыз: «ештен кеш жақсы» дегенге орай, елеулі еңбектің кешігіп болса да шыққаны үлкен олжа.

НҰРЛАН ОРАЗАЛИН

Сенатор, Қазақстан Жазушылар
Одағы Басқармасының Төрағасы,
Қазақстан Республикасы Мемлекттік
сыйлығының лауреаты

ҰЛЫ ЖАМБЫЛДЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ «ПРИМ МЕНІҢ – СҮЙІНБАЙ!» ЖАМБЫЛ

Ұлы тарихы үш мың жылдан асып жығылар ата жұртымыздың арғы-бергі дәуірлердегі ақтаңдақ кезеңдеріне тіл бітіп, «өшкеніміз жанып, өлгеніміз тіріліп» жатқан Тәуелсіздік дәуірі елдігіміз бен ерлігіміздің қаншама қазыналы кезеңдерін қайыра тұғырына қондырды. Көп заманалар бедерінде батыс пен шығыс елдерінің жабулы мұражайлары мен тас қараңғы қоймаларында тұншығып, хатқа түсіп, қатталып, ондаған ғасырлар бойына шаң басқан ескі сөрелерде іздеушісін сарыла күтіп, сарғайып жатқан тарихи жәдігерлеріміз жадымызды жаңғыртып, Ұлы Далаға қайта орала

бастады.

Жыртығымыз бүтінделіп, үзілгеніміз қайта жалғанды.

Шүкір!

Өткенге деген құрмет пен ата тарихымызға деген ықылас ойымыз бен бойымызды билеп тұрған осындай бір ерекше кезеңде қарт Алатаудың бөктерінде, алаштың ұлы шаһары Алматының төрінде қазақтың «от ауыз, орақ тілді» ұлы ақыны – Сүйінбай Аронұлының 200 жылдық мерейтойының өтіп жатуы көкірегімізге қанат бітіріп, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ұлтқа межелі мақсат етіп ұсынған Мәңгілік Ел кейпінде саналарда дүр сілкініп оянған ұлттық рухымызды асқақтата түскендей, аспандата түскендей күй кешу үстіндеміз.

Иә.

Рух киелі ұғым!

Халқымыздың жадында ғажайып жыр сүлейі, ақтаңгер ақын болып бекіген Сүйінбай Аронұлы – өзінің өлмес өлең-толғауларымен, сұңғыла айтыскерлігімен ұлттық жырымызды биікке көтерген, бітімі бөлек, жаратылысы жойқын, тұғыры теңселмес ұлыларымыздың бірі, бірегейі.

«Қазақ, қазақ болғалы,

Қазақ атқа қонғалы,

Не көрмеді бұл елім?! – деп тамырын тұу тереңнен тартар алуан сипатты заманалар жауабын жырдан іздеген ақын болмысына бойласақ, уақыт көшін өз ырқына көндіруге, қара орман қазақты өз айтқанына сендіруге ұмтылған ойы да, сөзі де, өзі де алып, асыл-текті күрескер жанның сом тұлғасын, қайталанбас қалыбын елестетеріміз анық.

«Еңку-еңку жер шалып, тебінгісін терге шірітіп, терлігін майға ерітіп», Еділдің ен тоғайына ел қондыру үшін алысқан өр мінезді Махаббеттің рухтас-замандасы, «бөрілі байрақ көтерсе, қозып кетер қайдағым» деп сілкінген Алатау ақиығының мына бір сом алтындай салмақты жырына құлақ түріп көріңіз.

«Хан едім деп мастанып,

Бұқараңа қас қылдың.

Жарлының ұрлап жалғызын,

Шығармай қырға аш қылдың...

Хан емессің, қиықсың,

Қалың елді айдап жеп,

Теріңе зорға сиыпсың.

***Ұры-қары зұлымның
Бәрін өзің жиыпсың...»***

деп хан тұқымына тап берген теңбінгілі, текті ақынның бас бермес асаудай жұлқынған мінезді жырының төркінінде қаншама өмір, дәуір ақиқаты жатыр десеңізші?! Бұл – ауыл арасындағы арзанөкпе араздық емес, ар жағында үлкен әлеуметтік салдарлар жасырынған айтпасқа болмас ащы шындықтың бейнелі көрінісі.

***«Жел көтерген қырандай,
Жүйрігі болдым керменің.
Тастан тауым қайтпастан,
Бұлтқа қолды сермедім.
Айтысатын жерлерде
Сыбағамды бермедім.
Сөзім сұлу болған соң,
Білінді елге зергерім...»*** —

деген қуаты мықты, тынысы терең өрімі берік, көркем өрілген бейнелі жырды қалай жайбарақат оқуға болады? Кешегі көпғасырлық жыраулық мектеп пен жазба әдебиетінің арасына із салған алғашқы алтын сүрлеудей елестейтін осы бір дәуірді дәуірге жалғап тұрған қабырғалы қазақ өлеңінің тосын үлгісіне сүйсінесіз.

Осы тұста «жиырмасыншы ғасырдың Гомері» атанған жыр алыбы Жамбылдың: «Мен Сүйінбайдың қасында көп жүрдім. Мұндай жүйрік тілді, терең ойлы ақынды ешқашан көрген емеспін. Ол өлең айтса, көкірегі күмбірлеп, аузынан будақ-будақ сиқырлы, сұлу сөздер естілетін; егер айтыса қалса, нұрланып, жер мен аспанның арасын қара сөзге толтырып жіберетін еді, жарықтық!» деп дарабоз жырдың иесіне берген зор бағасы еріксіз еске түседі. Бұл, айналып келгенде, мың жылда бір келер қазақ жырының бағы басына молынан қонған ұлы шәкірттің ұлы ұстазына көрсеткен ықылас-құрметі ғана емес, бұл бір ұлы ақынның екінші бір ұлы ақынды танып мойындауы, қара қылды қақ жара отырып, бағасын әділ беруі екені шүбәсіз.

Біз – Сүйекендер мен Жәкеңдерді артына аманат етіп қалдырған жырлары мен толғаулары, айтыс үлгісіндегі ғажайып інжу-маржандары арқылы танып жүріп жетілген, жиырмасыншы ғасыр тұсауын кескен жазба әдебиетінің өкілдеріміз. Құнары қалың, тамыры мықты ауыз әдебиетінің ұлтқа ықпал етер пәрмен-қуатын бала күннен ойымызға тоқып өстік. Ондаған ғасырлар солай болды. Сандаған ұрпақтың санасы солай қалыптасып, танымы мен

талғамы да бай ауыз әдебиеттінің тұма, бастауларынан сусындап жүріп жетілді. Біздің буын – Абай, Махамбет, Жамбылды жаттап өскендер!.. Заманалар мен ғасырлар бойы қазақ қоғамының қалабын бұзбай, әдібін сетінетпей дамуына айырықша ықпал етіп келген жыраулық мектеп пен айтыскерлік өнердің орны халқымыз үшін ерекше болды... Сөзді құлағымен де, жүрегімен де, ақыл-парасатымен де тыңдай білген жырқұмар жұрт ақыны мен жырауын, шешені мен биін батыры мен ханынан, көсемі мен датқасынан артық көрмесе, кем көрген емес. Әрі-беріден соң ат жалы, түйе қомында жүріп, «қара қазан, сары баланың» қамы үшін бастарын тауға да, тасқа да ұрған, «жан алысып, жан беріскен» замандарда ел үшін неден болсада аянбаған баһадүрлер мен батыр оғыландардың дені алмастай өткір сөз бен жалаң қылышты қатар ұстап, дауға түскені, жауға шапқаны тарихтан белгілі. Ондай мысалдардың үлгісін арғы тарихтан да, бергі тарихтан да көп келтіруге болады.

Сүйінбай ақын – өмірі ат жалында өткен ереуілді заманның хас батырларын көзімен көріп қана қоймай, өзі де сол батыр туған бағлан ұлдардың бірі ретінде Қоқан шапқыншыларына қарсы шығып, жанын шүшірекке түйіп жүріп айқасқан жолбарыс жүректілердің бірі. Сүйінбай сөзінің рухты келетіні де сондықтан. Ол – ел арқасын аяздай қарыған езгі мен қорлыққа, зорлық пен зомбылыққа қарсы тұруға қара жұртын жалынды жырларымен үндей білген, елін ерлік жолына бастай білген ақын. Тіпті қайсы бірі деректерде ақын бес қаруын сайлап, атқа қонып, Сұраншы, Саурықтармен қатар жүріп, әлденеше жорықтарға қатынасқан деп те айтады. «Қарасай батыр», «Өтеген батыр», «Сұраныш батыр», «Жабай батыр», «Қараша – Қараш ұлы екен» дейтін толғаулардың соншама нанымды, әсерлі болып өрілуі де өзі қатысқан, көзімен көрген сол қанқырғын жорықтардың әсері, ықпалы болуы әбден мүмкін.

Кез-келген тарихи тұлға биігіне көтерілген ақынның батырдың, көсемнің, шешеннің ұлт санасында орын тепкен өз бейнесі болады. Ол бейнені жасаушы – халық. Халық жадында Сүйінбай ақын ұлт рухын асқақтатар мінезді жырларымен сақталған. Ақын «толғауы тоқсан қызыл тілдің» құдыретін мейлінше молынан пайдаланады. Соның нәтижесінде ақынның сөзі асқақ естіліп, рухы биіктен көрінеді! Ол дауды – сөз, жауды батыр алатынын біледі. Бұл –оның өміріне серік, өнеріне көрік берген

ұстанымы!

*«Хандарың отыр қысылып,
«Көппін» деп маған айтпай-ақ
Баймын десең жетпей ме?!
Асқаралы тау мен едім,
Адырмақ тау сен едің.
Тартылған бұлақ сен едің.
Айдын шалқар көл мен едім!
Меніменен айтысып,
Қатаған, сенің қадамың
Әуел бастан оңған жоқ,
Алдаспаңға жолықтың,
Түбіңе жетпей тынбаймын!»*

деп ақиық қырандай құйылып келіп, даланың жел ілеспес сәйгүлігіндей құйын-перен көсіліп, құйғыта шабуында осы мәнер, осы ұстаным жатқанын аңғарамыз. Сүйінбай – Жырдың қуаты алпыс екі тамырыңызды кезіп, ішіңізде әлдекім сарыала тілін салқытып тандыр өртеп жатқандай күйге бөлейді. Сондықтан да:

*«Сөз бастаған бұлбұлмын,
Топ бастаған дүлділмін!
Судан шыққан сүйрікпін,
Бәйгеден озған жүйрікпін!
Шығарма енді үніңді.
Есіңе сақта құлаған,
Қанатың сынған күніңді.
Қырғыз, қазақ жиылып,
Жалпылдатпа мұныңды!» —*

деген атақты Қатағанмен болған айтыстың ең шешуші сәтіндегі бейнелі сөз бен бедерлі ойға оқырман назарының еріксіз ауарына еш күмән жоқ...

Жалпы тұлға сипатын анықтар осы бір көркем сөз, кемел ой, терең білім дейтін ұғымдардың Сүйінбай жаратылысын тануда, даралауда айырықша роль ойнайтынын байқау қиын емес. Бұл орайда, ақын әруақ, ел, рух секілді тарих қалыптастырған сана кеңістігін, уақыт кеңістігін, осы бағыттағы өзге де өрісі кең, бай атрибуттарды өз шығармашылығында шебер әрі орынды пайдаланады. Орнымен қолданылған тарихи ұғымдар құлпырып, қунақ тартып, ақын сөзі демде арқаланып шыға келеді. Оқырманын ойлантады, тыңдаушысын ұйытады.

Осы орайда, тіл ұшына бірінші оралар кесек жаратылған, кесекті туынды «Бөрілі менің байрағым» жыры екенін баса айтқымыз келеді. Көпғасырлық қазақ өлеңіне олжа салған аталмыш толғау, өзінің рухы жағынан да, көркемдік сипаты жағынан да қазақ поэзиясының төрінен орын алар, әр жолынан арғы-бергі заманалар рухы мен дәуір ақиқаты «мен мұңдалап» тұрған, шашасына шаң жұқпас шеберлік пен көркемдіктің ғажайып үлгісі екені даусыз. Өленді толық оқып көрелік..

*«Бөрілі байрақ астында –
Бөгеліп көрген жан емен!
Бөрідей жортып кеткенде,
Бөлініп қалған жан емен!
Бөрілі найза ұстаса,
Түйремей кеткен жан емен!
Бөрілі байрақ құласа,
Күйремей кеткен жан емен!
Жау тисе жапан далада,
Бөрілі найза – атамыз,
Қарасайлап шабамыз,
Қызыл қанға батамыз.
Бөрілі байрақ астында
Ту түсіріп, жау алған
Қазыбек, Қастек атамыз.
Бөрілі байрақ көтерсе,
Жоқты жонын табамыз.
Бөрілі байрақ астында:
Ту түсіріп, жау алған
Шапырашты батыр бабамыз.
Бөрі басы – ұраным,
Бөрілі менің байрағым.
Бөрілі байрақ көтерсе,
Қозып кетер қайдағым!..»*

Айтулы жыр бастауында көпғасырлық тарихы бар дауылы мен жауыны, ерлігі мен өрлігі, қасіреті мен қасиеті қатар тұрған Ұлы Даланың онтоғызыншы ғасырға аман жеткен жаңғырығы, тасқа таңбаланып түскен дәуірлеріміз бен нар заман, зар заман ақындарының жалғасты үні секілді.

Бас-аяғы жиырма төрт жолдан тұратын осынау толғау төркінінде жалғыз Шапырашты руының рухы мен ұраны ғана

жатыр ма? Иә, десек, шығарма рухы мен ұстынын әлсіретіп, жыр аясын тарылтып, жиырма төрт жолдың алтын өзегі мен арқауына айналып, алыс дәуірлер қойнауынан қол бұлғаған жиырма төрт ғасырдың үнін естімегеніміз болар еді... Жалқыны айта отырып, жалпыны жырлау, атасының атын ұранға қоса отырып, алаштың намысын қайрау, ұлы бабалар рухын шақыра отырып, Ұлы Даланың арғы-бергі құдыретті кезеңдерін қозғау – қазақ байтағының төрт қиырын жайлаған кез-келген шынайы сөз зергерінің қашаннан қалыптасқан бұлжымас серті, өлең өріп, ой толғаудағы мұқалмас семсері, тіліп түсер алдаспаны екені ежелден белгілі...

Бұл арада бізді таңқалтып отырған жағдай – Сүйінбай ақынның сүйегіне сіңіп, қанына жайылған бабалар рухының тым тереңнен бастау алып жатқаны. Біздің дәуірімізге дейінгі ғасырлар қойнауынан жеткен сақ, хун, үйсін кезеңінен баталатын көк бөрі хақындағы аңыз-әфсана жайлы ертерек кезде қытай бумаларындағы ироглифтерге тұңғыш «тіл бітірген» Бичурин жазбаларынан оқып, Ғабит Мүсірепов, Әлкей Марғұлан сынды алыптарымыздың айтқандарынан естіп едік. Оған келе-келе Гумилев зерттеулері мен Нығмет Мыңжани еңбектері қосылды. «Бөрі басты ұран» мен «бөрілі байрақтағы» бөрі таңбалы тотем ана дәуірдегі Хундар мен Үйсіндерден, жаңа дәуір басындағы Батыс пен Шығысты көсіле жайлап, Алтай мен Балқан арасын ұстаған көшпелі алып мемлекеттің иесі – көк түріктердің киесіне айналғаны тұрлаулы тарихтың жадында.

Арада қаншама заманалардың жойқын дауылы өтіп, уақыт сүрені жан мен жадыны тегістемеді дейсіз?! Бірақ тек дейтін, қан дейтін киелі қос ұғым атадан балаға, баладан балаға жалғасқан өскелең ұрпақтың бірінің, болмаса екіншісінің не ойына, не бойына қанат бітірері, өлмей, өшпей аман сақталары хақтың ісі екеніне көзіміз жете түсті. Ондаған ұрпақ санасында қалғып-оянып жалғасқан әлгі бабалар мен даналардың бөрі басты тарихи коды Анадолы түріктері мен Қазақтың шапырашты тайпасының байрағында, найзасының ұшында сақталып қалғаны Көктүріктер дәуірі мен кейінгі ғасырлар арасын жалғап тұрған қанатты көпір секілді елестейді. Бұл туралы академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан жан-жақты таратып, ғылыми түрде жүйелеп айтқан.

*Дауыл шайқап көк теңіз, тұнық қырды,
Замана көш бәрінде ұмыттырды...*

*Ақ алмастың жатпасын түбі қында,
жебедейін тартылған жыр ұқтырды» -*

деп кезінде Сүйекеннің осы бір құдыретті толғауын оқығанда жазылған бір шумақ өлеңім бүгін жады төрінде жаңғырып отыр. Осыдан көп жылдар бұрын жазылған сол жыр аяқталмай қалып еді. Аяқтауды парыз санап жүргенім де... Міне... Сүйекемнің ұлы тойында баяндама жасау бақыты менің пешенеме бұйырыпты...

Әрине...

Қытай жылнамаларына кірген Ана бөрі хақындағы аңыз әңгіме мен Елсау бидің Үйсін елін шашылған жерінен қайта жиып, құрап, қуатты мемлекет еткендігі хақындағы ұзақ – сонар әңгімені онтоғызыншы ғасырда өмір сүрген Сүйінбай бабамыз білді ме, білмеді ме, кесіп айту қиын. Бірақ ұлы жыраудың, ақиық алаш ақынының жүрегі, ойы, білімі, зердесі ұлт санасын сілкіп өтер өткеннің жанды нүктесін дәл тапқаны шүбәсіз. Осы жиырма төрт жолдан тұратын жалғыз толғауға ақын қиялы мен танымы бірімен-бірі тұтаса байланысқан әлденеше дәуірдің аламанын сыйғызып жіберген. Қас-қағым сәт ішінде бүгінгінің зейінді ұрпағы тулаған тарих толқынына сүнгіп шыққандай болады...

Шыншыл жырдың, қуатты, көркем жырдың көзге көрінбес күш-құдыреті дегеніміз осы!

Сүйінбай – көшпелі өркениеттің өрісі тарылып, ұлттың жал-құйрығы күзелген, ел тағдыры жарқабаққа тірелген онтоғызыншы ғасырдың бел құрдасы. Бір сөзбен айтқанда, ақын күрделі ғасырда, қиянаты мен қияметі мол ғасырда өмір сүрді.

Батыс пен Шығыстың айласы мол әккі саясатының қайшысына түсіп, Атажұрт үшін бір жарым ғасырға созылған қан қырғын азаттық соғысының ақыры екі көшпелі мемлекеттің (Қазақ хандығы мен Жоңғар хандығының) бірі жойылып, бірі майдан даласынан орыс жұртының боданы болып сүйретіліп шыққаны тарихтан белгілі. Дегенмен... Ұлы Даланың қомақты бөлігі – Жетісу есімді жәннәт аймағы және Оңтүстік пен Сырдың бай жерлері Қоқан езгісінде қалып, Орыс пен Цин империяларының нықтаса, тіресіп тоқтаған тұсы да осы Еренқабырғамен шектесер бес Алатау аймағы болғаны ақиқат. Қазақтың саяси дербестігін сақтап қалу үшін жүргізген Кенесарының жиырма жылдық азаттық күресі қалай қанға бөккені тарихтан мәлім. Кіші жүздегі Жанқожа батырдың көтерілісі мен Бөкей ордасындағы Исатай – Махамбеттің күресі жеңіліс тапқан кезеңде – 1846 жылы Қоқан езгісінен

сансырағын қазақ жұртының Ұлы Жүзге қараған үлкен бөлігі осы күнгі Лепсі жерінде – Шұбарағаш Ойжайлаудың төрінде Ресей құрамына ену туралы шартқа қол қойды.

Сол тарихи шартқа қол қоюға Ресей тарапынан генерал Вишневскийдің әскери экспедициясының мүшелерімен қатар, ара ағайын ретінде Абайдың әкесі Құнанбай, көкжал Барак, Жанақ ақынның, т.т. адамдардың болғаны, Ұлы жүз тарапынан Абылай ұлы Әділ төре бастаған албан, суан, дулат, жалайыр, шапырашты руларының басшылары қатысқандағы жайлы поляк офицері Янушкевтің жазбалары мен тарихшы, профессор Бекмахановтың еңбектерінде тиянақты баяндалады. Сүйінбайдың бұл шараға қатысқандығы туралы дерек жоқ.

Бірақ...

Замана ағысын жан-жүрегімен сезінген ақынның қырғыз-қазақ арасында шиеленіске кімдердің май құйып, нендей мақсат үшін Кенесары басының жадыға түскенін аңғарғаны кейін қырғыз ақыны Қатағанмен болған атақты айтысында анық көрініс тапқан. «Бөліп ал да билей берге» әбден дәнiккен орыс отаршыларының қазақтың соңғы ханын өз қолдарымен өлтірмей, қырғыз манаптарының қолымен көзін жойғызуында үлкен есеп бар еді... Қырғыз жерінде болған бір үлкен Астың үстінде ақ қалпақты ағайындардың жағымен жел үйіріп, дауыл тұрғызар үлкен ақыны Қатаған өз сөзін ежелден белгілі сөз бастаудың эзілі мен оспағын, қыжыртпа қалжыңын араластыра айтып, ағайын жұртпен амандасқан Сүйінбайға бірден тарпа бас салады. Неде болса, қазақтың сөзге шебер, қарсыласын алып та, шалып та жығар ерен жүйрігін салған жерден сындырып алу үшін «Кенесары төренің басын кесіп алғанмын, сен кегіңді алғанша ішінде кетер арманың...» деп мықтымсып, андыздай шабады... Сүйінбайды сөз-сүңгімен түйіп әрі өтеді, түйіп бері өтеді. Қазақтар жағы шынында да әуелгі де сағы сынып қалады. Араға аз-кем үнсіздік салып, Сүйінбай атқа қонады. Қатаған ақынның отына қарсы от ала жүгірмей, әріден толғап, «төскейде малы, төсекте басы қосылған» екі ел арасын шабындыға жібермей, сабыр дейтін биіктен көрінуге шақырады.

*«Әуеліде ер Дәуіт,
Ұстаған екен көрікті.
Затсыз туған Қатаған
Мұнша неге желікті?!
Жетпіс екі кісімен*

*Шейіт болған Құсайын,
Өлімге солар көніпті.
Шейт болған адамды
Тәңірім артық көріпті.
Он сегіз мың ғаламды
Кезіп жүріп қыдырған
Әзірет Әлі де
Есігіндегі құлынан...
Олар да шейіт болыпты.
Өз мойныға, Қатаған,
Бұл сөзімнің жазасы.
Шек келтірдің өлімге,
Ол құдайдың қазасы.
Қанішерді мақтайсың
Халыққа жоқ мазасы...» –*

деп отырып, айтыс дейтін жанып тұрған қып-қызыл өрт сынды өнердің өрісін кеңейтіп, бірте-бірте биікке асқақтай көтеріледі. Осы бір екі ел арасындағы дау-жанжалға апаруы мүмкін «нәзік» тақырыптан сұңғылалық мінез көрсетіп, шебер өтеді. Ақынның жаратылысындағы кең қалып, кенен білімдарлық Қатағанмен болған айтысты аталмыш өнердің теңдессіз биігіне көтереді. Екі елдің екі дүлділі алмакезек айқасып, шынайы көркем жырдың ғажайып үлгісін, жазба әдебиеттің тілімен айтқанда, импровизациялық суырып салма жыр айтысының «шедеврасын» тудырады. Әлденеше нұсқада қазақ пен қырғыз арасына кең тараған осынау ғажайып айтысты оқып отырып, көз алдыңызға өткен ғасырлардың қайталанбас суреттері келеді. Екі нықтарын жұлып жеп, домбыра мен қомызғы жабысқан екі ақынның құйын-перен ағысы, дүлей шабысы елестейді. Құдды аренаға шыққан Рим гладиаторларының алапат айқасы секілді! Сөздің айқасы! Ойдың айқасы! Білім мен парасаттың айқасы! Көпғасырлар бойы қалыптасқан қуатты жырдың құдыретін танытар алғырлық пен тапқырлықтың айқасы! Айтыс соңы әсіре мақтау мен артық даттаудың салдарынан сүрінген Қатағанға қалың қырғыз тоқтау айтып, жеңістің туын Сүйінбайға ұстатады...

Міне, ел жадында бір жарым ғасыр уақыт бойы сақталып келе жатқан аталмыш айтыс үлгісі көнеден бізге жеткен түркілік тұмса өнердің тұғырлы биігіне осылай көтерілді. Жеңген Сүйінбай да, жеңілген Қатаған да өлмес өнердің кеңістігіне шықты!

Сүйінбай Аронұлының айтыскерлігі де, жыраулығы да, төгіп-төгіп жыр саулатар қайталанбас ақындық ерен жүйріктігі де оны өз дәуірінің биігінен тұрып сөйлеуге дағдыландырған. Ол өзіне Алланың берген ұлы сиы – ақындықты еш жерде, еш ортада, байлықтың да, биліктіңді де алдында аласартпай, өлең-сөздің нығын бермей өткен.

Сүйінбай – құдыреті жырдың иесі, әруақты ақын!

Ол қай жырында да, қандай айтысында да арғы-бергіні тереңнен суырып тартар сұңғылалығымен дараланып, өлең-жырдың архитектурасын құбылтып отырады. Бірде қара өлең, енді бірде ұйқасы шымыр төгілмелі ақ өлең үлгісінде келетін түйдек-түйдек екпінді жырды қарша боратады, қара нәсердей толассыз саулатады. Ақын әруақ шақырғанда уақыт дейтін ұлы кеңістікті көктей өгіп, арғы-бергі, алыс-жақын дәуірлерді өз толғауларында шебер пайдаланады.

Соның бір үлгісі – «Қараша – Қараш ұлы екен» дейтін атақты жыр-толғауы.

Оқып көрелік.

*«Қараша – Қараш ұлы екен,
Есітер кебің бұл екен.
Жаудың сан қолы келгенде
Қараштан тұрып айқайлап,
Қордайға шейін қашырған
Жасылды көлден қуалап,
Үшқоңырдан асырған
Маңдайына бақ берген
Талмайтұғын жақ берген
Үш жүздің баласымен сілкілесіп,
Абылай ұлы Әділді
Ұлы жүзге ап келген...
Қараша – шешен кісі екен,
Шешендігіне қарасаң
Дұшпаңға сөзді бермеген,
Кеудесін кеңес кернеген,
Жауға қылыш сермеген,
Қылышын тасқа білеген,
Жақын жерге қарамай,
Алыстан тоят тілеген...» –*

деп төгіліп, жолында тас қалдырмайтын таудың тасыған ағынды суындай жөңкілген жампоз жырды оқып отырып, тарих қойнауын бір сүзіп өткендей күй кешеріңіз анық. Жырдың бас кейіпкері Қараша – Әділ төренің замандасы, бертінде өмір сүрген, Жетісуға аты мәлім атақты шешен кісі, көсем тұлға. Ал Қараш кім? «Қараштан тұрып айқайлап», деген жолдағы Үйсін бірлестігінің орта ғасырда жол бастар көсемі, жөн сілтер шешені болған, Қытай шеріктерімен жағаласып жүріп, Көк түріктерден қалған жаугерлік заманның ұлы мұрасы – күрескерік рухты көтеріп өткен Бәйдібектің әкесі Қараш болар деп топшылауға негіз бар. Өйткені Қараш батыр атымен Тәңіртау қойнауында сақталған біз білетін екі атаудың бары белгілі. Бірі – Асы жайлауына барар жолдағы Қараш-Қараштың (Үш Қараштың) асуы, екіншісі – Қарқара төріндегі Қараш сазы.

Сүйінбай жырындағы Қараш осы Баба – Қараш болуы мүмкін.

Иә...

Халқымыздың арғы-бергі тарихында замана мінезіне көнбей, өз ойын өлеңнің ыстық өртімен өрген жолбарыс мінезді, арыстанойлы, тұлғалы жырдың тұғырлы жүйріктері аз өтпеген. Арғысын айтпағанда соңғы бес ғасырдан асып жығылар уақыттың ішінде «сөзге тоқтаған» құйма құлақ жұрттың көзін жұмғызып, ауызын аштырған, ерге қондырып, жауын састырған өрен сөздің ерен шабысты сәйгүліктері тарихымызда жетіп артылады. *«Мен жыраумын, жыраумын, шөп басында қыраумын. Хан қасында төремін, ханға кеңес беремін. Би қасында биікпін, ел ішінде иықпын»* деген Сыпыра мен *«ел жағалай қонбаса, бетегелі бел гәріп, қаз-үйрегі болмаса, айдын шалқар көл гәріп; мұритін тауып алмаса, азғын болса, пір гәріп, ата жұрты бұқара өз қолында болмаса, қанша жақсы болса да, қайратты туған ер гәріп...»* деп өткен Асан Қайғының; *«Бетегелі Сарыарқаның бойында соғысып өлген өкінбес!»* — деп аңыраған Доспанбет пен *«бұлт болған айды ашқан, мұнар болған күнді ашқан»* қайран Қазтуғанның; *«бауды жетпей бөрі алмас, бидайықтан алғыр құс болмас, бұйырмаса, екеуі түгіл, бірді алмас»* деп төгілген Шалкиіз бен *«жауға шаптым ту байлап, шепті бұздым айғайлап, дұшпаннан көрген қорлықтан жалынды жүрек қан қайнап, ел-жұртты қорғайлап, өлімге жүрміз бас байлап»* деп бар өмірі ат үстінде өткен Ақтанберділердің жалғастарының жалғасы болған Сүйінбай Аронұлы ел өрісін өлеңмен кеңейткен, екі тумас, шашасына шаң қондырмас, Әуезов

сөзімен айтқанда, «айтыс өнерінің алтын діңгегі», қазақ жырының тұғыры биік тұлғасы!

Сүйінбай – тамырында қазақ дейтін қайыпберен мінезді ұлы жұрттың қаны мен жыры қатар ойнаған, заман тудырған ұлы тұлға. Оның алмастай асыл, жасындай өткір жырлары туған халқының жүрегін мәңгілікке мекен етері хақ!

ЖАБАЛ ЕРҒАЛИЕВ,

жазушы-драматург,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,

Қазақстан Республикасы Парламенті

Сенатының депутаты

ҚҰРАНМЕН БІРГЕ САҚТАЛҒАН БІР КІТАП

Көңілді мұң басар сәттер әлі де аз емес. Сол сәтте әлде бір ауыр ойлардың жан дүниемді сары аяз болып қаритыны да бар. Болған да толған дүниенің солғаны мен төгілгенін де бір басынан өткізіп, замананың ащы запыранын татқан киелі бір шаңырақтың босағасына ие болып, атадан қалған жалқы тұяқты мен үшін өмірдің тереңнен тартар сыры да жетерлік әлі.

Кешегі кеңестік кезеңдегі кәмпескеден қашып, «Себкрайға», яғни Сібірге бір түнде өтіп кетіп, жан сауғалаған да, одан кейінгі «халық жауы» ретінде түрменің азабын тартқан да, одан кейінгі Ұлы Отан соғысында төрт бірдей арысынан хабар ошарсыз айырылған да, иә... одан кейін біздің шаңырақта енді соттатып, енді айдататын еркек кіндікті қалмаған соң менің сорлы анама да «он келі қара бидай ұрлады» деген көрсетінді жаламен он жылды кесіп те берген кезеңдердің салқыны ұрады жанымды.

Міне, тарихтың осындай бір қилы-қилы кезеңдерінің қиямет қайшысымен біздің әулеттің де тағдырының қиылып түскен кездері аз болған жоқ. Сондағы бар тағылған айып–қажы-молланың ұрпағы болғандығымыз еді. Менің өз атам Жұмжұма молланың туған ағасы Бабаназар қажы кезінде Наурызбай Таласұлы, кәдімгі Науан Хазіретпен бірге мұсылман діні үшін күрескендердің бірі екендігін тарих жоққа шығармайды. Әсіресе, Көкшетау өңірінің

мұсылмандарын шоқындыру басталып, Көкшетау дуанындағы мұсылман мешітіндегі медресені жауып, діни рәсімдерге тыйым салынған тұста Көкшетау өңірінің сол кездегі бас көтерген дін басылары мен зиялыларының арасында Бабаназар қажы Жаңабатырұлы да жүрген еді. Патшаның жарлығымен Науан Хазірет жарықтық Сібірге жер аударылған қиын-қыстау кезеңдерде ақ патшаға дейін барып арызданып, одан кейін «итжеккенге» айдалып кеткен Наурызбай Таласұлының соңынан іздеп барып алып келген де Жанбатыр Бабаназарұлы мен Бабаназар Жаңабатырұлы сияқты сөзге шешен, от ауызды, орақ тілді осы бір ділмар қажылар болатын. Бұл жайында белгілі жазушы Сарбас Ақтаев «Науан Хазірет» атты көлемді еңбегінде дәлелді жазып көрсеткен-ді.

Және де 1903 жылдың 9 қарашасы күні Дала Генерал-губернаторының кеңсесіне түсіп, тіркелген мына бір анықтама Омбы мемлекеттік архивінен табылып отыр. Бұл анықтама, тарихи құжат менің атам Бабаназар қажының еліміз бен дініміздің шынайы жанашыры болғандығын көрсеткендей. Дала Генерал-губернаторының кеңсесіне түскен бұл құжат мына жағдайды баяндайды. «Анықтама. Ақмола облысының әскери губернаторы жанындағы аса маңызды істері жөніндегі шенеунігі Яхонтовтың түсініктемесі бойынша мұсылман үгіті жөніндегі істің меңгерушісі Генерал-Майор Романов жергілікті әкімшіліктің өкімімен жабылған медресені ашу және Сібірге жер аударылған молла Таласовтың басына азаттық беру жөніндегі қырғыздар **Бабаназар Жаңабатырұлы**, Әбутәліп Бакизин және басқалардың өтініштерін аса мәртебелі Сіздің құзырыңызға жеткіземін». Бұл құжатта Дала Генерал-губернаторы кеңсесі меңгерушісінің және аға іс жүргізушінің қолдары бар. (Бұл құжаттың көшірмесі қолымда сақтаулы, орысшадан аударылып беріліп отыр. Ескерту — автордікі).

– Науан хазірет ақталыпты, Жанбатыр мен Бабаназар істі бұзғызыпты,— деген әңгімені ел естіп, бүкіл Атығай, Қарауыл болып дуан орталығы–Көкшетауға күні бұрын жиналып, алысқа сапар шегіп кеткен қадірлілерін тілектестікпен қарсы алған топтың алдына Шерияздан қажы шығып:

Жанбатыр, Бабаназар екі жүйрік,
Суарған суат көлден екі сүйрік.

Алланың берген бұл да бағы шығар,

Көтердің ісләм дінін екі жүйрік,—деп құттықтап, өлеңмен қарсы алған екен. Міне, мұның өзі Сібірге дер аударылған Науан хазіретті Жанбатыр мен Бабаназар қажылардың қиямет сапардан алып келгендігін дәлелдеп тұрғандай.

Міне, Науан Хазіреттің ісін бұзғызамын деп Санкт-Петербургтағы ақ патшаның алдына барып, сол сапарында орыс патшасынан сыйлыққа оқалы шапан, алтын сағат алып қайтқан атам Бабаназардың осы бір әрекеті жаңадан орнаған кеңес үкіметіне жақпаған-ды. Біздің әулеттің қуғын-сүргінге түсуінің және де елуінші жылдардағы «хрущевтік жылымық» орнағанына дейін сенімсіз «элементтердің» бірі болғандығымыздың басты әліпбиі орыс патшасының атама сыйлаған оқалы шапаны мен алтын сағатынан басталған-ды.

— Бір түнде соятын малды сойып, етін қақтап, жолға азық дайындадық та, дүние мүлікті жерге көміп, біраз малды Тайыншаның базарына айдап апарып саттық та, Қызылжар вокзалына барып, поезға отырдық та, елден қашып кеттік қой,— деп әкем күрсініп отыратын. Бертін ес жия келе сол жер астына көміліп, жасырылған дені Құран кітаптары екендігін білдім. Немере ағам Айтмұхамбеттің жуырда бір айтқан әңгімесінде, біраз Құран кітаптары біздің ата бабамыздың ескі қорымына көмілген екен. Соларды тапқым да келгені бар. Жер астындағы затты анықтайтын құрал болады деген соң, солардың мамандарымен де пікірлесіп едім, білетіндер «ол құрал қағазды анықтай алмайды» дегенді айтты.

Алайда, менің қолымда сол ата мұрасының бірер дүниесінің сақтаулы тұрғаны да көңіліме медет осы күндері. Бала кезімде біздің үйдің шошаласында ескі бір сандық елеусіз болып жататынды. Сол ескі сандықты үйленіп, үй болғаннан кейін әкем «мынаны қалаңа алып кетіп, үйінде сақта, қолыңнан шығарушы болма» дегені де бар. Өзі бір Құранды алып қалды да, сандықты ішіндегі қалған бар дүниесімен Көкшетауға алып кеттім. Содан бері сол дүниелер менің қолымда.

Атадан маған бұйырған сол сандықтың ішінде тозығы жеткен көптеген діни кітап, Құрандармен бірге 1938 жылы Қазақстан көркем әдебиет баспасынан латын қарпімен басылып шыққан Жамбыл Жабаевтың өлеңдері мен жырларының қызыл түсті кітабы да бар еді. Және де сол латын қарыптерімен басылған, әбден тозуға

айналған «Ер Тарғын», « Қобыланды батыр», « Алпамыс батыр», « Шора батыр», «Қамбар батыр» жырлары топтастырылған бір кітап та көнеден жетіп отыр.

Жамбыл Жабаевтың ақындығына жетпіс бес жыл толуына арналып 1938-ші жылы шығарылған бұл кітап та маған аталарымның қуғынды-сүргінді, қорқып-үркіп өмір сүрген кезеңдерінде қасиетті Құран кітаптарымен бірге сақталып бүгінге жеткені көңілімнің ойран- асырын шығарса да, шүкіршілікке бой алдырамын.

Ең әуелі елімнің Тәуелсіз ел болғандығына мың да бір шүкір қыламын! Тәуелсіз елім болмаса, отыз сегізінші жылы ұсталып, «жатырмын Қызылжардың түрмесінде, адамның басына мұны бермесін де» деп жан наласын жырымен айтып кеткен әкемнің туған інісі Нәбиғалидің қасіретін айта алар ма едім?!

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары Бабаназар қажының бел баласы, әкемнің ағасы Ғабдылхамит біздің ауылда жалғыз өзі ғана намаз оқып, ораза ұстаған және де әр жұма сайын автобусқа отырып, Көкшетаудағы жалғыз мешітке келіп жұма намазына да қатысатын еді де, намаздан кейін біздің пәтерімізге келетін еді жарықтық. Қона жататын кездері де болатын. Сондай сәтте атамнан елден, әркімнен естіген “біз неге қуғындалдық, менің анамды кім және неге соттатты” деген сұрақтардың астына да алатыным кездерім болатын. Зиялы қарт ойланып, үнсіз отыратын да:

– Қайтесің шырағым, өткен заман өтті де, кетті ғой, ескі әңгімені бәрі бір сендер енді айта да алмайсыңдар, жаза да алмайсыңдар. Оны айтқызбайды да! Не көрсек те бәрін біз көрдік қой. Біздің өткеніміз енді сендердің бастарыңа пәле болып жабысып жүрмесін,—деп көп жайды бізге айтпай да кетті. Қажы ұрпақтарының мекендеп отырған жерлерінен қуылуы, мал-мүліктерінің талан-таражға түсуі бар, одан қалды «бай балалары» деп көзге түрткі болуын қарт өзі өлгенге дейін ұмыта алмағандай еді. Енді сол қуғын-сүргінді кейінгі ұрпақтары біздер көрмесе деп көп жайды айтпағаны есті қарттың біздің болашағымызды ойлағаны да, сақтандырғаны да болар.

Сол бір ауыр ойдың үстінде отырған атам әлден уақытта үстел үстінде тұрған бос шай кесені қолына алды да:

– Мына бос кесеге суды құя берсең ол толады ғой, толған соң төгіледі ғой шырағым! Біз де кезінде болғанбыз, толғанбыз, сонан

соң төгілгенбіз! Енді бір Алладан соның қайырын сұра!-дегенді айтып, бүк түсіп жатып алған-ды.

Атамның осы бір ауыз сөзі менің жан дүниемнің ойран асырын шығарды. Сонан бері сөзге шешен, дуалы ауызды, діндар атамның осы бір ауыз сөзі қиналған сәттерімде сана түпкірінен әрдайым үн қатып тұратыны да бар.

Тәуелсіз елім болмаса, бір кездері намаз оқуларының өзі қауіп пен қатер болған зар дүниенің азабын тартқан ата-баба әулетінің азапты ғұмырларының өшіп бара жатқан шамшырақтарын қайра жағып, 2014-ші жылы сол ата баба мекенінде жаңа мешіт салар ма едім?! Бір Алланың разылығы үшін Мешіт салдым! Бұл менің ұзақ жылғы ойымнан кетпей жүрген жай еді. Жаратқан ием сәтін салды! Тәуба!

Менің өз атам Жұмжұма молланың және оның қара шаңырағының қасиеті жайлы осы ауылдың тумасы, кезінде Көкшетау қаласында тұрып, түрлі қызметтер атқарған Рәш Сәниқызы Қосшығұлова 2002 жылғы 1 қараша күнгі «Көкшетау» газетінде жариялаған өз естелігінде: «Ел ішінде аса қадір тұтып, қастерлеп, босағасын имене аттайтын қасиетті қара шаңырақтар болады. Сондай шаңырақтың бірі де бірегейі – Жұмжұма молланың отбасы еді. Ауылдан әлдекім алыс сапарға шығып, жолға аттанар болса, қайткен күнде тәу етіп, сол кісінің ақ батасын алып, ақ дастарханынан дәм татпай кетпеуші еді. Ол сол ма, ауылдағы жаңа туған жас нәрестені дүниеге келе салысымен әуелі сол үйдің құтты шаңырағына апарып, жаратқан Алладан жәрдем тілсейтінін көзіміз көрді», – деп жазған болатын.

Міне, мен сол қасиетті шаңырақтан қалған, Жұмжұма молланың бес ұлынан тірі қалған Ерғалидың жалғыз тұяғы едім. Шаңырағы жабылып қала жаздаған бір әулеттің кіндігін жалғап отырғаным тәуба қыламын. Туған ауылымда мешіт салғанымда ең әуелі сол мешіттің көк күмбезін көтеріп тұрған, әрқайсысының биіктігі үш метрдей болатын төрт бірдей колоннасын, бағана тіреулерді тағдырлары беймәлім, сондарынан ұрпақ та қалмаған, осы күнге дейін тағдырлары да беймәлім әкемнің екі ағасы Мұқаметқали мен Нұрғали, екі інілері Нәбіғали мен Қинаятқали Жұмжұмаұлдарына арнап, сол төртеуі біздің үйдің қара шаңырағын көтеріп тұрсын, сол өз қара шаңырақтарының тілеуін мәңгілік тілеп тұрсын деген ниетпен орнаттым. Әрқайсысының биіктігі он бір метр болатын мешіттің қос мұнарасының біреуін өз

аталарым Бабаназар қажы мен екіншісін Жұмжұма молланың құрметтеріне арнадым.

Кеңес үкіметінің біздің әулетке деген әуелгі бір сенімсіздігі мен күдіктеріне енді келіп, төрт бірдей жанның соғыста хабарсыз кетуі келіп қосылды да, мұның соңы біздің үйдің тыныс тіршілігінің ұдайы жасырын бақылауда болуына әкелді. Сондай бір аңдудың салдарынан колхоз егістігінен суы ағып тұрған бір шелек қара бидай алып келген менің анам Үмітжан Уәлиқызы да 1946 жылы он жылға сотталып кете барған еді. Сол 1946 жылмен 1950 жылдар аралығында Сібірдің Красноярск қаласындағы әйелдер колониясындағы ауыр жұмыс пен суықтан бойына сырқат жабысып, төрт жылдан соң оралған анам мені 1952 жылы дүниеге әкеліп, өзі 1957 жылы небәрі 34 жасында қайтыс болғанды. Мешіттің диаметрі үш жарым метрден асатын ішкі жағының биіктігі екі жарым метр болатын айшықты көк Күмбез ғазиз анам Үмітжан Уәлиқызына қойған ескерткішім болатын.

Тәуелсіз елім болмаса осыны істер ме едім, осыны айтар ма едім?! Енді келіп, ата-бабамның ғасыр тауқыметін арқалаған арманды күндерінің парақтарындай болып маған жеткен ескі Құрандар мен Жамбыл ақынның сол Құрандармен бірге сақталып келген бір кітабын қайра-қайра ақтарып отыратын кездерім де аз болмайды. Сыр ұққым келеді сол қасиетті дүниелерден. Бірақ... тіс жармайды олар маған. Көненің көзіндей болып көнерген сол дүниелердің көңіліме дем беретіні де бар. Және де Жамбыл бабамның:

Әсиетім: сол үшін құшағыңды аш!

Әсиетім: шындықты, адалды сүй,

Ардақтаған халықты, адамды сүй!

Елдің тіккен іргесін игілікке,

Тап бүгінгі бақытты заманды сүй!,-деген аталы сөзінің қаяу көңілдің үмітін сөндірмейтін бір құдіретін танымын. Соны танымын да абыз қарттың «Кімде-кім бірлік бұзса, халыққа-қас» деген өсиет жырының жолдарын бүгінгі күнге де ұран боларлықтай оймен термелеймін.

Жамбыл бабамыздың сол өсиетін адал орындап келе жатқан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Өз халқын сүйетін адам, өз жұртына жақсылық тілеген кісі өзге халықтарды ашындырмайды, өз ұлтын ешкімге қарсы қоймайды», - деп айтқаны да ұлылардың сөзі де ісі де ұлылықпен ұштасып жатарлығына иландыра түсері

бар.

Жыр алыбы Жамбылдың дәуірі енді туды, енді басталды! Ол-Тәуелсіздік дәуірі! Ол-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ұлы мұраты Ұлы дала елінің Мәңгілік ел болу дәуірі! «Сөзімнің ғибрат ал сарасынан» деп ұрпағына өз өсиетін қалдырған жыр бабамыздың:

Ер жігіт ғаріп емес пе,
Белгілі елі болмаса,
Заман ғаріп емес пе,
Әділеттен аттаса,
Халық ғаріп емес пе,
Айтқаны іске аспаса,
Жігіт ғаріп емес пе,

Еңбегі алға баспаса?!,- дегені енді туған дәуірдің,

Тәуелсіз ел дәуірінің бүгінгі және келер ұрпақтарының санасына сіңіре ұстар ұлағат сөзі екендігін пайымдар едік. Байыбына барар ұрпақ болсын деңіз!

Осы бір оймен тағы да Жамбыл жырларын оқимын. Бүгінгі заманмен үндесер қарт жыраудың үні ғасырлар пернесі болып мына біздерге сыр шертеді, ғасыр көкжиегінен үн қатады.

Ел достығы, татулық, туысқандық.

Ен байлық, зор қуаныш, бақыт тұрмыс.

Зорлық пен зұлымдықтың жоғалғаны,

Жер күліп, дарығанын бақ пен ырыс!-деп ғасыр жасаған абыздың осыдан сол ғасыр бұрын айтқан даналық ойының маңызы қай дәуірде болмасын өз ғибратымен әлі де талай да, талай ұрпақтың санасына сыналап ұялай түсеріне сенеміз.

Артықша туған азамат,

Халыққа үлкен бел болар,-деп жыр алыбының өзі айтқанындай, бүгінгі тәуелсіз еліне бел де, ес те болып отырған Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың бүгінгі күні өз еліне айтып жүрген елдік пен ерлік жайлы әр сөзінің Жамбыл Жабаев жырларымен арқауланып, бүгінгі дәуірдің ұлағат сөзіндей болып үндесіп жатқандығын аңдар едік.

– Біз жаңа Қазақстанды – Ұлы Дала Елін құрдық. Ұлт жоспарын орындай отырып, біз өзіміздің Ұлттың Өрлеу Дәуірінің көкжиектерін кеңейтеміз, өзіміз Тәуелсіздік жылдары ішінде қол жеткізген және бізге жаһандық даму берген барлық мүмкіндіктерді пайдаланамыз,- деген Елбасының осы бір ауыз сөзінде «халыққа

үлкен бел болар»,- деп абыз бабаның өзі айтқанындай, бүгінгі бір ұрпағы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты өз мақаласындағы осы бір пайымды пікірінен бір ғасырдың, өткен бір дәуірдің абызы Жамбыл бабамыздың арманды өсиетінің жүзеге сәтті асырыла бастағандығына куәдәр боламыз да, шүкіршілік қыламыз.

Жетісу жаққа жолым түсе қалса болды, Жамбыл бабамыздың бай мұрасын бүгінгі күні кеңінен насихаттап және де абыз ақынның бізге мәлім де беймәлім өмірі жайында кесек те тұшымды дүниелер жазып жүрген қазақтың көрнекті жазушысы, студенттік досым Нағашыбек Қапалбекұлы: «Жүр бабамыздың басына барып қайтайық» деп тұрар болса, былтырғы күз айында алаштың ардақты азаматы, сенатор Аңсар Мұсахановтың тағы да Жамбыл мен Сүйінбай бабаларымыздың кесенелеріне алып барғаны болды. Сол әр барған сапарым сайын айырықша бір толғаныста боламын. Ұлы бабалар рухымен үнсіз сырласқандай және де жан баласына айта алмаған, әлі де айта бермейтін ойларыммен бөліскендей күй кешемін.

Жыр алыбы Жамбылдың дәуірі енді туды, енді басталды!..
Бұл-біздің дәуір, Тәуелсіз ел дәуірі!

УӘЛИХАН ҚАЛИЖАНОВ

Филология ғылымдарының
докторы, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті

ЖАМБЫЛ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ

Ғасырға жуық ғұмыр кешкен Жабыл шығармашылығы қат-қабат тарихи оқиғаларға толы болғаны баршаға мәлім. Оның дүниеге келуі, ақын, жыршы ретінде қалыптаса бастаған шағы Жетісу қазақтарының ел тәуелсіздігінен толық ажырап, патшалы Ресей мен Қоқан хандығының екі жақты қыспағында қалғанкезеңмен тұспа-тұс келді. Алдымен Ресейге қарсы Кенесары хан бастаған ұлы күрес, кейінгі Қоқан басқыншылармен өткен шайқастар, ХХ ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыс, Қазан төңкерісі, отызыншы жылдардағы Кеңес өкіметінің ұжымдастыру саясаты, аштық, Ұлы Отан соғысы – бәрі-бәрі Жамбылдың көзімен көріп, азабын тартқан азалы кезеңдер еді. Қарт абыз «Менің

өмірім» толғауында: «Көз аштым, сорғалаған қанды көрдім, Қамыққан, қанды жасты жанды көрдім», – депағынан жарылады. Осы тарихи оқиғалардың қай-қайсысы да алып жүректі ақынның назарынан тыс қалмады, ұзақ та мәнді шығармашылығына арқау болды. Ақынның кейінгі ұрпаққа жеткен Домалақ енеге, Өтеген, Саурық, Сұраншы, Шалтабай батырларға арнаған жырлары, көзі көрген, өзі араласқан тарихи оқиғалар, тұлғалар туралы шығармалары – бұған айғақты дәлел.

Жамбылдың ақындық, жыршылық, әнші-күйшілік өнерімен қатар шежірешілік қырының да болғандығын «Домалақ ене» жыры арқылы айқын аңғаруға болады. Шежіре бойынша Нұрилә(Домалақ ана) Шайхы Мизамбекқызы (VI-VII ғ.ғ.) – Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісудың қомақты бөлігін қоныстанған Шапырашты, Ошақты, Ысты, Албан, Суан, Дулат тайпаларының түпкі атасы Бәйдібек бидің үшінші әйелі, Жарықшақтың анасы. Осы Жарықшақтан Албан, Суан, Дулат өрбиді. Домалақ ананың қадір-қасиеті тірі кезінде-ақ ел арасында кеңінен таралған. Кеңпейіл болмысы, кішілік, кісілік мінез-құлқы, аналық мейірім-шапағаты, жалпақ елге, отбасына, жарына деген адалдығы, болжампаз-көріпкелдігі – онысол заманның өзінде-ақ әулиелер қатарына іліктірген. Сондықтан ел ішінде шағын бой-бітіміне, даналық ой-санасына қарай азан шақырып қойған есімі аталмай, «Домалақ ана», «Домалақ ене» деп аталып кеткен.

Ол кісінің ел анасы ретіндегі тұлғасы бүгінгі күнге жеткен аңыз, әңгімелерде жан-жақты бейнеленген. Сол халық мұраларында Домалақ ананың Мақтым ағзам қожаның немересі екендігі, Бәйдібек елі Ташкенттен Қаратауға көшіп бара жатқанда Балабөген өзенінің жағасында намаз оқып отырған жерінде дүние салып, сол жерде оған арналып кесене тұрғызылғаны айтылады.

Жамбыл Сарбас ақынмен өткен айтысында Домалақ анаға, Сұраншы мен Саурық батырларға қатысты жұрт аузында жүрген аңыздардың, әңгімелердің негізінде үлкен үш тарихи жыр жырлап шыққаны белгілі. Олардың арасында көп зерттеу нысанасына алынбағаны – «Домалақ ене» жыры. Жамбылдың осы айтысқа байланысты айтқан кіріспе сөзіне қарағанда, жыр жарысын Жамбыл бастап, ақындар бірнеше рет кезектесіп айтысқаны байқалады. Бірақ бізге жеткен С.Шарипов нұсқасында айтысты Сарбас ақын бастап айтады. Егер жаңа келіп, шай ішіп отырған Жамбылға Ноғайбай болыс нұсқау беріп, Жарықшақ пен Домалақ

ананы жырлатса, онда негізгі жыр тартысы кейін болғаны сөзсіз. Дегенмен, аталған айтыс мәтіні жалғыз ғана нұсқа болғандықтан, іргелі-бергі зерттеулерде осы нұсқа нысанға алынып келгендігі заңды да. Қордайдан Сарбас Ноғайбай бастаған топпен бірге келмеген, бірақ ел жуандарының көңілдерін аулау үшін кісі жіберіп шақыртқан сияқты. С.Шәріповтің жазуынша жыр былайша туындаған: «Сарбас сөзін бітіргенде жиналып отырған қазақтың жақсылары отырып Жамбылға: «Сен айтысыңды бастамас бұрын Домалақ деген әйелден Жарықшақтың тууын, оның Жарықшақ атанған себебін, онан Албан, Суан, Дулаттың тарауын сен алдымен айтып бер!» – деп тапсырыс береді (Жамбылдың Сарбаспен айтысы. Жұлдыз. №1, 169-б.). Жырға арқау болған оқиғалар желісі, эпизодтархалық арасында кеңінен тарған Домалақ ананың жау қолында кеткен көп жылқысын Сарыайғыр арқылы шығынсыз, отауда отырып-ақ қайтарып алуын суреттейтін, сондай-ақ ананың дүниеге бала әкелуін, Сары бәйбішенің кесірінен оның «жарық шеке» болып, «Жарықшақ» атануын баяндайтын екі аңыздың сюжеті еді. Жырдың композициялық құрылымына, көркемдік болмысына қарап Жамбылдың бұған дейін талай топта жыр сайысына түсіп шындалғандығын, жыршы ретінде қалыптасқандығын аңғару қиын емес. Мысалы, ақын көп жылқының киесі болған Сары айғырды түр-келбетін былайша суреттейді:

Көп жылқының ішінде
Тоқсан екі құлыны бар,
Бір сары айғыр бар еді.
Енесінің шуынан
Басқаны тіпті көрмеген,
Шыбыннан басқа қонбаған,
Желден басқа мінбеген,
Мойнына құрық тимеген.
«Соны ендібергін» деп,
Солай жауап береді.
Асауды қалай ұстап аласың,
Жүген, құрық тимеген?
Ұстасам, ұстап аламын,
Ұстамасам, қалайын!
... «Кұрайттадың Домалақ.
...Айғыр сонда келеді,

Омырауын иіскей береді.
Басына жүген жүгендеп,
Айдады жылқының өзгесін
Аққошқар түгендеп.
Екі аяқты тұсады.
Тырп етпеді жануар,
Жуас малға ұсады.

Жырдың алғашқы бөлігінде Бәйдібектің асқан ауқатты екендігі, мал-мүлкінің есебі болмағандығы айтыла келіп, байлықтың желігімен бидің бастапқыда домаланған, аласа бойлы Нұрилань менсінбей жүргендігі сөз болады. Ананың ай-күні жетіп, босануға шақ қалғанда ел көшпекке қамданады, бірақ толғағын сылтау қылған Нұрилә жұртында түнеп қалады. Келесі күнгі бесінде қырғыздың Аққошқар атты батыры Бәйдібектің жылқысын шаппақ болып, көне жұртқа келеді. Ақ жұлым отау үйге түсіп, келген мақсатын айтып Нұриладан бата сұрайды («Күндестік істейді десе керек –У.Қ.»). Сонда данагөй ана: «Қуаныш сенде болсын, Түпқазығы менде болсын!»– деп батасын береді. Таңға жуық Аққошқар «Сан жылқыны шулатып, Тай-құлынын тулатып» ескі жұрттың маңынан айдап өтеді. Отаудан шыққан Нұрилага: «Қалағаның бар ма?» деп сауал тастайды. Ол жоғарыда айтылған Сарыайғырды сауғаға сұрайды. Түс мезгілінде жаудың соңына түскен Бәйдібектің өзге әйелдерінен туған сегіз баласы келіп жетеді. Тоқал шешелерін менсінбесе де олар жау шапқан жылқының кеткен жағын сұрасты. Алда қауіп барын алдын-ала сезген ана балалардың шылбырына жабысып: «Балалар, оған бармандар, Түпқазығы бізде, Таңға жуық болғанда, жылқың келер мұнда!» – деген жалынышына да селт етпей аттанып кетеді. Әккі жау бекініп жатып сегізінің барлығын қолға түсіріп, бауыздап өлтіреді. Соңдарынан Бәйдібектің өзі де жетеді, бірақ мерт болған ұлдарының сүйектерін көріп, көз жасын төгеді. Балаларын жерлеген соң Бәйдібек би Орта жүз бен Кіші жүзге қарай көшуді жөн санайды. Нұрила түн ортасында «кұрайт» салғанда Сарыайғырдың дауысына тау жаңғырып, тас құлап, қалың жылқы жосып қайтып келеді.

Жырдың екінші бөлімі Нұрилань аман-есен қол-аяғын бауырына алуы, сәбидің «Жарықшақ» аталуы турасында. Сөйтіп, Бәйдібектің елі сегіз күн көшіп Орта жүз бен Кіші жүздің жеріне таяу келіп қоныстанады. Толғақ қысып жатқан Нұрилань екінші

әйелі Зеріпке табыстаған би үш жүз бас қосқан алқалы жиынға аттанып кетеді. Жас ана босанып жатқанда Сары бәйбіше сәбидің кіндігін кесу үшін Зеріпті пышаққа жұмсап, күндестікпен жаңа туған ұл баланың басына сұқ саусағын батырып-батырып жібереді. Талықсып жатқан баланы көргендер бұл қасастық Сары бәйбішенің қолымен жасалғанын біледі, әсіресе, аналар қатты назаланады.

Кіші жүзде
Бір оташы бар еді.
Кейде еміп, кейде ембей
Талып жатқан баланы көреді.
«Суық қолдың орны екен» деп,
Көзінше айтып береді.
Жарылған жерін басының
Ойып алып тастайды.
Тасбақаның сүйегімен
Жарасын жамап емдеді.

Үш айда бала жазылды,
Үш айда бітіп жарасы,
Құдайдың күдіретіне қарашы!
«Төбесі жарық болды» деп,
«Жарықшақ» деп атады.
Жарықшақтан туды үш ұл –
Бірі – Дулат, бірі – Албан,
Бірі – Суан, көп Дулаты.

Жұрт жадында сақталып қалған аңыздардың желісінде жырланған «Домалақ ене» жыры біршама Жетісу ақындарының шығармашылығында орын алғаны аңғарылады. Атап айтқанда, осындай шығармалардың қатарында Д.Сүттібайұлының “Нұрила” дастаны дабар (профессор С.Дәуітұлының жеке мұрағатынан). Сарбаспен айтысқанда «Домалақ енені» талай алқалы топтарда жырлай жүріп машықтанған Жамбыл Алматы қаласында Қожамберлі дегеннің үйіндегі өткен осы үлкен жиында (1895) жырды мақсатты түрде қысқартып айтқан сияқты. Біріншіден, оған жиында отырған шенді-шекпенділердің менмендігі, әсіресе Жетісу өлкесіне кең танымал Ноғайбай болыстың аз санды Шапыраштыдан шыққан Жамбылды олқысынғаны себеп болса, екіншіден, қалың Дулаттың бетке ұстарларының өз аналары

Домалақты, аталары Жарықшақты әдейі бұған жырлатпақшы болған қысастық әрекеттері түрткі болған сияқты.

Қожамберлінің арнайы шақыртуымен Ұзынағаш жақтан ат арытып келген Жамбыл қалаға сәске мезгілінде келіп жетеді. Ол кіргенде үй толы Жетісудың жақсы-жайсандары дастархан басында шәй ішіп отырады. Әрей есімді старшын қонақтардың арасынан орын көрсетіп, Жамбыл да дастарханның бір шетіне орнығады. Төрде жастықты шынтақтап жатқан Ноғайбай болыс ақынды көрмегенсіп, жылы кейіп білдіре қоймайды. Онысы көкейді тесіп отырған екі көзінен айқын байқалады. Жақсылардың бел ортасына жайғасқан ескі танысы Дәуітұлы Байболат бір қаға-берісте Жамбылға «сабыр сақтап отыр!» деп кеңес береді. Ноғайбайдың сөзін Жамбылдың өзі былайша еске алады:

– «Сүйінбайым баяғыда
Былай өлең айтты» деп,
Бір ағашты құшақтап,
Кеп отырдың сипақтап.
Жамбыл деген немеңіз
Екейдегі осы ма?
Ноғайбайдың алдында
Сөз сөйлеші ашыла!
Орнын тауып айтпасаң,
Қамшы тиер басыңа!
Сағынып жүрген немедей,
Отырдың тақап қасыма.
Бір ауыз сауал сұрайын,
Айта алмасаң өлеңді,
Ұрайын ба басыңа?!
Домалақ, Жарықшақтан бастап,
Бір ауыз тиші көрейін.
Өлеңді қозғашы
Домалақ, Жарықшақтан,
Бір ауыз өлең озбашы.
Қожамберлі сені мақтайды,
Бұл маған неліктен,
Жақын келіп жақтайды.
Кейбіреу өлең айтысса,
Бекер аузын боқтайды.
«Сүйінбайдың інісі» деп,

Парасат қылып мақтайды,
Сүймбайдан басқа өлеңші,
Сірә, маған жақпайды.
Домалақтан басташы,
Жарықшақтан тозбашы,
Бет алдына бакырып,
Таңдайыңнан тозбашы.

Ал Жамбылға кінә тағып, «Ұрайын ба басыңа?!» деп сес көрсетіп отырған Ноғайбай болыс кім? Дәулетбақұлы Ноғайбай (1834–1910) – Алатаудың күнгеі мен теріскейінде қонсы отырған қазақ-қырғызға тең танылған тарихи тұлға. Ол ұзақ жылдар Дулат-Жаныстың Сырымбет бөлігінің биі, болысы болып өткен. Әкесі Дәулетбақ, атасы Малдыбай да ел тізгінін қолдан бермеген ақылды, батыл адамдар болған. Кезінде төрт дулаттың басын қосып, қокандықтарға қарсы сан рет бас көтерген. Солардың ісін жалғастырған Ноғайбай да ауыздыға сөз бермеген ділмәр шешен, оқымаса да тоқығаны көп, жақынды жатырқамаған, жауласқанды жақтырмаған азамат болып өседі. Жетісуда Ноғайбайсыз келелі кеңес жасалып, дау-дамай шешілмеген. Әсіресе, сол тұста қазақ-қырғыз арасындағы барымта-қарымта, жер дауы, жесір дауы көп болған және де олардың бейбіт шешілуіне Ноғайбай белсене атсалысқан.

Оңтүстікті билеп отырған Қоқан билеушілерімен де, еліне ендеп кірген орыс ұлықтарымен де дұрыс қарым-қатынаста болып, әрқайсысымен жеке-жеке саясат жүргізген. Орыстармен келісіп, олардың көмегімен өзіне бағынышты жұртты егіншілікке, бағбаншылыққа үйретіп, қыстауында ағаш үй, мектепсалдырып, қора-қопсы соқтырған. Сегіз әйелінен туған балаларының көпшілігі, кейінгі немерелері орысша үйреніп, біразы өзі салдырған мектепте оқиды. Ноғайбайдың өзі елу жастан асқанда қажылыққа барып, қайтып келгеннен соң биліктен оқшауланып, бірінғай дін жолына түседі.

Профессор М.Жолдасбековтің зерттеулерінде Верныйда өткен бір жиынға келген Абайға Ноғайбай арнайы барып сәлем беріп, еліне қонаққа шақырады. Басында Қордайды алыссынып, Шыңғыстауға қайтындығын айтып отырған Абайға Сарбас ақын:

– Арғы атаң Өскенбай мен Құнанбай-ды,
Тобықты «Ырғызбайлап» ұрандайды.
Қазақта әуел баста Әжі барған,

Өз әкең есіне алып бір Құдайды.
Мекеде тәңірге арнап үй салғызған,
Туғызған кемеңгер қып бұл Абайды.
... Шалатұғын палуандай сөзің әрлі,
Абайжан, көңілің қалай бұрандайды?
Бармаған шақырғанға зар болады,
Құрметпен барған қонақ ұялмайды, –

дегенде, күліп: «Рахмет, барайын, халық шақырған жерден неге қалайын», – деп келісімін береді. Сөйтіп, Абай Сұлутөр жайлауына барып бірнеше күн аунап-қунап, Ноғайбайдың азаматтығына риза болып аттанарды: «Алатау асқар бел екен, Үйсін атты ел екен. Етек, жеңі кең екен. Алма-жемісі көп екен. Қоңыр желі Қордайдың дертке шипа ем екен. Елден елдің кемі жоқ – Қасқараудың көлемі Тобықтыдай кең екен. Ерде ердің кемі жоқ – Ноғайбай да ер екен. ... Қош, сау болғын, ер Ноқа, кіре берсін берекең» (Жолдасбеков М. Жүз жыл жырлаған жүрек // Жалын, 1972. №2. 64-69), – деп, риза болып қайтады.

Қазақтың өзге де эпик ақындары сияқты Жамбыл да қазақ-жоңғар соғысы батырларын жырлауға өзіндік үлесін қосты. Соның бірі – жетісулық ақындардың көпшілігі жырлап, халық арасында кең насихатталған «Өтеген батыр» жыры. Жамбылтанушы ғалымдардың пікірлеріне қарағанда, бұл тақырыпты алғаш Күсеп ақын, одан Сүйінбай, одан Тілеміс, Майкөт, Жамбыл, кейін Кенен, Үмбетәлі сияқты ақын-жыршылар жалғастырған. Батырдың ерлікке толы жорық жолдары ел арасында аңызға айналып, есімі өлең-жырларда мадақталып, аңыз-әңгімелерде, жоңғар шапқыншылығына қатысты көптеген тарихи жырларда эпикалық бейнесі айқындалды. Өтеген батыр туралы фольклорлық мұраларға әр кезеңдерде Е.Ысмайылов, Қ.Тұрғанбаев, Н.Смирнова, С.Бегалин, А.Бұлдыбаев т.б. ондаған ғалымдарзерттеулер жүргізді.

Өтеген батыр Өтеғұлұлы (Мүйізді Өтеген) (1699-1773) – қазақ-жоңғар соғысында ерен ерліктер көрсеткен батыр, қолбасшы, көреген, ел қамын жеп «Жерұйық» іздеген жиһангер. Түп-тегі Ұлы жүз Дулат тайпасының Жаныс-Қасқарау-Сырымбет аталарынан өрбіген. Атасы Сырымбет батыр Салқам Жәңгір сарбаздарының сапында (1635) Батур қонтайшының 50 мың әскеріне қарсы соғысқан деген аңыз, әңгімелер де кездеседі. Өтеген де 15 жасынан аттан түспей Түркістан, Ташкент маңындағы, Аңырақайда өткен шайқастардың белортасында жүріп, жоңғардың Бөтхишар, Сабан

Тайшық сияқты қолбасшы-батырларын жекпе-жекте жеңеді. Әсіресе, елдің оңтүстігін, Жетісу өлкесі мен шығысын жау тырнағынан босатуда айтулы еңбек сіңірген. Төле би, Абылай хан сынды тарихи тұлғалардың ақылман кеңесшісі, Қазыбек, Әжібай, Қойкелді, Райымбек батырлардың сенімді серігі болды. Оған бір ғана дәлел – Абылай ханның достық ықыластың белгісі ретінде батырға берген шұбар жез тегенесі. Бұл құнды жәдігер көненің көзіндей бүгінгі күнге дейін Өтеген ұрпақтарының қолында сақталып келеді. Атадан балаға мұра болып келе жатқан Өтеген батырдың шұбар тегенесі тарихтың тылсым түпкірінен көп сыр шертеді.

Өтеген батыр Іле бойында қайтыс болып, жасы жетіп сонда дүние салған. Араға 200 жыл салып (1973) ол жатқан қорымды Қапшағай су қоймасы басып қалып, сүйегі Қордай өңіріне қайта жерленді. Бүгінге жеткен аңыздарға қарағанда, ол сүйегінің су астында қалатынын алдын-ала білген. Солардың бірінде оқиға былайша баяндалады:

«Жетісудің әйгілі батырлары Өтеген, Райымбек Қарашпен тұстас екен. Өтеген батыр жерұйықты іздеп, жапанды аралап еліне оралғаннан кейін Дулат Қараш, Өтеген, Албан Райымбек, Жалайыр Қабан – төрт батыр Өтегеннің үйінде бас қосады. Райымбек, Өтеген – құрдас, Қараштың жасы олардан кіші екен, бәрінің үлкені Қабан көрінеді.

Райымбек сөз бастайды:

– Өтеген, ел аралаған сыншы деген, жер дүниені аралап келдің, жасымыз болса келді, батырсың, әрі көпті көрдің, өлген күнде жәйіміз не болады, қайсымыз қайда қаламыз, соны айтшы, – депті.

Өтеген:

– «Аға тұрып сөйлеген ініден без» деген, дүниенің жарығын бұрын көрген алдымыздағы ағамыз Қабан айтсын, – деп сөздің кезегі Қабанға бұрыпты.

Сонда Қабан:

– Екеуің бірінді-бірін түрткілеп, ақыры мені сөйлеттіңдер ме. тыңдаңдар, айтып көрейін, – депсөз бастапты. – Обалым атымды Қабан қойған әке-шешеме болсын, атым Қабан болғандықтан, бір бастаудың басында, шоқ қамыстың түбінде боламын. Үш күн денем жерде жатады, үшкүннен соң табылмайды. Ал, Өтеген, сенің жайлы, жылы мінезің бар еді, жылжып аққан судың жағасында қаласың, бірақтүбінде жылжисың. Райымбек, сен көпшіл ең, қиямет

қайымға дейін басыңнан дабыр кетпейтін үлкен жолдың бойында қаласың, – депті-міс».

Жамбыл шығармашылығында «Өтеген батыр» жырының бірнеше нұсқаларының болғандығын М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қорындағы Т.Жароков (екі нұсқа), Б.Тұрсынбаев, белгісіз жинаушы, Р.Жолашаров қолжазбаларынан, Орталық мемлекеттік мұрағаттағы Ә.Жаманділов тапсырған мәтіндерден айқын аңғаруға болады. Бұл жыр нұсқаларын жинаушылар Жамбылдың аузынан әр жылдары жазып алғандықтан, жырдың құрылымында, сюжеттік желісінде өзгешеліктер жоқ емес. Барлық нұсқалардың мәтіндік ерекшеліктерін текстологиялық тұрғыда саралағанда, фольклортанушыларға соңғы жылдарға дейін мәлімсіз болып келген Ә.Жаманкеев нұсқасының өзге үлгілерге қарағанда көркемдік, көлемдік жағы, мазмұндық сипаты да көңіл толтырарлық деңгейде екендігі байқалды.

Жалпы, Жамбыл шығармашылығындағы «Өтеген батыр» жырында батыр өмірінің соңғы кезеңдерін, яғни орыс отаршылдарынан елін сақтап қалу үшін жайлы қоныс іздеу сапары баяндалады. Бұл ретте ол – тек жаужүрек батыр, қол бастаған сардар, ел бастаған көсем ғана емес, болашақ ұрпақтарын қамын ойлаған абыз, ойшыл дана, сәуегей. Өзге жыршылардан Жамбылды оқшаулап тұрған тағы бір ерекшелік, ол Өтегеннің бейбіт өмірдегі көзсіз ерліктерін, ХҮ ғасырда өмір сүрген Асан Қайғыдан кейінгі қазақ қоғамында, ру басшыларында бола бермейтін қасиеттерін, тарихи тұлғасын бейнелеуінде. Жырда Өтегеннің бейнесі келешек ұрпақтың еркіндігін арман-мақсат еткен, бұл жолда табиғаттың апатынан да, тағдырдың қиын-қыспақ, кедергілерінен де, айдаһар мен жезтырнақтан да тайсалмайтын, әлсізге көмек қолын созып, сол үшін қажетті болған жағдайда жанын да құрбан етуге дайын көзсіз батыр, кеменгер абыз ретінде сомдалады.

Жырдың Т.Жароков, Р.Жолашаров нұсқалары саяси идеологияның ықпалына түсіп, кіріспе, қорытынды бөлімдері әлдекімдердің кеңесімен жырланғаны жасырын емес. Мысалы, алғашқы нұсқада Өтегеннің қоныс іздеуінің басты себебі:

Он сегізінші ғасырда,
Далада, қырдың басында,
Ақ жағалы, жез топшы,
Патша жорық ашуда.

...Ер Өтеген олардан
Қорықпады – шынықты,
Ұзақ сапар шегуге
Дайындады жорықты.

Ал Р.Жолашаров нұсқасында:

Пашасы шапса батыстан,
Айрыласың қоныстан.
Елді сатып, қан сорған,
Қарғылы қара болыстан.
...Солдатқа беріп балаңды,
Мұндай да болар бір күнің.
Бұдан да жаман заманың,
Қыл көпірдей тар күні.

Соңғы нұсқаны жазып алушы Ә.Жаманкеев мынандай кіріспе сөз жазған: «Өтеген батыр есі кіріп, ат жалын тартып мінгеннен кейін қоныс қарай бастаған. Ер жетіп, толық адам болғаннан кейін: «Түбі осы Жетісу жеріміз бізге қонысқа жарамайды, себебі бұл жерді орыс деген халық алады, оған қарсы тұра алмаймыз, себебі біздің қазақ халқы өте надан, айласы, күші жоқ, сондықтан оған еркіміз кетіп қарағанша, бір оңаша жер тауып, әрісі қазақ халқын тегіс қоныстандыру, иә болмаса тілімді алған қазақты құтқарамын деп жар салған. Тегінде «орысқа бағынбаймыз» деген Өтеген батырдың басқа қазаққа пікір санасы қосылмаған. ...Ақыры 17 жыл жер қарап қайтып келген. Соңғы көріп-білген ғажайып әңгімесін Жамбыл қарт өлеңмен суреттеп айтады».

Шығармада өзге нұсқалары сияқты батырдың қасына Аюке деген баласымен, толық қаруланған қосшы елу жігітпен екі айғыр үйірлі жылқы айдап елінің шығысына, оңтүстігі мен солтүстігіне жасаған сапарлары айтылмай, оқиға желісі Ақтөбе жерінен бастау алады. Бірақ қосымша кіріспе, қорытынды бөлімдер жезтырнақтармен болған шайқасты суреттейтін бөлік кіріктірілмеген. Есесіне еліне қайтып оралғаннан кейінгі оқиғалар толық қамтылған.

Жалпы, Жамбыл шығармашылығындағы «Өтеген батыр» жырының сюжеттік желісі жайлы қоныс іздеу мотивіне құрылғандықтан, құрылымында тарихи оқиғалар, реалді адамдардың бейнелері қамтылмаған. Керісінше, батырдың тұлғасы

мифтік, ертегілік, аңыздың кейіпкерлердің іс-әрекеттері арқылы көрініс береді.

Жамбыл шығармаларының дені көзімен көрген, өзі тікелей араласқан оқиғалармен, қарым-қатынас жасаған адамдармен тығыз байланысты. Ол Қоқан хандығы мен Ресей отаршылдарының Жетісу қазақтарына істеген зорлық-зомбылығын, Кенесеры ханның осы жердегі соңғы шайқасын, Саурық, Сұраншы батырлардың ерлікке толы өмірін көзімен көріп, көңіліне тоқыды, кейін өлең, жырға айналдырды.

Екіжақты қыспаққа шыдамаған халық Қоқан хандығының қысымына да, Ресей империясының отаршылық саясатына да қарсы азаттық күрестер жүргізді. Осындай қиян-қыстау тарихи сапырылыстар кездерінде халық ішінен шыққан рубасылар мен батырлардың рөлі ерекше болды. Олардың алдындағы басты мақсат – елдің тәуелсіздігі мен бейбітшілігін қорғау мәселесі еді. Мұны сол кездегі Кенесары–Наурызбай, Тойшыбек пен Бәйсейіт, Тазабек, Шалтабай т.б. батырлардың ерлікке толы күрестерінен көреміз. Осы ардақты ерлердің сапында Саурық, Сұраншы батырлар да болды.

Қазақ-жоңғар соғысы аяқталысымен Қазақстанның оңтүстік-батысы мен Жетісу өлкесі Қоқан хандығының үстемдігіне тап болып, XIX ғасырдың алпысыншы жылдары Ресейдің бодандығына толық кіргеннен кейін ғана солардың көмегімен елден аластатылғаны тарихтан белгілі. Сол кезеңде қоқандықтарға сүйенген жапсарлас қырғыз ағайындар да қазақ ауылдарын жиі шапты, қыр көрсетіп, мал-жанғатыным бермеді. Сұраншы, Саурық батырлар осындай беймаза кезеңді басынан өткеріп, қандастарын жаудан қорғады, сол жолда екеуі де шейіт болды.

Жоғарыда айтылғандай, Домалақ ене, Сұраншы, Саурық батырлар туралы тарихи жырлар бір айтыста, яғни Сарбас ақынмен өткен жыр сайыста бірін-бірі жалғастырып, тұтас эпопеялық шығарма деңгейінде тыңдармандар назарына ұсынылған еді. Алайда, бұл туындылар жеке жыр ретінде талай өрелі ақындар мен жыршылардың шығармашылығынан орын алып, Жамбыл бастаған кейінгі ұрпақтың жадына әбден орнығып қалған. «Домалақ ене» сияқты кейінгі екі жыр да ер жасы елуге толған Жамбылдың ерекше шабытпен түрлендіре, әрлендіре орындайтын туындыларының біріне айналған. Бұған басты себеп, біріншіден, Сұраншы мен Сауырық сол тұста Жетісу қазақтарын қоқандықтар

мен орыс зобырлығынан, тіпті жапсарлас қырғыздың барымтасарымтасынан қорғай алатын санаулы жергілікті батырлардың қатарында болатын. Екіншіден, Жамбылды Сарбаспен әдейі айтыстырып отырған Дулаттың атақты атқамінерлерінің алдында кеше ғана көздері көрген батырлардың ерліктерін еске түсіру арқылы Шапыраштының аруағын көтеріп, шабытын шақырып, менменсіген топқа сес көрсету мақсаты да бар еді.

– Мен де Шапыраштының ұлы едім,

Алтыннан қылыш сермеген.

Көп Дулаттың баласы,

Расын-ақ сенен аз едім,

Аз да болсам, батыр ем.

Топты жерге барғанда

Саулап тұрған сөз едім,

Жаулыжерге барғанда

«Атамын!»деп пестонды

Көк беренді кезендім.

Бүгінгі күнге дейін Қазақстан тарихы мен әдебиетінде аталған батырларбіршама зерттелді. Тіпті, XIX ғасырдың екінші жартысындажарияланған ғылыми еңбектерде, түрлі жинақтарда бұл тұлғаларға қатысты, олардың сыртқы жаулардан елін жерін қорғаудағы ерлік іс-қимылдары жазылған. ОлардыңЖетісу қазақтарының арасындағы беделі, қолбасшылық қырлары, батылдығы орыс ғалымдары мен әскербасы-генералдарын да тандандырған. Сол тұста Сұраншы батырҚоқан басқыншыларына қарсы ұлт-азаттық көтерілісінің басшысыретінде Ұзынағаш, Күрті, Қордай – Отар – Сайрам соғыстарына қатысып, көзсіз ерліктің үлгісін көрсетті. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Орталық ғылыми кітапхананың Сирек қорларында «Сұраншы батыр» жырыныңЖамбыл жырлаған нұсқасы (ОҒК. 651-бума; ӘӨИ. 440-бума), Саяділ Керімбеков жеткізген «Сұраншы мен Тезек төре дастаны (ОҒК. 725-бума, 1-30 бб.), жырдың 1933 жылы Жамбылдың айтуынан Тәнеке Жарықбасов жазып алған, сондай-ақ Ыбырайым Бейсенбетұлы мен Рысбай Рүстембекұлы осы ұлы ақынның аузынан хатқа түсірген шығарманың қара сөз үлгілері (ӘӨИ. 164-бума) сақталған. Соңғытуындылардың негізгі мазмұны жырдың сюжеттік желісіндегі кейбір оқиғаларды қамтыйды. Соған қарағанда, батырдың ерлік істері алдымен аңыз-әңгіме ретінде тарап, кейін жырға айналған сыңайлы.

Жырды зерттеген біршама ғалымдар Жамбылдың Сүйінбайдан қалған эпикалық дәстүрді әр кезеңдерде өзінше, тың өзгерістермен жалғастырып отырғанын айтады. Бұл ретте С.Бегалин: «Жамбыл жасынан хикаялы жырды айтуға құмар болған. Әсіресе, оны қызықтырған – ел қорғаны болған ерлер жыры. Сүйінбайдың айтуынан өзі ұғып, көп жеріне жыр қосып молайтып алған «Сұраншы жырын, Күсеп ақын жырлап ескірген кезде жұрнағын ұғынып, жаңғыртып алған «Өтеген жыры» (Бегалин С. Жамбыл: Өмірбаяндық хикаят. – Алматы: Жалын, 1996.93-б.), –деген пікір білдірсе, профессор Е.Ысмайылов: «Поэмаға ақын қазіргі дәуірдің (кеңес кезеңінің – У.Қ.) патриоттық тұрғысынан идеялық қорытынды жасайды. Сұраншының ерлігін, ол дәуірдің тарихи оқиғасын айқын дайын сюжетке қызығып, қайта оралу мақсатымен жырлаған емес, сол тарихи оқиғаны бүгінгі патриотизм идеясы тұрғысынан жырлайды.

Сөйтіп, Жамбыл «Сұраншы батыр» поэмасын жеке үзінді, жеке аңыз әңгіме түрінде революциядан бұрын бастап, кеңес дәуірінде ақындық таланты қайта туып, гүлденуі арқасында бұл күрделі шығарманы жырлап аяқтады», – деген тұжырымға келеді.

Өкінішке орай, Саурық батыр туралы тарихи деректер, құжаттық материалдар тым аз сақталған. Дегенмен, Қазақстанның тәуелсіздік кезеңі ХІХ ғасырдағы қазақ халқының саяси-әлеуметтік жағдайын, елінің бостандығы үшін сыртқы жаулармен күрескен Саурық сияқтыбатырлардың фольклор мен авторлық ауыз әдебеттегі бейнелері арқылы оның ортасын жан-жақты зерттеудің жаңа көкжиектерін ашып берді. Қазір Ұлттық кітапхананың, Орталық ғылыми кітапхана мен М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының сирек қорларында бұл тарихи тұлғаларға қатысты көптеген халық ауыз әдебиетінің үлгілері сақталған және олар әртүрлі нұсқаларда жеткен. Олардың ішінде аңыз-әңгімелер, тарихи жырлар, өлеңдер аз емес. Мұндай рухани құндылықтарды, әсіресе деректерді жинаудың мүмкіндігі әлі де бар.

Саурық батыр – Жетісулық халық ақындарының шығармашылығында айырықша орын алған батырлардың бірі. Бұл тақырыпты жырлау ұлы Сүйінбайдан бастау алып, кейін оның Жамбыл, Үмбетәлі, Әбдіғали сияқты шәкірттері жалғастырған. Профессор М.Жолдасбековтың мына деректері бұл пікірді толық қуаттайды: «...Жамбыл өз бойына Сүйінбай ұстазының ақындық, азаматтық өмірінің осы қасиеттерін дарытады. Оның Өтеген,

Саурық, Жабай батырлар дастандарын және Тезек төремен, кыргыз ыршысы Қатағанмен айтыстарын үйренеді» (Жолдасбеков М. Асыл сөздің атасы: Зерттеулер. – Алматы: Білім, 1996. 21-б.).

Мысалы, «Сауырық батыр» жырының Жамбыл нұсқасында Жетісу қазақтарының сол тұстағы тарихи-әлеуметтік жағдайы, сыртқы жаулардың оларға істеген қысастығы былайша суреттеледі:

...Жетісуда қазақтың
Көрген күні кем еді.
Жан-жағында күнде жау
Елге тыныштық бермеді.
Бір жағынан – қалмақтың
Ұрылары талады.
Бір жағынан – қырғыздың
Орман ханы ойқастап,
Күнде мазаны алады.
Үшінші жақтан– Қоқанның
Бегілер бегі қоқандап,
Әскерімен топырлап,
Ауыр салмақ салады ((ӘӨИ, 155-бума).

Міне, халқының басына түскен осы ауыртпалық Саурық батырды ойландырады, «Жер мен судан қуылған, қатын-бала, жаскәрі – беті жаспен жуылған» жағдайды көріп, ақ найзаның басына желекті ту байлап, атқа қонады. Батыр ата-бабаларының аруағына сиынып, жан-жақтан анталаған жаудан елін қорғады. Сауырықтың араласуымен қоқандықтардың Ілескер құсбегі (әскер басы) терекке байланып, атылады. Қырғыздың атақты манабы Орман ханды алдына келтіріп, айып төлетеді. Қоқанның құсбегі жалған жала жауып Дулаттың Сыпатай батырын өлім жазасына кескенде де Саурық жанынан табылып, жақынын жауға бермей, босатып алады. Сөйтіп, елін, жерін сыртқы жаудан да, дауданда қорғай жүріп темір талқыдай шыныққан, жұртының шашылғанын жинап, меймандарын сыйлаған батыр бүкіл Жетісудың ардақтысына айналады.

«Сауырық батыр» жырына байланысты әр кездері аздаған ой-пікірлер айтылғанмен, жан-жақты зерттеліп, толымды ғылыми тұжырымдар жасалған емес. Бұл – келешекте фольклортанушылар арнайы тоқталатын мәселелердің бірі. Жырдың Жамбыл, Әбдіғали нұсқаларынан өзге де үлгілері болғандығы, олардың белгісіз себептермен сақталмағандығы туралы да мәліметтер кездеседі.

Жамбылмен он жыл бойықоян-қолтық араласып, оның өмірі мен шығармашылығы жөнінде үлкен ғылыми еңбек жазған С.Бегалиннің деректеріне қарағанда, 1920 жылы Верныйдағы жас Кеңес өкіметінің басшылары Жетісудың халық ақындарын жинап, олардың шығармашылығына байланысты байқау өткізген. Жиын соңында өкілдер көңілден шыққан бірнеше ақынға арнайы тапсырмалар береді. Атап айтқанда, Жамбылға Өтегенді, Үмбетәліге Сауырықты, Мақышқа Тазабекті, Бармаққа Бәйсейітті, Садыбекке Сыпатайды жырлау тапсырылады. Жамбыл Сүлеймен деген шала қазақтың үйінде жатып, «Өтеген батыр» жырын айтады. Мәңке болыстың молдасы хатқа түсіреді. Кейін бұл нұсқа із-түссіз жоғалып кеткен. Қалған жырлар да осының кебін киген.

Осы оқиғаға қатысты С.Бегалинге Үмбетәлі ақын мынандай естелік жаздырған: «Саурықты мен жырладым, өйткені онда қырғыз бен қазақ бар еді. Және бастауын бастасам да, осы Алматыда, облыстық комитетте істеп тұрған жігіт ұнатпай, аяқтамай тастадым. Өйткені Саурықтың соғысы ылғи қырғызбен екі арада болған еді. Және Саурықты қырғыз Көрпік батыр... өлтірген. Өйткені Көрпік Кеңесары өлтірген Жаманқараның інісі екен. Кеңесары Жаманқараның інісін Саурықтың аулының қасында, ақ үйлі болып отырғанда өлтірген екен. Жаманқараның інісінің өлімі жөнінде Саурықпен аса өш екен. Бұларды айтуға екі елдің өткендегі қателігі ел арасында әлі де ұсақ араздықты қайта туғызбасын деген ой болды» (Бегалин С. Жамбыл: Өмірбаяндық хикаят. – Алматы: Жалын, 1996. 168-169 бб.).

Жыр нұсқаларында ақындар басты кейіпкерді әсірелей бейнелеп, кейде сюжет желісіне батырлық жырларда кездесетін қалыпты оқиғаларды, мотивтерді кіргізгенімен, көркемдік шынайылық пен тарихи шындықты алшақтатпай, үндестіре жырлайды. Саурықтың дара тұлғасы, ерен ерлігі, адами қасиеттері жан-жақты қамтылады. «Жамбылдың жырлауында Саурық Жетісудағы қазақ халқына тиген жауға қарсы күрестерді бастаушы батыр болып суреттеледі... Жамбыл Саурықтың адамгершілігін, ел ішіндегі әділдігін, дауда шешендігін, қиын жағдайда дұшпанның алдында табанды қайраттылығын, менменсінген жуандарды жуастырып отыратын мықтылығын, ақыл мен қайратты бірдей ұстап, елдің бірлігін сақтап, жұртқа бас бола білген деп жырлайды» (Ысмайылов Е. Жамбыл және халық ақындары. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1996. 97-б.).

Сондықтан ел тәуелсіздігі үшін күрескен батыр бабалардың рухын ұлықтап, келешек ұрпақтардың жетесіне жеткізу бағытында нақты іс-шаралар жүргізудің кезегі келген сияқты. Біріншіден, батырлардың сүйегі жатқан жерлерді анықтап, кесене тұрғызу жұмыстарының жоба-жоспарын жасауды кешіктірмеген жөн. Бұл–бүгінгі ұрпақтың аруақтар алдындағы қасиеті борышы.

Екіншіден, Саурық пен Сұраншының өмір жолдарын, шынайы тарихи бейнелерін олардың ата-бабалары: Қарасай, Қашке, Жарылғап, Қараш, Қастек сынды батырлар, замандастары Сыпатай, Байсейіт, Сарыбай, Сүйінбай, Тезек төре т.б. Жетісуға танымал азаматтардың өмірімен, сол кезеңдегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік ахуалдармен салғастырыла зерттеу қажет.

Бұл тақырыпты игеруде Қазақстан тәуелсіздік алған жағдайда туған мүмкіндіктерді толық пайдалана отырып, соңғы жиырма жылда жарияланған ғылыми еңбектерді, көршілес елдерде, атап айтқанда, Ресей, Өзбекстан мен Қырғызстанның ірі қалаларында (Мәскеу, Санкт-Петербург, Омбы, Орынбор, Қазан, Уфа, Ташкент, Қоқанд, Бишкек т.б.) мұрағаттық деректерді молынан қамтып, тарихи процесті жүйелі түрде жан-жақты зерттеу негізгі мақсат болмақ. Мұның өзі ұлттық тарихтың ондаған жылдар бойы қалыптасқан таптық принцип шеңберінен шығарып, халықтық мүдделер тұрғысынан талдап-зерттеуге жол ашатын болады.

Үшіншіден, Саурық, Сұраншы батырларға байланысты Ұлттық кітапхананың, Орталық ғылыми кітапхана мен М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының, Жамбыл мұражайының сирек қорларында сақталған жыр нұсқаларының, аңыз-әңгімелердің, әдеби зерттеулердің негізінде ғылыми басылым дайындалуға тиіс.

Жаңа дәуірдегі тарихи процестің тұжырымдамасы осы салаға жаңа көзқарастар мен ерекшеліктің қазіргі түсініктер рухында, жаңаша ұғыну тұрғысында қамтуды, бірінші кезекте жаңа әдіснамалық деңгейде қарастыруды талап етеді. XIX ғасырдағы қазақ-қырғыз, қазақ-қоқан, қазақ-орыс, қазақ-қытай қарым-қатынастарын, сол кезеңдегі Жетісудағы қазақы қоғам, руаралық қайшылықтарды т.б. терең зерттеу арқылы ғана Сұраншы батырдың айқын бейнесін ашып, тарихымызды толықтыруға, соның негізінде жас ұрпақтың патриоттық сезімін шынайы түрде оятуға болады.

ЖАМБЫЛДЫҢ ДІНГЕ ШЕКСІЗ ҚҰРМЕТІ

Ұлы өмір ағыны бір сәт тоқтамайды. ХХІ ғасырды аттағанымыз кеше сияқты еді, міне, оның алғашқы он жылын артқа тастаппыз. Жаһандану дәуірі, ғаламторға шырмалған заман деген кезеңде ұлыларымызға жаңаша көзқараспен қарайтын уақыт келді.

Қазақ деген ұғыммен қатар жүретін ұлы Жамбыл жайлы талай зерттеулер жазылды, бірақ бәрі сонау кеңестік кезеңнің тар қыспағынан шыға алмады.

Ақиқатты аршып, ашық айтатын Тәуелсіздік алдық. Жамбыл ғұмыры мен шығармаларын қайта қарап, талдап, таразылайтын, зерттеп, зерделейтін ғажап күн туды.

Бекер адамға бақ қонбайды, тегі жақсыдан текті бала туады. «Тұлпардан тұлпар туады, сұңқардан сұңқар туады». Жамбылдың арғы атасы Ыстыбай атағы алысқа кеткен, керегесін кеңге жайған дәулетті де аңғарлы, айтқанын екі еткізбейтін ел басқарған қасиетті жан болған. Әкесі Жапа батыр да батыл, өжет екен. Алдында бес жүзден астам кілең боз жылқысы, отар-отар қойын өргізген елдің аузында, көптің алдында болған айтулы азамат болған. Сарыбай би Айдосұлымен иықтас болып, үнемі оң жақ тізесінде отыратын, кеңсетін кеңесшісі екен. Кеңес өкіметі заманында Жамбылды «кедейдің баласы» деп бұрмалап көрсеткен.

Иә, кәрі тарих, таразы – уақыт бәрін орын-орнына қояды. Аспаннан тәуелсіздік нұр-шұғыласы төгілген осынау сәтте Жамбыл атамыз жайлы аңыз бен ақиқат арасын ажыратып алу үшін біз көпті көрген сұңғыла қария, бүгінде сексен беске келген Әлімқұл Жамбыловпен сұхбаттасуды жөн көрдік. Әлекең – нағыз сыр-сандық, жыр-көмбе, тірі шежіре дерсің. Қазақстанның халық ақыны, Жамбыл атамыздың жанындай жақсы көрген немересі.

Жамбыл ата дін-исламға қалай қарады? Бес мезгіл намаз оқыған ба? Әсіреқызылшыл заманда — Кеңес одағы кезінде бұл жайлы мүлде айтқызбай, жазғызбады ғой. Біз бүгінгі әңгімемізді осы жайлы анық-қанық білуді жөн көрдік.

Әлекең шежіреші, арғы-бергіні кеңінен толғайтын нағыз құйма құлақ зерделі қария.

Әңгімені әріден бастады.

Шапырашты руының екей елінің Сәдібек атасынан Байтөбет баласынан алты бала болған. Бәйбішесінен: Алтыбай, Жетібай, Рысбай, Толыбай – төртеуі де, тоқалынан екі бала – Ыстыбай, Қартабай. Жамбылдың орысша аудармашысы Павел Кузнецовтың «Жамбыл — Ыстыбайдың немересі» деген Жамбылдың өмірбаяны туралы кітабы бар. Сол Ыстыбайдан төрт бала — Қазыбай, Жапа, Жадыра, Майке. Екінші ұлы – Жападан – Тәйти, Жамбыл, Қоман туды. Тәйти – Жамбылдың туған ағасы, 1840 жылы туған. Ыстыбай ұрпағының ең бай болған ұқыпты баласы Тәйти екен. Тәйти екей руындағы Тәймөңке әулиенің мешітінде Әбдіқадыр молладан оқып, бес уақыт намазын үзбейді екен. Әкесі Жапа да дәулетті болған.

Тәйти атамыз екі рет Меккеге қажылыққа барған. Жамбыл атаның айтуы бойынша алғашқы барғанында Орта жүздің тобықты руынан Құнанбай Өскенбайұлымен және Кіші жүз руынан әлім елінің төртқара атасынан шыққан Мырқы деген қажымен танысады. Меккеден қайтқан қажылардың ішінде Тәйти, Құнанбай, Мырқы үшеуі дос болыпты. Құнанбай: «Абай деген ұлым бар, өзі ақын» дейді. Ол кезде Тәйтинің баласы жоқ екен. «Әйелім босанса, атын Абай деп қоямын» дейді. Үшеуі ұзақ әңгімелеседі. Құнанбай «Бәрекелді, біз дос болдық. Үшеуіміз үш рудың баласы екенбіз. Осы Меккеге қазақтар көп келеді. Омар Хаям: «Меккеде қайбір сенің нағашың бар» деп айтқандай, біз қазақ қажылары ауызбірлік танытып, Меккеде тақиядай болса да бір мешіт салдырайық. Келген қазағымыз өз мешітінде тоқтасын, қазақтан үлкен бір ескерткіш болсын», — дейді.

Құнанбайдың сол сөзін үшеуі де және Меккеде келе жатқан басқа қажылар да толық қолдап, «осыдан елге барғанда ендігі келетін қазақтарға да аманат етіп айталық» — деп уәделеседі. Осы үш ата Меккеге баратын қажыларға: «Меккеге мешіт салатын болдық» – деп үгіт таратады.

Жәкеңнің айтуына қарағанда, Тәйти екінші рет Меккеге барғанда шапырашты руының екей елінен: Құдайберген болыс, Қисыбай болыс, Асылбек болыс, Қайқы сары, Исабек Кеуілбай, Шыбыл Сәуірбай, Дәулетбақ деген кісілер қажыға бірге барып, Құнанбай, Тәйти, Мырқылардың бастауымен Меккеде салдырған мешітіне «Тақия мешіт» деп ат қойған.

Қазақстанның халық жазушысы Мұхтар Мағауиннің

кітабынан «Осы үш қажының салдырған мешіті» деп оқыдым, тек қана ол кітапта Тәйтінің аты дұрыс жазылмай, «Тәти» деп жазылыпты. Тәйтi қажы алғаш Меккеден келгенде, әйелі Тәуірбала ұл туады. Сонда Тәйтi атамyz тұңғыш ұлының атын «досымның баласының атын қоямын» деп, Абай қояды. Кейін шапырашты елінің шыбыл руынан Құртқа әулиенің Сатиха деген қызын Абайға атастырып, 49 қара беріп, құда болады. Сол Абай кейін қайтыс болып, екінші ұлын «құдайдан сатып алдық» деп, атын Сатыбалды қояды. Сол Сатыбалдының еркелеткен аты – Сатыш еді.

Тәйтiнің інісі Жамбыл өте ерке болып өскен. Жапа мен шешесі Ұлданға бағынбай, ағасы Тәйтiні сыйлайды екен. Әкесі Жапа 87 жасында қайтыс болыпты. Анасы Ұлданның атасы жалайыр Қанадан деген қобызшы болған. Жамбыл жиі барып, нағашысынан қобыз, домбыра үйренген. Аталары Жапа, Жадыра атақты батыр болған. Қоқандықтармен болған соғыста Жапаның аяғына садақтың оғы тиіп, ақсақ болады. Құртқа тәуіп емдеп жазыпты. Тәйтi атамyz екінші рет Меккеге барарында Жамбыл інісін шақырып алып: «Шырағым, Жамбыл тентегім, сен еркелікті қой, үйге, шаруаға қара, мына атаңнан қалған, менен қалған малдарға көз қырыңды сал. Мына сенің інің, менің ұлым — Сатышты саған құдай алдында тапсырам. Жасы сегізде. Осыдан қажылықтан аман келсем, қолыңнан алайын. Алла Тағала маған аян берді: «Келмейсің, Мединада өлесің» деді. Міне, оң қолыңа тапсырамын, ал келмей қалсам о дүниеде оң қолыңнан алайын», — деп Жамбылдың бетінен сүйіп, Сатыш ұлын табыстаған. Тәйтi ата сол кеткеннен Меккеден қайтпай қалады. Шыбыл руынан Меккеге бірге барған Сәуірбай қажы ғана келеді. Тәйтi Сәуірбайдан «аманат» деп жиегіне алтын жіп көмкерген жайнамаз, алтын жалатқан ағаш тегеш беріп жібереді. Сол сапарға шыққанда Құдайберген болыс өзінің зерленген шапанын Тәйтiге жабады.

Дулат руында бір үлкен тойға Жамбыл ақын, Сәуірбай қажы да барады. Сол тойда Жамбыл атам да болыпты. Құдайберген болыстың бір тігінші туыс әйелі Сәуірбайдың үстіндегі өзі тіккен шапанды танып, «Құдайбергеннің шапанын кім киіп жүр?» деп сұрайды. Сұрастырса Тәйтiмен, Құдайбергенмен Меккеге бірге барған Сәуірбай қажы екен. Соны көріп Жамбыл Сәуірбай қажыға былай деп өлең айтқан екен:

Қажыға енді барса, шыбыл барсын,
Шыбылдан басқаң барсаң шығындарсың.
Тамам қажының дүниесін жинап алып,
Сәуірбай үйіңе барып жымындарсың.

Сонда Сәуірбай кінәсін мойнына алып, бір түйе бастаған бір тоғыз айып, және алтынмен зерлеген жайнамаз, алтын жалатқан ағаш табақты Жамбылға береді.

– Сонда Тәйтi мен Абайдың әкесi Құнанбай таныс, Меккеде бiрге болған дейсiз бе? Жамбыл Абайды бiлген бе?

– Тәйтi Жапаұлы 1840 жылы туған. Аталары Ыстыбай, Жапа беделдi бай әрi дiндар адамдар болған. Осы байлықтың арқасында Тәйтi аға екi рет Меккеге барған, Меккеде Абайдың (Ибраһим) әкесi Құнанбаймен, кiшi жүзден Мырқы қажымен кездеседi. Ұлы жүзден Тәйтi, Орта жүзден Құнанбай, Кiшi жүзден Мырқы үшеуi достасады, ақылдасады.

Қазақ журналистерi: «Абай мен Жамбыл кездестi ме?» — деген сұрақты көп қояды. Ал қазақтың ұлы ақындары бiрiн-бiрi естiсе бармай, кездеспей қоймайды.

Жәкеңнiң бiр өлеңiнде:
Семейге де барғанмын,
Көп жақсы адамның,
Ортасында болғанмын,
Талай жақсы адаммен,
Бiрге отырып сайрадым, — дейдi.

Жәкеңе Мұхтар Әуезов сұрақ қояды: «Жәке, Абайды қандай ақын деп бiлесiз?» – деп. Сонда Жәкең ойланыңқырап отырып: «Ол Абай – қазақ ақындарының пайғамбары емес пе?!» деп жауап бередi.

Академик Мұхтар Әуезовтiң бiр мақаласын оқығанымда, Жетiсу ауылына Ақбақай деген жеңгесiн iздеп, Абай келедi, Ұлы жүздiң қасқарау руынан Ноғайбай деген кiсiнiң үйiнде болады. Ноғайбаймен, жеңгесiмен амандасып, қайтарда Майтөбе жайлауында әкем Құнанбайдың жолдасы бар едi, — деп қажыға барған Жамбылдың ағасы Тәйтiге сәлемдесе келедi. Тәйтi атамыз тай сойып, құрмет көрсетiптi, қатты ризашылықпен, жегжат болып қайтышты.

Тәйтiнiң, Абайдың, Жамбылдың жегжаттығына мынадай дәлел бар. 1974 жылы Қызылорда облысының Қармақшы ауданында

Қорқыт ата ескерткішінің ашылуынан келе жатыр едім, қолымда қабымен домбырам бар, вагонда бірге отырған бір қарияға сәлем бердім, сәлемімді алды. Ол қабағы ашық әңгімешіл адам екен. «Балам, сен ақынсың ба, әртіссің бе?» деп сұрады. Мен жөнімді айттым: «Тойдан келе жатырмын. Ұлы жүз шапырашты руы, екей еліненмін, Жамбыл Жабаеттың домбырасын ұстап жүрген немересімін, ақынмын» дедім. Сонда қария қалтасынан алып, бір өлең көрсетті, өлең Жамбылдың Абайға көңіл айтқан өлеңі екен. Абайдың ұлы Әбдірахман Алматыда қайтыс болып, соған Семейден баласы Мағауия келіп, Алматы қаласында тұратын шалақазақ Әбсемет байға, Байбұлан байдың үйінде жаздың күні қайтқан Әбдірахманды суық киізге орап, үстіне мұз бастырып, суық күзде бір-ақ апарады. Жамбыл атаға Жаныс Сәт Ниязбеков болыс және Қисыбай Сарыбайұлы болыс келіп: «Алматы қаласында Абай ақынның ұлы қайтыс болыпты, соған бауыры Мағауия келіпті, олар шалақазақ Әбсемет пен Байбұланның үйінде екен, соған барып көңіл айтып қайталық» дейді. Үшеуі атпенен Алматыға келіп, шалақазақ Әбсемет үйінде Мағауиямен кездесіп, Жамбыл ата бір жағы жегжаты, бір жағы замандасы Абайға сәлем бере осы өлеңді жолдапты:

Сәлем айт, барсаң Абайға,
Кеңесі кеткен талайға.
Ауырды жеңген қара жер,
Сабырлы болсын қалайда.
Бір жұтқан дүниесі
Ащысын татып, күймесін.
Жапанға біткен бәйтерек,
Жалғызбын деп жүрмесін.
Кемелге келген осылай,
Тасқынды тәңір басуы-ай!
Нар көтерген ауырға,
Арқасын тоссын жасымай.

Түсініктеме. Жамбылдың бірінші томында, 310-бетте 1896 жылы көктемде Алматыдағы Әбдірахманның сүйегін алып қайту үшін Мағауия бастаған Ысқақ Сатыбаев, Тәуеке Байтуаров Әбсеметтің үйіне келді. Әбсемет — Құнанбайдың інісі Жақыптың қызынан туған жиені, ол Жамбылмен сыйлас, құрметтес адам болған. Жаңағы вагондағы қария Павлодар облысы Қызылжар ауылының ақсақалы екен. Мен сол уақытта аудандық «Сталин

жолы» газетінің және Алматы облыстық «Коммунизм таңы» газетінің тілшісі едім. Осы Жамбыл атаның Абай атаға көңіл айту өлеңін екі газетке де бердім.

Қорыта айтқанда, Құнанбай мен Тәйтi де, Абай мен Жамбыл да таныс, сыйлас екендігі көрінеді.

1996 жылы Жамбыл атаның 150 жылдық тойына егеменді еліміз екі мың ақ боз үй тігіп, республика өкімет басшылары,

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзі басшылыққа алып, кең көлемде той өткізді. Палуан сайыс, қыз қуу жақсы өтті. Мұхтар Мағауин бастаған Абай ауылының ақсақалдары Жәкеңнің тойына үй тігіп әкелді және ат, түйе жетектеп келіп, Жамбыл немерелеріне құрмет көрсетті. Ұлы қазақ халқына Абай мен Жамбыл егіз, тетелес сияқты. Екеуі де діндар, бес уақыт намазын үзбеген адамдар, бабаларымыздың аруағы қолдай берсін.

Менің атам Жамбыл ақтық демі таусылғанша бір Алланың хақ екеніне қапысыз сенген адам. Өзі шамасы жеткенше бес уақыт намазын қаза қылмай өтті. Мұсылман баласының имандылығына жат әдеттерді, әсіресе арақ ішіп, темекі тартқан, біреудің сыртынан ғайбат сөйлеген адамдарды жақтырмай отыратын.

Мына жаһан дүниенің шексіздігін, оны шебер ойластырып жаратқан ұлы Алланың ақиқат екенін әрдайым тамсанып айтып, айналасындағы дінге бейімі бар жандарды әспеттеп сөйлейтін. Тіпті өзі қатты науқастанғанда, халін білуге келген Сәбит Мұқановқа үкіметтің ауруханасында иманын айттырып, аят оқытқаны туралы естелік жарияланды ғой.

Жамбыл ата молдаларға қалай қарады?

Жамбыл мен Әбдіқадыр деген молданы етене жақындатқан – исламға деген сенім, Аллаға деген шексіз махаббат.

Ежелгі Қашқар қожаларының тұқымынан өрбіген Әбдіқадыр Иманхунұлы өзін Моллахун қаридың шәкірті санайтын. Сол кездегі Қашқар медресесін бітірген ол да қасиетті Құранымызды түгелдей мәнерлеп жатқа оқитын қари дәрежесіне жеткен діндар оқымысты еді. Кейіннен естуім бойынша, Қашқарда Моллахун қаридың алдынан өткен шәкірттері, оның діни тұрғыдан да, заманауи ғылымнан да жан-жақты хабары бар, терең білімді болғанын айтатын, бәрі де одан дәріс тыңдағанын мақтан тұтатын.

Адамға бақ Алладан бұйыратыны рас. Қазір, кейде ойлаймын.

егер Жамбыл өз таным-түсінігі арқылы Аллаға мойынұсынбаған адам болса, осындай абыройға жетер-жетпесі неғайбыл екен-ау деп. Алланың әрбір астарлы аятынан сусындап, ғибрат алған Абай мен Жамбыл қазір халықтың ақыл-ойы, қазақ жырының алыбы аталды. Осында бір заңдылық жатыр деп ізденген дұрыс-ау. Қаншама діни әңгіме, дін-исламдық қисса дастандарды зердесіне тоқып, жеке қалғанда біздерге айтып отыратын. Болмаса қараңызшы, соншалықты дархан түйсікпен, ерекше бүкіл шығыс қиссаларын көкейге тоқып, зерек зердеге иелік ете ала ма, толқындата буырқанып, лағыл жырлар төге ме? Алланың шын ықыласы түспеген адам жасы сексеннен еңкейгенде осыншама атақ-құрметке қалай жетеді? Қазақта аузымен құс тістеген қаншама дарынды ақындар болды, қаншама жыраулар өтті сол заманда. Солардың бәрінің арасынан Жамбылға жаратқанның шапағат нұры неге ерекше жарқырады? Мұның бір сыры бес уақыт намазын қаза етпеген діндарлығында жатқан шығар деген ойды мен қазір жасым тоқсанға қадам басқанда ғана түсіне бастадым.

Жаттың жасқауынан жапа шеккен молда Әбдіқадыр Қашқардан қол үзгенде, әрине, енді туған жерден топырақ бұйырмайтынын қайдан білсін. Жас кезінде Моллахун ғұламаның сан тарау білімінен сусындаған ол парсыша да, арабша да жетік білетін. Соған сенді ме екен, әйтеуір басына азаттық, жанына ақиқат іздеп, Меккеге қарай ұмтылып, жолға шығады. Бірақ, «адамның басы Алланың добы» деген сөздің де жаны бар, небір азапты сенделістер басталып, әуелі Ауғанстан, Үндістан жерін біраз шарлаған ол, енді Орталық Азия мемлекеттеріне жол тартады. Тағдырынан тиянақ іздеген молда Түркіменстан мен Өзбекстанның, Әзірбайжанның біраз қалаларын аралайды. Красноводскіден Гянджаға, Бакуге, Ташкент пен Ош қалаларына табаны тиген діндар азамат мұсылман қандастарынан қаншама қолдау тапқанымен, саясаттың салқыны сапарын оңға бастырмайды. Ақыры сансырап, Алматыдан бір-ақ шыққан оны, ендігі өмірі қазақ бауырларымен байланыстырады.

Дәл қазір екеуінің қалай танысқанын мен анық айта алмаймын, дегенмен Жамбылдың назарына іліккен Әбдіқадырдың да бекер адам еместігін сезем. Өйткені ол Абайдың көптеген өлеңдерін жатқа білетін. Шоқанның Қашқарға жасаған сапары туралы әңгімелерді Жамбыл талай айтып отырғанын көргенмін.

Өзі де қазақ тілінде жатық сөйлегені былай тұрсын, қазақша өлеңдер жазатын адам еді. Көзі жұмылғанша қазақ халқына деген ризашылығын, Жамбылдың өзіне жасаған әкелік қамқорлығын қайталап айтудан жалыққан емес. Тарихтан, ұлттық музыкадан хабары мол, Құранның кез келген аятын жатқа судырататын қари, әрине, Жамбыл тәтемнің қарт көңіліне діни демеу болған адам. Сондықтан да ақын оны ерекше жақсы көріп, Октябрь революциясынан кейін жабылып, мектепке айналған Қарғалыдағы Сәт болыстың мешітіне 1944 жылы имамдық қызметке ұсынған.

Осы арада тағы бір тарихи дерекке жүгінген жөн. Алматы облыстық «Огни Алатау» газетінің 2001 жылғы 16 қаңтар санында жарияланған Алматы облыстық Мемлекеттік мұрағат басқармасының бөлім бастығы А.Аджигайтканованың мақаласында мынадай мәліметтер бар: «Октябрь революциясына дейін Алматы облысында 15 мешіт болса, оның 10-ы Алматы қаласында еді. Діни топтар арасындағы жанданыс 1943-1944 жылдары басталды. Мұсылман дінін ұстанатын алғашқы діни топтың қатарында 200-250-ге жуық адам болды. Олар Жамбыл ауданының Ленин атындағы және «Майбұлақ» колхоздарында (қазіргі Қарғалы ауылы — Ә.Ж.) тұратын қазақтардан басқа да мұсылман ұлттарынан құралды. Екінші топ бірінші топтың ықпалымен Ұзынағаш ауылында құрылды».

Міне, осыдан көріп отырғанымыздай, қасиетті дініміздің құттыхана мешіті қайта жанданғанда, оған лайықты имам табу оңай болды дейсіздер ме? Бұрынғы дінбасыларының бәрін қуғын-сүргін жалмаған. Қара танып, Құран ұстауға жарайтын мұсылман баласы саясаттан үркектеп, мешітке аттап баса алмай қалған заманда, кімнің жүрегі дауалап, имам болуға ұмтылсын? Осындай сындарлы сәтте исламға шексіз берілген, иманы кәміл білімді молдаға зор сенім артып, Қарғалыдағы дін ордасының тізгінін ұстатқан да ұлы Жамбыл тәтем еді. Ел ішінде Әбдіқадырдың «Жамбылдың молдасы», «ұйғыр молда» аталуы тегін емес. Оның білімдарлығы мен адалдығына көзі жеткен қарт жырау қауқары кеткенге дейін қасынан тастамай, қамқор болды, «мен өлсем, әлдекімге қор қылмай, жаназамды өзің шығар», деп отырғанын талай естідім. Халін білуге келетін Жұмабай Шаяхметовке де осы өтінішін бірнеше рет қолқалап, Сәт болыс салдырған мешіттің қайта ашылуына сол кісі арқылы ықпал еткен Жамбыл екенін бүгінде біреу білсе, біреу білмейді. Жамбыл атам әр жұма сайын

Қарғалыға барып, Сәт мешітінде жұма намазын оқып қайтатын.

Кейіннен Жамбыл қайтыс болғанда атақты абызды Әбекең өз қолымен арулап аттандырды. Жаназасын шығарушылардың бірі болды. Сөйтіп ақынның аманатын ақырына дейін орындады.

– Кеңес үкіметі кезінде қазіргі Алматы облысындағы Жамбыл ауданында бірде-бір мешіт қалмай жабылып қалады. Мешіттерді қиратып, оны қойма, сиыр қорасы етіп жібергені белгілі. Сонда Жамбыл атам Сталинге хат жазып: «Мен бес мезгіл намазымды қаза қылмайтын мұсылманмын. Намаз оқитын мешіт жоқ, сондықтан да Қарғалыдағы Сәт мешітін ашып бер» деп хат жазғанын естігенбіз. Сәт мешіті ХІХ ғасырдың соңында Сәт Ниязбекұлы деген қайраткер, дәулетті болыстың басшылығымен, ел азаматтарының үлкен қолдауымен салынған. Бұл іске Шамалған болысындағы Назарбай би, Қарғалыдағы Егізбай бай және басқа да атақты азаматтар көп көмегін берген.

Иә, жақсылардың рухы бізді әрдайым қолдай берсін!

Әлеке, сіздің дін-исламға алғаш бет бұрысыңыз қашан басталды осы?

Бұған да Жамбыл атам себепкер болды. Әуелі атамыз жөнінде аз-кем айтып берейінші. Жамбыл ылғи көңілді жүретін. Ыңылдап өлендетіп, бірдеңелерді күбірлеп, іштей толғаныста отыратын нұрлы келбеті есімде. Жуық арада ашуланбайтын байсалды еді. Ал ашуы келсе, шарт-шұрт еткен найзағайдай шатырлап, ешкімге дес бермей, өз айтқаны болмаса көнбей кететін. Өте мазасын алған адамды жақтырмайтын.

Өзі көпшіл еді. Кісі келгенді жақсы көретін. Үйге біреу келеді дегенді естісе, соны тосып, «келді ме?» деп қайта-қайта тықақтап сұрап, мазасы кетіп, сыртта тосып жүретін. «Өзіміз елге көп қонақ болдық, алдынан шық-пасаң, қонақтар өкпелеп қалады» деп кішіпейілділік жасайтын.

Келген кісіні қалжындап, күлдіріп отыратын. Бір кісі шақыра қалса, қалмай баратын. «Шақырғаннан қалма, шақырмағанға барма» деген қағиданы берік ұстанатын. Киімге ұқыпты қарайтын, таза киінетін, қазақы бөркінің тысын ақпен тыстатып, сәл кір шалса ауыстыртып алатын. Сонша бір ауыр киінуді жаратпайтын. Өзіне не кісе де жараса кететін сияқты еді. Аяғына кебісті мәсі киіп жүретін.

Көп ұйықтамайтын, құс ұйқылы адам еді, сәл көзі ілініп кетсе болды, ұйқысы қанып қалғандай болатын.

Сүйегі өте ауыр кісі еді, атқа мінгенде белі қайқайып кететін. Күрең жорғамен өте қатты жүргенді ұнататын.

Тамақты талғап жейтін. Ет келгенде өзі бір кесегін алып, асықпай талдап жеп отыратын. Көбінесе айран, қымыз ішетін. Шайды ілуде бір болмаса көп ұнатпайтын. Құрт қатқан тары көжені, жентті, әсіресе жас құртты жақсы көретін. Кәрі адам емес пе, бір жері ауырса, қатты қауіптеніп, жақын көршілері «Мыржыны, Нұрбекті шақыр, маған иман оқысын» деп әбігерге түсетін. Жарым түнде ме, таңға жуық па, әйтеуір мезгілсіз уақытта шақыртып, бәрімізді әуреке салатын.

Бұл құран білетін адамдар кейде үйлерінен табылмайды. Содан кейінгі кезде Жәкең Қожаштың Қастектегі қайнағасы, өзімен замандас Нұрқожа молданы бір күні шақыртып алып: «Осы иман-шартты мына Әлімқұл немереме жаздырып алып оқытсам бола ма?» деп сұрады. Ол кісі: «Ондай болса, тіпті жақсы. Бұл деген өте сауапшылық» деп, маған иман-шартты дауыстап айтып отырып жаздырды. Атам мазасызданғанда мен соны оқитын болдым. Қағаздағы сол иман-шарт менде әлі күнге дейін бойтұмардай сақтаулы.

Атам қайтыс болғаннан кейін бірде Тезекбай ағам маған ренжіп, тіл тигізгені бар. Сонда мен: — Әй, аға, сенің маған сөйлеуге хақың жоқ. Өйткені, мен ұлы Жамбыл атамның иманын оқыған молдасымын ғой, — дегенде: -Ой, Әлеке, кешір. Сен мені жеңіп кеттің, — деп жөнге тоқтаған. Кейіннен расында мақтап жүретін болды.

Менің әкем Тоққұлы молда болған адам екен. Жамбыл атам мейірі түсіп: «Молдам, Тоққұлы түрігім» деп, еркелетіп, бетінен сүйіп қоятын. Түрігім дейтіні, Тоққұлы еріні түріктеу жаралған адам көрінеді.

Титтейімнен атамның жайнамазын алып беріп, намаз оқығанда қасында бірге тұратынмын. Намаз оқыған кезде ерекше балбырап, балқып, беріліп оқитын. Нұрланып, көзінде нұр ойнап, құлпырып, жайнап шыға келетін.

- Ал, енді осы ұлы адамның қазасы қалай болды, жаназасы қалай шығарылды? Алыпқашпа әңгімелер ел арасында өріп жүреді. Соны ашып айтып беріңізші?

- 1945 жылғы маусым айының 10-нан бастап атамның жағдайы күннен-күнге төмендей берді. Содан қатты ауырып, төсек тартып

жатып қалды. Дәрігері Досымбеков Рахымбай деген өзінің жақсы көретін адамдарының бірі еді. Сол Жәкеңді бұрынғы үйінен сырттан кісілер келгенде қонақ ететін 15 бөлмелі үйіне әкеп, өзінің бөлмесіне жатқызды. Үкімет арнайы ірі дәрігерлер шақыртты. Рахымбайды Талдықорған облысына жіберіп, орнына Досжан дейтін бір үлкен дәрігер келді. Бірақ, оны Жәкең жақтырмады. «Қолы жылан сияқты суық екен, сұңқиған ененді ұрайынның, жақындатпаңдар маған» деп, оған бой бермеді. Сосын Досжанды амал жоқ кері қайтарып, орнына Жәкеңнің калауы бойынша Сара Барлыбаева келіп қарады.

Айналасындағы адамдар бар ынтасымен қараса да, Жәкең ештеме әсер етпеді. Ауруы күннен-күнге ұлғая берді. Бағып-күтуші өзінің екі келіні Берікбала мен Рәзия. Сонымен атамның жатқан жері ауруханаға айналып, бейберекет адамдарды кіргізбейтін қамал сияқтанды. Мен күн сайын келіп, көңілін сұрап тұрдым. Содан маусымның 17-і күні дүйсенбіде, шофері Нағашыбек, кенже баласы Тезекбай, дәрігері үшеуі Жәкеңді машинаға салып алып, қауіптенгендіктен ертерек Алматыға ала жөнелді. Біз бұл кісінің өңі қашып кеткеніне қапаланып, жылап қала бердік.

Алматы қаласындағы совнаркомның ауруханасына апарған екен, екі-үш күндей хабарласпай, ешкім қатынамай қалды. Жәкең қайтыс болған шығар деп, қорыққан үстіне қорқа түстік. Соның арасында Алматыдан машинасы келді. Хатшысы Ғали Орманов, шофері, үлкен жазушы Сәбит Мұқанов үшеуі екен. «Жай келіп қайтуға келдік. Жәкең бұрынғысынан жақсы. Сіздер қорқып жатыр ма деп, қуантқалы жеткеніміз осы» деді. Біз көңіліміз орнына түсіп, мәз болып қалдық. Ертеңгі сағат 9 шамасында келіп, тамақ жеп, қайтып кетті.

Содан маусымның 22-сі күні ұзаққа созылған науқасы ақыры Жамбылды қайтпас сапарға жетелеп, алып кетіпті. Радиомен жер жүзіне хабар беріпті. Бұл қазаға халық өте қатты қайғырды.

Жәкеңнің сүйегі екі күнге дейін Алматыда болды. Опера театрында ақынмен қоштасу рәсімін өткізіпті. Біздің колхозға маусымның 23-і күні Жазушылар одағының бастығы Сәбит Мұқанов, хатшысы Ғали Орманов, Қазақстан басшыларынан Сафин, Әбдіхалықов деген азаматтар келді. Колхоздың басқармасы Тұрап Мыржиев, партия ұйымының хатшысы Рысай Жүнісов, ауылдық Кеңестің төрағасы Базарбай Досмұхамбетов үшеуін шақырып алды. Соның арасында, ауданнан райкомның хатшысы

Хабибуллин, аудандық атқару комитетінің төрағасы Жұпарбаев және райкомның екінші хатшысы Досанов үшеуі жетті. Бұлар өзара ақылдасты да, жұмыстағы, таудағы, малдағы колхоздың барлық адамдарына тегіс хабар бергізуге шешім жасады. «Бүгін жұмыс болмайды, Жамбылдың көзі тірісінде туғанына 100 жыл толуын мерекелейміз» деп колхозшыларды, барлық ақындарды жинатты. Сондағы адамдардың сұңғылалығы шығар, қазаның өзін төбеден түскендей етіп естіртпей, астарлап, айламен хабарлайтыны.

Әрине, мұндай хабарға көп адам сенбеді, ұлы ақынның өмірден өткенін сезді. Менің әке-шешем де Майтөбе жайлауында болатын. Оларға да барған кісі «той жасағалы жатыр» деп ертіп келіпті. Жан-жақ түгел жиналған кезде Әбідхалықов, Досанов бастаған қайраткерлер жұртты ретімен отырғызып, жиналыс ашты. Онда Жәкеңнің қайтыс болғаны естірілді. Колхозшылар қатты қайғырып, Жәкеңнің ұл-қызы, келіндеріне көңіл айта бастады.

Жұрт маусымның 23-24-і күндері ұдайы бос болды. Менің әкем Сатыш Жәкеңнің сүйегін әкелісуге Алматыға кетті. Біз Ұзынағаштан алдынан тостық. Атамның мәйіті салынған қаралы тізбек 24-і күні күндізгі сағат 2-лер шамасында келді. Оған ілескен: адам мен әскерилерге, машиналарға көз жетпейді, ұшы-қиыры жоқ шұбырып келеді. Қарсы алып, алдынан шықтық. Қаралы музыкамен шерулетіп ауылға жеттік. Жәкеңді өзінің алты қанат киіз үйінің ішіне жатқызды. Төрт жағынан төрт күзетші қойды. Колхозшылар есіктен кіріп көріп, екінші жағынан айналып шығып жатты. Сөйтіп, түнгі сағат бір шамасына дейін жұрт Жамбылмен қоштасу рәсімін өткерді.

Қазаның жөні әрине, қаншалықты қайғылы дегенімізбен де, Жамбылдың дүниеден қайтуы жұрт үшін қызықты тамашамен жалғасып жатты. Колхозшылардың көңілін көтеру үшін Шашубай, Үмбетәлі, Нұрлыбек, Әбдіғали, Жартыбай, Оспан, Орынбай, Өмірзақ ақындар, Қазақстанның халық әртісі Күләш Байсейітова, Жамал Омарова, Қалибек Қуанышбаев, Құрманбек Жандарбеков, Шара Жандарбекова сияқты өнер қайраткерлері күні-түнімен түрлі тамашалар жасады, неше түрлі өнерлерін көрсетті. Халық оларға әбден риза болды.

Ертесіне, маусымның 25-і күні Жамбылдың сүйегі жерленді. Колхозшылар, қызметкерлер, бүкіл ел-жұрт Жәкең арнап бір-бір уыс топырақ салды. Біздер атамның ақымынан шыққан топырақтың

бір уысын ескерткішке деп алып қалдық. Жерлер алдында күміс зембілмен алып бара жатқанында мың сомның күміс тиыны шашуға шашылды. Жұрт «бұл кісінің қазасы тойға ұлассын» деп, күмісті таласа-тармаса теріп алды.

Осы жерде бір айта кететін әңгіме бар. Ол — Жәкең Алматының бас қазіі Шәріп қажының жасырын жаназа шығаруы. Шәріп қажы 1944 жылы Сталиннің рұқсатымен Меккеге қажылыққа барып қайтқан адам еді. Руы — Арғын болатын. Меккеден оралғанда Жамбылдың үйіне келіп, бізге қарынға құйып әкелінген зәмзәм суынан татырғаны, Жамбылға Меккеден таспих әкелгені есімде. Содан ылғи араласып тұрды. Кейін Екей елімен құда болды. Жамбылдың Мыржы деген інісінің баласы Тұрап осы Шәріп қажымен құдаласып, үлкен ұлына оның қызын әперді. Тұраптың Марат деген сол ұлы журналист еді, бір жылдары облыстық «Жетісу» газетінде істеді. Өмірден ерте аттанды қайран ініміз.

Жамбыл өзі көзі тірісінде Жұмабай Шаяхметовке барып, «Қарағым, мен үзбей намаз оқыған адаммын. Ағам Тәйтi екі рет қажылыққа барған. Сондықтан менің обалыма қалмай, өлгенде мұсылманша жаназа шығартып жерле. Соған уәденді бер. Әйтпесе, Сталиннің өзіне айтамын бұл өтінішімді» деп «қорқытқан» көрінеді. Сол тілегін Жұмабай орындады. Елге көрсетпей, коммунистерге жария етпей, Алматының бас қазіі Шәріп қажы мен Қарғалы мешітінің имамы Иминов Әбдіқадырға жаназа шығартты. Оған Сәбит Мұқанов, Қалмақан Әбдіқадыров, Ғали Орманов және аудан, ауыл басшылары қатысты. Мен бұл оқиғаны көзіммен көрдім. Рәсімін үйде жасап, табытқа ақыретпен оралған сүйегін салды.

Сүйекке түскендер біздің колхоздағы Екейдің жеті атасы ішінен: Ақтөбеттен — Сарыбай әулетінен Қисыбаев Әбдірайым, Бердістегі Саполаттан — Наурызбаев Мекебай, Сәдібектен — Тәйтиев Сатыш, Орыс баласынан — Жылқыбаев Төңірекбай, Ботағарадан — Шортанбаев Нұрқыдыр деген құдасы, Тегенбайдан — Тастеміров Смағұл деген адамдар еді. Осылар Жамбылдың сүйегін жуындырып, арулап ақыретке орады. Біздің ағайындар олардың бәріне өте риза болып, рақмет айтты. Әрқайсысына бір-бір шапан, мың сомнан ақша, бір-бір жейде берді.

Сөйтіп, Сталиннің ордасына барған кезінде де, ешкімнен қаймықпай, өмірінің соңына дейін шамасы кеткенше намаз оқып

өткен Жамбылға осылайша жаназа шығарылып, жөнелту жолы да мұсылманша атқарылған еді.

Жалпы бүкіл ғұмырында ақиқат жолын ұстанған Жамбыл саясаттың салқын қабағына қарамастан, иманына кәміл болды.

Сонымен, атамның сүйегі салынған табыт терең қазылған құдығына ақымынан тас қойылды. Осының бәріне басшылық жасап, салтымыздың сақталуына ықпал еткен адам — Қазақстанның сол кездегі бірінші басшысы Жұмабай Шаяхметов болатын. Уәдесіне берік жан Жамбылдың тілегін орындады.

Жәкеңді жерлеп болған соң үкімет басшылары мен облыс, аудан басшылары дүйім жұрттың басын қосып митинг өткізді. Оған Шаяхметов, Оңдасынов, Шарипов, Әбдіхалықов, Ермағамбетов, Боркеев, Жанғозин, Жан-гелдин, Мұқанов, Әуезов, Әбілов, Жұбанов, Байсейітова, Жандарбекова, Қуанышбаев, Омарова, Орманов, Жароков, Сафин, Мүсірепов, Сланов, Әбішев, Жансаев, Кузнецов, Сатыбалдин, Тәжібаев, Барлыбаев, Нұрпейісова, Бегалин тағы басқа көптеген жауапты қызметкерлер мен елге белгілі азаматтар қатысты. Жиын ұзаққа созылды. Бірінші сөйлеу кезегі Жақыпбек Жанғозинге берілді. Ол кісінің сөзіне бүкіл ел ду қол шапалақтады. Сол сияқты Мұхтар Әуезов сөйлегенде де халық ерекше толқып, ұзақ қошемет көрсетті. Халық ақындары атынан Үмбетәлі Кәрібаев өлеңмен ұзақ толғады. Оның әр сөзін құлақ қоя тындаған көпшілік қауым, кейбір әзілдеріне ду-ду күлісіп, тіпті көңілденді. Осымен митинг аяқталды.

Жәкеңнің басына алғашқы кезде ағаштан төрт бұрышты шарбақ қоршау орнатылды. Оның ортасына, тура Жәкеңнің жатқан тұсына Қазақ КСР Атқару Комитетінен басқа да ресми мекемелерден арнайы жазылған көптеген азагүлдер қойылды. Гүлдер қойылып болған соң, жұрт тарай бастады. Облыстан, ауданнан келген қызметкерлер де қайтты.

1946 жылғы сәуірдің 1-нен бастап, Жәкеңнің басына күмбез орнату ісі қолға алынды. Оған көптеген жұмысшылар келді. Бір жарым айда биіктігі 15 метр, көлденеңі 6 метр болатын сегіз қырлы пішіндегі қазақ күмбезінің жобасымен зәулім кесенесі салынды.

Тура сол жылы, маусым айының 3-інде Жамбылдың 100 жылдық мерейтойы тойланды. Бұл той өте тамаша, ұйымдасқан түрде өтті. Мәскеуден, одақтас республикалардың бәрінен, сол сияқты Польша мен Түркиядан арнайы шақырылған қонақтар қатысты. Той үш-төрт күнге созылып, күні-түні ойын-күлкі болды.

Бұл тойда Жәкеңнің құрметіне келген одақтас елдердің адамдарына және сырттан келген меймандарға бір-бір шапан, Жәкеңнің шәкірттері Нартай мен Кенен екеуіне екі зер шапан кигізілді. Сөйтіп, атамның 100 жылдық тойына қатысқан меймандарды өте зор қуанышпен, риза қып, аттандырдық.

- Жамбыл ата Кремльде Георгиевскі залында Сталиннің алдында намаз оқыпты дейді. Сол рас па?

- Жамбыл Қазақстан әдебиеті мен өнерінің онкүндігінде Мәскеуге барғанда Кремльде бәрі Сталинді күтіп тұрады. Қазақстан басшылары Сталин шыққанда Жәкең алғаш сәлем беруі керек деп шешеді. Сталин уақытынан кешіге бастайды. Бір кезде алтын есікті айқара ашып, Сталин бастаған Политбюро мүшелері түгел көрінеді. Қарсы алып, алғаш сәлем беретін Жәкең жоқ, бәрі жабылып іздесе Жәкең мрамор еденге белбеуін шешіп жайып тастап, намаз оқып отыр.

Бәрі сасып, үн-түнсіз қалады. Сталин ғана қорқорын саусағына тықылдатып: «Әр ұлт өзінің дінін құрметтеу керек» — депті күлімсіреп.

Жәкең асықпай намазын бітіріп, белбеуін буынып, бері бұрылып:

- Ассалаумағалейкум, Стеке! – деген екен. Осы сурет Жамбыл музейінде баяғыда тұрушы еді, кейін көрінбейді. Заман қыспағымен жойып жіберді ме деп ойлаймын.

Жамбыл атам әрбір өлеңі, жыр-қиссасын бастарда Аллаға бір сиынып алатын.

Сөзімнің басы бісмілла,

Бісмілласыз іс қылма, — деп отыратын. Міне, Жамбыл атамның батасы қандай өзі! Батасын былай деп беретін:

Иә, құдайым ондасын,
Бақ пен қызыр орнасын.
Ғайып берен, қырық шілтен,
Әрқашан болсын жолдасың.
Есіркесең елді қыл,
Жарылқасаң жанды қыл,
Тепеңдесіп келгенде,
Тең құрбыңның алды қыл,
Бер тілеуін, ал тұсауын,
Бір Алламыз қолдасын
Әумин!

Иә, құдайым оңдасын,
Бақ пен қыдыр орнасын.
Бала-шағаң аман боп,
Қызыр болсын жолдасың.
Оң жолына бастасын,
Жақсылығы жәрдем боп,
Көтеріп Алла тастасын.
Пәле менен жаладан,
Бір өзі Алла сақтасын.
Өсе берсін мақсатын,
Шыға берсін жақсы атың.
Көсегенді көгертіп,
Жаманшылықтан сақтасын.
Әумин!

– Әлеке, көкейде мазалап жүрген біраз сұрақтарға жауап алдым. Сіз менің шешем Күлиманмен бір партада отырып, бірге оқыған сыныптасы, құрдасысыз. Әкем Қапалбекпен дәмдес, замандас болып араластыңыз. Мен де Сіздің бір балаңыз іспетті ғұмыр бойы Жамбыл ата жайлы сан түрлі сұрақтар қойып, толымды жауаптар алып келемін. Біз коммунист болдық, атеист етіп қоғам тәрбиеледі. Бірақ Сіздер секілді иманды кісілер біздің ішкі рухымызды тірілтті, ізгілік-иманымызды оятты. «Кәрісі бар елдің ырысы бар» дейді. Бүгінгі әңгімемізге рахмет айта отырып, енді не айтар тілегіңіз бар!

– Адамнан тілегеннің екі көзі шығады,

Алладан тілегеннің екі бүйірі шығады, — дейді. Алла баршамыздың ісімізді қолдасын, бірлік пен береке берсін!

Сен кенжем Бекмұрат екеуің Мекке, Мединеге барып, қажылық сапарларыңды өтеп қайтқанда қатты қуандым. Денсаулығым болмай сол жолы бара алмадым. Құдай қаласа, арманым — биыл Мекке, Мединеге барып, мұсылмандық парызымды өтеп қайтсам деп отырмын. Алла соған жазсын!

Күллі әлем ақындығын мойындаған ұлы Жамбыл жайлы айтылар әңгіме телегей-теңіз. Әлекеңмен әлі талай-талай сырласып, сұхбаттасып, құм қойнауында қалған саф алтындай құнды деректерді жинармыз. Алла қаласа, алдағы уақыпта

Жәкеңнің ел біле бермейтін әлі де жаңа қырлары мен сырлары жайлы оқырмандарға қызғылықты деректер ұсынармыз.

Әппақ күміс сақалы омырауын жапқан Жамбыл атамның жауһар жырының жалғасы, дір еткен домбырадағы үні, сом алтынның сынығы Әлімқұл қария қоштасарда маңдайымнан сүйіп, құшағына алып, арқамнан қақты.

Ұлы ақын атасының сарқыты, кең пішілген шапанын иіскегенімде көзіме шіпілдеп жас келді, жүрегім толқыды, денем шімірігіп, сағынышқа бөлендім.

– Иә, Алла, асыл қазына Сізді және Сіздердей қарияларымызды аман қыла берсін! – дедім күбірлеп.

ЖҰМАБАЙ ШАШТАЙҰЛЫ

ЖАМБЫЛ ЖӘНЕ ЗАМАН

Жамбыл – ұлттық ділімізден ажыратып қарауға келмейтін, қазақ халқының тағдыр-талайына ғана тән бірегей құбылыс.

Жамбыл – орта ғасыр инквизициясының әзәзіл іздегіш ымырасыз танымының ауылынан алыс қонбаған большевиктік ілімнің тікелей құрбаны.

«Жамбыл туралы жазу қиын» деп еді әдебиетші ғалым. «Өмірінің қайшылығы жөнінен Жамбыл қазақ ақындарының ішінде аса күрделі тұлға», – дейді мінез-құлқы мен әрекеті арқылы ортаға сиымсыз саналатын, талғам-танымы өзгешелеу қалыптасқан ақындардың бірі. Бастапқы сөз төркінінен аңдайтынымыз, Жамбылдың шыққан тегі мен өскен ортасын көрнеу олқы тұтатындыққа қоса, оның өлеңдері шу дегеннен тым қаражаяу көрінетіндігінде жатыр ма дейсің. Ал қайшылығына жүгінудің сырында кеңестік дәуірде тоқсандағы қарияның марапатшыл одашылдыққа ұрынғандығын меңзейтін ниет бұғып тұрғанын байқайсың. Күні бүгінге дейін ол жөнінде орныққан дұрыс пікірлермен қатар, айықпастай асқынған дертті ұғымдардың көптеп ұшырасатынынан кереғар көзқарастардың бітіспес қақтығысын көреміз. Жамбылды суқаны сүймейтіндердің ең басты қоятын кінәсі – есек мініп, ел кезіп, тентіреп жүрген жаман бір шалдың

кездейсоқ ауызға ілініп, атының тарихта ардақталып қалуы ақылдарына сыймай әлек қылатын сияқты. Содан да ол турасында пәлелі-жалалы әңгімелерді өршітіп қана қоймай, оған деген мүсіркеу пиғылдарын туындатуға әуестік бар. Содан да Жамбылдың «рухани кембағалдығын» дәлелдеуге күш салушылық әредікте көзге шалынып қалады. Билік құзырына құлдық ұрып тұруға бейім ділімізге бірөңкей ақ немесе бірөңкей қара түсті көруге үйреткен большевик идеологиясына келіп қосылған сон одан бетер жетекке ергіш, айтаққа еліккіш халыққа айнала түскенімізді несіне жасырамыз. Жамбылды қазақ қара сөзінің ұлығы Мұхтар Әуезов жақсы көрді екен деп былай жалт беру де жарамас, қазіргі ақсақал жазушымыздың бірі жек көреді екен деп олай сылаң етіп шыға келу де болмас. Өкінішке орай, мұндай қасиет бізде әлі бар. Шығармашылық тұлғаны танып, бағалауда керек десеңіз басынан бақайшағына дейін ақсүйек ғұрпында тәрбиеленген Толстойдың да жаза басып, жаңсақ кеткен тұстары жоқ емес. Бірақ орыстың зиялы қауымы Толстой айтты екен деп біреуден жеріп, келесісіне бүйрегі бұра қалмайды. Жамбылды зерттеушілердің ғылыми-теориялық дайындығы көп жағдайда алпысыншы, тіпті, одан да арғы жылдардың деңгейінде қалып қойғандықтан қорытқан тұжырымдамалары бүгінгі шындыққа сәйкес келе бермейді. Кешегі бағалау мен рухани құндылықтарға деген бүгінгі көзқарастардың арасында жер мен көктей айырмашылықтар пайда болды. Сөйте тұра Жамбыл жөнінде қалыптасқан ғылыми тұжырым күні өтіп кеткен посткеңестік жүйеде қалса да өңін айналдырып жіберіп, бүгінгі тұғырнамаға күштеп салуға тырысып бағады. Билеуші құрылысқа бұлайша иек артып, соған қарай көзқарастарды лезде құбылтып, лезде айнып шыға келгіш жарамсақ пиғыл Жамбыл әруағын әлі талай жапа шектіріп, нақақтан-нақақ қиянатқа ұрындыра беретіні сөзсіз. Жамбылға қызғыштай ара түсіп, өбектеп қорғаштаудың орнына, ниеттестікпен түсініп қараудың өзі ұлттық мұраны саралай ұғынудың мәдениетін қалыптастырады.

Жамбыл қайшылығы, тегінде, шығармашылық өмірбаянында жатыр. Өз уағындағы ауқатты жуандармен тиіп-қашып араласқан ол ұлы жиындар мен ақындық сайыстардың үстінде ғана саңлақтанып шыға келетін көрінеді. Сол кездегі қоғамның жоғарғы тобына жататындардың бір-бірін тең санайтын өзара демократиялық ахуалы Жамбылдың пайдасына қарай шешіле

бермеген тәрізді. Тайпалық намыс қорғалатын тұстарда ғана ескеріліп, былайғы уақытта көптің бірі боп еленбей жүре беретін көрінеді. Сапарғали Бегалиннің Жамбыл аузынан жазып алған естелігіне қарасақ, Құлмамбетпен болған атақты айтысында Құдайберген болыс бәйгеге тігілген ақшаны қалтасына салып алып, «Жамбыл жеңді» деп атып тұратынын айтады. «Жеңді деген атақ менікі болғанымен, ақша аналардың қалтасында кетті», – дегенді Жамбыл ащы мысқылмен есіне алады екен. Демек бұл жағдайлар оның ар-намысына тиіп, ішкі қорыну сезімімен жекпе-жек қалдырып, өзімен-өзі тайталасқа түскенінің куәсіне жүреді. Тағы да Жамбыл қарабайыр тіршіліктің күнделікті ағысында шаруаға қырсыз, тұрмысқа икемсіз болғанын көзкөрген адамдардың көбі растайды. Жамбылдың ақындығын місе тұтпаушылық пиғылды орнықтырушы күштің бірі Абаймен бақталастырудың байырғы амалына апарып саятыны бар. Ал оның ғылыми негізінің жоқтығына тоқталып жатудың өзі артық.

Кез келген ұрпақтың кейінгіге деген аталық парызы мен қалдыратын өсиеті болатыны белгілі. Бұл тұрғыда Жамбыл жөніндегі ғылыми дұрыс түсінік қалыптастырып, рухани мұрамыздан оның алатын орнын осы бастан лайықтауға күш салғанымыз абзал. Дей тұрғанмен, қазақ нәсілі үшін «жиырма екінші ғасырдың ортасында Жамбыл есімі атала ма, аталмай ма» деген сауалға тәуекелің жетіп жауап беру оңай емес. Жүз елу жылдан кейінгі жағдайда қазақтың ұлттық келбеті қалай өзгеретіні де белгісіз. Сондықтан да бұл сәуегейлікке барғызбайтын, ұрпақтар алдында жауапкершілігі зор, аса жүрексіндіретін жағдай. Оның өзі ұлттық ділімізді жапон жұртынша мәңгілікке сақтап, ата-бабалық салт-сананы өміршеңдікпен жаңғырта алып, жаңаша тұжырымдамаларды берік орнықтырудың берекесіне тікелей байланысты шара. Қазір озық тұрған халықтар өткен ғасырларда жасалған құндылықтарынан бүгінгі күнге сәйкестендіретін көкейкестілік іздеп әуреге түсіп жатпайды. Тек ұлттық құрметке бөлеп, қадірлеп-қастерлеудің кәдесін ойластыруға оңтай тұру ыңғайы байқалады. Рухани тұрғыдан есеюдің бізге осындай сатысынан өту кезегі тұрған шығар, бәлкім? Сөйте тұра, 150 жылдан кейін Жамбыл ақынға қандай орын, қандай құрмет лайық? Демек, Жамбыл біздің жыл санауымыздан бұрын VIII ғасырда өмір сүрген Гомер сынды мәңгілік құбылыс. Көне дүние өкілі уақыттың буалдыр сағымынан мұнартатын анық-қанығы мәлімсіз рухани

сұлба ғана. Ғылыми-техникалық дамудың алғашқы баспалдағында өмір сүрген Жамбылдың бір отырыста дәуірлік кезенді жырлап бере алатын құдіретінің құпиясында әрқашан өзіне тартып тұратын магнит өрісі бардай. Алайда, Жамбыл өз ұрпағына фольклорлық сананы аманаттаушы ғана емес, кәсіпқой шығармашылық иесіне тән өмірлік материалды іріктеп, сұрыптай алатын парасатын да танытады. Жамбылды тұрақты зерттеп жүрген әуесқой ғалымның бірі ақынның өз қарсыластарына қарағанда икемділік танытып, қолма-қол образ ашып кете беретіндігін айтады:

Ноғайбай мырза шіренген,
– Домбыра алған бұл кім? – деп.
Теріс көзбен қарады,
Танып тұрып танымай,
Екі көзі жеп барады.

Жамбыл реалист. Элеуметтік жағынан өзі кішік, Ноғайбайдың асқақ екенін де жасырмайды. Және бұл мысалға алынған жолдар жайшылық жағдайда айтыла салса елемей өте беруге де болар еді. Бұл Сарбас ақынмен болған айтыс үстінде баяндалған оқиға. Ақынның тап осы сәттегі шыншылдығы қазақ айтысының ғұрпынан бөлектеу. Бұл жерде Ноғайбайды кінәлап жатпастан, оның жөнсіз тәккаппарлығын диалог арқылы ұтымдылықпен ашады. Абыройының үстемдігін тоңмойын пайдаланатындығын «танып тұрып танымағандығы» арқылы дәл бейнелей біледі. Мұнда тағы Жамбыл болмысының пенделік осалдықтың сынасы емес. сызаты да түспейді. Жалпы, оның жаратылысында тағдырына налып, өктемдікке кектеніп, соның қарымтасын қайтаруға тырысатын ұсақтық ұшыраспайды. Тегінде, ірі суреткерге ғана тән мұндай қасиет Жамбылға қайдан бітіп жүр? Бұған нақты жауапты тағы да оның өмірбаянынан аламыз. Ақындықтан басқа кәсіппен айналысып көрмеген ол қоңыртөбел тұрмысқа біржолата мойынсұнып, билік жүргізуші топқа, ықпалды күштерге басыбайлы болмауға тырысып бақты. Тағдырына кезіккен талай қиын сындардан сүрінбей өтуінің сыры да бөлекше. Оны алайда қазақы көнбістіктің төңірегінен іздестіру жамбылдық қазынаның құпиясына бір жақты үңілу болып шығар еді. Бала кезіндегі мінез-құлықтарының бір түрлілігі өз ортасына түсініксіз көрсетіп қана қоймай, сиымсыз оजारлыққа дейін апарғанға ұқсайды.

Жапаның үйіне алыстан бір топ қонақтар келіп, бас тартылар кезде Жамбыл алып қашып кетіп, сайдың ортасына апарып өзі

жейтін. Немесе нағашы ағасы Қанадан қобызшының үйіне күй үйренуге бара жатып өзінен-өзі аттан сап, пора-порасы шығып жылайтыны секілді тосын қылықтары түсініксіз. Әлгі қылығының себебін сұрағанда: «Екі жағымнан екі арлан келіп талады», – деген екен. Бұл Жамбылдың көкірек-көзі халықтың аңыздарымен ашылғанын көрсететін жағдаят. Қазақтың ата салтында өнерді кие тұту бекзаттығы бар да, бірақ әрбір ұлттық жоралғыны жапондықтарша концептуалды дәрежеге көтеріп, әлемдік ауқымға шығара алмай қалады. Айталық, ақындыққа бет бұрғанын ауыл-аймақ түгел білсе де, Жамбылды бұл жолда орнықты деп мойындай қоймайды. Себебі, оған әлі Сүйінбай батасын бере қойған жоқ болатын. Бұл рухани шараның қазақ үшін маңызы қазіргі мемлекеттік дәрежедегі басты-басты құжаттардан бір мысқал кем еместігін көреміз. Бұл орайда Сүйінбайға жүктелетін жауапкершілік өз алдына ұзын-сонар әңгіме. Ол ең бірінші өнердің киесіне жолықпауды ойлап, кім көрінгенге батасын бермейтіні аян. Баяғыда бас қосқан сайын ауыл қариялары: «Жәкең жарықтық ақындық жөнінен ешкімге батасын бермей кетті», – деп отыратын еді. Балалық сана сол кездің өзінде Жамбылдың мұнысын өзіміздікіне қимай, онда мүлде басқаша сыр барын топшылайтын сияқты еді. Демек ол көптеген құпияны өзімен бірге алып кетті деген ұйғарымға еріксіз келесің.

Жамбылдың тұрақты жырлайтын тақырыбы – бостан сүйгіштік ой-арман. Ата-бабалық аманат ретінде оны кейінгіге мүлтіксіз жеткізе алады. Өзінің жасы ұлғайып, асып-төгіліп барып арнасына түсіп, ақындығы баяулай бастаған кезінде тап болған Қазан төңкерісін елге келген жақсылық деп ұқты. Жамбылдың шығармашылық қасіреті осылайша ақыл-ойының кемелденген шағында емес, ғұмыр мезгілі екіндігі қарай ауып, күні ұясына батып бара жатқанда басталды. Тоталитарлық жүйе тоқсандағы қаудыраған шалдың рухани қайта түлеудегі феномендік құбылысын дер кезінде байқап, өз мүддесін күйттеген бағытқа қарай бұрып жіберіп отырды. Сонысы үшін Жамбылды кінәлау білместік. Алайда, осы білместіктің кесірінен Жамбылға деген дұшпандық қатайып, оны құбыжық қып көрсетуге деген ниет байқалады. Оның бүкіл шығармашылығына байыппен көз жүгіртіп қарасақ, ең әуелі кәдеге жаратпауға бейіл тұрғандарда сол баяғы бір білместік қана жатқан жоқ. Жамбылдың ақындық қуатын көрнеу елемеуге тырысатын қараулық та бар. Сүйікті жайлауы

Майтөбемен онаша отырып сырласқан сәттегі айта жөнелген өлеңінің құйылысындағы оқшаулыққа көз салып қаралықшы.

Сүйінгендей нем бар еді?

Өзіндей биік шың бар еді.

Арғы бетің ызғар еді,

Бергі бетің мұң, зар еді.

Иығыңда бай, манап,

Бауырың толған құлдар еді.

Қанша таптық тұрғыда айтылды деген күнде, Жамбылдың шежіре көкірегі өмірдің біраз сырын білетініне сенесің. Қазақ өлеңінде бұрыннан бар монолог сипатында шығарылса да, мұндағы жамбылдық сана ағысы өмірдің бетімен әшейін қалқып өтпейді. Өзінің көкейінде жүрген түйткілді сауалдардың сабағынан ұстап, тамырын жұлқып-жұлқып тартып көреді. Жамбылдың өз тақырыбына тұрақтылығы кейде ығыр ғып жіберетін сияқты. Әсіресе айтыстарының бәрінде шу дегеннен-ақ батырлықты қалқан ғып ұстанып шыға келетіні бар. Ал бұл кейде жауға сауыт-саймансыз жалаңаш шапқанмен бірдей. Нарықтық қатынасқа қарай біртіндеп көшіп бара жатқанымызға байланысты қазір ғой, бұрын сөкеттеу көрінетін бейтаныс құбылыстарға етіміз үйреніп, көңдіге бастағанымыз. Он тоғызыншы ғасырдың аяғы мен жиырмасыншы ғасырдың басында да жақсылық атаулының бәрі тұрмыстық игіліктермен өлшеніп, беймарал заман орнағандай көрінген. Ұлттың романтикалық азаттық сүйгіш сезіміне селкеу түсіп, тоғышарлық құйын үйіріп әкете бастаған кезде батырлықты қозғау аса асқақ естілмейтін дәрежеге жеткен сыңайлы. «Өткенді айтып менменсіп, көтересің көңіліңді, ол күндегі батырлар, бәрі жерге көмілді», – деген Досмағанбеттің Жамбылға айтқан уәжінен сол заманның шындығынан хабардар боламыз. Ал Жамбылдың батырлыққа табан тіреп, соның төңірегінен шықпай қоюы қарсыластар үшін Дон-Кихоттыққа бара-бар жағдай еді. Әйтсе де Жамбыл шарасыздыққа ұрынып, ыңғай сайқымазақ болды десек те қателесеміз. Ұлттың көкейіндегі мүлги бастаған батырлық сананы оятып, жаңғыртпақшы болған Жамбыл талпынысын көкірегі ояу, көзі ашық адамдар бағалай да, қолдай да білген. Соның арқасында бәсеке үнемі Жамбылдың пайдасына шешіліп отырған.

«Құлманбетпен айтысын еске алған сайын Жамбыл өзінен-өзі мырс етіп күліп қоятын еді», – дейтін Шаштай ақсақал. Жамбыл өз кезегінде елінің байлығын тізбелеп, төпелетіп соға бастағанда

Құлманбет: «Шапырашты дегенің жойдасыз өтірікші болады екен ғой, қызталақ, соқ, соға түс», – деп, таңырқаған сыңайда басын шайқап қана тынады екен.

Сыпатайдың артныда Қақаман бар,
Қақаманның артында тақаман бар.
Кіжіктің үлкен үйін көріп пе едің,
Тоқсан тұлып, алтын боз жасаған бар...

Құлманбетпен айтысын еске алу барысында Жамбылдың аузына көбіне осы жолдар түсетін көрінеді. Көзін бір нүктеге сүзілте қадап, қулана жымыып қойғандағы пішіні көз алдына елестейді. Алайда, бұл жолдарды он қайтара оқысақ та, құпиясына бойлай алмай әлек болатынымыз қалай? Бұрынырақта дүниеден көшкен ауылдың Халық, Мәжен, Жұмағұл сынды қариялары да тап осы жолдарға үйірсіктей беретін. Мұның сонда нендей керемет сыры бар? Құлманбеттей жақсы мағынасындағы консерваторлық ағымның көрнекті өкіліне поэтикалық тұрғыдан лайықты жауап бере алғанына іштей сүйсінісі жатқан шығар, бәлкім.

Жамбылдың қарсыласына қолданған ақындық тактикасы әлденеше қатпарлы, о бастағы тұғырнамасы батырлық та, дәулетке сай әртүрлі кәсіпшілікті тілге тиек етіп келеді. Құлманбетке қарағанда Жамбыл көзқарасы анағұрлым ілгері, өз уағының инфрақұрылымын алға тартуы сол заман үшін елеулі жаңалық та еді. Дей тұрғанмен, жоғарыда мысалға келтірілген жолдарда жамбылдық утопияға ұқсайтын бірдеңе бар. Кейбіреулер Жамбыл айтысының ең шұрайлы да көркемі Досмағанбетпен болған жекпе-жегі деп санайды. Бұл – Құлманбетпен айтысының драматизмін көпе-көрнеу ескермегендік.

Он тоғызыншы ғасырда қазақ айтыс өнері Жетісу өңіріне ауыса бастағанын кезінде М.Әуезов атап көрсеткен болатын. Ол әйтсе де басқа сапаға көшкен еді. Оны кәсіпқой боксшылардың он екі раундтық жекпе-жегімен салыстырудың өзі аздық ететіндей. Өйткені, сөз сайысы барысында жалғыз ғана ақындық шеберлік роль ойнамайды, онда ойлау жүйесі, адамгершілік ұстанымдар сынды көптеген өлшемдер де жете ескерілген. Тап бұл арада Жамбылдың өмірлік көзқарасы ұлттық этикадан алшақтамайды да, ұстанған бағытынан жаңылып та қоймайды. Қарсыластарына Асанқайғы, Бұхар жырау, Балта, Шөже, Сүйінбай, Майлықожа, Құлыншақ секілді есімдерін ыңғай көлденең тартады. Бұл оның рухани парыз ұғымы географиясының бойлықтары мен ендіктері

бүкіл қазақ жерін орап тұратынын көрсетеді. Айтыс ақындарының басқа бірде-бірінен мұндай қасиетті байқай алмайсың. Өзінің пірі санайтын Сүйінбайға кейде «ер» деген анықтаманы қоса кететіні бар. Онысы да тегін емес. Туыстас екі халықтың ақындары Сүйінбай мен Қатағанның айтысында Жамбылдың ұстазы қазақтың тарихи географиялық орналасу артықшылықтарын көрсетіп, мәнісін айтатын тұстар жеткілікті. Яғни, азиялық қалың бояуға Сүйінбай өркениеттік реңктерді түсіріп, томаға-тұйық қалмаудың өзіндік жөн-жобасын ұсынады. Қазақты айнала қоршап жатқан көршілеріне дейін етене тұтып, атын атап, түсін түстейтіні, міне, соның айғағы. Жамбыл да ұстазының идеясын іліп әкетіп, прагматиктіктен гөрі реформаторлыққа ден қойды. Жиырмасыншы ғасыр басындағы айтыс өнерінің ерекше үлгісі – Құлманбет пен Жамбылдың арасындағы сөз сайысы туралы әңгіме көп. Мұнда өз руының артықшылығын бетке ұстау былай қарағанда тым үйреншікті үрдіс. Бірақ ой көзімен үңіліп, денденкірей түссен, анау дейтіндей артық-ауыс қазымырлық сезілмейді. Бөлшектенудің орта ғасырлық белгілері қанша шаң берсе де, Жамбыл, бәрібір, жаңаша ойлай алатын толқынның өкілі екенін дәлелдейді.

Жүз мың теңге сандықта шіріп жатыр,
Баласы Ниязбектің Сәрсенбайда.

Құлманбеттің байлық жөніндегі ескілікті өлшемі осындай. Ал Жамбыл бұл арада өміршең көзқарасын танытады.

Арғы шетін айтайын,
Қызылжар мен Семейден,
Мына шетін айтайын,
Ташкент пенен Наманган,
Әндіжан мен Марғұлан.
Ақша деген неменді
Қапқа салып алдырған.
Жігіттер бар жетілген
Орыс-қазақ ұжым боп,
Тізе қосып бекінген.

Өмір құбылыстарын тап осылайша байқау үшін ең әуелі оқу-тоқу, сонан соң ақыл-ойдың талдай алатын алғырлығы керек. Жамбыл, әйтсе де, құдды бүгінгі күннің биігінен қарап: «ақша деген неменді» деп миығынан күліп, кекетіп тұрған сияқтана береді.

Жамбыл коммунистік идеологияның «шешеніне» айнала

бастаған кезде ұлттың белгілі қаһарман ұстындарының әруақтарына тіл тигізіп, бәрін қаралап шыға келді дегенге сену және қиын. Тоталитарлық жүйенің таңдауы, әйтсе де, Жамбылға тегіннен-тегін түскен жоқ. Тағдыры да, дарыны да іздесе таптырмайтын тұлғаның ең әуелі экзотикалық жағы қатты ескерілген сияқты. Діндәр да тақуа шалдың сауатсыздығы іздегенге сұраған болып, соның атымен пікір таратудың айласы аярлықпен жүзеге аса бастады. Рухани қуыршақ күйге түскенін Жамбылдың қаншалықты дәрежеде сезінгені турасында деректер тым аз. Орасан феномендік құбылыс саналса да, коммунистік идеологияға деген азан шақырушылық міндеттен Жамбылдың шаршай бастағанын бірен-саран көнекөз қариялар ақырын сыбырлап қана айтатын.

Ұлы Алғадай ұрыс даласында қаза тапқан кезде республика Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы өзі бас боп кеп естірткені белгілі. Күйік үстінде отырған Жамбыл ащы әңгімеге дейін барып, бүкіл жүйеге тілі тиіп кетеді. Тіпті, көсемдерін балағаттап та жіберген. Төрағаның қасына еріп келген орыс ағайындар әлденеден секем алып қап: «Бұ кісі не деп жатыр?» деп сұраған екен. «Ұлым Отан үшін, ел үшін, Сталин үшін мерт болды, аты өлмейді» деп біреу тап сол арада аударып, дереу жуып-шайып жіберген.

1905 жылы туған перзентіне тап осы есімді қойғанына кейде таңырқайсың да. Демек ол ұлтжандылық жағынан романтик, жаудың басты батырларының әдіс-айласын алдын-ала біліп алу мақсатында сынақ айқасқа баратындарды қазақ Алғадай деп атаған.

Жамбылдың коммунистік идеологияға деген альтуризмді ендеше жасанды. Қазақтың қалың қыртысты патриархалдық тұрмысынан шыққан адамның большевизмді жырлаған кезде бірден Маяковский мен Сейфуллиннің дәрежесіне көтеріле қою мүмкін емес. Ұзақ ғұмыр жолында әлденеше катаклизмдерді басынан өткеріп келіп, өмірінің соңына қарай үйіп-төгілген қамқорлықты субъективті тұрғыдан қабылдады. Мұны ең әуелі осы күнге дейін көрген азап-мехнатының өтеуі деп ойлады. Басына бақ қонады деген сенімге өмір бойы иек артып, қасиетті бабалырының әруақтары өзін қолдап, жебеп жүргендей сезінуі тағдырдың сұрапыл сындарынан сүріндірмей алып шыққан сыңайлы.

Жамбыл қабылдауының ерекшелігін біздің әбден заттанып, қатқылданып кеткен санамыз мөлшерлеп қана түсінеді. Ғылыми таным орасан биік өресінде тұрып, адамзат баласының сәбилік дәуіріндегі ой-қиялға үйірсектей беретіні несі? Онда баурағыш

қандай керемет бар? Бұл сауалдарға әлемдік ғылыми ой мың мәрте тиянақты жауап берген де шығар. Әлеуметтік зердеміз қазір серги түскен сайын ата салттық қабылдау мен түйсінудің қайнары лайланбай таза сақталып келгеніне қайран қала түсесің. Жамбылға айналып соққан сайын оның таза шығыстық сүрлеудің соқпағында тұрып ұлттық құнарды байыта түскеніне қоса, өзіндік жаңа кеңістікке шыға бастағанын байқаймыз. Қазақтың рухани топырағындағы жамбылдық мысалға Габриэл Маркестік құбылыстың жаңғырығы жетпей жатқандай көрінеді.

Эпостық мұрамыздың телегей-теңіз молдығына қаныққан Горькийдің: «Алтын сандықтың үстінде отыр екенсіңдер ғой?» – деген сөзінің бұл орайда жаны бар. Уақыт бәріне төрелігін береді деп өзімізді қанша жайбарақат ұстағанымызбен, кез келген рухани шегін мәселеге осы күннен бастап өркениет тұрғысынан келмейінше әділет орнықпайды. Қайтадан қазақ бола бастауымыз үшін өз аңыз, ертегілеріміз бен батырлар жырын темірқазық қып ұстануымыз шарт. Және мұндайда жамбылдық факторға соқпай өте алмаймыз. «Жамбыл «Кероғлы» дастанын 15 күн айтатын еді», – дейтін көнекөз қариялар. Тап қазіргідей нарық заманында 15 күн тіпті ақылға сыймайтын жағдай көрінуі ықтимал. Мұншалықты уақыт жұртты тіршілік-харакетінен қалдырып, алдына иіріп ап жыр тындату үшін ең әуелі әлеуметтік кепілдік керек. Қазақ тұрмысының жайбасар ағысы бәрін көтеретін байсалды да байыпты. Ал осыншалықты идиллияға орыстың дворяндарының да, француздың маркиздерінің де, немістің барондарының да еркі жетпес еді. Большевиктік тәртіп орнатушылар біздің халықтың көкірек көзінің тұнықтығы мен қабылдау тазалығын тап басып, өркениетке сақалынан сүйреп әкелгендей бұздануына жақсы болуы үшін Жамбыл секілді тұлғалар аса қажет еді. Эпостық санадан ажырамаған халқымыздың сәбилік аңғалдығын коммунистік тәртіп ұтымды пайдалана білді.

15 күн қатарынан тынбай жырлаудың 11 тәулігінде Жамбыл өзі баяндаған жағдайлар көз алдынан көлбеңдеп өте бастайтынын айтады екен. Жетінші, тоғызыншы емес, нақ, он бірінші күн неге солай болатынын кім білсін, шалдардың айтысы әйтеуір солай. Поляк қаламгері Парандовскийдің жазушылық лабораторияға үңіліп, суреткерлердің мінез-құлықтарын тереңдеп зерттеген кітабынан бұл сынды жайларды қисапсыз ұшырататының хақ.

Біздің ұлттық діліміздің өсіріп айтып, аңызға айналдырып

жіберуге бейімдігі – Жамбылды әулие тұтып, культтік дәрежеге дейін асқақтатып әкететіні бар. Оның әсіресе көріпкелдігі хақында әңгіме ел ішінде жетіп артылады, кезінде оны ғайбаттап қана қоймай, соңынан ақындық мұрасына шабуыл жасауға дейін барған кейбір адамдардың ақырының сәтсіз аяқталу мысалына жүгінушілік те басым. Оның көзі тірі кезінде-ақ өршіген өсек-аян соңында қатып қалған сіреспелі ұғымдарға айналып тынды. Жамбыл тұлғасын қаралауға деген кейде астыртын диверсиялық қуатты насихат құралы жұмыс істейтіндей көрінетіні бар. Оған деген көзқарастардың кісі төзгісіздей қараулыққа ұласуының мәнісі бір ғана Кеңестік идеологияның дауылпаз жыршысы болғанында жатпаған сияқты. Абыройы асқақтап әлемге танылып кеткеніне көрнеу іштарлық жасап, аққа күйе жаға салатын жауапсыздықтарда адамгершіл нұсқаның аздығын байқаймыз. Бірақ ондайлар өздерінің тектілік артықшылықтарын алға тартар бір сұмдық бұлданыстарды жасауға әуес. Тіпті одан да ары астамшылыққа барып, бекзадалық рухани ақсүйектік қалыптарының жанында күйкі тұғырланып көрінетін Жамбыл құдды сәндерін кетіретіндей оған деген жиреніштің ахуалын жорта орнатуға бейіл тұратын күштер де жоқ емес. Ондайларды күш деп айтуға да болмас. Өйткені, олар ешқандай да рухани мәртебелік салмақтары сезілмейтіндер. Жамбылдың аты аталса-ақ бітті, бет-аузы бырысып-тырысып қалатын бір үлкен кісінің сөзіне құлақ ассаң, оның елге қиянаты тіпті өтіп кеткен көрінеді. «Қалайша?» – деп сұрайсың ғой баяғы. «Ойбай-ау, боздақтарды соғысқа аттан, Отан қорға деп ұран тастап, бәле жасаған жоқ па?» «Мына іргедегі ауданда туысқандарым тұрады. Бара қалсаң-ақ бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай: «Жағы талмай қақсай беретін Жамбылды да құдай алмай қойды», – деп бәрі зар еңірейтін». Алматыдағы бір үлкен жиында Жамбылдың өлең айтқанын өз көзімен көрген екен. Ары-бері шайқалып, бұлғақтаған ыңғайына қарай жығылған әдеби хатшысы арасында тіпті жата қалып та жазып алуға тырысыпты. «Күңгір-күңгір көмескі үні естілмейді де. Соның ертесіне әлгі «Социалистік Қазақстан» газетінің бетіне табақтай өлең боп шыға келді», – дейді.

Бүкіл ұлттық менталитеттегі кейбір осалдықтарды Жамбылдың әруағына жауып шыға келген күнде ұтатын нәрсеміз бәрібір шамалы. Тоталитарлық жүйе біздің халықтың еркін түгел еңсеріп, құдды енді іске кірісе бастағанша бәрін Жамбыл бүлдіргендей, оған

деген дұшпандықты қатайту әділетсіз болып шығады, ұлттық қоғамдық ой толысып, кемелденбеген жағдайда талдап таратушылық жағы қашанда олқы соғып жатаныны мәлім. Сырттан таңылған идеологияның құлдығына жеке-дара Жамбыл ғана жегіле берсе бір жөн. Бәленің бәрін жүзге қарай бет алған қарт адам бастағандай, жаланы түгел соның басына үйіп-төге беру жараспайтын қылық. Сол дәуірде құдайдан да жоғары қойып, Сталинді өлеңге қоспаған қазақтың ақыны кемде-кем. Міне, сол бәсекеде Жамбылдың үздік шығып, бөлекше көзге түсуі, керек десеңіз, оның артықшылығын дәлелдей түседі. Тап осы тақылеттес ойды кезінде Ғафу Қайырбеков марқұм топ жиынның алдында айтқан болатын. Міне, Жамбылға қай тұрғыдан келсек те әділетті шешімін табар лайықты бағасын берер негіздің жатқанын көреміз. Алайда, коммунистік насихат оның ой-сана жүйесінің омыртқасынан опырып, жұлынынан шорт үзіп, бұдан былайғы ақындық жан толғанысына жасанды талшықтарды жалғап жіберді дегенге былай илана алмайсың. Өзіне деген қамқорлықты ол адал жүрек, аңғал ниетімен қабыл алғаны рас. Ажалды сағаты жеткенше ақындық жүрек соғысын тоқтатпай, ақыл-ойының шамшырағын салауатты шағындағы сияқты ақырына дейін сөндірмей өзін сергек ұстау – жамбылдық феномен.

Адамзат баласының өнер тарихында жүз жасқа келгенге шейін азаматтық белсенділігінен айрылмаған адамды өте-мөте сирек кездестіретінің хақ. Мұны тегінде, қазақ шығармашылық ойына тән ең басты ерекшелікке сайсақ қателеспейтін сияқтымыз. Оның бастау кезінде Бұхар жыраудан ары кететін ақсақалдық салт-сана біздің ұлттық идеологиямыздың негізіне бара-бар. Ендеше, қазақтың ақылы тұнық қариялық рәсімінде тәрбиеленген Жамбылдың «алжаспайтын ми берген» деп өзі айтуында терең мән жатыр. Мұншалықты ұзақ жасаған адамда ақылынан шатасқандық белгілер сезіліп пе еді, сезілмеп пе еді, сұрастырып қарағанда, оның көзін көріп, талай дәмдес-тұздас болған қариялардың бәрі бірауыздан «жоқ» десетін. Жамбылдың әйтсе де қилы-қилы мінездерін өзге емес, өз ауылдастары да түсінбей, қаңқу сөз таратып жіберген жағдайлары да баршылық.

Беттен алып төске шаппайтын, үлкенді сыйлап, алдынан қия өтпейтін ізгілікті нормалар бойынша өсіп қалыптасқан Жамбылдың адам танушылық қасиетін көз көргендердің бәрі ауыздарынан тастамай айта беретін. «Ақсақал жарықтық тым әзілқой кісі еді, –

дейді қазір тоқсан екі жастағы Әйнеке шешеміз. – Амандасуға барғанда жас демей, кәрі демей қалжындаса беретін». Осындай мінез-құлқының өзі Жамбылдың рухани күдіретінің сырын аша түсетіндей. «Ақсақал Мәскеуге барып келгеннен кейін біздің үйге ат басын жиі-жиі бұра бастады, – дейді Әйнеке әжеміз тағы. – Алдында біз еш күдік ала қойған жоқ едік. Бір күні есіктің алдына келіп тұрып: «Жылыстың қызы қайда, шақырындаршы», – деді. Әпкемізге көңілі кетіп жүргенін бірден сезе қойдық. Оған кейін өкімет араласты ма, жоқ балалары келіспеді ме, әйтеуір, ол ниетінен қайтарды-ау деймін».

Оның қартайғандағы ұнатқан әйелі өзіне қарағанда анағұрлым жас еді. Жүріс-тұрысы ширақ, өз ісіне мығым, сөзге шешен сол әйелдің бойынан Жамбыл нендей қасиеттерді тапты екен деген ойға еріксіз шомасың. Құлазулы қалпынан бір серпіліп қоймайтын, көзінің нұры өшіп, бетінің қызылы тайған сол кейуананың қараторы дөңгелек жүзінен бір кездегі жастық белгілерін ойша елестетіп көруге тырысатынбыз. Өлім табиғи процесс екені белгілі. Бірақ жарық дүниемен әркім әрқалай қоштасып жатады. Міне, сол шешеміз дүниеден өтер алдында ешкімге салмақ артпаған. Келін-кепшіктерінің бірінен әуелі иіс су сұрап алыпты. Үстіне ешкімді кіртізбестен жуынып-шайынып боп тотыдайын таранып алып жүріп кете беріпті. Осы бір жағдайды ауыл адамдары біраз уақыт әңгімеге айналдырып жүріп, артынан ұмытып кетіпті. Иә, өмірде бәрі ұмытылады. Бірақ сонда әйелдің бойынан мұндай таза тақуалықты Жамбыл қалай байқайды екен деген ой ылғи иектеп, көкейден кетпей тұрып алатыны бар.

Ауылға алғаш ЧИЗ тракторы келіп, жер жырта бастағанда Жамбыл күреңіне мініп кеп, тамашалап қарап тұрады екен. Әсіресе трактордың дырылдағанын қоймай қызықтап, бірде күні бойы қасынан үйіріліп шықпапты. Аңызды жыртқанда бірге айнала беріп, айнала беріп, ақыры шаршап құласа керек. Ел дастарқан басына жиналып, жайғасып отырған кезде таңырқауы әлі басылмаған Жамбыл: «Ойпырым-ай, мына мақұлығың сұмдық екен ғой өзі. Жүретін де өзі, жерді айдайтын да өзі, тағы нан деп қылқылдамайды, жем деп мөңіреп тіленбейді, не деген керемет», – деп қайталай беріпті.

Ғылыми-техникалық дамудың заңдылығын кеңестік жүйе тікелей өзінің жақсылығы деп ұқтырды. Онысы асқан табысы ретінде халықты иландырып, соңына ерте білді. Сонысының өтеуін

және қалтқысыз берілгендік арқылы өлшеп, өзінің атына деген мадақ-марапатты тойымсыз обырлықпен тілене түсті. Қуатты насихат құралы соған жаппай жұмыла жұмыс істеген соң, иланудың тобырлық тұрғыдағы аса келеңсіз белгілері белең ала бастады. Большевизмнің сұңғыла идеологиясы халықтың қарт өкілін жарылқай қояйын деп көңіл бөлген жоқ. Соның бейнесіндегі рухани жасаңғыраудың сирек кездесетін факторын өз мүддесіне қызмет еткізуге тырысты. Ал әлгіндей жүзге таяған адамның еліккіш қасиеті жасандылық атаулыдан ада. Халықтың ғасырлар бойына тірнектеп жинап, байи түскен тәрбиесінің шын мәніндегі зиялылыққа ұштасатын сәті сондықтан да Жамбыл болмысынан мол ұшырасады. Оның шығармашылық тұлғасына үңілген сайын оған көзің әрдайым жете түседі. Жалпы, Жамбыл жан баласын сыртынан ғайбаттамаған. Қандай жағдай болса да шындықты айтуға тырысқан. Алайда, Сталинге тең таппай қиналған тұстарын тілге тиек етуші үрдіс кезеңдік мерзімін өтеуге тиіс.

Жамбылдың жұмбақ қырлары көп. Ұлықтық дәрежеге жетсе де, өткен өмірінің қиын шақтарын ешқашан ұмытпаған. Жамбыл менмендікті әсте жақтырмаған. Өтірікке ешқашан төзбеген. Алғадайынан басқа ұлдарының бойында жігерсіздік барын да білген. Аулада тұратын бір аталас замандасы: «Жәке, Алғадайды неге соғысқа жібермей алып қалмадыңыз, оған сіздің күшіңіз жететін еді ғой», – деп сұрапты. Сонда Жамбыл: «Ол мені ұятқа қалдырмайтын болған соң жібердім ғой», – деп жауап беріпті. Арнамыс пен ұятты Жамбыл бәрінен де жоғары қойған. Сол жақсы көретін ұлс соғыста қаза тапқан кезде:

Темір өзек пенде жоқ,
Өлмес адам елде жоқ.
Орынсыз деп өлімі,
Ондай ойлау менде жоқ, – дейді.

Тап осы жолдардан қазақтың қариялық қасиеті соншалықты үлкен жүректілікке бара алатынын аңдаймыз. Өмірдің мәнін ұғынып, қастерлеу жөнінен біздің халық ешкімнен кем де, сорлы да емес. Ешкім өлімге немқұрайды қарай алмайтыны хақ. Тіпті, Жамбыл жастау кезінде: «Кірсе лебіз – шықса жоқ, қауіп етіңдер өлімнен» деп айтқан ойы жоғарыдағы мысалға алған жолдарға мүлде кереғар. «Орынсыз деп өлімі, ондай ойлау менде жоқ» деу Жамбылдың ұлттық адамгершіл нұсқадан айырылмағандығын көрсетеді.

Жамбыл – ондаған ғасырлардың фольклорын жиырмасыншы ғасырға жеткізуші көне дәуір мен жаңа заманның арасында тұрған рухани жәдігер. Рухани жалғастықтың дәуірлік жүгін бөлі қайыспай көтерген ол өзіне жүктелген ұлы міндетті ақырына дейін адал атқарып, халқына аманаттап кетіпті.

ЖАНДАРБЕК ДАЛАБАЕВ,
Алматы облысы, Жамбыл ауданының әкімі

ХАЛЫҚ ОНЫҢ ШЫН АТЫ

Жадырап жаңа жыл келді. Үнемі алдан үміт күтетін үлгісі ерен халқымыздың биылғы мұраты мен діттеген межесі бұрынғыдан да биік. Елбасының Жолдауынан жігер алған, Дүниежүзілік Сауда Ұйымына мүше болған Ұлы Дала еліндегі отандастарымыз белді бекем буып, кездескен және кездесуі мүмкін кедергілерден аптықпай өтуге мейлінше әзірленуде. Әлемдік дағдарыстың салқыны сезілген заматтан бастап жедел жоспар құрған мемлекет басшысының көреген саясаты сенімді бағыттарға жолбасшы болуда. Осындай өрелі өлшемдерге сай өрнекті әрекеттерді қолға алған Жетісу жұртшылығы, оның ішінде қазақтың ұлы ақыны Жамбылдың жасампаз елі өткен жылды табысты қорытындылады.

Олар жуырда Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлт Жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты жаңа еңбегіне әрбір ұжымда қызу қолдау білдірді. Сондай-ақ аудан тұрғындары Елбасының елдігіміздің ертеңіне ерекше бағдар беретін мақаласымен танысқан соң шынайы лебіздерін ортаға салды. «5 институттық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» – Ұлт Жоспарына сай ұлағатты істер мен бұрынғыдан да биік мақсаттарды көздеген жерлестеріміз қазір зор құлшыныс үстінде.

Сонымен бірге жыл сайын бірнеше мерейлі сәттерді сәтімен атап өтіп, ел руханиятын шыңдауға баса назар аударып жүрген аудан тұрғындары алдағы ақпанның 28-де Жамбыл бабамыздың туғанына 170 жыл толатын мерейлі мерекені де жоғары деңгейде ұйымдастыру үшін бірнеше өрелі шаралар белгілеп, абыз ақынның 175 жылдық салтанатына да қазірден бастап әзірленуді мұрат

ететін мәнді жоспарлар белгіледі.

Кәусар жырдың тот баспайтын асылы саналатын Жамбыл бабамыздың рухани қазынасы – еліміздің баға жетпес байлығы. «Жамбылдың үлгісі мен мектебі алыстан, халықтық рухани қазынадан, халық даналығынан басталады. Сондықтан да Жамбылдың атақ-даңқы күллі әлемге әйгілі болды» деген еді ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезов.

Тағдырдың сан түрлі сүрлеу соқпақтарынан өткен қазақ халқына өткен екі ғасырдың сыны әсіресе қиын соққанын бас газетіміздің қадірлі оқырмандары жақсы біледі. Ондай алапатты енді адамзат ұлтының ешбірінің мандайына жазбасын дейміз. Алланың кәрінен емес еді ол. Шұрайлы жер мен момын елді еркінше билеп-төстемек болған көрші халықтардың қатігез пиғылы мен озбыр әрекеттерге тойымсыздығынан туындаған. Сондықтан оңтүстіктегі Алатау мен Қаратаудың баурайындағы ағайын жұртымыз әуелі қоқандықтардың езгісіне тап болды. Іле-шала патшалық отаршыл саясаттың пәрменіне бағынды.

Әбден жасып, жаншылған кезінде, яғни, осыдан дәл жүз жыл бұрын империяның іргесін шайқалтып, ұлт-азаттық көтерілісіне шықты. Сол бір қанды қасапта жазықсыз қырылған қайран ел бас сауғалап, алыс-жақын шетелдерге босты, іле-шала Қазан төңкерісінен кейінгі қым-қиғаш өзгерістерді басынан өткерді. Жаңа құрылымның астарына дендеп бойлай алмай жатқан бейкүнә жұрт күштеп ұжымдастыру, тәркілеу барысында жіберілген асыра сілтеу саясатынан алапат ашаршылыққа ұрынды. 1937-38 жылдары сталиндік қуғын-сүргіннен кейін рухы мүлдем жаншылған Алаш ұлы, расында, сең соққан балықтай әбден есеңгіреген болатын. Сондай алмағайып заманда ғасырдан даңқы озған жыр алыбы Жамбылдың құдіреті неде еді? Осы туралы ойланатындар әлі де аз емес екенін жақсы білеміз.

Өзінің пешенесіне бұйырған тарихи миссиясын абыроймен атқарған алып Жамбыл қазақ халқының ұшан-теңіз ауыз әдебиетіне әрдайым адал болды. Оның айбынды жырлары жасыған елдің жасын сүртті. Жаңа заман орнатушы жандайшаптар елдің дәстүрлі өмір болмысын өзгертуге жанын сала кіріскен тұста діннен де, әдеби мұрадан да ада-күде ажырауға айналған қайран халықтың рухын қайта серпілтуге Жамбыл қосқан үлесті бір сөзбен айтып жеткізу есте қиын.

Жамбыл сонау Қорқыт пен Асан қайғыдан, тіпті одан да арғы

көне дәуірлерден күмбірлей жеткен халықтың үнін тірілтті, рухын оятты. Ұлы жыраулардың үлгісін жаңғыртты. Қазтуған, Жиёмбет, Шәлкиіз, Доспамбет, Ақтамберді, Бұқар жырау, Махамбет, Мұрат Мөңкеұлы, Сүйінбай, Бақтыбай сынды дауылпаз ақындардың мұратын жалғады. Қожа Ахмет Йассауидің өзі «Диуани хикметіне» үлгі етіп алған көк түріктердің қасиетті айтыс өнерін барынша жарқырата насихаттады. Әуелден өзіне тән ой ұшқырлығы, табан астында тап басып айтар тапқырлық, сара сөзден маржан сапырған даналық, ұтырлы уәжге тоқтар әділеттілік сияқты табиғи ерен мінезі бар қазақтың өмірлі пәлсапасы терең болатын. Жамбыл соның бәрін жетік меңгерген бірегей тұлға ретінде танылды.

«...Кемеңгер Мұхтар Әуезов энциклопедия санаған даңғыл Жамбылыңыз өзіне мынандай мінездеме береді деп кім ойлапты?.. «Асып тұрған ақылым жоқ, Жер тесіп кеткендей шешендігім жоқ. Біліп тұрған білімім жоқ, оқымаған кісімін. Әйтсе де байқаймын, халық көп біледі. Менің білімім сол халықтың білгендері. Мен халықтың сөзін айттым», – деп кішірейген. Бұл да ұлылықтың біз біле бермейтін ғажап бір қыры. Жамбыл өзін теңіздің бір тамшысы санағанда, оның ізін қуғандар сол «тамшыға» жету үшін не істеуі керек?..» дейді филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Сыдықов өзінің «Жамбылдың жұмбағы» атты мақаласында.

«Оқымаған кісімін» дегеннен шығады, Алладан уахи арқылы түскен қасиетті Құранымызды хат танымай-ақ мұсылман баласына ауызша жеткізген Муһаммедтің құдіретіне не айтасыз? Хат танымаған Жамбылдың дарынына қалай шек келтіресіз? Осының бәрінде біз сезініп, түйсіне бермейтін және бір жұмбақ жатқан жоқ па.

Бір басына көп өнер жинаған Жамбыл расында, қағаз сызып, хат танымаған адам. Егер ол жағдайы келіп, Абай мен Шәкәрім сияқты арғы-бергі даналардың еңбегіне қанықса қалай болар еді? Егер ол Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынұлы сияқты ағартушылықпен айналысса, қандай дәрежеден көрінер еді? Ал енді, осы аттары аталған алыптарымыз Жамбыл сияқты жыр додасына түссе, көкейдегі көрікті ойларын шашыратпай, халқына түгелімен ұсына алар ма еді? Салыстыруға келмейтін жұмбақтың тағы бірі осы.

Жамбыл өз бағасын өзі дәлелдеп айтып кеткен ақын.

«Жамбыл – менің жай атым,

Халық – менің шын атым».

Міне, осыдан асырып айтам деу – бос әурешілік.

Демек, Жамбыл жайында қандай сөз айтылса да, оны халық хақында айтылған әңгіме деп түсінген дұрыс. Иә, кешегі Жұбан ақынның сөзімен айтқанда, «мың өліп, мың тірілген» қазақтың өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы жағдайы турасында не деуге болады. Итеріп жіберсе енді тұрмастай халге жеткен, ыңыршағы шығып арыған, жалтақтық деген не, аянышты қорқақтықтың ар жағындағы үрей кеудесін кеулеген қайран елдің рухы жылт-жылт етіп, сөнуге шақ қалған заман еді-ау ол. Міне, сол кезде жарқырап күн шыққандай болған. Жамбылдың жарқын даусы кәріліктің әсерінен құмықса да, күмбірлеп естіліп еді.

Зердесі зерек елдің ауыздан ауызға көшкен тарихи шежіресі, ерлік дастандары, әпсана аңыздары, ғашықтық жырлары, толғау-термелері, ел намысы таразы басында безбенделер тартысты айтыстары, шығыстық үлгідегі діни қиссалар мен танымдық тағылымы мол пәлсапалық мұралары – бәрі-бәрі бір Жамбылдың бойынан табылғанын кім жоққа шығара алады.

Әрине, бүгінде сол отызыншы жылдары Жамбылдан басқа да ақындардың болғанын, таңдау Жамбылға түспесе, солардың бірі Жамбылдың орнына Мәскеу барып, абырой-атаққа ие боларын алға тартушылар да бар. Сол кездегі Нұрпейіс, Кенен, Өтеп, Нартай, Орынбай, Омар Шипин, Доскей, Қалқа, Қуат, Үмбетәлі, Есдәулет, Нұрқан, Әбдіғали, Саяділ, Өмірзақ ақындардың бәсі мен бағасын кеміту пиғылынан аулақпыз, әйтсе де осылардың бірде-бірі бір Жамбылдың бойына жинақталған қасиет пен құдіретке пара-пар келмесі анық еді. Егер, қазақы сөз өнерінің бірегей үлгісі ретінде солардың бірі алға тартуға лайық болса, Темірбек Жүргенов пен Ораз Жандосов сынды көреген мемлекет басшылары жасы жеткен Жамбылды сонау қияндағы Мәскеуге сүйреп несі бар?

Осы сенім мен бағаны Жамбыл толық ақтаған ақын. Оның құдіреттілігі де, жұмбағы да сонда. Өйткені ол өмір бойы халықтың сөзін сөйледі. Осы жолы да халқының атынан сөз алуы заңды еді. Жамбыл арқылы қазақты әлем таныды. Оның өлеңдері дүниедегі елуден астам елдің тіліне аударылып басылды. Оның рухты жаныр әр сөзі неміс басқыншыларына қарсы оқ болып атылды, снаряд болып жарылды. Жасығанның үміт отын қайта жақты, астамсығанның пасық кеудесін басты.

Бір өзі миллион жол өлеңді жатқа білетін, бір айтқан шумағын

екінші қайталамайтын, «шапанын сілкіп қалса ұйқас саулайтын» тоқсандағы шалдың феномендігі неде деп бас қатырған орыстың білімдар ақындары мен ғалымдары жазып қалдырған естеліктерді қарап отырсақ, шынында қайран қаламыз. «Расында, Жамбылдың құдіреті неде осы?» деген сауалға қайта оралуға тура келеді. Сөйте тұра оған тіпті бас қатырудың қажеті шамалы екенін ұғамыз. Өйткені өзі туралы Жамбылдың өзі айтып кетіпті. «Халық – менің шын атым». Ал, халықты түсінем деген адамның тіпті әріден ізденгені дұрыс болады. Кейбіреулердің Жамбылды әлі дұрыс бағалай алмай жүруінің себебі де сонда шығар.

Мәселен, Ф.Тютчев: «Умом Россию не понять, аршином общим не измерит» демеп пе еді. Қазақ та сондай. Оның ділін де жадағай ақылмен түйсініп, жалпы адыммен өлшеуге болмайды. Осыны түсінген бірден-бір данышпан Абайдың өзі жаңағы орыстың ақыны Федор Тютчев пен белгілі философы Петр Чаадаевтың еңбектерін оқымады дейсіз бе? Қазақтың қасіретін қара сөздері арқылы ірегенде әлгі ойшылдар еңбегінің әсері болмады дейсіз бе? Десек те, қазақтың қасиеті мен қасіретін жіті сезіну үшін қаншама ой, қаншама білім керек! Бұрын да солай еді, қазір де солай. Жамбылды ұғынуға да сондай өре болмаса, ұштығына жету әбден қиын.

Кешегі өткен әдебиет алыптары – Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Әбділда Тәжібаев, Мұхаметжан Қаратаев, Сәбит Мұқанов, Қалмақан Әбдіқадыров, Тайыр Жароков, Ғали Орманов, Қасым Тоғыззақов Жамбылдың қолына су құйып, кебісін алдына тартып қызмет еткенде оның осынау ұлы құдіретін әріден таныған екен-ау деген ойға қаламыз кейде.

Енді жамбылтану ілімімен тікелей айналысып жүрген адамдарға да, Жамбыл туралы жазуға тиісті ғалымдарымыз бен ынталы азаматтарымызға да орынды базына білдіргеннің айыбы жоқ сияқты. Еліміз тәуелсіздік алғалы ширек ғасырға жуықтады. Содан бері Жамбылды әдебиет тұрғысынан да, тарих тұрғысынан да қайта зерттеп, шынайы бағасын беруге, ақиқатты анықтауға, «Сталинге тең таппай, қиналған Жамбыл жері осы» деп мәтелдеп жүргендердің көпе-көрнеу жаласынан да арашалап алуға болатын еді.

Рас, ақынның 150 жылдық мерейі қарсаңында бірқатар еңбегі қайта басылды, бірқатар естеліктер, пайымдаулар баспасөз бетін көрді, үкімет тарапынан да біршама қамқорлық шаралары жүзеге

асты. Той өткіздік думандатып, шапан кидік жарқыратып, мақтау-мадақ естідік. Әңгіме содан әріге жетпей, бірте-бірте Жамбыл тақырыбы саябырси қалатыны бар. Жыл сайын бір рет туған күнін өткізіп, бір-бірімізді қолпаштап, Жамбылға құран оқытқан, еске алған болып қайтамыз. Сонымен келесі жылға дейін бір пенденің қыбыр еткені байқалмайды. Баспасөз бетінен де Жамбыл туралы нақты дерекпен зерттеліп жазылған мақаланы тіпті некен-саяқ кездестіреміз. Жазғандардың көбісі «Ой, атамыз ұлы ғой» дегеннен әрі аса алмайды.

Сондықтан, ең алдымен мектеп қабырғасында білім алып жүрген шәкірттерімізден бастап, баспасөз арқылы бүкіл саналы азаматтарымызға Жамбылдың кім екенін, оның халқы үшін атқарған теңдессіз еңбегін, ақындық құдіретін, адамдық болмыс-келбетін шынайы бағалап, әрбір жүрекке жеткізу парыз. Және соның бәрі халық үшін, халықты өзім деп санаған Жамбыл үшін атқарылса, нұр үстіне нұр.

Әманда, ХАЛҚЫМЫЗ аман болсын! Халқы аман болса, Жамбыл да мәңгі.

НҮРДӘУЛЕТ АҚЫШ

жазушы, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері

ЖАМБЫЛ ЖӘНЕ 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСІ

Жамбыл шығармашылығы қай тараптан алып қарағанда да бірер жылдың ішінде зерттеліп, талданып біте қоймайтын таусылмас қайнар. Ұлы бабамыздың артында қалған мұрасы жайлы айтыларәңгіме, сарабалталдау, салиқалы пікіралысу жаңа ойларға, тұщымды тұжырымдарға жетелей түсері бұрынғы тәжірибелерден белгілі.

Жамбыл бабамыздың ақындық, жыршылық дарыны бүкіл қазақ даласын тәнті етіп, сөз танитын қауымды тәңірдей табындырғаны тағы да тарихи шындық. Жәкең жырлаған тақырыптар да, жанрдың түрлері де сан алуан. Оның қай-қайсына да тоқталып өтіп, толымды да тиянақты пікір білдіру – бүгінгі сөз ұстаған ұрпақтың ұнасымды

парызы, тіпті керек десеңіз, әдебиеттанушы қауымның абыройлы міндеті де.

Академик С.Қасқабасов: «Отарлықта езілген халықтың жадап-жүдеген елдің қам көңілін Жәкең жыршы болып та көтеріп жүрген» (114) десе, арасында ұлы ақынның оптимистік сарынға да салынатын кездері жоқ емес.

Жәкең шығармашылығына жете үңілгенжағдайда назар аударатын нәрселердің бірі – оның 1916 жылғы ұлт азаттық көтерілісін жырлауы дер едік. Оптимистік сарын осы тақырыптан табылады. Жәкең сол бір ауыр кезеңдегі бүкіл қазақтың жанына батқан бұл саяси-қоғамдық жағдайды шын жүректен жырлап, қарапайым қыр бұқарасының өксігін, ішкі күйзелісін өлең үлгісінде жеткізе өрнектеген. Оған дәлел осынау ауыр тақырыпқа ақынның сол бір аласапыран қанқұйлы кезеңде бір өлең ғана емес, бірнеше жыр шумақтарын арнауы. Бірақолардың ішінде бүгінгі заманға жеткені санаулы ғана. Сол санаулы өлеңдердің ішінін-ақ таланты Алатаудай айбарлы ақынның шығармашылық қуатымен бірге бүкіл сол кезден қазақ сахарасының ішкі әлеуметтік күйзелісі, жан толқынысы айқын *аңғарылады*.

Көкорайға жайылған

Секілді едік үйрек, қаз.

Ештеңе жоқ, уайымнан,

Жүруші едік көңіл маз (2, 58) дейді ақын «Патша әмірі тарылды» дейтін өлеңінде.

Осынау төрт жолдан тұратын жалғыз шумақтан көз алдыңызға келетін – жайбарақат мамыражай тірлік кешіп жатқан қырқазағының күнделікті типтік тұрмыс көріністері. Біз келтіріп отырған төрт жолда ойды, суретті жинақтап жеткізетін символдық сипат айқын. Міне, осындай бей-жай ғана жатқан қыр еліне жалпақ жұртты тегіс шошындырған суық хабаржетеді.

Патша әмірі тарылды,

Оған қылар барма лаж?

Ішке толған зарымды,

Кімге айтармын қылып наз? (2, 58)–

дейді елімен бірге аяқ астынан күйзеліске түскен ақын. Алдыңғы шумақтағы ұйқастардыңдыбыстық үндестігі ғана емес, толқып келіп қалған тосын оқиғаның бар екенін де көркемдікпен сабақтастыра отырып, эмоцияға толы сезімін төгіп тастайды. Айтар ойын ұзақ шиырлап, тіл тапшылығы, ой жүйесіздігі

салдарынан әр нәрсенің басын бір шалып, эклектицизмге ұрынып жататын кейбір ақындар сияқты емес, Жамбыл бір сәт те ой сорабынан адаспайды. Айтайын деген көркемдік ойды қысқаша ғана нақпа-нақ жинақтап, түйіндей жеткізеді. Сол келісті қысқа шумақтардың өзінде қаншама саяси-әлеуметтік астар, бәрінен бұрыны сол кезеңдегі бағы ашылмаған қазақ халқының қасірет-мұңы жатыр десеңізші. Әдебиет талдаушы ғалымдар көп айта беретін әлгі бір шығармашылық шеберлік, шын мәніндегі көркемдік құбылыс дегеніміз осы.

Халықпен бірге қапаланып, халықпен бірге қан жұтқан қайғылы ақынның:

Көк жайлауды қалдырып,
Қайда көшіп кетерміз?
Көкіректі зар қылып,
Қорлық пен қайтіп өтерміз? (2, 58)–

деп зарлануы сол кездегі бүкіл қазақтың рухын жеткізіп тұр.

Бірінен соң бірі көкіректен құйылып түскен сан сауал, дағдарыс әкелген қасірет сол бір ауыр кезеңдегі қалың қазақтың қайғы-мұңы емес еді деп кім айта алады. Бұл жердегі ақынның қуаты) – осынау бүкіл халықтық трагедиядан бүкіл халықтық коллизияға айналып кеткен ауыртпалықты, тарихи катехезисті түйіндеп-түйіндеп қысқаша шумақтармен көркем деп жеткізе білуінде. Бүкіл өлеңнің бойында ырық бермей, атойлап тұрған да)– жүректен шыққан шерлі зар дәрменсіздіктен басын тауға да ұрған, тасқа да ұрған сол бір қиын-қыстау дәуірдегі қазақ халқының да зары.

Би, болысты тәңір атты,
Ел қорғауға жарамай.
Ағайынды еңіретті,
Көз жасына қарамай.
Ендіойласақ, не қалды,
Ата-жұрттан кету бар.
Жолғатігіп не жанды,
Тәуекелге беку бар.
Не болмасашыбындап,
Тағдырыңақөну бар.
Көнсең, күнде шығындап,
Ит қорлықта өлу бар!.. (2, 59)

Иә, жоғарыдағы айтылып кеткен бүкіл халықтың

тарихындағы ауыр дағдарыс осылайша ел басындағы ортақ сауалға айналып, бүкіл жұртшылықты жол айрығына әкеліп тіреп қояды. Бұл арадағы ақын шеберлігі – сол дағдарысты оншақты тармаққа еркін сыйғыза білуі. Екінің бірі – не қаңғырып елден кету, не болмаса қалайда сол туған жерде қалып, Жамбылдың тілімен айтқанда – «ит қорлықта өлу бар».

Ел басына күн туған осынау қысылшаң заманда бүтіндей бір ұлтты, тұтас жұртты апаттан алып шығатын тура жолды ешкім таба алмайды. Халқымен бірге қан жұтқан ақиық ақын да басын тауға да, тасқа да ұрып, халықтың алдындағы қиыншылықтың апарып тіркейтін жолды, анығырақ айтқанда ортақ мәмілемен шешілетін бейбіт жолды таба алмай, қатты қиналады. Соны жеткізе білген ақынның сезім әлеміне түсіністікпен қарап, халық трагедиясы дегеніміздің өзі де осы деп мойындайсыз.

1916 жылғы ұлт азаттық көтерілісіне байланысты Жамбылдың ақындық жан дүниесінен ашты запырандай болып, құйылып тұрған тағы бір жыр ол – «Зілді бұйрық» атты өлеңі. Бұл шығармасында да ақын халық басына төнген ауыр қасіретті аса бір көркемдікпен, өз кезеңіндегі барлық ел қамын ойлаған зиялы, ақылгөй жандардың жан дүниелеріне тән сезімталдықпен суреттейді. Патшаның бұйрығынан туындаған ауыртпашылықтың ақиқаты бұл өлеңде де кестелі де келісті шумақтармен әдіптеліп жеткізілген. Бұл тұрғыдан алып қарағанда осы аталып отырған екі шығарма да бір-бірін қуаттап, ішкі үндестікпен бір-бірін толықтырып тұрғаны сөзсіз.

Сонымен бірге екі өлеңнің нысандық, түрлік және ырғақтық жағынан алып қарағанда, өзара айырмашылықтары бар екенін де айтпай кетуге болмайды. «Патша әмірі тарылды» өлеңі жеті-сегіз буынмен шығарылса, екінші өлеңінде ақын өз ойын кәдімгі он бір буындық кара өлең формасында жеткізген. Ұйқастары да шалыс ұйқас. Ең бастысы – «Зілді бұйрықта» ақын өз ойын эпикалық баяндау тұрғысынан көркемдеп жеткізуге ден қояды.

Өлеңде жырлаушы ақынның жеке көңіл-күйі, көзқарасынан гөрі оқиғаны қысқаша ықшамдап баяндау әдісіне иек арту басым. Сондықтан да бұл өлеңді сюжеттік өлең деп үзілді-кесілді бағалаудың еш артықшылығы жоқ. Жамбыл алдыңғы жырдағыдай мұнда да ойды түйіндеп, кара тасқа қашағандай етіп, аз сөзге көп мағына сыйғыза білетін, жинақтап айтудың шын мәніндегі шебер үлгісін көрсеткен. Әр шумақта оқиғаның белгілі бір эпизоды баяндалып немесе белгілі бір қоғамдық-әлеуметтік ой түйінделіп

отырады.

Өлеңге патша бұйрығын орындаушы жандаралдар мен приставтардың қыр еліне жасаған зорлық-зомбылығы, олармен күресу барысындағы халықтың дәрменсіз мүшкіл ахуалы қысқа-қысқа шумақтармен қиыстырып суреттеледі.

Келді де, алып кетті жақсыны айдап,
Барады боздақтардың көзі жайнап.
Күн ыстық – қайнап тұрған сарша тамыз,
Жөнелді абақтыға соры қайнап. (2, 61)

Бар болғаны жалғыз-ақ шумақ. Осы жалғыз шумақта қаншама көрініс пен шындықтың суреттері жатыр десеңізші. Басқаны былай қойғанда, көздері жайнаған боздақтардың өзі қыр елінің бетке ұстар азаматтарының басындағы ауыр ахуалды соншалықты дәл жеткізіп тұрған жоқ па? Халық әйтеуір тұяқ серпуге тырысып, далбасалап қарсылық көрсеткен болады. Бірақ ол әрекеттері де нәтижесіз, тіпті туралап айтқанда қасіреттің үстіне қасірет жамау ғана.

Ақын бұл ауыр жағдаятты бір ауыз сөзбен былайша баяндаған:

Самсыны алған екен Ботбай қамап,
Оларды жігіті мен кетті сабап.
Тұтқындарды босатып ала алмады,
Бір пәлеге екінші пәле жамап. (2, 62)

Өлеңде тосыннан келген қайғы-қасіреттің түйіліп келіп, қазақ халқының ежелден аңсаған азаттық күресіне ұласқаны шыншылдықпен баяндалады. Азаттық арманы – өз халқының алдыңғы қатарлы азаматтарының арасында жүрген, халықтың шер толқынын әманда дер кезінде жалпақ жұртшылыққа жеткізіп отырған Жамбыл ақынның да арманы еді.

«Жамбыл 1916жылғы тарихи қозғалыстың ішінде болды, халықтың патша өкіметіне қарсы көтерілісін қолдады. Жетісудың әр жерінде болған көтерілісшілердің ерлік күресіне зор үмітпен қарады» (3, 165) деп түйіндейдің әдбиет зерттеушісі, профессор Е.Ысмайылов.

1916 жылғы ұлт азаттық көтерілісіне арнаған өлеңдері – Жәкеңнің шығармашылық әлеміндегі бір тақырыптық сала ғана емес, ақынның саяси-қоғамдық көзқарасының тарихилығын, тереңдігі мен болжампаздығын білдіретін көркемдік құбылыс.

Осы арада ұлы қапымыз Жамбыл Жабаевтың туғанына 170

жыл толып отыруымен бірге сол 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілісіне де 100 жыл толып отырғанын, екі үлкен оқиға осы жағынан да үйлесіп жатқанын еске алғанымыз орынды.

ТІЛЕУБЕРДИЕВ Б.М.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің профессоры,
филология ғылымының докторы

Ж.ЖАБАЕВ ПОЭТИКАСЫНЫҢ КОНЦЕПТІЛІК ҚҰРЫЛЫМЫ

Жамбыл — ұлы ақын, суырып салма, төкпе, ақпа, дүр ақын. Қазақтың өлең, жыр шығарушыларының бәрі бірдей мұндай қасиетке ие болуы некен-саяқ. Ақындық өнердің өзіндік тарихы, шежіресі бола тұра заманына сай түрлі атауы бар. Өлең, жыр шығарып немесе жаттап алып айтушыларды қазақ халқы ақын деп қарамаған, оларды жырау, жыршы, әнші, өлеңші, сал, сері деп атаған. Қазақ ауыз әдебиетінде жырау ақындық өнердің ең көне түріне ұқсайды. Жыршылар көбінесе өлең жырларды жалпы жұртқа жеткізуші болса, ақындық өнердің қоғамдық-әлеуметтік, мән-мағынасы ерекше болмақ.

Қазіргі лингвистикалық зерттеулер объективтік шындықты идеалды түрде бейнелеудің ақынға тән ең жоғарғы формасы оның ақыл-ойы, санасы, ойлауы, танымы, ішкі дүниесімен тығыз байланысты зерттеуге бағытталады. «Ақын және тіл» мәселесі мол өзектілікке ие, өйткені ақын тілін адекватты зерттеу ісі тілдің өз шеңберінен шығып, табиғат пен қоғамдағы белгілі бір ортада өмір сүретіндердің тобына жүгінгенде ғана толық мүмкіндікке ие болмақ. Қазіргі кезеңдегі тіл білімі ғылымының дамуы антропоцентристік бағытта жүргізіліп жатқан зерттеулермен сипатталады. Антропоцентристік парадигма ақын тілін санамен байланыстыра қарастыра отырып, бұрын-соңды болмаған метатілдік теориялық негіздерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ж.Жабаев поэтикасын танымдық тұрғыдан қарастыратын болсақ, ақын тілі объективтік дүниені танушы, оны тілдік формада бекітуші, оның ішкі танымын көрсетуші және сонымен бірге бір уақытта дүниені тану мен игерудің құндылық тәжірибесін

қабылдаушы ретінде қарастырылады. Ақын тілінің осындай танымдық ерекшеліктері негізінде когнитивтік тізбектегі тәуелділік пен арақатынастарды орнату мәселелері «ақыл-ой (сана) - тіл-ішкі таным (репрезентация) - концептілеу (концептуализация) - категориялау-қабылдау» түрінде танылмақ. Сонымен қатар ақын танымы тек сөз мағынасынан туындап қана қоймайды, сөз мағынасымен қатар адамзаттық, халықтық, тұлғалық тәжірибелер мен аялық білімі, көрген, білген ақпараттары, танымдық дүниесі арқылы қалыптасады. Бір сөзбен айтқанда ақынның ақиқат дүние туралы санада жинақталған жан-жақты білімі, мәдени, рухани көрсеткіші көркемдік танымда берілген энциклопедиялық білімдер жиынтығына әкеліп саяды.

Дүниенің тілдік бейнесінің әр ақында әр түрлі болуы сыртқы дүниемен тікелей байланысында ғана емес, ақынның өмірінен көрген білгені, көңілге түйгені жыр жазуға негіз болып табылады. Әр ұлт ақындарының өмір тәжірибесі әр түрлі болғандықтан, дүниенің тілдік бейнесі де, сол қоғамда өмір сүрген адамдардың тәжірибесі де әр түрлі болмақ, сондықтан тілдік тұлға ретінде олардың когнитивтік санасындағы дүниенің тілдік бейнесінде айырма болады. Сөздің артында ақиқаттың, шындықтың үзiгi тұрады, оның тілдік бейнесі әр халықта әр түрлі болмақ. Жамбыл жырларындағы концептілік құрылымды осы тұрғыдан тану керек.

«Қазіргі ғылым үшін жай ғана адам мәселесі қызығушылық тудырмайды, ішкі таным дүниесі бай, заттар мен құбылыстарды танып білуде өзіне ұқсас адамдардың әлеміне деген қызығушылық қатынасы бар тілді, сананы тасымалдаушы адам қызығушылық тудырады. Ол әлемде және жерде ерекше орынды иеленеді, ол үнемі дүниемен, өз-өзімен және өзіне ұқсағандармен диалогқа еніп отырады». Осы тұрғыдан келгенде қазақ танымында Бәйтеректің басы да, тамыры да, жапырағы да символикалық мәнге ие. Мәселен, Бәйтерек жапырағы адам ұрпағының жалғастығын көрсетеді, яғни жапырақ — бала, ұрпақ. Осындай таным-түсінікті «ата – бәйтерек, бала — жапырақ» мәтелінен байқауға болады. Қазақта және мынадай аңыз бар: «Жасаған ие бір ғұмыр ағашын егеді. Ағаштың басындағы әрбір жапырақ тіршіліктегі адамның жанына, рухына уәкілдік етеді. Дүниеге бір адам келсе, бір жапырақ үзіліп түседі. Үзілген жапырақ түсіп бара жатып басқа бір жапыраққа соғылса, бұл жапырақ уәкілдік еткен бір адамның өлгенін естиді». Жамбыл осы образды толықтырып, төмендегідей

өлең өрнектерімен дәлелдей түседі:

Мәуелі сендер бәйшешек,
Өмірдің жазын тойлаған.
Ұялы мен бір *бәйтерек*
Ортаңда көктеп бойлаған.
Мен бір биік *бәйтерек*,
Көкке бойым бойлаған,
Қармақты терең тамырым,
Жайылып жерде шарлаған.
Бәйтерекпін дегенім -
Жасым жүзді қармаған.
Тамырым терең дегенім -
Халқым ғой күшті қаулаған.
Жапырақтарым дегенім -
Жастарым ғой самғаған.

Жамбыл танымында бәйтеректі жәй терек емес, жалпы алғанда ғалам ағашының бейнесі, некелік қатынасқа, ұрпақтар сабақтастығына, шежіреге қатысты, айналасында ұл-қызы өскен ұлы терекке балайды.

Сонымен қатар ақын танымында *кәрілік, жастық, «өмір», дүние, тағдыр* сияқты метафизикалық концептілер ақиқат дүниедегі абстракцияны бейнелейтін ментальді мазмұн болып табылады. Ақын өмірінде ғана танып білуге болатын көзбен көріп, қолмен ұстау мүмкін емес философиялық мәнге басым сөздер динамикалық қозғалыс ретінде танылады. Мысалы:

Өмір барда ескірмес,
Бағасы құнды өрен сөз.

Жамбыл поэзиясында алма кезек жарысып жатқан *жақсы* мен *жаманның, бақыт* пен *қайғының, өмір* мен *өлімнің* арпалысы күшті динамикалық қозғалыс ретінде танылуы төмендегі өлеңінен көрінеді:

Ой-хой *дүние* серуен!
Адам бір көшкен *керуен*.
Дүниені қызық, қалдырып,
Асамыз *өмір* белінен.
Кірсе лебіз-шықса жоқ,
Қауып етіндер өлімнен,
Қылышбайдан таралып,
Сөз нұсқасы келінген.

Дос-жаранға, кем тарға
Қайырлы бол делінген!
Қылған қайр болмаса,
Не әкетесің өмірден?!
Дәулетіннен не пайда
Таусылмастай көрінген?!
Жалғыз мұраң сол болар
Қол қайырың берілген.

Ақын поэзиясында «өмір» концептісі «көшкен керуен», «дүние қызық», «қайырлы болу», «мұраң — қайырымдылық», «дүние кебінмен көмілмейді» фрагменттер «өмір» ұғымын танытатын карапайым түсініктер көрінісі ретінде алынған.

Түн қараңғы дүниенің
Ататұғын таңы бар.
Қараңғының шырағы –
Жанатұғын шамы бар.
Дүниенің тұрағы –
Тағдырдың өлшеу сынағы,
Өркендейтін заңы бар.
Кәрілік екі көзді қызартады,
Сүйектің етін сылып ұзартады.
Еңкейсең етпетіңнен түсіргендей,
Батпандай тізе тұсқа тұз артады.

Жамбыл поэзиясында метафизикалық концептілер – сөз өнерімен, көшкен керуенмен, дүние – тағдырдың өлшемімен, қозғалыс, арпалас ситуацияларымен танылады. Сондай-ақ ұлттың ұлт болып қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлардың бірі — ұлттың рухани болмысының табиғатпен тікелей байланысы. *Отан, туған жер, кеңістік пен еркіндікті* бейнелейтін «дала» лексемасы Жамбыл поэзиясында *қонақжайлылықты, сыйластықты, ұйымшылдықты, кеңдік пен мәрттікті* білдіретін мәдени категорияларға жатады. Сондықтанда болса керек ақын қазақ халқының бойынан, қанынан даладай дарқандықты, алаңсыз өмірді. кең дүниені байқаған.

Ел үшін туған ерлердің,
Алды-арты дария кең болар.

Қазақ поэзиясында образды сөздер шындық өмірден, күнделікті тұрмыс-салттан алынған болып шығады. Кейбір ақиқат дүниелер адам санасындағы эмоционалды, аффективті көңіл-күйі, ішкі сезімі

арқылы танылады. Мысалы, Жамбыл өлеңдерінде кездесетін «ғаріп» ұғымы жағымсыз мағынада танылатын «мүсәпір, бейшара» деп объективтенетіні белгілі. Бірақ оны ақын нақты денотатпен көрсете алмайды, санадағы ішкі сезім арқылы танытады. *Ғаріп қылды*. Қор етті, азапқа салды, мүгедек халге түсірді. Осылайша өзімді *ғарып қыл*, мына сарайдың бір жағын бұзып, барлық адамдарымызды жылатып кетті (Қазақ ертегілері). Біздей *ғаріп* мүскінді, қандай болып отыр деп, неге бір іздеп келмейді (Қыз Жібек). Перзентім көріп тіріде, *ғаріп көңілім* толар ма? (Мұңлық-Зарлық). Ерден бағы жанбаған — *әйел ғаріп* (Ж.Жабаев).

Ақын *ғаріп* емес пе –
Байды өтірік мақтаса,
Заман *ғаріп* емес пе –
Әділеттен аттаса.
Халық *ғаріп* емес пе –
Айтқаны іске аспаса!
Асқар тау *ғаріп* емес пе,
Айдынды көлі болмаса.
Ер жігіт *ғаріп* емес пе,
Белгілі елі болмаса.
Елде *ғаріп* емес пе,
Белгілі жерге қонбаса.

Профессор Э.Д.Сүлейменованың зерттеуінде тілдің когнитивтік аспектіде көрінуі ондағы мазмұнның жан-жақты танылуы мен дүниені бүтіндей меңгеруден байқалады. Бірақ тіл жеке тұрып ақиқат дүниені бүтіндей таныта алмайды.

Дүниенің поэтикалық моделі ақынның жеке танымы мен оның санасында бейнеленген моделі арқылы көрініс тапқан. Ақын танымындағы дүние туралы концептілік жүйе оның ақиқат болмысқа деген субъективті көзқарасы мен объективті көзқарасын танытатын құндылықтар жүйесінен құралған. Дүниенің көркем бейнесінің (көркем концептілердің) бейнелену шеберлігі, шарықтау шегі, дүниенің поэтикалық, лирикалық, эпикалық, фольклорлық бейнелері концептілік жүйе шеңберінде реттелген. Ақын поэтикасында концептілік жүйенің құрылымы кеңейген сайын дүниенің концептілік бейнесі де кеңейе түскен. Осы тұрғыдан келгенде ғалым Ж.Манкеева: «Тілдегі мазмұнның сақталуы оның кумулятивтік қызметімен тікелей байланысты. Ол өз кезегінде қабылдау, ойлау, жад сияқты психологиялық ұғымдармен тығыз

байланысты болып, тұтас күйіндегі когнитивті парадигма құрайды», — деген тұжырым жасайды.

Жамбылдың ұлы өнерінің желісі арыдан, «Өтеген батыр», «Саурық», «Сұраншы батыр» дастандарын таратып, жырлап келгенін айрықша атап көрсетуге болады. Ал халық дастандары дегеніміз — бай ауыз әдебиеті үлгілері мен арыдан келе жатқан ақын-жыраулардың мұралары. Академик Р.Сыздық ақынның поэзиясы туралы мынадай пікір білдіреді: «Жамбылдың поэтикасы тұп-тура халық поэзиясының айнасы емес, сонымен қатар Жамбыл өлеңдері қазіргі профессионал жазба ақындар поэзиясынан да тілі жағынан да бөлек, оқшау тұрады».

Ақын ғаламды туған тіл формасы арқылы қабылдайды, өйткені тіл ақынның ойлауы мен болмыс құрылымының себептерін анықтайды. Ұлттық дүниені қабылдау ерекшеліктері өмір салтымен және этностың салт-дәстүрімен тікелей байланысты болса керек.

Қазақ халқының ұлттық өмірін, оның өткенін, танымы мен дінін, ділін, әні мен күй өнерін, халықтың білім жүйесін, сөз тіркестері мен ауыз әдебиеті мұраларын ақынның қалыптасқан тілдік құралдары арқылы тануға болады.

Ғылым өркендеп адам баласының таным-түсінігі толысқан сайын өзіне дейінгі ақындар жазған өлеңдерді зерттеп, игеруге деген қажеттілік арта түспек. Осы тұрғыдан келгенде бүгінгі таңдағы ғылыми түсінік ғылымды да әдебиет пен өнерді де, ел-жұрттың білім өрісі мен сауатын да, ойдың оралымдығы мен тілдің құнарын да «адам және тіл» аясына сыйғызып отыр. Сол себепті де ақын тілі танымдық лингвистиканың өзекті мәселесіне айналып отыр. Поэтикалық мәтін танымдық лингвистикалық зерттеулердің шеңберін маңызды түрде күшейте түсетін қазіргі антропоцентристік парадигмалар шегіндегі когнитивизм негізінде туындайды.

Ж.Жабаевтың танымында *бөрі* — батыл, ержүрек, қайсар адамның символикалық тұлғасы, жүректіліктің белгісі, жеңімпаздықтың символы. Қазақтың таным дәстүрінде *бөрі* ұлы шайқастарда қолдап жебеуші ата-баба әруағының киелі рухы. Осындай түсінік, ұғымды Жамбылдың пірі Сүйінбай ақынның төмендегідей өлең жолдарынан байқауыңызға болады:

Бөрі басы ұраным,
Бөрілі менің байрағым,
Бөрілі байрақ көтерсе

Қозып кетер қайдағым, ...

Ақынның «Саурық», «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» дастандары оның атауына байланысты қазақ танымында бір коммуниканттың «аялық білімдер» деп аталатын деңгейіне байланысты. Аялық білімдер дегеніміз — қандай да бір дастанның шындыққа қатысты лингвоелтану сипатындағы деректер мен білімдер кешені. Аялық білімдер деңгейі мен көлемі жырлаушыда аз болса, тыңдаушыда жоқ болса коммуникантта семиотикалық маңыздылық та төмен болмақ. Мәселен, кейбір өзге ұлт өкілдері үшін Жамбыл жырлаған дастандар туралы аялық білімдер аз болуы (аялық білімі болмауы) мүмкін. Ал жырды оқып, санасына тоқыған адам үшін *батыр* — *дала жауынгері*, мыңдаған жылдар бойы еркектің идеалы болып қала береді. Батырдың осы бір ментальдік образының сабақтастығы Жамбыл поэзиясынан байқалады. Осы ұғымдарды адамның ой-санасына, ішкі дүниесіне байланысты рухани, адамгершілік құндылықтарға толық түрде жатқызуға болады.

Сонымен қатар *арыстан*, *жолбарыс*, *қасқыр*, *барыс*, *бүркіт* т.б. концептілік құрылым жасап ақын өлеңдерінде құндылық қатынас тұрғысынан қарастырылған. Жамбыл өлеңдеріндегі осы ұғымдарды адамның ой-санасына, ішкі дүниесіне байланысты рухани, адамгершілік құндылықтарға толық түрде жатқызуға болады. Қазіргі салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарымызға айналып ақынның өлең-жырларынан көрініс тапқан жоғарыдағы концептілік құрылымдар наным-сенімдердің түпкі негізі болып табылады.

Арыстан болсақ жау үшін, арыстандай жұлқынды, жолбарыстай қарулы, арыстандай айбарлы, аш қасқырдай батырдан, түлек бүркіт көзіндегі, жылдамдығы барыстай, арыстандай айбатты т.б. сөздерді ақын эпикалық батырдың ментальдік образын жасауда тек сөз құралдарын ғана емес, сондай-ақ сюжеттің өзін, образдар жүйесін қазақ батырлық эпосы туындыларының поэтикасы тұрғысында жырлаған.

Ж.Жабаевтың кейбір туындылары бірінсіз бірі болмайтын, бірін екіншісі толықтырып отыратын немесе бірінен кейін бірі жүретін, тіпті бір біріне қарама-қарсы тұратын ақиқат дүниелер жұптасып танылатын контраст концептілер құрылымынан тұрады. Мысалы,

Ел үшін туған ерлердің,
Алды-арты дария кең болар.

*Жаманның көңілі көкте, жерде басы,
Жақсының өзі кішік, ойы биік.
Жас қалып, алдында кәрі кетсе,
Оның өзі емес пе той мереке.
Көп қарға тең келмейді бір сұңқарға,
Көп жылқы тең келмейді бір тұлпарға.
Жақсылық қылсаң – жақсылық,
Жетеді деген басыңа.
Жамандыққа – жамандық,
Бір келеді тасыма.*

Тіл білімінде *аллитерация* біртекті дауыссыздардың симметриялық қайталануы арқылы жасалатын дыбыстық тәсілдің бірі болса, *ассонанс* бірыңғай дауысты дыбыстардың қайталануы. Осындай *аллитерация* мен *ассонанс* сияқты дыбыстардың біркелкілігін Жамбылдың Отан соғысында қаза тапқан сүйікті ұлы Алғадайды жоқтаған өлеңінен кездестіреміз.

Жас өмірдің жайқалған

Жұлғызбай жалғыз жапырағын

Жайпайық деп жауларды

Жар салды жырау жаранға, — деп «ж» дыбыстарынан
басталған сөздерді қатарынан келтіріп, өте әсерлі дыбыс әуезділігін жасайды.

Алатауды айналсам

Алғадайды табам ба?

Сарыарқаны сандалсам,

Саңлағымды табам ба? –тәрізді «а», «с» дыбыстарымен басталатын сөздерді қатарымен келтірген құлаққа жағымды жолдар Жамбылда аз кездеспейді.

Академик Р.Сыздықтың сөзімен айтқанда «Жамбыл – сол дәстүрдің квинт эссенциясы, яғни барша асылы сарқа пайдаланылған, шашырап – төгілмей жинақы келген шоғыры. Сонымен қатар Жамбыл поэзиясының тілі қазақтың сөз өнерінің өткен дәуірлерінің жалаң проекциясы емес, қазіргі дәуірдің де жанды, тартымды бір түрінің көрінісі» .

Қорыта айтқанда, ақынның поэтикалық мәтініндегі концептілік құрылымдарының көрінісі – автордың ментальді көрсеткіші. Бұл хабарламамызда ақынның санада бейнеленген құрылымдарын мәтіндегі тіл мазмұнының концептіленуі арқылы анықтауға болатындығына мән бердік.

БОЛАТТЕМІР АЛТАЕВ
М. Әуезов атындағы ОҚМУ-нің доценті, тарих
ғылымдырының кандидаты
«Сұраншы батыр» орталығының жетекшісі

ЖАМБЫЛ ДАСТАНЫНДАҒЫ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ

Ғасыр жасаған абыз – ақын Жамбыл тарихи дастандарын әр дәуірдің көзін көрген сол оқиғаларға қатысы бар адамдармен әңгімелесе және ой елегінен өткізе отырып туындаған. Айталық, Сұраншы дастанында қоқан хандығы мен қырғыз манаптарының патшалық Ресей билігінің Оңтүстік Қазақстан, жетісу өңірлерін мекендеген қазақтарға жасаған үстемдіктері көрініс тапқан.

Жамбыл дүние есігін ашқанда Оңтүстік Қазақстан, Жетісу қазақтары қоқан хандығының дүркін-дүркін шапқыншылығына ұшырап отырған. Сол дәуірдің тарихи кезеңінде қазақ батырлары қоқан экспанциясына қарсы шайқасқан болатын.

Халықтың жаны мен рухына айналған қазақтың батырлары әлеуметтік-саяси күшке айналған. Жамбыл дастандарында ел қорғану үшін Сұраншы батырдан көмек күтеді. Жамбыл айтқандай:

Ел тарықса ежелден,
Батыр түсер есіне!

Ал, қандай да бір батыр болмасын ол елін, халқын саналы түрде қорғауға ұмтылып өз басын өлімге қияды. Жамбылдың ұлы ұстазы Сүйімбай айтқандай «Ер азамат жаудан өлер» деген қағида батырлардың басты ұстанымына айналған.

«Сұраншы» дастанын алғаш жырлаған ақын Сүйінбай. Сұраншының әскери жасағының құрамында болған Сүйінбай қоқандықтарға қарсы бірнеше шайқасқа қатысқан. Сайрам қаласын 1864ж қоқандықтардан азат ету шайқасында Сұраншы ерлікпен қаза табады. Сұраншымен сол шайқасқа Сүйінбай да қатысып жараланған. Қоқандықтарға қарсы күрескен батырдың ерлігі Сүйінбай жырлауында нақты тарихи оқиғаларға негізделген.

Жамбыл «Сұраншы батыр» дастанында:

Бата берген Сүйінбай,
Жырдың тіккен туындай!

Айтқанда маған ақылды,
Жырла деген батырды,
Есімде мәңгі сол қалған, –

деп, Сұраншы батырды алғаш жырлаған Сүйінбай ақын екендігін айтып кетеді.

Жамбылдың «Сұраншы батыр» дастаны кездердің саяси ерекшелігімен құнды. Өйткені, бұл дастан XIX–ғасырда Орта Азия аймағында қалыптасқан геосаяси жағдайларды толық қамтыған.

XIX ғасырда қазақ елінің геосаяси ахуалы ауырлап, қазақ жерлеріне шығыстан Қытай, солтүстік-батыстан Ресей патшалығы, оңтүстіктен Хиуа, Бұхар әмірліктері мен Қоқан хандығы үнемі қауіп төндірді. XIX ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап, Арал теңізінен Іле, Шу өзендері аралығын жайлап жатқан қазақ халыққына Қоқан хандығы үнемі тонаушылық соғыстарын жүргізіп отырды.

Ресей Орталық Азия елдерімен өзара тиімді сауда қатынастарын жасауға ұмтылды. Бірақ Англия мен Қоқан хандығы біріге қарсы шықты. Мысалы, Британ билігі 1860 жылы Қаратегін және Дарбаз арқылы Қоқанға ағылшынның тәжірибелі барлаушысы Әбді әл – Маджитті жіберді. Оған хандық билігінің сеніміне ие болып Үндістандағы Британ өкімет орындарымен байланыс орнату міндетін жүктелді. Бұл сапардың сәтті аяқталғанына Қоқан хандығына басты тірек пункттеріне Британ қаруының берілуі және әскери нұсқаушылардың жіберілуі дәлел бола алады. Ресей мен Британ билігінің Орталық Азиядағы мұндай тартысы тарихта «Үлкен ойын» саясаты деп аталады. Қоқан хандығы сол уақытта Британия, Түркия секілді мемлекеттердің қолдауына арқа сүйеген.

Қытайлық цинь билігі де Жетісуда өз белсенділігін көрсетті. Циньдік қытайлар Іле өзенінің арғы бетін қоныстанған қазақтарға алым-салық жинау үшін өз әскерлерін жіберіп отырған. Осындай салық жинауға келген қытайлық үш мың әскерді 1840 жылы Іле бойында шапыраштылар бастаған қазақ қолы талқандаған. Бұл соғыс жайында Ш. Уәлиханов былай дейді: «Қытайлықтар Іле өлкесіне 1840 жылға шейін болмашы салым салық жинау үшін әскерлерін жібермеуін қоймады, ақыры олардың әскері Тереңөзек сайында шапыраштылардан масқара болып жеңіліп қайтты. Әлі күнге дейін қытайлар бұл жеңілістерін ұмытпайды және шапырашты руынан шыққан қайсақтар туралы бас шайқай әңгіме етеді».

Жетісу өлкесіне енуге әрекеттенген қоқан әскерлері қазақ жасақтарының тарапынан қарсылыққа ұшырап отырған. Сол уақыттарда патшалық Ресей билігі қоқандықтармен келісе отырып Шу өзенінің бойын өзара ықпал аймағын бөлуге ұмтылды. Айталық орыстар оның сол жағасына, ал қоқандықтар оң жағасына өтпеуге келісті.

Дегенмен де бұл келісімнің шарты үнемі қоқандықтар жағынан бұзылып жату фактілері орын алды. Мысалы, олар Іленің арғы жағына өтіп өз бекіністерін салып алған жағдайлары да болды. Сөйтіп қоқандықтардың қазақтың көш жолдарын бақылауға алып онда бекіністер салуы қазақ, қырғыз малшыларынан салық алуға мүмкіндік берді. Ал қазақ рулары арасында араздықты қоздырып қоқандықтар «бөліп ал да, билей бер» саясатын ұстанды.

Жамбылдың «Сұраншы» дастанында:

Мұз–дулыға, қар–сауыт,
Алатаудың алабын...
Ескі күйді сонау бір,
Шығарып естен барамын.
Алатаудың аты көп,
Созылып жатқан қарлы жал.
Теріскейі-Ұлы жүз,
Күнгеіңде қырғыз бар.
Толып жатқан шоқысы,
Шоқысының аты бар:
Қозыбас, Қордай жаясы.
Сонан өрлеп тартылар,
Суықтөбе, Дегерез,
Ұзынағаш, Көктөбе,
Қарғалының биігі,
Шұбараттың өрі бар.
Қасқа асу мен Үшқоңыр,
Қызыл күнгеі екі нар.
Қарағайлы, Құрттыбас,
Талғардай биік шоқы бар.
Есікті, Түрген, Ақшелек,
Қарқара бар, Асы бар.
Шыңдардың шыңы Хантәңірі,
Таудың биік басы бар.
Жетісудың желіні,

Деген тауым осылар.
Қоршалана ақ бұлт...
Жайлағалы мұны адам,
Санап бітпес не заман.
Неше халық, неше хан,
Тапты қырғын талай жан.
Толып жатқан оқиға,
Соның бірі айтылар, –

деген жыр жолында, ілгеріден басталып ХІХ ғасырды қоса алғандағы Орта Азия аймағындағы геосаяси жағдайларды қамтып кеткен.

Жамбылдың осы жыр жолы VI ғасырдың басында Жетісуға келген І–Түрік қағанатының билеушілері Бумын мен Естеми қаған тарихын бейнелейді. Соңғы кезде этнотопонимдік зерттеулерге негізделе Жетісу хун дәуірінде пайда болған «жетіусу» тіркесіндегі «у» дыбысы интерференция салдарынан түсіп қалып жетісу яғни «жетіге бөлінген усун» мағынасын білдіретін атау екендігі нақтыланды.

Көне қытайлық деректерде үйсіндердің тотемі – бөрі болғандығы жазылған. Ескі қытай жылнамалары «Чжоу шу» мен «Суй шу»–да көне түркі тайпаларының пайда болу аңызы келтірілген. Сол жылнамада айтылған аңыз бойынша тауға барып паналаған бөрі анадан бес дулат және бес нушиби тайпалары тарайды. Бес дулаттың ішінде жүрген чумулгун тайпасы шапыраштылар мекендейтін Шамалған елді мекенінің атауына айналған.

Атақты турколог ғалым СССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор С.Е.Малов өз еңбегінде Бумын мен Естеми қағандарды дулаттан шыққан деп көрсетеді. Ғұлама ғалымның жазуынша 552 жылы осы Естеми қаған өзіне қарасты тайпаларды бастап батысқа (Жетісуға) көшіп кетеді. Даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлы жазып алған шежірені (Жамбылдан жазып алуы мүмкін) зерттей келгенде Естеми қағанның кейінгі прототипі–бейнесі Есқожа болған.

Бір қызығы Оңтүстік өңіріндегі Сайрамға жақын Қарамұрт елді мекенінде Хален баба қорымы бар. Хален баба кешегі әлемдік держава құрған хун мемлекетінің билеушісі Мөде қағанның

ұрпағы. Ілгеріде Қарамұртты ауылын мекендеген шапыраштылар осы Хален бабаны үлкен пір деп сыйынған. Қазіргі уақытта шапыраштылар Қарамұрт ауылынан үш шақырым төменге көшіп кеткен. Дегенмен де өзбектер қоныстанған Қарамұрт ауылында өткен ғасырдың 30-шы жылдары берілген «Жамбыл» атындағы көше осы күнге дейін бар. Ұлы жырау Жамбыл «Жетісудың желіні» деп кешегі VI ғасырдағы ата-баба тарихынан хабар беріп кеткен. Түрген атауы Л.Гумилев еңбегінде «Түрік туген» батыр есімімен жүр.

Қырғыздың манабы Орманның екі жүзді саясаты осы дастанда жақсы айтылады. Мысалы, қырғыз манабы Орман кезінде Қоқан хандығымен бірлесіп Жетісу жеріне шабуылдар жасаған.

Құдияр хан қағынды,
Тағы қанды сағынды.
«Алатын орыс, қазақсың,
Аламын деді бәріңді,
Қырғыздан Орман бірігіп,
Қордайдан асқан көп әскер,
Теріскейге ағылды. —

деп Жамбыл, Орман мен Құдиярдың зымияндық іс-әрекетін әшкерелейді.

Жүрегі қара Құдияр,
Орман бұзық тағы бар.
Достыққа тағы өрт салды...
Орман атқа мінгенде.
Елден кісі шауыпты.
Қазаққа хабар беруге.
Жаңғараш, Жантай жіберіп...
Тілеуқабыл, Майемер,
Сарыкемерде шабылды.

Қырғыз манаптары Жаңғараш пен Жантай қоныстас жатқан қазақ тайпаларына қоқандықтардың шабуылынан сақтандырады. Кенеттен келген қоқан шабуылына тойтарыс бере алмаған Сыпатай, Кәрім би бастаған азғана дулат тайпалары Іле өзенінен төменге қарай шегініп кететіні бар.

Дастанда қырғыз манабы Орманның бастауымен келген қырғыздар мен қоқандықтардың біріккен қырық мың қолы Сарыкемер жеріндегі дулаттың Тілеуқабыл, Майемер ауылдарын

шабатынын баяндайды. Ойламаған жерден болған шабуылдан Тілеуқабыл мен Майемер елі қатты шығынғы ұшырайды. Дулаттың қасқарау атасынан шыққан Кәрібоз, Бауке деген ақсақалдар Сұраншы батырға келіп:

– Желісін үзіп, жылқы алды,
Ырысын үзіп, мүлік алды.
Сенен басқа бұл жерде
Жауға шабар кім қалды?! –
Сенен қайрат болмаса,
Ел намысын, ел кегін,
Жоқтар кісі болмады. –

деп Сұраншыдан елді жаудан босатып алуды сұрайды.

Жамбылдың хатшысы болған С.Бегалин жазбасында осы оқиға баяндалады.

«Сұраншыға хабар келгенде, мен қасында едім. Қарғалының беткейінде, ауылдың сыртында тоғыз құмалақ ойнап отыр еді Сұраншы. Екі торы аты терден бурыл тартып кеткен Тілеуқабыл елінің шапқыншысы келді. Қос атпен келе жатқанда-ақ Сұраншы құмалақты жайып, күтіп отырды.

– Тойшыбек бастаған Қоқанның қолы Беркедердегі Тілеуқабылды шапты, елдің ақсақалдары сізге жіберді. – деді шапқыншыл. Сұраншы көп сөйлемейтін кісі еді. Аз ойланып отырды да:

– Тігіндер туды! – деді. Кәшке туын көтерген соң-ақ сол жердегі Есқожа, Екейдің барлық ер азаматы атқа мінді. Небәрі 300-дей ғана кісі болды.

...Сұраншы: «Қоқанның қолы Қопаға қоныпты. Енді ол бүгін көшпейді, түнде тиеміз, атты біраз тынықтырып алайық», – деп қолды аралап жүріп айтты да, өзі Жанжігіт, Төбет деген жерге әкеліп қолды түсірді. ...Бір кісіге үш жерден отын үйдіріп, күн бата барлық үйген отынға от қойғызды. Ел жата 300 кісіні үшке бөліп, үш жақтан тұтатқан бұтаны аттың құйрығына байлатып, ел жата жатқан қолға тиіп жіберді.

Сұраншы қоқан қолының ортасына өзі кіріп, алдымен туды шаншып түсірген. Қаптаған от, көтерілген шаң, өзінен өзі дүрліккен, жай жатқан қол есі шығып, басқарылып соғыса алмай, қашқан...» Осы жерде Сұраншының жауға қарсы қолданған әскери тактикалық әрекеті ХІІІ ғасырдағы Шыңғыс хан ұрыста қолданған әскери әдіс-тәсілдерімен ұқсастығы бар екендігін атап кеткен жөн.

1810 – жылы Қоқан ханы Әлім Ташкент қаласын жаулап алған соң қазақ даласына өз үстемдігін жүргізуге кірісті. Қазіргі Өзбекстан тарихшылары өз еңбектерінде бұл кезенді «собирание земель» – деп жазып жүр. Ташкентті жайлаған қазақ тайпаларын түрлі жолмен өзінің ықпалына түсірген Қоқан хандығы қандай даланы «жинақтауға» түскені белгісіз. Жамбыл өз дастанында Алатау мен Арыстың арасында қоныстанған қазақ тайпаларының бір-бірінен қашық шашырай қоныстанғанын айтып кетеді. Әлбетте, қазақ тайпаларының шашырай отыруы кенеттен шабуыл жасаған қоқандықтарға қарсы дер кезінде тойтарыс бере алмайды. Қоқан хандығының Оңтүстік Қазақстан, Жетісу жерлерінде «ықпал» аймағын жасауға ұмтылуы олардың тарапынана жаулап алуды көрсетпесе керек. Олай болса, қазіргі Өзбекстандық тарихшылар жазып жүрген «собирание земель» теориясы бос әурешілік.

Сондай-ақ Өзбекстанда 2000 жылы жарық көрген «Өзбекстанның жаңа тарихы» атты академиялық еңбекте Қоқан билігінің қазақ қоғамына байланысты жазған пікірлеріне қарағанда өзінің діндестерінен Ресей жағына ауып кетті деген пікірлер жазылған. Дегенмен де қазақтың билері, батырлары о баста діндеспіз деп Қоқан хандығына қолдау көрсетіп соғысатыны бар емеспе. Кейіннен Қоқан хандығының екі жүзді сұрқия саясатын бағамдаған қазақ билері мен батырлары Ресей жағына өтеді.

Қоқан хандығын қазіргі Өзбекстан Республикасының түп негізі деп түсіну қажет емес. Ол кезеңде қазіргі Өзбекстан Республикасының территориясында үш хандық, атап айтқанда: Қоқан, Хиуа хандықтары мен Бұқар әмірлігі және Ұлы Жүз қазақтарының түпкілікті ата-мекені және олардың басқаруындағы Ташкент қаласы және соған қарасты өңірлер болды. Сондықтан Қоқан хандығы құрамында қыпшақтар, сарттар, маңғыттар, мыңдар, қырғыздар, қазақтардан т.б. халықтардан құралғандықтан бұл құранды яғни, орта ғасырлық шағын қалалық хандық болды.

1865 – жылы Алтынемелде Тезек төренің үйінде Сүйінбайдың жанында болған Жамбыл Ш. Уәлихановпен кездесіп қазақ – қырғыз – қоқан қатынастары жөнінде кеңінен мәлімет алса керек. Ш. Уәлиханов қырғыз билеушілерімен Қоқан хандығы арасындағы одақтастықты атап көрсететіні бар.

Шамасы Шоқанның айтқан әңгімелерін ой елегінен өткізген Жамбыл біріккен қырғыз – қоқан биліктерінің іс-әрекетін

«Сұраншы» дастанында кеңінен жазылуына бір себепші болуы мүмкін.

Сұраншы батырдың Тайшық, Сыздық, Ахмет сұлтандармен бірге қоқандықтар жағында 1860 жылы 18-21 қазанда Ұзынағаш шайқасына қатысқаны белгілі. 1860 жылдың күз айынан бастап қоқандықтар үндеу хаттар таратып, Үлкен Орданы орыстарға қарсы қояды. Сосын шапыраштыдан Сұраншы және Андас, ботбайдан белгілі би, Діқанбай, қасқараудан шыққан би Керім және Шаян батыр, шымырдан шыққан Байзақ би, сиқымнан шыққан Батырбек би, Байсейіт батыр бастаған ықпалды адамдар қырғыз Шабдан батыр, Тайлақ батыр, Корчу батырлар қоқандықтардың жағында шайқасты. Қазақтың элиталық тұлғаларының ықпалын біліп сезген Ресей билігінің генералдары олардың арасына алауыздық тудыруды қарастыра бастады. Мысалы: Сұраншы батырды Жантай манап және Нарбота бимен араздастырып, шиелеленістіргені бар. Орыс генералы Колпоковский Сұраншы батырды өз жағына тарту үшін қазақтың беделді батырларын төрелерін араға салып хаттар жолдап отырды. Тек 1862 жылы жаз айында Сұраншы, Спатай, Діқанбай би бастаған топтар орыстар жағына өтті.

Сұраншы қырғыз бегі Құдайбердінің қолына түскен Михаил Жданов деген казак–орысты тұтқыннан босатады. Орыс полковнигі Калпоковскийдің 1862 жылдың 21 мамырында корпус командиріне жазған хатында: «Ибо уходя за Чу, он не сделал никакой против нас пакости, а в скопищах Канатша участвовал насильно, во время не нахождения его за Чу, он был со мною в сношениях, всегда изъявлял покорности и желание возвратиться сюда». Сұраншы қоқандықтардың қазақтарға жасаған зорлық-зомбылығын көрген соң ол орыстар жағына өтуді жөн көрген. Шоқан Уәлихановтың Гутковскийге жазған хатында Шу өзенінің бергі бетінде қоқандықтарға қарсы Сұраншы, Сыпатай батырлардың орыстарды қолдап отырғанын жазатыны бар.

Михаил Жданов – «оралдық Жагор» деген есімімен дастанда бейнеленеді. Ол – қасындағы патшаның әскерінен қашқан сегіз орыс, бір татар солдаттың басшысы. Жагор Сұраншының өтінішімен Өтеген тауындағы соғыста «мың солдат, бес жүз казак-орыстың» басшысы ретінде «Қарасайлап» батыр жауға тиген де, ол сырнайлатып, көлек пен шелекті барабанша соғып, орысша ұрандатады. Сонда жау жағы: «орыс та келіп қалды» деген үреймен

жан-жаққа қаша жөнелді. Жамбыл Жагордың әрекетін былайша суреттейді:

Барабан құлақ жарады,
Дәл жанынан гүрсілдеп.
Зеңбірек пе, мылтық па,
Анда-санда гүрсілдеп,
Түтін бүркіп алады.
Ұзағырақ қараса,

Жамбылдың айтқан естеліктеріне қарағанда, Кенесары хан Жетісуға келгенде оған арнайы амандасуға барған батырлардың қатарында Сұраншы кездеседі. Кенесарыға сәлем беруге келген Сыпатай, Байзақ, Саурықтарды бірнеше күн қабылдамай қояды. Сонда хан ордасына атпен келген он тоғыз жасар Сұраншы батыр іштегі Кенесарыға: «Хан, неге басыңызды төмен салып, қолыңызбен көлеңкелей бересіз? Біз мұнда ұялшақ әйелді көруге келмедік, ондай ұрғашы әр ауылда толып жатыр. Біз бұл жерге атақты батырды, жеңімпаз қолбасшыны көруге келдік», – депті.

Сонда Кенесары басын бірден көтеріп: «Жігітім, жүректі-ақ екенсің! Аттан түсіп, үйге кір!» – деп, жанынан орын беріпті. Содан кейін ғана хан ордасына Сыпатай, Рүстем сияқты аға батырлар салтанатпен бас сұғыпты»

Тарихтан белгілі он мың қол бастаған Саурық пен Сұраншы хан Кенесарының қозғалысын қолдаған.

Кенесары ханның қырғызға жіберген елшілігі арасында Саурық батыр болған. Саурықтың беделіне сеніп келген қырғыздың манаптарын не себепті екені белгісіз Кенесары тарапынан өлім жазасына кесіледі. Қырғыз манаптардың өлімін Саурықтан көріп қырғыздар қапылыста оны мерт етті. Бұл тақырып алдағы уақытта зерттелуін күтіп жатқан тың мәселе. Кейіннен қазақ –қырғыз халықтары арасындағы байланысты жақсарту жөнінде Тезек төре, Бөлтірік шешен, Сүйінбай ақын және басқалар өз септіктерін тигізді. Қазақ-қырғыз соғысында қаза тапқандарға арнап Ыстықкөл жағасында үлкен асты қырғыздар береді. Сол асқа келген Сүйінбай қырғыздың Қатаған ақынымен айтысып, жеңеді де үлкен құрметке ие болады. Осы жиыннан кейін қазақ пен қырғыз қайта татуласуының негізі басталды. Сөзімізді қорыта келгенде Жамбыл жырлаған дастандарда XIX ғасырдағы тарихи оқиғалар шыншылдықпен жырланған.

Қ.М.ОРАЗБАЕВ

**М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің қазақ тілі мен әдебиеті
кафедрасының доценті, филология
ғылымдарының кандидаты,**

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ ШЫҒАРМА- ШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ТАРИХ ПЕН ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ

Жамбыл Жабаев тарихтың үш кезеңнің куәгері. Атап айтар болсақ, Қоқан хандығы дәуірінде туылып апталдай 18-20 жасқа толған уақыт кезеңі сол заманмен, елу жылдам астам өмірі Патшалы Ресей кезеңінде, отыз жылға жуық өмірі Кеңес үкіметі дәуірінде өтті. Әр пенденің өмір сүру тағдыры әр түрлі. Ал, ақын өмір жолының ерекшелігі осы үш заманда да халық жыршысы, елдің мұң зары мен тарихын жырлау, халық өнері мен дәстүрін жалғастырушы ұлт тұлғасы болуымен ерекшеленгендіктен Жамбыл ақынды абыз ақын деп бағалау жөн сияқты. Қазақтың ақындық өнерінде өзіндік дара жолын қалыптастырған Оңтүстік өлкесінің ұстазы болған Сүйінбай ақыннан бата алған Жамбыл:

Менің пірім Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай.
Сырлы сұлу сөздері
Маған тартқан сыйындай.
Сүйінбай деп сөйлесем,
Сөз келеді бұрқырап,
Қара дауыл құйындай, -

деп абыз ақын әр уақытта мақтанышпен арқалана жырлаудан жалыққан емес. Ақын «Менің пірім Сүйінбай» деп текке жырламаған. Осыған қатысты 1998 жылы Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Мәдени мұра» бағдарламасы негізінде құрылған Этномәдени экспедиция (жетекшілік еткен Болаттемір Алтаев) уақытында Шымкент облысы Төле би ауданы Қаратөбе (бұрынғы Советский) ауылының тұрғыны қарт ұстаз Күзембай Төребекұлы Қазанғап Байболұлының көрген түсін атасы Дәулеттен естідім деп айтып берген еді. Қазанғап ақын Күзембайдың атасы атақты күйші Дәулетпен рухани жағынан көңілдері жақын дос, әрі құдандалы жекежат адамдар болған. Қазанғап Дәулет күйшінің

үйіне келгенде ауылда ұлан - асыр жиын болып, Дәулет күй тартып Қазанғап жыр жырлайды екен. Осындай жиындарда Дәулет күйшінің немере қызы бүгінде 82 жастағы Қалампыр әже жас кезінде үйдің ішінде адамның көптігінен ине шаншар орын болмай кебеженің үстінде отырып, сол ән-жырды тындағандығын әлі күнге дейін айтып отырады. 1934 жылы Қазақстанның түкпір-түкпірінен жиналған халық ақындары мен әншілердің өнерпаздардың республикалық жиыны өткен. Осы жиынға ақын Қазанғап Байболұлы да шақырылған екен. Алматыға барған ақын, әнші, өнерпаздарды сондағы қонақ үйге орналастырады. Бұлардың ішінде Қазанғап ақын да болады. Сол қонған жерінде айтыс болатын күннің түнінде Қазанғап ақын түс көреді. Түсінде Әулиеата (Тараз) қаласы дейді. Сүйінбай ақбозатқа мініп он бір ақбоз арғымақты жетектеп барады екен. Қазанғап ақын Сүйінбайға сәлем беріп, жетектегі он бір арғымақтан біреуін сұрайды. Сонда Сүйінбай «Әй балам, эттеген-ай, сен есімнен шығып кетіпсің. Үйден шығарда бұл он бір ақбоздың бәрін Жамбылға атап қойып едім, өкпелеме балам», — деп Қазанғапқа бермепті. Таңертең ұйқыдан тұрған ақын бұл жайды ешкімге айтпай қонақ үйден шығып, айтысқа қатыспай жүк пойызына мініп Шымкентке қарай елге қайтып кетіпті. Келгеннен кейін бұл жайды Қазанғап ақын Дәулет күйшіге айтып берген екен. Сонда Дәулет күйші осы жиында Жамбылдың мерейі үстем болып, оның атақ даңқы бұрынғыдан да дүркірейді екен, он бір арғымақ Жәкеннің он бір жыл өмірі шығар деп жорыған екен. Иә осы айтыстан кейін абыз ақынның өмірі мен шығармашылығы қайта түлеп қазақ ұлтына жаңа тың серпін әкелді. Жамбыл 1937-38 жылдары репрессияда халықпен қазақ интеллигентциясының қорғаны болса, Ұлы Отан соғысы жылдарында бүкіл Кеңестер одағының қорғанышы бола білді. Қоршаудағы Ленинград (Санкт-Петербург) қаласының әрбір бұрышында ақынның «Ленинградтық өрендерім» атты өлені плакаттарда жазылып, қаланың әрбір бұрыштарында ілінді, радиоларда оқылып аш-жалаңаш соғыстың ауыр, тағдыр тауқыметін тартып отырған қала халқына рухани күш жігер беріп, рухтандырып отырды.

Абыз ақын ХХ ғасырда қазақтың бата беру дәстүрін жалғастырумен де ерекшеленеді. Кешегі жыр алыбы Сүйінбайдан алған батасын қазақтың қас батыры Бауыржан Момышұлына берген. Ал, Б.Момышұлының бұл батаны алуы 1944 жылдың

басында болған еді. Б.Момышұлы 1943 жылдың желтоқсанында алған үш айлық демалысы кезінде Алматыға келеді. Бауыржан майданға қайтарында абыз ақын Жамбылға жазушы Сәбит Мұқанов екеуі сәлем беруге келеді. Сәлемдесіп жатып Сәбит жүз жасаған қария Жамбылға Бауыржанды таныстырады. Бауыржанның атын естіген Жамбыл өзіне ғана тән қасиетімен сынай қарайды. Қазақтың дарындарында өздеріне тән алтыншы сезім болуы шарт. Бауыржан қарттың өзін сынап отырғанын сезе қойып, түсін суытып жібереді. Сонда абыз ақын “Бәтшағардың түсі суық екен, батыр болса болар” дейді. Енді Бауыржанның батырлығын сынаған, ақын дала үрдісіндегі білімін, адамгершілігін тексеруге байланысты “Сен осы Өтеген мен Сұраншыдан күштімісің соны айтшы” деген сұрақ қояды. Сонда Бауыржан “Өтеген қаптай соққан өрт, Сұраншы сарқырап аққан су сияқты батыр болатын. Дүниеде от пен судан күшті жоқ. Мен ол екеуінің ешқайсысына да пар келе алмаймын. Мен – оттың ұшқыны, судың тамшысы ғанамын, Жәке” дейді. Дана қарт батыр жауабына разы болып – Сәбитке “Мынауының түрінде ғана емес, тілінде де бірдеңе бар екен, қоныңдар” деп айтады. Содан Жамбыл қарияның қонақасыға сойған ақ кошқарынан сыбаға жеп, ақынның сарықтығын ішіп,

Батырдың жолы болсын!

Самсаған қолы болсын!

Түсі де суық екен,

Ісі де долы болсын, Аллаһу әкбар! – деген батасын алып майданға аттанады. Бұдан көретініміз ақын қазақтың игі де қасиетті дәстүрін кеңестік дәуірде жалғастырып, оны айналымға түсіріп жаңа бір түр береді.

Ақын мұраларының бәрі де құнды. Сол құнды мұраның бірі айтыс, екіншісі тарихи жырды жырлаудағы ерекшелік. Қазіргі дәуірде әдебиеттану ғылымында классик ақындарға профессор Мекемтас Мырзахметұлы қоятын талаптары: біріншісі ақын өз заманының қоғамдағы басты проблемасын қозғайды, екіншісі сол проблеманы халыққа жеткізу барысында өлеңге немесе жырға жаңа форма әкелу деп ерекшелігін нақтылап көрсеткен. Осы талаптардың негізінде Жамбыл Жабаевты қазақ халқының классик ақыны деуімізге болады. Себебі М.Әуезов «Жамбылдың революциядан бұрын айтқан айтыстар үлгісі кейін кеңес дәуірінде өркендеп, мол жайылған. Халық ақындарының жаңа мазмұндағы

айтыстарына аса жақын үлгі болды. Құлманбет Сарыбаспен айтысында Жамбыл да ескі дәстүр бойынша өз руы Шапыраштыны көп айтқанымен, сол көне түрдің өз көлемінде де халықтық, қоғамдық прогресстік жаңа бағасы бар тың мазмұн табады»- деп бағасын берген. Осыған қарап Жамбыл айтысты халықтық, ұлттық мүддеге көтере білді. Екіншіден Жамбыл қазақ айтыс өлеңіне жаңа форма әкелді. М.Әуезов «айтыста өлеңдік түр төрт жолды, он бір буынды қара өлең көп болса, Жамбыл мен Құлманбет айтыстарында 7-8 буынды терме әдісі мен құрылған жортпа, төкпе, екпінді жыр басым келеді» деп айтысқа жаңа түр әкелгендігін айтады.

XIX ғ. қазақ халқының әдебиеті мен тарихында толық зерттелген сияқты болып көрінгенімен бүгінгі заман тұрғысынан қайта зерделеуді күтіп жатқан тың кезең. Себебі, бұл ғасыр қазақ елінің тарихындағы қаралы уақыттың басталу кезеңі еді. XIX ғ. әдебиетін ф.ғ.д., профессор М.Мырзахметұлы әдебиет тарихын оқытуда «отарлау кезеңіндегі әдебиет» деп айдар тағып, оны «Сұлтан-правитель», «Аға-сұлтан», «Датқалы дәуір әдебиеті» деп үш салаға бөліп қарастыруды ұсынған. Біз осылай жіктеп оқытсақ қана еліміздің әдебиеті мен тарихының сырын жете ұғынамыз. Атақты жыр алыбы Жамбыл ақынның «Сұраншы батыр» дастаны XIX ғасыр тарихының сырын ұғындыруда ерекше орын алады. Осы дастанды оқи отырып XIX ғ. қазақ халқының зар-заман мұңына көз жеткіземіз.

Оралды өрлеп Алтайға,
Алуға патша ынтықты.
Садақ тартқан қазаққа,
Түтіндетті мылтықты,
Ертісті өтіп оралтып,

Жетісуға қол сұқты –деп, қазақ елін патшалы Ресейдің отарлаудағы маршруттарын өлең жолдарынан көруге болады. Осындай қилы заманда елдің бостандығы мен амандығын сақтауда Сұраншы батырдың ерлігі ерекше болды. Себебі орысқа бағынсаң Қоқан, Қоқанға бағынсаң орыс қырады.

Жаудан күту жақсылық
Зарыққанның салдары.
Байдан күту жақсылық
Тарыққанның салдары...

Жамбылдың бұл өлеңнің мәні бізге отарлық жүйедегі

прогрессивтік дамудың мүмкін еместігін айғақтайды. Осы жырында сол кездегі қоғамдағы басты проблема отарлық жүйенің халыққа әкелетін тауқыметін әшкерелейді.

Ақын шығармашылығын оқи отырып біз Қоқанға қарсы немесе патшалы Ресейге қарсы соғысқан батырларымыздың қазақ елінің тәуелсіздік үшін соғысқанын білеміз. Сондай басты батырдың бірі — Сұраншы бейнесі Жамбыл дастанында шынайы сомдалған. Мысалы ақын былай дейді:

Еңкілдеген шал анау,
Шырылдаған бал анау,
Қуыршақ болған бектерге,
Келіншек пен қыз анау.
Көзің тірі тұрғанда,
Қорлыққа қалай көнейін!
Жағаласып алысып,
Не босатып, елді алып,
Не тұтқын болып, мен қалып,
Халық үшін мен лақ.
Жау қолында өлейін
Ақ сүт берген анам- ел,
Үлгі берген атам- ел,
Адалдығым ісіммен,
Бойдағы қару күшіммен
Балалық хақын берейін.

Осы жыр жолдарынан қас батырдың айбынды бейнесін, ішкі жан әлемін айқын байқауға болады. Осындай үлкен рухани күшке ие батыр ел үшін жанын қиған. Қазақ батырларының осындай ерен тұлғасын тіпті орыс ғалымдары да мойындаған. Мысалы: Ресейдің Қазақстан мен Түркістан өлкесін отарлау жорықтарына қатысқан ғалым Анчиков «Қарулы жауға қарсы ұмтылған қазақ батырларының көзсіз ерлікпен елін, жерін қорғап, отаршыл Ресейді 150 жылдай тойтарып келуі – олардың ұлттық санасының күшті болуынан еді» – деп бағалаған. Анчиковтің бұл сөзіне Сырым, Исатай, Махамбет, Көтібар, Кенесары, Наурызбай, Жанқожа секілді батырлардың күресі айғақ. Осы батырлардың қатарында Сұраншы да бар.

Жамбыл өз жырында Сұраншы батырдың батырлық жолын көркемдік тәсілмен шынайы түрде жақсы баяндайды. Бізге тарихтан белгілі Қанағатша басқарған қырық мың әскер

орыстардан жеңіліп кейін шегінеді. Бұл әскер жай шегінбей жолында өзіне одақтас қазақ халқын тонаумен айналысқанын

Жай қашпады Құдияр,
Жолындағы ел тұншықты.
Жабық тіліп, үйді өртеп,
Айғыр атты жетектеп,
Қатын бала шырылдап,

Қан жолынан су шықты — деген өлең жолдарынан көруге болады. Міне осындай қысыл-таяң кезеңде Сұраншы батыр Қоқан хандығымен біріккен қырғыз Орман манаппен тонаушы әскерлерін талқандап қаншама елді бостандыққа шығарады. «Сұраншы батыр» дастанын Жамбыл ақын тарихи деректердің негізінде жырлаған. Сондықтан жырда ойдан қосылған немесе негізсіз деректер жоқтың қасы. Жыр соңында ақын батырды қалың жауға жалғыз жіберіп Орман манапты өлтіртіп, өзі де мерт болған ерлігі жайында айтып аяқтаған. Батырдың соңғы жорығы жырда көркем тілмен шынайы суреттеледі:

Ақтұяққа ер салды,
Азығына малта алды,
Атыма деп жем салды.
Сауыт киіп сайланып,
Ырғай сапты найза алып,
Қорамсағын байланып,
Шымырқанып, шырқанды,
Қыр жолға қарай бет алды.

Ал негізінде жыр алыбы Жамбыл Сұраншы батырдың Сайрам қаласында қапыда мерт болғанын білген. Оның Құлмамбетпен айтысында Құлмамбеттің Сұраншы сарттан өлген Сайрамдағы Ерліктен тапқан олжа-пайдаңдағы — деген өлеңіне Жамбылдың:

Батыр Саурық, Сұраншы жаудан өлген.
Халық үшін шайыт болып жанын берген,
Елді қорғап өлгеннің арманы не,

Қалың қазақ құрметтеп соңына ерген -деп берген жауабында үлкен философиялық ойлармен Сұраншы батырдың ерлігінің мәні ашыла түскендей. Сұраншы батырда тарихи тұрғыдан зерттеу осы күнге дейін жалғасын тауып жатыр. Сондай тұлғаның бірі белгілі фольклортанушы ғалым С.Садырбаев.

С.Садырбаев «Сұраншы тарихта болған адам» дейді. Арғы

аталары – Шапырашты, Қарасай, ағасы Саурықтар Жоңғар қалмақтары мен Қоқан, Хиуа хандықтарының басқыншылық жорықтарына қарсы халықты ұйымдастырып, ірі қолбасшылық көрсеткен көрнекті батырлар. Сұраншы Ақынбекұлы – 1815 жылы Верный уезі Қарғалы болысы үшінші ауылда (Алматы облысы, Жамбыл ауданы) дүниеге келген. 1864 жылы Сайрам қаласын қоқандықтардан азат ету соғысында қайтыс болған. Кейбір әдебиеттерде Сұраншының фамилиясы Әкімбеков, Хакімбеков болып жаңсақ аталып жүр. Оның өлген жылы 1864 емес, 1865 деушілер де бар, бұл қате.

Қазақ ССР Мемлекеттік архивіндегі Сұраншыға қатысты документтерде оның батырлығы мен туған елінің тағдыры үшін сын сағаттарда басын бәйгеге тіккендігі ашық айтылады.

1754 жылы Ферғана аймағанда: Әндіжан, Наманған, Марғұлан, Қоқан хандықтары орнайды. Соның бірі – Қоқан хандығы Памир тауларынан бастап, Іле өзеніне дейін орасан территорияны жаулап алады. Құдияр хан тұсында, 1845-1863 жылдары оңтүстік қазақтар мен қырғыздардың шаруашылықтары күйзелу дәрежесіне жетеді. Алым-салықтың (түндік, зекет, үйлену және әскери салық) түрлері көбейді. Қажетті деген жерлерде қорғандар, бекіністер салады, жергілікті халықты шұрайлы жерден ығыстырып, қуып шығады.

Қоқан хандығының әміріне сәл наразылық білдірсе, тұтас ауылдар талқандалынып, өртеліп жіберілген. Міне, осындай зорлық-зомбылық шыдай алмаған. Сұраншы Ақынбекұлы, 1858 жылы март айында, 1860 жылы октябрь айында Қоқан хандығының үстемділігіне қарсы халық көтерілісін бастаған.

Жамбыл Жабаев суреттейтін Сұраншы соғысы 1852-1853 жылы болған дейді әдебиет зерттеушілері Е.Ысмайылов пен Қ. Тұрғанбаев. Бұл қисынға келетін пікір: 1851 жылы Қоқан хандығы Әулиеата, Мерке, Шу, Іле өзендерін мекендейтін Ұлы жүздің Дулат тайпасына ірі шабуыл жасаған. Осы соғыста Шапырашты батыры Сұраншы Ақынбековтың асқан ерлік көрсетіп, Күртіде (Алматының солтүстік батысында) қоқандықтардың мыңдаған қолын ақыл-айламен күйрете жеңген.

Қордай, Отар, Қопа, Шамалған, Күрті бойындағы соғысты баяндайтын «Сұраншы батыр» дастанының бірінші бөлімі 1938 жылы «Әдебиет майданы» журналының 7-8 санында жарияланған, Сұраншы мен Орман ханның арасындағы тартысты

бейнелейтін екінші бөлім 1940 жылы Жамбыл шығармаларының бірінші томында басылды.

Екінші тарауда қырғыздың шоң манабы Орман ханның арамдық қара ниеттері айтылды. Демек, Сұраншының Қоқан хандығын қазақ жерінен қуып шыққан атақты соғысы, Орман хан өлмей тұрып болғандығы байқалады. Орман Ниязбеков 1792 жылы туып, 1854 жылы қайтыс болған. Ол 1831 жылы хан аталған. Оны өлтірген Бұғы руының батыры Балдай Орман хан кезінде Қоқан хандығымен бірлесіп, Жетісу жеріне шабуылдар жасаған, қырғыздардың Сарбағыш, Бұғы руларының өзара араздығын қоздыруға, екі ұлт достығына сына қағушы. Манап Орманның осы бір қылықтарын қазақ әдебиетінде бірінші рет әшкерелеген – Жамбыл Жабаев.

Қорыта келгенде абыз ақын Жамбыл шығармашылығы күн, заман, уақыты жылжыған сайын жаңа қырынан танылып, Тәуелсіз еліміздің әдебиетінде орны дараланып, халықтың рухани өсуіне қызмет ете бермек. Тәуелсіз еліміздің ширек ғасырлық тойы тойланар таңында ақынның 170 жылдық мерей тойы тұспа-тұс келуі де тарихи кездейсоқтық емес. Бұл да бір құпиясы зор сәйкестік сияқты.

АҚЖОЛ ҚАЛШАБЕК

М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты .

ЖАМБЫЛДЫҢ ЖҮЛДЫЗЫ

(Жамбыл шығармашылығының Исламға қатысы туралы толғаныс)

Атағы жер жарған жырау бола тұра «Жамбыл шығармашылығының тоқсан қабат қатпарларын толық ашып, жанды жерін дөп басып, таба алдық» деп әлі күнге айта алмаймыз. Бұған дейін «Жамбыл туралы кім не деген екен?» дегенді жалаулатып, менде біраз жерді шолып өттім. Екі пікір көзіме жылы ұшырады. Бірі – Ғабит Мүсіреповтің айтқаны: «Ұлы Абайдың

құрдасы, көзі тірісінде Гомер атанған алып атамыз Жамбыл дүниеге екі рет туып келген адам: тоғыз ай, тоғыз күнде ана құрсағынан туды, тоқсан жасқа келгенде заман құрсағынан бір туды» Екіншісі Мұхтар Мағауиннің сөзі: «Жәкең қазақты әлемге танытып кетті. Қалыптасқан ұғымға нанбас ұғымға қарап, заманындағы шындықты бұрмаламау керек. Қазақты, қазақтың әдебиетін, қазақтың рухын бүкіл дүние жүзіне ең алдымен танытқан Жамбыл болды. Әуезов емес. Абай емес. Біздің ұлы фольклорлық мұраларымыз емес. Жамбыл. Арыстар атылған, халық қырылған, елдің еңсесі түсіп, аруағы төмендеген ең бір қиын кезеңде Жамбылдың ұлт ұранындай көтеріліп, соншама атақ-даңққа жетуі – үміт сәулесі, болашақ жақсы күндер жоралғысы сияқты көрінді. Азаматқа күш берді, кейінгі ұрпаққа тыныс қосты. Міне, сол Жәкең – алаштың ұлы перзенті, қазақтың даңқын шығарған гажайып тұлға екендігіне ешқандай күмән тумауға тиіс.

..Жамбыл қолдан жасалған жоқ, сом болып қашалып туды, қазақтың ұлы жырауларының ең соңғы сарқыты болды, орта ғасырлық сақара дәлділін жиырмасыншы ғасырдағы империя төріне шығарды» Ия, көзі тірісінде Гомермен пар келу оңай нәрсе емес. Бұл деген сөз – Жамбыл феноменін бүкіл әлем мойындады деген сөз. Жамбыл феномені – халық тағдырымен біте қайнасқан құбылыс. «Жамбыл менің жай атым, Халық – менің шын атым! Жал құйрығым, қанатым, Қазақстан Отаным» деп ақын босқа жырлаған жоқ. Ол ауыл арасының, ру-тайпаның шайыры емес еді. Ол төбе-төбешікті емес, заңғар биікті көздеген тұлға болатын. «Ақын болдым он үште, Алтын құстай тарандым» деп қанатын босқа қомдап, копаңдамағаны анық. Оның ақыры: «Ақ басты Алатаудың Жамбылымын, Өлеңнің ұлы сүре даңғылымын» деген жыр мәресімен біткеніне сарғыш тартқан тарих парақтары куә. Өзінің поэтикалық кредосының бір қырын Жамбыл былай ашады:

Келгенде жеме-жемге, елге қалдым,
Шалшыққа шатылмадым көлге қалдым.
Шалқардың шалқын жүзген мен аққуы,
Келмеді сасық, шалшық жерде қалғым.

XX ғасыр жырауының әлемге әлі күнге көркемдік құпия көмбесінің ашылмай келуінің сыры неде? Оны осы күнге дейін сәл басқа атыраптан іздеп шаршап келген құсаймыз. Жырау

жырларының алтын өзек тамыры ол – Исламда жатыр. Ия, оған таңғалатын да ештеңе жоқ. Махмұд Қашқари, Мұхаммед Хайдар Дулати, Бұхар жырау сынды алыптардың да бас қойып, шөл қандырған алтын бастауы да осы емес пе? *Ислам – қазақ болмысының түп-тамыры, ядросы, жаны десе жарайды.* Енді осы мың жылғы үрдістен, дайын қалыптан шығып Жамбылға не болыпты?! «Бөлінгенді бөрі жейдіні» данышпан бізден жақсы пайымдай алса керек. Содан ғой оның шалшықтарға шатылмай шалқар көлді таңдағаны. Әуелгіде ақын шығармашылығынан Ислам элементтері бадырайып көзге ұра қоймайды. Оған бір себеп – суреткердің риторикалық стилі һәм кеңестік қызыл цензура бопсасы. Жырау өмірінің бүкпесіз бір нұсқасы мың болғыр «*да Қазақстан*» журналында жарияланған екен. Жариялатып жүрген – жаңаға жаны құмар, бірақ ескінің құнын құнттай білер автор Нағашыбек Қапалбекұлы. Жариялыным Жамбылдың немересі Әлімқұл ақсақалмен сұхбат түрінде өткен. Әлқисса, Әлекең сыр шертеді: «Менің атам Жамбыл ақтық демі таусылғанша бір Алланың хақ екеніне қапысыз сенген адам. Өзі шамасы жеткенше бес уақыт намазын қаза қылмай өтті. Мұсылман баласының имандылығына жат әдеттерді, әсіресе арақ ішіп, темекі тартқан, біреудің сыртынан ғайбат сөйлеген адамдарды жақтырмай отыратын.

Мына жаһан дүниенің шексіздігін, оны шебер ойластырып жаратқан Ұлы Алланың ақиқат екенін әрдайым тамсанып айтып, айналасындағы дінге бейімі бар жандарды әспеттеп сөйлейтін. Тіпті өзі қатты науқастанғанда, хәлін білуге келген Сәбит Мұқановқа үкіметтің ауруханасында иманын айттырып, аят оқытқаны туралы естелік жарияланды ғой».

«Титтейімнен атамның жайнамазын алып беріп, намаз оқығанда қасында бірге тұратынмын. Намаз оқыған кезде ерекше балбырап балқып, беріліп оқитын. Нұрланып, көзінде нұр ойнап, құлпырып, жайнап шыға келетін».

«Кенес үкіметі кезінде қазіргі Алматы облысындағы Жамбыл ауданында бірде-бір мешіт қалмай жабылып қалды. Мешіттерді қиратып, оны қойма, сиыр қорасы етіп жібергені белгілі. Сонда Жамбыл атам Сталинге хат жазып: «Мен бес уақыт намазды қаза қылмайтын мұсылманмын. Намаз оқитын мешіт жоқ, сондықтан да Қарғалыдағы Сәт мешітін ашып бер» деп хат жазғанын естігенбіз».

«Жамбыл атам әр жұма сайын Қарғалыға барып, Сәт мешітінде жұма намазын оқып қайтқан».

«Жамбыл Қазақстан әдебиеті мен өнерінің онкүндігінде Мәскеуге барғанда Кремльде бәрі Сталинді күтіп тұрады. Қазақстан басшылары Сталин шыққанда Жәкең алғаш сәлем беруі керек деп шешеді. Сталин уақытынан кешіге бастайды. Бір кезде алтын есікті айқара ашып, Сталин бастаған полютбюро мүшелері түгел көрінеді. Қарсы алып алғаш сәлем беретін Жәкең жоқ, бәрі жабылып іздесе Жәкең мрамор еденге белбеуін шешіп жайып тастап намаз оқып отыр.

Бәрі үн-түнсіз қалады. Сталин ғана қорқорын саусағына тықылдатып: «Әр ұлт өзінің дінін құрметтеу керек», – депті күлімсіреп.

Жәкең асықпай намазын бітіріп, белбеуін буының, бері бұрылып:

-Ассалаумағалейкум, Стеке! – деген екен».

Міне, нағыз мұсылман бейнесі! Жамбылдың мұсылмандығын осы суреттерден рахаттанып, қанып отырып танысың. Жаратушыға тамсанған саңлақ шайыр «Жаратылыс сыры» деген ғажап жырын жазды:

Асқар тау ғаріп емес пе,
Айдынды көлі болмаса.
Ер жігіт ғаріп емес пе,
Белгілі елі болмаса.
Ел де ғаріп емес пе,
Белгілі жерге қонбаса.
Ағаш ғаріп емес пе,
Мәуесі өсіп тұрмаса.
Су да ғаріп емес пе,
Арнасы тасып толмаса.
Әйел ғаріп емес пе,
Ерден бағы жанбаса.
Жаз да ғаріп емес пе,
Құрғақшылық торласа.
Ұста ғаріп емес пе,
Темірдің суын таппаса.
Ақын ғаріп емес пе,
Байды өтірік мақтаса.
Заман ғаріп емес пе,

Әділеттен аттаса.
Халық ғаріп емес пе,
Айтқаны іске аспаса.
Жігіт ғаріп емес пе,
Еңбегі алға баспаса.
Арғымақ ғаріп емес пе,
Арам тер болып ақпаса.
Малшы ғаріп емес пе,
Малын жөндеп бақпаса.
Бақсы ғаріп емес пе,
Өтірік айтып ақтаса.
Көл де ғаріп емес пе,
Қаз-үйрек келіп қонбаса.
Шебер ғаріп емес пе,
Ағашты дұрыс жонбаса.
Заманның сыры емес пе,
Заманға қайғы жемес пе,
Домбырасын қолға алып,
Жамбыл ақын толғаса.

Міне, сізге жоғарыда айтылған алтын өзек тамырдың риторикалық стил түрінде ақ жаңбыр боп құйылған түрі! Бұндай жырды Исламның даналығанан қанып ішкен иманды жүрек қана төге алса керек. Оған нақты дәлел: **«Жамбыл атам әрбір өлеңі, жыр-қиссасын бастарда Аллаға бір сиынып алатын»** деген Әлімқұл қария сөзі. Оның үстіне ойшыл ақын *«Мен ұзақ өмір сүрдім, көпті көрдім, Көргенді ойға түйдім, ойлай жүрдім»* деп бекерге сөз кестелемеген еді.

Жамбылдың «Жаратылыс сыры» жырының жанында Томас Мордың «Утопиясы» һәм К.Маркстің «Коммунистік партияның манифесі» жіп есуге жарамайды.

Жырдың әр жолын қуаттап Қасиетті Құран Кәримнен аят келтіріп, Мұхаммед пайғамбардың (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) кіршіксіз сүннетінен хадистер келтіруге болар еді. Онда мақаламыз мақала болудан қалып, қалыңдығы бір елі кітапқа айналар еді.

Жыраудың Исламның омыртқалы бір арнасы болған *фәни-бахи* арасалмағын ашып көрсететін ғажайып бір шығармасы ол – **«Өсиет»** жыры:

Ой-хой, дүние серуен!
Адам бір көшкен керуен.
Дүниені қызық қалдырып,
Асамыз өмір белінен.
Кірсе лебіз – шықса жоқ,
Хауіп етіндер өлімнен.
Қылышбайдан таралып.
Сөз нұсқасы келінген.
Дос-жаранға, кемтарға,
Қайырлы бол делінген!
Қылған қайыр болмаса,
Не әкетесің өмірден?!
Дәулетіңнен не пайда,
Таусылмастай көрінген?!
Жалғыз мұраң сол болар.
Қол қайырың берілген.
Басқа дүние бірі де,
Көмілмейді кебінмен.

«Өсиет жыры» Құран-Кәрім аяттарымен қалай қабысады? Былай: «Біліңдер, бұл өмір – бар болғаны бір ойын әрі ермек және сән-салтанат, өзара мақтанысу және дүние-мүлік пен балаларды арттыра түсу ғана. Ол – жауып өткеннен кейін, өсіп шыққан өсімдіктері дән себушілерді таңқалдырған бір жаңбыр секілді. Кейін ол (өсімдіктер) қурайды, сонда сен оның сарғайғанын көресің. Сонан соң ол қоқымға айналады. Ал, соңғы, мәңгілік өмірде (ахиретте) қатты азап және ризалық бар. Бұл дүниедегі өмір – бар болғаны алдамшы рахат (өткінші пайдалану) ғана» (57.Әл-Хадид (Темір) сүресі=20).

Құранның да Қарияның да айтпағы бір: бұ дүние тезек илеген қоңыздың тіршілігіндей татымсыз нәрсе, сондықтан ішінде аршыған жұмыртқадай хор қыздары отырған ахиреттің алтын қыш үйлерін соқпаққа ұмтыл.

Сахих Муслимнен келген хадисте: *«Аллаһ елшісі(Аллаһтың оған игілігі мен сәлемі болсын): «Өлген адамға үш нәрсе еріп барады да, екеуі кері қайтып, біреуі қалады. Оған отбасы мен дүние-мүлкі және амалы еріп барады. Сосын отбасы мен дүние-мүлкі кері қайтып, амалы қалады»* деген. Шайыр жыры осы хадистің шархы іспеттес: *яғни тірі күніңде жасаған қолқайырың өзіңмен бірге көрге кіреді.*

Жамбыл шығармашылығының Хан-Тәңірісі – айтыс өнері! Жамбыл М.Әуезов «Жетісу ақындарының алтын дiңгегі» деп атаған Сүйінбай мен Шаян медресесін тамамдаған атақты Майкөттердей айтыс алдаспандарынан бата алған. Атақты Құлан аян Құлмамбетті жеңіп, айтыста тасы өрге домалаған. *Жамбыл-Құлмамбет*, *Жамбыл-Досмағанбет* айтыстары – айтыс өнерінің алтын маржандары. Құлмамбет айтыстың «оқтаулы ақберені» болса, Жамбыл айтыстың «қорғасын сақасы». Құлмамбеттің өлер алдында айтқан өлеңінен оның тағдырға мойынсұнғыш мұсылмандық бейнесінің көзді қарықтыратыны бар:

Дүниенің опасызын біліп едім,
Сұңқардай күнде жүзді іліп едім.
Ылғауға күндіз-түні жалықпаған,
Шашама шаң жұқпаған күлік едім.
Тәнімде арам тер жоқ қазан ат ем,
Бірталай уақтысында жамағат ем.
Жел сөзге күндіз-түні шалдықпаған,
Қалдырмас ердің көңлін азамат ем.

Үдеттім өле-өлгенше шабысымды,
Талай жұрт естіп жүрді дабысымды.
Бір тоқтау пендесіне болар деген,
Өлімнен менің бүгін сағым сынды.
Руым Қызылбөрік – Құлан аян,
Пәнденің істегені тәңірге аян.
Талайды жүндей түткен қайран жағым,
Сүрінді, амалым не, бар ма шарам.

Жамбылдың Досмағанбетпен айтысында молдаларды шок тілмен шабақтайтын жері бар:

Молда емесің сыйқырсын,
Зікір айтып зарлаған.
Жаназа оқып өлгенге,
Підия алып жалмаған.
Шариғат жолы мынау деп,
Қараңғы надан халықты,
Көзді жұмып алдаған.
Кедей өлсе, үйіне,
Күңіреніп бармаған.
Аттана шауып, бай өлсе,

Қирағаттап Құранды,
Күндіз-түні сарнаған.
Қайыр-зекет бермесең,
«Сөзіме менің көнбесең,
Дозақ бар» деп қорқытып,
Қылмаған пәлең қалмаған,
Оңбайтын молда жері осы,
Жақсы көрсе молданы,
Көзбояушы зұлым деп
Көпшілік неге қарғаған?...

Бұған Досмағанбет:

Молдалығым айып па?
Үйреткен саған Құдайды,
Құран сөзін ұқпаған,
Сендей надан оңбайды.
Зекет алса, молдалар,
Ұжмаққа жұртты жолдайды,
Молда өтірік айтпайды,
Оны Құдай қолдайды.
Елеуретіп сөйлейсің,
Алақтатып көзіңді
Әз әзілден сабақ ап,
Бүлдіріпсің сөзіңді...

деп өндіріп уәж айтады. Осы молда тақырыбының әжептеуір тарихи түп-тамыры бар. Ол үшін **Құрбанғали Халидтің «Тауарих хамса»** кітабынан үзінді келтірейік: «Қазақ билері бұл күнде шарифат жолын тұтпай, өздерінің бұрынғы білгендерінен де айырылып жүргендерінің себебі бұлардың далада жүріп білімнен кенже қалғандығы. Екіншіден Ресейге әскерге барудан тартынып, Қазақстан арқылы Ташкент, Бұхараға дейін қашып жүрген ноғайлардың кесірі. Себебі олар өз аңғалдығынан мынау шарифат деп жұртқа түсіндіргендіктен қараңғы халық бір сөзін теріс демей нана береді. Осыдан **«Шала молда дін бұзар, надан сопы ел бұзар»** деген қағида пайда болған. Әр жерде әртүрлі кереғар ділелдемелер шыға берген соң 1858 жылы Орынбор муфтіі үкіметтің үлкен жиындарына қатынасып, ел ішін реттеу үшін указной молда сайлатып, патша өкіметінің бұйрығы шығарылды.

Молдалар күймелерін желдіртіп указдарын алып, мойындарына шынжыр баулы сағат салып тойлап қайтқандай болып келіп, кетіп

жатты. Низам (ереже) бойынша туу туралы куәлік дәптер, туған, өлген, неке, талақ сияқты істі тіркеп отыру үшін арнайы қағаздарымен рұқсат алып келді. Бұл сөз біреуді мақтау, біреуді даттау емес, хақ сөз құлақ салуға керек.

Қағаз алған молдалар сондай бір істер істеді: онымен не дінді, не дүниені ұстай алмайсың. Бір адам өлсе указной молда болмаса, яки оның атынан біреу бармаса жаназа оқымай кейбір жағдайларда өлікті сасытып, обалына қалмайық деп біреулер жаназа оқып қойса, ол адам қуғынға ұшырайтын болды. Оны – указной молда қайда жүрсе де таптырып алып жазалатып, штраф (бодау) төлетіп (айып төлетіп), әуре ететін болған соң, тіпті жаназаға ешкім жоламай, указной молданы қай көрге кіріп кетсе де іздеп табу ақы иесінің мойындарында үлкен бір борыш болды. Указной молда келген соң, мәйт иесіне ерік бермей молдаға зәкет етесің, пидияға мынаны бересің, құранға мынаны ұсынасың, жаназаға мұны төлейсің деп ойына келгенін істейді. Тіпті, қашан болса да бір өлім деп хал үстінде жатқан адамдардың пидияларын тірілей алуға айналды.

Қазақ әуелде көп еңбектеніп молдаларын алса да, соңынан өкініш етіп, әбден арланғандықтан ақындары өлеңге, әйелдері жоқтауға қосып, указной молдаларды ел ішінен қууға айналды.

Бұл указной молдалар ешқандай шарифатпен санаспай, ақыл парасатымен таразыламай, ешбір низамға салыстырмай тамағынан өткендеріне алданды, адалдықтан бүтіндей бас тартып, ардан жұрдай болып, ақшаның келер жолына көз тігумен күндері өтті. Осылайша Қазақстанды ат шабатын алаңдай тоздырды. Жергілікті жерлерде аздаған көзі ашық оқығандары болғанымен, келген указной молдалардың тозаңы бұларды басып кетті. Халықтың указной молдалардың үстінен берген шағымдарына ахун, мухтисабтар құлақ аспады. Сөздерін ілтипатына алмады. Орынбар муфтиі де өз дәрежесінде көріне алмады. Себебі указной молдалардың ісін ахундарға тапсырғанда, тексеру барысында адалдық айтылмады. Себебі олардың указной молдалармен жемтігі бір еді.

Жергілікті ел молдаларды белдерін берік буып, намыс жалауын көтеріп неше жерден арыз жазып, ақшалар шығындап, ақырында муфтидің қабылдауына жетіп, осылайша он жылға жетер-жетпес өлгендерге билік жүргізген указной молдаларға тиым салынды. Осының нәтижесінде алдыңғы өздері ұстаған қағидаларынан айырылып, мына бүгінгі шарифаттан да ештеңе білмей қалып екі

ортада қалып қойды. Бұл екі ортада ел арасында дінсіздік туды деп, указной молдалар уағыздауға шықты, ал халық, әсіресе қазақ халқы муфтиден бас тартты. Молда керек емес деді. Осылайша діннен безді деп, айыптау басталды. Бірақ мен бұл сөздерге қосылмайтын себебім указной молдалардың істеген істері, адам шыдап тұра алмас шектен шыққан, халықтың намысына тиетін, қорлайтын, көрмегендер нанбайтын бір ылаң қылмыс болды.

Егер молдалар халықты аз аздап көндіріп адамгершілікке бастаса, халық мұншалықты ашынбас еді. Өздері де азық тауып, бала-шаға, ұрпақтары да дәурен сүріп жүрген болар еді». Міне, бетің бар, жүзің бар дейтінді білмейтін турашыл тарих молдалар жайлы осылай дейді. Демек, Жамбыл молдаларға қарадан-қарап ұрынбаған екен дә!

М.Мағауин айтқандай алып ақын ел еңсесі қатты түскен кеңестік дәуірде рухы қызыл шақа нәрестедей қорғансыз қалған қазаққа мұхит астынан жота көрсеткен сүңгуір қайықтай боп шығып, пана болды. Ел-жұрт Жамбылға арқа сүйеді. Саяси қайраткерлер, ғалымдар, жазушылар, әскери адамдар, әртістер, қарапайым еңбек адамдары – бәрі Жамбылды өздеріне эке санады. **Жамбыл – қазақтың қамқор әкесі болды.** Қиын-қыстау 30-40 жылдары Қазақстан үкіметін басқарған Н.Оңдасынов Жәкеңді «Жамбыл жәкем» деп атаса, Жамбылда оны «Қоңырат бала» деп әспеттепті. Хас батыр Б.Момышұлы 1943 жылы қан майданнан елге демалысқа келгенде Жәкеңнің сынынан сүрінбей өтіп:

Батырдың жолы болсын!

Самсаған қолы болсын.

Түсі де суық екен,

Ісі де долы болсын, Алла әкбар!– деген атақты батасын алады. Ақсақалдың батасы қабыл болып, майданға қайтқан Баукеңнің үлкен әскери қолбасшылық биікке, көтерілгені белгілі. Алашорданың алтын қанат құс ақыны Мағжан репрессияға ұшырап, артынан 30 жылдары елге бір оралғанда Жәкене мұның шағып:

Жан аға! Шықтым өлімнен,

Халімді менің көрсейші.

Жаның нұрға көмілген,

Нұрыңнан ұшқын берсейші – деп жан сырын ақтарады.

Ақын Ғали Орманов шайырдың қабырғадай хатшысы болды.

Тегін адам таз бола ма?! Жамбыл тұлғасының тағы бір ғажабы

– жұртты өзіне магниттей тарта беретіні. Міне, жүз жылдың жүзі болды, ол ел аузынан түскен жоқ. Мақтайтыны да, даттайтыны да бар. Су ағад, тас қалад. Орыстың Илья Эренбург деген жазушысы Жәкеңе аузының суы құрып тамсанса, Астафьев, Кавериндері келеке етіп күлгісі келед. Жүз жасаған жүректің «Ленинградтық өренім» (*Ленинградцы дети мои*) атты жан толғанысын бір әумесер «Ленинградцы не дети твои» деп қыжыртпақшы болды. Мәстек ми тұлпар тынысын қайдан танысын? Бұндай етектен тартқысы келгендердің ел ішінде де аз болмағаны аян. Сондайлардың бірі кезінде «Жамбыл ақын емес, оны ақын қып жүрген Әбділдә ғой» деп шала бүлінсе керек. Сонда Ә.Тәжібаев әлгілердің аузына «Оу, ағайын, менің қолдан Жамбыл жасайтын құдіретім болса, өзгеден бұрын әуелі өзімді жарылқап алмас па едім?!» деп құм құйған екен. Ия, әсілінде «XX ғасырдың Гомері» атанбаққа көп адам ынталы болған ғой, сол кезде.

Ақиқатында Жамбылды Жамбыл еткен Ә.Тәжібаевта, О.Жандосовта, Мирзоянда, Ғ.Мүсіреповте яки кеңес үкіметі де емес, жеті қат аспанды Жаратқан Алла Тағала!

Ия, сонымен... Әлемді тігіреткен алып империя жұдырықтай кара шалдың алдында тізе бүкті (*Бір «здравомыслящи ми қазақ» айтқандай Жамбыл сәветтерге емес, сәветтер Жамбылға жалынды ғой*). Қызыл бесжұлдыз таққан буденновка қазақы бөріктен оңбай ұтылды. Әйтпесе, о заманда бұ заман Кремлде емін-еркін қысылмай кім намаз оқи алды! Кремль түгілі...

«Қорыта айтарымыз, Әлімқұл ақсақалдың қорғасын сөздері болсын: «Қазақта аузымен құс тістеген қаншама дарынды ақындар болды, қаншама жыраулар өтті сол заманда. Солардың бәрінің арасынан Жамбылға Жаратқанның шапағат нұры неге ерекше жарқырады? Мұның бір сыры бес уақыт намазын қаза етпеген діндарлығында жатқан шығар деген ойды мен қазір жасым тоқсанға қадам басқанда ғана түсіне бастадым. Жамбыл мерейінің үстем болу себебі де осында деп білемін. Бұл ақылым таныған ақиқат».

Біздің де бұған алып-қосар артық ештеңеміз жоқ!

Көк аспан күннен-күнге кеңейіп бара жатыр.

Ал, Жамбылдың жұлдызы әлі жарқырап тұр!

Н. ОМАРОВ

М. Әуезов атындағы ОҚМУ-нің
филология ғылымдарының кандидаты

ЖАМБЫЛ МЕН ТОҚТАҒҰЛ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ БАЙЛАНЫСЫ

Шыққан тегі бір құстың екі қанатындай, қойы қоралас, тойы аралас қазақ – қырғыз елінің әдеби – мәдени байланысы үлгі тұтарлық, өнеге аларлық ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан дәстүрлі сабақтастық болса керек. Сүйінбай мен Қатаған, Жамбыл мен Тоқтағұл, Үмбетәлі мен Тоғолоқ Молдо, Кенен мен Әлімқұл, Қажымұқан мен Қожамқұл, Мұхтар Әуезов пен Шыңғыс Айтматовтардың шығармашылығы, Ықылас пен Шабдан төре, Мұхтар Шаханов пен Шыңғыс Айтматовтар достығы қырғыз – қазақ елінің өнер мектебі, өмір мектебі секілді көрінеді.

Жамбыл жас кезінен — Алатау, Қаратау атырабындағы ақын-жырау, манасшылар Балық, Қалығұл, Найманбай, Қатаған, Арыстанбек, Сағымбектермен тұздас – дәмдес, сырлас болған. Мысалы өмірінің соңғы күніне дейін Мұратәлімен дос болып, Ыстықкөл жағасында талай рет кездесіп, күй шертісіп, жыр айтысқаны белгілі. Сондай – ақ Мұратәлі Жамбылдан қазақ елінің талай өлеңдері мен күйлерін, салт-дәстүрін үйренген. Ал Жамбыл Тыныбектен «Манасты» тындап, өзі де сүйсіне жырлаған. Сол сияқты Тоғолақ, Қалық, Әлімқұл, Оспанқұл сияқты ыршы, қобызшылармен жиі кездескені белгілі.

Жамбылды айтқанда Тоқтағұлға тоқтамай кету, ұрпағымызға сын болар жағы және бар. Кезінде ғалым Мұхтар Әуезов Тоқтағұлды «қырғыздың дана ақыны» деп бағалап, «халықтық қазынадан өрбіп-өскен, өз жырларын халықтың шынымен, сырымен суарған» деп бекер бағаламаса керек. «Менің өлеңдерімдегі шындық», дейді Тоқтағұл «Халқым жайлы шындық» — дейді. Шынымен де Тоқтағұл шығармашылығының басты тақырыбы — Халық, халықтың тұрмыс- тіршілігі, арман мүдесі, ауыр тұрмысы, бағаланбай келе жатқан ерен еңбегі, мұң-зары. Оған дәлел «Жоқшылықтың кесірінен», «Арман», «Арман Кербез», «Сен, сен дүние», «Көкейкесті», «Мың-толғау», «Эшен қалпе», «Не қызық» секілді тундылары.

Асылы екі алыпты жақындастырған да табыстырған да шығармашылықтарының – халықтылығы болса керек. Сонымен

қатар тағдыр тәлкегі мен өмір иірімдеріндегі ұқсастықтада да үлкен сыр мен мән жатыр.

Жамбылдың бойына ақындық қасиет ана сүті арқылы дарыды. Жамбылдың анасы Ұлдан аса көп сөйлемейтін, бірақ сөз айтқанда тауып айтатын, сөзге шешен кісі болған. Ұлданның нағашысы да аса үлкен халыққа сыйлы қобызшы болған деген де деректер бар.

Ал Тоқтағұлдың анасы Бұрма өте дарынды, жоқтау-кошок жырларымен ас-тойларда атағы шығып, қомызда шебер ойнаған. Халық әндерін мақышына келтіре орындап, тіпті кейде аяқ астынан әзіл – қалжыңы аралас, келеке-әжуа өлеңдер де шығарған өткір тілді ел анасы болған адам екен. Тоқтағұл анасын «бастау», «ағынды өзен» деп аса қатты құрметтеген.

Жамбылдың айтуы бойынша оның ақындыққа деген құштарлығы 12-13 жасынан басталады. Дүмше молдадан тәлім алғанша «Домбырамды қолға алам» деп, әкесінен рұқсат сұрайды. Тоқтағұлда дәл сол жасында Диханбай манаппен сөзге келісіп қалады. Оның өткірлігінен қорыққан Диханбай орда ақыны Арзыматты Тоқтағұлға айдап салады. Айтыста Арзымат Тоқтағұлдың кедейлігін бетіне басады. Ал Тоқтағұл Арзыматтың жағымпаз, жылпостығын, сатқындығын айта келе, өзінің халық ақыны екенін мақтана жырлайды. Осы айтыстан кейін Тоқтағұл ел арасында ақын ретінде таныла бастайды.

Кейбір деректерге сүйенсек «Тоқтағұл Ақсу жерінде Алымқан деген қызды кездестіріп, қатты ғашық болған екен. Алымқан да Тоқтағұлды ұнатыпты. Бірақ қыздың әке –шешесі екеуінің үйленуіне қарсы болады. Өйткені Тоқтағұл кедейдің баласы. Қосыла алмайтындықтарын білген екі жас қашпақшы болады. Бірақ Алымқанның әке –шешесі біліп қояды да қызды басқа біреуге ұзатып жібереді». Ал енді бір деректерде Тоқтағұл бұл өлеңді Алымқанның күйеуі Сұлтан қазының өтініші бойынша шығарған деседі.

Оның ғашықтық сарында жазылған «Сүйімқан», «Насылқан», «Алымқан» секілді шығармалары қырғыз елінің махаббат лирикасының классикалық үлгілеріне айналған туындылар болып табылады. Ел бұлбұлы:

Көзің таңғы бір шолпан жұлдызындай
Шашың кілемге бір тартқан құндыздай
Сұлулығың, келбетің, Алымқан
Сүлеймен алған нұр қызыңдай! –

деп армандап өтеді.

Бұрым сұлуды қайтарып берген Жамбыл:
Айырылдым арманымнан қайран Бұрым,
Айдай еді толысқан аппак нұрын
Алдандым аяғымды шалыс бастым.

Білмедім жаны ашымас аға сырын –деп өкініштен
өзегі өртенеді.

Жамбыл мен Тоқтағұлдың достығы аға мен іні арасындағы байланыс секілді. Ағасының інісін әлпештеп, аялап, қорып, қолынан келгенінше жақсылығын аямағаны тарихтан белгілі. Өйткені Тоқтағұл өмірдің ащысын көп көрді.

Ол Рысқұлбек манаптың балаларына арнап шығарған «Бес қабан» өлеңі үшін Сібірге айдалып кетеді. 1898 жылы Ферғанада Андижандық көтеріліс болды. Тоқтағұл бұл кезде Ирисуу районында отбасымен тұрып жатты. Рысқұлбек манаптың балалары Керімбай мен Бахтияр ақыннан өштерін алу үшін арыз жазып «Андижан көтерілісіне қатысты» деп жала жауып 1898 жылы ұстатып, өлім жазасына кестіріп жібереді. Кейінірек өлім жазасы жиырма бес жыл жер аударылуға өзгертіледі. Бұғаудағы Тоқтағұл бұғаулы аяғымен Ресейдің бірнеше жерлерін шарлады. 1902 жылы қашып еліне келіп оралады.

Міне осы кезде Тоқтағұл қазақ жеріне келіп паналап, Жамбылмен кездеседі. Сонда Жамбыл:

Келдің бе, ақиығым, алыс жерден,
Өтіпсің самғап ұшып, асқар белден.
«Алмас пышақ қап түбінде жатпас» – деген,
Хан-төре айналмай ма, сендей ерден.
Ер ғана елін табар іздеп жүріп,
Жүрсе де ғұмырында қорлық көріп.
Құландай-ақ бұғауын үзіп қашқан,
Жетіпсің енді, міне, елге келіп! – дейді.

Бұдан кейінгі Жамбыл мен Тоқтағұлдың Шабден манапқа ас берілген кезде кездескені белгілі. Бұл кезде де Жамбыл ел бұлбұлын бай-манаптардың айылынан қызғыштай қорып, нығына шапан жауып, ағалық ізетін тағы көрсетеді. Тоқтағұлда:

«Қазақта Жамбыл сен едің,
Шалқып жатқан көл едің,
Тасып жатқан сел едің,
Тоқтағұлың мен едім,
Қай қырғыздан кем едім?
Қарсы болған манаппен,

«Итжеккенді» көргемін. —

дей келе, тағы да:

Міне, Жәке бұл күні,
Мен бір байғұс сорлаған.
Ел екенбіз әуелден,
Қырғыз-қазақ бір туған.
Ұзынағашта жатқанмын...
Ризамын қазақ халқына.
Ұзақбай мен Сүлеймен,
Жамантай, Жәке – бір туған.
Құдай мені ондырмас,

Қасиетінді ұмытсам!- деп шын ықыласпен бауырлық, інілік лебізін көрсете, қазақ еліне деген алғысын білдіреді.

1913 жылы бай манаптар ақыры Тоқтағұлды бүлік шығарушы деп арызданып Намангандағы түрмеге отырғызады. Бұл жолы халқы Тоқтағұлды түрмеден шығартып алады. Бұл қамаудан Тоқтағұлдың сағы сынбайды. Ол өте өткір еді, оның аузын ешкім жаба алмайды. Қайта ақын күш қайрат жияды. Оның «Үш қажы», «Қайғылы құс» «Түрмедегі арман», сияқты туындылары дүниеге бірінен соң бірі келе береді. Тоқтағұлдың төңірегіне ақын, әншілер жиналады. Бұдан кейін:

«Бірде Жамбыл мен Тоқтағұл 1922 жылы Тоқмақ шаһарындағы ірі байлардың бірі Бұланның үйінде екі- үш күн жатып өлең- жырдың тиегін ағытыпты. Сауық сайран құрып қымызға қызып алғандар екі ақынды айтыстырмақшы болған екен. Жамбыл:

Біз екеуміз айтыспаймыз,- дейді- көңілі жақын, сыйлас адамдар өз ара айтыспаған. Егер айтысса, қыза-қыза біріне –бірі тіл тиіп, арасы суып кетеді. Оданда біздің кисса, күйлерімізді тыңдай беріңдер,- деген екен.

Тіпті Қырғыз еліне барып Тоқтағұлды көрмей қалған кезінде де Жамбыл:

«Айдауды көрген Тоқтағұл,
Байлауды көрген Тоқтағұл,
Зынданды көрген Тоқтағұл,
Мұң-зарды көрген Тоқтағұл,
Қол, аяғы кісенмен
Қинауды көрген Тоқтағұл,
Қайда екен сол Тоқтағұл!...» -

деп қадірлі досын іздейді. Тоқтағұл өмірден өткенен кейін де:

Қырғыздың бұл атақты Тоқтағұлы.
Тасындай Тянь-Шаньнің бойы биік,
Тоқтағұл ерен биік жырдың шыңы.
Сөздері сап алтындай көзді тартып,
Жарқырап жан балқытып тұрар нұры.
Топ жарған жүзден, мыңнан ел жүйрігі,
Баураған ел жүрегін таң бұлбұлы.
Өзінің бір бойына біткен ақын
Қырғызда күннің көркі, сөздің гүлі.
Үңілсең тереңірек жырларына,
Байқалар ел шаттығы, елдің мұңы. — деп бағалайды.

Бірі қара домбырасын бірі қара қомызын серік етіп, адалдық пен шыңдықты дәріштеп, поэзияның асыл інжу – маржандарын дүниеге әкеледі. Жамбыл Үмбетәлі, Жартыбай, Шүкітай, Кенен, Өмірзақ Қорғабайұлы, секілді өнер майталман-дарын, Тоқтағұл Эшмамбет, Халық, Барпы, Алымқұл Усенбаев секілді ізбасарларын тарбиеледі.

Ал кезінде Жамбыл Айкүміс, Бақтыбай, Құлмамбет Шашубай, Сарыбас секілді ақындармен сөз сайысына түсіп, айтыстың биік белестерін бағындырса, Тоқтағұл шәкірті Ешмамбетпен, Әлімқұл Усенбаевпен, Халық Ақиевпен, Барпы Алықұловтармен айтысып, айтыс өнеріне де өзіндік ізін түсірді.

Жамбыл мен Тоқтағұлдың шығармашылығындағы рухани байланыс екі елге де таусылмас, құнды мұра. Жамбыл мен Тоқтағұл қазақ – қырғыз достығының мызғымас тірегі, көз айнасы, аққылаудай кірбің түспеген адал достықтың нағыз, шын бейнесі іспеттес.

Тең өскен, телі өскен қырғыз елінің алып тұлғасының шығармашылығын кезінде М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, М. Хакімжанова Н.Төрөқұлов, Р.Бердібай, Т.Тебегенов, Н.Қапалбекұлы, С. Қорабай секілді ғалымдарымыз зерттеп, аударса, ал Батма Кебекова, Мұрат Ахметалиев, Марсель Ибрагимов, Гүлбара Омарова, Кедейқан Сұлтанов секілді ғалым, зерттеушілер, манастанушылар Жамбыл шығармашылығының қырғыз елінде аударылып, зерттелуіне, таралуына өз үлестерін қосуда.

САТТАР ӨМІРЗАҚОВ

М.О.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің «Абайтану»
ғылыми-оқу орталығының жетекші, ф.ғ.к., доцент

ЕКІ ҒАСЫР КУӘСІ – ЖАМБЫЛ АҚЫН

Кез-келген ақынның шығармашылық жолында түрткі болар түрлі жағдаят, қарым-қуатын танытар шабыт-өлшемiнiң кезге көрiнбес себептерi болады. Ақын Жамбыл тағдырының алғашқы кезеңi, дәлiрек айтсақ, Кеңестiк дәуiрге дейiнгi өмiр жолы «қар қауып, мұзға түскен», Қоқандық отарлаудың ойранынан пайда болған аса ауыр жағдайда өттi. Мұның түбiрлi себебi де тiкелей сол кездегi саяси-әлеуметтiк жағдайларға байланысты. Жамбыл дүние есiгiн ашқанда қазақтың күңгейi Қоқан хандығының қоластында болатын. Қазақ даласының Ресей империясы тарапынан отарлануы бүгiнгi таңда әдеби, тарихи еңбектерде кең қамтылып, ғылыми зерттеулердiң талдау өзегiне айналып та үлгердi [1]. Ал қазақтың оңтүстiк өлкесi (Ташкенттен Ұзынағашқа дейiнгi аралық) мен терiскей батысы (Сыр бойы мен Арал аймағы) қатыгездiкпен аяусыз езгiге ұшыратып, құлдыққа салған Қоқан хандығы тарапынан жүргiзiлген отарлау саясаты әдебиет тарихында да, тарих ғылымында да ендi ғана зерделене бастады. Қоқандықтар қырғыз даласын түгелдей, Қашқарға дейiнгi аймаққа да әмiрiн жүргiздi. Мәселен, бар саналы ғұмыры ХIХ ғасырда жарқырай көрiнген Сүйiнбай мен Жамбылдың шығармашылық мұрасын танытуда да, «таптық» тұрғыдан аса алмай, кеңестiк кезеңде айтылған тар методология шеңберiн шиырлап жүрмiз. Мұны Жамбыл мұрасының да тапсырыспен, кеңес берумен, кеңесшiлдердi шарықтау шегiне жеткiзе мақтаған өлеңдерiнiң қайта-қайта басылуынан да көреміз. Сүйiнбайдың барлық дерлiк, Жамбылдың кеңес дәуiрiне дейiнгi мұралары Қоқандық езгiге қарсы, сол кезеңдегi тарихи-әлеуметтiк мәселелерге тiкелей байланысты туған. Жамбылдың қуаты күштi шығармалары кеңестiк заманға дейiн туғандығы, идеялық лейтмотивi азаттық идеясы болғандығы байқалады. Оның да тарихи негiзi, болмыс шындығы ақынның балалық шағынан басталғандай. Ақынның дүниеге келуiнде тосын сыр бар екендiгiн М.Жолдасбеков өз еңбегiнде көрсетiп те кеттi. Он жасында өлеңге әуестенiп, он бесiнде ақындыққа шындап бет бұрып, домбырамен ән салып, өлең өресiнiң шыңы – айтыс сапарына бет алады. Әруақты Сүйiнбайдан бата алатыны да осы тұс. Он алты жасынан өмiрдегi өрiсiн анықтап, ауыл маңайындағы ермекшiл

ақындардың сөзін тұсап, жұлдыздай ағып көзге түседі, іштей бекінген, ұстазы Сүйінбай бекіткен «әділеттің бұлтартпайтын даңғыл жолына» түседі, алмас өнердегі адамшылық бағытын жігіт болған он сегіз жас шегелеп «еріксіз он сегіз жас мінгізді атқа, бір Жамбыл бөлінгендей екі жаққа» деп «ақындық атқа» қондырады. Ол кездегі ақындық шабытты тек өнер тұрғысынан қарап, көркемдікпен шектелмей, адамдық игілікке қасқайып қарсы бұру және сол бағытынан өмір бойы айнымау – кез-келген ақынның қолынан келе бермеген қасиет. Жеме-жемге келгенде, тобырмен бірге шалшыққа шатылмай, көлде қалу да біле білгенге маңызы терең түсінік. «Менің пірім – Сүйінбай, сөз сөйлемен сыйынбай» сертін ақтағандығы. Бүкіл шығармашылық қарымы Қоқандық дәуірдегі әлеуметтік теңсіздікті батыл жырлаған Сүйінбай десек, Жамбылдың ақындық позициясы да Сүйінбай поэзиясын дамыта жалғастыруынан көрінеді. Бұл – Жамбылдың Жамбыл болғанына тән ең бірінші ерекшелік. Басқа ақындар секілді Жамбыл да бұл жолдан сатылап өтті.

«Көңілі кейбіреулердің бұлтта жүр, ұстауға күн мен айды жуықтап жүр. Біреулер қара сөзді қамшы қылып, қуды мініп, құланды құрықтап жүр. Қайсысын маған соның еп көресіз, әкетсем өзім таңдап өкпелерсіз... Сүйекемнің сүйгенін ойласаңыз, өлең болсын серігің деп берерсіз» – деп, «Сарыбайға» атты өлеңінде, жастықтың жалындаған екпінімен айтылды дегенімізбен жас Жамбылдың ақындық қайнарынан да хабар беретін дерек ретінде қабылдаймыз. Ақынның тағдыр талайы қиын һәм қуанышты. Екі ғасыр куәсі болу, екі түрлі таным аясындағы шығармашылық сапары да екі түрлі талдау өзегіне айналды. Ақындықтың алғашқы сапары қауіп-қатерімен келсе, кеңестік кезеңде Жамбылдан артық бағаланған ақындар некен-саяқ. Екі ғасыр куәсі болуды нәсіп еткен Алла Тағала ақынға азапты тұрмыс пен ажарлы өмірді де қатар ұсыныпты. Шығармашылық өмірбаяны да екі дәуірде көрінген, екі түрлі көзқарас танымнан тұратын жыраудың әдеби мұрасын бағалауда екіұштылау көзқарастар да болды. Ақын мұрасын зерделеудегі екі түрлі таным негізін бекерге айтып отырған жоқпыз. Жамбыл шығармашылығын зерттеудегі ақынның ақындық қабылдауы мен жырлаған туындыларының екі түрлі айырымын қосақтап талдаудан келіп, кеңестік талдауға қарай ойысып, қарастыру жағы басым жатқандығы, әлі де сол дәстүрдің жалғастырылуы қынжылтады. Жамбылдың ақындық талантын бағалауда ең алдымен осы срекшеліктерді тану шарт. Жамбылды терең тану үшін біздіңше, Жамбыл өмір сүрген дәуір шындығын, Жамбылдың ақындық мектебін, кеңестік дәуірге дейінгі

шығармашылығы мен айтыс жанрындағы эпикалық дәстүрін жаңаша танымақ керек.

Профессор С.Садырбаев дерегінде 1875 жылдары Шапыраштының баскөтерері, Қоқандарға қарсы Сұраншымен бірге жауға шапқан Сарыбайдың өлгеніне жыл толып, ас берілгенде қырғыз, қазақ елінен белгілі кісілер шақырылады. Асқа белгілі қарт Майкөт ақын да келеді. Сарыбайдың жақын туысы Сүйінбай ақынға ас берген елдің ақсакалы болып отыруға тура келеді де, асқа келгендерді Саржанмен бірге жүріп, ақын болып қарсы алу кезегі Жамбылға тиеді. Жамбыл Майкөт тобына келіп:

... Алдынан үлкендердің өтейін деп,
Аялдап әлдеп еттім біраз ғана, ...
Сіз бе еді, ақын аға Майкөт деген,
Бір сөзі бір сөзіне қайшы өтпеген.
Саңқылдап сарайыңнан өлең шықса,
Именіп өзге ақындар бәйпектеген, –

деп аса зор ізетпен шұбырта жөнеледі [2.22]. Жамбылға риза болған Майкөт:

Бәрекелді Жамбылым,
Сөз жүйесін келтірдің.
Аңғарынды таныдым,
Көтеріліп желпіндім.
Аталы сөз -- мәні мол.
Жылағымды келтірдің,
Тал бойында бар екен
Алыс шабар серпінің, –

деп, алғыс батасын береді [2.24]. Аста Жамбыл Сарыбайды дәріптеп жырлап, сонымен қатар, Қоқанға қарсы күрескен талай батырларды және олардың ерліктерін Сүйінбайша үдете түсіп, сонарлы тарихи жырға айналдырады. Жамбыл осы аста үлкен үлгінің, замана жай-күйін жырлай алатын, көреген, салиқалы ақын екенін көрсетеді. Сан рудан келген көп жұрт, олардың ішінде Сүйінбай мен Майкөт сияқты өрелі жүйріктер де жас ақынға ден қойысады. Бұл Жамбылдың ірі жиында, алқалы ақындар тобына бірінші қосылуы болады. Келешекте Жамбылдың ақындық атын шығарған да осы ас болады. Ардақты адамдарының асында атақты ақындардың ұзақ жырмен азалы жоқтау айтуы Ұлы жүз қазақтары мен қырғыз халқының әріден келе жатқан дәстүрі болған. Сол дәстүрді ұстаған Жамбыл осы аста:

Қас жүйрікті айтамын,
Шапқан сайын өрлеген:

Қас сұңқарды айтамын
Алыстан тоят тілеген... –

деп, Сарыбайды жоқтап жыр айтады [2]. Өлген кісінің адамгер-шілік, кісілік қасиетін, оның ерлігін айтып жырлау үстінде Жамбыл өзінің ақындық қабілетімен шәкірт қана емес, өзіндік үні, батыл ойы, семсер тілі бар, әлеумет жүгін арқалай алар үлкен ақын екенін танытады. Әрі көптеген аты әйгілі ақындар жиналған осындай өрелі топтың қатаң сынынан мүдірмей өткен Жамбыл ұлы ұстаздары алдында есеп бергендей де болады. Жамбылдың бұл өнеріне асқа жиналған басқа елдермен бірге, әсіресе ақындар тобы қатты риза болады. Сүйінбайдың баулыған шәкірті ұстазынан кем түспейтініне түсінген ақындар Жамбылды Сүйінбаймен қатар қадір тұтады. Бұрын:

Болмаса аты шыққан Сүйінбайың,

Басқасын қою керек жылы жауып, –

дейтін Құлмамбет сияқты асқақ ақындар енді Жамбылға бас иеді, Сүйінбай ақынның тәрбиелеген шәкірті ұстазынан кем түспеген ақын болғанын көреді, оның ақындық өнеріне риза болып, ірі ақындар қатарында қабылдайды. Жамбылдың тағы бір қасиеті – айтыста жеңген ақындарымен соңыра үнемі сыйласып, достасып кеткен. Олардың өткір де қымбатты, асыл сөздерін, желілі жырларын бойына жинай, үйрене жүрген. Тольп жатқан ертегі, шежіре, «Қобыланды», «Қамбар», «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш» сияқты ондаған дастандарды сол айтысқан замандастарынан алып қалады. Қырғыз ақындарымен айтысып жүріп, олардан «Манас» жырын айтуды үйренеді. Оңтүстікке келген сапарында «Мың бір түнді» әңгіме етіп. «Тоты нама», «Көрұғлы», «Ер Шора» хикаяларын да жырлайтын болған. Жамбыл Бақтыбай ақынмен кездесіп, айтқан бір өлеңінде:

Қаздай қалқып ерінбей,

Өлең тердім жасымнан.

Майкөт ақын, Құлмамбет,

Орын берді қасынан.

Майлықожа, Құлыншақ,

Пірім еді бас ұрған, –

деп айтады [2.31]. Жамбылдың қанша ізденіп, қанша үйреніп, қандай жүйріктерден үлгі алғанын, оларды сүйе де, сыйлай да білгеніне осы сөздерінің өзі дәлел. Жамбыл өзінен бұрын өткен сындарлы ақындардың сыншылдық үлгілерін дамытып, Абаймен үндесе, өзіне ғана тән ұлы, өткір сатира да тудыра білгенін көреміз. Жамбыл айтыс ақыны болып жүріп те мысқылшыл, уытты өлеңдерді табанда жарқ еткізіп айтып тастауға жастай бейімделген ақын. Онсыз айтыс ақыны

болу да қиын. Әйтсе де қысқа-қысқа атылған оқтай дәл айтылған оның сатиралық өлеңдері мен бірқақпайларынан ақынның келешекте әділет семсерін сілтей алатындығын көре аламыз әрі бұл суырыпсалмалық өнерінің айрықша бір шоқтығы екені де даусыз. Ақын жазбай табанда айтатын болғандықтан, оның мұндай өлеңдерінің де, дастандарының көпшілігі жоғалып кеткен сыңайлы. Соған қарамастан, есте сақталып, бізге жеткен шығармаларына үңілсек, ақынның еңбекші халық өмірімен біте қайнасып, бірге өскенін, жуандар мен обырларды, шенеунік мырзаларды, сатымсақ саудагерлерді аямай мінегенін, болашақ ақиық ақынның әділдік үшін тынбай күрес жолына бағыт алғанын көреміз. Бұған ел аралаған саудагерлерге айтқан қысқа өлеңі, «Құдайберген болысқа берген жауабы», «Шағым», «Әкеме», «Жылқышы», «Сыртың бір сұлу жан екен», «Қуғын», «Кедей күйі», «Сәт сайланарда», «Мөңке туралы», «Қалиға», «Көкімге», «Мәмбетке» деген өлеңдері дәлел.

Жамбалды Жамбыл еткен оның айтыстары. Шенеу өлеңдеріндегі сияқты айтыста да Жамбыл кейіпкерлерінің образын дәл тауып, оны замана шындығымен байланыстыра айқын мінездейді. Жамбыл айтыстарының ерекшелігі де, халықтығы да осында. Сонымен қатар, ол айтыста қарсылас ақынына қарадүрсін сөзбен жауап қайтарып қана қоймай, қарсыласына берген әрбір жауабы ұзақ сюжетті өлең болып келетіндігі. Өзінің Құлмамбетпен немесе Сарыбаспен, Досмағамбетпен айтыстарында да Жамбыл өзі ұстанған бағыттан таймаған. Ол қандай ақындармен айтыспасын, өз руының байлығын, оның атақты байларын, биі мен молдасын, болысы мен шонжарларын мақтаған ақындарға әлеуметтік ортасын қарама-қарсы қойып, өз көзқарасын ашық білдіре жырлайды. Айтысының берік арқауы етіп халықтық ойды, халықтың батырларын, ел қорғаған ерлерді, олардың жорықтарын, есте қалар ерлік істерін ұзақ етіп, келешек ұрпақ санасына сіңісті болсын дегендей, әрқайсысын кіші-гірім дастанға лайық сюжетпен, елдік идеясын көтере жырлайды. Жамбыл айтысының құдіретті күші де, айтыстағы басты ерекшелігі де осы қасиетінде. Жамбылдың әрбір жаңа айтысында оның тақырыбы да, мазмұны да жан-жақты кеңейіп, өріс ала түседі. Сондықтан да ақынның әрбір айтысы соңынан эпикалық дастанға айналғандығын көреміз. Ақын айтыстан көлемді эпосқа өтіп кеткендей әсер берсе, онысы негіссіз де емес. Айтыста бастаған шағын оқиғаны, қысқа, тезис түрінде жырлаған сюжетін кеңейте келе, дамыта, үдете түсіп, оны үлкен, дайын эпикалық шығармаға айналдырады. Айтысқа эпостық түр береді. Жамбыл айтыстарында байқалатын үлкен

ерекшелік те, жаңалық та осында.

Алғашқыда Жамбылдың айтыстары салт-әдет жырларына еліктеу ретінде жарыққа шыққан болса, XIX ғасырдың 80-90 жылдары бүкіл қазақ айтыстарына жаналық түрінде, сүре айтыс болып, эпикалы жыр дәрежесіне көтеріледі. Сұраншы, Саурық батырларды, Ұлы жүз тарихының аңыз-әңгімелерін дастандық көлемде түйіндеп жырлайды.

Құлмамбетпен айтысқанда оның:

Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,

Ел бірлігін сақтаған татулықты айт, –

деп, Құлмамбеттен қадала талап етуінің Жамбыл айтыстарында, оның басқа да жырларындағы сияқты, халықтық көзқарасты білдіретін, ұлттық рух, халықтық мүдде айқындығының белгісі [2.241]. Жамбылдың Құлмамбетпен айтысында Құлмамбет Албан, Дулат руларының байлығын, салтанатын мақтан етіп, көтеріле жырлап, Жамбыл руы Шапыраштыны кедей деп кемітеді, де, оның Сұраншы, Саурық сияқты батырларын «ажалынан өлмей, жаудан өлген» деп мысқылдайды. Жамбыл оған қарсы байлық пен кедейлік, батырлық деген ұғымға халықтық көзқараспен қарайтын-нын білдіреді де, Саурық пен Сұраншы өлімі ерлік өлім екенін, ол ерлердің жорығын зор ілтипатпен мақтан ете, байлыққа батырлықты, ездікке ерлікті қарсы қоя жырлайды.

Саурық, Сұраншының жау қолынан өлгені рас, бірақ олар халқы үшін жанын қиған, халқының құрбаны болған батырлар.

Елді қорғап өлгеннің арманы не?

Қалың қазақ құрметпен соңына ерген.

Мақтаған байларыңның оңғаны жоқ,

Төңіректің төрт бұрышын жалмап өлген, – дейді Жамбыл [2.242].

Жамбыл сөзі әрі дәлелді, әрі басым шығады да, айтыста Жамбыл жеңеді. Бұл – Жамбылдың ақындық қырының екінші ерекшелігі.

Жамбылдың шығармашылығын тұтастай қарастырып, зерделей түскен сайын ақын шығармашылығының тақырыптық-идеялық жүйесі – ұстазы Сүйінбай жырлаған жүйеден ауытқымайтыны, сол ізді дамытқандығы аңғарылады. Бұл – ақынның тарихи тақырып пен айтыстағы тақырыптық желісінен анық аңғарылады. Сүйінбай да кейінгі кезде зерделене бастаған Кенесарының Жетісуға келуін құптаған, мұны Сүйінбайдың Қатағанмен айтысынан көреміз.

Кенесары-Наурызбай,

Қаһары қара дауылдай.

Наурызбай тірі жүргенде,

Дұшпанның кеткен мазасы.

Шек келтірдің өлімге,
Кәпір болдың, Қатаған.
Ол – Құдайдың қазасы.
Қатаған, сенің мініңді,
Бастан-аяқ терейін.
Аққау құстай ұшайын,
Аяғыңды тұсайын.
Наурызбай өлді деп айттың,
Бұл сөзің де жай қалды,
Шәйіт болған Құсайын, –

деген толғанысы Сүйінбайдың Кенесары-Наурызбай бастаған ұлт-азаттық күресін түсінгені, дін тарихы мен елдік шежірені терең білетіндігін аңғартады [2.244].

ҚР Ұлттық Ғылым академиясы кітапханасында (бума №1328) «Кене ханның Дулатқа келуі» жайлы Жамбылдың есте қалған әңгімесі сақталған. Бұл материалды «Жалын» баспасынан жарық көрген «Хан кене» (1993) атты кітапқа К.Матыжанов дайындаған. Осы бумада Жәкең: «Кенесары- Наурызбай заманында жаннан асқан ер болды, қазақты орысқа бермеймін деп Сарыарқада соғыс салды. Ақмоланы, Ақтауды, Адырлы қалаларын алып, солдаттарды қойдай қырды. Бірақ жер-дүниені алып, қаптаған патша әскебі азайлы. күн сайын көбейе берді, зеңбірегін сүйретіп Кенесары-наурызбайдың соңынан қалмады. Қазақтың Көкшетау, Есіл, Қарқаралы, Баянауыл, Нұра сияқты қазақтың жақсы жерлерін тартып алды. Қойға тиген қасқырдай талады, сол таланған елді қорғаймын деп қасына мың– сан батыр қол ертіп жүрді. Бірақ Кенесары жағадан алған жаудан жеңілетін ер ме еді?! Ол етектен алған иттерден жеңілді ғой, қазақтың алауыздығы қалған ба?! Кенесарының тілеуіндемін деп жүрген байлардың, төрелердің барлығы да патша әскеріне болысып кетті, елдің ішіне іріткі салды. Олар патшадан шеен-шекпен алды, аға сұлтан болды, заседатель болды», – деп сол бір кезең шындығының бет пердесін сыпырып, шындықты ашып береді. Қазіргі таңда бұл мәселенің тарихи шындығы толық ашылды, көзі қарақты оқырманға түсінікті деуге болады. Сондықтан бұл мәселені шиырлап жатпаймыз. Тек кейде бүкіл қазақ бір атаның баласындай тілектес болып, Кенесарының туының астында жиналғанда мәселе басқаша болар ма еді деп те армандайсың. Амал не, ел бірікпеді. Халық үшін туған хан амалсыз қонысынан аумақ болды. «Патшаның солдаттары Кенесары-Наурызбайды Сарыарқаға тұрғызбай, мазасын ала берді, ауылын шапты, мал-мүлкін талады, қатын-балаларын тұтқындады. Ақырында

Кенесары Ұлы жүзге – Алатауға қарай беттеп көшті», – деп ақын хан Кененің қандай себеппен Жетісуға келгенін де дәлелдеп берген. Енді Арқадан елім деп келген Кенесары, Наурызбайды Жетісу жұрты қалай қарсы алды, соған тоқталайық. Тағы да ақын сөзін берейік: «Атағы жер жарған Кенесары-Наурызбай келді деген соң Ұлы жүз Дулат елі қалмай жиналды, күні-түні Кененің аулын босатпады... Кенесары екі күн ұдайы ешбір адаммен сөйлеспей, маңдайын ұстап ауыр ойланып, төмен қарап отырып алды..., Сонда он тоғыз жасар жас батыр Сұраншы атының басын Кенесары отырған үйге тіреп тұрып, есіктің маңдайшысын көтеріп, былай депті: Хан бетін басып, басын тұқыртып, неге төмен қарай береді?! Біз ұялшақ қатын көргелі келгеніміз жоқ, ондай қатындар ауылымызда жетеді, біз ел бастаған, жау жасқаған батырды көргелі келдік, – дегенде, Кенесары басын жұлып алып: -Уа, ерім екенсің ғой, атыңнан түсіп, жоғары шық, — деп, Сұраншыға оң тізесінен орын беріпті. Он жеті жасар Байсейіт батыр да атымен құйғытып шауып келіп, Кенесарының отырған үйінің дәл табалдырығының адына тоқтапты. Әкесі Тойшыбек: -Бұл не бейбастық, сен ханды басынамысың? – деп шыға келіп ұрысқан екен, Бәйсейіт кимелеп:

– Мен хан деп келгем жоқ, батыр деп келдім. Батырдан батыр қорықпайды, – деп үйге кіре беріпті. Кенесары бұған да оң тізесінен орын берген, – деп нақты мәліметтер береді. Кенесары-Наурызбайдың келгенін Жетісу елі өте жақсы қабылдаған, қаншама батырлар мен байлар, би- болыстар қасына топталған, қазақи кендікпен ханның көңілін көтеру үшін өлең де шығарған. Бұл турасында Жамбыл: «Кенесарыға еріп келген өңкей батырларға Жетісудың кілең айбынды ерлері қосылып, Алатауды сілкінткендей бір қалың, қайратты қол құралады. Кенекеннің Жетісуға келгенін бір кезде Сүйінбай бәріміз ұзақ жырмен айтушы едік, сонан есте қалғандары тіпті аз...» деп өз қолымен жаздырғаны мынау.

«Алдына дабыл өңгерген,
Артына сауыт бөктерген.
Кенекем келді алыстан.
Ақауызы арқырап,
Ақ сауыты жарқырап,
Жауар бұлғтай түйіліп,
Найзасын көкке үйіріп.
Наркескені жарқылдап,
Наурызбай келді арыстан.
Жауды көрсе қуанған,

Алмасын қанға суарған.
Табыннан шыққан Бұқарбай,
Ту ұстаған Нәпбай,
Жортуыл жолшы Бұғыбай.
Жалаң қылыш байланған,
Жау қайда деп сайланған.
Батырлар келді Қордайға...
Кенесары келген соң,
Өңкей ерді көрген соң,
Ерлігін жаннан асырған,
Бес қаруын асынған,
Келді Саурық, Сыпатай,
Жас Байсейіт, Сұраншы,
Келді бәрі қалмастан,
Кенесары алдында
Өңкей көкжал бас қосқан.
Қара тасты айырар-
Қайраттары алмастан.
Сондай ерлер өтті ғой,
Дұшпанымен айқасқан, —

деп толғаушы едік» деген [2.2].

1946 жылы шыққан ақынның толық шығармалар жинағында Жамбылдың Сыздыққа арнаған бір өлеңі берілген.

Сәлем бердім, алдияр,
Орын бердің қасыңнан.
Сен бір қалған көз едің,
Кенесары асылдан.
Сыздық атың жайылды,
Бұл өңірге жасыңнан.
Айбатыңды көргенде,
Дұшпандарың бас ұрған.
Даңқыңды естіп жүруші ем,
Шартарапқа шашылған.
Ақ жүзінді көрген соң,
Енді мауқым басылды.
Ауылға жүр, қонақ бол,
Атан алып, ат мініп,
Ағайынға беріп қол,
Аттанарсың Сыдеке,
Ата жолы деген сол!

Арнап келіп алғаның,
Алтын жүзік, сарықасқа ер.
Атыңыздын әруағын,
Сыйлайды екен бір тайпа ел.
Екеуінің қалғаны,
«Он бір жыра» деген жер.
Оны да айтты ағайын,
Іштен шыққан қайғы-шер.
Атаңның не арманы,
Ізеп келіп артынан,
Бата қылса сіздей ер [2.9].

Қырғыздар Кененің алтын жүзігі мен сарықасқа ерін тауып беріпті де, сүйегін тауып бере алмайды. «Он бір жыра» деген жерге көмген екен, көмген адам өліп қапты дескен. Сыздық «қап, болмас» деп отырып, ердің басын канжармен шауып, жіліншік-жіліншік алтын алады. «Әкемді өлтіруді білсендер де, алтынын алуды білмеген екенсіңдер» – деген. Жамбыл Сыздықпен кездесуін кейіннен көлемді ертегі түрінде де айтқан болса керек. Міне, осы бір тарихи деректен-ақ Жамбылдың өткен тарихқа деген көзқарасы айқындалады. Елінің, жерінің тарихын білген жанның сол тарихты да жырламағы шарт қой. Бұл тақырыпта да Жамбыл Сүйінбай ұстанған бағыттан айнымайды. Сүйінбайдың Қоқандық билікке қарсы жырлаған «Зар жылатып момынды», «Датқаларға», «Үмбетәліге», «Батырларды жоқтау» т.б. толғауларының заңды жалғасы ретінде Жамбыл да «Садырмекке ат шапты», «Сарыбайға», «Ол заманды мақтаман», «Тағы бітті жаңа күй», «Шәбденге» өлеңдері мен «Отанымның батырлары», «Менің өмірім» толғауларын шығарды. Ұзақ өмір тәжірибесінен туған толғаулар мен өлеңдер легі қордалана келе ақын айтыстарының өлшеусіз тамызығына айналғандығын сезінеміз. Осы ой орамдарын жинақтай келгенде Жамбылдың қуатты туындыларының мазмұн желісі патшалы Ресей жаулағанға дейінгі аралықта, анығы Қоқан хандығы дәуіріндегі кезеңдегі оқиғаларды суреттегені аңғарылады. Ал Сүйінбайдың бүкіл мұрасы Қоқан хандығы дәуірінде туған дейміз. Жамбыл шығармашылығы Сүйінбай поэзиясының заңды жалғасы десек, онда ақын мұрасы тікелей Қоқан хандығы дәуіріндегі әдебиетке қосылмақ. Мұның өзі ақын мұрасын кейінгі табылған тарихи деректер негізінде жаңаша пайымдауға жетелері хақ.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Назарбаев Жамбыл туралы сөз (Ж.Жабаевтың туғанына 150 жыл толуына арналған ғылыми сессияның материалдары, 21 тамыз. Баяндамалар мен мақалалар жинағы. Алматы, 1996ж. 153 бет.)
2. Дастан ата Алматы «Жазушы» 1989ж.
3. Н.Төрекұлов Жүз жасаған бәйтерек, Алматы «Жалын» 1989ж.
4. К.Сыздықов Ұстаздық ұлағат, Алматы 2001ж.
5. Жамбыл. Таңдамалы шығармалары, 1,2 том. Алматы «Ғылым», 1996 ж.
6. Мәделі Қожа. Алматы 2009 ж.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	3
Н.Ә.НАЗАРБАЕВ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ	
ЖАМБЫЛ ТУРАЛЫ СӨЗ	4
МҰХТАР ӘУЕЗОВ	
ЖАМБЫЛ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ АҚЫНДАРЫ	18
СӘБИТ МҰҚАНОВ	
ҰЛЫЛЫҚ СЫРЫ	22
ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ	
ФЕНОМЕН-ФЕНИКС	31
ТАЙЫР ЖАРОКОВ	
ДАРЫН ТАБИҒАТЫ	35
ПАВЕЛ КУЗНЕЦОВ	
ҰЗАҚ ӨМІР САПАРЫ	42
КЕНЕН ӘЗІРБАЕВ	
ҰСТАЗ	47
ӘБДІЛДА ТӘЖІБАЕВ	
ОСЫНДАЙ ЕДІ АҒАЛАР	53
ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ	
АСҚАҚ ҮНДІ АЛЫП АҚЫН	60
САПАРҒАЛИ БЕҒАЛИН	
ЖЫР ЖОЛЫ	63
АСҚАР ТОҚМАҒАМБЕТОВ	
ЖАДЫМДА ҚАЛҒАНДАР	78
БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ	
СӘЛЕМ БЕРЕ БАРҒАНДА	84
ДМИТРИЙ СНЕГИН	
АҚЫННЫҢ БІР ТҮН, БІР ТАҢЫ	87
ҚАНАБЕК БАЙСЕЙІТОВ	
КҰШТАР КӨҢІЛ	94
МӘЛІК ҒАБДУЛЛИН	
ЖӘКЕҢНІҢ ЖАУЫНГЕРЛЕРГЕ СӘЛЕМІ	97
МӘРИЯМ ХАҚІМЖАНОВА	
АЛҒАШҚЫ ДИДАРЛАСУ	101
ДИХАН ӘБІЛОВ	
ЖЫР ДҮЛДІЛІ	112
НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛОВ	
АЛЫПТАР КЕЗДЕСУІ	121

НҮРҒИСА ТІЛЕНДИЕВ	143
ҚАСИЕТТІ ДОМБЫРА	
СҰЛТАНҒАЛИ САДЫРБАЕВ	
ЖАМБЫЛ ЖӘНЕ МҰРАТАЛЫ КҮЙШІ	144
НЫСАНБЕК ТӨРЕҚҰЛОВ	
ЖҮЗ ЖАСАҒАН БӘЙТЕРЕК	147
ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ	
ХАН И АҚЫН («Мәделі қоржа» кітабынан алынды)	153
ЖАМБЫЛ ЖАБАЙҰЛЫ	
ХАН МЕН АҚЫН (әдебиетші Әсілхан Оспанұлының аудармасы).....	153
ӘБДЖӘМИЛ НҮРПЕЙСОВ	
ӨН БОЙЫ ТОЛА ӨЛЕҢ-ЖЫР	167
МЫРЗАТАЙ ЖОЛДАСБЕКОВ	
АҚЫНДЫҚ ОРТА	175
КЕРІМБЕК СЫЗДЫҚОВ	
ЖАМБЫЛТАНУДЫҢ БАСТАУ-БҰЛАҚТАРЫ	182
СЕЙІТ ҚАСҚАБАСОВ, ҚР ҰҒА-ның академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор	
ЖАМБЫЛТАНУДЫҢ КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ	187
МЕКЕМТАС МЫРЗАХМЕТҰЛЫ	
ЕЛЕУЛІ ЕҢБЕК	192
НҮРЛАН ОРАЗАЛИН Сенатор, Қазақстан жазушылар Одағы Басқармасының Төрағасы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты	
ҰЛЫ ЖАМБЫЛДЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ «ШІРІМ МЕНІҢ – СҮЙІНБАЙ!» ЖАМБЫЛ	195
ЖАБАЛ ЕРҒАЛИЕВ, жазушы-драматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты	
ҚҰРАНМЕН БІРГЕ САҚТАЛҒАН БІР КІТАП	207
УӘЛИХАН ҚАЛИЖАНОВ, Филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті	
ЖАМБЫЛ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ	214
НАҒАШЫБЕК ҚАПАЛБЕКҰЛЫ	
ЖАМБЫЛДЫҢ ДІНГЕ ШЕКСІЗ ҚҰРМЕТІ	231
ЖҰМАБАЙ ШАШТАЙҰЛЫ	
ЖАМБЫЛ ЖӘНЕ ЗАМАН	247
ЖАНДАРБЕК ДАЛАБАЕВ, Алматы облысы, Жамбыл ауданының әкімі	
ХАЛЫҚ ОНЫҢ ШЫН АТЫ	261

НҰРДӘУЛЕТ АҚЫШ, жазушы, М.О.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері	
ЖАМБЫЛ ЖӘНЕ 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСІ	266
ТІЛЕУБЕРДИЕВ Б.М. М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің профессоры, филология ғылымының докторы	
Ж.ЖАБАЕВ ПОЭТИКАСЫНЫҢ КОНЦЕПТІЛІК ҚҰРЫЛЫМЫ	271
БОЛАТТЕМІР АЛТАЕВ М. Әуезов ОҚМУ-нің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты	
«Сұраншы батыр» орталығының жетекшісі.	
ЖАМБЫЛ ДАСТАНЫНДАҒЫ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ	279
Қ.М.ОРАЗБАЕВ М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, Филология ғылымдарының кандидаты	
ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ТАРИХ ПЕН ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ	288
АҚЖОЛ ҚАЛШАБЕК М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты	
ЖАМБЫЛДЫҢ ЖҰЛДЫЗЫ (Жамбыл шығармашылығының Исламға қатысы туралы толғанys)	295
Н. ОМАРОВ М. Әуезов атындағы ОҚМУ-нің филология ғылымдарының кандидаты	
ЖАМБЫЛ МЕН ТОҚТАҒҰЛ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ БАЙЛАНЫСЫ	306
САТТАР ӨМІРЗАҚОВ М.О.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің «Абайтану» ғылыми-оқу орталығының жетекші ф.ғ.к., доцент	
ЕКІ ҒАСЫР КУӘСІ – ЖАМБЫЛ АҚЫН	311
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	321

Жамбыл феномені

(естеліктер мен ғылыми –зерттеу мақалалар)

Басуға 17.02.2016 жылы қол қойылды. Қаріп түрі «Times New Roman»
Көлемі 20,375 шартты баспа табақ. Таралымы 500 дана. «Әлем» баспасы.
Тапсырыс №0101. Шымкент қаласы, Ғ.Ляев көшесі, 7

+ 7 702 331 44 37; +7 776 331 44 37;